Сол жылдары Қазақстанның мәдени өрлеу кезеңі басталғаны байқалады. 1932 жылдың күзінде Алматыда Музыка-драма техникумы ашылды. Музыка саласының кәсіби мамандары жетіспегендіктен, А.Қ. Жұбанов Қазақстан үкіметі тарапынан Ленинградтан Алматыға шақырылады. А.Қ. Жұбанов аспирантурадағы оқуын үзіп кетуге мәжбүр болып, жаңа мекеменің оқу ісінің меңгерушісі және теориялық пәндердің оқытушысы қызметтеріне бірден тағайындалды. Жас ғалым Ленинградтан өзінің алғашқы ғылыми еңбегінің қолжазбасын алып келеді. Ол – тұңғыш қазақ тілінде шыққан сазгерлердің ноталық сауатын ашатын «Музыка әліппесі» атты кітапшасы болды.

Жаңа қызметте жүріп А.Қ. Жұбанов ұлттық аспаптарды жетілдіретін музыкалық эксперименттік шеберханасын ұйымдастырды. Қазақ халық аспаптарының ансамблін құру ойы осы тұста келіп, алғаш ол 11 адамнан құралған домбырашылар ансамблі біртіндеп үлкен оркестрге айналды. 1944 жылы бұл оркестрге Құрманғазының есімі берілді. А.Жұбанов осы ұжымның тұңғыш дирижері ретінде көптеген халық композиторларының музыка туындыларын оркестрге лайықтап нотаға түсіре бастады. Соның ішінде Құрманғазының «Сарыарқа», «Балбырауын», «Серпер», Дәулеткерейдің «Қосалқа», «Топан» және тағы басқа күйлері болды. Жас композитор оркестрдің репертуарын кеңейту мақсатында халық музыкасын өңдеумен шектелген жоқ, сонымен бірге орыс және шетелдің классикалық шығармаларын оркестрге лайықтады. «1943 жылы А.Жұбановтың аспаптауында Қазақтың ұлттық аспаптар оркестрі Глинканың «Руслан және Людмила» операсынан Черномордың маршын, Шуберттің «Музыкалық сәттер» шығармасын орындады. Кейінірек Чайковскийдің «Пиковая дама», Римский-Корсаковтың «Царская невеста» операларынан үзінді, Спендияровтың «Прелюдиялар» және «Қырым эскизі» атты шығармаларын оркестрге лайықтап аспаптады. Сонымен қатар ол аспаптық шығармаларды да қолға алып: Коваль, Покрасс, Чишко, Ревуцко сынды орыс және украин Совет композиторларының әндері мен хорларын оркестрге өңдеді» [2, 12].

Ахмет Жұбанов композиторлық шығармашылықпен 1938 жылдан бастап белсене айналыса бастады. Оның қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін, ән-күйлерінің табиғаты мен ерекшелігін жетік білуі, музыканы ерекше есту қабілеттері композиторлық шығармашылығына өз серпін беріп, өзіндік жеке стилінің қалыптасуына ықпалын тигізбей қоймады. А.Жұбанов бірден қомақты опералық және симфониялық туындыларын бірден шығарған жоқ, алдымен шағын шығармаларды жазып, өз күшін сынап көре бастады.

А.Қ.Жұбановтың композиторлық туындыларын жалпы есептегенде, ол үш жүзден астам шығармалардың авторы. 1939 жылы Ғ.Мүсіреповтың «Қозы-Көрпеш – Баян-сұлу» пьесасына, М.Ф. Гнесинмен бірлесіп қазақтың тұңғыш көркем фильмі «Амангелдіге», М.Ақынжановтың «Исатай-Махамбет», М.Әуезовтың «Абай» спектакльдеріне музыка жазды.

30 жылдары Әбділда Тәжібаевтың «Сары», Хамза Есенжановтың либреттосына «Бақыт таңы» атты музыкалық пьесаларын сахнаға шығарған болатын.

40 жылдары симфониялық оркестрге және ұлттық аспаптар оркестріне арналған «Тәжік билерін», «Увертюра-фантазия» жазды. Соғыс жылдары «Серт», «Қалғанынша қасық қан», «Майданнан хат», «Қарлығаш», «Ұмытпа», «Қайдасың», «Жан жарым», «Ақшолпан», «Ақ көгершін», «Құрбым» атты әндері мен романстары шықты.

А.Қ.Жұбановтың Қазақстанның музыка мәдениетінен ерекше орын алатын шығармасы – Латыф Хамидимен бірігіп жазған «Абай» операсы. Опера 1944 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толу қарсаңында М.О. Әуезовтың либреттосы бойынша жазылды. М.Әуезовтың либреттосына жазылған екінші операсы – «Төлеген Тоқтаров» болды. Бұл шығарма Ұлы Отан соғысында асқан ерлік пен төзімділік көрсеткен батырлар туралы.

Көп жылдар бойы аялаған арманы – «Құрманғазы» операсын жазып бастағанымен, үлгермеді. Ұзақ созылған науқас оны аяқтатпады. 1970 жылы қызы Ғазиза Жұбанова операны аяқтап, қазақ радиосы арқылы жұртшылыққа тартты.

Басқа шығармаларын атап айтқанда: қазақтың ұлт аспаптар оркестріне арналған «Абай» сюита, фортепиано арналған екі цикл – сегіз қазақ биі және он тәжік биі, қобызға арналған «Ария», «Жезкиік», «Көктем», «Би», «Романс» және т.б., сан алуан камералық, хорға арналған, вокалдық шығармалар жазды.

Академик А.Қ.Жұбанов Қазақстанның көркемөнер мекемелерінің барлығының тұрақты ұйымдастырушыларының бірі болды. Қазақ ССР Ғылым академиясының құрушылардың бірі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімін ашуды ұйымдастырды, Жамбыл атындағы қазақтың мемлекеттік филармониясының директоры, Құрманғазы атындағы консерваториясының ректоры (1945-1951), ондағы өзі ашқан халық аспаптары кафедрасының меңгерушісі (1954-1961) қызметтерін атқарды. 1934 жылы қазақтың халық аспаптар оркестрін ұйымдастырды. Бұл әкімшілік, ұйымдастырушылық жұмыстарды шығармашылық-композиторлық, дирижерлік бағытпен қоса алып жүрді.

А.Қ.Жұбановтың қоғамдық, әкімшілік, шығармашылық жұмыстары белсенді жүріп жатқан болса да ол қаламын еш тастамаған. Осыған байланысты Ғазиза Ахметқызы Жұбанова әкесінің ғалым-жазушылық қабілеттерін сипаттағаны бар: «Оның бір басында білімдар музыка зерттеуші мен қаламы төселген жазушының қасиеті қатар қонған ауыл-үй тәрізді еді. Осыдан келіп оның әрбір мақаласы, зерттеуі мазмұн жағынан ғана мәнді болып қоймай, қызықты, тартымды, оқырман қауымға ыстық көрінетін» [3, 8].

Көп жылдар бойы А.Қ.Жұбановтың көлемді мақалалары «Әдебиет және искусство», «Жұлдыз» журналдарында, «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» сынды республикалық, аудандық газеттерге жарияланып тұрды. Белгілі орыс композиторларының шығармашылықтары жайлы (М.И.Глинка, П.И.Чайковский, Н.А.Римский-Корсаков, М.П.Мусоргский және т.б.) Ж.Бизенің «Кармен», П.Чайковскийдің «Мазепа», Сен-Санстың «Самсон мен Далила», М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операларының қойылымдары туралы рецензиялар, басқа да мемуарлық очерктер, көрнекті тұлғалармен кездесулері мен жеке басынан өткен қызықты оқиғалар туралы естеліктер жазып тұрды. «Әнші Мұхит», «Композитор Дәулеткерей», «Біржан сал», «Ақан сері», «Қобызшы Ықылас» атты музыкалық әңгіме, баяндамалары баспасөз беттеріне басылып шықты.

Осылайша, А.Қ. Жұбанов алғашқы публицистикалық тәжірибе жинап, халықтың күйшілік өнерін тереңірек зерттеуді ұйғарады. 1936 жылы «Қазақстанның батыс өңіріндегі домбыраның үш мектебі» және «Халық композитор Құрманғазы» атты ауқымды зерттеу очерктерін жазып бітіреді. Сол жылы ғалымның «Қазақтың халық композиторы Құрманғазы» атты кітабы жарық көрді. Бұл кітап А.Қ.Жұбановтың күйші Құрманғазының шығармашылығын зерттеп жазған алғашқы еңбегі. Құрманғазы А.Қ.Жұбановтың өмірлік тақырыбына айналып, ол оның күйшілік мұрасына ерекше көңіл аударды. Көп жылдар бойы А.Қ.Жұбановтың аялаған арманы – «Құрманғазы» операсын жазу болды. Бұл туралы жазушы-академик Ғабит Мүсірепов А.Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» еңбегінің алғысөзінде тоқталып өтті: «Ақаң соңғы кезде Құрманғазы туралы опера жазып жүр еді. Ұлы күйшінің сүйікті бейнесін жасау үшін ол өмір бойы жұмыс істеді десе де болады. 1936 жылы шыққан кішкентай кітапшадан осы операға дейінгі аралықта Ақаң Құрманғазыны бір де күн жадынан шығарған емес» [4, 7]. Расында А.Қ.Жұбанов Құрманғазының өмірбаяны мен күйлері туралы құнды деректерді тірнектеп жинады. Құрманғазының күйлерінен оптимизм,

күрес рухы естілетінін және олар Махамбет Өтемісұлының жалынды өлеңдеріне ұқсайтынын айтып, Құрманғазының бейнесі мен шығармашылығына сипаттама береді: «Қолындағы қаруы – домбырасымен халқының бақыты үшін өмір бойы күрескен, музыкасында халық өмірінің ең көкейкесті мәселелерін тақырып етіп көтерген реалист суреткер Құрманғазының шәкірттері осы кезде Қазақстанның қай бұрышынан болса да табылады» – деп жазды. [4, 114].

1945 жылы «Қазақ халық композиторларының өмірі мен творчествосы» монографиясы үшін Жоғары аттестациялық комиссия шешімімен А.Қ.Жұбановқа қорғаусыз өнертану докторы ғылыми атағы берілді, ал 1946 жылы Ғылым Академиясының Құрылтайшылар жиналысында Академияның мүшесі болып тағайындалып, академик дәрежесі берілді.

1960 жылы А.Қ.Жұбановтың «Құрманғазы» атты ұлы халық композитор әрі күйші Құрманғазының өмірбаяны мен шығармашылығы туралы көлемді кітабы шықты. Құрманғазының «Балбырауын», «Кішкентай», «Қайран шешем», «Сарыарқа», «Алатау», «Ақсақ киік» және тағы басқа күйлерінің шығу тарихын зерделеп, оларды форма, композиция жығанан талдап, күйлерінің кең ауқымды бейнелерімен, тақырыптардың түрлерімен таныстырады. А.Қ.Жұбанов Құрманғазының шығармашылығы келер ұрпақ композиторлар үшін шабыт беретін қайнар бұлақ деп жоғары бағалады.

А.Жұбановтың бастауымен 1940-1980 жылдар аралығында ғылыми экспедициялардың нәтижесінде Қазақстанның түкпір-түкпірінен 10 мыңдай ән-күй фольклорлық нұсқалары жиналды. Қазақтың кәсіпқой халық композиторларының өмір деректері жинастырылды, шығармалары нотаға түсіріліп, күйлері мен әндері жанр бойынша жүйелендірілді. Осы экспедицияларда жүріп А.Жұбанов қарапайым қазақ отбасыларында өнерге құштар, бірақ үйренуге мүмкіндігі жоқ жас таланттарды жиі кездестірді. Талабы таудай ауыл балаларға кәсіби білім беруді іштей көксіп, музыкалық мектеп ашу туралы алғашқы ой келіп, Республикалық қазақ музыка мектеп-интернатының іргетасы қаланды. 1968 жылы алғашқы мектеп директоры Түркістан Өзбековтың ұсынысымен білім ошағына Ахмет Жұбановтың есімі берілді. Биыл мектептің ашылуына 60 жыл өтіп отыр, осы жылдар аралығында мектепті 1300-ден астам түлектер бітірді, олардың ішінде 700-ге жуығы халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары. Қазіргі таңда А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ түлектері Қазақстан Республикасының барлық шығармашылық ұжымдарында жұмыс атқаруда, Қазақстанның барлық қалаларында музыка мектептерінде, колледждерінде, жоғары оқу орындарында дәріс беруде. Мектеп түлектерінің арасында көрнекті композиторлар, қоғам қайраткерлері, талантты дирижерлер, мәдени ұжым басқарушылары, халық артистер, профессорлар, ғылыми дәрежеге жеткен жас ғалымдар бар.

Сонымен қатар бұл экспедициялардың нәтижесінде 1961 жылы А.Қ.Жұбановтың «Құрманғазы күйлері» және «Дәулеткерейдің күйлері» атты нотаға түсірілген күйлер жинақтары жарыққа шықты. Күйлер жинақтары алғысөз және күйлерге берілген түсіндірмелермен толықтырылған.

1963 жылы академик А.Қ.Жұбановтың көрнекті композитор, Совет Одағының халық артисі Мұқан Төлебаевтың өмірі мен шығармашылық жолы баяндалған «Мұқан Төлебаев» атты кітапшасы жарық көрді.

Қазақ музыкатану тарихында XIX ғасырдың халық композиторларының өмірі мен тұрмыс жағдайлары суреттелген, шығармашылықтары алғашқы рет жүйелендіріп берілген тұңғыш зерттеу еңбек, ол А.Қ.Жұбановтың «Қазақ халық композиторларының өмірі мен творчествосы» кітабы. А.Қ.Жұбановтың қызы Ғазиза Жұбанованың естеліктері бойынша бұл кітап 1942 жылы баспадан шыға салысымен лезде таралып сатылып кетті, демек қоғамның сұранысына ие болды.

1953 Сталин дүние салып, елдегі саяси жағдай қалыпқа келе бастады. А.Қ.Жұбанов «Қазақ халық композиторларының өмірі мен творчествосы» еңбегінің жетіспеушіліктерін қайта қарастырып, жаңадан өңдеу және толықтыру жұмыстарына кірісті. Нәтижесінде 1958 жылы «Ғасырлар пернесі» және 1963 жылы «Замана бұлбұлдары» еңбектері жарық көрді.

1968 жылы «Замана бұлбұлдары» кітабы үшін А.Қ.Жұбанов Қазақ КСР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығының иегері болды. Бұл кітаптар бүгінгі күнге дейін көкейкестілігін жоғалтпай, музыкатанушы, зерттеуші, музыканттардың қолдан түсірмей ден қойып оқитын еңбектердің біріне айналды.

«Ғасырлар пернесі» монографиясында академик А.Қ.Жұбанов халықтың тарихына үңіліп, фольклор, музыка, поэзиясына сүйеніп, қазақ елінің рухани құндылықтарын көркем суреттей ала білді. Өткен ғасырдың оқиғаларын шынайы әрі аса шеберлікпен сипаттап, халық композиторларының шығармашылықтарын өмір сүрген сол заманмен ұштастыра отырып, олардың әділетсіздікпен күресін, алға деген ұмтылыстарын, жеңістері мен қуаныштарын асқан психолог ретінде бейнелей ала білді.

А.Қ.Жұбанов өзі домбырашы бола тұра, аспаптық орындаушылық шеберліктің мәдениетін, оның түрлі аймақтық мектептерінің ерекшеліктерін, орындаушылық мәнері мен техникалық әдіс-тәсілдерін кәсіби тұрғыдан сипаттайды. Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Байсерке, Абыл күйші-композиторлар басқа ұлттардың аспаптық музыка мәдениетін де қабылдағанын айтады. Қазақ музыкасы ұлттық шеңберде ғана дамымағанына дәйексөздер келтіреді.

«Ғасырлар пернесі» кітабының үлкен жетістігі – А.Қ.Жұбановтың халық композиторларының өмірбаяны мен шығармашылықтарын зерделеп баяндағанында ғана емес, ал олардың әрқайсысының бірегейлігі мен жеке ерекшеліктерін суреттей ала білгендігінде.

А.Қ.Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» іргелі монографиясы қазақ даласының әнші-ақын композиторларының шығармашылығына, халықтың ән өнеріне арналған. Кітапты жазу барысында А.Қ.Жұбанов жүзден астам адамдардың көмегіне жүгініп, әр композитор туралы ақпаратты аз-аздан біртіндеп жиғанын түсіндіріп кетеді.

А.Қ.Жұбановтың шәкірті, белгілі өнертанушы Б.Ғизатов: ««Ғасырлар пернесі» мен «Замана бұлбұлдары» қазақ музыкасына қойылған үлкен ескерткіш іспеттес» [5, 80] – деп, еңбектердің құндылығын жоғары бағалады.

«Өскен өнер» кітабы академик А.Қ.Жұбановтың соңғы еңбегі болып саналады. Кітап Ғазиза Ахметқызының баспаға дайындауымен 1985 жылы шықты. Бұл еңбекке композитордың әр жылдары жазған ғылыми, сыни мақалалары, очерктері және естеліктері кірді. «Өскен өнер» еңбегі – академик А.Қ.Жұбановтың музыкатанушы қызметінің қорытынды еңбегі. А.Қ.Жұбанов көрнекті ғылым және өнер қайраткерлерімен соңғы кездесулерімен, кемел ойларымен, орындалмаған идеяларымен бөлісті.

А.Қ.Жұбановтың «Ән-күй сапары» (1976), «Өскен өнер» (1985) және басқа да жарияланбаған еңбектері КСРО халық артисі, композитор, профессор Ғазиза Ахметқызының редакциясымен, әкесінің еңбектерін жинақтап өңдеуімен басып шығарылған.

Қорытындылай келе, А.Қ.Жұбановтың шығармашылығы қазақ халқының тарихымен, музыка мәдениетімен тікелей байланысты. Өнертану докторы, профессор А.Д.Алексеев: «Ахмет Қуанұлы қазақ музыкасын өте жақсы көреді және жетік біледі, өйткені ол оны бесігінен, қазақтың гүл даласының жұпар иісімен бірге сіңірген» – деп композитордың болмысын нақты суреттеп жазды. А.Қ.Жұбанов халқының тарихын, музыкасын, фольклорын, әдебиетін, философиясын, дәстүрін, тілін, дінін терең біле тұра, оның рухани мәдениетін қағаз беттеріне түсірді. А.Жұбановтың бұл қасиеттері, әрине, оны басқа зерттеушілерден ерекшелендіреді. Оның сіңірген еңбегіне байланысты пікірін өнертанушы М.Амангелді: «Артында өшпестей мұра қалдырған композитор А.Жұбановтың туындылары келер ұрпағымен бірге жасап, үшінші мыңжылдыққа аяқ басты. Мұндай құрмет, мұндай шығармашылық табыс сирек болатын құбылыс. Өзінің барлық білімі мен ақыл-ойын, күш-жігерін қазақ кәсіби музыка өнерінің дамуына сарп еткен шынайы талант иесіне берілетін халқының нақтылы бағасы осындай болса керек» [6] – деп білдірді.

Профессор А.Қ.Жұбанов Қазақстанның музыкатану, өнертану ғылымдарының көшбасшысы, қазақ музыкалық білім мен өнер саласының іргетасын қалаушы. Ұлағатты ұстаз ретінде ұлттық кадрлар дайындауда қосқан үлесі орасан, оның шәкірттері КСРО халық

артистері Ш.Қажғалиев, Н.Тілендиев, ҚазКСР халық артистері Г.Баязитова, Ф.Балғаева, Ф.Мансуров, Р.Омаров, ҚазКСР өнер қайраткері Х.Тастанов, өнертану кандидаттары Б.Ғизатов, А.Кетегенова, З.Қопақов, Ж.Рысалдин және басқалар.

А.Қ. Жұбановтың бойындағы қасиеттерінің барлығы шынайы ғалымда болуы тиіс қасиеттер. Оның музыкатанушы және публицистикалық бағытқа ұмтылуының себебі де қазақтың ұлттық музыка мәдениетін сақтап қалуын терең түсінгенінде. Сонымен қатар ғалым ретінде Ахмет Қуанұлы Жұбанов қазақтың ұлттық музыкасын зерттеп қана шектелген жоқ, оның ғылыми ізденістерінің тақырыптары әлемнің классикалық музыкасын қамтиды, туысқан халықтардың музыкалық өнерін: азербайжан, башқұрт, ұйғыр музыкасы жайлы мақалалары бар, орыс музыка қайраткерлері жайында көп жазған.

А.Қ. Жұбановтың қоғамдық-ағартушылық қызметі әлі күнге дейін өз жалғасын тауып, дамып келеді. А.Қ.Жұбановтың бастамаларының барлығы бүгінгі күні Қазақстан Республикасының мәдениетіндегі үлкен орын алып отырған мекемелер мен беделді шығармашылық ұжымдар халыққа қызметтерін жалғастырып жатыр. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі қай мемлекетке іс-сапарға шықпаса да қазақтың төл өнерін жоғары деңгейде көрсетіп, ұлттық музыка дәстүрін әлемге танытып жүр.

А.Қ.Жұбанов Қазақстандағы алғашқы қазақ дирижеры ғана емес, ол дирижерлық мектептің қалыптастырушысы. Оның шәкірттері Ресейдің Халық артисі Фуат Мансұров, Қазақстанның Халық артисі Шамғон Қажғалиев өз естеліктерінде ұстазы туралы жылы лебіздерін қалдырған.

А.Қ. Жұбанов-композитордың мұрасы да бүгінгі күні ең биік сахналарда орындалып келеді. Композитордың Л.Хамидимен бірігіп жазған «Абай» операсымен жыл сайын Абай атындағы опера және балет театрының әр маусымы ашылады. Опера шетелдік сахналарда да қойылып, жоғары сұранысқа ие. А.Жұбановтың шығармалары Республикалық байқауларда, фестивальдерде, хорлары, әндері мемлекеттік концерттерде орындалып тұрады.

Композитор, ғалым А.Қ. Жұбановтың шығармашылық жолы еліміздің тарихы мен мәдениетін зерттеуге арналған дереккөз ретінде де қызығушылық тудырады. Уақыт өткен сайын А.Қ. Жұбановтың тұлғасы бізге жақындай түсетін сияқты, өйткені А.Қ. Жұбановтың қалдырған мұрасы тарихи құндылығында ғана емес, бүгінгі таңы А.Қ. Жұбанов мұрасы өзектілігін жоғалтпай, қазақ халқының мәдени мұрасына айналды.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Гизатов Б. Академик Ахмет Жубанов. Жизнь и творчество (1906-1968). Алма-Ата: Жазушы, 1972.
2. Ерзакович Б. Г. У истоков казахского музыкознания: (по материалам русских ученых XIX в.). – Алма-Ата: Наука, 1987. – 176 б.
3. Жұбанов А.Қ. Өн-күй сапары. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976, – 478 б.
4. Жұбанов А.Қ. Ғасырлар пернесі. – Алматы: Жазушы баспасы, 1975, – 400 б.
5. Ғизатов Б. Абай әндері. Алматы: Өнер, 1995. – 304 б.
6. <http://malimetter.kz/>
7. <http://sozvuchie.by/proza/dina-mosienko-mir-kazakhskoj-muzyki-glazami-zarubezhnykh-issledovatelej.html>
8. Под ред. Мутанова Г.М. Өнегелі өмір. Жубанов А. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 387 б.
9. Жұбанов А.Қ. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963, – 442 б.
10. Затаевич А.В. 1000 песен казахского народа. М., 1963, издание II.

АЛҒАШҚЫЛАРДЫҢ БІРІ

Жунисов Б.А.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Әр халықтың өз ұлттық қаһармандары бар, оларға деген сүйіспеншілік пен ризашылық уақыт өте келе көбеймесе, өшпейді. Қалдырған мұралары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, болашаққа жол сілтейтін, бағыт беретін шамшырақ қызметін атқарады. Бұл қаһармандар әдеби кейіпкерлер емес, адамзат тарихында дара орны бар нағыз тарихи тұлғалар, олар халықты ерекше күшпен өзін, дүниедегі өз ерекшелігін және адамзат мәдениеті шеңберіндегі өзара байланысын түсінуге көмектескен жандар. Қазақстан халқы үшін аты аңызға айналған, шымыр қаһарман адамдардың бірі – Ахмет Қуанұлы Жұбанов. Музыканттың бүкіл өмірбаяны туған халқына шынайы қызмет көрсетудің үлгісі болып табылады. Ахмет Жұбанов – ұлттық құбылыс қана емес, сонымен бірге әмбебап құбылыс. 1930-31 жылдардан бастап халық әуендерін жалықпай жинап, зерттеп, солардың негізінде өз шығармаларын жазып, мақалалар шығарып, концерттер мен лекциялар беріп, қазақ музыкасын бүкіл әлемге паш етті.

Көркем өнер ғылымдарының докторы (1943), Қазақ ССР-ның қос орденді халық артисі (1944), Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі (1946), профессор (1948), композитор, дирижер, этнограф Ахмет Қуанұлы Жұбанов әрі пианист, скрипкашы, домбырашы, музыка тарихын зерттеуші ғалым, музыка қайраткерлерінің өмірін баяндап, бейнесін жасаушы жазушы, музыка кадрларын оқытып, үйретуші және тәрбиелеуші педагог, жастарға ақыл-кеңес беруші ұстаз болды [1, б. 4]. Ахмет Жұбанов 1906 жылы 29 сәуір айында Ақтөбе облысы, Жұрын ауданы Мұғаджардың Қосуақтам деген жерінде дүниеге келіп, 1968 жылы Алматыда қайтыс болды. Ауыл баласы Ахаң жасынан халық мұғалімі Қ.Ашғалиевтан оқып, хат тануы, белгілі күйші Талымды тыңдап, сүйікті музыка өнерінен сауат ашуы, саққұлақ Қуан әкесінен, жазушы Жиенғали мен тілші ағасы Құдайбергеннен тәлім алып, 1925 жылы мұғалімдер даярлайтын курсты бітіріп, оқытушы болып жүріп музыкаға деген сүйіспеншілігін қалдырмай өз бетімен музыкалық сауатын ашуға талаптануы, орыстың халық аспаптар әуесқойлары оркестріне қатысып, балалайка, мандолина, гитарада кезек ойнауы, скрипкашы П.Чернюктен (1928) скрипка үйренуі арқасында Ленинград қаласындағы М.И.Глинка атындағы техникумға оқуға түсуге септігін тигізді [2, б. 8-17]. Онда А.А.Этигонның скрипка класы бойынша оқиды. 1928 жылы Ленинград консерваториясында Ф.А.Ниманның гобой класы бойынша сыныбында оқып, музыка теориясы мен тарих факультетінде оқуын жалғастырады. Бұл факультетте полифониядан – Х.С.Кушнарев, гармониядан – Ю.Тюлин, инструментовкадан – М.Чернов, музыка тарихынан – А.Оссовский, Б.Асафьев, Р.Груббер, музыка тыңдаудан – Р.Зарицкая, музыка әдебиетінен – З.Эвальд, СССР халықтары музыкасынан – Е.Гиппиус, акустикадан – А.Римский-Корсаков және басқалары дәріс берді. 1932 жылы А.Жұбанов консерваторияны мерзімінен бұрын бітіріп, Ленинградтағы мемлекеттік көркем өнер зерттеу академиясының музыка бөлімі аспирантурасына түседі [3, б. 14-15]. 1932 жылы Алматыда музыкалық драма техникумының, сурет өнерінің, сондай-ақ хореографиялық техникумдардың ашылуы қазақтың профессионалдық ұлт кадрларын даярлауда айтулы роль атқарды. А.Жұбанов қазақтың профессионалдық музыка мәдениетін дамытуда үлкен ұйымдастырушылық қызмет жасады. 1933 жылы А.Жұбанов музыкалық драма техникумының оқу ісін басқарушы, оқытушысы қызметін атқарды. А.Жұбановтың ұсынысымен техникум жанынан қазақ музыкасын зерттейтін Ғылыми кабинет және қазақтың халық аспаптарын жетілдіретін экспериментальдық шеберхана (Қазақстан Халық Комиссарлары советі 1933 жылдың 29 апрелінде), СССР Ғылыми академиясының Қазақ филиалы Президимумы жанынан өнертану секторы (кейін Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыкалық бөлімі) ашылды. 1933 жылы А.Жұбанов Алматының музыкалық драма техникумы студенттерінің күшімен он бір кісілік домбырашылар ансамблін

ұйымдастырады. Бұл іс-шара қазақ музыкасының тарихында бұрын-соңды болып көрмеген тұңғыш домбыра ансамблі еді. 1934 жылы А.Жұбанов құрған домбырашылар ансамблі негізінде қазіргі қазақтың халық аспаптар оркестрі ұйымдастырылды. Қазақ АССР-ның Халық ағарту комиссариаты халық аспаптар оркестрін ұйымдастыру туралы 1934 жылдың 25 июніндегі арнаулы бұйрықта: «25 июньнен бастап техникумның домбыра оркестрінің және халық өнерпаздарының слетіне қатысқан таңдаулы домбырашылардың, қобызшылардың, сыбызғышылардың негізінде музыкалық драма техникумының жанынан КазЦИК атындағы Қазақтың тұңғыш ұлт аспаптар оркестрі ұйымдастырылды деп есептелсін», - деп көрсетілді. Оркестрдің дирижері және көркемдік жағын басқарушы болып Ахмет Қуанұлы Жұбанов арнаулы бұйрық арқылы бекітілді [2, б. 31-33]. 1944 жылы халық аспаптар оркестрінің онжылдық мерекесін атап өту салтанатты кешінде Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумының Указы бойынша оркестрге қазақтың ұлы композиторы Құрманғазының есімі беріліп, ол – «Қазақтың Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі» деп аталатын болды. Оркестрге сіңірген творчестволық зор еңбегі үшін оның негізін салушы, әрі ұйымдастырушысы Ахмет Қуанұлы Жұбановқа Қазақ ССР-інің халық артисі деген құрметті атақ берілді [2, б. 39]. Сонымен бірге А.Жұбанов 1935 жылы Қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясы ұйымдасқанда, оның директоры, көркемдік жағын басқарушысы да, бас дирижері де болды. Мұның үстіне Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыкалық бөлімін, қазіргі қазақ консерваториясының өзі ұйымдастырған халық аспаптар кафедрасын басқарып, қазақ халық музыкасының тарихынан, дирижерлік пен аспаптанудан сабақ берді.

Қазақ музыкасының тарихын ғылыми тұрғыда жан-жақты сөз етіп, белгілі бір жүйеге түсірген тарихшы-ғалым Ахмет Жұбанов болды. Ахмет Жұбановтың қазақ музыка мәдениетіне байланысты зерттеулері, жүздеген мақалалары, очерктері, музыкалық новеллалары, көлемді ғылыми еңбектері советтік музыка зерттеу ғылымына қосылған үлкен үлес. «Жұбановтың қазақ халық ән-күй творчествосының табиғаты мен тіл ерекшелігі жайлы, ұлы композитор-күйшілер Құрманғазы, Дәулеткерей, Сейтек, Тәттімбет, Қазанқап, Абыл хақындағы монографиялық ғылыми-зерттеу еңбектері – қазақ музыка тарихына қосылған ұлағатты дүниелер». «Музыка әліппесі» атты тұңғыш ғылыми еңбегі (1931), «Қазақ халық композиторы Құрманғазы» атты кітап (1936), «Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы» деген көлемді зерттеу еңбегі (1942), «Евгений Онегин» (1946), «Ғасырлар пернесі» (1958), «Құрманғазы» (1960), «Замана бұлбұлдары» (1963), «Мұқан Төлебаев» (1962), «Қазақтың халық композиторлары» атты очерк (1963), «Музыка сауаты» (1950), «Музыкадағы алғашқы адым» деген алты баспа табақтық еңбегі (1962) Ахмет Жұбановтың қазақ музыкасының тарихын жасаудағы ерен еңбектері. «Ән-күй сапары» (1976) – атты үлкен кітапта қазақтың тұңғыш академик-композиторы, қазақ музыка мәдениетінің ірі қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың таңдамалы ғылыми-зерттеу, музыкалық еңбектері жинақталған.

А.Жұбанов композиторлық творчествомен 1938 жылдардан бастап айналыса бастады. М.Ф.Гнесинмен бірлесіп «Аманкелді» фильміне музыка (1938), Ғ.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» (1938), М.Ақынжановтың «Исатай-Махамбет», М.Әуезовтың «Абай», «Айман-Шолпан», «Азат-қыз», Х.Есенжановтың «Бақыт таңы» және Ә.Тәжібаевтың «Сары» драмаларына, Н.Баймұхамбетовтың «Аттаным» либреттосына музыкалар жазды [3, б. 94]. Фортепиано мен жеке дауысқа арналған әндер: «Қарлығаш», «Бейбітшілік жыры», «Қайдасың», «Ұмытпа», «Көгершін», «Турксиб маршы», «Ақ Шолпан», «Құрбым», «Майра», «Тағы да жыр бастаймын», «Жастар әні», «Алатау», «Жылқышы», «Лирикалық ән», «Көңіл-күй», «Ақша қар», «Жан жарым», «Бесік жыры», «Жайна, жайна, өмірім» мен төрт дауысты хорлары: «Отан туралы ән», «Колхозшылар сал әнді», «Біздің ән», «Москва», «Партия туралы ән», «Әуигай», «Ауыл кеші», «Сары» бір актылы, екі картиналы музыкалық пьеса (1938), аспаптық және ірі формадағы симфониялық шығармалары: «Тәжік билері», симфония оркестрі мен халық аспаптар оркестрі үшін «Абай» атты поэма, №1 және №2 «Вокальдық сюиталар», симфония оркестрі мен қазақтың халық аспаптары оркестрі үшін екі вариантта

«Увертюра фантазиясы» (1941), Ұлы Отан соғысы жылдары «Серт», «Қалғанынша қасық қан», «Москва», «Майданнан хат», «Ақшолпан» атты вокальдық туындылары, «Төлеген Тоқтаров» атты увертюра-фантазия, Екі оркестрлік сюитасы, қобыз бен скрипка үшін жазған «Ариясы», қобызға жазған «Көктем» атты вальсі, «Романсы», Ықыластың «Жезкиігінің» тақырыбына жазған «Күйі», «Абай» атты симфониялық поэма, «Құрманғазы маршы», «Қазақ маршы», «Абай әндерінің тақырыбына жазған фантазиясы», Бірінші және Екінші тәжік сюиталары, «Қазақтың вокальдық сюитасы», «Би күйі», Латиф Хамидимен творчестволық бірлікте жазған «Абай» (1944) және «Төлеген Тоқтаров» (1947) опералары, Ғазиза Жұбанова аяқтаған «Құрманғазы» (1987) атты радиоопера музыкалық әдебиетіміздегі елеулі көрініс болды.

Музыка – жан азығы. Әдебиет – адамтану ғылымы болса, музыка сол адамның жан жүйесін баурап алатын өнер. «Физкультура – дене үшін де, музыка – жан үшін» деп Платон бос айтпаған. Қиындығын айтқанға үркіп кетпей, жастар музыкаға оқындар! [1, б. 174]. 1944 жылы жазда Алматыда ашылған консерваторияның музыкалық ағарту мәні орасан зор болды. Алматының Құрманғазы атындағы консерваториясында Ахмет Жұбанов көп жылдар бойы қазақтың халық музыкасының тарихынан лекция оқыды, дирижерлықтан, инструментовкадан сабақ берді.. Композиторлар шығармалары тыңдаушыларға тек орындаушылар арқылы жететіні белгілі. 1939 жылы ұйымдастырылған Қазақстан Композиторлары одағының мүшелері қазіргі уақытта республиканың музыка өнерін дамытуда аянбай атсалысуда. Ең қуанышты жағдай сол, болашаққа талпынған, композиторлар үшін жігерлендіріп толқытатын жастар лебінің өсуі. Аға буын композиторлар Б. Ә. Дәлденбай, В. А. Стригоцкий, С. К. Абдинуров және басқалары композиторлар кадрларын даярлауда ерінбей еңбек етуде. Қазақстанда қазіргі таңда 159 балалар музыка мектебі және 127 өнер мектептері жұмыс істейді. Әр жылдары Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп интернатында Бейбіт Әбілұлы Дәлденбай, Ерболат Оспайбекұлы Андосов, Әділ Бестібаев, Ермұрат Үсенов, Хабибулла Зайнуллаевич Сетеков композиция сыныбы бойынша дәріс берді. Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп интернаты (РҚМММИ) 1964 жылдың қараша айында Қазақ ССР министрлер кабинетінің қаулысымен қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер, Қазақстанның халық артисі, өнертану ғылымының докторы, профессор, академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтың тынбай еңбек етуінің нәтижесінде ашылды.

Ахмет Қуанұлы Жұбановтың атында Алматыда көше, республикалық музыка мектебі, облыс орталықтарындағы музыка училищелер мен жоғары оқу орындары бар. Ахаң салған жолды ілгері жалғастырып, мәдениетіміздің дамып көркею саласында қыруар еңбек жасап жатқан төмендегі танымал ізбасарлары мен жалғастырушылары туралы атап өтетін болсақ, олардың барлығы А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ қатысты.

Дәлденбай Бейбіт Әбілұлы – Қазақстан Республикасының (ҚР) Еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясының (ҚҰК) музыкатану және композиция кафедрасының профессоры. Республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты. КСРО және Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі. 1973 жылы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ бітірді. Мектепте кларнет мамандығы бойынша Г.Ф.Лебедев сыныбында, композициядан ұстаз А.Н.Руднянский сыныбында, фортепианодан ұстаз Г.А.Алланазарова сыныбында дәріс алды. 1979 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында (АМК) профессор Ғ.А.Жұбанованың композиция сыныбын бітіріп, 1985 жылы ассисентура-стажировкада болды. Мәскеу консерваториясында профессор А.С.Леманның композиция сыныбын бітірген [4, б. 34]. Б.Ә.Дәлденбай шығармалары: «Ер төстік» ертегі-балет, күй «Серпін», «Алмақұн» халық аспаптар оркестрі үшін, «Кварта-квинта» ішекті оркестріне, «Шәкәрім» атты драма спектакльге музыка, симфония «Желтоқсан толқыны», балет «Махаббат періштесі», «Бәйге», «Көкойнақ» симфониялық оркестр үшін, жасөспірімдер мен балаларға арналған

фортепианолық шығармалары, қазақ халық күйлері мен әндері өңделген пьесалар, «Көбелектердің мезгілі» және «Қонақтар» атты мультипликациялық фильмдерге музыка, «Алыстағы қыстау» атты қысқаметражды фильмге, «Жоқшы» телевизиялық документтік фильмге музыка, «Жаңғақ және скрипка», «Жаңадан келген» атты мультипликациялық фильмдерге музыка, «Жамбылдың жастығы», «Сардар» атты көркем фильмдерге музыка, фортепианоға арналған Екі пьеса, кларнет пен фортепианоға арналған Екі пьеса, скрипка мен фортепианоға арналған Тақырып вариацияларымен, кларнет пен фортепианоға арналған «Концерттік пьеса», фортепианоға арналған пьеса «Көкпар», скрипка мен фортепианоға арналған Пьеса, труба мен фортепианоға арналған Пьеса, «Контрасты», Тақырып вариацияларымен скрипка, виолончель, кларнет пен фортепианоға арналған, «Амангельді сарбаздары» атты шығарма домбра, фортепиано және ұрмалы аспаптарға арналған, скрипка мен фортепианоға арналған Рапсодия, балаларға арналған фортепианолық пьесалар циклі, «Күй-толғау» қобыз бен фортепианоға арналған, сыбызғыға арналған пьеса, қыл-қобызға арналған күй, эстрадалық әндер және т. б.

Хабибулла Зайнуллаевич Сетеков – композитор, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі. 1976 жылы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ фортепиано мамандығы бойынша ұстаз Л.Л.Минкина сыныбында, ал теориялық пәндер бойынша ұстаз М.П.Сабитова сыныбында бітірді. 1981 жылы Құрманғазы атындағы АМК-да фортепиано мамандығы бойынша профессор В.М.Ибраева сыныбын, 1982 жылы композиция мамандығы бойынша профессор Құдыс Қожамиров сыныбын бітірген. 1985 жылы Құрманғазы атындағы АМК-да композиция сыныбы бойынша профессор Құдыс Қожамировта ассисентура-стажировканы өтті. Хабибулла Сетеков шығармалары: үш бөлімді симфония, фортепиано мен оркестрге арналған концерт, Фантазия, флейта мен камералық оркестрге арналған концерт, гобой мен ішекті аспаптар оркестріне арналған концерт, «Туған жер» балладасы, «28 панфиловшылар» балладасы, труба мен камералық оркестрге арналған концерт, кларнет пен камералық оркестрге арналған концерт, «Көтеріліс» атты симфониялық поэма, «Жолаушы» атты симфониялық поэма, екі рояльға жазылған Вариациялар, үрмелі аспаптар оркестріне арналған Марш, фортепианоға арналған Прелюдия мен Токката, Юмореска, Концерт, Кантата «Ер бабаларым», Кантата «Гимн ВС РК», драмалық спектакльдерге музыка: «Назугум», «Наказание», «Апчил», «Святой грех», «Ловкач», фортепиано, скрипка, кларнет, труба және чанғаға арналған пьесалар, ішекті квартетке арналған Квартет, әндер, романстар және т.б. шығармалары.

Әділ Бестыбаев - композитор, Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның композиция кафедрасының доценті (1982-1997), Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, Canadian Music Centre Халықаралық композиторлар одағының мүшесі. 1977 жылы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ «музыка теориясы» мамандығы бойынша ұстаз Л.А.Жуйкованың сыныбында, композициядан А.Н.Руднянский сыныбында, фортепианодан ұстаз Т.И.Манжосова сыныбында, ал теориялық пәндер бойынша ұстаз М.П.Сабитова сыныбында бітірді. 1982 жылы Құрманғазы атындағы АМК-да композиция класын КСРО халық әртісі, композитор, профессор Ғ.А.Жұбанова сыныбында бітірді. 1989 жылы П.И.Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясында Ресей халық әртісі, профессор Н.Н.Сидельниковтың сыныбында стажировка өтті. 2006 жылдан бастап Канаданың Ванкувер қаласында тұрады [4, б. 35]. Әділ Бестыбаевтің негізі шығармалары: «Байтерек» балеті, «Жертва Божья» симфониясы, «Азия дауысы» үрмелі аспаптар оркестріне марш, «Концерт Б.Эс.Т монограммасына» ішекті квартетке арналған, «Великий Могол» симфониялық поэма үрмелі аспаптар оркестріне жазылған, симфония №3 «Идея фикс» үрмелі аспаптар оркестріне, кинофильмдерге музыка, қазақ халық әні «Қамажай» тақырыбына жазылған фортепианоға арналған вариациялар, Жаяу Мұсаның «Ақ сиса» әніне фантазия үрмелі аспаптар оркестріне арналған, «Ниагара» ұрмалы аспаптар мен ішекті аспаптар оркестріне арналған пьеса, фортепианоға арналған «Скерцо», «Фатимия», Абай Құнанбаевтің «Көзімнің қарасы» және «Токката», «Той думан» үрмелі аспаптар оркестріне

арналған пьеса, «Арғымақ» үрмелі аспаптар оркестріне арналған симфониялық сурет, «Ашу басар» симфониялық күй, Брасс-квинтет екі труба, валторналар, тромбон мен тубаға арналған, «Шаухар күй» камералық оркестрге арналған, күй «Толғау» және т. б.

Ерболат Андосов (1961-2007) – композитор, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі. 1979 жылы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ баян мамандығы бойынша ұстаз Ф.В.Легкунец сыныбында, теориялық пәндер бойынша ұстаздар Е.М.Лебель мен Л.Г.Павлова сыныбында бітірді. 1979 жылы Құрманғазы атындағы АМК-да композиция сыныбын профессор Құдыс Қожамировта, ал 1989 жылы П.И.Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясында ассисентура-стажировканы бітірді. Ерболат Оспайбекұлы 1992-1996 жылдары Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ-да композиция сыныбы бойынша дәріс берді. Ерболат Андосов шығармалары: «Праздничный кюй» үрмелі ағаш аспаптар квинтетіне арналған, жастар мен балаларға арналған фортепианолық шығармалары «Балалар альбомы», пьесалар және т.б.

Талғат Андосов - композитор, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі. 1991 жылы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ хормен дирижерлау мамандығы бойынша ұстаз Н.Ю.Харченко сыныбында бітірді. 1996 жылы Құрманғазы атындағы АМК-да композиция мамандығы бойынша профессор Құдыс Қожамиров сыныбын аяқтады. Кейін профессор Е.Р.Рахмадиевтің сыныбында ассисентура-стажировка өтті [4, б. 36]. Талғат Андосов шығармалары: фортепиано мен оркестрге арналған Концерт, фортепиано мен оркестрге арналған Диптих, фортепианоға арналған пьесалар, вариация.

Алиби Абдинуров – композитор, дирижер, музыковед, өнер қайраткері, ҚР «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, «Серпер» Қазақстан Жастар одағы марапаттының иегері, Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің (ҚҰӨУ) музыковедение және композиция кафедрасының аға ұстазы, Республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты. 1996 жылы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ «музыка теориясы» мамандығы бойынша ұстаздар А.А.Зобкова мен О.К.Шашкованың сыныбында бітірді. 2001 жылы Құрманғазы атындағы АМК-да композиция мамандығы бойынша профессор М.С.Сағатов сыныбында бітіріп, осы профессорда ассисентура-стажировка өтті. 2004 жылы «Симфониялық оркестрмен дирижерлау» мамандығы бойынша ҚР Халық әртісі, профессор Т.А.Абдрашев сыныбында және Гнесиндер атындағы Ресей музыка академиясында «музыковед» мамандығы бойынша білімін жалғастырды. Алиби Абдинуровтің негізгі шығармалары: «Мәңгілік әуен», «Пассакалья», «Пьеса» және «Яссави» үлкен симфониялық оркестрге арналған, «Сәкен» операсы, «Мұқағали» операсы, «Көкбөрі аңызы» балеті, «Самрук» музыкалық ертегі, «Отырар әні» ораториясы, «Мяу, Гав и Чик-Чирик» атты музыкалық спектакльге музыка, «Концерттік пьеса» виолончель мен фортепианоға арналған, «Памяти Великого Артиста» соло скрипкаға арналған, «Сылдырмақ» скрипка, контрабас және ішекті аспаптар оркестріне арналған, «Шабыт» соло альтқа арналған, Вокализ скрипкашылар ансамблі мен фортепианоға арналған, 3 этюд соло тромбонға арналған, «Теберік» гобой мен фортепианоға арналған, Трио флейта, виолончель мен баянға арналған, «Шашу» үрмелі ағаш квинтетіне арналған, Тромбоншылар квартетіне Пьеса, флейта мен гобойға арналған Пьеса, Вариациялар мен Фуга ішекті аспаптар квартетіне арналған, фортепианоға арналған шығармалар, хорға арналған «Жүректе қайрат болмаса», «Сағым», балалар хорына «Көктем лебі», «Түркістан», «Қазағым», көптеген әндер, халық әндерін өңдеген және лайықтаған шығармалары және балалар хорына әндер.

Арман Жайым – композитор, пианист, дирижер, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, өнертану ғылымдарының магистрі. 2001 жылы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ бітірген. Мектепте фортепиано мамандығы бойынша ұстаз Г.А.Мелькованың сыныбында, теориялық пәндер бойынша ұстаз Л.О.Корбань сыныбында оқыды. 2001 жылы Құрманғазы атындағы ҚҰК-сын фортепиано мамандығы бойынша профессор Г.И.Кадырбекова сыныбында, 2007 жылы композиция мамандығы бойынша доцент С.Еркимбеков сыныбында бітірді. Жайым Арман Айтқалиұлының шығармалары: опера «Бейбарыс», опера «Ақбөбек», балет «Алпамыс», «Төле би» атты театрландырылған

қойылымға музыка, «Шыңырау» кинофильміне музыка, скрипка мен оркестрге арналған №1 концерт, «Кюй-дастан», қобыз бен оркестрге арналған концерт, «Қобызға арналған хрестоматия», «Көроғлы» фортепианолық трио, «Мерекелік күй» және «Жетісу аңыздары» қазақ аспаптар оркестріне арналған, «Астана» атты симфониялық оркестр мен хорға арналған, 200 астам оркестрге арналған өңдеулер мен толықтырулар және т.б. туындылар.

Әділжан Толықпаев – композитор, аранжировщик, продюсер. 2005 жылы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ скрипка мамандығы бойынша ұстаз Д.М.Чуренова мен профессор Б.С.Қожамқұлова сыныбында, теориялық пәндер бойынша ұстаз Л.О.Корбань сыныбында, фортепиано класын ұстаз С.Ж.Мащановада, импровизация сыныбын ұстаз Б.М.Бекмухамедовта бітірді. Құрманғазы атындағы ҚҰК-сын композиция мамандығы бойынша профессор Б.Дәлденбай және ұстаз Н.Акжигитова сыныбында бітірді. Әділжан Толықпаев белгілі «Saz and Soul» группаны құрушы және көркемдік жетекшісі. Ә.Толықпаев шығармалары: фортепианоға арналған пьесалары - Япурай», «Вальс», «Көроғлы», «Бөгелек», көркем фильмдерге музыка және көптеген әндерге өңдеулер.

Нурасыл Нуридин – композитор, Республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты. 2010 жылы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ «музыка теориясы» мамандығы бойынша доцент Е.К.Кабдуллин сыныбында, фортепиано класын ұстаз Ф.И.Нурлыбаева сыныбында бітірді. 2015 жылы Құрманғазы атындағы ҚҰК-сын композиция мамандығы бойынша профессор Б.Дәлденбай сыныбында бітірді [4, б. 39]. Нурасыл Нуридин шығармалары: фортепианоға арналған пьесалары – «Қиял самғауы», «Жауын», «Бұлттар», «Тыныштық», «Жел», «Камень», Вальстар, Ноктюрндер, Полонездер, Фантазиялар, Этюдтер, Мазуркалар, кинофильмдерге саундтректер мен әуендер және т. б.

Ертай Ниязбек – Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясының музыкатану және композиция кафедрасының студенті, Республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты. Консерваторияда композиция мамандығы бойынша профессор Б.Дәлденбай сыныбында дәріс алады. 2020 жылы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ «композиция» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Е.Үсенов сыныбында, теориялық пәндер бойынша ұстаздар М.Б.Сембаева, Д.А.Ахметбекова мен О.К.Шашкова сыныбында, фортепиано класын ұстаз Б.А.Жунисов сыныбында бітірді. Ертай 20 шақты әр түрлі аспаптарға, симфониялық және халық аспаптар оркестрлеріне арналған шығармалардың авторы, фортепианоға арналған пьесалары – «Элегия», «Ноктюрн», «Рондо», «Көңілді әуен» және көп танымал өңдеулері [5, б. 43].

Әліби Жанат – Н.А.Римский-Корсаков атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік консерваториясының композиция факультетінің студенті, Республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты. 2023 жылы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ «композиция» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, белгілі композитор Ермұрат Үсеновтың сыныбында, домбыра маманы бойынша Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясының домбыра кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, ҚР-ның мәдениет саласының үздігі Динара Нұрбаева сыныбында, теориялық пәндер бойынша Омашева Дана Есенгельдиевна сыныбында, фортепиано класын ұстаз Б.А.Жунисов сыныбында бітірді. Жанат Әліби халық аспаптар оркестріне арналған, домбыра, фортепиано, виолончель, труба аспаптарына арналған шығармалардың, көптеген вокалдық шығармалар мен әндердің және «Тақия» атты толықметражды фильміне, қысқаметражды фильмдерге жазылған саундтректер авторы.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Ахмет Қуанұлы Жұбанов ӨСКЕН ӨНЕР (мақалалар мен зерттеулер) – Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы, Алматы-1985
2. Рсалдин Ж. АХМЕТ ЖҰБАНОВ - Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы, Алматы-1966

3. Жұбанов А. (Құрастырғандар Н.С.Кетегенова, А.Қ.Омарова). – Алматы: «Өнер» баспасы, 2006.
4. Современное исполнительское искусство: история, теория, практика: Материалы международной научно-практической он-лайн конференции, в рамках международного конкурса фортепианной подготовки учащихся различных специальностей Eurasia Piano Forum VII – Нур-Султан: ИП «Булатов А.Ж.», 2022.
5. «Фортепианолық миниатюрлар Альбомы». Әдістемелік құрал - (Құрастырған Б.А.Жунисов). – Алматы, 2021.

СВЯЗЬ ТРАДИЦИЙ И НОВАТОРСТВА, ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ НАСЛЕДИЯ А.ЖУБАНОВА: ОТКРЫВАЯ ГЛУБИНЫ МУЗЫКАЛЬНОГО ГЕНИЯ

Абдрахманова Д.Д.

Абдыкаримова А.З.

Республика Казахстан, г. Караганда

Ахмет Куанович Жубанов, известный как яркий представитель музыкальной элиты Казахстана, оставил неизгладимый след в истории мировой музыки. В данной статье мы предлагаем обширное исследование творчества А. Жубанова, выделяя связь традиций и новаторства в его произведениях, а также освещая воздействие композитора на современных музыкантов Казахстана и далеко за его пределами.

Ахмет Жубанов, как выдающийся композитор, в своем творчестве глубоко погружается в культурные корни Казахстана, выражая уважение к богатству традиций и истории своей родины. Родившись в период, когда Казахстан только начинал формировать свою национальную идентичность, Жубанов стал своеобразным культурным амбассадором, перенося национальные ценности через язык музыки.

Его творчество олицетворяет объединение национальных казахских мелодий, танцев и ритмов, создавая музыкальные композиции, которые становятся неотъемлемой частью культурного наследия. Он воспринимает свою роль хранителя традиций с особой ответственностью, стремясь не только сохранить, но и обогатить традиционное наследие через яркое и глубокое воплощение в своих произведениях.

Важным аспектом его работы является трансформация национальных мотивов. Жубанов не просто копирует традиционные мелодии, но придает им новый звук, раскрывая их потенциал в контексте современности. Он поднимает темы, актуальные для современного общества, через призму традиционных выражений, создавая мост между прошлым и настоящим.

Его музыка становится своеобразным музыкальным хроником, в котором каждая нота – это отдельная глава истории Казахстана. Он чувствительно отражает красоту степей, гор и традиционный образ жизни народа в своих произведениях. Например, в композиции "Сарьжайляу" оживают образы бескрайних просторов, в то время как ритмы традиционных инструментов создают звуковой пейзаж, напоминающий о том, что эта музыка пропитана историей и национальной гордостью.

Композитор обращается к казахской поэзии и фольклору, находя в них вдохновение для создания своих произведений. Это не просто музыкальные композиции; это своеобразные музыкальные эссе, рассказывающие истории о любви, природе, героизме. В его музыке присутствует чувство коллективной памяти, которое соединяет людей разных поколений и укрепляет их связь с корнями культуры.

Жубанов не только передает традиции через свою музыку, но и активно участвует в их сохранении. Он поддерживает исследования национальных музыкальных форм, сотрудничает с мастерами народных искусств, внедряя их опыт в свои композиции. В его

работах можно обнаружить симбиоз традиций и современных тенденций, где каждая нота становится звеном в цепи передачи культурного наследия.

Таким образом, Жубанов не только сохраняет традиции в своем творчестве, но и активно участвует в их эволюции. Он раскрывает новые грани национальной музыкальной традиции, предлагая свежие идеи и темы, которые становятся точкой встречи традиций и современности в мире музыкального искусства. Его работа выступает не только как творческое воплощение, но и как активный вклад в сохранение и развитие культурного богатства Казахстана.

В сюитах и увертюрах композиторское дарование Жубанова отличается удивительным сочетанием классических форм и современных экспериментов. Например, его сюита "Абай" не только является великолепным музыкальным произведением, но и свидетельствует о его инновационном взгляде на классическую традиционную форму. Это создает мост между прошлым и настоящим, соединяя традиции и современность.

Музыка Жубанова проникнута глубокой эмоциональной глубиной, которая исходит из богатства казахской поэзии и фольклора. В его произведениях можно услышать язык чувств, диалог с природой, историей и, конечно же, с любовью. Такие произведения, как "Аягөз", становятся не только проявлением мастерства композитора, но и являются символами культурных корней.

Творчество Жубанова внушает слушателям уважение к искусству звука. Его музыкальные пассажи и мелодии создают атмосферу, словно погружая слушателя в мир сказочной красоты и гармонии. Эта гипнотизирующая энергия присуща его произведениям и продолжает оказывать влияние на современных музыкантов.

Музыка Жубанова известна своей сложной структурой и оригинальными композиционными решениями. Анализ структурных элементов его произведений позволяет более глубоко понять, как он сочетает традиции с инновациями, создавая уникальный музыкальный опыт.

Использование инструментов в творчестве Жубанова требует особого внимания. Эстетика его инструментовки выделяется яркостью и экспрессивностью, что добавляет глубину и богатство его композиций. Анализ этого аспекта дает нам понимание того, как композитор играет на красках звука.

Творчество Ахмета Жубанова не только оказывает влияние на мировую музыкальную сцену, но также оставляет неизгладимый след в творчестве современных композиторов Казахстана. Рассмотрим, каким образом его наследие проявляется в работах нового поколения музыкальных гениев.

Творчество Жубанова оказывает глубокое воздействие на современных композиторов Казахстана, ставших наследниками его музыкального творчества. Многие из них воспринимают его произведения как образец казахской музыкальной гармонии, которую они стремятся продолжить в своих собственных творениях. Анализ структуры и характера его произведений является неотъемлемой частью процесса изучения для современных композиторов, а вдохновение, полученное от его творчества, способствует разнообразию и богатству современной казахской музыки.

Современные композиторы Казахстана активно экспериментируют в своих работах, внедряя элементы, характерные творчеству Жубанова. Эти эксперименты включают в себя не только новаторские звуковые решения, но и реинтерпретацию традиционных мелодий и ритмов. Использование современных технологий в процессе создания музыки также отражает влияние Жубанова, который сам был пионером в использовании новаторских техник в свое время.

Одним из ключевых аспектов, формирующих будущее музыкальной культуры Казахстана, является образование. Роль Жубанова в современном образовании проявляется через создание и поддержку музыкальных образовательных учреждений в стране. Школы музыки и консерватории, учрежденные при его активном участии, стали площадкой для развития талантов молодых музыкантов. Композитор вложил силы в создание учебных

программ, обеспечивающих современным студентам доступ к богатству национальной и мировой музыкальной культуры.

Исследование влияния Жубанова за пределами Казахстана приобретает особое значение в контексте глобализации. Его музыкальное наследие оказывает воздействие на композиторов и музыкантов в различных странах, подчеркивая универсальность и ценность казахской музыкальной традиции. Анализ интернациональных рецензий, участие в международных фестивалях и обмен опытом с зарубежными артистами представляют собой важные аспекты изучения влияния Жубанова на современную мировую музыкальную сцену.

«Тағдыр» тақырыбы	Аңшылар биі	Жастардың жалпы биі	Ажардың биі («Дудар-ай»)
	Қалқаман биі (экспозициясы) («Шалқыма», «Мұхит күйі»)		Мамыр мен Қалқаман биі
	Пантомима («Тартыс»)		Симфониялық эпизод («Көкшетау») Жастар биі («Айжан қыз»)
			Мамыр мен Қалқаман лирикалық дуэті («Сәулем-ай», «Жеңеше-ай»)
f-moll	e-moll – d-moll – G-dur	e-moll	A-dur – C-dur – E-dur

Кесте-1

Алайда дереккөздер бойынша «тұңғыш» балеттің сахналық өмірі қысқа болғаны, көрерменді жаулап алмағаны белгілі. Өкінішке орай, осы шығарма театр репертуарынан алынып, сирек қойылып, ешқашан жаңартылмады.

Осы эпосқа заманауи буын композиторы Б.Қыдырбек те назар аударған болатын. *Балнұр Қыдырбек* – Қазақстан Республикасының жетекші композиторы, Қазақстан

Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің кавалері. Қазақстан Композиторлар одағының құрметті төрағасы, «Қазақстандық авторлық қоғам» РҚБ төрағасы болды. Композитор Б. Қыдырбек 500-ден астам музыкалық шығармалардың, оның ішінде камералық-аспаптық, симфониялық шығармалардың, балалар мен жасөспірімдерге арналған музыканың, әндердің, эстрадалық және қолданбалы музыканың авторы болып табылады [4, 1 б.].

Композитор барлық дерлік жанрларда жұмыс істейді. Б.Қыдырбек үрмелі оркестр жанрында музыка жаза бастаған алғашқы отандық композитор болды. «Мерекелік увертюра», «Қаралы күй», «Дуэль» дивертисменті үрмелі оркестрлердің репертуарына еніп, сол кездегі Кеңес Одағының кеңістігінде сәтті орындалады. 1987 жылы үрмелі аспаптар оркестріне арналған шығармалары үшін Б.Қыдырбек – А.Александров атындағы сыйлықтың лауреаты деп атанды. Ол «Бекболат», «Resisting the Fate», «Ерлік» және т.б. симфониялық поэмалар жазып, қазақ халық аспаптар оркестріне арналған екі концерттік бағдарлама дайындады. Автор камералық және эстрадалық оркестрлер саласында көп жұмыс істейді. Б. Қыдырбектің «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» атты шығармасы қазақтың тұңғыш ұлттық балалар балетіне айналды. Қазақтың әйгілі ертегісі тақырыбына жазылған «Наурыз мейрам хикая» балеті «Астана-Бәйтерек» байқауының бас жүлдесіне ие болады.

Шәкәрімнің поэмасына жазылған «Қалқаман-Мамыр» опера-балетінің жарқын шығармасы ұлттық классикалық өнерді тереңнен жаңғыртып, осы жанрдағы жаңашылдыққа айналды. Либретто XVI ғасырдағы Тобықты еліндегі қайғылы оқиғаларға негізделген. Автор Б.Қыдырбектің айтуынша, баяндаудың драматизмін, сюжеттік желілердің қабаттылығын тек балет жанры арқылы жүзеге асыру қиын [2, 102-103 б.]. Балет пен операның синтезінде сахналық жоспарларды «нақты әлем» (опера) және «кейіпкерлердің ішкі әлемі» (балет) деп бөлу арқылы қол жеткізіледі. Опера-балеттің музыкалық-экспрессивті жағы қазіргі заманға сай рухымен ерекшеленіп, жаңа техникалық құралдардың өте қарапайым пайдалануымен көзге түседі.

Спектакль премьерасы 2007 жылдың қаңтарында К.Байсейітова атындағы Ұлттық балет театры сахнасында өтіп, 2014 жылы театр жабылғанға дейін репертуарында сақталды. Және 2022 жылдың желтоқсанынан басталып Астана Опера театрының сахнасында қайта қойылымы жаңартылады. «Қалқаман-Мамыр» балеті авторлық материалды пайдалана отырып, ұлттық сюжеттің негізінде жазылды. Бұл мысалда опера және балет жанрларының синтезі айқын көрінеді.

Б.Қыдырбек бұл шығармаға бірнеше рет жүгінген. Оның алғашқы нұсқасы 1979 жылы жазылып, сахнада өз орнын таппады. Бұған бірнеше мәселелер негіз болды: Біріншіден, Шәкәрім, тыйым салынған есім еді, екіншіден, сюжет бесінші буындағы туыстар арасындағы некеге тыйымды, феодалдық қатынастарды мадақтайды, үшіншіден, аға әріптестер опера және балет синтезі болмауы керек деп қабылдамаған және автор кейіпкерлердің махаббатын орталық идея емес деп санады.

Композитор 25 жылдан кейін бұл шығармаға назарын қайта аударады. Екінші, редакция кезінде жалпы композиция қайта ойластырылып, орталық идея – екі ұрпақтың араздығы және олардың балаларға әсері болып өзгертілді. Бұл қазақтарға сай рухани тәрбиені бүгінгі күнге дейін генофонд деңгейінде сақталуына жақсы әсер еткен.

Композитор үшін балеттің де, операның да ең маңыздысы «драматургия», оның өзінің формасы бар деп санаған. Даму, драматургиялық шын, қорытынды, яғни шешілімі – осы тәсіл опера-балеттің жалпы және шығарма ішіндегі формаларда негіз болады.

«Қалқаман – Мамыр» шығармасы 2 актіден 7 көріністен тұрып, *кіріспемен* басталады. Кең ауқымды, секундалық интонацияларға толы, бұл дыбысталу «лейтинтонация» ретінде бүкіл шығармада маңызды орын алады

Кіріспеде туған махаббат «лейтинтонациясының» негізінде осы шығармадағы орталық номер – Қалқаман және Мамыр дуэті, яғни, басты кейіпкерлердің экспозициясы жазылған.

Номер «Алтыбақан биі» деп аталып, күрделі үш бөлімді формада жазылған. Шеткі бөлімдер – олар жалпы би, сахнадағы қыздар мен жігіттер би тобы көтеріңкі көңіл күйімен, шапшаң, тез қозғалысымен ерекшеленеді. Ал ортаңғы бөлім – басты кейіпкерлердің дуэты лирикалық, үлкен ғашық сезімдерге толы. Алтыбақан – қазақтың ежелгі ұлттық ойыны, оның суреттемесі аккордтық тербеленістер, кең ауқымды пассаждық толқындар арқылы суреттеліп, секундалық үндестіктер басым қолданылып, синкопалық әлсіз уақыт бөлігі акцент арқылы көрсетіледі.

Кішігірім контрасттық фразалардан құралған кіріспеден кейін фактураның жеңілдетілгені сахнада Қалқаманның жалғыз қалғанын анықтайды. Бұл басты кейіпкердің суреттемесі. Фанфараға ұқсас естілетін үндестіктер жігіттің қаһарман, батыл мінезінің суреттемесін береді, бірақ оның Мамырға уайымы музыкада белгісіздіктің, сенімсіздіктің үрейін тудыратын интонацияларымен көрсетілген.

Қыздар биінің сипаты Қазақ ұлттық әйелдер биі үшін дәстүрге айналған бейнелер жүйесімен байланысты – жұмсақ, қарапайым, кейде әзілқой. Демек музыкалық тақырыптар шеңбері – лирикалық, ән немесе скерцозды, жұмсақ әзілді болып келеді.

Адажио – қос ғашық биі. Өте нәзік, жарық бөлімдердің бірі. Тақырыпты ішекті аспаптар өте жоғары регистрде орындайды, бұл музыкаға ертегі сипатын береді. Номердің орта бөлімі болып тональдік, екпіндік, фактуралық, характерлік қарама-қайшылық тудырады. Осындай өзгерістер сахнада басты кейіпкерлердің жалғыз қалуын суреттеп, әуенін бәсендеуін, қозғалыстың баяулауын көрсетеді.

Сүйемелдеу партияда бас дауысы және арпеджио, соның фонында қазақ халық әндерінің интонациясына жақын мелодияда Т және D қатынастағы триолдық қозғалыстың пайда болуы вальс ырғағына жақын музыкада би суреттемесін тудырды.

Үшінші бөлім (реприза) бірінші бөлімді толық қайталамайды, себебі кейбір варианттық өзгерістер байқалады және ауқымы жағынан салыстырғанда шағын. Бірінші бөлімдегі қаһармандық фанфаралар тұрақсыз үрейлі дыбысталуға енеді.

Бірінші акт драматургия тұрғысынан өз шыңына осы номер арқылы жетіп, алдағы негізгі идеяның туып дамуына ықпал етеді.

Опера-балет композициясын кесте негізінде көрсетсек, кіріспе, екі акт және антрактыдан тұратыны белгілі:

Кіріспе Интродукция	I акт	Антракт	II акт
<i>Әнші Қалқаман мен Мамырдың экспозициясы</i>	1-көрініс «Бастаңғы»:	Балет	4-көрініс «Көкенайдың мекені»
	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Қыз-жігіттің әзіл биі</i> • <i>Биші Қалқаман мен Мамырдың экспозициясы</i> 		<ul style="list-style-type: none"> • <i>Көкенай ариозосы</i> • <i>Хор</i> • <i>Мамыр ариясы</i> • <i>Көкенай ариясы</i> • <i>Олжай, Көкенай, хор</i>
	2-көрініс «Қашқындар»:		5-көрініс «Әнет баба ауылы»:
<ul style="list-style-type: none"> • <i>Балет</i> • <i>Әнет бабаның экспозициясы</i> • <i>Қалқаман мен Мамырдың анты</i> 	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Әнет баба және Олжай</i> 		
			6-көрініс «Қамал

	3-көрініс «Әнет баба ауылында»: <ul style="list-style-type: none"> • Олжай рондосы (экспозициясы) • Әнет баба мен Олжай арасындағы диалог • Қалқаман мен Мамыр қоштасуы 		алдында»: <ul style="list-style-type: none"> • Қалқаман шабысы • Хор • Қалқаман ариясы
			7-көрініс «Қалқыған дуэт»: <ul style="list-style-type: none"> • Хор

Кесте-2

Балнұр Қыдырбек балет пен опера принциптерін біріктіріп, дамуды симфонизациялауға, басты кейіпкерлердің жарқын портретіне, келісім дуэттерінің әсерлі болуына, онда визуалды және экспрессивті принциптер – би мен пантомима, кіріспесінде және көріністердегі вокалды, хор эпизодтарының үйлесімді болуына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, В. Великанов пен Б.Қыдырбектің шығармалары 70 жылдан астам уақыт айырмашылықпен жазылған. Бірақ олардың ұқсас сәттері де, айырмашылықтары да бар. Бірінші кезекте бұл «Қалқаман-Мамыр» эпосының бір сюжетін пайдалану. Екіншіден, екі композитордың шығарманы қолдануы әртүрлі болды.

В. Великановтың халық аңызына негізделген драманың балетке енуі – кеңестік балеттің тиімді, сюжеттік қойылымды құру жолдарының бірі болды. Қазақ балеті де осы жолға түсті.

«Қалқаман-Мамыр» халық аңызы бойынша М.Әуезовтің сценарийі сахналық туынды үшін өте сәтті болды. Айқын драматургиялық желі, актіден актіге қарай пәрменді мақсатты үдеу, бейнелі сипаттамалардың айқындылығы, әлеуметтік дыбысталу – осының барлығы балет спектаклін жасау үшін игілікті негіз жасады.

В.Великановтың бірінші ұлттық балеті – бұл таза түрдегі жанр, және сол жылдардағы шығармаларда композитордың фольклорға сілтеме жасау әдісі оған тән. Құрылымы еуропалық стандарттарға сәйкес келді. Ал Б.Қыдырбек эпостың негізгі мазмұнын өзгертпей, негізгі тақырып – үлкендер мен жастар арасындағы сыйластық, әдет-ғұрыпқа сәйкес ұстанымдар алынған.

Б.Қыдырбек шығармасында басты кейіпкерлердің саны В. Великановтың шығармасымен салыстырғанда аз. Бірақ олардың бейнесі толығымен маңызды орынды алып, жан-жақты ашылып көрсетілген.

Осы екі шығарманың мысалы негізінде халық эпосы жатқанын көреміз. Оларды біріктіретін нәрсе – егер композиторлар үшін балет жанрының қалыптасу кезеңінде жырлаудың басты тақырыбы махаббат (Е.Брусиловский, В.Великанов) болса, онда біздің заманымыздың композиторлары (Б.Қыдырбек, А.Райымқұлова) философиялық тұжырымдаманы, проблеманы кеңейтеді – яғни ұрпақтар арасында дәстүрді, рәсімдерді сақтау.

Композиторлардың осы шығармаларға үндеуі қазақ халқының тарихын, дәстүрін көрсету, оны насихаттау және өскелең ұрпақ үшін үлкен тәрбиелік маңызы болды.

«Қалқаман-Мамыр» опера-балетінің авторы Б. Қыдырбектің айтуынша: «Шығарманың режиссеры, суретшісі, балетмейстерінің әртүрлі, басқа көзқарастары болады. Сахналық шығарманың жазылуы, кейін оның өз өмірімен кетуі керек. Яғни, әр қойылым алдыңғысынан өзгеше болып, қазіргі заманда композиторлардың рөлі ығыстырыла бастады» [3, 7 б.].

Эпос – өткен халықты танудың аса маңызды көзі және қазіргі ұлттық болмыстың негізі. ХХІ ғасырда қазақ халқының баға жетпес эпикалық мұрасы барған сайын арта түсіп, өнер қайраткерлерінің шығармашылық іздеуінде құнарлы материалға айналады. Классикалық және заманауи пластикалық өнердің ұлттық эпос жанрымен байланысы қазақстандық композиторлар шығармашылығындағы балеттің көркемдік құндылығы мен тарихи маңыздылығын көрсетеді. Жаңа көзқараспен оқу, заманауи интерпретация, қойылымдарда ең жаңа сахналық технологияларды қолдану халық эпосының шығармаларына жаңа өмір сыйлау – Қазақ ұлттық өнерін әлем кеңістігіне танымал болуына ықпал тигізуде.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Жумасейтова Г.Т. Страницы казахского балета. – Астана: Елорда, 2001. – 144 с.
 2. Недлина В.Е. Пути развития музыкальной культуры Казахстана на рубеже ХХ-ХХІ столетий. – Москва, 2017 – 344 с.
 3. Бақтығұлова Д. Сан қырлы шығармашылығымен ерекшеленетін жан-жақты тұлға, композитор Балнұр Балғабекқызы Қыдырбекпен сұхбат // Новая музыкальная газета. – Алматы, 2023. – 11 б. 11.02.2023
 4. Кыдырбек Б. Биография [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.balnur-qydyrbek.com/> 26.02.2022 ж. – 3 б.
- Джумакова У. Творчество композиторов Казахстана 1920-1980-х годов. Проблема истории, смысла, ценности. – Астана, 2003. – 232 с.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҰСЫНДАҒЫ ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Сабырова Ә.С.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Қазақ хандығы тұсында шырқау шыңға жеткен жыраулық дәстүр халықтың биік рухани әрі философиялық тұғыры болды. Жыраулар негізінен өмірлік тәжірибесі мол ақсақалдар болғандығы және ол кәсіпке белгілі дәрежеде жас ерекшелігіне байланысты шектеу қойылғандықтан, жыраулардың рухани өмірге жақындығы, биік қоғамдық беделі олардың бүкіл қоғамды ғибрат сөздермен әдепке үйретуге, тіпті әдеп нормаларын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қазақ жыры - ол көркем сөзбен жеткізілген халықтың тарихи жады, ділі, өткені. Сондықтан ғасырлар қойнауынан жеткен жыр полистадиялы құбылыс. Жырдың түрлерінің ғашықтық дастан, қаһармандық жыр, тұрмыс-салт жыры – қай қайсысын алсақ та – кеңістікте дамитын көлемді шығарма, ол бірнеше тарихи кезеңді қамтиды:

- арийлердің «Авеста» (Күн құдайына арналған ән ұрандар жинағы) (б.з.д. 2000 мың жыл бұрын). Бұл кезде «абыз» ұғымы пайда болды;

– сақтардың «Алып ЕрТонға», «Шу батыр» дастандары;

– ғұндардың «Атилла» дастаны;

– көне Түркі қағанаты кезеңінің (VIII ғ.ғ.) «Күлтегін», «Тоныкөк», «Білге қаған» дастандарын сол кездің атақты жыраулары Йоллығ тегін, Тоныкөк шығарды;

– оғыз-қыпшақ кезеңінің «Китаби дедем Қорқыт» дастаны (VIII-IX ғ.ғ.) болса, ал осы кезеңнің атақты жырауы Қорқыт–ата болды;

– ноғайлы заманы кезеңіндегі «Қырымның қырық батыры» 40 цикл жырдан құралған хикаямен (XIII-XV ғ.ғ.) бірге осы заманның атақты жыраулары Асан қайғы, Қазтуған есімдері қоса аталады;

– Қазақ хандығы тұсында жыраулық дәстүр дамуының биік шыңына жетті. Бұл кезеңдегі Шалкиіз, Доспанбет, Мұрын, Нұрым, Ақтамберді, Бұхар жырау т.б. жыр толғаулары, XV-XVIII ғасырларға жатады.

Ислам дінінің таралуымен байланысты туған жыр-дастандар - қиссалар жазба әдебиеттің «кітаби әдебиет» деп аталған тармағын құрайды. Исламды таратушы қожа әлеуметтік жігі поэзия көмегімен бұқара халыққа ислам негіздерін түсіндіруді көздеп, қиссалық жыр арқылы қазақ даласына Құран-хадис хикаяларымен, араб-парсы жырларының мазмұнын таратты [1]. Хиуа мен Бұхара (Көкелташ) медреселерін тәмамдаған жырауларды бұл өлкеде **ахун-жырау** деп атады. Ахундар шығармашылығында қазақ поэзиясында тұңғыш рет араб-парсы әдебиетінен енген бәйіт, ғазал, рубаи, мінәжат жанрлары қолданыла бастады. Ал қисса дастандардың негізгі кейіпкерлері Құран мен хадистердің кейіпкерлері – Мәриям, Жүсіп, Мұса, Сүлеймен т.б. болғандықтан, қиссалық жырлар да имандылық пен инабаттылық шарттарын таратты [1].

Жыраулық дәстүрдің алғашқы **әскери демократия даму** кезеңінде [2] туған жыр үлгілері жырдың көмегімен аруақтарды жинап тілдесуге септігін тигізді. Жыраулар бойында бірнеше қызметтер сабақтасты. Олар көріпкел (жауырыншы), жауынгер, қолбасшы және хан кеңесшісі (уәзірі) болды. Өз өнерін әдетте жырдың кішігірім туындыларынан бастаған олар әлқисса, ән шақыру, жыр бастау, арнау, өсиет, нақыл сөз т.б. өлең құрылымдарын қолданды. Оның басым бөлігі философиялық насихат айту мағынасында құрылды [2].

2. Жыраулық дәстүрдің мектептері

Қазақ даласының батыс және оңтүстік батыс жағында ежелден-ақ жыраулық дәстүрдің бірнеше мектебі қалыптасты. Ноғайлы заманынан бастау алатын Маңғыстауда Абыл, Қашаған, Сүгір, Нұрым, Ақтан, Сәттіғұл т.б. жыраулардың есімдері белгілі. Мұнда жырды өзіндік мәнермен айту үрдісі бар.

Оңтүстік батыста Ақтөбемен оңтүстіктен шектесіп жатқан Арал мен Қармақшы Қызылордадағы ішінара екі жергілікті жыр мектебін құрайды. Ақтөбедегі Әбубәкір Кердері, Құдайберген Кердері есімдері ерекше аталады. Қазіргі Хобда ауданында ғұмыр кешіп, өзі салған медреседе бала тәрбиесімен өткізген Әбубәкір Кердері мұрасы діни фәлсафаның үздік үлгісі.

Қызылорда жыр мектебінің Арал тармағы «Мырзастын жыр мектебі» деген атаумен халыққа таныс. Нұртуған-жыраудан бастау алып, ізбасарлары Дәріғұл, Кәрібоз, Жаңаберген, Жансүгір (Сары жырау), Жаппарбердімен жалғасты. Олардың көпшілігі алуан кәсіппен айналысты. Мысалы, Нұртуған ақындығымен қатар, балуан да болды, ал Жаңаберген дауысы, сал мен серілердікі сияқты 25 шақырым жерден естілетін. Қармақшы мектебінің де екі тармағы болды: олар Жиенбай жырау және оның жолын жалғастырушы ұрпақтары – Рүстембек, Көшеней, Бидас және Ешнияз салдан бастау алатын ұлы Кете Жүсіп, одан қалды – Мұзарап, Шораяқтың Омары, Балқы Базар, Тұрмағамбет, Тасберген жырау, Шегебай Бектасұлымен жалғасты [3].

Арал мен Қармақшы дәстүрінде «маңырама» деген атаумен белгілі жарты тонна кіші аздаған дірілмен айтылатын көмей әдісі таралған. Осындағы жырлардың мақам саздарының әуендік негізі кең диапазонды қамтиды: бас буыннан (кіші октава) бастап сағаға дейінгі (екінші октава) аралықта болып, толғау, ән шақыру, жыр бастау жанрларына жалғасады. Әуендік дамуы жағынан күйге жақын жырдың саз-мақамдары аспаптық дәстүрде өз сыңары – жыр-күйге айналды. Тарихи дамуы жырдан кейінірек пайда болған құбылыс ретінде еліміздің оңтүстік (Қызылорда) және оңтүстік-батыс (Маңғыстау, Ақтөбе) аудандарында таралған жыр-күйлер жыр мен күйдің сипаттарын біріктірді. «Ре-соль», «ре-ля» ладтық тірекке негізделген бастапқы стереотипті бас буын әуенінің дамуы, тарау немесе жаңа тақырып көрсетілімі сайын бірнеше рет қайталануы бұл күй дәстүрінің өзіндік ерекшелігін анықтайды. Ал жоғарғы регистрде ұзақ дыбысты қалқытып созу интонациясы және одан кейінгі біркелкі речитативті ән иірімінің төмен түсуі жыр-күйдің жыр сипаттарын көрсетеді. Жалпы жыр-күйдің суырып салма табиғаты шағын, ал кейінгі кездері пайда болған оның көлемді нұсқалары төкпе күйдің композициялық құрылымын айқындайды. «Жыр бастау»,

«ән шақыру», «күй шақыру», «құлақ күйі» сияқты жырға кіріспе қызметін атқарған көркем формалар әндерден әлдеқайда күрделі болды. Негізгі әуеннің әр жаңа көрсетілімі саз мақамы мен қағысы жағынан өзгертіліп отырды. Орта буын немесе кіші сағада басталып, негізгі тақырыптың көрсетелімінен соң қорытындылаушы тарау орындалды. Мұнда күйшілер өзінің бар орындаушылық шеберліктерін ашуға мүмкіндік алды, деп жазады жергілікті жыр-мақамдардың көркем болмысын зертеуші Төлепберген Тоқжан [4].

Сырдың жыраулық дәстүрінің ислам дінімен байланысты бөлігін *ахун жыраулар* таратты [1]. Ахун - молда мағынасында парсы тілінен енген ұғым. Ахун жыраулар Бұхара, Хиуа медреселерінде діни білімнен сусындап, жыр, мінажат, араб-парсы әдебиетінен енген *төрт таған, рубаи, газал, бәйит* секілді өлеңдерден сөз иірімдерін өрді. Бұл өңірдегі *қиссалық* поэзияның мәтіні жазбаша жазылған «кітаби әдебиет» болып, мазмұны діни уағызға жақын-тын. Діни ғибрат мағынасындағы қиссалардың негізгі кейіпкерлері Құран Кәрім мен Хадистерге құрылды. «Назира» дәстүріндегі (белгілі уақиға желісін өз көзқарасымен, түсінігімен баяндау) жырларда парсы ақындары (әсіресе Фердаусидің «Шахнама» жыры) мен түркменнің «Көроғлы» жыры қазақ көпшілік қауымның ерекше ілтипатына бөленді [1].

3. Батыс Қазақстан жыраулық дәстүрі. Махамбет

Қазіргі таңда Орал-Атырау жыр мектебінің көркем өзгешеліктері ғылым үшін ақтаңдақ болып қалуда. Шығармашылығы беймәлім болса да XIX-ғасырдың аяғы мен XX-ғасырдың басында ғұмыр кешіп XX ғасырдың 30-шы жылдарында репрессияға ұшыраған Жұмабай жырау мен Насихат Сүгірұлы терме мен толғауларын ғылыми жүйелеп қарастыруды қажет етеді. Әйтсе де тек Насихат Сүгірұлы жырларының жалпы көлемі 3 мың жол және екі көлемді дастан құрайды («Айдады патша жыраққа» және «Еділ-Жайық екі су»).

Тарих кеңістігінде уақыт сынынан өткен тұлғалар заманасы алыстаған сайын ірілене, сомдала түсетіні хақ. Шынайы кесек құбылыстарды ұғыну жолында олардың бір емес сан салалы қырынан танылатыны тағы бар. Осы тұрғыда Махамбет Өтемісұлының көркемдік әлемі, болмысы, мән-мағынасы мен сыр-сипаты да тыңғылықты танылып бітпеді. Бүкіл дәуір толғағын ән-өлеңімен жеткізген ұлы тұлға, азаттықты көксеген күрескер, құдіретті батыр, дәулескер күйшілігімен шектелмеген. Өжет те өршіл, орақ тілді ақын, өлеңдерін әуезді сазға салып жыр-терме, әрі ән шығарғаны аян. Оның «Соғыс», «Әй Махамбет, жолдасым», «Арғымақтан туған қазан ат», «Күн болған», «Аспанда ұшқан бозторғай», «Махамбет термесі», «Еңселігім екі елі», «Су туар шідерлі аттай» т.б. термелері мен әндері сахна төрінде Ғ.Құрманғалиевтің, Мекес Төрешевтің, Қ.Рахимованың, Қ.Орашеваның, Ж.Сәрсенғалиевтің, Қатимолла Бердіғалиевтің, Нариман Үлкенбаевтің, С.Жанпейісованың, Мейрамгүл Орашева, Қ.Кәкімовтің және басқалардың орындалуында белгілі. Махамбет шығармашылығы 1927 жылдан-ақ филолог мамандардың назарынан түспей келеді. Ал музыкатанушылардан бүгінгі таңда Махамбеттің екі ән шығармасын Б.Қаракұлов пен Т.Мерғалиевтің нотаға түсіруімен «Қазақтың музыкалық фольклоры» жинағында баспа жүзін көрді. Махамбет шығармашылығының бұлтарыссыз күші халықтың сарқылмас қуатын бейнелеген терме-жырларында. Қазіргі таңда азамат ақынның шығармалары Исатай бастаған шаруалар қозғалысының деректі күнделігі, ұлы уақиғаның ерлік шежірешісі деп бағаланды. Халық даналығы мен тарихи шындықты ұштастыра, қоғамда әлеуметтік маңызы бар мәселелерді қозғаған оның шығармашылығы жырдың ереуіл жыр түрін дамытты.

Жастайынан зердесі ерте оянған Махамбет ауыл молдасынан оқып, мұсылманша, орысша сауаты бар адам ретінде Исатайдың сенімді хатшысы болып, хат, ұран, үндеулер жазғаны аян. Ағасы Бекмұхамбет бидің шешендігінен келген үрдіс Махамбеттің көтеріліске дейін айтысқа түсіп сайысқанынан да байқалды. Сөз бастаған шешен, ел бастаған ақын ол өз жұртына да, өзге жұртқа да даралығын танытып мойын бұрғызды. Белгілі ғалым, қоғам қайраткері, саяхатшы әрі жазушы Е.Ковалевский: «Ол өз сөзін дәлелдеу үшін нағыз құран сөздерін келтірді және оны түсіндіргенде өзінің ойы мен түйсігінен алып айтты. Соған қарағанда, құранды терең оқып, зерттеген тәрізді», - деп жазған еді. Көзі ашық,

көкірегі ояу ақынның жігерлі де асқақ жыр-термелері түр-мазмұн ерекшелігі жағынан жазба әдебиетке біртабан жақын түр. Сұлулық пен шыншылдық бойына біткен ақынның тағдыры оны Құрманғазы, Шернияз есімді хас өнердің биік бәйтеректерімен жүздестірді. Әйтсе де, терме-толғауларында Махамбет табынған асыл ер Исатай және соңынан ерген рухы биік азамат батырлар Қабыланбай, Рысалы, Кебек, Қалдыбайлар негізгі кейіпкерлер ретінде Махамбет өлеңдерінде тарланға, арыстанға, бұланға, ақ сұңқар құстың баласына, асқар таудағы су бүркітіне, бәйтерекке баланып, олардың жан тазалығы мен арлығы табиғат құбылыстарымен салыстырылады.

Ақынның ой-толқыны күрес толқынымен сабақтас. Оған ыңғайлы 7-8 буынды жыр ағымы Махамбет жырларының буырқанған асау рухын серпілтеді. Бірақ шумақ өлшемі, буын мөлшері, ұйқас тәртібі қатаң сақталмайды, шұбыртпалы ұйқаспен ағытылады.

Вариантты дамитын тирадалы негізі бар әуен тар көлемді дыбыс қатарлы, қашаған пернесіне сүйенеді. Термелердің музыкалық ырғағы өткір синкопалы, пунктирлі өрнектермен өріліп, сөздің айтылу мәнеріне икемделеді. Дыбыс алу ерекшелігі жағынан жол басында глиссандалы орындалатын бейтарап дыбыстардың келуімен, ал аяқталар сәттерде соңғы дыбыстардың үдетіле, күшейтіле шығу заңдылығын байқатады. Кейбір термелер төкпе күй секілді қос демді, екі түрлі регистрді (бас буын, орта буын) қамтиды («Әй, Махамбет жолдасым»). Тирадалы ортаңғы тараулар әдетте бастапқы негізгі әуенді жан-жақты дамытып түрлендіреді. Мұндай жағдайда 2, 3-ші шумақтар (яғни ортаңғы шумақтар) бастапқысынан екі есе көлемдірек болып келеді («Соғыс», «Толғау»). Ал термелердің қарапайым құрылымдары тирадалы шумақты дәл қайталайды («Аспанда ұшқан бозторғай», «Махамбет термесі»). Қиып түсер өткірлігі, қызу қанды жігерлілігі, нәсердей екпінді дауылдай долылығы Махамбет ән-өлеңдерін ерекше пафосқа бөлейді. Еркіндікті аңсап, атқа мінген арыстан жүректі азаматтар ерлігін аспанға көтере жыр төккен адуынды ақынның әрбір сөзі от-жалынмен суарылған, көк жүзінде жалт-жұлт етіп ойнаған найзағайдай айбарлы. Сонысымен де ол жастарға үлгі боларлық ұлттың мәңгі өшпес алтын қазынасы.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Байбосынова Ұ. Сыр бойы ақын-жыраулары шығармашылығындағы ислам тақырыбы [Текст]: филология ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Ұ.М.Байбосынова - Алматы: Әл-Фараби атынд. Қазақ мемлекеттік ун-ті, 2006. - 28 б.
2. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері- Алматы: «Ғылым» - 1976, 200 б.
3. Жүсіпов Б. Мырзастың жыр мектебі - Алматы: «Рауан», 1992. - 134 б.
4. Тоқжан Т. Сырлы сарын [Текст]: музыкалық-этнографиялық жинақ / Т.Т.Тоқжан. - Алматы: «Фонд Сорос-Казахстан», 2002. - 264 б.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСОВТЫҢ БАТЫРЛЫҚ БЕЙНЕСІНІҢ МУЗЫКАЛЫҚ КӨРІНІСІ

Қдырниязова Ж.К.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Батырлық тақырып қазақ мәдениетінде ерекше орын алады, қазақ жері өзінің батырларымен ежелден бері танымал, олардың ерліктері эпостар мен аңыздардың негізін қалаған. Жырау батырлар ерліктерін ертегілерде шырқаса, музыканттар оларға күйлер мен әндер арнайды, суретшілер халық батырларының бейнелерін барынша шынайы жеткізуге тырыса отырып, олардың сырт келбетін ұқыптылықпен қалпына келтіреді. Бірақ батырлардың өздері де өнердегі шеберліктерімен танымал, көптеген күйлер, әндер мен

өлеңдер қалдырып, ұрпақтарға тарихи жағдайды, билеуші шынның қысымы астындағы қарапайым халықтың қиындықтарын жақынырақ білуге мүмкіндік берді.

Махамбет Өтемісов өзінің ерлігімен ғана емес, сондай-ақ елеулі әдеби және музыкалық мұра қалдырған батырлар әлемінің жарқын өкілдерінің бірі. Оның өлеңдері көптеген тілдерге аударылып, көптеген поэтикалық және музыкалық шығармаларда қайта ойластырылған.

Махамбет Өтемісовтің күйлері өткен ғасырдың ортасында фольклоршылар мен этномузыкатанушылардың арқасында орындаушылар мен зерттеушілердің назарын аударды. Ұлы батырдың шығармаларының алғашқы жазбаларын Ш. Уәлиханов пен А. Затаевич жазған. Кейінірек XX ғасырдың 60 жылдары Ахмет Жұбановтың тапсырмасымен экспедиция ұйымдастырылып, оның барысында атақты «Өкініш» күйі жазылды. Бұдан басқа, К. Ахмедияров («Шашақ найза шалқар күй») пен И. Кенжалиев («Махамбеттің күйлері») күйлердің тұтас жинақтарын шығарды [1].

«Алпысыншы жылдардың» ақындары О. Сүлейменов пен А. Вознесенскийдің мінбе ақыны Махамбет Өтемісовтың жалынды өлеңдері де оның музыкасы сияқты өшпес әсер қалдырды.¹³

Олжас Сүлейменовке Махамбет поэзиясының жанашырлығы мен бейнелігі жақын. Дәуір жаршысы ақынның дәстүрін жалғастыра отырып, Сүлейменов өзінің шығармашылығында аңызға айналған батырдың бейнесін бейнелеп қана қоймай, өзінің "Махамбетке" өлеңінде батырға тікелей жүгінеді:

*Қас жауыңды
Ел алдында жазықты
Жерге қағып жіберіңіз қазық қып.
Қайсар бопсың, бірақ сенің жсырыңның
Аржағында жатады бір нәзіктік.¹⁴*

Сүлейменовтың «Батыр Махамбеттің жазаға дейінгі дұғасы» атты қайғылы шығармаларының бірі халық батыры бейнесін музыкада шебер бейнелеген композиторлар В. Парпибаев пен А. Абдинуровты да немқұрайлы қалдырған жоқ. Әрқайсысы Сүлейменовтің өлең жолдарын өзінше бейнелеген: А. Абдинуров дауыс және фортепианоға арналған камералық шығарма жазды, В. Парпибаев жиырма жыл бойы әскери дирижер қызметін атқарып, өзінің жақын үрмелі музыкасына жүгінді. Оның түсіндіруінде «Дұға» - бұл дауыс пен үрмелі оркестрге арналған «Баллада».

В. Парпибаевтың "балладасы" үш бөлімнен тұратын строфалық түрде жазылған. Композитор мәтіннің құрылымына кейбір өзгерістер енгізіп, бірінші өлеңді ең соңында қайталайды:

*Бісіміллә!
Жорықтарда өткен күнді өлшемен,
Жүрек толы ашу-ыза,
Мол шемен.
Ат үстінде туған ерді,
Дүние-ай,
Кіріптар ғып айдап өтті-ау көшемен!*

Сонымен қатар, В. Парпибаев «Бісіміллә» дұғасының сөздерін де шығарманың соңында қайталап, тақырыптық және эмоциялық күмбез жасайды. О. Сүлейменовтың «Дұғасы» батырдың «Ал толық Ай аспанда/ Күлше нандай,/ Қол созамын мен оған!» деген

¹³ О. Сүлейменовтың ұсынысы бойынша А. Вознесенский Махамбет Өтемісовтың өлеңдерін аударуды қолға алып, кейіннен халық батыры поэзиясынан шабыт алған «Махамбетті оқи отырып» атты өз өлеңдерінің топтамасын шығарды.

¹⁴ О. Сүлейменовтың өлеңдері К. Мырзалиевтің аудармасында берілген.

философиялық сөзімен аяқталады, бұл тағдырымен белгілі бір кішіпейілділікті, сөзсіз өлімді тыныш қабылдауды білдіреді. В. Парпибаевтың «Балладасында» керісінше, халық қаһарманы Махамбет Өтемісовтың қызу темпераментті мінезі атап көрсетіледі, мұндай соңына шыдағысы келмейтін оның ашулы сөздері тағы да сол эмоционалды қарқынмен естіледі. Алайда тыныштық бәрібір бас дауысындағы сол



Сурет 1 – Қорытынды бөлім

Композитор баритональды партияның барлық спектрін толық көрсетеді - ең төменгі ноталардан (*F*) бастап - шекті жоғары (*g¹*) нотаға дейін. Вокалдық партияның диапазоны екі октава болғанына қарамастан, оның негізін речитативтік қойманың тар көлемді интонациялары құрайды, бұл бір жағынан баяндау сипатын, екінші жағынан - бас кейіпкердің ішкі эмоциялық шиеленісін көрсетеді.

Туындының лад негізі минорлы ладтарға тірек болып табылады, атап айтқанда, бірінші бөлімде кілттік белгілеріне 5 бемоль (*b-moll*) қойылғанына қарамастан, «*f*» тұғыры бар фригиялық тетракордтың басымдығы сол кіші секунданың интонациялық негізінде сезіледі.

Оркестрдің дыбыстық бейнеленуінің жарқын мысалы - "Мен жалаңаш қылыш сияқтымын" сөзіне жазылған үшінші шумақ болып табылады, осында аспаптардың партияларына жайылған бүтінтонды пентакорд «*e-fis-as-b-c*» естіледі. Тактінің соңғы үлесіндегі аккорд қынаптан алынған қылыштың сықырлауын бейнелейтін жоғарғы регистрдегі *sf*-мен алынды – 38 такт (2 – сурет).



Сурет 2 – Үшінші шумақ

Шарықтау шегі лад ауыстырумен белгіленді, бемольдардың біртіндеп «еруі» жүреді, 6-саннан бастап *c-moll* «менің жүрегім қыспақты кречет...» сөздерімен естіледі, ал 7-саннан композитор кілттік белгілерден толық бас тарту арқылы (*C-dur*) кейіпкердің жердегі күйзелістерден тазартылғанын, оның бүкіл әлемдіктен арылып, дүниелік нәрселерден алшақтануын, ата-баба рухтарына үндеуін көрсетеді.

«Дұға» - А. Абдинуровтың вокалдық музыка жанрына алғашқы үндеулерінің бірі, кейінірек бұл сала композитор шығармашылығында көп қырлылығын ұсынатын болады, алайда бұл үлгі композитордың авторлық беделін қалыптастыру тұрғысынан үлкен қызығушылық тудырады. Жанры бойынша «Дұға» басты кейіпкердің тағдыры, оның өткені туралы ойлары және қазіргі күннің бұлтартпастығы алдындағы қарапайымдылық көрсетілген қайғылы монолог болып табылады. А. Даргомыжскийдің «Қартайған капрал» драмалық әнімен эмоционалды құрамдас бөлігі бойынша параллельдер пайда болады, ескі сарбаз да, Махамбет батыр сияқты, биліктің ашкөздігінің құрбаны болды.

«Батыр Махамбеттің жазаға дейінгі дұғасы» - бұл үшбөлімділік белгілері бар еркін формадағы кең ауқымды вокалдық-аспаптық туынды. Музыка сөзден кейін жүреді, речитативті сипатқа ие. Композитор қазіргі заманғы мәнерлеу құралдарымен және әдіс-тәсілдерімен халық батыры өмірінің соңғы сәттерін баяндайды.

Зерттеуші О. Боброва монологтың бейнелі саласының үшжақтылығы бар екенін атап өтті, оның екеуі - Махамбеттің өзінің қырлары - жауынгер мен тұтқын, үшінші сала қазақтардың тұрмысы. [1, 365-б.]. Бұл үш жоспарлылық тек бейнелерде ғана емес, сонымен қатар үш бөлшек: модальдік - тональдік- сонорика түрінде ұсынылған туындының ладтық драматургиясы деңгейінде де көрініс табатынын атап өткен жөн. Модальдік халық бастауын, мәңгілікті, батырдың өз халқымен бірлігін білдіреді. Тональдік - даңқ пен шайқастың өткен күндерінің естеліктері. Сонорика - қаһарманның жан күйзелісі, экспрессия, оның үмітсіздігі, сонымен қатар өлім алдындағы батылдығы.

Монолог қазаға дайындалып жатқан батырдың қасіретті күйін сипаттайтын кіріспемен ашылады. Фортепиано партиясының бас дауысында «до» орган тармағындағы фигурация естіледі, оған нона мен дециманың құрамдас интервалдары қабатталады. Төменгі регистр контроктавадағы тремоло жанама түрде дабыл бөлшегін - эшафотқа шеруді бейнелейді (3-сурет).

О.Сулейменов А.Абдинуров

Sostenuto ♩ = 60

The image shows a musical score for a piano piece. It consists of two staves: a Bass staff and a Piano staff. The Bass staff has a single note (C2) with a tremolo effect, indicated by a dashed line and the letter 'spp'. The Piano staff has a melodic line in the right hand and a bass line in the left hand. The tempo is marked 'Sostenuto' with a quarter note equal to 60. The key signature has one flat (B-flat). The score is for measures 1 through 5.

Сурет 3 – Батыр Махамбеттің жасаға дейінгі дұғасы. Кіріспе

Бұлыңғыр жағдай диссонанс үндестіктерге толы фортепиано партиясы арқылы да беріледі. Гармониялық тұрғыдан композитор квартакордтар мен диатоникалық кластерлерді кеңінен қолданады. Осылайша, автор кейіпкердің ішкі жағдайының эмоциялық резонаторы қызметін атқаратын аспаптық сүйемелдеудің рөлін атап көрсетеді (4-сурет).

The image shows a musical score for a vocal piece. It consists of two staves: a Vocal staff and a Piano staff. The Vocal staff has a melodic line with lyrics in Russian: "ме-ня во-дят пеш-ком как со-ба-ку по го-ро-ду!". The Piano staff has a complex texture with triplets and dynamic markings 'sp' and 'ff'. The score is for measures 13 through 17. The key signature has one flat (B-flat). The time signature is 6/8.

Сурет 4 – Кульминациялық бөлім

Барлық ашуланшақтық, "ер – тоқымда туылған" жауынгер Махамбеттің ерең ызасы «қаладағы ит сияқты жаяу» алып жүреді- бұл аты аңызға айналған батыр үшін қорлаудың ең жоғары түрі, ол фактуралық және динамикалық түрде баса айтылады, бір сөз тіркесі subito piano – дан fortissimo-ға дейін естіледі.

Монологтың жалпы шарықтау шегі кезінде біз дәл осындай техниканың қолданысын байқаймыз – динамиканың өсуімен аккордтық үндестіктерден кластерлерге көшу. Шарықтау шегіне жеткенде вокалдық партия фортепиано партиясынан бөлініп қалғандай, олардың арасында лад контрасты - вокалдық партия минорда, кластерлер мажорда пайда болады. Осылайша, батыр болашаққа деген үмітінен бас тартып, ата-бабалардың рухына - *Ауах!*

Аруах! Аруах! - деп жүгінеді. Азаптардан тазалану жүреді, сүйемелдеу ретінде өте қанық дыбыстан кейін таза квинта және фригиялық трихорд бойынша октавалар қозғалысы қалады.

Екі композитор да О. Сүлейменовтің өлеңіне 90-шы жылдары - біздің мемлекетіміздің тәуелсіздігінің қалыптасуы кезеңінде, ұлт рухына моральдік қолдау қажет болған кезде жүгінді. Тарихқа, қазақ халқының қаһармандарына үндеу - осы күрделі кезеңде табиғи серпін болды.

Махамбет Өтемісовтың тұлғасы бостандық пен шындық үшін күрестің символына айналды. Оның өмірі, халық үшін күресі мен өлімі, поэзиясы мен музыкасы ұрпақтарының жүрегіне әрдайым үн қосады. Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов Махамбет туралы былай деді: "Шайқаста - батыр, оның өткір сөзі орақ тәрізді. Жалынды ақын, құмар шешен, Исатай - Махамбет көтерілісіндегі ең көрнекті қатысушыларының бірі. Махамбет қазақ ақындарының ішінде ең дарындылардың бірі, оның поэзиясы бір кездері ең жарқын, қызықты, таңғажайып, халықтың үні мен тілі болған, оның арманы мен ұмтылысын білдірген. XIX ғасырдың барлық әдебиетінде, оның батырлық поэзиясында, Махамбеттен басқа ешкім де езгімен күресте жүрген халықты ашық және ынтымақтамаған".

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Боброва О. Три аналитических этюда о творчестве Алибия Абдинурова. // Родному ВУЗу наш талант. – Алматы: «Өнер», 2005. – 496 б.
2. Казбекова Ж. Трактовка тембра в оркестровых произведениях композиторов Казахстана. Дисс. на соиск. уч. ст. кандидат искусствоведения. – Алматы, 2009.
3. Канапьянов Б. Образ Махамбета в творчестве современных поэтов// URL: http://www.nklibrary.freenet.kz/elib/collect/statyii/obraz_mahambeta.htm
4. Токтарова Ж. Каждый бы хотел быть Махамбетом// URL: <https://kazpravda.kz/n/kazhdyy-by-hotel-byt-mahambetom/28.02.2020>

ҚОБЫЗБЕН ӘН-ЖЫР АЙТУДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Сатыбалды Ұ.Л.

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

Ұлы өнерді Тәңірінің берген үлкен сыйы деп білетін халқымыздың музыкалық мәдени мұрасы тарихтың сантарау соқпақ жолдарынан өтіп, дамып, жетіліп, дәстүр жалғастығымен біздің заманымызға келіп жетті. Қадым замандардан бері үзілмей келе жатқан ұлы өнерде халқымыздың басынан кешірген қуаныш пен қайғысы, мұң мен шері жатыр. Сөз өнері қарқынды дамыған халқымызда ән мен жыр өнері өзара дамып, шарықтау шыңына жетті. Оның айғағы саналатын бүгіндегі стильдік ерекшеліктер мен орындаушылық ерекшеліктеріне байланысты бөлінетін дәстүрлер мен мектептер.

Қазақта ішінара орындаушылыққа байланысты бөлінетін мектептерді санамағанда, Арқа, Жетісу, Сыр бойы, Батыс Қазақстан сынды үлкен төрт түрлі аймақтық дәстүрлерге бөлінуі тегіннен-тегін емес. Әрине мұның бәрі дамып, дараланып бір мезетте бола қалған жоқ. Алыс жол қашанда алғашқы қадамнан бастау алады демекші бұл жолда ұлы өнердің өсіп жетілуінің де өз сатысы, өз тарихы бар.

Академик Ахмет Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» деп аталатын еңбегінде Шоқан Уалихановтың: «Қазақтар өздерін музыкантпыз деп есептейді. Ол қабілеттің тууы жөнінде олардың аңызы да бар. «Ән аспаннан қалықтап ұшып келеді. Оның жерге ең жақын кезін байқаған халық, әнді ұстап қалған, ал жоғары қалықтаған жердің адамдары ешнәрсе үйрене алмаған. Құдайдың құдіретімен келген ән қазақ жерінде, тіпті, төмен ұшқанда қазақ халқы оны естіп, әнді жақсы айтатын себебі осы» шынында да қазақтардың дауыстары таза, үні үнді, құлақтарының есітуі тамаша. Құрметті баяндамашының пікірі бойынша «Елу жылдан

кейін қазақтар орталық қалалар театрларына әншілер, музыканттар жіберуі мүмкін, олардың ұлттық дамуларының ол басы да болып қалар» [7] деп ардақты ғалымның пікірін көрсеткен. Иә, ұлы өнерді тәңір сыйы деп білуі ежелден қалыптасқан құбылыс. Жалпы дала мәдениетін зерттегенде осындай аңыз-қиссалардан бастау аламыз. «Мифологияның заманы өтті» дейтіндерге Алексей Лосевтің: «Мифтік болмыс – шынайы болмыс. Миф жанды һәм қарапайым шындық. Жалпы біз өмір сүріп отырған осы әлем аңыздың негізінде жаратылған. Сондықтан да әлем мен тіршіліктің пайда болуын рационалды ғылым түсіндіріп бере алмайды» [8] деген пікір айтады.

Жоғарыда атап кеткен төрт үлкен дәстүрдің бастауында қазақтың жыраулық өнері тұр. Қадым замандарда жыраулардың үні қара қобыздың шерлі үнімен де ерекше үйлесімділік тапты. Ғалым Шоқан Уәлихановтың: «Жырдың мағынасы сазды шығарма. Жырламақ етістігінің мағынасы әуендетіп айту. Барлық дала жырлары қобыздың сүйемелдеуімен әуендетіп айтылады. Әдетте, жырдың арқауы өмір немесе ертедегі белгілі бір батырдың ерліктері болып табылады. Айта кететін жайт, батырдың өмірі, ерлігі, бір сөзбен, баяндау қара сөзбен, проза тілімен айтылады, ал жыр жолдары тек басты кейіпкер немесе кейіпкерлер сөйлеген кезде қолданылады» [9] Бұл пікірі халық музыкасындағы қобыздың рөлін көрсетеді.

Ахмет Жұбановтың: «Үні, әуезі өте бай және бір аспап – қобыз. Қобыз тұтас ағаштан ойылып жасалады. Оған тағылатын да екі шек. Қобыз шанағының үстіңгі беті түйе терісімен қапталып, шек ретінде аттың қылы пайдаланылады. Ысқышы иілген садақ тәрізді келеді. Оң қол ысқыш арқылы қобыздан үн шығарса, сол қолдың саусақтары шекті қатты баспай, жаншымай, тырнақтың түбімен жанасып қана тартады (қобыздың мойны мен тартылған шек бір-бірінен алшақ тұрады). Бұлай ойнау құлаққа жағымды үн шығарады, ол адам үніне өте ұқсас. Домбыраға қарағанда қобызда ойнау аса қиын болғандықтан, оны екінші бірі ұстай бермейді. Қыл қобыздың тылсым үнін бақсылар өз мақсаттарына пайдаланған. Дімкәстердің ауруын жазып, денсаулығына көріпкелдік жасаған қазақ қобызшылары бұл аспап үшін небір ғажайып күйлер шығарған» [6] деген қобыз жайлы мінездемесіне сүйенсек, қобызды бақсылар көп қолданғандығын байқаймыз. Қобыз хақында «Қобыз өте ескі дәуірден келе жатқан музыка аспабы. П.Пельоның айтуынша қобызды қытайлар түріктерден үйренген... Қобыздың ең ескі түрі – Ұлытаудың теріскей баурайында бір ғажайып мүсін таста сақталған. Екінші бір түрі Қарқаралы аймағында, Дегелең тауының бір алабында VI-VIII ғасырларда мүсін тасқа қиып түсірілген.

Қобызды қандай ағаштан жасауды қазақ пен Алтай елінің аңыздары өте жарқын түрде суреттейді, оны үйеңкі ағаш деп атайды. Ол қазақтың тақпақ сөздерінде әдемі айтылған: «Үйеңкінің түбінен, Үйіріп алған қобызым...» Қазақ аңыздары бойынша, үйеңкі су жағасында өсетін көп жыл жасайтын эпикалы ағаш, ол әрқашан су жағасының сәулетті көркі, өзінің тұлғасы да көлемді, сабағы жуан, әдемі жапырағы орасан зор көп. Ол дымқыл сулы жерді де, құрғақ жерді де бірдей жақсы көреді. Бұл туралы халық айтатын аңызды өткен ғасырда Г.Н.Потанин жазып алып аяулы ғалым А.Н.Веселовский өзінің еңбегінде пайдаланған... Қазақтың ескі дәуірдегі қобызының формасы аққудың бейнесіне ұқсайды, мойыны ұзын, құйрығы соқпақ, ұзынша келген, аққудың құйрығы сияқтанып тұрады. Сырт жағынан қарағанда аққудан ешбір өзгешелігі жоқ. Сол сияқты бір-екі қобызды Болат Сарыбаев Алтай қазақтарының ішінен тапқан. Қобызды аққудың түсіне келтіріп жасаудың зор тарихи дәстүрі бар. Бірінші, халықтың сұлулықты ой-санасы бойынша, қудың даусы – жаратылыстағы құлаққа әдемі естілетін ең сұлу үннің бірі. Екінші – аққу қазақтардың ерекше қадірлейтін киелі құсы, оны еш уақытта атып өлтірмейді (табу), су бетінде жүзіп жүрген аққуды көрсе, оған жаны қуанып, сүйсіне қарайды. Мүмкін, тарихи заманда аққу түркі тайпаларының бір тотемі болуға тиіс» [10] деп Әлкей Марғұлан өз ойын айтады.

Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Утеғалиева: «Қазақ зерттеушілері Қорқытқа қобызды ойлап табушы деп қараса, басқа түркі елдері оны жырау, түрік эпосының авторы деп санайды. Қобыз аспабының шығу тарихы тікелей Қорқытпен байланысты. Бұл аспап бізде, қарақалпақтарда, тау тәжіктерінде сақталып қалған. Қалған елдерде түр пішіні, дыбысы өзгерістерге ұшыраған. Бізде ол аспап қобыз деп аталса,

басқа елдерде гопуз, комус, копас, кобза деп кете береді. Қырғыздарда – қыл қияқ, түрікмендерде – гиджак. Қазақтар үшін Қорқыт ыспалы қобыз аспабының авторы болса, әзірбайжан халқында ол – гопузды шығарушы. Гопуз – шертпелі аспап. Гоп – биіктік, уз – дыбыс дегенді білдіреді. Яғни «ғажайып дыбыс» дегенді білдіреді. Әзірбайжандарда гопузда озандар ойнаған. Олар Қорқытты бірінші озан деп санайды. Ал озан –шаман дегенді білдіреді. Оны кейбір ғалымдар алғашқы ыспалы аспап болғандығын да жазады» [3] деп өз пікірін ортаға салады. Негізінде шертпелі аспаптарды ертерек шыққан деп жатады. Бұған не дейсіз? – деген сұраққа профессор Утеғалиева: «Тарихи деректерге сүйенсек, ыспалы аспаптың шығу тарихын біздің эрамыздың I ғасырына жатқызады. Ондай болса, Қорқыт бұдан да ертеректе өмір сүруі мүмкін ғой. Ал шертпелі аспаптың шығу тарихын біздің эрамызға дейінгі IV ғасырға жатқызады. Негізі, аспаптардың өзі ерте шығуы мүмкін. Қобыз түркі тайпалары болмай тұрып пайда болуы мүмкін. Мысалы, моңғолдарда бұл аспап “моренхур” деп аталады. Морен – ат, хур – ішек дегенді білдіреді. Олар бұл ыспалы аспапты моңғолдар ойлап тапқан деген пікірде. Солардан кейін түріктерге тараған деп ойлайды. Моренхурдың дыбысы негізінен қобызға ұқсайды» [3] деп жауап берген. Ал, академик Ахмет Жұбанов: «Халық спаптарының ішінде домбырадан кейінгі көбірек кездесетін қобыз. Қобыз көп замандар бойы дүниеуи аспап бола алмай, бақсы-балгердің қаруының бірі болып келді. Бері келе, он тоғызыншы ғасырда ғана қобыз дүниеуи аспап болып, оның ішінде тек бақсының жын шақыруы емес, халықтың санасында келе жатқан жайлар ызыңдай бастады» [11] деген пікір айтады. Жұбановтың ойымен келісе отырып, қобыз бақсылар мен жыраулардың басты аспаптарының бірі болғандығын анықтаймыз. Әлкей Марғұлан қобыз XIII ғасырда қыпшақтар арқылы Мысырға дейін тарап, сондай бір әдемі қобыздың суретін Мысырда суретке түсіргендігін және қобызды қазақ пен қарақалпақ, өзбек арасында эпикалы жыр айтуға құдіретті болғаны осы соңғы заманға дейін сақталып келгендігін айтқан. [12] Сондай-ақ, ескі дәуірден сақталып келген қобызды тартып отырған күйшіні бірінші рет Маңғыстауда суретке түсірген Бронислав Залесский, одан кейін Ертіс өзені бойында көрген В.В.Радлов. Сондай қобыздың бірнешеуін жарыққа шығарған Капд, одан алып жаңадан еңбегіне кіргізген Ф.Шварц. ондай қобыздарды кейін әдемілеп суретке бастырған И.А.Чеканинский, Болат Сарыбаевтар болғандығын да айтады.

Ғалымдардың бұл пікірлеріне сүйене отырып, ежелде қобызды бақсылар мен жыраулар көп қолданған дедік. Ендеше «жыршы», «жыраулар», «бақсылар» кімдер осының астарына үңілейік. Тұрсынов өзінің «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» деп аталатын ғылыми жұмысында бұл турасында бірнеше ғалымдардың пікірлерін келтіріп кетеді: «Профессор Н.Смирнова: «Жырау» сөзінің мағынасы – «жыр айтушы» деген сөз... Бұл жыр айтушылар институты қаншалықты көне болса, атауы да соншалықты көне», - деп жазады (Смирнова, 1952, стр.40). Профессор Е.Ысмайлов Н.Ильминскийдің пікіріне және татар тілінде «жыру», «жыруче» сөздерінің «жыр» сөзімен мағыналас екендігіне сүйене отырып, «жырау» сөзін «жыр», «жыр айтушы», «жырламақ» сөздерімен байланыстырып, бұл сөздің мағынасы «тарихи жыр айтушы, болашақты болжаушы» екендігін айтады. (Ысмайлов, 1956, 39-40-беттер). Бұл пікірді қарақалпақ фольклоршысы Қ.Айымбетов те қолдайды. «Жырау» деген сөздің -шығу негізі – «жыр жырлату». «Жырау» сөзінің пайда болуы туралы, оның шығу негізі «жыр» сөзінен келіп шыққаны туралы өткен ғасыр ғалымдары Н.И.Ильминский, В.В.Радлов, Л.З.Будагов, Ш.Уәлиханов, - міне бұлардың бәрі де «жыр жырлау» сөзімен байланыста екендігін айтады», - деп жазады ол (Айымбетов, 1968, 76-77 – беттер).

Сөз ыңғайы келіп тұрғанда айта кетуіміз керек: В.Радлов “жырау” сөзінің «жыр жырлауменен» байланыстығы жөнінде ештеңе айтпаған болатын. В.Радлов сөздігінің I томы 2-бөлігінде «ыр», III томы 1-бөлігінде «йыр», «йырлыжы», «йырла», «йырцы», IV томы 1-бөлігінде «жырау», «жыраушы» сөздері әрқайсысы жеке-жеке мақалаларда көрсетіледі (Радлов, 1893, стлб. 1365; Радлов, 1905, стлб. 473, 477, 480; Радлов, 1911, стлб. 120). Л.Будаговтың сөздігінде «жырау» сөзі «йыр», «ыр», «жырламақ», «йырламақ», «йырлычы», «жырлачы», «йырлаы», т.с.с сөздермен қатар көрсетіледі (Будагов, 1871, стр. 388). Осыған

қарап Л.Будаговтың «жырау» сөзін «жыр» түбірінен шығарғандағы туралы қорытынды жасауымызға болады.

Ежелгі түркілер «йырағу» деп жыршыны, өлеңшіні айтқан (Қошғарий, 1963, 43-бет). Татарлар «жыр айту» дегенді «жыру» деп айтады... Түркілермен тығыз байланыста болған және ғасырлар бойы түркілердің мәдени ықпалында болған армяндардың тілінде «жырау», «жыршы» мағынасын білдіретін «ата», «деде» сөздері сақталып отыр. Түркілер Қорқытты «ата», «деде» деп атап жүр. Ендеше «Қорқыт ата», «деде Қорқыт» сөздерінің түпкі мағынасы «Қорқыт жырау», «яғни насихат, өсиет айтушы жырау» деп айтуымызға хақымыз бар сияқты» деп топшылайды.

Ал, «бақсы» сөзінің қайдан шыққаны туралы көптеген ғалымдар өз ойларын айтқан. Аталмыш ғылыми еңбекте Е.Тұрсынов: «Бақсының әр халықтардағы атаулары әрбасқа. Мәселен, қырғыздар оны «бақшы» дейді. Сахалар «ойуун» деп атаса, алтайлар, хақастар, тувалар «қам» дейді. Палластың айтуына қарағанда, Астрахан қазақтары отқа май құйып, болашақты болжаған адамдарды «қамша» деп атаған. Осы «қамша» сөзі сірә ілеріден келе жатқан «қам» сөзімен түбірлес сөз болса керек. Ш.Уәлиханов «бақсы» сөзін қазаққа сырттан ауып келген сөз, оның моңғол тіліндегі мағынасы «ұстаз», ұйғыр тіліндегі мағынасы «оқымысты» деп жазған.

«Бақсы» сөзінің «ұстаз», «ақын», «емші», «тылсым білімді білуші» деген мағыналарын келтіре келе, Е.Ысмайылов та, Б.Сарыбаев та қазақтың «бақсы» сөзінің «бахшы» сөзімен түбірлес екендігін мойындады» [13] дейді. Ғалым «бақсы» сөзінің шығу төркінін дұрыс айыру үшін тілдік талдауға ғана емес, сонымен қатар бақсылардың атқаратын міндеттерін қарастыруға сүйенген жөн екендігін айта отырып, ол әрі жыршы, әрі күйші, ол әрі дәрігер, әрі сәуегей деп Б.Кенжебаевтың бақсы туралы пікірін келтіреді. Бақсылар арасындағы қобыздың рөлі туралы Болат Сарыбаев: «Бақсылар қобызды тойда және тағы басқа жиын-кештерде пайдалануға мүлде тиым салған. Олар қобызды халық музыкасының бір аспабы ретінде пайдалануына қарсы болды. Аспапты сілкігенде, оның ұшындағы сақина теңгешелер, қосымша дыбыс береді. Бақсылар сылдырмақ үнін күшейту арқылы жұртты қорқыту үшін де пайдаланған. Ал қобызшылардың аспаптарында әлем-шәлкем ілкесылдырмақтар сирек кездеседі. Имек ысқыш жасап, тері мен жылқы қылын пайдалану сол кездегі басқа аспаптарға да тән құбылыс» [1] дейді. “Әруақтарды” шақыру тек қана бақсылардың қолынан келгендіктен ел арасында бақсы әйелдерде болған. Оларды “елті” деп атаған.

Академик Әлкей Марғұлан: «Жырау-бақсылар кездескенде, ең алдымен, қобызға қосылып, боздап сарын айтады. Сарнаған кезінде олар шабыттанып, екіленеді. Одан соң сөзбен сәуегейлік, болжау айтуға ауысады. Ең соңында қобызбен Қорқыт күйін тартады. Бақсы жыраулар жаугершілік кезде қолбасының қасында болып, қобызға қосылып, азынатып жауынгерлік дәстүрді жырлайтын болған. Әскер жауға аттанарда оларға рух беріп, қобызбен күй тартады. Соғыс үстінде жәй (жада) тасымен күн жайлатып, ашық күнде «қар жаудырып, боран соқтыратын» болған. Бақсының кереметі деп осыларды айтады» [10] дейді. Сондай-ақ аяулы ғалым: «Шоқан Уәлихановтың суреттеуінше, бақсы тылсым дарыған білгіш, оның ой-санасы өзгелерден ерекше тұрады, өзі ақын, өзі музыкант, өзі болашақты болжайды әрі дәрігер болады. Бұл қасиеттердің барлығы Қорқытта болған қасиет. Қазақтар бұл атақты ескі жырауларды бақсы дейді, моңғолша – үйретуші, ұйғырша – бітікші, түрікмендер – бақшы деп өздерінің ақын-жырауларын айтады. Қазақ арасында әрбір кісі бақсы бола бермейді, сол сияқты біздегі әрбір адам ақын (поэт) бола алмайды» [5] деп Шоқан Уәлихановтың бақсылардың функциясы туралы пікірін келтіре отырып өз ойын ортаға салады. Осылайша бақсылардың функциясын анықтай аламыз. Жоғары да атап өткен бақсылық та, жыршылық та кешегі оғыз қыпшақ дәуірінде Қорқыт атаның бойынан көрінді. Бізге жеткен ел арасындағы аңыз әңгімелер бойынша Қорқыт “қобыз атасы” атанған ұлы даланың ойшылы еді. Ұлы ойшыл, философ атанған Қорқыт атаны қастерлеу басқа да түркі халықтарына тарағаны секілді қазақ қоғамында да кеңінен етек алды. Бұл турасында академик Ә.Марғұлан: «Қазақ халқының аңыздар бойынша, тарихи заманның ойшыл данасы

Қорқытты қадірлеу, оның тартқан қобызын, айтқан толғау сөздерін (сарын) қасиеттеу – қазақ халқының ой-санасында аса күшті болған. Қорқытты ардақтау, оны дана тұту, сәуегей (әулие) деп тану соңғы заманға дейін берік сақталған. Оны «Қорқыт күй», «Қорқыт сарыны» дейтін музыкалық аңыздар сипаттайды. Оны қадірлеу әсіресе, халық жырында, халық музыкасында, халықтың аңыз-сарындарында жиі кездесіп отырады. Қазақ халқының Қорқытты ерекше қадірлеу себебін ашуға өткен ғасырда Ш.Уалиханов пен В.В.Бартольд көңіл аударған еді. В.В.Бартольд пен В.М.Жирмунский «бұл қадірлеуді қазақтар, қыпшақтар арқылы оғыздардан мирас етті» дейді. Бұл дұрыс айтқан пікір, бірақ аяулы ғалымдар қазақтың көбінесе қыпшақтан тарағанына ерекше мән беріп, олардың құрамында оғыз тайпаларының да сілемі болғанын еске алмаған » [14] деген пікір айтады. Осылайша халық жүрегіндегі Қорқыт атаның орынын аңғаруға болады.

Қорқыт ата кім? Аңыз Қорқыттың тарихтағы рөлі қандай? Оның “қобыз атасы” атануының сыры неде? деген сұрақтарға жауап беріп көрейік. Қорқыт атаның өмір сүрген уақыты жайында ғалымдар әртүрлі пікір айтады. Р.Рақымқызы Қорқыт атаның шыққан тегі мен өмір сүрген уақыты туралы: « “Қобыздың атасы” атанған Қорқыт баба VII ғасырдың соңы мен VIII ғасырдың басында Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты Сырдария өзенінің төменгі жағында, Жанкент (кейбір деректерде Жаңакент, Янгикент болыпты кездеседі) қаласында өмір сүрген. Тарихи жазба мәліметтер мен халық шежіресіне сүйенсек, Қорқыттың әкесі Қарақожа оғыз тайпасына жататын баят руынан шыққан, ал анасы – қыпшақ қызы... Қорқыттың қашан туғаны, қанша жыл өмір сүргені жөніндегі пікірлер де әр алуан. Кейбір деректер Қорқытты «VII-VIII ғасырларда өмір сүрген» десе, енді бір ғалымдар «VIII-IX ғасырларда жасаған» деген пікірді ұстанады. Сол сияқты, бірқатар деректерде Қорқыттың 95 жыл жасағандығы айтылса, кейбірінде 300, тіпті 400-ге келген деген болжам бар. Ал әзірбайжандардың «Деде Қорқыт кітабында» «Расул ғалей хи уәссалам заманына жақын, Баят бойында Қорқыт Ата дейтін бір ер тұрыпты» деп, Қорқыттың өмір сүрген уақытын Мұхаммед пайғамбардың заманына жақындатады. Тіпті кейбір ғылыми еңбектерде Қорқыт атаның пайғамбарға елші болып жіберілгені жазылған. Бірақ мұның бәрі түркі халықтары ислам дінін қабылдағаннан кейінгі тірлік болуы мүмкін. Шын мәнісінде көптеген дереккөздер Қорқыттың оғыз-қыпшақ елі тәңір дінін ұстанған кезеңде өмір кешкендігіне, жырау, жыршылықпен қатар, бақсылық қасиеті зор асқан емші көріпкел болғандығына меңзейді. Алайда көшпелілердің исламға бет бұруынан кейінгі кезеңде Қорқыт «мұсылман әулиесі», «дін жолындағы адам» ретінде көрсетіле бастаған» [3] дейді. Ал, ғалым Әлкей Марғұлан Қорқыт қай ғасырда өмір сүрді деген сұраққа: «Абұлғазы-баһадүр жазған шежіресінің бір жерінде: «Қорқыт – Аббас халифасының (VII-VIII ғ.) кезінде болған адам. Қорқыттың туып-өскен жері – Сырдарияның жағасы», - дейді. Қорқыттың күйші, тарихи адам екені бір ғана араб жазуларына белгілі болып қоймай, оның жыршы, музыкант, философ екені грек жазушыларына да белгілі болады. X ғасырдағы Рум (Византия) патшасы болған Константин-қырмызы деген жазушы «Мемлекет басқару» деген кітабында Қорқытты «Пешене қыпшақтардың ел ағсы» деп көрсетеді... Константиннің жазуынша, ол барған Пешене қыпшақтардың жұрт басқарған биі Қорқыт болады. Академик Бартольд «Орта Азия» деген кітабында: «Қорқыт – оғыз жұртының атақты ғалымы, философы, жыршысы, музыканты еді. Қорқыттың аты X ғасырларды пешене қыпшақтарына берілген болады» - дейді. Сөйтіп Қорқыттың жасаған дәуірі туралы бұл көрсеткен тарихшылар біріне-бірі қайшы келмейді, олардың пікірінше Қорқыт VIII-IX ғасырлар ішінде жасап, ол Орта Азияға ислам дінін таратқан Аббас халифалығымен тұстас болады» [3] деп жауап береді. Ғалым Рахманқұл Бердібаев: «Оғыз руларының Сырдария бойында, Қаратау атырабында VIII-X ғасырлар мөлшерінде өмір сүргенін еске алсақ, Қорқыт туралы әпсаналардың шыққан кезеңін де болжауға болады. Қалай болған күнде де Қорқыт ата жайындағы сөздер түрік халықтарының ең ескі жәдігерлері қатарына қосылатыны анық. Көрнекті ғалым профессор Х.Г.Короғлының көрсетуінше, “Дәде Қорқыт кітабының” төрт бөдімінде баяндалған оқиғалар оғыздардың Сыр бойында, Қазақстанда жүрген кезеңінің шындығын бейнелейді. Эпоста көрсетілген кейбір адам аттарының күні бүгінгі дейін, Түркістан төңірегінде

сақталып отыруы да өз тарапынан бағалы мағлұмат бере алады. Мәселен, бұл маңда “Дәде Қорқыт кітабындағы” Баяндыр (Байылдыр), Қарашық, Теке есімдері қазіргі кезде жер-су аттары болып қалған. Этимологиялық, зерттеулерді күтіп тұрған басқа да атамалар (Шәуілдір, Жанкент, Қараспан т.б.) баршылық. “Дәде Қорқыт кітабындағы” оғыздар мен қыпшақтардың қатар өмір кешкен осы кезеңінің ғажайып мұрасы деп қарауға болады. Бұған қазақ арасындағы Қорқыт жөнінде желілі аңыз-әңгімелердің айтылып келуі дәлел» [15] деп Қорқыттың өмір сүрген уақыты мен ортасы жайлы өз пікірін ортаға салады.

Ел арасында Қорқыт ата жайлы аңыз-әңгімелер көптеп кездеседі. Сонды аңыздардың бірінде: «Қорқыт бірнеше саз аспабын жасайды. Бірақ өзіне ұнамайды. Бір кезде аспанан екі періште қарлығаш болып келеді де, «Қорқыт өзінің қобыз атасы екенін білмейді-ау» деп, көкте қанаттарымен сызып, қобыздың бейнесін салады. Оның қалай жасалатынын да айтады. Құс тілін түсінетін Қорқыт мән-жайға қаныққаннан кейін қобызды жасап шығып, алғаш «Тәңір» атты күйін дүниеге әкеледі» [3] делінеді. Аңызда баяндалғандай Қорқыт ата осылайша “қобыз атасы” атанады. Қобыз өзі екі шекті ыспалы аспап деп жоғары да келтірілген Ахмет Жұбановтың қобыз жайлы мінездемесіне сүйене отырып, ежелден келе жатқан музыкалық аспаптардың екі шекті болуының қыр-сырын Қорқыт Ата атындағы ҚМУ оқытушысы Тамаша Дүйсенбаева: «Қобыз да, домбыра да – шекті аспап. Осынау бірнеше мыңжылдық тарихы бар музыкалық тарихы бар музыкалық аспаптар біздің заманымызға дейін еш өзгеріссіз жетіп отыр. Тәңірге табынған түріктердің ұғымында бір нәрсе анық болатын: аспан-жер, күн-түн, от-су, өмір-өлім, ақ-қара, шындық-өтірік, жақсылық-жамандық т.с.с. осындай философиялық ұғымнан қобыз да, домбыра да қос шекті болып туған болу керек. Есте жоқ ескі заманнан жыр, терме, әндеріміз қобыз, домбыра т.б. көптеген музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен орындалатыны белгілі. Ал аспаптық музыкамыздың қай ғасырда пайда болғанын дөп басып айту қиын. Профессор Т.Қоңыратбаев «күй сөзінің семантикасын тарихи негізде былайша жүйелейді. 1. Сарын. Ол V-VI ғасырлардағы бақсылық сарынына арқау болған музыкалық-ладтық жүйе» десе, профессор А.Сейдімбеков көне кезең күйлерін біздің заманымызға дейінгі VIII ғасырға тірейді» [16] деп түсіндіреді.

Қорқыт ата жайлы ғалымдар көп жазды. Профессор Шәкір Ыбыраев: «Қорқыт ата туралы аңыздарға қарасақ, ол – біріншіден, бақсы. Екіншіден, көзге көрінбейтін түрлі жындармен, аруақтармен тілдесіп, әрекет жасап отырады. Соның ішінде, мысалы, Қорқыт қобыз тартқанда қасына келіп отыратын қырық қыз. «Олар Қорқыт қобызының даусын естіп, Арқадан іздеп шығыпты. Бірақ бәрі шөлге шыдай алмай өліп, тек қана Ақсақ қыз жетіпті» Бұлар – реалды емес, тек бақсы қобыз тартқан кезде өзінің тілдесетін жындарын, перілерін, басқа да тылсым құбылыстарын шақырып алады. Бұл бізге қазір қиял-ғажайып нәрсе сияқты болып көрінеді, ал іс жүзінде бақсылық наным-сенімде анық бар дүние» [3] дейді. Сонымен қатар дана Қорқытқа тиесілі деп аталатын он екі жырдан құралған «Дәде Қорқыт кітабы» турасында академик Рахманқұл Бердібаев «Дәде Қорқыт кітабы» мен қазақ эпосында ұқсастық көп екендігін айтады. 2008 жылы жарық көрген «Қорқыт ата кітабы» атты еңбекте академик: «Қазақтың төл эпикалық дәстүрінде көп белгілермен Қорқытты еске салатын бір тұлға бар. Ол – қазақ-ноғайлы жырларында есімі құрметпен аталатын Сыпыра жырау. Қорқыт пен Сыпыра ұқсастығының түпкілікті себебін анықтау арнаулы зерттеулерді керек етеді. Қалай болған күнде де оғыз, қыпшақ жырындағы осы екі тұлғаның ел шеше алмаған қиын мәселелер жөнінде кеңес, болжам айтатыны, кесек, көркем толғайтыны бұлардың жыраулық дәстүр бастауында тұрғанын дәлелдейді» [2] дейді. Сейсен Мұқтарұлының “Ұлы бақсы” деп аталатын жыры аңыздарда жеткен Қорқыт атаның әкесі саналатын Қара бақсының өмір жолынан бір үзік жырланады. Туындыда Қара бақсымен тағдырлас болған VI-VII ғасырлардағы көшпенділердің, яки қыпшақ хандығының, оғыз жабығысының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы бақсымен сабақтас қарастырылады. Зерттеуші Болат Сарыбаев: «Осы заманғы музыкалық аспаптар тарихи дамудың ұзақ және күрделі жолынан өткен. Бірақ олар туралы мәлімет толық емес, сондықтан да бұл жөнінде бірқатар мәселелер біз үшін гипотеза күйінде қалып келеді. Сондай гипотезалардың бірі, музыкалық аспаптардың қалай шыққандығы жөнінде. Кейбір деректерге қарағанда, ысқышты аспаптардың бірқатары орта

ғасырлардың басында пайда болды деп жорамалдауға болатын сияқты. Мәселен, бізбен көршілес өзбек, ұйғыр, тәжік, түркімен, азербайжан халықтарының арасында көп тараған аспап-гиджакты зерттеушілер Х ғасырда өмір сүрген өнер тапқыш және атақты ғалым Абу-Али Ибн-Сина (Авиценна) шығарған деген болжам айтады. Ал, біздің халқымыздың қобызын Қорқыт жасаған және қылқобызбен ең бірінші күй тартушы деген аңыз бар. Қорқыт шамалап айтқанда, VIII-IX ғасырларда өмір сүрді. Бұл дәуір ысқышты аспаптардың шығу мерзімімен дәл келеді. Ал, бір қатар елдерде мұндай ысқыш аспаптар едәуір кейінірек тараған. Айталық, орыстың гудогы тек XV ғасырдан бері ғана белгілі» [1] деп Қорқыт пен қылқобыз жайлы өз пікірін білдіреді. Келтірілген ғалымдардың пікірлерінен Қорқыт атаның өмір сүрген уақытына байланысты тартыс көп екенін аңғаруға болады. Қайткен күнде де бұл болжамдардың арқауы аңыз-әңгімелер болғандықтан дәп басып айту қиын.

Бақсылық пен жыраулық өнер аса үйлесімділікпен тұла бойына тоғысқан Қорқыт бабаның өнегелі өмірі оғыз-қыпшақ заманымен тікелей байланысты болғандықтан бізге жеткен аңыз-әңгімелер негізінде шаманизмнің ұшқыны әлі де болса баршылық. Алғашқы адамдар «жын ән-күй, әңгіме, ертегілерді ұнатып, құмартып тыңдайды» деген түсінік болған. Осы ырымдардың негізінде жын, иелер ән-күй ертегілерді құмарта тыңдап, риза болғандықтарын білдіріп, аңшыларға аң жібереді, егіннің өсуіне мүмкіндік береді, ауырудың бетін қайтарады, адамдардың өтініштерін орындайды деген наным-сенімдер болған. Халқымыздың арасында кездесетін аңыздардың бірінде Қорқыт қобыздың үнін таза етіп шығара алмай жатқанда әйелі келіп: «Қобызды ашық жерге қойып, жасырынып жат. Шайтан қобызды көріп, сенің епсіздігіңді келемеж қылып, қай жерін қалай түзеу керегін өзі айтып берер. Сен оның айтқанын жақсылап ұғып ал» - деп кеңес береді қорқыт әйелінің айтқанын істеп, қобызды ашықтау жерге қойып, өзі қалың бұтаның ішіне тығылып жатады. Қобызды көріп қойған шайтан Қорқыттың епсіздігін келеке қылып, қобыз мойнының жоғарғы жағына кішкене тиек орнатса-ақ қобыздың дауысы таза шығатынына Қорқыттың ақылы жетпегендігін айтып, өзінше мәз болып кетіп қалады. Қорқыт қобыздың мойнына тиек орнатқанда, қобыздың дауысы күңірене, таза шыққан екен [3] деген аңызда бар. Шаманизмнің негізі әруаққа сиыну болғандықтан бақсылар үшін әруақтың өзі тәңірі болған. Бұл аңыздарда шаманизмнің қалдықтары басымдау. Зерттеуші Әуелбек Қоңыратбаев: «Шаманизм оғыз-қыпшақ дәуірінде орнығып қалыптасқан еді. Эпос табиғатында шаманизм элементі басым болғандықтан, оны түсіну көп нәрсеге анықтық енгізеді. Оның бір мәнісі – қазақ ауыз әдебиеті антиисламдық рухта туындаған. Бұл нанымды біз фольклор табиғатымен байланыстырамыз» [5] деген тұшымды ой айтады. Ғалымның бұл пікірін құптай келе Қорқыт баба өмір сүрген дәуір Қоңыратбаев айтқан заманмен дәлме-дәл келетінін аңғарамыз.

Халық арасында қара қобызды сарната ән салып, төгілте жыр орындаушылар азда болса әлі де баршылық. Осы дәстүрдің басында қашанда Қорқыт баба есімін көреміз. Бізге жеткен Қорқыт күйлерінің қаншалықты Қорқытқа тиесілі екені белгісіз. Бірақ Қорқыттың күйі деген қайсы бір күйді алып қарасақта кіріспе бөлігінде мұнды бір сарын қайталанып отырады. Осы сарын Қорқытқа тиесілі болуы мүмкін деген пікірді профессор Сәуле Утеғалиева алға тартқан болатын. [3] Қорқыт атаның өмірі мен шығармашылығын әлі де зерттеп, зерделей түсуді қажет етеді. Атап көрсеткеніміздей бізге жеткен бақсылар турасындағы аңыздар көнеден келе жатқан бақсылардың халық арасындағы дәрежесі мен қадір-қасиетін көрсету мақсатында туындаған көркем ойдың жемісі болуы әбден мүмкін. Десекте, зерттеуші Сейіт Қасқабасов: «Мифтік оқиғалардың болатын шағы – мифтік дәуір. Ол қасиетті уақыт деп есептелген, себебі барлық заттың пайда болуы, осы күнгі түр-түсі, ерекшелігі сол заманда орныққан деп түсінілген. Мифтік сана бойынша заттың шығу мәнін ұғу үшін оның шығу тархын білу керек, яғни заттың мәні мен тегі теңестіріле байланыстырылған. Қай заттың болмасын шығу тегін білмейінше, оны пайдалануға болмайды. Міне, мифтің көбінесе этиологиялық болатыны осыдан» [15] деген пікір ұстанады. Бұл дегеніміз аңыздар желісі шаманизм дәуірінен қалыптасып, әлі де болса қазақ даласында шаманизм қалдығы бар деген сөз. Осылайша аңыздар желісімен Қорқыт ата өмір сүрген дәуірді анықтай келе қобыздың шығу тарихына да көз жүгірткендей боламыз. Бірақ

ескеретін жайыт бұл болжамдар мен зерттеулермен ғана шектеліп қалуға болмайды. Қорқыт ата туралы, қыл қобыздың шығу тегі туралы, әншілік-жыршылық өнер жайлы әлі де болса зерттеп зерделей түсуді қажет етеді.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Сарыбаев Б. «Қазақтың музыкалық аспаптары», «Өнер» баспасы, Алматы 1981 жыл.
2. Бердібаев Р. «Қорқыт ата кітабы», «Фолиант» баспасы, Астана 2008жыл.
3. Жұлдыздар отбасы «Аңыз адам Қорқыт», №06 саны, 18 наурыз 2011 жыл.
4. Мағауин М. «Қобыз сарыны» монография, «Жазушы» баспасы 1968жыл.
5. Дәуренбеков Ж., Тұрсынов Е. «Қазақ бақсы-балгерлері», «Ана тілі» баспасы, Алматы 1993 жыл
6. Жұбанов А. «Ғасырлар пернесі», «Дайк-Пресс» баспасы, 2002 жыл.
7. Жұбанов А. «Замана бұлбұлдары». «Дайк-Пресс» баспасы, Алматы 2001жыл, 2 басылым
8. Салт-дәстүр сөйлейді, түйін сөз
9. Шоқан Уәлиханов көп томдық шығармалар жинағы, Алматы «Толағай групп» 2010 жыл.
10. Марғұлан Ә. «Қазақтың халық музыкасындағы Қорқыт дәстүрі», Классикалық зерттеулер, «Әлем әдебиеті» баспасы, Алматы 2014 жыл.
11. Жұбанов А. «Бірнеше сөз», «Жұлдыз» журналы, №9 саны, 1968 жыл.
12. Ежелгі жыр-аңыздар, Алматы 1985 жыл.
13. Тұрсынов Е. «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері», Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, Алматы 1976 жыл.
14. Лениншіл жас газеті, 1970 жыл, 1 қаңтар.
15. Қазақ фольклористикасы, «Білім» баспасы, Алматы 2007 жыл.
16. Дүйсенбаева Т. «Қобыз бен домбыра ұлттық өнер», «Ақиқат» журналы, №11 саны, 2010 жыл.

ҰЛТТЫҚ МУЗЫКА ӨНЕРІ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

МУЗЫКЛЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ДАМУЫ;

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІНДЕГІ КОМПОЗИТОРЛЫҚ (САЗГЕРЛІК)
ЖӘНЕ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР;

МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ БАСҚА ӨНЕР ТҮРЛЕРІМЕН ЖӘНЕ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
ПӘНДЕРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ;

ӨТКЕН ДӘУІР МЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАН МУЗЫКАСЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫН ЖАҢА
ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІ АРҚЫЛЫ ЖАҢҒЫРТУ

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ НАЦИОНАЛЬНОГО МУЗЫКАЛЬНОГО ИСКУССТВА И ОБРАЗОВАНИЯ

РАЗВИТИЕ МУЗЫКАЛЬНОЙ ПЕДАГОГИКИ.

КОМПОЗИТОРСКИЕ И ИСПОЛНИТЕЛЬСКИЕ ТРАДИЦИИ В СОВРЕМЕННОЙ
МУЗЫКАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЕ

МУЗЫКАЛЬНОЕ ИСКУССТВО, ЕГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ И ВЗАИМОСВЯЗЬ С
ДРУГИМИ ВИДАМИ ИСКУССТВ И ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ДИСЦИПЛИНАМИ.

НОВЕЙШИЕ ТЕХНОЛОГИИ И ВОЗМОЖНОСТЬ ИХ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ В
ТРАНСЛИРОВАНИИ И ИНТЕРПРЕТАЦИИ МУЗЫКИ (ОБРАЗОВАНИЯ) ПРОШЛЫХ
ЭПОХ И СОВРЕМЕННОСТИ

«TOPICAL ISSUES OF NATIONAL MUSICAL ART AND EDUCATION»

THE DEVELOPMENT OF MUSIC PEDAGOGY

COMPOSING AND PERFORMING TRADITIONS IN MODERN MUSICAL CULTURE

MUSICAL ART, ITS INTERACTION AND INTERRELATION WITH OTHER TYPES
ARTS AND GENERAL EDUCATION

THE LATEST TECHNOLOGIES AND THE POSSIBILITY OF THEIR USE IN
BROADCASTING AND INTERPRETING MUSIC (EDUCATION) OF PAST ERAS AND
MODERNITY

МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Уразалиева М.А.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Ұлттық ой-сана арқылы мемлекеттік бірегейлігінің қалыптасуы жас ұрпақтың рухани адамгершілігінің жаңашыл бағыттарын анықтайды. Осы тұста «Музыка» пәнінің алатын орны ерекше. Музыка пәні мұғалімінің мақсаты бәсекеге қабілетті, заман ағымына ілесе алатын, өмірге икемді жеке тұлғаны қалыптастыру. Өзінің шығармашылық жұмыстарында жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдерін іздестіру, музыка пәнінің аймағында игерілетін білім сапаларын арттыру, жалпы музыка мәдениетін қалыптастыру және олардың жеке ерекшеліктері мен болмысы ескере отырып музыкадан жан-жақты білім берудің арнайы ерекшеліктерін негізге алады. Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беру *тұжырымдамасы* – жалпы орта білім беру жүйесінің мақсаты, міндеттері, ұйымдастыру ұстанымдары мен бағыттары бейнеленетін негізгі құжат болып табылады. Бұл тұжырымдама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына [1]; «Қазақстан Республикасын 2020 жылға дейін дамытудың стратегиялық жоспарына» [2]; Қазақстан Республикасында білім беруді 2020 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, Болоньдегі Еуропа елдері білім министрлерінің кеңесіне, ЮНЕСКО-ның үздіксіз білім беру туралы ұсыныстары басшылыққа алынып отыр.

Жоғары динамикалы, жаһандану дәуірінде өмір сүру үрдісін, ойлау мен қарым-қатынасты түбегейлі өзгертетін байланыс құралының қарқынды дамуы, сондай-ақ адамның интеллектісіне, әл-ауқаттылығына, оның икемділігіне, жасампаздық іс-әрекетіне қол жеткізетін тәсілдер қоғамның негізгі жолы бола бастады. Қазақстан қоғамындағы мұндай жағдайда өзекті мәселелердің бірі — өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, әлеуметтілік жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, жоғары кәсіби деңгейлі сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығы.

Жаңартылған білім беруде балаларды оқытудағы музыка пәніне оқыту Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны негізге ала отырып жасалды. Білім беруді жаңарту, жетілдіру жағдайында жалпы білім беру ұйымдарындағы музыка мұғалімдеріне оқушы дамуын жобалау ісінде, жеке тұлғаға және оны дамыта оқытуға, тәрбиеленушілердің негізгі қызметін атқаруына жағдай жасауда негізгі рөлді береді.

Мектеп оқушыларының құзыреттілігін қалыптастыру жағдайында және олардың ұлттық музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру, олардың мүмкіндіктеріне, жас ерекшеліктеріне, әр оқушының ішкі қажеттілігін есепке ала отырып тұлғаға бағытталған құзырлы, белсенді оқытуына жол қоюы қажет. Сондықтан, ұлттық музыканы мектеп оқушыларының бойына сіңіру, ғылымға баулу, оқуға үйрету, ойлауға, жаңа шешімдер таба білу мен өзінің болашағын жасауға үйретеді. Қазіргі заманғы мұғалім тек білім негіздерін, дағды, біліктерді игеріп қана қоймай, тәрбиеленушілердің дамуына тиіс барлық түрлерін игеруге міндетті [3, 5- 6].

Музыка пәні сабағының өзектілігі: Оқушыларға білім беру нәтижелілігін арттыру мақсатында жаңаша оқыту түрлері мен әдістерін қалыптастыру жағдайында білім беру процесінде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдану өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Музыка пәнінде қолданбалы технологияны пайдалану тәжірибесі Ғылым мен білім аясындағы қолданбалы технология ғарыштап дамып отырған ХХІ ғасырда жалпы музыкалық білім беру дамыған ақпараттық технологияларды, музыкалық компьютерлік бағдармалар мен

ноталық редакторларды қолданудың қажеттілігі, музыкант маманның іскерлік қабілетіне, білімі мен кәсіби біліктілігіне деген талаптардың ұлғаюына байланысты сұранысты қажет етеді. Осы модуль негізінде оқушылар жаңа музыкалық-педагогикалық технологияларды қолдану барысында музыкалық шығармаларды талдау, сараптау, теориялық, гармониялық құрылымдарын айқындау жұмыстарымен танысады, музыкалық жанрлармен таныса отырып өз репертуарларын көбейте алады, тәрбие сағаттары мен мерекелік іс-шараларға, сабақтарға презентациялар мен слайд шоу жасауды үйренеді.

Нәтижеге бағытталған жаңа тұрпатты білім белесіне ену кезеңі Қазақстан Республикасының әлемдік білім кеңістігіне басқан маңызды қадам болып табылады. Ұлттық ой-сана арқылы мемлекеттік бірегейлігінің қалыптасуы жас ұрпақтың рухани-адамгершілігінің жаңашыл даму бағыттарын анықтайды. Осы тұста «Музыка» пәнінің орны ерекше.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі пәндер жүйесінде «Музыка» оқу пәнінің маңызы төмендегідей анықталады:

- оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін музыканың тәрбиелік, білімділік және дамытушылық мүмкіншіліктерімен;
- балалардың санасына әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруда музыканың бірден-бір ерекше құралы екендігі;
- оқушылардың денсаулығына ықпал ететін негізгі фактор ретінде вокалды-хор орындаушылық және музыкалық аспаптарда ойнау әрекеттерімен (дұрыс тыныс алуын жолға қою, жас ерекшелігіне сай кездесетін, сөйлеу кемістігін түзеу, қозғалыс координациясы және саусақтар жүрдектігін дамыту, жүйке және дене қызметіне түскен күшті сергіту).

Білімділік міндеттер:

- музыкалық даму әсері мен бейнелі ой-түйсігі негізінде (музыкалық есте сақтау қабілеті, ырғақтық сезімі, ести білу қабілеті) музыканы тыңдай білу қабілетін қалыптастыру;
- оқушылардың музыкалық бейнелігі туралы және музыканың көркемдеуші құралдары жөнінде түсінігін қалыптастыру;
- қазақ халқының дәстүрлі музыкасы туралы және оның кәсіби композиторлық музыкамен өзара байланысын, Қазақстан Республикасында мекендеген туысқан халықтар музыкасы туралы түсінігін кеңейту;
- оқушылардың музыкалық-орындаушылық білімі мен қажетті іс-тәжірибелер жинақтауын қадағалау.

Тәрбиелік міндеттер:

- оқушының қоршаған ортаға көркемдік ықыласы мен адами-эстетикалық қатынасын тәрбиелеу;
- музыка арқылы ұлттық әдет-ғұрыптарға, салт-дәстүрлерге құрметін тәрбиелеу;
- жоғары көркемдік дәрежелі музыкаға эстетикалық талғамын тәрбиелеу;
- өз Отаны мен халқына деген ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу;
- музыка өнері арқылы эстетикалық, ақыл-ойы мен рухани-адамшылығын, елжандылығы мен туған жер табиғатын сүйе білуге тәрбиелеу.

Дамытушылық міндеттер:

- оқушылардың музыкалық дамуына ықпал ету (музыкалық есте сақтауы, ырғақтық сезімі, ести білуі);
- оқушылардың музыкалық шығармаларды қарапайым түрде талдай білуін дамыту (салыстыру, қорыту, сәйкестігін ажырата білуі);
- қол жетімді шығармашыл тапсырмаларды орындай білуін дамыту;
- түрлі музыкалық іс-әрекеттер орындау барысында оқушылардың белсенді шығармашылдығын дамыта түсу (музыка тыңдау, ән орындау, ырғақтық және пластикалық іс-қимылдар, ұсақ моторикасы және шулы музыкалық аспаптармен сүйемелдей білу, импровизация).

Оқу пәнінің мазмұнын саралау барысында төмендегідей *дидактикалық принциптер* басшылыққа алынды: оқу материалдарының білімділігі, тәрбиелігі және дамытушылығының

өзара бірлігі, жүйелігі мен бірізділігі, оқушының музыкалық материалдарды ой-түйсігімен белсенді қабылдауы, білім беретін материалдардың өмірмен тығыз байланыстылығы, азаматтылық, патриоттық және көпұлттылық, эстетикалық және этикалық бағыттарының бағдарлама мазмұнында болуы, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігін ескеру [4,3-6].

Оқу пәнінің жалпы құрылымының мазмұны мынадай іс-әрекеттерден тұрады:

Музыкалық сауаттылық (теориялық даярлық) оқушыларда музыка, музыкалық құбылыстар, олардың ерекшеліктері, заңдылықтары, мәнерлеу тәсілдері, композиторлар туралы мәліметтер, нота сауатының негізі туралы алғашқы жүйеленген ұғымды және білімді қалыптастыруды жобалайды. Оқушыларда музыкалық тәжірибенің аздығын ескере отыра, білім алу жүйесі біртіндеп, музыкалық есту әсерлерінің жинақталу реттілігімен, оларды музыка тыңдау, ән орындау және шығармашылық тапсырманы орындау әрекетінде қолдану барысында өтеді.

Музыка тыңдау бастауыш деңгейдегі білім алушылардың музыканы сезіммен және саналы түрде қабылдауға үйрету міндетін іске асырады. Олар аспаптық, вокалды-хор, халықтық және кәсіптік-композиторлық музыканы тыңдауда, жас ерекшеліктеріне сай берілген әртүрлі деңгейдегі күрделі әндерді орындау барысында, музыкалық бейнелерді өзінше түсіндіріп беруді үйренеді.

Ән орындау – балаларды музыкаға баулудың ең белсенді түрі болып, оларды музыкалық дамуына ықпал етеді. Әнді жеке, ансамбль, хормен орындауы, әртүрлі деңгейде жалпы және музыкалық дамыған оқушыларды ықыластылыққа, байқағыштыққа, тәртіптілікке тәрбиелейді, бірыңғай шығармашылық ұжымға топтасуға ықпал етеді. Ән орындау процесінде, мұғалім балаларды хормен дұрыс бағытта айтқызып жүргізетін болса, олардың дауыс диапазоны кеңейе түседі.

Шығармашылық әрекет музыкалық әрекеттердің барлық түрлерінде жүзеге асады және музыка тыңдау, ән орындау, би қимылдармен таныс әндерді сүйемелдеу, аңыз-күйлермен әндер сахналау, түрлі шығармашылық тапсырмалар орындау барысында баланың музыкаға деген сезімі мен қызығушылығы арқылы байқалады. Шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушы музыкалық білімін пысықтайды [5, 45- 6]

Музыкалық білім беру мазмұнының негізінде келесі ұстанымдар іріктелген:

Қолайлылық және бірізділік ұстанымдары жас және жеке дара ерекшеліктерін ескере отыра, олардың музыкалық дамуына ықпал ететін, бастауыш сынып оқушыларына орындауға және тыңдауға қолайлы музыкалық материалды іріктеуге көмектеседі.

Эстетикалық және этикалық ұстанымдар бағыты негізінде іріктелген оқу материалы, балаларға бір жағынан музыканың көркемдігін танып білуге, ал екінші жағынан оның мазмұны арқылы біреуге жақсылық жасау, сүйіспеншілік және сыйластық сияқты ұғымдарды сезінуге мүмкіншілік береді.

Азаматтық және патриоттық бағыттар, балаларды өз Отанына және халқына деген сүйіспеншілікке тәрбиелейтін музыкалық материалды іріктеуді реттеді.

Көркемдік және техникалық ұстанымдар, көркемдік және қызықтырғыш ұстанымдар бірлігі іріктелген музыкалық материалдың балаларға қызықты болуына, тәрбиелік, білімділік және дамытушылық сипатқа ие болуына бағытталған.

Оқытудың әдістемелік жүйесінің ерекшеліктері. Әдістеме жүйесі «Музыка» пәнінің ерекшеліктері мен оның құрылымын ескере отырып: музыка сауаты, музыка тыңдау, ән орындау және шығармашылық тапсырма, сонымен қатар балалардың жалпы және музыкалық дамуының қажеттілігі негізінде құрастырылған. Оқушылардың музыкалық әрекет түрлеріне және қойылған міндеттерге байланысты, балалардың әрекетін ынталандыратын (дем беретін) әртүрлі дәстүрлі белсенді әдістер мен оқыту тәсілдері, инновациялық әдістер, жұмыс түрлері қолданылады. Атап айтқанда, сабақта балалардың вокалды-хор және шығармашылық дамуына ықпал ететін, ынтасын, есте сақтау, тапқырлық, өз бетімен дербес жұмыс жасау т.б. қабілетін дамытатын әдістер кең қолданылады. [5,78 б]

XXI ғасыр - білім мен технология дамыған, білім беру реформасы жүзеге асырылу кезеңі. Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңында оқыту «Білім жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттың құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттындыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп атап көрсеткен. Музыка пәні мұғалімі оқыту мен дамыту үрдісінде қабілеттері әр түрлі деңгейлердегі оқушылардың әр қайсысының өсуіне дарындылық қабілеттерінің ашылуына жағдай жасауы тиіс. Мектеп бітірушіні музыкалық терең білімді, интеллектуалық деңгейін жоғары етіп қалыптастыру жолдарын іздестіру, инновациялық әрекеттің тиімділігі педагогикалық технологияларды қолдану арқылы «өзіндік дамуын» жүзеге асыру көздейді.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. ҚР Білім туралы заңы. 114 kaz.narod.ru/BilimZan.htm
2. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму... adilet.zan.kz/kaz/docs/U100000922
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 –2020... flatik.ru/azastan-...
4. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру...stud.kz/referat/show/67427
5. "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси...adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050
6. МУЗЫКА. Оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында) Бастауыш білім беру (1-4 сыныптар) Наурыз 2016 ж.58 б.
7. 12 жылдық білім беру тұжырымдамалары. №4 (мерзімді басылым), 2009 жыл.
8. Музыка. Оқулық: жалпы білім беретін мектептің 1-сынып оқушыларына арналған./Уразалиева М.А., Омарова С.Қ.- Алматы: Алматыкітап баспасы, 2017,-96 б.
9. Музыка. Әдістемелік құрал: Оқулық: жалпы білім беретін мектептің 1-сынып оқушыларына арналған./Уразалиева М.А., Омарова С.Қ.- Алматы: Алматыкітап баспасы, 2017,-108 б.

МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ ЖӘНЕ МУЗЫКАНТ-ТҮЛҒАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Байбек А.Қ.

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

1. **Ұлттық бірегейліктің түп тамыры – дәстүрлі музыкалық өнері** ертеректе қоғамның рухани жағдайының асқақтай түсуіне және оның биік сатыларына көтерілгені ақиқат.

Қазіргі кезде қазақтың дәстүрлі музыкасының ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп келе жатқан рухани-моральдық құндылықтардың төмендеу салдарынан **шығармашылықтың орындаушылық рухынан** айырылып жатқаны бәрімізді қынжылтады.

Бүгінгі таңда дәстүрлі музыка, негізінен, екі фактор арқылы қалыптасып отырғаны белгілі, олар: 1) кеңестік кезеңде қоғамның санасына сіңіп қалған ағымдардың инерциялық жалғасуы; 2) бұқаралық мәдениеттің заңдарына сөзсіз бағынып, оның нарықтық-тұтынушылық негізіне самарқаулықпен ілесе беру.

Қазақтың дәстүрлі музыкасы ұлттардың социалистік даму доктринасына сәйкес фольклорға жатқызылып, ескіліктің сарқыншағы деп есептеліп, оның басты құндылығы композиторлық музыкаға материал болуы ғана деп түсініліп келгенін еске сала кетейік. Бұл

идеялар дәстүрлі музыканың дамуындағы осы жолды басқа амалдың жоқтығын өз еркімен әрі шынайы «түсінгендіктен» ғана белгілеп берген жоқ. Бұл жерде шеткері аймақтардағы ұлттық мәдениеттің дамуын бақылауға алған Орталықтың қысымы маңыздырақ болды. Сондықтан дәстүрлі музыканы түпнұсқа қалпында орындаудың құндылығы ұзақ уақыт бойы ескерілмей келді. Кеңестік насихат халық аспаптары оркестрінің орындауындағы дәстүрлі музыканы аспанға көтере мақтап жатты, мәдени саясат осы феноменді қолдауға бағытталды, қазір де осы жағдай инерция бойынша қайталанып отыр. Индустрияландырудан кейінгі және жаһандану кезеңінде қазақтың дәстүрлі музыкасы мәдениеттің материалдық емес саласы ретінде әрі қарай дамымақ түгіл жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Экономикалық өрлеу басталып, халықтың аз ғана бөлігінің материалдық жағдайының жақсаруы, кенеттен байып шыға келуі мен жайлы өмір сүруге көшуі өнердің барлық түріне тұтынушының көзімен қарауға әкеп соқтырды, әсіресе, музыка өнерінен жалт-жұлт еткен сыртқы көркемдікті талап етті. Тындарманның арасында сондай ағым пайда болғанын тез-ақ ұғынған музыканттар халыққа дәстүрлі музыканың эстрадаға бейімделген түрін ұсына бастады. Халық музыкасын синтезатор және домбыра, қобыз, сыбызғы сияқты халық аспаптарымен біріктіре орындау үшін оны қайта өңдеу сол кезде белсенді түрде жүргізілді. Қазақстандағы танымал музыкалық мәдениеттің жағдайын дер кезінде түсініп, жаңа ағымды кеңінен насихаттауды алғаш қолға алғандардың бұл бағытты ДЭКҚО (*домбыраны электро-компьютермен қосып ойнау*) деп атауы кездейсоқтық емес. Өңдеуден өтіп, түрленіп шыға келген дәстүрлі музыка жаңа типтегі домбырашылардың, қобызшылардың, сыбызғышылардың ғана емес, рок-топтардың, эстрада және джаз музыканттарының да репертуарының ажырамас бөлігіне айналды. Кейіннен «жалған халық музыканттарының» кейде қитұрқылыққа ұласып жататын неше түрлі ізденістері мен эксперименттерінің нәтижесінде танымал мәдениетте орындаушылардың эстрадалық домбырашылар, эстрадалық қобызшылар, т.б. тәрізді белгілі бір топтары қалыптасты. Ондай музыканттардың репертуарында өңдеуге ұшыраған дәстүрлі күйлер мен әндер ғана емес, Европаның классикалық және танымал музыка үлгілері де болды.

Сөйтіп, музыкалық мәдениетте тағы бір ағым пайда болды, бір кезде домбырашы немесе қобызшы ретінде жоғарғы музыкалық білім алып, дәстүрлі мәдениеттің өкілдері ретінде тәрбиеленген кәсіби халық әншілері мен домбырашылар танымал музыкаға (попмузыкаға) ауысып жатыр. Халық әншілері, әрине, попмузыкаға өздерінің дәстүрлі репертуарын ала баратыны сөзсіз. Сөйтіп, фольклорлық және ауызекі-кәсіби әндермен қатар, *терме, толғау* тәрізді шағын эпикалық шығармалар да өңдеуден өткізіліп, заманауи композициялардың «шикізатына» айнала бастады. Соңғы кездері өзіндік бір сәнге айналған осы ағымның жаппай таралуы салдарынан «жаңа» орындаушылық стиль қалыптасты.

Бүгінгі күні мәдени ассимиляция кең етек жайған кезде дәстүрлі жанрлардың (ән-күй және терме-толғаулардың), негізінен, «заманауи көркемделген» түрде беріліп, халық орындаушылары осы үрдістердің шырмауында қалып отырған жағдайда білім беру үрдісі ***дәстүрлі музыканың рухани құндылықтарын трансляциялау*** арқылы орындаушылық техниканы жетік меңгерген және репертуары бай *беделді кәсіби орындаушыларды* даярлап шығаруды місе тұтпай, олардың байырғы түпнұсқалық орындаушылық дәстүрді бүгінгіге жеткізуші болып шығуын да ойластыру керек. Бұл орайда түпнұсқалық орындаушылық (аутентикалық орындаушылық!) дегеніміз орындалатын музыканың авторлық мақсаты мен көркемдік бейнесін дәл жеткізіп қою ғана емесігін, *орындаушылық пен шеберліктің жоғары зиялылық деңгейі де* түпнұсқалық болып табылатынын ұғыну керек. Демек қазіргі кезде ***дәстүрлі түпнұсқалық орындаушылықтың рухын қайта жанғырту қажеттілігі өзекті болып отыр.*** Бұл орайда, *аса көрнекті де біртуар орындаушы-композитор тұлғалардың қолтаңбасын сол күйі бұлжытпай жеткізуді қазіргі музыканттардың санасына сіңіру қажет.*

2. Бүгінгі күні музыкалық білім беру жүйесінің барлық сатыларында қазақтың дәстүрлі кәсіби музыканттарын даярлау әлі де бұрынғы қалыптасқан үрдіс бойынша европалық музыка мәдениетінің теориялық және практикалық білім беру негізінде

жүргізілуіне басымдылық беріліп отыр. Европаның кәсіби музыкасы жазбаша дәстүр екені баршамызға мәлім. Европа композиторларының шығармаларын жарыққа шығару, дәстүрін әрі қарай жалғастыру, орындаушылар мен композиторларды кәсіби тұрғыдан даярлау нота жазбасының негізінде іске асырылады. Сол сияқты, халық орындаушыларын – домбырашылар мен қобызшыларды оқыту негізіне осы европалық ноталық жүйе алынған. Сөйтіп европалық типтегі музыканттар үшін де, дәстүрлі шығыс музыканттары үшін де кезінде (консерваторияда) бірдей кәсіби оқыту жүйесі құрылған болатын.

Музыкатанушы Н.Шахназарованың «Музыка Востока и музыка Запада: Типы музыкального профессионализма» («*Шығыс музыкасы және Батыс музыкасы: Музыкалық кәсібиліктің типтері*») деп аталатын терең мағыналы музыкалық-мәдениеттанушылық зерттеуінде көрсетілгендей, *ауызекі және жазбаша музыкалық мәдениеттердің терең айырмашылығы музыкалық шығармалардың құрылымына, шығарылуына, қызмет ету аясына, сондай-ақ кәсіби музыкантты тәрбиелеудің барлық кезеңдеріне әсер етеді* және кәсіпқой музыкалық мәдениеттің *әр типіне кәсіби оқытудың өз типі ғана сәйкес келу керек* [1, 93 б.] деген басты қағида айтылған. Ал, кәсіби музыкантты (европалық немесе шығыстық болсын) даярлау музыкалық-теориялық білімсіз мүмкін еместігін белгілі музыкатанушы Г.Орлов өзінің «Древо жизни» атты іргелі еңбегінде осылай жазған болатын: «есте жоқ ерте замандардан бері барлық белгілі мәдениеттерде *музыка туралы алуан түрлі теориялар шығару-оқыту үрдісінің ажырамас бөлігі*. Сан қилы метатілдерді пайдалану арқылы музыка ойдың аса бай ішкі мағынасына, астарына (контекст) енгізілетін, *түйсіктер (инстинкт) білімге айналатын*, тиісті музыкалық мінез-құлық қағидаларына және музыкалық дәстүрдің жалғастығына қолдау көрсетіп отыратын» (курсив біздікі – А.Б.) [2, 23 б.].

Бүгінгі күні музыкалық білім беру ошақтарында халық орындаушыларына арналған «Музыка теориясы», «Гармония», «Сольфеджио», «Музыкалық шығармаларды талдау» және «Полифония» сияқты музыкалық-теориялық пәндер европалық және орыс классикасының музыкалық шығармалары негізінде теориялық және практикалық білім алуға бағытталған. Сольфеджио курсы есту қабілеті мен әншілік дағдыны жетілдіріп, батысевропалық музыканың әртүрлі стильдері мен жанрларындағы музыка тілінің жекелеген элементтерін де, тұтас шығармаларын да қабылдау үшін аналитикалық ойлау қабілетін дамыта түседі.

Іс жүзінде студенттерге арналған теориялық пәндердің тұтас циклы «Домбыра», «Қобыз» және «Халық әндері» мамандықтарын оқытудың ерекшеліктері мен тәжірибесінен түгел алшақтап кеткен, бұл студенттердің санасы мен психологиясына әсер етеді. Ал қазақ музыка теориясы бойынша арнайы курстың болмауы студенттерді ең басты құндылықтан – өздерінің кейінгі кәсіби қызметін *теориялық және философиялық тұрғыдан түсінуден* айырды. Әрине, европаландырылған музыкалық-теориялық пәндер жүйесі студенттердің өздері орындайтын музыканы түйсікпен қабыл алып, оған нәр беретін дәстүрлі мәдениетті білімге айналдыруына септігін тигізе алмайды және «*тиісті музыкалық мінез-құлық қағидаларына және музыкалық дәстүрдің жалғастығына қолдау көрсетпейді*» [2, 23 б.]. *Дәстүрлі музыканттың жоғары деңгейдегі кәсіпқойлығы мен шынайы әмбебаптығы* осылай жойылады [3, 461 б.].

Бүгінгі күні ауызекі музыка мәдениеттеріндегі дәстүрлі орындаушылық мәселелері дүниежүзі бойынша кеңінен талқыланып жүр. Осындай талқылаулар әртүрлі халықаралық семинарлар деңгейінде өткізілген конференцияларда сан мәрте жүргізілуде. Осыған орай, Қазақстандық белгілі реформатор-музыкатанушылар Ә.Мұхамбетова, Г.Омарова және т.б. дәстүрлі музыкалық білім беру саласындағы жағдайды мәдениеттану және оқу-әдістемелік көзқарас тұрғысынан талдаған бірқатар мақалалар [3; 4; 5] жариялады. Олар терең де жан-жақты талдау жүргізу негізінде Қазақстандағы қазіргі музыкалық білім беру жүйесі дәстүрлі музыканттардың байырғы әмбебаптығын жоққа шығарып, дәстүрлі музыка мәдениетінің дамуына зиянды әсер етіп отыр деген қорытындыға келді.

Қазір дүниежүзілік әртүрлі елдердің заманауи педагогикалық тәжірибесінде музыкалық ойдың ұлттық қағидаларын бағдар тұтқан музыкалық-теориялық кешенді пәндерді оқыту ағымы жанданып келеді. Халық орындаушыларын оқыту жүйесіндегі ұлттық

музыка өнеріне негізделген кешенді (теориялық-практикалық) курстың халықаралық атауы – «**Этносольфеджио**». Бүгінгі күні Қазақстанда Этносольфеджио курсы жүргізілу тарихы жарты ғасырлық тәжірибені құрайды.

3. Халық музыканттарын оқыту жүйесіндегі қайшылықтарды, атап айтқанда, дәстүрлі мәдениеттің мәнді бастауларын білім берудің европаландырылған жүйесіне бейімдеу мәселесін терең сезінген Алматы консерваториясының «Гармония және сольфеджио» кафедрасының оқытушысы, музыкатанушы-реформатор, күйші Бақдәулет Аманов 1973 жылдан бастап «Халық аспаптары» факультетінің студенттерімен сыныптан тыс кураторлық жұмыс кезінде домбырашыларға арнап жаңа Сольфеджио курсы жүргізе бастаған болатын. Кезінде (Кеңес өкіметінің саясаты сай) бұл эксперименттік жұмыс болатын, сол кезде қалыптасқан жазбаша білім беру жүйесі шеңберінде ауызекі дәстүрдегі кәсіпқойларды оқытудың негізгі әдістемелерін іздестіру жүріп жатты. Кейінірек «Этносольфеджио» деп аталатын пәннің мақсаттары мен міндеттері европалық сольфеджио курсынағандай кәсіби музыкалық ойлауды қалыптастыру, есту және жадында сақтау қабілеттерін дамыту болатын. Алайда, мәселе қазақ музыкасының кәсіпқой орындаушыларына қатысты болғандықтан **пәннің басты музыкалық материалы да дәстүрлі қазақ музыкасы болды**. Домбырашылар сольфеджио курсына домбырада орындалатын күй тілінің заңдылықтарын игеруге тиісті еді. Музыкалық материалдың өзгеруі 70-80 жылдары жүргізілген жаңа ғылыми еңбектердің нәтижесінде пайда болған курстың теориялық негізін де өзгертті. Б.Амановтың негізгі жаңашылдық идеясы – оның түгелдей күйшілік өнерге негізделген курс ашуы, кейінірек жаңа пәннің әдістемелік тәсілдер жүйесі қалыптасты [6].

Реформатор Б.Аманов «мамандандыру» идеясын оқыту үрдісіне асқан батылдықпен енгізді. Оның курсына күйдің стильдік элементтерін зерделеу барысында тек қана домбыра пайдаланылатын. Әрі қарай дәстүрлі өнердің музыкалық тілін ауызекі меңгеру әдістерін іздестіру жұмысы басталды. Ол үшін жоғарғы оқу орнында европалық Сольфеджио курсына қолданылмайтын ауызекі әдістер мен нақты жұмыс түрлерін қайта жаңғыртып, оларды бейімдеу керек болды. Бұл – ауызекі оқыту формалары және суырып салмалық, күй шығару сияқты шығармашылық жұмыс түрлері.

Нәтижесінде қазақ музыка мәдениетінің жаңашыл-зерттеушілері А.Мұхамбетова, С.Райымбергенова, С.Өтеғалиева және Г.Омарова сынды оқытушылардың тұтас бір тобының күш-жігерімен аспаптық музыка саласында жаңа курс ашылды, ол «Домбырашыларға арналған эксперименттік сольфеджио» деп аталды. Курс ұзақ уақыт бойы ресми мәртебе ала алмай келді. Қайта құру жылдары ғана «Этносольфеджио» атауымен оқу бағдарламасына енгізілді, содан бері жүргізіліп келеді [6]. 1987 жылы консерваторияда «Халық әні» кафедрасының құрылуына байланысты домбырашыларға арналған Этносольфеджио пәнінің әдістемелік тәжірибесі негізінде консерватория оқытушылары С.Райымбергенова мен А.Байбек халық әншілеріне арналған мамандандырылған этносольфеджио курсы ұйымдастыру жұмысын қолға алды [7, 111 б.].

Бүгінгі күні Этносольфеджио курсы (домбырашылар мен халық әншілеріне арналған) академиялық сольфеджионың қалыптасқан жұмыс түрлерін ескере отырып, дәстүрлі ауызекі музыкалық өнерінің негізгі қағидаларын меңгеруді көздейді.

4. **Дәстүрлі ән материалына негізделген авторлық Этносольфеджио** курсы қазақтың ауызекі-кәсіби дәстүрлі ән мәдениетінің классикалық кезеңіндегі (XIX ғасыр) негізгі орындаушылық мектептерді тереңдете зерттеуге арналған. Курстың мақсаты – қазақтың фольклорлық және ауызекі-кәсіби әндері негізінде базалық теориялық білім беріп, сол арқылы студенттердің есту қабілеттерін дамыту. Демек Этносольфеджио курсы **дәстүрлі әндерді теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерудің** негізіне айналған білім жүйесін құрайды.

Курс отандық ғалымдардың музыкалық-тарихи және музыкалық-теориялық еңбектеріне сүйене отырып және ұзақ жылдық жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде құрылды. XX ғасырдың екінші жартысында *музыкатану және филология тұрғысынан жүргізілген*

қазақ әндерін зерттеуге арналған еңбектерді жинақтау негізінде, сондай-ақ өзіндік теориялық ізденістер арқылы:

1) аса көрнекті *сал-серілердің* шығармашылығына тән ортақ және өзіндік ерекшеліктерін (дара тұлға ретіндегі психологиясы мен темпераментін, шығармашылығының басым бағыттарын, музыкалық-поэтикалық стилистикасын, жеке орындаушылығын) айқындауға мүмкіндік туғызатын кәсіби әндерді *кешенді зерттеудің біртұтас қағидасы* құрылды;

2) ауызекі кәсіби шығармашылықтың поэтикалық және музыкалық-стильдік ерекшеліктерінің кешенді сипаттамасы берілді, олардың поэтикадағы, музыкалық стилистикадағы және ән формасын құрудағы жаңашылдығы көрсетілді;

3) әннің музыкалық-поэтикалық құрылымындағы ерекшеліктерді айқындайтын, филология ғылымында қолданылып жүрген және әндерді талқылау барысында авторлардың өздері жасап шығарған жаңа қазақ терминдері музыкатану ғылымының айналымына енгізілді;

4) Этносольфеджио курсының қисындық негізін құрайтын поэтикалық және әуендік құрылымдарының иерархиялық жүйесі жасалды; ладтық құрылымдар вокалдық және аспаптық құрамдас бөліктермен сабақтаса қарастырылды;

5) Этносольфеджио курсына фольклорлық және ауызекі-кәсіби әндердің музыкалық-стильдік, поэтикалық заңдылықтарын практика жүзінде меңгеру әдістері жасап шығарылды.

5. Халық әншілеріне арналған Этносольфеджио курсы – **дәстүрлі ән өнерінің стильдік тұрғыдан тұтас меңгеруді** көздейді. Курстың қисындық жоспары мен іргетасы: қарапайымнан күрделіге қарай, іс жүзінде дәстүрлі әндерінің эволюциялық даму кезеңдерін зерделеу болып табылады. Дәстүрлі ән стилі – фольклорлық және ауызекі-кәсіби әндер өзара байланысып жатқан екі жүйенің бірлігі болғандықтан, «Этносольфеджио» курсына әуелі фольклорлық, содан кейін *сал-серілердің* кәсіби ән стильдері дәйектілікпен зерделенеді.

Этносольфеджио курсына қарастырылған *Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай* [8], *Абай, Әсет, Кенен, Мұхит* тәрізді қайталанбас тұлғалардың өзіндік стилі мен **аймақтық ән мектептерінің стилін** қоса алғанда *тұтас тарихи дәуірдің дәстүрлі стилі* көрініс табады. Дәстүрлі ән стилі қарастырылып отырған санқырлы құбылыстардың – функционалдық-жанрлық және бейнелік-поэтикалық сипаттары, музыкалық тілі және формақұру тәрізді дәстүрлі әннің әртүрлі қырларын байланыстыратын және айшықтайтын тұтас объективті көркемдік бірлік деуге болады. Оның ең маңызды құрамдас бөлігі, сөзсіз, композиторлық түпкі ой, өйткені «музыка өнерінің барлық элементтері шығармашылық түпкі ойда тоғысады, сөйтіп эстетикалық талғамының сүзгісінен өткен көркемдік нұсқасы пайда болады, ол көркемдік мәдениеттің ұлттық дәстүрлерінің, мектептерінің ықпалымен түзіледі, өз заманының орындаушылық тәжірибеге көркемдік сұранысы мен тыңдаушылар аудиториясының мүддесі ұштаса келіп, сонда түйіседі» [9, 11 б.].

Демек, Этносольфеджио курсының мақсаты – дәстүрлі әннің аймақтық және дара стильдік жүйелерінің музыкалық тілін меңгеру. Ән әлемінің қайталанбас көркемдігін қалпына келтіре отырып, музыкалық туындының терең мән-мағынасын ашу және оны тыңдаушының көкейіне жеткізу орындаушылық қызметі қазақтың музыкалық тілінің құрылымдық заңдылықтарын, сондай-ақ белгілі бір аймақтық стильдің дәстүрлі музыкалық тілін түсінудің негізі болып табылады. Бұл әншінің жасампаздығын дамытуды, дәстүрлі музыканың байырғы ауызекі табиғатымен, оның коммуникативті бағытымен тығыз байланысты құндылық қасиеттерін арттыруды талап етеді.

Курсты құрылған кезде дәстүрлі әннің құрылымдық заңдылықтарын теориялық тұрғыдан зерттеудің жеткіліксіздігі курстың материалын таңдаудың шектеулі екенін анықтады. Этносольфеджио курсы кейіннен қазақ әндерінің аймақтық стильдерін зерттеу арқылы байытылды, бұл олардың қаншалықты зерттелгеніне байланысты болды. *Ән өнерінің көптеген аймақтық орындаушылық стильдерін теориялық тұрғыдан дәйекті түрде тереңдетіп зерттеу міндеті* бүгінгі күні әлі де өзекті екенін ескерейік. Осыған байланысты, *әртүрлі орындаушылық мектептер мен композиторлық даралықтың стильдік*

ерекшеліктерін аша түспей, жалпы мәдениеттің құндылықтарын шынайы ашу мүмкін еместігіне көз жеткізуге болады.

Этносольфеджио курсында дәстүрлі ән стилін зерттеу, осы стильдің қалыптасуы мен дамуының біртұтас келбетін кезең-кезеңмен қалпына келтіруді талап етеді. Сондықтан, стильдік ерекшеліктерді – фольклорлық және ауызекі-кәсіби әндердің музыкалық тілі мен форма құруын терендетіп зерттеу қажет. Бұл курста ән стилін теория және практика жүзінде дәйектілікпен меңгеру үшін қажетті ән формалары мен ладқұру заңдылықтарын күрделендірудің иерархиялық жүйесін құруға мүмкіндік туғызады.

Дәстүрлі әндердің әлі де жеткілікті дәрежеде зерттелмеген қырларының бірі – *авторлық даралық*. Сал-серілердің ән мұрасын мейлінше терең түсіну, олардың ұлылығын, даралығы мен жаңашылдығын бағалау үшін сол *тұлғалардың музыкалық-поэтикалық стилін* (бейнелік тіл және өздеріне ғана тән стильдік ерекшеліктерін) анықтайтын теориялық еңбектер қажет.

Бүгінгі күнге дейін халық классик әншілерінің авторлық даралығына үнілу дәстүрлі әндерді зерттеудің олқы тұсы болып отыр. М.Жұмабаев, С.Мұқанов, С.Жүнісов, А.Сүлейменов, М.Жолдасбеков, І.Жақанов және филологтар Ш.Керімов, С.Негимов Қазақстанның ірі ақын-жазушылары мен өнер зерттеушілері *Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Әсет, Абай, Кенен, Мұхит* сынды классик-композиторлардың шығармашылық келбетін жасады. Әсіресе А.Жұбанов пен З.Қоспақовтың еңбектерінде майталман тұлғалардың өмір жолы мен шығармашылығынан аса құнды деректер келтіріліп, біраз әнге қысқа болса да мазмұнды сипаттамалар берілген. Халық классик әншілерінің авторлық даралығына байланысты С.Еламанова, Д.Әмірова, А.Бердібай, М.Кұрманғалиева, Ә.Сабырова, Б.Тұрмағамбетова, А.Байбек және т.б. сынды музыкатанушылардың еңбектерін атап өтсек болады.

Дегенмен қазіргі кезде халық композиторларының шығармашылығына арналған ғылыми-теориялық материалдар мен монографиялық зерттеулер тапшылығы белгілі бір деңгейде байқалатынын айта кетейік. Бұл тұрғыда әлі де «ақтаңдақтар» көп, соның салдарынан этносольфеджио курсына ауызекі-кәсіби музыкалық материалды жүйелі ұсыну қиыншылық тудырып отыр.

6. Этносольфеджио дәстүрлі музыка өнерін мәдени-тарихи тұрғыдан қайта жаңғыртуға бағдарланған, сондықтан бұл пән *қазақтың дәстүрлі әндерінің теориялық негіздерінің өзекті жүйесіне мәдени-тарихи сипат жүктейтін кешенді курс* болып табылады.

Этносольфеджио курсының теориялық негізін құрастыруға *қазақтың ән мәдениетін зерттеушілердің еңбектері* үлкен үлес қосты. *Олардың материалды зерттеу және жүйелеу тәжірибесі қатаң ғылыми базаға сүйенген ән мәдениеті негізінің кешенді жүйесін құруға мүмкіндік тудырды. Бұл курстың теориялық тірегіне айналды.*

Этносольфеджио курсының аса көрнекті халық композиторларының шығармашылық келбетін суреттеу, өмірбаяндық деректерді келтіру арқылы тұлғалық психологиясын ашу, шығармашылығының идеялық ұстанымдарын анықтау, идеялық-эстетикалық бағыт-бағдарын түсінудің кілтін табу мақсаты тұр. Бұл орайда өнер иесінің өмірбаяны мен шығармашылығы бір арнаға тоғысады, артында қалған ән мұрасын неғұрлым терең түсіну, оның ұлылығын, талантын, жаңашылдығын, бейнелік-поэтикалық ерекшеліктерін, музыкалық-поэтикалық стиліне тән белгілерді бағалау үшін қажетті қырлары айшықтала түседі.

Этносольфеджио пәнінің негізі болып табылатын *дәстүрлі ән мәдениетін теориялық зерттеумен* және ладтық, ырғақтық және әуендік құрылымын, формақұру қағидаларын тәжірибе жүзінде игерумен қатар студенттер тұлғалардың рухани санасын, қазақтың дәстүрлі фольклорлық және ауызекі-кәсіби әндерінің қызмет ету аясын, ырғақтылығы мен поэтикасын және музыкалық-стильдік негіздерін сипаттауды қамтитын *филология және мәдениеттану салаларынан кешенді білім* алады. Сөйтіп, осы мәліметтердің барлығы

заманауи музыкатану, филология, мәдениеттану және тарих салаларындағы зерттеулердің жиынтығын құрайды.

Сөйтіп, Этносольфеджио курсына, қазіргі халық орындаушыларын оқыту барысында, дәстүрлі әндерді пайдалану мәселесі төрт маңызды – *мәдениеттану, музыкалық-теориялық, филологиялық және әдістемелік компоненттерді қамтиды.*

Курсты тұтас қарастырғанда, автордың дәстүрлі әншілерге арналған этносольфеджио курсының практикалық тәжірибесін жинақтау негізінде түзілген қисындық-дидактикалық жүйесі *дәстүрлі классик-композиторлардың шығармашылығын зерттеудің жаңа қағидаларын* жасап шығаруды талап етті. Бұл олардың шығармашылығындағы басты айырмашылықтар мен ортақ белгілерді анықтауға және ауызекі дәстүрлі әншілердің музыкалық ойлау қабілеттерін игеруге арналған *музыкалық-педагогикалық* әдістер табуға мүмкіндік туғызады. Халық композиторлардың шығармашылығын талдау бір ғана қағидаға сүйене жүргізіледі, сондықтан ұсынылған материалды игеру оңайға түседі. Әртүрлі авторлардың стильдік өзгешеліктерін терең игеру барысында талдау жұмыстарын біркелкілікке келтіру көрнекі құрал қызметін атқарады, бұл музыкант-практиктер үшін өте қажет.

7. Этносольфеджио курсына білім кешені түгелдей жұмыстың аса маңызды формаларының бірі болып табылатын *ауызекі-кәсіби әндерді тұтас талдау* түрінде жүзеге асырылады. Әндерді тұтас талдау әннің ішкі мағынасын, астарын айшықтауға және жанрлық негізін, өлең құру заңдылықтарын, өлең мен әуен арақатынасын, музыкалық тілін, сондай-ақ форма құру қағидаларын анықтауға құрылған. Сөйтіп, *тұтас талдау музыкалық, поэтикалық және мәдениеттану тұрғысынан қарастырылған үйлесімді синтез* болып табылады. Тұтас талдау әннің көркемдік қисындық құбылыс (поэтикалық және музыкалық тұрғыдан) екенін түсінумен қатар, одан басқа да сан қилы мән-мағынасы бар туынды ретінде де түсінік қалыптастырады. Осылай түсіну ән құрылымын талдай отырып зерделеу үшін де, өмірлік мәні мен өзінше пайымдау тұрғысынан да маңызды. Яғни, Этносольфеджио курсы музыкалық ойлауды да қалыптастырады, студенттердің болашақ орындаушы, мәдени дәстүрдің құндылық ұстанымдарын жеткізуші ретінде қалыптасуын да көздейді.

Әрине, ауызекі-кәсіби әндерді тұтас талдау сияқты маңызды жұмыс арқылы теориялық білім, бірінші кезекте, ғасырлар бойы қалыптасып, әмбебап мәнге ие болған, баршаға ортақ нормаға айналып кеткен *дәстүрлі әндердің формақұрудағы композициялық қағидаларын игеруге* бағытталған. Формақұрудың ортақ заңдылықтарын білу *Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Әсет, Абай, Мұхит, Кенен* сынды классик әншілердің өзіндік стилін ашуға, шығармашылығындағы дәстүрліліктің, көп нұсқалылықтың және жанрлық қағидаларын қатаң сақтауға немесе жаңашыл композиторларға тән жанрлық синтездеу белгілерін анықтауға көмектеседі.

Әнді тұтас талдау студенттердің әртүрлі дәстүрлі орындаушылық мектеп ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан саралап, халық композиторлары стилінің даралығын түсінуге жол ашады. Осының бәрі – музыкалық тіл элементтерін саналы түрде практикалық игерудің бастамасы.

Қорыта келгенде, музыка өнерінің заңдылықтары тарихи тұрғыдан қалыптасып, дамып, өзгеріп отыратындықтан арнайы жасалған теориялық негіздердің тұжырымдамасы да музыкалық шығармашылықтың тарих ағынымен жылжу үрдісіне сәйкес құрылуға тиіс. Дәстүрлі музыка заңдылықтарының даму болашағы айқын болуының қажеттілігі осыдан туындайды. Қазіргі жағдайда музыкалық-теориялық пәндерден дәріс беру барысында, бірінші кезекте, *этносольфеджио курсына дәстүрлі ән стилін трансляциялау* өзекті мәселе болып отыр, сондықтан *зерттеліп отырған материалды теориялық тұрғыдан сипаттау практикалық қызмет арқылы бекітілуі тиіс.* Этносольфеджио пәні бойынша практикалық жұмыстардың формалары – *ауызша және жазбаша дәстүрлерін синтездеу* арқылы терең ойлы, орындаушылықты толық меңгерген **музыкант-тұлғаларды** кешенді түрде тәрбиелеу құралына айналады. Өз кезегінде осы музыканттар қазақ халқының бірегей де өзіндік сипаты бар дәстүрлі мәдениетін сақтап, қайта жаңғыртуға қызмет ететіні анық.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Шахназарова Н. Музыка Востока и музыка Запада: Типы музыкального профессионализма: Исследование. – М.: «Советский композитор», 1983. – 152 с.
2. Орлов Г. Древо музыки. – Вашингтон – Санкт-Петербург: «Советский композитор», 1992. – 395 с.
3. Мухамбетова А., Омарова Г. Проблемы традиционного исполнительства в Казахстане // Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век: сборник научных и научно-популярных статей. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – С. 456-467.
4. Мұхамбетова А. Қағажу көрген қазақ музыкасы // Жұлдыз. – 1991. – № 5. – 153-162 б.
5. Мухамбетова А. Культурологические парадигмы конца века и система образования музыкантов-народников // Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век: сборник научных и научно-популярных статей. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – С. 451-456.
6. Аманов Б., Мухамбетова А., Омарова Г., Раимбергенова С., Утегалиева С. Программа этносольфеджио для студентов народного факультета // Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век: сборник научных и научно-популярных статей. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – С. 429-451.
7. Байбек А. Заманауи музыкалық беру жүйесінде ән дәстүрін трансляциялау (Этносольфеджио курсы). Оқу құралы. – Алматы, 2020. – 264 б.
8. Байбек А. Песенный канон и индивидуальные стили устно-профессиональной лирики Арки (в контексте творчества Біржан сала, Ақан сері и Үкілі Ыбырай). Монография – Алматы, 2021. – 280 б.
9. Скребков С. Художественные принципы музыкальных стилей. – М.: «Музыка», 1973. – 446 с.

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАСЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ

Рысдаулетова Г.А.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Музыка қарым-қатынас құралы ретінде адамдардың ежелгі арақатынас формаларының бірі болып табылады. Коммуникативті жүйе ретінде қалыптасқан ол аудиторлық арна арқылы жұмыс істеп, көптеген ғасырлар бойы адамдардың ақыл-ойы мен жанына әсер етеді. Музыка өнер түрі ретінде күрделі коммуникативті жүйеге ие. Ежелгі дәуірде ол басқа дүниелік немесе табиғат күштерін тарту үшін рәсімдер кезінде қолданылатын коммуникативті қызметтің ерекше түрі ретінде қарастырылды. Ол үшін адамдар музыкалық аспаптарда ойнап, құстардың әніне еліктеді немесе күн күркіреген дыбыстарды, бұлақтың гүрілдеуін және т.б. нәрселерді бейнеледі. Музыкада тек ақпарат ғана емес, экзистенциалды-эмоционалды принцип әрқашан бар, ол халықтың болмысын, сезімдерін, белгілі бір оқиғаларға қатынасын көрсетеді. Музыкалық "тіл" ауызша тілден айырмашылығы нақты мағынаға ие емес. Музыкалық тілді білмей, біз музыкаға енгізілген ақпаратты, оның үстіне өз халқымыздың мәдениетін толық түсіне алмаймыз.

Қазіргі заманғы адам осы күрделі тілді — халық музыкасының тілін үйренуі керек, өйткені оны білмей, қазіргі музыкалық өнерді түсіну мүмкін емес. Е.Ю.Антоненко өз жұмысында фольклорлық және заманауи музыка арасында параллель жүргізеді. "Жаңа музыка фольклордан бастау алатын материалды ұйымдастыру принциптеріне негізделген: температурадан бастау жүйе, гетерофон құрылымы, шаршы құрылымның, дәстүрлі қаданстар мен орталықтандырылған ладтардың болмауы, тоникалардың жиі өзгеруі, еркін метрика, күрделі ырғақтылық, әуенді дамытудың линейарлы түрі және т.б. Мұның бәрі — қазіргі

заманнан ажырамас тарихи және практикалық тәжірибе. Фольклорлық музыканы ұйымдастыру принциптерін игеру қазіргі заманғы музыканы орындауға өзіндік "көпір" ретінде қызмет етеді" [1, 102].

И.В.Арановскаяның пікірінше, музыка өзінің заңдары бойынша және мәдениеттің тікелей әсерінен дамып отырады. Ал Музыкант музыкалық мәтінді мәдениет мәтіні ретінде оқығанның арқасында, өзінің басқа лингвистикалық-интонациялық формаларынан үнемі пайдаланатынын түсінуге мүмкіндік береді. Музыкалық белгінің деңгейлері үлкен сенімділікке ие, бұл "музыкалық тілдің осы құбылыстарын мәдениеттің семиотикалық контекстіне енгізуді жеңілдетеді" [2, 32]. Әлемнің күрделі жүйесіне тоқылған халық музыкасының көптеген қасиеттері өнердің негізгі функцияларын жүзеге асырады, олардың ішінде келесі ерекшеліктер бар: гносеологиялық (ақиқатты білу); идеялық-үгіт-насихат (эстетикалық және басқа идеялардың таралуы), гедонистік (психикалық өрлеу, ерекше ләззат), суггестивті (эмоциялар мен ойлардың белгілі бір құрылымын ұсыну); ағартушылық (өзіндік "оқулық" өмір), эвристикалық (адамның шығармашылық әлеуетін жандандыру және дамыту), коммуникативті (өнердегі айрықша тіл, ұрпақтар арасындағы ерекше байланыс ретінде әрекет етеді), өзін-өзі тану, бағалауға және түсінуге көмектеседі.

Жасөспірімдердің эстетикалық мәдениетін тәрбиелеу үшін халық музыкасының коммуникативті функциясының маңыздылығын қарастырайық. "Эстетикалық мәдениет-бұл сыртқы әлем алдында ішкі әлемнің қалыптасуы мен тұтастығында. Бұл адамның бүкіл әлеммен қарым-қатынасындағы құндылық бағдарларының жиынтығы, адам қызметінің мағыналы, мәнерлі жақтарына қатысты бағытталған бағдарлар" [5, 41].

Эстетикалық мәдениет стихиялық қалыптасу процесінің өнімі емес. Ол әрқашан өзін-өзі қалыптастыру объектісі ретінде бағытталған жеке белсенділікті қамтиды. Эстетикалық мәдениеттің дамуы, осылайша, жасөспірімнің ішкі әлемінің құндылық негіздерінің сипаттамасы болып табылады. Жасөспірімдер үшін музыкалық шығармамен қарым-қатынас көбінесе музыкалық мәтінді зерттеумен шектеледі, дәл осы деңгей шығармамен танысудың бірінші және жалғыз кезеңін білдіреді.

Егер біз жасөспірімдердің эстетикалық мәдениетін тәрбиелегіміз келсе, сенсорлық саланы, эмоцияны, шығармашылыққа деген ұмтылысты дамыту үшін жұмыс істеу керек. Музыкалық шығарманы түсінудің кілті сенсорлық салада жатыр, оны соңына дейін түсіндіру мүмкін емес, бірақ фольклорлық музыкасының құпиясын ашуға болады және қажет. Халық музыкасының музыкалық тілі өте ерекше. Ол әлемнің дәстүрлі бейнесінің маңызды ерекшеліктерін көрсете алады: кеңістік, уақыт, қоғам құрылымы. Музыкалық интервалдардың әртүрлі тіркесімдері апат немесе көмек сигналдары, мерекелердің басталуы немесе аяқталуы және т.б. музыкалық тілдің ерекшеліктерін әртүрлі ауызекі тілдермен салыстыруға болады, әр халықтың өз тілі және белгілі бір хабарламаларды жеткізуге арналған ерекше сөздері бар. [4,77]

Фольклордың алғашқы белгісі оның бифункционалдығын бөліп көрсету керек, бұл фольклорлық шығарманың практикалық және рухани функциясының ажырамас бірлігін білдіреді. Мысал ретінде практикалық, утилитарлық функцияны білдіретін баланы тыныштандыру және ұйықтату үшін айтылатын бесік жырын келтіруге болады. Тағы бір функция – бұл рухани, эстетикалық, тыныш, мейірімді интонацияда, бесік жыры орындалатын интонациялық-ырғақты біркеркілікте көрінеді. Сол сияқты, еңбек әндері немесе жоқтаулар мысалында бифункционалды белгіні қарастыруға болады. [3,57]

Дәстүрлі шығармашылығының негізгі қасиеттерінің бірі – оның ауызша әдеби тілінде. Фольклор ауыз халық шығармашылығы деп аталады, өйткені ол тек ауыздан ауызға беріліп, дамып өмір сүреді. Халық музыкасының авторлығы әдетте белгісіз, бірақ бұл оның өздігінен пайда болатынын білдірмейді. Халық әнін әрқашан біреу құрастырады, тек автор белгісіз болып қалады, өйткені бұл кәсіби композитор емес, қарапайым әнде өз ойлары мен сезімдерін білдірген қойшы, шаруа немесе қолөнерші. Содан кейін ән көптеген ғасырлар бойы әкесінен ұлына, анасынан қызына жеткізіледі.

Халық шығармашылығының тағы бір маңызды белгісі – полиэлементтілік немесе синкретизм, ол әртүрлі көркем және бейнелі элементтердің бірігуі, бөлінбеуі ретінде анықталады. Фольклорлық шығармалардың көпшілігі полиэлементті. Бұл ауызша және музыкалық құрамдас біріктірілетін синтезінде тұр. Фольклордың барлық негізгі көркем және бейнелі элементтері кездесетін музыкалық ертегі синкретизмнің бірдей үлгісі бола алады.

Фольклордың айрықша қасиеті – оның варианттылығы немесе суырып салма өнері. Белгілі фольклорист И.И.Земцовский варианттылықты "фольклордың жаны мен денесі" деп анықтайды, өйткені фольклорлық шығарманың ауызша және музыкалық мәтіні әр келесі орындаушы үшін әрдайым жаңа болып қалады. [4, 35]

Варианттылық өзін келесі ерекшелігінде көрсете алады: әуезді немесе ырғақты халық әнінің немесе ойынының, орындаушылық (динамикалық, екпіндік және т. б.) алуандылығында, дауыстар, шумақ санында, түрлі сүйемелдеуде және т. б.

Варианттылық дәстүр фольклормен тығыз байланысты. Көрсетілген нышан дәстүрлі халық шығармашылығы қолданылатын фольклорлық мерекелер кезінде, белгілі бір іс-әрекеттер мен рәсімдерде өзінің көрінісін табады.

Халық шығармашылығын ерекшелендіретін маңызды белгісі, оның ұжымшылдығы. Ал кәсіби өнердің халық шығармашылығынан ең құнды айырмашылығы оның өзіндік қасиеті. Фольклордың ұжымдылығы шығарманы құру процесінде, мазмұн сипатында да, оның орындау барысында көрінеді.

Бүгінгі таңда музыкалық-эстетикалық тәрбиенің ажырамас негізі – халықтың дәстүрлік шығармашылығы. Оқушылармен жұмыс жасауда халық музыкасын қолдану тәрбиелік және танымдық міндеттерді шешудің тиімді құралы болып табылады. "Фольклор" сөзбе-сөз ағылшын тілінен аударғанда халық даналығы дегенді білдіреді. Фольклор – бұл халық шығарған және бұқарада өмір сүретін поэзия, онда ол өзінің еңбек қызметін, әлеуметтік және тұрмыстық жағдайын, өмірді, табиғатты, мәдениетті және нанымын бейнелейді. Фольклорда халықтың көзқарастары, мұраттары мен ұмтылыстары, оның поэтикалық қиялы, ойлардың, сезімдердің, тәжірибелердің бай әлемі, қанау мен қысымға наразылық, әділеттілік пен бақыт туралы армандар бейнеленген. Бұл адамның сөйлеуін қалыптастыру процесінде пайда болған ауыз көркем шығармашылық. Қазақ музыкалық фольклорының мың жылдық тарихы бар. Орыстың ғалымы Г.Потанин кезінде: «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді»- деп айтқан еді. Шоқан Уәлиханов «Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы туралы ойлар» еңбегінде: «Дала халқы — қазақтар өзінің моральдық жағынан да, ой-санасы жағынан да отырықшы қара шекпендерден, татар, түріктен әлдеқайда биік. Поэзияға құмарлығы, әсіресе өленді шығарып айтуға құмарлығы — көшпенділердің айқын бір белгісі». Оның үстіне: «...Дала көшпенділерінің поэзия мен шынайы сезімділікке бейім болуына өмір бойы табиғат құшағында жүруі, жасыл желекті даланың, ашық аспанның көріністері мен көшпенділік тұрмысы әсер етпесіне кім кепіл?...»- деген ой тастаған еді.

Қазақ музыкасын, халықтық және кәсіби орындаушылық дәстүрлерді терең түсіну – бұл өз халқының тамырын білу. Өйткені, халық музыкасы тарихпен терең байланысы бар. Сондықтан музыкалық тәрбие – бұл музыка арқылы оқушылардың бүкіл рухани әлеміне және ең алдымен адамгершілікке әсер ету. Музыкалық мәдениет әрқашан адамзаттың даму тарихымен, қоғамдық-саяси формациялардың өзгеруімен байланысты, сондықтан ол өз уақытына сәйкес үнемі дамып отырады.

Адамзат қоғамының дамуындағы алғашқы кезеңінде музыкалық фольклор негізінен материалдық-практикалық функцияны атқарған және адамның өмірлік тәжірибесімен тығыз байланыста болды. Болашақта музыкалық өмір айтарлықтай күрделеніп, музыканың рухани маңызы арта түседі. Қазіргі уақытта кез-келген халықтың мәдениетінің ерекше, қайталанбас, ажырамас бөлігі болып табылатын фольклордың жандануы туралы көптеген әңгімелер, тіпті пікірталастар бар: қалай, қанша, қайсысы? Әр адам өмір сүретін нәрсенің тамырын білуі керек. Тамыры жоқ ағаш өледі, адамзат та сол. М.И.Глинка өз уақытында қанатты сөздер айтып еді: "Музыканы халық шығарады, ал біз, композиторлар, оны тек өңдейміз". Осы

пікірмен келіспеуге болмайды. Өйткені тек халықтың жан дүниесіне енген музыка өмір сүреді. Әрбір халық өздерінің музыкасына, мәдениетіне, дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына айтарлықтай сүйіспеншілікпен қарайды! Мәдениет адамдарды жақындастырады және биіктетеді, оларды рухани байытады. Кез-келген ұлттың музыкалық тілі аударманы қажет етпейді. Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, олардың дүниетанымы мен саяси көзқарастарына әсер ету арқылы біз жаңа адамды қалыптастырамыз. Халықтың дәстүрлі өнерінің байлығы-оның рухани байлығы, өйткені халық әндерінде адамның кеңдігі мен жомарттығы ғана емес, оның жеңілмейтіндігінің құпиясы бейнеленген.

Қазақтың дәстүрлі музыкасы қазіргі жасөспірімнің белсенді өмірлік ұстанымын тәрбиелеп, оған өмірде жоғары бағдар береді. Жалпы ұлттық музыкасының адамға әсері оның рухани мәдениетін байытудың тиімді құралы деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Халық музыкасы-мәдениеттің бай және алуан түрлі тәуелсіз саласы, оның дамуы ауызша дәстүрдің кез-келген музыкалық шығармашылығына тән қалыптасу заңдарына байланысты.

Фольклорлық музыканы зерттеу халық дәстүрлі ән мәдениетінің шынайы өмірлік мағынасына еруге және оның ұйымдастырушы күштерін түсінуге мүмкіндік береді. Дәстүрлік музыка, музыкалық фольклор халық өмірімен тығыз байланысты. Ата-бабаларымыздың өмірі, даңқты дәстүрлері әрқашан маңызды әлеуметтендіруші факторлардың бірі. Олар туралы қаншама әндер мен аңыздар, дастандар мен толғаулар шығарылған.

Оқушыларды бақылай отырып, балалар оларға ұсынылғанның бәрін жанына сіңіре беретініне көзіңіз жетеді. Халық музыкасының шеңберінде өскен жасөспірім сабырлы, мейірімді., классикалық, демек кәсіби еуропалық музыкада бала ойлы, парасатты, ақылды болып тәрбиеленеді. Ал "поп", "рок" музыкада жасөспірімнің жаргондық тілі дамып, босаңсыған, шорт мінезқұлықпен ерекшеленеді. Егер балалардың дағдыларын бақылайтын болсақ, онда келесі қорытындыға келуге болады: біріншісі әдемі ән айта алып, әуенді, ырғақты тыңдай алады; екіншісі, жоғарыда айтылғандармен қатар, көбінесе қандай да бір музыкалық аспапты меңгеріп, естігендерін таңдауға тырысады; үшіншілері – техникалық аппаратураны жақсы түсініп, онсыз ештеңе істей алмайтыны белгілі.

Музыка – оқушылардың рухани өмірінің ажырамас бөлігі; музыкалық әсерлердің алуантүрлілігі мен байлығы – баланың ерекше қабілеттерін дамытудың бірінші және міндетті шарты. Ән (әсіресе халық әндерін) айту - балалардың музыкалық іс-әрекетінің негізгі түрі. Музыканы қабылдау дағдылары ән айтуды үйренуде үлкен рөл атқарады. Сондықтан ең алдымен, балалардағы әрбір сабақтарда музыкаға деген эмоционалды жауаптылықты дамыту қажет.

Дұрыс таңдалған және көркем орындалған ән репертуары (әсіресе халық әні) бұл мәселені сәтті шешуге көмектесіп, жасөспірімдердің музыкалық қабілеттерін дамытып, ол арқылы музыкаға деген қызығушылығын, бейімділігін арттырады. Ән айту барысында оқушылар музыкалық тілді үйреніп, бірте-бірте әннің жанрлық негізін түсініп, тембрлік биіктік пен ырғақты өзгерістерді сезіну қабілетін дамыта алады.

Мектептің ең маңызды міндеті – бүгінгі оқушыларға халық, классикалық музыкасының сұлулығын сезініп қана қоймай, оны қоғамдық өмірдің фактісі ретінде қабылдауға үйрету. Сонда ғана тәлімгерлік пен басқалардың араласуынсыз, итермелеусіз және тәрбиелік кеңестерсіз адам өзін-өзі танытатын және жасампаздыққа шақыратын музыканы тыңдайды. Бұл керемет жолда ақылды, қамқор энтузиаст мұғалімдер тұруы керек, олар мектеп оқушыларын музыканың сиқырлы әлемін ашуға деген ұмтылыстарымен жігерлендіреді.

Жұмыстағы сәттіліктің негізгі кепілі - мұғалімінің музыкаға деген құштарлығы, оның ынтасы, ол басқа мұғалімдерді де, оқушыларды да саладан тыс қалдырмай, соның арқасында үздік шығармашылық ұжым пайда болады. Жұмыстың ұжымдық формаларын қолдана отырып, сонымен бірге әр баланың жеке басына назар аударып, оның өзіндік қасиетін ашып, музыкалық тілдің жетекші элементтерінің мәнерлі мәнін өз бетінше білуге көмектесу қажет.

Сонымен қатар оқушылар музыкалық сауаттылық және әншілік дағдылар саласында білім алады. Балалар фольклоры көптеген факторлардың әсерінен қалыптасады. Олардың арасында әртүрлі әлеуметтік және жас ерекшелігі бойынша топтардың, олардың фольклорының; бұқаралық мәдениеттің; күнделікті идеялардың және т.б. әсері бар.

Балалардың шығармашылығы жасөспірімдердің дамуында, атап айтқанда, оның көркемдік қабілетінде маңызды фактор ретінде қызмет ететін еліктеуге негізделген. Мұғалімнің міндеті, балалардың еліктеуге бейімділігіне сүйене отырып, олардың дағдыларын дамыту керек, өйткені онсыз шығармашылық белсенділік мүмкін емес, олардың бойында, осы білім мен дағдыларды қолданудағы белсенділікке, сыни ойлауды, ақыл дербестігін, зейінді қалыптастыруға тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жаста баланың шығармашылық іс-әрекетінің негіздері қаланып, олар ой-ниет оны жүзеге асыру қабілетінің дамуында, өз білімдері мен идеяларын біріктіре білуде, өз сезімдерін шынайы жеткізуде көрінеді.

Музыкалық фольклорда ойын қағидасы ерекше айқын көрінеді, өйткені ол синкреттік өнер, соның арқасында балалардың моральдық, эстетикалық, интеллектуалдық және физикалық потенциалын қалыптастыру шарттарының бірі ретінде қолданыла алады. [5,96]

Сонымен қатар бүгінгі жасөспірімдердің мазасыз жағдайын ескере отырып, балалармен сабақтарда қолданылатын халық өнерінің терапиялық әсерін атап өтуге болады. Өзінің көркемдік ерекшеліктеріне байланысты дәстүрлі музыка балаларға жақын, олардың түсінуіне қол жетімді, ол тәуелсіз іс-әрекетте жаңғыртады және бұл қанағаттану, қуаныш сезімдерінің пайда болуына ықпал етіп, балалар үшін эмоционалды қолайлы жағдай жасайды. Олар іс-әрекетті сәтті жүзеге асыру арқылы эмоционалды-позитивті сезімдерді күшейтіп, одан сенімділік пен онымен байланысты қуаныш сезімін арттырады. Көркем және шығармашылық, әсіресе, фольклорлық сипатта қызметпен айналыса отырып, балалар мұңлы ойлардан, реніштерден, қайғылы оқиғалардан алшақтайды. Сонымен, біз көріп отырғанымыздай, халық шығармашылығы, фольклорлық музыканы эстетикалық, адамгершілік, зияткерлік білім беруде ғана емес, сонымен қатар отбасылық тәрбиеде де қолдануға болады.

Ол үшін мұғалім мен отбасының бірлескен күш-жігерін ұйымдастырып, баланы қызықтыратын шығармашылық іс-әрекетке жағдай жасау; оқушының өзін-өзі бағалауына көмектесу; баланы өмірлік дұрыс таңдауларына жетелей отырып, таңдау еркіндігін қамтамасыз ету қажет. Ұлттық, дәстүрлі өнердің жалпыадамзаттық қасиеттерді қамтитын тағы бір маңызды жеке қасиеті бар. Ол адамгершілік тұтастығының негізін құрайтын рақым, мейірімділік сезімі. Жалпыға ортақ қайырымдылықтың да ұлттық астары бар, бұл сезім барлық асыл қасиеттердің тамыры болып табылады.

«Не дер екен мейірімі мол кісі:
Мейірбандық – кісіліктің үлгісі.
Есіңе ұстап мейірбанның нақылын –
Дәулет болар алсаң соның ақылын.
Мейірімнен шынайы леп еседі,
Соны бақсаң – дәреже, бақ өседі»

Жүсіп Баласағұни

«Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек - осы төртеуі кімнің бойында болса –
сол шын адам болады»

Шәкәрім

«Білімдінің сөзі — ем, мейірімі көп, өзі кең!»

Мағжан Жұмабаев

"Жақсылық жасауға асығыңыз!"- бұл латын үндеуінде шапағаттылық сезімінің жалпыадамзаттық Қасиеті сақталған. Мейірімді адамның, жанашырлық, аяныштық, басқа кісілерді құрметтейтін тереңірек түсінік, қамқор ете алатын, оны үстіне батылдық, жанқиярлық таныта алатын ерекшелігі бар.

Дәл осы асыл қасиеттерді балада қазақ халқының ұлттық шығармашылығы арқылы оңай тәрбиелеп, дамытуға болады. Мұғалім келешек ұрпақты халық музыкасы әлеміне, оның дыбыстық, эмоционалды және моральдық салаларымен таныстыратыны арқылы, олардың өмір бойы әлемге деген ішкі үйлесімді қатынасын анықтауға болады. Шынайы фольклор балалар өмірінің ажырамас бөлігі. Қарапайым өмірде оқыту процесі жасөспірімдерге байқалмай жүреді, ал арнайы ұйымдастырылған оқытуда халық шығармашылығын енгізу қажеттілігі туындайды. Халық әндерінде, дәстүрлерде, әдет-ғұрыптарда тәрбиеленген оқушылар нағыз азамат болып өседі деп сенгіміз келеді. Өскелең ұрпақты туған ұлттық музыкалық мәдениеттің қазынасына баулу, ұлттық руханиятты, адамгершілікті жаңғырту-мемлекеттік ауқымдағы міндеттерді шешу деген сөз.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Антоненко Е.Ю. «Память на высоте» как основа интонирования современной вокальной музыки // Искусство и образование. 2008. №3. с. 94–105.
2. Арановская И.В. Культурно-художественный аспект профессиональной подготовки будущего педагога-музыканта в высшей школе // Музыка и время. 2003. №4. с. 31–34.3. Эстетическая культура / отв. ред. И.А. Конигов; М.: РАН; Ин-т философии, 1996. 201 с.
3. Асафьев Б.В. Избранные статьи о музыкальном образовании и просвещении.- Л., 1987.- С.99-100.
4. Земцовский И.И. Проблема варианта в свете музыкальной типологии // Актуальные проблемы современной фольклористики.- Л., 1980
5. Эстетическая культура / отв. ред. И.А.Конигов; М.: РАН; Ин-т философии, 1996. 201 с.

МІНДЕТТІ ФОРТЕПИАНО САБАҒЫ: МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МУЗЫКА МЕКТЕБІНДЕ ТАЛАНТТЫ ДАМЫТУ

Акрамханова А.Н.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Музыка мектептеріндегі ең сүйікті және танымал пән – «Міндетті фортепиано» пәні. Оқушылардың оқу бағдарламасында фортепиано сабақтары бүкіл оқу барысында міндетті болып табылады, өйткені «кәсіби музыкант» ұғымының кешеніне осы аспапта шығармаларды орындау кіреді.

Оқу барысында мектептің әр оқушысы әртүрлі стильдер мен жанрлардың бағдарламалық туындыларын қамтитын жеткілікті күрделі репертуарды игере отырып, фортепианода жақсы орындаушылық дағдыларға ие болады.

Мектептің міндетті фортепиано бөлімінің тарихы. А.Жұбанов, дәлірек айтсақ, оның басталуы Халима Саминқызы Саминованың есімімен байланысты. Бір жылдан кейін бөлімше басшылығын Раппопорт Инесса Исааковна басқарды. Оның жетекшілігімен педагогтар Г.А.Алланазарова, Л.Б.Бурцева, С.З.Байсейітова, Г.И.Мансурова, Е.К.Иоаниди, Е.М.Лебель, Л.А.Воронова, И.Ж.Абикенова, М.Н.Иванова бөлімде оқу-әдістемелік және практикалық жұмысты ұйымдастырып, оқытудың нақты үйлесімді процесін жолға қойды.

Бірінші түлектер ұстаздық ізденістердің жоғары көрсеткішін айқындап, өз жемісін берді. Жұмыс тәртібі Мәскеу қаласындағы Орталық музыкалық мектептің бағдарламасы негізінде қолға алынды.

Бөлімнің куратор-жетекшілері Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының жалпы фортепиано кафедрасының оқытушылары Х.С.Саминова, Г.Д.Нейкова, И.С.Станишевскаялар болды. Олар сабақтарға қытысып, лекция оқып, тәрбие

сағаттарын жүргізді. Өз кезегінде бұл қадамдардың барлығы жас мамандарға зор пайдасын тигізе алды.

Сәтті басталған нәтижелі істі кейінірек Құрманғазы атындағы консерваторияның алдыңғы қатарлы педагогтары К.А.Господарь, Т.Л.Пылаева, Д.Д.Айдарханова, С.М.Молдашева жалғастырды. Одан кейінгі жылдары ұстаздар құрамы үнемі жаңарып отырды. Жоғарғы оқу орнын бітірген талантты жас түлектер еңбекке араласты. Олардың арасында Л.Н.Щербакова, Т.М.Ерназарова, Ш.Р.Душанова, Ж.О.Омарова, М.И.Дінішева, Б.Т.Төлегенова, Е.В.Шаповалова, Б.М.Токпанова, А.Б.Шорабаева, С.Ж.Мащанова, Л.В.Орымбаева, Э.Қ.Жолымбетовтер бар. Арнайы фортепиано бөлімінің ұстаздары Л.Л.Минкина, Е.С.Бабыкова, О.В.Коломийцева екі жұмысты қатар өрбітті. Г.К.Сапарова, Г.А.Ойнарбаева, Г.Т.Қожахметова, Б.Ә.Жүнісов және мектептің бұрынғы түлектері С.А.Мұхатжанова, Д.М.Самалдықова, С.Қ.Әбдірахманова, С.А.Абайділданова жас ұстаздар қатарын толықтырды.¹⁵

Музыкалық білім балалардың, әсіресе, дарындылардың талантын дамытуда шешуші рөл атқарады. Қазіргі қоғамда көптеген ата-аналар мен тәрбиешілер балаларын жан-жақты дамытумен, соның ішінде музыканы оқыту арқылы қамтамасыз етуге тырысады. Бұл мақалада біз мамандандырылған музыкалық мектептердегі міндетті фортепиано сабақтары жас музыканттардың талантын қалай дамытатынын қарастырамыз.

Фортепиано сабағының ерекшеліктері

Мамандандырылған музыкалық мектептерде фортепиано сабақтары ерекше тәжірибе болып табылады. Негізгі аспектілердің бірі – әр оқушыға жеке көзқарас. Оқытушылар әр баланың музыкалық қалауы мен талантын мұқият талдап, олардың әлеуетіне сәйкес келетін оқу бағдарламасын жасайды.

Сонымен қатар, фортепиано сабақтары тек техникалық оқытуды ғана емес, сонымен қатар шығармашылық ойлауды дамытуды да қамтиды. Балалар шығармаларды орындауды ғана емес, сонымен қатар музыканы эмоционалды түрде түсіндіруді үйренеді.

Фортепиано сабағын өткізу кезінде ескеруге болатын негізгі ерекшеліктерге қысқаша шолу:

1. Жеке тәсіл: фортепиано сабақтары әдетте жеке-жеке өткізіледі, өйткені әр оқушының өзіндік қажеттіліктері мен аспаптағы шеберлік деңгейі бар. Мұғалім оқушының деңгейін бағалап, сабақтарды оның қажеттіліктеріне бейімдеуі керек.

2. Орындау техникасы: фортепиано сабағының басты ерекшеліктерінің бірі – орындау техникасын үйрену. Мұғалім оқушыға қолдың дұрыс орналасуын, пернелерді басуды, фразировка мен фортепиано дағдыларын дамытуға көмектесетін басқа аспектілерді үйретуі керек.

3. Ноталарды оқу: фортепиано сабақтарына нота жазбаны үйрену де кіреді. Оқушы фортепиано пернетақтасында ноталарды оқуды және олардың мағыналарын түсінуді үйренуі керек. Бұл оқушыға әртүрлі музыкалық шығармаларды ойнауға көмектесетін маңызды дағды.

4. Музыкалықты дамыту: фортепиано сабақтарында оқушы өзінің музыкалық қабілетін де дамытады. Мұғалім оқушыға музыканы түсінуге және түсіндіруге, шығарманың эмоциясы мен жанын фортепианода орындау арқылы жеткізуге көмектеседі.

5. Тәжірибе: фортепиано сабағының маңызды ерекшеліктерінің бірі – тәжірибе. Оқушы орындау дағдыларын дамыту үшін үнемі жаттығулар жасап, жаттығуларды қайталауы керек. Мұғалім үй тапсырмасы мен өзін-өзі оқыту бойынша ұсыныстар бере алады.

¹⁵ <https://jubanov.kz/>

6. Репертуар: фортепиано сабағының маңызды бөлігі – әртүрлі музыкалық шығармаларды зерттеу. Мұғалім оқушыға шеберлік деңгейіне және музыкалық талғамына сәйкес келетін репертуарды таңдауға көмектеседі.

7. Қателерді түзету: фортепиано мұғалімі оқушының қателіктерін түзетуде маңызды рөл атқарады. Ол орындау техникасына мұқият болуы керек және оқушының дағдыларын жақсартуға көмекту үшін қателіктерді байқауы керек.

Бұл фортепиано сабағының кейбір ерекшеліктері. Әрбір оқушы бірегей және жеке көзқарасты қажет ететінін есте ұстаған жөн. Фортепиано сабақтары аспапта орындау дағдыларын, музыкалылық пен мәнерлілікті дамытуға көмектеседі, сонымен қатар музыка арқылы шығармашылық ойлау мен өзін-өзі көрсетуге ықпал етеді.

Оқыту бағдарламасы музыкалық теорияның негіздерінен бастап орындау техникасындағы шеберлікке дейінгі әртүрлі тақырыптарды қамтиды. Дегенмен оны шынымен бірегей ететін нәрсе – заманауи әдістер мен технологияларды пайдалану. Дәстүрлі тәсілдің орнына мұғалімдер балаларға материалды тиімдірек игеруге көмектесетін Интерактивті бағдарламаларды белсенді қолданады. Білікті ұстаздардың көмегімен әр сыныпқа, әр жылға арналған конкурстық бағдарламалар бекітіледі.

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық мектепте фортепианода оқыту бағдарламасы әдетте осындай оқушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып жасалған. Ол аспапта ойнау техникасын үйренуді ғана емес, сонымен қатар музыкалылық, музыкалық есту және шығармашылық ойлауды дамытуды қамтиды.

Оқу бағдарламасының негізгі аспектілерінің бірі-әр оқушыға жеке көзқарас. Мамандандырылған музыка мектебінің мұғалімдері жоғары кәсіби деңгейге және дарынды балалармен жұмыс істеу тәжірибесіне ие. Олар әр оқушының әлеуеті мен ерекше қабілеттерін анықтай алады және оқу бағдарламасын оның қажеттіліктеріне бейімдей алады.

Жоғарыда айтқандай, оқыту бағдарламасы сонымен қатар нота жазбаны, орындау техникасын, ансамбльде ойнауды және импровизацияны үйренуді қамтиды. Оқушылар ноталарды оқуды, музыканы түсінуді және түсіндіруді, орындау техникасын дамытуды және шығармаларды орындауға шығармашылықпен қарауды үйренеді.

Оқушылар білім мекемесінде орыс және Еуропа композиторларының шығармаларымен, сондай-ақ халық мұраларымен түбегейлі танысып, концерттік орындаушылық қырын дамытады.

Мамандандырылған музыкалық мектепте оқу бағдарламасының ерекшеліктерінің бірі – музыкалылық және мәнерлілікті дамытуға баса назар аудару. Оқушылар фортепианода ойнау арқылы музыканың эмоциясы мен жанын жеткізуді үйренеді. Бұл оларға музыкалық елестерін дамытуға және музыка арқылы өздерін көрсетуге көмектеседі.

Оқу бағдарламасының маңызды элементі концерттер мен конкурстарға қатысу болып табылады. Олар оқушыларға өз жетістіктерін көрсетуге және кәсіби мамандардан кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Бұл олардың дамуын ынталандырады және бәсекелестік пен өзара шабыт атмосферасын құруға көмектеседі. Тақырыптық концерттер ұйымдастырылып, түлектер өнер көрсетеді. Бөлім оқушыларының есептік кештеріне көпшіліктің назарын аудартуға тырысады.

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық мектепте фортепианода оқыту бағдарламасы кешенді және жан-жақты. Бұл оқушыларға өз талантын дамытуға және музыка саласында жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жеке көзқарас пен кәсіби оқытушылар құрамының арқасында бұл мектептер дарынды балалардың музыкалық әлеуетін дамытуға оңтайлы жағдай жасайды және олардың музыкалық саладағы армандары мен амбицияларын жүзеге асыруға көмектеседі.

Мамандандырылған музыка мектебіндегі оқу нәтижелері әсерлі. Жас музыканттар концерттер мен байқауларда сәтті өнер көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар әлемдік музыкалық қоғамда танылады. Бұл балалар тек фортепианода ойнап қана қоймайды, олар өз тыңдаушыларын шабыттандыратын өнер жасайды.

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық мектептерде оқитын оқушылар фортепианода айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Жеке көзқарас пен сапалы білімнің арқасында олар жоғары шеберлік деңгейіне жетеді де жергілікті және халықаралық деңгейде танылады.

Табыстың негізгі факторларының бірі – дарынды балалармен жұмыс істеуге маманданған жоғары білікті оқытушылар. Олар фортепианода және жалпы музыкада үлкен тәжірибе мен білімге ие. Оқытушылар әр оқушының үлгерімін мұқият қадағалап, олардың дағдыларын дамытуға және жетілдіруге көмектеседі.

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық мектептердің оқушылары көптеген концерттерге, байқауларға және фестивальдерге қатысады. Бұл оларға өз жетістіктері мен таланттарын аудитория алдында көрсетуге, сарапшылардан кері байланыс алуға және әріптестерінен өзара шабыт алуға мүмкіндік береді. Көптеген оқушылар беделді музыкалық байқаулардың лауреаттары мен жеңімпаздары болады, бұл олардың музыкалық шеберлігінің жоғары деңгейін растайды.

Оқушылардың жетістіктері байқауларда тануды ғана емес, сонымен қатар жеке орындаушылардың да, ансамбльдердің де кәсіби концерттерге қатысуын қамтиды. Олар көрермендер алдында белсенді өнер көрсетіп, өз өнерлерін көрсетуде. Олардың көпшілігі өздерінің альбомдарын жазады немесе оркестрмен бірге концерттер орындайды.

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық мектептегі оқушылардың нәтижелері оқу бағдарламасының тиімділігін және әр оқушыға жеке көзқарасты растайды. Оқушылар орындаушылық техникасының, музыкалық және музыкалық түсініктің жоғары деңгейіне жетеді. Олар өздерінің шығармашылық қабілеттерін дамытады және өздерін музыка арқылы көрсетеді.

Бұл жетістіктер оқушылар үшін ұзақ мерзімді әсер етеді. Олардың көпшілігі жоғары музыкалық оқу орындарында білімін жалғастырады немесе кәсіби музыкант болады. Басқалары өздерінің дағдылары мен білімдерін өмірдің басқа салаларында музыканы өзін-өзі көрсету және тұлғаны дамыту тәсілі ретінде қолданады.

Осылайша дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыка мектебіндегі оқушылардың нәтижелері мен олардың фортепианодағы жетістіктері әсерлі. Оқушылардың сапалы білімі, жеке көзқарасы мен таланты арқылы олар жоғары нәтижелерге қол жеткізеді және музыкалық қоғамда танылады.

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық мектепте оқушылардың фортепиано тәжірибесінің кейбір аспектілері:

1. Оқу қарқындылығы: дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыка мектебіндегі оқушылар әдеттегі мектептермен салыстырғанда сабақтар мен дайындықтардың қарқынды кестесіне ие. Олар фортепиано, музыкалық теория және тарих бойынша қосымша сабақтарға қатыса алады, сонымен қатар басқа музыканттармен бірге шеберлік сабақтары мен жаттығуларға қатыса алады.

2. Жетілдірілген техникалық дағдылар: дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыка мектебіндегі оқушылар көбінесе фортепианода техникалық шеберліктің жоғары деңгейіне жетеді. Олар легато, стоккато, аккорд, арпеджио мен арпеджиато, жылдам темп, ауыспалы ырғақ және т.б. сияқты күрделі ойын әдістерін үйренеді.

3. Музыканың әртүрлі стильдерін зерттеу: дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыка мектебінің оқушылары фортепианода музыканың әртүрлі стильдерін, соның ішінде классикалық, заманауи, джаз және басқаларын үйренуге мүмкіндік алады. Бұл олардың музыкалық репертуарын кеңейтуге және музыка туралы кеңірек білімге ие болуға көмектеседі.

4. Концерттер мен байқауларға қатысу: дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық мектептегі оқушылар концерттерде белсенді өнер көрсетеді және музыкалық байқауларға қатысады. Бұл оларға өз дағдылары мен таланттарын

көрермендер алдында көрсетуге, сарапшылардан кері байланыс алуға және сахнада орындау тәжірибесін алуға мүмкіндік береді.

5. Басқа музыканттармен ынтымақтастық: дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық мектепте оқушылар ансамбльдерде, оркестрлерде және басқа ұжымдарда жұмыс істей алады. Олар басқа музыканттармен қарым-қатынас жасауды, орындаушылықты синхрондауды және музыкалық өзара әрекеттесуді дамытуды үйренеді.

6. Кәсіби мүмкіндіктер: дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыка мектебін бітірген көптеген оқушылар өздерінің дағдылары мен білімдерін кәсіби музыкалық мансапқа қолданады. Олар жоғары музыкалық оқу орындарына түсе алады, кәсіби музыкант, фортепиано мұғалімі бола алады немесе өз жанынан музыка шығарып жаза алады.

Бұл дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық мектепте оқушылардың фортепиано тәжірибесінің кейбір аспектілері ғана. Әр оқушының өзіндік даму және жетістік жолы бар және бұл мектептер оларға музыка саласындағы таланты мен әлеуетін барынша арттыруға көмектеседі.

Оқушыға жұмысқа деген сүйіспеншілік пен адалдықты ояту үшін оның осы жұмыста жұмыс істеуге деген ұмтылысы болуы өте маңызды. Өз көрсетілімдерімен, автор туралы, шығарманың өзі туралы әңгімелерімен, жазбаларды тыңдаумен және т. б. мұғалім оқушының қызығушылығын оятады.

А.Д.Алексеев айтқандай, «Сыныптағы шығармалармен жұмыс жасау оларды тыңдау және орындау туралы ескертулер айту ғана емес. Оқушының мұғалімнің қатысуымен қажетті дыбыстылықты іздеуі, форманың жақсы көрінуіне, жақсы педализацияға қол жеткізуі және т.б. бұл жұмыс барысында орындаушылық идея біртіндеп нақтыланып, оған дейін жеткілікті түрде естілмеген жеке мәліметтер анықталады. Сонымен қатар тек осы жолмен жұмыс жасаудың негізгі принциптерін іс жүзінде үйрету және әртүрлі қиындықтарды жеңу мүмкіндігі туындайды.»¹⁶

Дарынды балаларға арналған міндетті фортепиано сабақтарын ұсынатын мамандандырылған музыкалық мектептер – бұл шығармашылық пен музыкалық қабілеттерді дамытудың нақты орталықтары. Әр баланың даралығын дамыта отырып, олар әлемдік музыкалық мәдениетке үлес қоса алатын болашақ музыканттарды жасайды. Біз мұндай сабақтар тек оқу емес, әр балаға музыкалық сиқырдың шынайы ашылуы деп санаймыз.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Алексеев А.Д. «Методика обучения игре на фортепиано», изд. «Музыка», 1978 г.
2. Башенова Н.В. "Методика обучения фортепиано одаренных детей"
3. Зубова Е.А. "Фортепианное мастерство: преподавание одаренных детей"
4. Коваленко М.В. "Преподавание фортепиано в специализированных музыкальных школах"
5. Сайт Jubanov.kz

ҚАЗАҚ КҮЙЛЕРІНІҢ БАЯН АСПАБЫНДА ОРЫНДАЛУЫ (А.М.ГАЙСИН ӨНДЕУІ МЫСАЛЫНДА)

Какімбай Ғ. Ж.

Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

Қазақстандағы гармонь аспабының жаңғыртылған түрі баян аспабының елімізде алатын орны ерекше. Көптеген салада мысалыға: оркестрларда, ансамбльдерде, орындаушыларды сүйемелдеуге тағы көп өнер салаларында қолданыста жүр. Аспаптың

¹⁶А.Д.Алексеев «Методика обучения игре на фортепиано», изд. «Музыка», 1978 г.

жерімізде таралу кезеңдеріне тоқталсақ, аспап көп қарапайым адамдардың ойынша ресей елінде пайда болып сол жақтан бізге келген деген тұжырымдар жасайды. Бұл ойлары дұрыс емес екенін мына бір ақпарат арқылы түсіндірсек, «Сырлы сырнай мұрасы» атты еңбекте автордың көптеген зерттеулер тұжырымы бойынша баян аспабының көне түрі яғни гармонь немесе ауыз гармоньы ең алғаш 1822 жылы деп айтады дүниге келеді... Ал, қол гармоникасын ойлап тапқан Фридрих Бушман. 1830 жылы жазда тулалық қару жасаушы Иван Сизов Нижегородск жәрменкесінен аспапты сатып алып, оның көшірмесін жасап шығарады. [1, 3]. Міне, осы кезден бастап Тулада жаппай гармоника жасау қолға алынады. Осы оқулықта жазылғандай ең алғашқы бұл өнертапқыш неміс шебері болады. Осыдан ары қарай орыс халқында гармоника дамып шыңдала түседі. Гармоника қазақ жеріне ән-жыр шумақтарын орындауға сүйемелдеуші аспап болып пайда болды. Алғашында бізге татар гармондары деген атпен пайда болған қол гармондарын сүйемелдеуші аспап ретінде ұсыныла бастады. Аспаптың құрылымына тоқталсақ сырнай көне қамыс сырнай аспабының үніне ұқсас болып келеді, ортасындағы көрікке ауа жиналып дыбыс шығарғыш арқылы қысыммен үн береді. Зауре Смакованың кітаптарында жазылған мәліметтерге сүйенсек сырнай деген атаудың гармоникаға берілуі қазақ жеріндегі «Сыр» сөзі ол құпия немесе жұмбақ деген мағына берсе, «Най» сөзі біршама аспаптардың аталуына байланыстыра аламыз. Қорыта келе, «Сырнай» деген атау құпия сырды сазды әуенмен жеткізу деген тұжырымға келеміз. Ол кездердегі әнші-жыршыларымыздың сырнайларының құрылымы орындаушыға жеңіл болу үшін қарапайым болып келеді. Себебі орындаушыға әнді орындау барысында ауырлық тудырмау үшін аспапта қосымша тембр ауыстыратын регистрлары, выбыр қатарына ауыстыратын түймешіктер сияқты қосымшалары жоқ болды. Тек ән орындаушыға қолайлы қарапайым оң жақ қолында ән әуенін орындауға ыңғайлы қатарлар және сол қолында даяр аккордтары болды. Осы сырнаймен көптеген қазақ әнші-жыршылары Майра Уалиқызы, Әміре Қашаубаев, Шашубай, Нартай сияқты мәдениет майталмандары өнер көрсеткен. Міне осылайша қазақ жерінде қазір баян-сырнай деген атпен танылған бұл аспап мәдениетімізге осылайша сіңісіп кетті.

Қазір елімізде аспапты тек ән-жыр орындаушылардан ғана емес, сонымен қатар жекелеген классикалық шығармаларды орындаушыларынан, оркестрлер мен ансамбльдер құрамынан көре аламыз. Аспаптың таралуын үш кезеңге бөліп қарастыра аламыз, біріншісі, өткен ғасырымыздың 60 жылдары. Бұл кезеңде аспап жоғарыда айтқандай ән және жыр шумақтарын орындағанға сүйемелдеуші аспап болып таралды. Екінші кезең 80 жылдардан бастап көптеген ансамбльдер «Сазген», «Мұрагер», «Адырна», «Ақжелен» және тағы басқаларының құрамындағы қазақ аспаптарының полифониялық үнінен баян-сырнай аспабыныңда қайталанбас тембрін тыңдай аламыз. XX ғасырдың 60 жылдарынан бері қарай қазақстанда баян аспабымен кәсіби түрде айналысатын тұлғалар пайда болды. Ең алғашында кәсіби түрде айналысуға репертуарлардың аздығынан Константин Ошлаков қазақ ән-күйлерін баян аспабына өңдеп жазып репертуарды толықтыру жұмыстарымен айналысты. Өзінің алғашқы шәкірттері Федор Легкунец пен Валентин Басаргиндермен бірігіп көптеген өңдеулер жасады. Осы уақыттан бері қазақ ән-күйлерін баян аспабына өңдеу мәселелерімен көптеген өңдеушілеріміз әлі күнге дейін тоқтаусыз өз жұмысын жасауда. 80-90 жылдары өңдеу жұмыстарымен өте жоғары кәсіби мамандар айналыса бастады олардың қатарында: Досмұхаммед Тұяқбаев, Анатоли Гайсин, Сүйінген Сейтханов, Охан Абдуллаевтар болатын. Бұлардың өңдеу жұмыстары қазақ жерінде сол жақ қолының құрылымында термелі түймелердің пайда болуымен тікелей байланысты болды. Осы өңдеулердің арқасында баян аспабындағы орындалатын қазақ музыкаларының соның ішінде күй әуендерінің деңгейі біршама көтерілді. Бір ескере кететін жетістік 1982 жылы Гамбург қаласында өткен XXXV халықаралық баян-аккордеоншылардың «Кубок мира» байқауында қазақ күйшісі Құрманғазының «Адай» күйі орындалды және осы сәттен бастап көптеген республикамыздағы және халықаралық байқауларда «Адай» күйі арнайы орындалуға тиіс шығармалар тізіміне жатты. Міне осылайша қазақ күйлері қазірге дейін тоқтаусыз баян аспабында орындалып тыңдармандарын таң қалдыруда.

Баян аспабы қазақ дәстүріне кіргеннен бері өзінің көптеген жаңа қырларын күй өңдеулері арқылы аша түсуде. Баян аспабында ең алғаш домбыра үнін ұқсату мақсатында А.Ахметов тремола тәсілін қолдана білді. Кейін А.Гайсиннің көптеген қазақ күйлері өңдеулерінде тремоламен қатар рекошед тәсілдері қолданылып келеді.

Қазақ халқының көне тарихи өнері ол – күй. Күй қазақ халқы үшін өте қымбат құндылық. Ежелден келе жатқан тарихи байлығымызды қазіргі уақытта сан түрлі аспаптармен елімізбен қатар алуан түрлі шет елдердің сахналарында орындап жүр. Атап айтсақ қазақтың домбыра, жетіген, қобыз, сыбызғы сияқты аспаптарымен қатар Европадан келген фортепиано, скрипка сияқты шекті аспаптар және түрлі үрлемелі аспаптарменде орындалуда. Осылардың қатарында өзінің айрықша қайталанбас орнын алған аспап – баян.

Баян аспабында қазақ күйлерінің орындалуы жайлы тоқталуымыздың бірден-бір себебі қазіргі уақытта аспапта күй репертуарының айрықша өсуі және оны орындаудағы ерекшеліктер. ХІХ ғасырдың соңғы жылдарында аспапта қазақ күйлерін өңдеу ерекше қолға алынғанымен оны орындап тыңдарманға жеткізу қандай жолдармен яғни әдістермен болатынын өңдеушілер ұсына білмеді. Домбыра аспабында орындалатын қандай күйді алсақта өзінің тембрлік ерекше бояуы, акустикалық дыбысталуы ерекше болып келеді. Күй өңдеулерін дәл домбырадағыдай жеткізу әсте мүмкін емес екені бәріне белгілі болғанымен, бірақ күй дыбысын ұқсата орындауға әрбір аспап орындаушысы тырысады. Оның мысалы А.Затаевичтің мына бір сөздерінде көрсетілгендей: «... все кюи, исполняемые на фортепиано, по скупой двухголосной записи, звучат гораздо беднее, чем то же двухголосие на домбре, по-видимому, силу разницы акустического свойства, обертонов и комбинационных тонов. И для того, чтобы передать на фортепиано производимые звуками домбры впечатление «грандиозного в миниатюре», партию фортепиано приходится расширять».[2, 5] Бұл мысалдарды фортепиано аспаптарын айта отырып келтіргенімен баян аспабында да дәл осындай. Домбыра аспабында орындалатын қарапайым екі дыбысты күйді баян аспабында дәл сол қалпында орындаса аянышты тыңдарманды жалықтыратын күй орындалады. Сол себепті баян аспабында ойналатын күйді мәнеріне жеткізіп оны құлпыртып орындау үшін оған қосымша аккордтар немесе жеке партиялар жазу өңдеушіге алғашқы қатарлы жүктелетін жұмыстардың бірі. Мысал ретінде баян аспабында өңделген танымал қай күйді алсақта домбыра аспабында орындалғандай тек екі дыбыста орындалмайды кемінде 3-4 октавалық қосымша дыбыстар арқылы жүреді. Сөзіміздің дәлелі ретінде еліміздегі баян саласында емес жалпы музыканттарға танымал болып жүрген А. Гайсиннің Құрманғазының «Адай» күйін алайық. Бұл өңдеуде бастапқы кіріспесінің өзінде екі қолымен D нотасын 4 октавада А нотасын қоса отырып өте қатты дыбыспен бастайды және ескере кететін жағдай баян аспабында дыбыстың қатты немесе ақырын жұмсақ шығу мақсатында регистрлар батырмасын қолданады. Бұл мысалды келесі суреттен көре аласыздар:




Суретке мән берсеңіздер бірінші аккордтың өзінде 7 нотадан тұрадын күрделі аккордпен басталып отыр.

А.Затаевичтің жоғарыдағы сөзінде оқығандарыңыздай күй басқа аспаптарда орындалу үшін оған күрделі аккордтармен қосымша партиялар қосып оның үнін байыту керек. Адай күйін баян аспабына өңдеу барысында көптеген тәсілдер қолданылған олар: мехпен қолданылатын тремала мен рекашедтар, штрихтың сан алуан түрлері және көп дыбыстылық тепе теңдікті бақылау сияқты әдіс-тәсілдерді қолдана білген.

Адай күйін негізінен екі сағалы төкпе күй ретінде қарастырамыз. Күйдің кіріспе бөлімінде домбырада екі дауыста жүретін қарапайым интервалға баян аспабында орындау

барысында сол қолында бас регистрмен жоғарғы выбыр батырмасынан d,a-d,g ноталары арқылы аккордпен күш береді. Бұл бөлімде тағы мән беретін жағдай күйдің екпінін жоғалтпау мақсатында домбырадағы төменгі қағысқа сол қолдағы аккорд партиялары жүргізілген. Тағы ескеретін тәсіл осы бөлімдегі негізгі темадағы треольды тремалалар. Бұл тремалаларды білезік (Кисть) көмегімен көрсетседе болады, бірақ тремала әдісі арқылы шыққан треольдар тыңдаушыға ерекше әсер қалдыратынын ескергеніміз жөн. Келесі суреткезер салсақ:




Бұл суретте домбырада орындалатын партияны оң қолда және оған қоса күйді сәндеп оған тамаша үн беру мақсатында автор сол қолға жеке бөлек партия жазған. Бұл жердегі треольдарды тремала әдісімен орындауға тыйым салынған себебі сол қолдағы партия өз күшінде болу мақсатында.

Келесі бөлім кіші саға. Кіші сағада баян аспабында тремала әдісін көрседуге көп назар салынған. Ал дыбысталу, тыңдаушыға естілу тұрғысынан баян аспабында екі қолдада тема жүреді яғни келесі суретте көрсетілгендей:



Регистрде тутти батырмасы тыбысты өте жоғары шығару мақсатында басылады, Н нотасынан басталатын бас партиясы сол қолда және оң қолда сол партия екі октавада оған қоса ең жоғарғы А нотасы ұсталып тремала ойналынады. Тремала тәсілі бір нотаны арты артынан сегіз рет шығару мақсатында қолданылады. Егер тремала тәсілін қолданбай тек партиядағы ноталарды ұзақтығына қарай созып қана ойнаса, домбырада орындалғандай әсер бермейді, бұлай орындау шекті аспаптарымыз қобыздарда ойналғандай сезім сыйлайды. Келесі суретте:




Регистр фагот батырмасына ауысады және сол қолдағы партия скрипқалық кілітке ауысады. Фагот регистрінде ойналатын шығармалар тыныштықты талап ететіндіктен бұл партияда да дыбыс үні пианоға кетед және сол қолда нонлигато штрихында D нотасынан октавалық алмасулар жүреді. Кішкене өзгертілулермен осы партия тағы қайталанып бірінші саға аяқталады. Бірінші сағаның соңындағы бас буындағы қайдалауда сол жақтағы партияда

тек бірінші қағысқа емес басындағы үш нотағада беріледі, себебі күйдің сағадан шығу сәті форте болу мақсатында. Күйдің келесі бөлімі келесі сеуретте көрсетілгендей жүреді:




Яғни бірінші саға мен екінші сағаны жалғаушы бөлімдегі бір ерекшелігі сол қолда көрсетіледі. Сол қолдағы партияны тыңдаушыға естірту арқылы көрерменге жақсы әсер қалтыра аламыз. Келесі бөлім күйдің екінші сағасы. Суретте көрсетілгендей:



Суретке мән беріп қарасақ екінші саға тек бір қолға яғни оң қолға ғана арналып жазылған. Неге? Себебі екінші сағада рекашед тәсілін қолданады. Баян аспабында рекашед тәсілін қолдану үшін сол қолда партия ойналынбай керісінше сол қолды көріктің (Мех) жоғары жағына қойып рикашед тәсілін жасау орындаушыға ыңғайлылық тудырады. Бұл штрихты орындау барысы 4 элементтен тұрады. Біріншіден рикошетті орындау барысында көрік (мех) түгелімен жабық болу керек. 1-ші элементте көрікті (мех) ноталарды немесе аккордты басқан сәтте ашады – 2-ші элементте жабады жапқан сәтте көрік желге толады жәнеде көріктің астыңғы бөлігі ашылады – 3-ші элементте ашық тұрған көріктің жоғарғы бөлігін оң жақ бөлікке соғады – 4-ші элементте кері қайта ашылады, осылайша арты артынан

қайталау барысында керемет квартольдар шығады. Міне байқасаңыздар осындай тәсілдермен домбыра аспабына арналып жазылған керемет те күрделі күйлерді баян аспабында орындау көптеген білім мен тәжірибені талап етеді.

Суретте рикошеттің орындалуы көрсетілген:



Қазақ халқы ежелден дарынды, өнерге бай халық. Қазіргі алпауыт техника, кәсіпорындар, түрлі өндірістердің дамыған шағында ел құндылығы күй өнерін жоғалтпай керісінше оны түрлі аспаптармен орындап өзге елдерге таратып жатқан өңдеуші өнерпаздарымыз жетерлік. Баян аспабында өңделіп жатқан түрлі қазақтың ән-күйлері қазіргі таңда талай биік сахналарда орындалып жүргенін көзбен көріп құлақпен естіп жүрміз және бұл өнерімізді одан арықарай дамытуға өз үлесін қосу әрбір аспапқа өңдеуші өнер азаматына міндет дейміз.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Сырлы сырнай мұрасы. Оқу құралы / Смакова З., Спатаева Ж., Мейрманов Н. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2021. – 160 бет
2. Смакова З. мен Д. Тұяқбаевтың «Пособие по аранжировке казахских кюев для баяна»
3. Гайсин Г.А.: Аккордеон в России: особенности национальной аккультурации // Ярославский педагогический вестник – 2013 – № 1 – Том I (Гуманитарные науки) (201-205 бет)

ПИАНИСТ ТЕХНИКАСЫ. ФОРТЕПИАНО БӨЛІМІ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АППАРАТЫНДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ АРДЫ ӘДІСТЕРІ

Кадырханова Р.К., Сенбиева Г.С.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Музыканттың еркіндігі - оның ішкі күйі, бірақ ол сыртқы жағынан да айқын көрінеді. Көрнекі түрде ол жоғары сапалы дыбыспен байланысты кездейсоқ, тегіс, табиғи қозғалыстар, толық пластика және мәнерлілік түрінде қабылданады.

Бүкіл әлемде орындаушы музыканттар мен мұғалімдер орындаушылық еркіндікті тәрбиелеу, техникалық әдістер мен дағдыларды үйрену, орындаушының немесе оқушының бүкіл денесінің өз аспабына үйлесімді және табиғи бейімделуіне үлкен мән береді.

Бұл тақырыптың өзектілігін асыра бағалау қиын, өйткені аспаппен, оны иелену өнерімен танысу бұлшықет сезімдерімен, өзін, ағзаны «есту» қабілетімен танысудан басталуы керек. Әр мұғалімнің аспапта ойнаған кезде баланың жағдайына, атап айтқанда, оның музыкант ретінде дамуына назар аударуы қаншалықты маңызды. Орындаушылық

аппаратты еркін меңгерместен нағыз жоғары көркемдік орындаушылыққа қол жеткізу мүмкін емес, оған, тіпті, музыка мектебі аясында да ұмтылу керек.

Сәтті Орындаушы музыкантқа назар аудара отырып, біз аспапта ойнау өте оңай және қарапайым деген сезімге ие боламыз. Әрине, біз мұның артында үлкен жұмыс жатқанын түсінеміз. Бірақ құпия неде?

Біз жиі «Сен қысылып ойнайсың, өзіңді босатып орында» - дегенді естиміз немесе айтамыз. Бұл нені білдіреді? Демалу керек пе? Бұл негізгі қателіктердің бірі, өйткені еркін ойын босаңсу емес, жоғары үйлестірілген қозғалыстар (яғни, ең аз физикалық шығындармен орындалатын қозғалыстар). Еркіндік пен босаңсу туралы осы екі ұғымды нақты ажырату керек, өйткені еркіндік – бұл әрекетке дайын болу, ал босаңсу – «өлі тыныштық».

Босаңсу жағдайы оқушының жалқау, еріксіз, мінезсіз орындауына әкеледі.

Әдістемелік әдебиеттерде кездесетін «еркіндік» күйінің сипаттамасы мұғалімдерге практикалық жұмыста әрдайым көмектесе бермейді. Бір жағынан, «бостандық» термині көбінесе басқа ұғымдардан ерекшеленбейді, екінші жағынан, оған әртүрлі мағына салынады, үшіншіден, мұғалімдердің жұмысына теріс әсер ететін қате түсініктер бар.

Г.Нейгауз «бостандық» күйін түсіндіре отырып, қажетті қозғалысқа «икемділік, серпімділік, еркіндік» қасиеттерін берді: «Мен кейде метафоралардың, бейнелердің және салытырудың барлық түрлерімен орындаушыға еркіндіктің не екенін түсінуге және сезінуге көмектесуге тырыстым. Мен бүкіл қолды иықтан саусақтардың ұшына дейін аспалы көпірмен салыстырдым, оның бір ұшы иық буынына, ал екінші ұшы пернетақтадағы саусаққа бекітілген. «Көпір» икемді және серпімді, ал оның тіректері берік және тұрақты. Мен дәл осы көпірді кейде барлық бағытта тербелуге мәжбүр боламын. Осы қарапайым тәжірибені істейтіндер бүкіл қолдың қозғалысында икемділік, серпімділік пен еркіндік қаншалықты мол болатынына сенімді болады» (Г.Нейгауз).

Барлық музыка – шиеленіс пен құлдыраудың, ауырлық пен жеңілдеудің ауысуы – бұл орындаушылық процестің негізі болуы керек болғандықтан, музыкадағы босаңсудың қай жерде және қалай мүмкін және орынды екенін білу маңызды.

Оқушыларға қатысты мұғалім оқушының жағдайын көре білуі, талдай білуі, оған не кедергі болатынын түсінуі, сезінуі, қажетті заттарды уақытында ұсыну үшін қандай қозғалыстар қолайсыздықтар туғызуы керек. Тек босаңсыған қолдар еркін орындауға жарамды деп санайтын мұғалімдер үлкен қателік жібереді. Керісінше, бұлшықет тонусы немесе тіпті күш, төзімділік сияқты қасиеттер туралы айту орынды.

Пианист техникасы

Пианист техникасы дегеніміз не? Көбінесе техника дегеніміз – гаммалардың, арпеджиолардың, этюдтер мен жаттығулардың шебер, еркін ойнауы, фортепианода орындаудағы жылдамдыққа, күшке, төзімділікке қатысты; техниканың қажетті қасиеттері, әдетте, орындаудың тазалығы мен анықтығы ретінде танылады.

Алайда бұл көзқарас өте шектеулі. Шын мәнінде, пианист техникасы бала-оқушы сіздің сыныбыңызға кірген сәттен бастап, сіз оны аспаптың алдына отырғызған сәттен бастап, пернені бірінші - дұрыс түртуден басталады және пианисттер өмір бойы жалғасады.

Фортепианода ойнауды ерте балалық шақтан үйрену, 6-8 жастан бастап қабылданғаны кездейсоқ емес, бұл ең алдымен техниканы бейімдеп алу қиындықтарымен байланысты.

Оқушыларда техникалық жетілуге тәрбиелеу – бұл міндет, оны қою және шешу қажет.

Негізгі қондырғылар – орындаудың табиғилығы, ойын әрекетіне бүкіл қолды, білекті, иықты қосу. Алайда, Ф.Шопен *non legato* жаттығуларын бастаған, онда саусақтар қолдың ең ыңғайлы, табиғи күйінде болады. Жаттығу оқушының қолын бес нотаға қоюдан тұрды: ми, фа-диез, соль-диез, ля-диез, си-диез (си-диез орнына си болуы мүмкін).

Шопен бұл бес нотаны қатарынан легатосыз ойнауға мәжбүр етті (бұл тәжірибесі жоқ бастауышта шиеленісті, қысылуды тудыруы мүмкін), бірақ жеңіл портаменто ретінде білектің қатысуымен, әр буынның толық икемділігі мен еркіндігін сезіну үшін. Бұл қарапайым әдіс орындаушыны аспаппен бірден достасуға, фортепиано мен пернетақтаның бөтен емес және қауіпті машина емес екенін сезінуге мәжбүр етеді. Оның орнына жақын,

қымбат және түсінікті, сүйіспеншілікпен және еркін қарым-қатынаста адаммен кездесуге баратын, гүл арамен жақындасуды қалағандай және оған өзінің тозаңын беруге қарсы емес адам қолымен жақындасуды қалайтын жаратылыс (Генрих Нейгауз).

Оқытудың алғашқы кезеңдерінде жұмыс музыкалық және техникалық болып бөлінеді. Кейінірек барлық музыкалық жұмыс техникалық жұмыс болып табылады, ал кез-келген техникалық жұмыс музыкалық жұмыс болып табылады, яғни гаммаларды ойнаудағы техникалық даму музыкалық және дыбыстық міндеттерден бөлінбеуі керек. Гаммаларды, арпеджиоларды, этюдтерді зерделеу кезінде бір мақсат – саусақ айқындығына, жылдамдыққа қол жеткізу қойылмауы керек. Сондай-ақ, музыкалық дамуға, есту қабілетін өзін-өзі бақылауды тәрбиелеу, атап айтқанда - дыбыстық, фразалық, икемділік мәселелеріне назар аудару керек, өйткені көркем шығармаларды орындау кезінде, егер жоғарыда айтылғандарды ескермесеңіз, ыңғайсыздық, бұрыштық және мылжыңдық пайда болуы мүмкін.

Пианисттің техникасы жеке, әркім өзінің көркемдік ниетін білдіру үшін өз техникасын жасайды. Фортепиано қабылдаудың дұрыстығының ең жоғары критерийі-дыбыстық нәтиже. «Техника... музыкалық ерік-жігерсіз – бұл мақсатсыз қабілет, ал өз алдына мақсат бола отырып, ол өнерге қызмет ете алмайды» (Иосиф Гофман).

Пианист ішкі қауесетпен не іздейтінін елестетуі керек, шығарманы тұтастай және егжей-тегжейлі «көруі» керек, оның стилистикалық ерекшеліктерін, мінезін, қарқынын және т.б. түсінуі керек. Баяу және қатты жаттау қажеттілігі қаншалықты пианистті музыкадан алыстатса да, ол әрқашан өзінің алдында музыкалық идеалға ие болуы керек. Идеалды назардан тыс қалдырмаңыз; әрқашан мазмұнды орындауға ұмтылу-бұл техникамен жұмыс істеудің негізгі қондырғысы. «Не істеу керек екендігі неғұрлым айқын болса, оны қалай жасау керекі де айқын» (Генрих Нейгауз)

Заманауи техниканың негізі – пернетақтамен байланыс деп аталады. Пернетақтамен байланыста саусақтың ұшымен еркін басқарылатын қолдың пернемен үздіксіз байланыс сезімін түсіну керек. Қолдың салмағын пернеге бағыттай білу, бос қолдың салмағын дыбыс шығару кезінде қолдана білу. Бірақ біз «еркіндік» деп атайтын нәрсе бұлшықет кернеуінің болмауы емес, қозғалысқа кедергі болатын артық кернеулердің болмауы.

Кантиленадағы пернетақтамен байланыс бір, гамма тәрізді пассажда – басқа, аккордтарда – үшінші болады. Бұл әрекеттің өзгеруі фортепиано ойынының әртүрлі әдістерін құрайды. Бастапқы жаттығулар – нон легато. Басынан бастап дыбыстың әуезділігіне ұмтылыңыз, бұл пернетақтаға сүйенбестен мүмкін емес.

Пианисттің қолдары ойнау кезінде жұмыс істейді. Бұл жұмыс, басқалар сияқты, қажетті шиеленіссіз орындалмайды. Фортепианода ойнайтындар белсенді саусақ соққысын пернетақтадағы пианистикалық бос қолдың тірегімен үйлестіруді үйренуі керек. Бұл комбинацияны меңгеру әрқашан оңай және ауыртпалықсыз бола бермейді.

Мұнда педагогикалық шеберлік пен табандылық қажет. Егер оқушының орындауында пернетақтамен байланысы жоқ болып анықталса, оны орнату жұмысын дереу бастау керек. Бірқатар өзара байланысты жаттығуларды қолдану қажет. Ең дұрысы – жылдам бір дауысты тізбектер, кантиленалық әуендер және аккордтар. Осы жаттығуларды қарастырмас бұрын, кез-келген фортепиано жаттығуларының бір маңызды шартын еске түсіру керек: орындаушының есту зейіні әрдайым есту бақылауында болуы керек.

Дыбыстық нәтиже – пианисттік әдістің дұрыстығының ең жоғары критерийі. Жақсы дыбыс, шебер орындалған техникамен тығыз байланысты, орындаушыға ыңғайлылық, жеңілдік сезімін береді. Біреуінің екіншісіз болуы сирек ерекшеліктер түрінде ғана мүмкін және өте қысқа.

Фортепианода ойнаған кезде мықты саусақтар қажет. Белсенді, күшті саусақтар пианист техникасының барлық алуан түрін алуға негіз болады. Саусақ немесе «шағын» техника деп аталатын, фортепиано техникасының ең көп уақытты қажет ететін түрі. Саусақ жаттығулары, «баяу және қатты» орындау – бұл техникалық жұмыс принциптерінің бірі. Ол монополиялы болғанда, пианист пен оның орындағаны сөзсіз топас және ақымақ болады. Сондықтан саусақтарыңызды нығайту үшін саусақтарыңызбен ойнау керек. Саусақтар

өздігінен әрекет етеді – қол бос қалады. Саусақтың соққысы қолдың қысылуына әкелмеуі керек. Өте баяу қарқынмен жаттығу жасау керек. Басында әр қолмен бөлек. Материал ретінде гаммалар, этюдтер, орындайтын шығармалардағы техникалық жылдам және күрделі бөліктер бола алады.

Пайда болған ғылыми дәлелдерге сүйене отырып, музыканттар қолдар мен саусақтардың қозғалысын мидың белгілі бір орталықтары басқаратынын түсінді. Дәл осы жерден қолдар орындайтын «бұйрықтар» келеді. Сондықтан, техникалық жұмыста сәттілікке жету үшін, ең алдымен, осы бұйрықтардың өзі объективті техникалық тапсырмаға сәйкес келетініне көз жеткізу керек. Демек, орындау процессі ең алдымен психикалық процесс, содан кейін ғана физикалық процесс. «Жаттығу – бұл ең алдымен ақыл - оймен жұмыс істеу», - дейді Ф.А.Штейнгаузен. Мұндай ақыл-ой жұмысы музыкалық және моторлық дарыны болған кезде жоғары техникалық жетістіктерге, яғни фортепиано тарту процессінде біздің физикалық табиғатымызды ақылға қонымды, орынды ұйымдастыруға әкеледі.

Жаңа шығарманы үйрену кезінде техникалық жұмыс басталмас бұрын мүлдем айқын дыбыстық сурет болуы керек. Шығармалармен, этюдтермен, гаммалармен жұмыс істеу кезінде дыбыстың сипатын, оның күшін, тембрін, әртүрлі фактуралы қабаттардың арақатынасын, қарқынын нақты елестету керек. Оқушыларда әрдайым дыбысқа, оның сапасына назар аудару, соның ішінде гаммалар мен этюдтерді үйрену кезінде тәрбиеленуі керек.

Гаммаларда динамикалық тегістікпен жұмыс істеу керек. Дыбыстар арасындағы кедір-бұдырларды болдырмау үшін пассаждағы дыбыстарды «биіктік бойынша» құру керек. Ең маңызды талап – қарқынын білу.

Оқушылар өздерінің мүмкіндіктеріне байланысты және автор көрсеткен белгілеу шегінде біршама үлкен немесе аз болуы мүмкін нақты қарқынға ұмтылуы керек. Өйткені, шынайы қарқынмен орындау мақсат болып табылады. Сол үшін барлық жоба жұмыс орындалады.

Аппликатура

Күнделікті жұмыста пианистер ең қолайлы позициялар мен қол қимылдарын іздеуге міндетті. Саусақты таңдау да техникалық жұмыста маңызды. Саусақты саналы түрде таңдау керек – осы қарапайым талапты оқушылар жиі ұмытып кетеді. Ең алдымен, редакциялық және әсіресе авторлық нұсқауларды мұқият зерделеу қажет.

Саусақты таңдауға арналған нұсқаулық ретінде Нейгауз жақсы тұжырымдаған принциптер бола алады. Ол ең жақсы аппликатура деп «бұл музыканы ең дұрыс жеткізуге мүмкіндік беретін және оның мағынасына дәл сәйкес келетін» санайды. Оның айтуынша, бұл «көркем адал аппликатураның жоғарғы принципі». Тағы бір бағынышты қағида «пианисттің жеке ерекшеліктері мен ниеттеріне байланысты берілген қолға аппликатураның ыңғайлылығы принципі» болады.

Аппликатураны жылдам қарқынмен ойнау арқылы таңдау керек. Егер қандай да бір үзінді күмән тудырса, сіз оны аздап жаттап, бір, содан кейін басқа аппликатурамен жылдам қарқынмен сынап көруіңіз керек, оны алдыңғы және кейінгі үзінділермен байланыстырыңыз. Егер аппликатура қанағаттандырса, оны жазыңыз. Тәжірибесі бар пианисттер басқа оқушылардың көп бөлігінен айырмашылығы дәл осылай жасайды. Бір сөзбен айтқанда, жақсы аппликатура – күрделі техникалық мәселе. Оны табу мүмкіндігі тәжірибемен келеді, ал тәжірибе саналы жұмыс процесінде жинақталады.

Фортепиано бөлімі оқушыларының аппаратындағы проблемалар және оларды жою әдістері

Фортепиано техникасы пианистке әртүрлі талаптар қояды: ол өте қатты және өте тыныш, жұмсақ және өткір ойнай білуі керек, жеңіл, терең және шулы дыбысқа қол жеткізуі керек.

Пианисттің жұмысындағы басты шарт-бүкіл дененің еркіндігі, қолдың, арқаның қозғалыс еркіндігі.

Аспаптың алдына дұрыс отыру бірдей маңызды. Дұрыс отырудың көрсеткіші, ең алдымен, қолданылатын қозғалыстардың ыңғайлылығы, еркіндігі және ұтымдылығы болып табылады. Тым алысқа отыру қолдың пернелерге қысымын қолдануға мүмкіндік бермейді, ал тым жақын болу шынтақтың корпустың артына түсуіне әкеледі. Бұл білектің, иықтың қозғалғыштығын шектейді, бірақ иық қолды барлық қимылдарымен «жетелейді»: көлденең және тік. Қолдың, саусақтардың, корпустың қозғалыс еркіндігін, сондай-ақ дұрыс отырғанға үнемі көңіл бөлу керек және, әрине, осы дағдыларды бекіту үшін жаттығуларды қолдану керек.

Фортепиано оқушыларының аппаратындағы кемшіліктерді ескере отырып, біз олардың кейбіріне тоқталғымыз келеді:

Қысылу мәселесі аккордты немесе дыбысты тікелей «алу» алдында пайда болатын қол мен саусақтардың бекітілуіне байланысты туындайды.

Бекіту – қолды, саусақтарды дайындау – белгілі бір сападағы дыбысты шығарудың маңызды шарты. Бірақ, бекіту бір сәтке созылатынын ескеру қажет. Дыбыс немесе аккорд алынғаннан кейін саусақтар мен қол шиеленістен босатылады.

Қолдың қысылуының тағы бір себебі – қолды лезде босаңсытуға болатын үзінділерден «тірек нүктелерін» таба алмау, яғни біз айтқандай «демалу». Кез-келген музыкалық фразаның өзіндік динамикалық орталығы бар, немесе К.Игумнов айтқандай, «орталық түйін» динамиканы барлық басқа дыбыстар инерция бойынша, «дем шығарғанда», осы уақытта қол демалады.

Оқушыны шиеленісті жеңілдетуге қалай үйрету керек? Одан аккордты пернетақтаға терең «алуын» сұраңыз, содан кейін саусақтарыңызды пернемен түсірмей, оқушының білегіндегі еркіндікті тексере отырып, қолыңызды босаңсытыңыз.

Қысылудың себебі «техника» мен музыкалық сурет арасында байланыс болмаған кезде техникалық тапсырмалардың музыкалық міндеттерден бөлінуі болуы мүмкін.

Егер оқушы шығармада пассажды орындай алмаса, бейнелі салыстыру жасау керек. Содан кейін пассаж әлдеқайда еркін орындалады.

Қысылудың негізгі факторы – оқушының пернетақтаның үстіндегі қол қозғалысының еркіндігіне және пернетақтаға «сүйенуге», «сүнгуге» қабілетсіздігіне үйретілмеуі.

Қолдар мен корпусты босату жаттығулары:

1. Соңғы квинтаға тірелген бес дыбыстан тұратын қозғалысы (мүмкіндігіне қарай екі қолмен):

Міндетті шарт - бүкіл қолдың және тіпті дененің салмағын қолдану. Бұл жағдайда дыбыстың тереңдігін есту арқылы бақылау. Мұндай дыбыс шығаруды «қол тірегімен» салыстыру пайдалы.

2. Дыбыстарды октава арқылы алу, соңғысында - бүкіл қолмен және денемен «батыру». Қолды босатуға көмектеседі:

3. Дыбыстар арасындағы диапазонды ұлғайту, яғни қозғалыс еркіндігін одан да көп үйрету арқылы қолдың ұзындығын арттыру.

Қиындық: сол жаттығуларды квинталармен, үшдыбыстылықтармен ойнаңыз. Бұл екі мақсатты көздейді: аккордтың берік жабылуын, жақсы доғаны, биік қойманы, сондай-ақ бүкіл қолдың еркіндігін дамытады.

Атақты фортепиано мұғалімі А.Д.Артоболевская «Музыкамен алғашқы кездесу» оқу құралында қолдың және бүкіл дененің еркіндігіне үнемі назар аудара отырып, ойын аппаратын қоюдың егжей-тегжейлі сипаттамаларын береді және оқушыны алғашқы орындау дағдыларына дайындайтын бірқатар гимнастикалық жаттығуларды келтіреді.

Қорытынды:

Үнемі назар аудару, сабақтардың жүйелілігі, әртүрлі материалдар, талапшылдық, мұғалімнің шыдамдылығы, репертуардың шоғырлануы – бұл қажетті нәтижелерге қол жеткізуге болатын критерийлер.

Сонымен қатар әдетте, жалпы физикалық дамумен бірге баланың қолдары да күшейеді, ал әлсіз саусақтардың күшеюі оқушылардың өсуіне қарай біртіндеп жүреді. Біздің

ойымызша, орындаушылық аппаратты босату, пианисттік қозғалыс еркіндігі бойынша жұмыс – бұл ең негізгі талаптардың бірі әр мұғалімнің назарынан тыс қалмауы керек.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Артоболовская А. Первая встреча с музыкой. Учебное пособие. Москва, «Советский композитор» 1992г.
2. Гнесина Е.Ф. Подготовительные упражнения к различным видам фортепианной техники. «Композитор. Санкт – Петербург» 2010.
3. Гофман И. Фортепианная игра. Ответы на вопросы по фортепианной игре. М., Классика XXI, 2002.
4. Зайцева Т. Макарова Л. Техника пианиста. Штрихи и интонация Издательство «Композитор» Санкт-Петербург, 2016.
5. Нейгауз Г. Об искусстве фортепианной игры Москва Музыка 1988.
6. Николаев А. Некоторые вопросы развития фортепианной техники М., 1965.
7. Очерки по методике обучения игре на фортепиано. М. Музыка, 1965.
8. Цыпин Г.М. Обучение игре на фортепиано. М.: Просвещение, 1984.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Балтабаева Ф.А.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Музыкалық тәрбие және білім беру балалардың музыкалық қабілеттерін мақсатты және жүйелі дамытуды, эмоционалдық көңіл-күйді, музыкалық өнердің мазмұнын түсіну және терең сезіну қабілетін қалыптастыруды көздейді. Музыкалық білім беру мен тәрбиелеудің маңызды қорытындысы оқушылардың жалпы мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Болашақ мұғалімнің педагогикалық қызметтің кәсіпқойлығын қалыптастырудағы заңды кезеңдердің бірі ретінде білім, білік және дағды жинақтауы бұл жоғары оқу орнындағы оқу үрдісінің өзі болып табылады.

Музыкалық тәрбие әдістемесін меңгеру үшін мектеп бағдарламасына музыка неге енгізілгенін, музыкалық өнердің тәрбиелік мүмкіндіктері қандай екенін білу маңызды.

Музыкалық тәрбие мен білім берудің ерекшелігі-музыкалық білім беру процесінде жеке тұлғаның жеке басын дамытудың тәсілдері мен құралдарымен қатар оқушылардың ұжымдық орындаушылық шығармашылығының әртүрлі түрлерін қалыптастыру жолдарының маңызы зор.

Музыкалық тәрбие ой-өрісін, сезімнің эмоционалдық мәдениетін, адамгершілікті қалыптастыру құралы болып табылады және музыканың өнер түрі ретіндегі ерекшелігіне, оның мазмұнының ерекшелігіне негізделеді.

Музыка қозғалыстағы, даму динамикасындағы шындықты көрсетеді. Ал бұл қозғалыстың орталығы-оның ойлауы, қабылдауы бар адам. Музыкалық өнерді талдау кезінде ассоциативті ойлау мәселелеріне ерекше орын беріледі.

Бүгінгі қоғам талабына сай, жоғары оқу орындарының, музыкалық педагогикалық білім беру орындарының алдында тұрған маңызды міндет – кәсіби орындау шеберлігі қалыптасқан, ой өрісі жаңашыл, терең білімді, дүниетану мәдениеті жоғары, өз бетімен жұмыс істеуге бейімделген музыка мұғалімдерін дайындау.

Мектептегі музыка мұғалімінің басты мақсаты – оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру. Оқушыларға көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбиені халықтың ұлттық мәдени мұрасымен байланыстыра отырып

дамыту, көркемдік талғамын тәрбиелеу, өнер шығармаларын сүйіп, туған табиғатын, оның байлығын қастерлеп бағалай білуге қабілеттерін қалыптастыру.

Музыка адам өміріндегі белгілі бір орын алатын өнер түрі. Музыка — өмірге деген құштарлықты оята алатын, өмірге өзгеріс енгізе білетін, керек болса тарихты қалыптастыратын акустикалық дыбыстар жиынтығы болып табылады. Музыканы өнер түрлерінің патшайымы деп атасақ артық болмайды. Адамзат баласының сөзбен жеткізе алмайтын ішкі дүниесінің тұңғық сырларын музыка толық жеткізе біледі. Ол біздің өміріміздің бір бөлігі болып табылады, себебі, үйлесімді гармониялық дыбыстар, біздің ең жақын достарымыз сияқты қайғырғанда қайғымызды жеңілдетіп, қуанғанда қуанышымызды көбейте түседі.

Музыка – адамзаттың рухани азығы, жан серігі және өзінің көркемдігі, нәзіктігімен адам жанын баурап, олардың жақсы мінез-құлықтарының қалыптасуына әсерін тигізеді. Өсіп келе жатқан жас буын, жас ұрпақтың рухани байлығының іргетасы қалай қаланса, мемлекеттің болашағы, өмірге деген ынта-жігері сондай болмақ. Қоғамның даму үрдісі қандай болса, мектептің сана деңгейі де сондай болатыны бесенеден белгілі! Өркениеттілік мектеп балаға, бала-мектепке деген көзқараспен өлшенеді.

Музыка өнері – әр ұлттың ертеден келе жатқан мәдени талғамының бір арнаға құйылып асқақты күйімен өрбіп, дамып отыратын көптеген ғасырлық үнінің жемісі. Жеке тұлғаны жан-жақты білімді, өнерлі етіп тәрбиелеуде адамгершілікке, жоғарғы сана-сезімді етіп тәрбиелеуде ата-аналар, мектеп қауымы арқылы іске асады. Жастарды өскен ортасын сүйеге, олардың бойына қазақ халқының дүниежүзілік мәні бар тарихи жемісін бағалай білуге баулу керек. Бүгінгі өскелең өмірдің талабы оның көтеріп отырған проблема өзегі ата-ана қауымының педагогика, психология, медицина, этика, эстетика, ғылымының салаларынан дәйекті білім алып, болашақ қоғам мүшесі болатын, жан-жақты білімді, саяси сауатты, өнершіл тұлға болып тәрбиеленуінде ата-ана жоғарғы сатыда орындауға дайын болу керек. Адамды тәрбиелеу ілімі жеке адамды жан-жақты дамуымен қатар, оның дүнитанымдылығын, жоғарғы идеялы салалығын еңбекке саналы көзқарастың, адамдық даму принциптеріне берілген.

Музыка қозғалыстағы, даму динамикасындағы шындықты көрсетеді. Ал бұл қозғалыстың орталығы-оның ойлауы, қабылдауы бар адам. Музыкалық өнерді талдау кезінде ассоциативті ойлау мәселелеріне ерекше орын беріледі. Ассоциативті ойлау композиторлық және орындаушылық өнердің бейнелілігін, мәнерлілігін анықтауға көмектеседі. Музыкалық шығарманың мазмұны музыканың идеялық және эмоциялық түсінігі біздің ойымызға түрткі болады.

Өнер бізді өз идеяларымен еліктіре алады, бірақ тек эмоционалды түрде ғана. Өнерден туындаған эмоциялар-бұл сезімнің ерекше түрі-көркемдік эмоциялар. Олар психиканың жоғары қызметін, ойлау қызметін талап етеді. Музыкамен қарым-қатынас жеке тұлғаның рухани қалыптасуына, оның өзін-өзі танытуына мүмкіндік береді, музыкалық қызметтің ұжымдық түрлері (хор, аспаптық) музыкалық-шығармашылық қызметке қатысу сезімін тууға және дамытуға, музыкамен қарым-қатынас барысында олардың бірігуіне ықпал етеді.

Музыкалық білім эстетикалық сезімнің, талғамның, көркемдік қажеттіліктің, сұлулықты сезінудің, өнердегі және қоршаған өмірдегі үйлесімділіктің қалыптасуына ықпал етеді. Осыған байланысты, музыка пәнінің мұғалімі алдында оқушыларды отандық және әлемдік музыка мәдениетінің жауһарларына тарту, онымен қарым-қатынас жасауға деген мұқтаждықты қалыптастыру, музыкалық ой-өрісін кеңейту, музыкадағы сезімге, ой-өрісіне эмоциялық және эстетикалық тұрғыдан қарауға тәрбиелеу міндеті тұр.

Музыка өнерінің көрнекті зерттеушісі, әйгілі сазгер Д.Б.Кабалевский «Балалар музыканы нақ мәнінде қабылдап, ол туралы терең ойға беріле алғанда ғана ол өзінің эстетикалық-танымдық және тәрбиелік рөлін атқара алады» дейді. Тәрбиенің пәрменділігі мектептің балаға мінез-құлықтың пайдалы дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру туралы қаншалықты қамқорлық жасауына байланысты. Ал оған музыка сабағы бірден-бір негіз бола алады.

Оқушылардың бойында жалпы адамзаттық қалыптармен гуманистік, моральдық (қайырымдылық, ізгілік, өзара түсінушілік, ізеттілік, кішіпейілділік, адалдық және т.б.) тәрізді жасампаз қасиеттерді сіңіріп, олардың өзара қарым-қатынас мәдениеті мен зерделік-танымдық қасиеттерін дамытуға ерекше мән беруіміз керек. Жалпы адамзатқа тән ізгілік қасиеттер өз әке-шешесін, ауылын, отанын сүюден, ұлттық өнер мен мәдениетке осы музыка сабағы арқылы күй-халық мәдениетіне баулудың бірден-бір құралы.

Қазіргі таңда музыка өнерінің түрлерін, олардың әрқайсысының жалпы ерекшеліктерін жаңаша технологияға салу – бүгінгі күн талабы. Музыкалық білімді жүйелі түрде дамыту барысында ұлттық сана иірімдері айқындала түсуде.

Мектептерде музыка тарихына жете назар аударылып, оқушының музыка жөніндегі тірек білімдеріне нақты кәсіптік білім талаптарын қойып отыр. Мысалы, музыка тілінің құралдары (нотаны меңгеру, дыбыстық жүйе, ырғақ, қарқын, динамика, тембр т.б.) бөлініп, өмірбаяндық мағлұматтар, жекелеген авторлық шығармалардың туу тарихы, шебер орындаушылардың музыкалық шығарма мазмұнына өзіндік стиль, мәнер қосу жақтары талданылып үйретілуде. Біріншіден, оқушылар күй жанрларын мақсатты, жүйелі меңгеру арқылы, өздерінің музыкалық білім қорын жетілдіруге мүмкіндік алады. Екіншіден, оқушылар күйдің көркемдік бейнелілігінен құнды адамгершілік, эмоционалдық-рухани әсер алып, олардың мазмұндарына еліктейтіндей бейнелер тауып, музыкалық-рухани сезім, талғампаздық қажеттерінің қалыптасуына жағдай жасалды. Үшіншіден, игерген музыкалық білім қорын практикада пайдалана алатындай мүмкіндіктер дамытылып отырды.

Қазақ халқы, музыканы өзінің тұрмыс-салттарында толығымен пайдаланады. Өмірде болып жатқан оқиғалардың бір де біреуі музыканың қатысуысыз өтпейді. Дүниеге келген нәрестенің тәрбиесі «Бесік жыры» арқылы музыкалық дыбыстарды қабылдаудан басталады. Жаңа отбасы құрылысымен оны ортаға жар-жарлап шақырса, тойбастар мен тойға шашу әндері той тарқағанға дейін үзілмейді. Сөйтіп сыңсу, беташар, той тарқарларсыз қазақтың тойлары өтіп көрген емес. Қазақ халқының музыкаға жақындығы, қайтыс болған кісіні жоқтау айтып шығарып салатындығынан да айқындалады. Одүниеліктің артында қалған туғандары, жоқтаудың мазмұнын әлдеқайда мән-мағыналы, әуенін үйлесімдірек айтса, ол адамның арғы дүниеге армансыз аттанады деген ұғым қалыптасқан [2, 36 б.].

Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда жоқтау айтып, ішіндегі эмоциясын сыртқа шығару, ішіндегі ойларын ашық, дауысын шығарып жылау ішкі күйзеліске ұшырамаудың бірден-бір жолы болып келеді. Ал естірту салтының мақсаты қайғылы сәттерде отбасын сүйемелдеп, туыстық жәрдем беріп, адам өмірінің маңыздылығын көрсету. Естірту жанры домбыра қобызда орындалатын күйлерге де тән. Музыкалық фольклор-ұлттық рухани мәдениеттің құрамдас бөлігі десек артық болмайды. Әрине, айта беретін болсақ қазақ халқы еңбек туралы, наным-сенімдерге байланысты, тұрмыс-салттарға байланысты, ойын-сауықтарға және т. б. өмір болмыстарына байланысты музыкаға жүгінуі, музыка өнерінің адам психикасына тигізетін ықпалының жоғарылығын мәлімдейді.

Музыканың өмірді өзгерте алатындығы жайында қазақ халқында және басқа халықтарда көптеген аңыз әңгімелер бар. Ол әңгімелердің негізі — адам айта алмайтын сөзді, ойды, музыка арқылы жеткізу. Қазіргі кезде «музыкалық психология», «музыкотерапия» деген ұғымдар пайда болуда. «Музыкалық психология» ғылым ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Ғылымның негізін қалаушы Людвиг Герман Фердинанд фон Гельмгольц болды. Ал адамзат тарихы бұл ұғымдардың пайда болуына дейін сан ғасырлар бұрын өнердің, оның ішінде әсіресе музыканың құдыретті күшін, психологиялық әсерін тиімді пайдалана біліп, өмірді көркемдеп әсерлейтін, рух-жігер беретін қырларын жадында сақтайды. «Музыка – адамзаттың әмбебап тілі», -деп XVIII ғасырда америка ақыны Генри Лонгфелло айтып кеткен. Музыканың адам психикасына тигізетін әсері де зор. Жоғарыда келтірілген Владимир Маяковскийдің сөзі XX-шы ғасырдағы музыканың тікелей көмегімен орын алған тарихи құбылыстар мен төңкерістерді сипаттайды.

XIX-XX ғасырларда орын алған төңкерістерде «массовая песня» жанры пайда болады. Бұл жанр халықтың психикасына шабуыл және алға жетектеуші күш екенін халық

басшылары айқын түсінген. Әрине, бұл құбылыстар сол уақытта психология, философия ғылымдарының дамуымен тікелей байланысты. Ұлы француз төңкерісін жеңіске әкелген «Марсельеза» мен «Интернационал» әндері, орыс төңкерісінің жеңіске жетуінің бірден-бір себепшісі деп айтуға толықтай негіз бар. Орыс төңкерісінен бұрын атақты орыс ақыны Герцен былай дейді «Егер де кім де кім жүйкелік күйзелісте және күрестен бұрын пайда болатын тербеліспен, бес мың дауыспен айтылған «Марсельезаны» естімесе, ол төңкеріс әуенінің құдыретті әрекетін түсіне алмас». Осы сөзге мән берсек бес мың жанды баурап ала алатын ән – есте сақталатын әуен, салтанатты темп арқылы көпшілікті күреске шақырудың ең тиімді жолы болып келетіні хақ. Капиталистік елдерде «Интернационал» әні класстық таптардың қарама-қайшылықтарына келіп соқтығыстырды.

1912 жылы ақын, «Интернационал» әнінің авторы Эжен Потьенің өлгеніне 25-жылдығына орай В.И.Ленин: «Бұл ән барлық европалық және европалық емес тілдерге аударылды. Саналы еңбекші қандай да бір шет елде бола қалса, тағдыр тәлкегіне ұшырап өз елін жоғалтса, және де сол жерде тіл білмей, таныс таппай өзін бөтен де тағатсыз сезінсе-ол «Интернационал» әнінің таныс әуені арқылы өзіне дос және жолдас таба алады» [2, 18-б.].

«Әрбір адамның туған анасынан басқа төрт анасы, туған тілі, туған жері, туған дәстүрі, туған тарихы болуы керек» - деп М.Шаханов айтқандай, өз елінің тілін, дінін, руханимузыкалық мәдениетін білген адам, біртіндеп әлемдік мәдениетті үйренеді. Бұл қасиет ананың әлдиімен, әженің ертегісімен, отбасында әңгімелермен бала бойына дарытыла отырып, музыка сабағында кеңінен жалғасса, сол арқылы ата-бабаларымыздың асыл музыкалық мұрасына қызығушылық пен сүйіспеншілік тәрбиеленеді деп ойлаймын.

Музыка – күшті эмоционалдық әсерге ие, ол адамның жақсы сезімін оятады, оны жоғары және таза етеді. Ол өнердің бір түрі бола отырып, оқушыларға жалпы музыка өнерінің ерекшелігін тануға мүмкіндік береді. Бір өнер түрінің табиғатын көріп, оны басқа түрлермен салыстыра отырып, балалар олардың ортақ және ерекше екенін анықтай алады.

Жалпы білім беретін мектептің музыка мұғалімінің басты міндеті қандай? Музыка мәдениетінің жолсерігі бола отырып, музыка пәнінің мұғалімі оқушылардың музыкалық тәрбиесіне жауапты екенін сезінуі тиіс.

Бүгінгі таңда музыка пәнінің мұғалімі тек педагогикалық функцияны ғана емес, ағартушылық қызметті орындауға арналған, өйткені қазіргі оқушыға сана-сезімді емдейтін, талғамды дамытатын және барлығына қарсы тұратын псевдокультураның қуатты ағыны-мектептегі музыка сабағының басты міндеті. Ағартушылық қызмет тәрбиелік міндеттерді іске асыру үшін іргетасқа айналады.

«Мұғалім мамандықтың күрделілігі, «мұғалім» ұғымына және «музыкант» ұғымына кіретін элементтердің тығыз өзара байланысы қажеттілікпен анықталады, оның әрқайсысы көпқырлы» – деп жазған, белгілі педагог О.А.Апраксина.

Музыка пәнін мұғалімі оқу-педагогикалық қызметін жүргізеді, көзқарастарды, сенімдерді, қажеттіліктерді, талғамдар мен идеалдарды қалыптастыруға қатысады. Ол өз пәнін жақсы білетін кең білімді адам ғана емес, осы сөздің жоғары қоғамдық мағынасында жеке тұлға болуы керек.

Балаларды музыкалық өнер құралдарымен тәрбиелеуде, оның көзқарастары, нанымдары, дүниетанымы бірінші дәрежелі мәнгі ие».

Мұғалімдерде көптеген рөлдер бар, бірақ олардың барлығы бір-біріне сәйкес келеді: балаларды үйлесімді ұстауға және дамытуға, шығармашылық тұлғаны дайындауға бағыттайды. Музыкант-педагогтың кәсіби қызметі көбінесе өзіндік жұмыстың сапасы мен әртүрлілігіне байланысты болады, өйткені онда өзінің жеке қасиеттеріне, жеке табиғи мүмкіндіктері мен қабілеттеріне, мақсаттары мен қондырғыларына сәйкес алынған білім, білік пен дағды кеңейтіледі, бекітіледі, жетілдіріледі және түзетіледі.

Педагогикалық мамандық кез-елген мамандық мұғаліміне көптеген талаптар қояды. Өзінің педагогикалық қызметінде мұғалім әдіскер, тәрбиеші және психолог ретінде бір мезгілде әрекет етеді және бұл одан арнайы дағдыларды, білім мен іскерлікті меңгеруді талап етеді.

Музыка мұғалімі тамаша музыкант, музыкалық аспапты, дауысты жақсы меңгеруі, жұқа музыкалық есту қабілеті болуы, парақтан оқу дағдыларын меңгеруі, импровизациялауы тиіс. Бұл қасиеттердің барлығы оның қызметінің сапасы мен табысын анықтайды.

Балаларды тәрбиелеуде музыкалық-теориялық дайындық маңызды. Музыка тарихын білу, музыкалық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарын білуге мүмкіндік береді. Жан-жақты музыкалық дайындық болашақ педагогқа өз пәнін білуін береді. Мұғалім қарым-қатынас өнерін меңгеруі керек, өз сөзін басқара білуі керек. Музыка сабағы жағдайында әндерді орындау, музыкалық шығармаларды тыңдау және оқушылардың басқа да іс-әрекеттері мұғалімнің әңгімесімен сүйемелденуі тиіс.

Мұғалімнің беделі оның талапшылдығына және оқушыларға қамқорлық жасауға байланысты. Олар әрдайым мұғалімнің көмегі мен қолдауын, оның көңілін және жылы қарым-қатынасын қажет етеді, онсыз сабақты сапалы әрі табысты өткізу мүмкін емес.

Мұғалімнің шығармашылығы, оның педагогикалық табыстары мектептегі алғашқы дербес қадамдардан басталады. Педагогикалық шеберлікті меңгеру одан өзінің артықшылықтары мен кемшіліктерін, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі жетілдіру қабілетін білуді талап етеді. Мұғалімдердің жан-жақты байлығы, ақыл-ойы, білімі, жұмыс істеуге деген ынтасының қалыптасуына әсер етеді.

Бүгінгі күнде әрбір адамның көңілінен шығатын музыкалық стильдер мен бағыттар бар. ХХІ ғасыр музыкасы түрлілігімен ерекшеленеді және жеке тұлғаның талғам талаптарын толығымен қамтамасыз етеді. Бұл еркіндік адамдардың ой еркіндігінің белгісі болып табылады. Классикалық музыка, альтернативті музыкамен қатар дамып, өз тыңдаушысын табуда. Бірақ, қаншалықты жанрлар мен стильдер ұсақталса, соншалықты халықтық психологиясы да сенімсіз позицияда тұрғанын байқаймыз. Түйіндей келе, өскелең ұрпақтың дүниетанымын тереңдетуге, жан-жақты ізденуіне қазақ әндерінің маңызы зор.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Балабеков А. Халық фольклоры. – Алматы: Өнер, 1998. – 270 б.
2. Платек Я. Верьте музыке. – М.: Музыка, 1985. – 350 с.

ДИНА АМИРОВАНЫҢ АВТОРЛЫҚ ШЕРТПЕ КҮЙЛЕР ЖИНАҒЫНА ШОЛУ

Амирова Д.А.

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

Шертпе күй шеберлігіне жету үшін, бастапқы ойнау тәсілдерін, жастарға жеңіл әдістерін, шағын күйлермен көрсету керек болды. Әр саусақтың басуы, оң қолдың қағыстары ерекше келеді. Шертпе күйді ойнату, тұңғыш теңіз мекеніндей. Ол өзіндік мектеп. Мінеки, осы жылдар бойы ойлаған еңбегімнің жиынтығы шыққан. Екі жинағым жайлы баяндамада айтылады.

«Шертпе күй I» жинағының қысқаша мазмұны

Құрметті оқырмандар, осы күйлер жинағым арқылы жас ұрпақ, жеткіншек күйші-әншілер шығармашылық жұмыстарының дұрыс бағытта шындалып дамуын, тыңдаушылар көрермендер көзайымына айналып табысқа жетуін үдетеді.

Бұл жинақта күйлердің әртүрлі нұсқалары келтірілген, яғни шертпе төкпе сияқтылар, бұл жеткіншектер үшін қазірден бастап күйдің сантүрлісін қолдана отырып, өзінің икемін танып білуіне септігін тигізеді. Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі және өзінің көркемдігі, нәзіктілігімен адам жанын баурап, олардың жақсы мінез-құлықтарының қалыптасуына көмектеседі.

Жас жеткіншектердің музыка әлемін түсініп, қабылдауына, талғампаздығын тәрбиелеуде, эмоциялық сезімталдығын қалыптастыруда, білімді, мәдениетті болып өсуіне

музыка тәрбиесінің алатын орны ерекше. Сол себепті осы күйлер жинағын жас жеткіншектерге өздерінің музыкалық қабілеттерін шыңдауға көп үлесін тигізеді деген үмітпен арнадым.

Кітапта тез үйренуге болатын қысқа күйлер мен пьесалар жинақталған. Жас балаларға қол саусақтарын дұрыс қойып, күйлерді тез үйренуге көмектеседі деген ойдамын.

Балаларға қызықты болу үшін күйдің ырғақтарын құстар мен аңдардың аттарымен атадым. Ата-бабамыз ақ түсті кие тұтқан, қасиетті деп есептеген. Сондықтан мен де әжемнің қасында, сол кісіні тыңдап өскендіктен ақ түсті жақсы көрем. Балаларды еркелеткенде Ақ қоян, Ақ бота, әппағым деп атаған. Осылай ақ түсті балаларға арналған шығармаларымда қолданып жүрмін.

Күйлер: Ақтайлақ, Ақ белес, Ақ бота, Ақ бөкен, Ақ маржан, Ақ сарбаз, Ақ сұңқар, Ақ қоян, Ақ серке, Бұрыл байтал, Бұраң бел, Ортеке, Сары мәстек, Ақ бұлттар, Ақ қонжық, Нар толғау, Арай, Ақ үйрек, Сахара, Көк құтан, Бозторғай, Балдаурен, Кербез қыз, Көктем.

АҚТАЙЛАҚ

Дина Амирова

Оргаша

The musical score for 'Ақтайлақ' is written for Organ. It begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 2/4 time signature. The first measure is marked *mf*. The score consists of eight staves of music. The time signatures change throughout: 2/4, 3/4, 3/8, 3/4, 2/4, 3/4, 2/4, and 3/4. The piece concludes with a *p* dynamic marking.

«Шертпе күй II» жинағының қысқаша мазмұны

Құрметті өнерсүйер қауым, осы күйлер жинағымды жас ұрпаққа, жас күйші-әншілерге шығармашылық жұмыстарының шыңдалып тыңдаушылар, көрермендер көзайымына айналып табысқа жетсін деп арнадым.

Жалпы, домбыра өнері ұлттық идеологияны дамыту үшін өте қажет деп ойлаймын. Қазақ халқының рухани дүниесінде күй өнерінің алатын орны ерекше. Күй – қазақ халқының рухани болмысының, мәдениетінің, дүниетанымының тұғыры биік – асыл мұрасы. Халық күйлерінің әуендік сипаты, көркемдік образы, философиялық ой тереңдігі, халықтың талғамы мен танымының ерекшелігін көрсетеді.

Адамға домбыраның қоңыр әуені құлаққа еніп, өз ықпалын тигізеді. Күй – көне өнер. Зырлап өткен уақытқа қарамастан, әлі күнге дейін өзінің қазақ өнеріндегі маңыздылығын, орнын жоғалтқан емес. Керісінше қазіргі заманда сол қазақ өнерін, домбыра өнерін жаңғыртып келе жатқан жастар көп. Біз орта буын сол жастарға ұлттық өнерін тереңдеп танып білуге баулып, сол жас буынға сай күйлер шығарып ары қарай қазақ өнерінің барынша асқақтауына өз септігімізді сәл де болса тигізуге тырысудамыз.

Домбырадан шыққан күй адамзаттың рухани жан азығы. Күй өнерінің бейнелеу құралы сөзсіз дыбыс болғандықтан, тыңдаушысын ең алдымен әуендік, дыбыстық тілмен баурайды. Тыңдаушы күйдің әуендік, дыбыстық тілін іштей жорып, алуан түрлі сезіммен әсерге бөленеді.

Менің күйлер жинағымда әртүрлі тақырыптар қозғалған. Өзімнің кешкен өмір жолымның кішкентай ғана бөлшегі осы күйлерде бар. Менің көзқарасым, идеям, дүниетанымым – осы күйлердің негізін құрайды. Күйдің басты тақырыбы болған тарихи кейіпкерлермен барынша ұшташып кешкен өмірлерін баяндауға тырыстым. Күйді тыңдағанда сол кейіпкерлердің ой сезімдік, батылдық, даналық қасиеттерін біріктіріп, солардың әлеуметтік ортасында бірге жүргендей күйге бөленеді деген үміттемін.

Күйлер: Арай, Арнау, Толғау, Көк байрақ, Қожа Ахмед Яссауи, Ауылым, Керуен, Елімай, Әжеме, Құлыншак, Сағыныш, Туған күн, Өтей батыр.

Анам Зұлқия Ғарыпқызына арнаймын. Ананың орны әрқашан ерекше. Ойланып қарасаң ана туралы өлең, жыр, ән де көп. Бірақ олардың ешқайсысы ананың махаббатына, бізді осы жарық дүниеге әкелгеніне жетпейді. Қандай ақын, жырау болмасын өз шығармасында анасы туралы айтқан. Міне, мен де ардақты анам туралы азын ғана күймен жырлап өтпекпін.

АРНАУ

Асықпай, ойлана

Дина Амирова



КӨК БАЙРАҚ

Дина Амирова

Жүрдек, рухты

mf

Арайлап атқан әрбір таңымыз біз үшін теңдесі жоқ сыйлық. Атқан таңда бір керемет жылулық, жақсылық, құт-береке бар. Кешегі күні не болғаны маңызды емес, арайлап атқан таң бізге бір жанымызға тыныштық, бәрі де жақсы болатына үміт сыйлайды. Арай, басқаша айтқанда, күн шапағаты. Күн шығар немесе батар алдындағы аспандағы әсем жарық құбылыстардың жиынтығы. Әр адам атқан таңды көргенде еріксіз шүкіршілік етеді деп білем. Ендеше менің арай атты күйім сол таңғы көріністі көргендегі кеудеге толған шүкіршілік пен тыныштық кернеген сезімді толғайды.

АРАЙ

Дина Амирова

Жүрдек

mf

Кейбір күйлердің мазмұны

«Толғау». Өмір толғауы. Осы кезге дейін, міне, өмірдің жартысына келіп қалыппын. Шытырманға толы, купиясы көп өмірді өткізудеміз. Дұрыс, дұрыс емес таңдаулар жасадық. Күлдік, қуандық, жыладық, қайғырдық, алыстық, жұлыстық. Адам өз ойларымен оңаша қалғанда көп ойланып толғанаты өмір жайлы. Өткен өмір, келер өмір, қазіргі өмір. Жасың ұлғайған сайын ойларың да ұлғаяды. Саған қымбат жандар, орындалған орындалмаған армандарың, бір түбі жоқ туңғиық теңіздей толық зерттелмеген өмірді толғаймын.

«Көк байрақ». Ту – мемлекеттің егемендік пен біртұтастықты білдіретін басты рәміздерінің бірі. Қазақ елі үшін ең қуанышты күн тәуелсіздік күні. Егемендік алған күні қуанбаған қазақ жоқ шығар. Желбіреген көк ту көңілге қуаныш сыйлайды. Мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын білдіретін рәміздердің бірі осы ту туралы күй шығару менің де осы тәуелсіз Қазақ елінде тұрып жатқаныма шүкіршілік етуім, қуаныш сезімге толы күйім.

«Қожа

жан. Ахмед Яссауи». Қожа Ахмет Яссауи — қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер. Өмірін дін жолына арнаған ұлы тұлға. Күй осы қазақтың ұлы тұлғасына арналады.

«Ауылым». Туган жер әрдайым ыстық. Композиторлар, суретшілер, музыканттар ақындар, жазушылар өзінің түп өскен жерлерін тундыларына арқау еткен. Мен үшін туып өскен жерім ауылым ең қымбат. Өзімнің ауылым туралы күй шығармау мүмкін емес секілді.

«Керуен». Керуен – көлікке жүк артып, ұзақ жолға сапар шеккен жолаушылар тізбегі. Керуен дегенде сахара шөлінде ұзыннан созылып кетіп бара жатқан жүк артқан түйелер елестейді. Бұл бір ұзын тізбекте бір беймәлім құпия сыр бар секілді. Адамдардың сәл шаршаған түр келбеттері. Ұзыннан жалғасып жатқан түйелердің тізбегі. Жолаушылардың баратын жерлеріне жетем деген мақсаттары, аман есен жетсек деген тілектері осы күйде ұштасқан.

«Елімай». Біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең деп ойлаймын. Халқымыздың басынан қандай қиын кезеңдер өткенде де ата-бабаларымыз елімізді сыртқы жаудан қорғай білген. Өз елі үшін жанын да, барын да аямаған. Егеменді Қазақстан аталғанымызға көп болған жоқ. Осы уақытқа дейін басынан өткерген қаншама қиыншылықтарға төтеп берген қазақ елімнің мен үшін орны ерекше.

«Әжеме». Кез-келген баланың, жақсы көріп, құрметтейтін әжесі болады. Менің әжем өте ажарлы, мінезге бай, ақжарқын, мейірімді, қамқор болған. Ол мені кішкентайымнан өсіріп баққан. Немерелерін өте қатты жақсы көретіні түрінен көрініп тұратын. Күн сайын тәттілер мен құртпен еркелеткен ақ жаулықты әжем. Ол мен үшін өмірдегі ең қымбат Кішкентайымнан маған қамқор болған, өзінің білген қол өнеріне баулыған, өмірлік кеңес берген әжеме сол үшін де ризамын.

«Құлыншақ». Бала өмір қызықты. Бала артта қалған із. Сәбидің былдырлаған үні әрбір шаңыраққа бақыт, қуаныш әкеледі. «Бала көңілдің гүлі, көздің нұры» - деген жақсы сөз бар қазақта. Ата-ана бала десе ішкен асын жерге қойып, барын алдына тосып, ешкімнен кем қалмай өсуіне барлық жақсы әрекеттерді жасайды емес пе? Балалық әркімнің жадында қызықтармен, шат-шадыман ойын, риясыз күлкімен есте қалады. Ойын баласы үшін ойынынан артық қызық жоқ. Балаң өсіп кетсе де көз алдыда сол ойын қуран құлыншақтай елестеп тұрады. Ата-ана үшін бала әрдайым құлыншақтай сүйкімді ойнап күлген бала.

«Сағыныш». Күй – сөзсіз мылқау туынды. Адамның сөзбен айтып жеткізе алмайтын сезімдерін жырлайды. Сағыныш сезімі адам бойындағы табиғи заңды нәрсе. Сағыныш сезімі әртүрлі себептерден туындайды. Осы күйді тындаған адамның өзіндік жеке дара сағыныш сезімі туындайды деген үміттемін.

«Туған күн». Туған күнді көпшілігіміз асыға күтеміз. Сыйлық алу, көпшіліктің ықыласына бөлену, жылы лебіздер есту – ізгіліктің бәрі осы атаулы күнде болып жатады. Бұрын үлкендер туған күнінде батып бара жатқан күнге қарап тұрып, «тағы да бір жылым өтті, ақырға бір жылға жақындадым» деп мұң еткен. Мен үшін де өткен шақта туған күн

тойлайтын күн бақытқа толы күн секілді еді, қазір уақыт өте туған күнді тойлау соншалық қуаныш әкелмейді. Керісінше жасына жас қосылып өзімен бірге бір мұң әкелгендей болады.

«Өтей батыр». Жаукершілік заманда аты бүкіл қазақ еліне таралған батырлар көп болды. Олардың есімдерін, істеген ерліктерін білмейтін қазақ жоқ. Сондай ерлігі белгілі, аты белгісіз батырдың бірі – Өтей батыр. Халықтың халықтығы, елдің тұтастығы мен тәуелсіздігі, мемлекеттің өміршеңдігі тұлғалар тарихымен, олардың еліне сіңірген еңбегімен өлшенеді. Ендеше, сондай еліне елеулі, халқының қалаулысына айналып, елінің тәуелсіздік жолында өмірін сарп еткен тарихи тұлғалардың бірі - Өтей батыр. Сол батырға арналған туынды.

МУЗЫКАЛЬНАЯ ИНДИВИДУАЛЬНОСТЬ: ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К РАЗВИТИЮ УНИКАЛЬНОСТИ В ОБУЧЕНИИ

Айдабулова А.М., Джаппарова М.С.
Республика Казахстан, г. Алматы

Музыкальная личность каждого человека уникальна, и развитие этой уникальности играет важную роль в образовании. В данной статье рассмотрим современные педагогические подходы, направленные на сохранение и стимулирование музыкальной индивидуальности учащихся.

Индивидуальный подход в обучении подразумевает доброжелательное отношение к ученику, готовность замечать и поддерживать все его лучшие черты, проявляя уважение к ученику как творческой личности. В контексте выявления музыкальных способностей в детском саду проводятся регулярные наблюдения за детьми с использованием диагностических срезов развития. Проведение диагностики музыкальных способностей один-два раза в год позволяет оценить качественные особенности развития каждого ребенка и корректировать содержание занятий соответственно.

В педагогической практике также применяется технология педагогического наблюдения для выявления музыкально одаренных детей. Важным этапом является использование индивидуальных занятий, особенно среднего возраста, так как дети развиваются индивидуально, и их музыкальные проявления уникальны. Индивидуальные занятия способствуют более полному выявлению музыкальных способностей детей и раскрывают их потенциал.

Цели индивидуальной работы с детьми включают в себя развитие музыкальных способностей одаренных детей и коррекцию, если необходимо. Работа с одаренными детьми занимает особое место в системе художественно-эстетического воспитания детского сада. Однако в литературе по педагогике недостаточно представлены особенности работы с одаренными детьми в контексте музыкальной, театральной и изобразительной деятельности, а также проблемы выявления и развития их художественно-творческих способностей в дошкольном возрасте.

Работа музыкального руководителя охватывает не только выявление детей с предпосылками музыкальной одаренности, но также направлена на тех, кто может испытывать трудности в социальной адаптации. Задача заключается в сохранении и последующем развитии их способностей, основываясь на собственной активности детей. Эта работа требует тесного взаимодействия всех специалистов дошкольного учреждения: педагога-психолога, воспитателя по изобразительному искусству, логопеда, воспитателя, а также родителей.

Занятия с целью коррекции направлены на выявление причин, по которым дети испытывают трудности с освоением программных задач. Часто эти причины связаны с личностными особенностями ребенка, такими как излишняя застенчивость или отсутствие уверенности в своих силах. Иногда ребенок может отставать в развитии определенных

навыков в конкретной области деятельности. Индивидуальные занятия, ориентированные на эти области, могут помочь ребенку преодолеть трудности.

Индивидуальные занятия также могут решать проблемы, связанные с индивидуальными качествами детей, которые могут мешать совместной деятельности. Например, низкий диапазон голоса ребенка может быть преодолен через транспонирование песен в удобный для него диапазон. Если причиной нечистого интонирования в пении является неразвитость звуковысотного слуха, используются специальные музыкально-дидактические игры и упражнения, направленные на развитие этого аспекта музыкальных способностей.

Принципы работы в области музыкального образования включают:

1. Системность: обеспечение последовательного и связанного обучения, включая различные аспекты музыки.

2. Учет индивидуальных особенностей психики ребенка: адаптация методов и подходов к индивидуальным потребностям каждого ребенка, учитывая его уровень развития и особенности восприятия музыки.

3. Разнообразие музыкального репертуара и его усложнение: предоставление детям возможности познакомиться с различными стилями и жанрами музыки, постепенно усложняя материал в соответствии с их уровнем музыкальной подготовки.

4. Предоставление условий для творчества и импровизации: содействие развитию творческого мышления и самовыражения через музыкальные формы.

5. Креативность и эмоциональность педагога: использование творческих и эмоциональных подходов для привлечения внимания и участия детей в процессе обучения.

6. Наглядность: применение визуальных средств, таких как картинки, костюмы, видеоматериалы и другие, для более яркого и понятного восприятия материала.

7. Преемственность в работе с другими специалистами: сотрудничество с педагогами других областей для обеспечения комплексного развития ребенка.

8. Взаимодействие с семьей: участие родителей в образовательном процессе и поддержка семейного музыкального воспитания.

Основные методы включают:

1. Наглядный метод: использование визуальных средств для наглядного представления музыкальных понятий.

2. Исследовательский метод: поощрение детей к самостоятельному изучению и экспериментированию с музыкальными элементами.

3. Практический метод: активное участие детей в музыкальных практиках, включая игру на инструментах и вокальное исполнение.

4. Объяснительно-иллюстративный метод: предоставление объяснений и иллюстраций для более глубокого понимания теоретических аспектов музыки.

5. Проблемно-поисковый метод: вовлечение детей в решение музыкальных задач и поиск творческих решений.

6. Дирижёрский показ: демонстрация дирижерских навыков для развития музыкального чувства ритма и координации движений.

Индивидуальная работа с детьми строится на диагностической основе, включая выявление музыкальных способностей и определение тенденций в творчестве каждого ребенка. Тесная связь с семьей в системе работы является ключевым компонентом для успешного музыкального образования детей. После выявления склонностей детей к отдельным видам музыкальной деятельности, педагоги могут советовать родителям, какие дополнительные занятия могут быть предпочтительными для развития музыкальных интересов ребенка. Вот несколько рекомендаций:

1. Хореография: если у ребенка заметны танцевальные способности, родителям можно посоветовать занятия хореографией. Это может включать участие в танцевальных кружках или студиях, где ребенок сможет развивать свои танцевальные навыки под руководством профессиональных инструкторов.

2. Пение: дети с хорошим вокальным потенциалом могут быть направлены на занятия пением. Участие в хорах или вокальных группах может способствовать развитию голоса и музыкального слуха.

3. Игра на музыкальных инструментах: если ребенок проявляет интерес к музыкальным инструментам, родителям можно порекомендовать записать его на занятия в музыкальную школу или частные уроки игры на инструменте.

All students in the performance department should be taught music theory based on a stronger curriculum (4, page 75). In general, the role of music theory in the professional formation of all musicians is undeniable. For this purpose, Solfeggio and its teaching - including both single and especially two-voice singing, vocal spelling, and determination of musical ear ability should be mastered not on the surface, but on the basis of a deeper program.²⁵ Senior students should be highly required to learn and respond to musical numbers by playing them, even with one hand, and performing opera and romance examples from musical literature when they are played (even students with weak vocal abilities can sing within their abilities), and teachers should allocate more hours to the teaching of these subjects.



When teaching the subject of music literature, there should be presentations of audio (sometimes encountered) and video materials during classes (9, page 23). Here, particular emphasis is placed on watching operas, ballet performances, and concerts.



1. An episode from the performance of J. Verdi's opera "La Traviata".

2. World famous tenors - Placido Domingo, Jose Carreras and Luciano Pavarotti's concert photo.

3. The scene of Khosrov and Shirin from the ballet "Legend of Love" by the outstanding composer of the USSR and People's Artist of Azerbaijan Arif Malikov

Lectures can be organized once a week in order to expand students' outlook on other branches of art.

Painting Sculpture



Theater art



Especially during lectures on «**Theater Art**», issues such as stage culture, performance and acting tandem, stage freedom, the skill of engaging the audience, and the relief of stage excitement should be explained to the students.

Child Psychology. This is where children's mental, emotional, and social development stems from. Mastering the areas of child psychology such as mental development, environmental effects, gender roles, genetics, language, personality development, prenatal development, and social growth will play an important role in the formation of the personalities of young performers.

«**Elementary music theory**», which is not taught in Azerbaijan's higher educational institutions of music. Here with this subject, it is possible to cover topics such as what is «sound», the frequency of sound, and the functions of an instrument. Here, each performer can learn more about the functions of all musical instruments in accordance with their department of study. General information is of great necessity for all performers. I should also note that this subject is called exactly this way in the German Higher Education system.



The photo shows Azerbaijani piano tuner Abbas Karimov

Yoga - The word «Yoga» is derived from the Sanskrit root «yug», which, in translation, conveys the meaning of «union», «joining» and «oneness». According to yoga training, the psycho-emotional states of a person are managed through 7 main energy centers, and the corresponding emotions affect either the normal functioning or the illness of the organs related to those centers. For many performers, including pianists, the application of yoga lessons is crucial for eliminating conditions such as muscle tension and mental stress. We should take into account that this practice is incorporated into the music education systems of many Western countries. There is also a possible Technik for especially Musicians like - Alexander Technik, which includes Yoga Elements and helpful for long term body Problems for Musicians.

Vocal – a person expresses his inner feelings, emotions, and the overflowing musical sensations within through singing (2, page 6). The beautiful idea of famous music scholars is always considered a guide; a person can never express musical phrases incorrectly. Because human physiology, breath, diaphragm, and similar elements interpret musical phrases in the most accurate way.²⁶ In other words, every student engaged in vocals will be able to build such melodic and accurately expressed musical phrases on the instrument he plays by feeling the phrases correctly. Additionally, stage freedom, acting ability, eye contact with the audience, and similar aspects specific to vocalists will increase their sense of confidence. Based on experience, I can say that even pianists who could not succeed and could not overcome the feeling of excitement, upon realizing the potential of their vocal capabilities at a certain age, have started to engage in vocals. They emphasize that when they become vocalists, they overcome issues such as hand trembling, forgetting the excitement of the musical text, and other situations they encounter as pianists. They highlight that they perform on stage more confidently and securely. Therefore, regardless of whether they have a voice and singing abilities or not, students who do not have the opportunity to perform in vocal concerts should engage in vocals by participating in closed concerts and class concerts. Additionally, singing contributes positively to a person's emotional state and mental well-being.



A hoto showing the teaching of a vocal lesson

Rhythmics - Rhythmic subject, which has been actively taught in music schools for many years, unfortunately, since the mid-90s, it has been little or not taught in many music schools. It is imperative to reintegrate this subject into all departments of performance and theory. Students conducting certain pieces of music and accompanying them with rhythmic foot movements are of great importance in the formation of their rhythm development.



Photo images depicting rhythmic lessons

Mastery of the Concertmaster - With the exception of some specialized music schools, this subject is not taught at all in many music schools. This leads to pianists encountering numerous challenges when studying concertmastering subjects in higher education institutions in the future. The mastery of concertmaster skills is very crucial for senior students of the piano department of 11-year music schools. Here, the pianist develops skills such as reading technique, transposition ability, ability to feel the soloist, and proficiency in accompaniment (2, page 15).



The photo on the left shows Honored Artist of the Republic of Azerbaijan Sahib Pashazade (tar) and Sevinj Karimova (piano)

The photo on the right shows Anastasia Petryshak (violin) and Lorenzo Meo (piano).

Chamber Ensemble - The subject of chamber ensemble is mandatory for all performance department students from the 8th grade of 11-year music schools. With the exception of some Specialized Music Schools, this subject is not taught at all in many music schools.



Alexandre Kantorow, Liya Petrova and Aurelien Pascal are depicted in this photo



Young Azerbaijani musicians Orkhan Huseynov and Atabala Manafzade are shown in this photo

Regular open lessons and lectures of teachers invited from foreign and local higher education institutions should be held, and teachers and students of schools should participate in these lectures and demonstrate their practical and theoretical skills.



In the first photo from the left: The master class of Togrul Huseynli Docent of the Cologne Music Academy

In the second photo from the left: The master class of the world famous violinist Maksim Vengerov

In the third photo from the left: The master class of the famous cellist Mstislav Rastropovich

It is vital to raise the level of improvement of working teachers. They must possess performing abilities and participate in concerts together with their students.



From the concert of pianist Togrul Huseynli Laureate of international competitions

In the interview section of the exam held during the recruitment of teachers, the teacher conducts an open lesson with an unknown student (this is an absolute requirement in the European education system).



Master classes held by young teachers with school students

The organization of professors and associate professors from higher education institutions as chairpersons and members of the examination commission held every six months in schools should be organized regularly.

Literature and reference:

1. Könül Hüseynova “Musiqimizin Fərhadı” Bakı, “Adiloğlu”, 2007, 352 səh./Konul Huseynova "The Farhad of Our Music." Bakı, "Adiloglu", 2007, 352 p.
2. Könül Hüseynova “Robert Şumannın “Şairin məhəbbəti” vokal silsiləsinin ifaçılıq xüsusiyyətləri” Bakı 2012, 92 səh./ Konul Huseynova "Performance Characteristics of Robert Schumann's Vocal Series 'The Poet's Love'." Bakı, 2012, 92 p.
3. Баренбойм Л. Путь к музицированию. Л., Музыка 1973, _с./ L. Barenboim "The Path to Musicianship." L., Music, 1973, _p.
4. Fortepiano sinfi üzrə uşaq musiqi və incəsənət məktəbləri üçün proqram. Azərbaycan Respublikası Mədəniyyət və Turizm Nazirliyi - Mədəniyyətsünaslıq üzrə Elmi-Metodiki Mərkəz. Bakı -2014. 84.səh./ Program for children's music and art schools in the piano class. Ministry of Culture and Tourism of the Republic of Azerbaijan - Scientific and Methodological Center for Cultural Studies. Bakı-2014. 84.p.

5. Program - İstəklə seçilən fənn üzrə fortepianoda müşayiət sinfi (Uşaq Musiqi və İncəsənət Məktəbləri üçün). Azərbaycan Respublikası Mədəniyyət Nazirliyi. Mədəniyyət Təhsili üzrə Respublika Elmi-Metodik Mərkəzi. Bakı 2005. 32 səh. /Program - Optional piano accompaniment class (for Children's Music and Art Schools). Ministry of Culture of the Republic of Azerbaijan. Scientific and Methodological Center for Cultural Studies. Bakı 2005. 32 p.
6. Fortepiano ansamblı. Uşaq Musiqi və İncəsənət Məktəbləri üçün Program. Azərbaycan Respublikası Mədəniyyət və Turizm Nazirliyi - Mədəniyyətşünaslıq üzrə Elmi-Metodik Mərkəz. Bakı 2014. 12 səh. / Piano ensemble. Program for Children's Music and Art Schools. Ministry of Culture and Tourism of the Republic of Azerbaijan - Scientific and Methodological Center for Cultural Studies. Bakı 2014. 12 p.
7. Баренбойм Л. Вопросы фортепианного исполнительства. Вып. III, М., Музыка, 1973, с./ L. Varenboim "Questions of Piano Performance." Vol. III, M., Music, 1973 p.
8. Бузони Ф. О пианистическом мастерстве (Исполнительское искусство зарубежных стран), Вып. I, Музгиз, 1962, с. / F. Busoni "On Pianistic Mastery (Performing Arts of Foreign Countries)." Vol. I, Muzgiz, 1962, p.
9. Конен В. История зарубежной музыки. Вып. III, М., Музыка, 1981. / V. Konen "History of Foreign Music." Vol. III, M., Music, 1981.
10. Корто А. О фортепианном искусстве. Классика-XXI век, Москва 2005, стр.82-85, 246 с. / A. Cortot "On the art of the piano", Classics-XXI century, Moscow 2005, pp. 82-85, 246 p.
11. Мазель Л. Строение музыкальных произведений. М., «Музыка», 1986. 528 с. / L. Mazel "Analysis of Musical Works." M., Music, 1986. 528 p.
12. Фейнберг С.Е. Пианизм как искусство», «Музыка», 1965, 117-127 с. / S.E. Feynberg "Pianism as an Art Form." Music, 1965, 117-127 p.
13. Bloch, Michael (2004). F.M.: The Life of Frederick Matthias Alexander: Founder of the Alexander Technique. London: Little, Brown

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІН ОҚЫТУДА МУЗЫКАНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Джанузакова Р.А.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«Әдебиет пен өнер – егіз ұғым» десек, кез келген кемелденген өркениетті мемлекет өз әдебиетін, мәдениетін, тарихын қастерлеп, оны ұрпақ тәрбиесіндегі басты құралына айналдырып келеді. Әр халықтың ғасырлар бойы жасалған мәдениеті болады. Мектеп оқушыларын елін, жерін, туған халқының тілі мен салт-дәстүрін, өнерін қастерлейтін саналы, парасатты азамат етіп тәрбиелеуде музыка өнерінің алатын орны ерекше. Осыған байланысты музыка өнері – отбасында да, мектепте де бала тәрбиесінің ең негізгі құралы.

"Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денен" деп Ұлы Абай жырлағандай, ән өнері өмірге сән беретін, қоғамдық сипаты бар құбылыс. Шілдехана, Бесік той, Тұсаукесер, Сүндет той, Тілашар, әр жыл сайын туған күнін атап өту, Құда түсу тойы, Есік-төр көрсету тойы, Ұзату тойы, Үйлену тойы, Төсек тойы, Наурыз мейрамы, Отбасылық өмірдің әр жылындағы тойлар, т.б. тойлардың бәрінде тиісті өлең, жырлар, дастандар айтылып, күйлер тартылып, ғибратты әңгімелер айтылады. Осындай өмір кезеңдерін бейнелейтін әндер – тәрбиенің қайнар көзі.

Оқушының әсемдік пен әрсіздікті, жақсы мен жаманды, мейірімділік пен зұлымдықты, қуаныш пен қайғыны түсініп ажырата білуіне байланысты оның эстетикалық мәдениеті мен мінез-құлық дағдылары айқындалады. [1,89]

Әдебиеттік оқу бойынша бастауыш мектептің бағдарламасында, фольклордың көптеген үлгілері беріледі: халық әндері, бесік жырлары, аңыздар, санамақтар. Бұл

тақырыптардың барлығын музыкалық шығармаға сәйкес ашу керек. Ондай тұлғаны қалыптастырудың әсерлі факторларының бірі – өнер, оның көркемдік кемелденуі. Бұлар тұлғаның рухани-эстетикалық дүниесіне, көркемдік талғамына, талабына ықпалын тигізеді. Осыған байланысты педагогика ғылымының алдына өте көкейкесті міндеттер қойылады. Ол міндеттердің орындалуы жас буынның бойында көркем-эстетикалық, ізгілік сана-сезімді, қызығушылықты, идеалды, көзқарасты, талапты, талғамды, қабылдауды, дүниетанымды қалыптастырып тәрбиелеуді керек етеді. Оған өнердің көркемдік-эстетикалық мүмкіндіктерін пайдалану өте тиімді. Сонымен бірге бұл жерде ескеретін мәселе, жас буынды өз халқының ұлттық көркем құндылықтары негізінде әлемдік көркем-эстетикалық мәдениетке үлес қосарлықтай етіп көркем-эстетикалық тәрбие беру қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі таңда ауыз әдебиетінің озық түрлерінің бірі болып саналатын эпостық жырлар мен батырлар жырын үйрету, оқыту арқылы эстетикалық тәрбие беру басты құндылықтарымыз болып табылады. Ұлттық мұрамыз халықтық педагогиканың бай мұрасы – батырлар жырында ел қорғау, басқыншыларға қарсы күрес жолындағы батырлар ерлігі, олардың еліне деген сүйіспеншілігі, азаттық жолындағы жан қиярлық құштарлығы бейнелі түрде баяндалса, эпостық жырларда белгілі жыршылар домбыраға қосып, тартымды әуенмен жырлай білген. Күшті эмоциямен жырланған жыр тыңдарманның ынтасын арттырып, оны жақсылыққа итермелейді, өнегелі өмір сүруге баулиды. Өнерді сүйе білуге, ізгілікке, отансүйгіштікке тәрбиелейді. Мұндай жырлардағы қаһармандардың мінез-құлқы бейнеленген сәттері адам жанын тебіренгізіп, оның бойында көркемдік із қалдырады. Сөйтіп, көркем шығарма мен көркем өнердің батыл ұштасқан тұстары арқылы оқушы бойына эстетикалық сезім ұялап, эстетикалық тәрбие қалыптасады. Сондай-ақ, ақынның өнерді эстетикалық құрал деп қабылдауы беретін кездегі ақын- жазушылардың шығармаларында да кеңінен көрініс тапқан.

Оқушылардың сабаққа қызығушылықтарын қалыптастыру мақсатында әрбір мұғалім білім берудің тиімді әдіс-тәсілдерін қолданады. Ал, пәнді музыкамен байланыстыра өткізу бастауыш сынып оқушыларының білімге құштарлықтарын арттырады. Оқушылардың бір-біріне деген сенімдері, қамқорлықтары артады.

Мен өз сабақтарымда оқушының шығармашылық қабілетін, сөздік қорын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында музыка өнерімен байланыстыра өткіземін. Қазақ әндерінің қай жанрын алмасақ та, өнегелілікті, ізгілікті мейірбандыққа, татулық пен бірлікке, адамгершілікке насихаттап отырады. Сонымен бірге, қазақ тарихын, қоғамдық көзқарастарын танытады.

4-сыныпқа арналған әдебиеттік оқу пәнінде «Тұрмыс-салт жырлары» бөлімін оқытқанда «Бесік жырын» тыңдатамын. Тұрмыс-салт әндері баланың дүниеге келіп, ер жетіп, дүниеден өту сәтіне дейінгі елеулі кезеңдерге байланысты туындап отырған. Соның ішінде баланың өсіп жетілуіндегі айырықша тәрбиелік мәні бар ән - бесік жыры. Бесік жырларының құрылымы қарапайым болғанымен, сазы жан тебіренетер мамыражай, әрі көркем болып, жас сәбидің нерв жүйелеріне, жалпы психикасына жағымды әсер етіп, көңіл-күйін орнықтырады.

Осыдан-ақ “Ел болу үшін, бесігіңді түзе» нақыл сөзінің мағынасына ой жүгіртесің. Тіпті ана мен баланың ең алғашқы байланысы осы жырдан бастау алады екен. "Ана баласын құшағына ала отырып тек баласын ғана емес, бүкіл бір ұлтты тәрбиелейді" деген сөз халық арасында текке айтылмаса керек-ті. Ел арасында бесік жыры баланың бойында ұлттық сананы, тәрбиені сіңіртудің түпкі тамыры, кәусар бұлағы деп есептелінеді. Бесік жыры-тарихымыз бен ұлттық дүниетанымдымыздың, нәрестенің жастайынан құлағына құйып өскен тағылымының бірден-бір айнасы іспетті. Қазіргі кезде сырлы сөз, сазды әуенмен тебірене отырып бесік тербететін аналар сирек кездеседі. Тіпті, медицина саласында да жаңа туған нәресте үшін "музыкалық терапия" әдісін қолданудың тиімділігі айтылады. Белгілі бір үндесімдегі әнді тыңдаған балалар сергек, әрі тыныш ұйқтайды дейді. Ал, бала үшін анасының кіршіксіз махаббатынан туған, мейірлене отырып шырқаған әлдінен артық терапия бола ма?

Бесік жыры мына мақсатта айтылады: біріншіден, бесік жырын анасы әндете отырып,өзінің нәрестесін әсем ән ырғағымен тәтті ұйқыға бөлеу болса, екіншіден ананың баласына берер тілек-батасы,сәбидің болашағынан күтер үміт-сәулесі сөз болады.

Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?!
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?!- дейді.

Осы бір ауыз өлең жолынан халықтың бала тәрбиелеудегі ой-арманы айқын көрінген. Ол ана тілі арқылы беріліп отыр. Еңбек ет, кәсіп ет, ел-жұртыңды жаудан қорға деген ойын халық бесікте жатқан нәрестеге ақыл-кеңес,тілек етіп білдірген.Баланы жастайынан ел намысын қорғаушы азамат болуға баулу,оны ана аманаты ретінде келер ұрпақтың құлағына сіңіру ежелгі ел дәстүрінің озық түрі болған. Өнер саласындағы бірқатар әншілеріміздің осы тақырыпта орындап жүрген әндері де бар. Майра Мұхамедқызы, Мейрамбек Беспәев, Жазира Байырбекова сынды т.б әншілердің бесік жырын сахнадан естіртуі қуантарлық жайт!

Сәбидің тәрбиесі мен мінез-құлқын қалыптастырудағы орны ерекше, ата-бабамыздан қалған әдеби мұрамыздың маңыздылығы туралы болашақ аналарға насихат жүргізіп, саналарында қалыптастыруымыз қажет. "Ел болам десең, бесігіңді түзе!" деген Мұхтар Әуезовтің нақыл сөзіне ой жүгіртсек, халықтың өркендеуі сонау бесік тәрбиесімен байланысты екендігі айтылады. Қазақтың батыры Бауыржан Момышұлы "Ұшқан ұя" кітабында: "Бесікте жатқанда құлағына анасының әлдиі сіңбеген баланың көкірегі кейін керек болып қалмаса деп қорқамын. Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан қурап кетті, ал әлди ән айтқан үні әлі құлағымда тұр" -деп жазады. Сәбидің құлағына бесік жыры сіңген сайын оның бойындағы ата-бабасының генетикалық жадысы қайта жаңғырады. "Тәрбие - тал бесіктен!" Баласына деген махаббатын, ізгі тілегін жырға өрген аналарымыздың қатары көбейсе екен!

Табиғат тақырыбына байланысты бөлімдерді оқытқанда Е.Хасанғалиевтің «Атамекен», Н.Тілендиевтің «Құстар», А.Құнанбаевтың «Желсіз түнде жарық ай», И.Нүсіпбаевтің «Жол жыры» әндерін, күйшілердің туған жерге арналған күйлерін тыңдағанда өз табиғатымызды айтып бейнелеп, оқушылар санасына әсер ететін білім беруді көздеймін. Табиғат, туған жер жайлы әндер тыңдағанда өлке тарихы туралы мәліметтер жинап, шығарма жазуға тапсырма беремін.Бұл оқушыларды ізденімпаздыққа, ойлай білуге, шығармашылыққа жетелейді.



«Қазыналы қарттың тәлімі» тақырыбында оқушыларға ой салу мақсатында «Қариялар азайып бара жатыр» әнін өзім орындап, сұрақтар қоямын: «Өз елімізге танымал ардагерлер кімдер?», «Олардың өмір жолдары туралы не білесіңдер?», т.с.с. Сұраққа жауап алынған соң,осы кісілердің өмір жолдарының өзі тарих екенін ұғындырамын. Әлем таныған әнші Б.Төлегенованың Катон ауылында тұрғандығын, Берел ауылының азаматы, әнші Р.Елубаев, Ақмаралдық әнші-сазгер Д.Қабдолов, әнші Е.Жақияров, айтыскер ақын Т.Әзілханов, «Азия дауысы» байқауында үшінші орын алған «Жерұйық» тобы туралы қысқаша мағлұматтар беремін.

Ата-бабаларымыз ән-күйді киелі, қасиетті, рухани азық деп түсінді. Оны көздің қарашығындай сақтады. Ауызша жаттап, қолма-қол үйреніп, ұстаздан шәкіртке, атадан балаға мұрагерлік жолмен қалдырып отырды. Ата-баба мұрасын құрметтейміз!»

тақырыбында айтыс туралы түсінік бергеннен кейін. Айтыстан үзінділер тыңдатып, айтыс өнері жүйріктікті, білгірлікті, ел тарихын білуді қажет ететіндігін түсіндіремін. Айтыс тақырыбын өткенде мынадай тапсырмалар беріледі: «Жер-су, ауыл, аудан аттарынан сөйлеп, айтар ойыңды мысал арқылы білдір».

«Бейбіт өмір тамаша!» тақырыбында А. Жұбановтың «Ақ көгершін» әнін хормен айтқызып, оқушылардың ой –қиылының ұшқырлығын дамытуды мақсат етемін. Бейбітшілік, береке, тыныштық, киелі сөздерінің мән- мағынасын сабақ барысында ұғындыра отырып, музыка арқылы өз бойына сіңіре білуге және өмірмен байланыстыру арқылы өз қажетіне жарата білуге бағыт-бағдар беремін. Көгершін- бейбітшілік құсы екенін музыка тілімен жеткізуге тырысамын.

Сөзін жазған: Н. Баймұхамедов, Әнін жазған: А. Жұбанов

Ақ көгершін, көгершін,
Қолғанат құс сен едің.
Бар, кезіп қайт ел үшін,
Кең дүниенің көлемін.
Әділеттің құсы деп,
Көз алмастан жолыңнан,
Бақыт болып қоншы деп,
Ұшырамын қолымнан.
Қайырмасы:
Ел тілегін алып ұш,
Адамзаттың бағына.
Қара бұлтты жарып ұш,
Мұхиттың арғы жағына.
Сенен көзін алмайды,
Ақ нитетті бар адам,
Ақ қанатың талмайды
Әділеттен жаралған.
Тыныш бейбіт өмірдің,
Белгісі боп қанат қақ.
Әлемге ортақ көңілдің
Қайт шыңына қонақтап.

Осылайша қай саладан білім берсек те музыкамен, өнермен байланыстырмай өткізу мүмкін емес, тіпті сабақ арасындағы сергіту сәтінде де көңілді ән тыңдап, би билеуді үрдіске айналдырамыз.

Оқушылардың бойында жалпы адамзаттық қалыптармен гуманистік, моральдық (қайырымдылық, ізгілік, өзара түсінушілік, ізеттілік, кішіпейілділік, адалдық және т.б.) тәрізді жасампаз қасиеттерді сіңіріп, олардың өзара қарым-қатынас мәдениеті мен зерделік-танымдық қасиеттерін дамытуға ерекше мән беруіміз керек.

Ұлттық рухты бойға дарытатын ұлттық тәрбиенің жөні бөлек екені бесенеден белгілі жәйт. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтары қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық қазақ патриотизм ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін: жас ұрпақ ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту; ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу.

Қорыта айтқанда, музыка мен әдебиет бір-бірімен қабаттаса, қатар өрілетін егіз өнер. Ұлттық музыка адамгершілікке, мәдениеттілікке, ізгі қасиеттерге тәрбиелейтін басты

кұрал.Тұрмыс-салт әдет-ғұрып: бесік жыры, жар-жар, беташар, сыңсу, жарапазан жоқтау, жұбату өлеңдерін әуен арқылы жаттайтын болса есте тез сақталады. Қазақ әндерінің қай жанрын алмасақ та, өнегелі өсиет арқылы, ізгілікті мейірбандыққа, татулық пен бірлікке, адамгершілікке, байсалды мінез-құлыққа, сиқырлы ақылдылыққа насихаттап отырады. Сонымен бірге, қазақ халқының тарихын, өмір сүру тіршілігінің сан қилылығын, қоғамдық көзқарастарын, ақыл-ойының жиынтығын танытады.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. «Әдебиеттік оқу», 4 сынып, Муфтибекова З., Рускулбекова А. «Алматы кітап» баспасы, 2019ж.
2. Ерзакович Б.Г. Песенная культура Казахстана. – Алматы: «Ана тілі», 1963 ж
3. «Қазанғап мұрасы және халық шығармашылығын оқыту мәселелері.2008ж
4. «Мектептегі тәрбие» журналы 2011ж №7 /9 бет/

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ РӨЛІ

Аксейтова Г.Х.

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

2025 жылы қазақтың ұлы ғалымы, демократы және ағартушысы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың дүниеге келгеніне 190 жыл толады. Ол қазақ халық ағарту тарихында үлкен із қалдырды, ал оның шығармашылық мұрасы өз деңгейі бойынша ұлттық құндылықтың шырқау шыңы екені бәрімізге анық. Қазақ халқының музыкалық өнері туралы, оның теориялық болжамдары, ізденістері, тұжырымдары, ой-пікірлері ғылыми жазбашаларда, зерттеулері мен еңбектерінде Әл-Фараби бабамыздай оның эстетикалық принциптері, кең эрудициясы мен терең білімдігі бар екендігінің көрсетеді. Фольклоршы ретінде қазақтың музыкалық-ақындық шығармашылығының прогрессивтік маңыздылығын ашып көрсетуі – Ш.Уәлихановтың кемеңгер ғалым екендігінің дәлелі. Ш.Уәлихановтың мұраларындағы ерекше орын алатын – ол фольклорлық зерттеулер. Ол ғылыми тұрғыда ән-аспаптық фольклордың формаларын және түрлерін анықтап (сондай-ақ жыр, өлең, сарын, айтыс жөнінде), сонымен бірге рухани мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп жүрген өнер адамдарын жүйелеп (жырау, жыршы, ақын, өлеңші), сондай-ақ халық аспаптар туралы қызықты деректерге сүйене отырып, қобыз музыкасы және бақсылар туралы да терең пайымдап, өнер туралы білімнің дамуына тікелей ықпалын тигізді. Қазақтардың жыр, өлең, ертегілері жөнінде өте құнды мәлеметтерді жинай отырып, мақал-мәтелдер туралы зерттеулерге де алғашқы болып ат салысты.

Шоқанның халық музыкалық шығармашылыққа деген көзқарасын оның фольклор туралы көптеген еңбектерінен, туындыларынан шыққан ой-пікірлерінен білеміз. Орта Азия елдері мен қазақ даласын аралап Уәлиханов ғалым ретінде халықтың рухани өміріне жан-жақты қызушылық білдіреді. Мұнда бақсылардың, жыраулар мен ақындардың өнерлеріне, жырларға, өлеңдерге, халық поэзиясына, оның жанрлары және формаларына, қайым-айтысқа және импровизациялаудың ерекшелігіне назар аударды. Өзінің халыққа танымал «Жоңғар очерктері» және «Қырғыз шежіресі» еңбектерінде Шоқан қазақтың ақындық өнерінің жоғарғы деңгейде екендігіне назар аударып, қазақтардың жалпы көркем шығармашылыққа талпыныстарын, дарындылығын, терең шеберліктерін және ақындардың жаттау қабілеттерін ерекше атап кетті. «Оңтүстік Сібір тайпалары» атты мақаласында Шоқан қазақ халық музыканы зерттеушілер үшін өте маңызды деректерге ой салады: «әр заманның жырын жырлаған ақындар ұмытылмас оқиғалар туралы жырлап, жалпы тұрғыда алғанда халық

есінде бұның бәрі кейінгі заман жырларымен біте қайнасып, үндесіп кеткен», [14, I, б. 305], сонымен қатар сол «біте қайнасып дегені» нағыз мәдениетпен, ауыз әдебиеті дәстүрінде ерекше бағытта дамығандығын пайымдайды. Бұл зерттеу біз үшін өте маңызды, себебі Шоқанның өзі көшпелі халықтың туындысы болып тұрып, ғылыми және қоғамдық прогрессінің шынына жетіп, көшпелі тайпалардың жоғары мәдениетке жеткендерін ашық түрінде айтқан. Ғалымның айтуынша қазақ фольклоры өз рухани маңыздылығыменен құнды болып есептеледі. Шоқанның ой-пікіріне көз салсақ, қазақ халқының шығармашылық күші музыка және ақындық өнерінде танылды. Осы көрсеткіштер фольклордың түрлері мен формаларының дамуына себепкер болған. Бұл тұрғыда Шоқан Уәлихановтың "Қазақ халық поэзиясының формалары" атты еңбегінде қазақтардың музыкалық ақындық дәстүрі туралы маңызды мәлемет алуға болады. Шоқан-ғалым қазақ әншілердің импровизациялау өнерін биікке көтеріп, олардың көптеген өлеңдерін жатқа біліп, есте сақтау қасиеттерін ерекше жоғарғы орынға қояды. «Қазақ халық поэзиясындағы формалар» атты мақаласында Ш.Уәлиханов көшпелі халықтардың ақындық дәстүрі көп ғасырлар бойы даму негізінде қалыптасқаны жөнінде ашып көрсетеді. Импровизациялау қасиеті – бұл әр ақын үшін сарқылмас мұра, ол ұзақ шығармашылық тәжірибе арқылы дамитын күш. Ғалым импровизацияның рөлін көрсетіп, оның табиғатын, халық дәстүрін түсініп, айтыстарға қатысып, танымал суырып-салма ақындарды көрген. Жанак, Орынбай, Шөже сияқты танымал ақындарды тұлға есебінде жоғары бағалаған. Ш.Уәлихановтың көп еңбек сіңірген «Қазақ халық поэзиясындағы формалар» атты жұмысында алғаш рет ауызша музыкалық-поэтикалық шығармашылық жанрларының түрлерін көрсетеді:

1. Жыр – эпикалық айтулар
2. Жылау – жоқтау-өлеңдер
3. Қайым – үйлену той өлеңдері
4. Қара өлең – тарихтық өлеңдер
5. Өлең – лирикалық әндер

Шоқан жазған: «жыр» қазақтың қобыз аспабының сүйемелдеумен речитативтік түрде айтылады. Сонымен қатар «жыр» формаларының ежелгі түрлерінде келтірген. Бұл «жыр» формада әйгілі «Манас» эпосы жазылған. Бұл эпосты ғылыми негізде жазуды Ш.Уәлиханов жасаған. «Жыр» формасы батырлар эпосы үшін міндетті форма болып саналады. «Жыр» формасында «Қамбар-батыр», «Қобыланды», «Алпамыс» атты батырлар жырлары шыққан. Жыршылар - қазақ халық әншілердің ішінде ең саны көп болып есептелген. Олар әртүрлі дастандарды, батырлар туралы аңыз-жырларды айтқан. Ш.Уәлихановтың айтуынша «өлең» формасы өткен ғасырдың ортасында да кең таралған. «Қозы-Көрпеш-Баян-сұлу» әйгілі поэмасы өлең формасында айтылған» [14, I, б. 281], - деп Уәлихановтың өзі жазған. Сонымен қатар он бір бұнақтық өлеңдер лирикалық поэзиясында кең таралғанын да көрсеткен. «Импровизаторлардың өлеңдері өлшемнен және рифмадан тұрады» [14, I, б. 285], - деп ғалым өз еңбегінде жазған. Қара-өлең және өлең түрлерін Жанак, Орынбай, Шөже сияқты оның замандастары да пайдаланған. Сол заманның әйгілі соқыр ақын Шөжені көп тындап, оның «қара өлең» формасында айтылған көптеген шығармаларын біздің уақытқа дейін жеткізген. «Ыстық-көлге барған күнделіктерінде» ғалым жоқтау өлеңдер туралы жазады. «Жоқтау өлеңдері көбінесе әйел адамдармен айтылып, импровизацияға жол ашады» [14, I, б. 283], деген. «Қайым-өлең» - сайыстық өлеңдерге жатады, «және де әртүрлі тойларда айтылады» [14, I, б. 283], - деп жазған Ш.Уәлиханов.

Өз еңбектерде ғалым жыршылардың өнеріне жиі тоқталады, мысалы әйгілі жыршы, ақын-импровизатор, қылқобызшы, ежелгі поэмаларды жатқа білетін Жанак, Нұрушбай-жыршылар – «Орақ-батыр» жырын басынан аяғына дейін орындаса, Арыстанбай-жыршы – «Еркөкше-Ерқосай» жырын жатқа айтқан. Ғалымды таң қалдырған жағдай, ол қазақтың жырды орындалуы домбыра немесе қобыздың сүйемелдеумен бірнеше күнге дейін созылатын. Сонымен қатар Қанғожа-сыбызғышының орындауындағы «Балбырауын» күйін



тындауды Шоқан ерекше жақсы көретін. Шоқан Уәлиханов кейінгі ұрпаққа мұра болып қалған халықтың поэзия, өлең, жырларының керемет үлгілерін: Абылай туралы өлеңдерді, Орақтың өлеңдерін, қырғыз эпосы «Манастың» үзіндісін «Көкетай-ханның өлімі» атты зерттеуінде атап көрсетіп, өзінің ғылыми бағасын берген. Шоқан Абылай-ханның уақытында болған оқиғаларды, сондай-ақ «Шанды жорық», «Қоржын қақпай» атты өлеңдердің ерекшелігін ашып көрсеткен. Өте үлкен маңызы бар «Қырғыздардағы бақсылықтың іздері» атты еңбегінен біз бақсылардың өнерін, қобызды тартуын, олардың балгерлік дәстүрі жайлы мәліметтерді таба аламыз. Сондай-ақ бұл еңбектен тағыда мынандай мәлімет алуға болады: қобыз – бақсылардың дәстүрлі аспап, сондай-ақ «аруақтар әлемімен байланыстыратын» қасиетті аспап екендігі.

Шоқан Уәлиханов сонымен қатар сурет салуымен де танылған жан. Өз жұмыстарында ұлттық киімдегі әр түрлі адамдарды бейнелеумен, табиғатты ғажап суреттеуменде әйгілі. Әсіресе, бұл тұрғыда ғалымның екі суреті айрықша орын алады. Ол «Бақсы» және «Қазақ музыканттары» атты суреттері, мұнда қобызда сарын тартып отырған қария, не болмаса Қанқожаның бейнесі, көптеген күйлердің авторы Досжан және қазақ ақын-қызы Ажардың бейнелері көрсетілген. Суреттерде бірнеше күйлердің аттарын жазылған, күйшілер осы күйлерді ойнап отырған болу керек. Музыкалық өнердің майталмандары Уәлихановтың суреттелген еңбектерінде көрсетіліп, біздер үшін олардың маңызы зор екендігі айқын.

Шоқанның еңбектерінде қазақ және басқа да түрік халықтарының аспаптар туралы кең түрде жазылған. Мұнда әйгілі қазақтың (домбыра, қылқобыз, сыбызғы) аспаптармен бірге ұмытылып кеткен (шындауыл, мүйіз, сырнай, асатаяқ, хәнбе) аспаптары туралы жазылған. Басқа халықтардың аспаптары, сондай-ақ дутар, гитар, гиджак, ситар, кастаньеттер, қоңырау, пибе сияқты аспаптар да суреттелінген.

Сонымен Шоқан Уәлиханов ақындық және музыкалық дәстүрінде қазақ халқының дарындылығын, ерекше талантын танығаны айқын. Шоқан Уәлиханов қалдырып кеткен мұрасында фольклорлық зерттеулер аса маңызды болып есептеледі. Халық музыканттар, олардың шығармашылық ерекшелері, аспаптар, ән-күй, аңыз-жыр туралы жиналған көптеген мәлеметтер қазақ музыкалық фольклористика үшін өте маңызды. Ғалымның жазылған әр-бір мақаласы халық шығармашылығына арналған. Бұл тұрғыда, қазақтың өнерін және де революция дейінгі басқа ұлттардың өнерін кейінгі ұрпаққа жеткізу, Шоқан үшін аса маңызды болғаны анық. Өзі білімді және білгір ғалым болғандықтан ол азаматтық борышы ретінде келесі ұрпақтарға ауызша дәстүрдегі мәдениетпен бірге музыкалық фольклор үлгілерін жинап, зерттеп қалдырған. Бұл тұрғыда Шоқанның ұлттық рухани құндылықтардың нақты келбетін табуын айрықша атап көрсетуді жөн көріп отырмыз. Ш.Уәлиханов өз ұлтының дара түлектерінің бірі. Осы жағыдайда әлемдік деңгейде, Шоқан Шыңғыс-ұлы Уәлихановты қазақ ұлтының дара тұлғасы ретінде жоғары бағалау қажет. Ол кейінгі ұрпақтар үшін өз азаматтық парызымен, ғылым мұрасымен мақтаныш сезім тудырады!

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Ахметова З.А. Казахское стихосложение. – А., 1964.
2. Ахметова М. Песня и современность. – А., 1968.
3. Бекхожина Т. 200 қазақ өлеңдері. – А., 1972.
4. Ерзакович Б.Г. Қазақ музыкалық фольклоры. – А., 1972.
5. Ерзакович Б.Г. Қазақ халқының музыкалық өнері. – А., 1966.
6. Жұбанов А.Қ. Ғасырлар пернесі. – А., 1972.
7. Затаевич А.Б. Қазақ халқының 1000 өлені. – А., 1964.
8. Мағауин М. Қобыз және найза. – А., 1970.
9. Марғұлан А.Х. Ш.Уәлихановтың өмірі және шығармашылығы. – А., 1984.
10. Сарыбаев Б. Қазақ музыкалық аспаптары. – А., 1978.
11. Сегізбаев А. Зерттеуші, ойшыл. – А., 1974.
12. Темірбекова А.З. Қазақ халық әндері. – А., 1975.

13. Тұрсынов Е.Д. Қазақ тұрмыстық ертегінің генезисі. – А., 1973.
14. Уәлиханов Ш.Ш., 5 томдық шығармалық жинағы. - Алматы, 1984-1985.
15. Уәлиханов Ш.Ш. 5 томдық шығармалар жинағы. - Алматы, 1961-1972.

ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ, КОМПОЗИТОР, ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ДИРИЖЕРІ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ӘРТИСІ АХМЕТ ЖҰБАНОВ.

Киякбаева С. С.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«Музыка — жас азаматтардың ішкі дүниесін байытып, өмірді дұрыс түсінуге көмектеседі.» деген екен А. Жұбанов.

Ахмет Қуанұлы Жұбанов 1906 жылы 29 сәуірде Ақтөбе облысы Темір ауданында Ақжар деген жерде дүниеге келген. Ахметтің әкесі Қуан балаларын оқытуды армандайды, осы ниетпен Темір уезіне берілген екі мектептің бірін өз ауылында ашқызады. 1911 жылы Темір уезінде екі орыс мектебі ашылды. Сол жылы оқу бітірген Құсайын есімді мұғалім уезге келеді. Ол Ахмет Жұбановтың үйінде жатады. Құсайын домбыра мен скрипка, мандолин тартады, аздап нотадан да хабары болған. Осы аспаптың қайсысында ойнаса да Ахмет Жұбанов жанынан табылған.

Бес жастан асқан Ахмет сол аспаптың бәрінде ойнап кетеді. Дирижер өз естеліктерінде мектептегі ұстазының музыкаға деген ұмтылысын арттырғанын айтады. "Менің туып-өскен үйім – домбыра, ән, күй, жыр. Көркем әңгімені кәрі-жасына дейін қадірлейтін осындай ауылда өскен мен бес жасымда хат танып, домбыра тартып, өлең айтып, тақпақ жаттайтынмын. Ауылдың қақ ортасында суы мол үлкен құдық болатын, кешке қарай салқын түскен соң ауыл адамдары құдықтың басына жиналушы еді. Ән, күй, жыр тыңдап, ақындар айтысын тамашалайтынмын. Әсіресе, күйге деген ықыласы ерекше-тұғын. Күй тартпайтын кәрі-жас, әйел, еркекті кездестірмейтінбіз", - дейді естелігінде Жұбанов.

Тағы бір есте қалғаны, ауылдастарым қуанышты да, қаңғыны да өлең, жыр арқылы білдіретін. Сондықтан маған бүкіл дала ән-жыр айтып, күмбірлетіп күй тартып, әсем әсерге бөлейтін. Әнші, күйші, жырау дегендерді ауыл адамдары пір тұтатын, дейді дирижер.

Ахметтің әкесі Қуан 1919 жылы қайтыс болады. Содан кейін үн үш жасар Ахмет оқудан қол үзуге мәжбүр болады. Келесі жылы әкеден қалған аз ғана мал жұтап, үй ішінің бар ауыртпалығы баланың басына түседі. 1934 жылы бір топ домбырашының басын қосып, қазақ ұлт аспаптар оркестрінің негізін қалаған. Сол оркестрдің көркемдік жетекшісі әрі дирижері болған. Жұбанов өзі құрған оркестрге Құрманғазының атын береді.

1936 жылы алғаш Мәскеуде өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне, кейін 1949 жылы өткен екінші онкүндікте де Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі үлкен абыройға ие болған.

1936 жылы композитордың "Музыка әліппесі" атты тырнақалды кітапшасы жарық көрген.

1945-1951 жылдары Алматы консерваториясының ректоры, 1954-1961 жылдары осы консерваториядағы өзі ашқан халық аспаптар кафедрасының меңгерушісі болып, қазақ халық музыкасының тарихынан, дирижерлік өнер мен аспаптану пәнінен сабақ берді. Қазақстан тарихындағы алғашқы дыбысты фильм "Амангелді" фильміне Михаил Гнесин мен Ахмет Жұбанов музыкасын жазды. 1968 жылы "Замана бұлбұлы" атты кітабы үшін Ахмет Жұбанов Қазақ ССР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды. 1924 жылы дирижер ауыл комсомолына мүше болады. Сол жылы ауылында ашылған "Шамшырақ" оқу үйінің меңгерушісі болып, ауылдың мәдениетіне қызу араласады. Сол жылдары киноға барғанда дыбыссыз фильмді сүйемелдеп тұрған скрипкашымен танысады. Қарт музыкант жас жігітті ілтипатпен қарсы алады. Содан кейін кәсіби білім алу үшін Ленинградқа оқуға түседі. "1932 жылы оқуды бітіріп, аспирантураға түсті. Бірақ ол кезде

біздің үкімет хат жазып, училище ашылып жатқанын айтты. Музыкант керек екенін айтып, шақырды", - дейді Жұбановтың қызы Ажар Ахметқызы.

Ахмет Жұбанов 1933 жылы Алматы музыкалық драма училищесіне ұстаздық қызметке келеді. Осы кезден бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін ол қазақтың музыкалық мәдениеті жолында қызмет етті. А.Қ.Жұбановтың мұрындық болуымен қыркыншы жылдары ұйымдастырылған ғылыми экспедиция сексенінші жылдарға дейін Қазақстанның түкпір-түкпірінен 10 мыңдай ән-күй нұсқаларын жинаған. Қазақтың кәсіпқой халық композиторларының өмір дерегін жинастырып, шығармаларын нотаға түсіріп, одан соң көнігі әнші-күйшілерге үйрету арқылы халықтың рухани игілігіне айналдыруда теңдессіз еңбекқорлық пен іскерліктің үлгісін Ахмет Қуанұлының өзі көрсетіп отырды.

Жасынан музыка өнеріне бейімділігін байқатып, домбыра, скрипка аспаптарында ойнауды меңгереді. Жас кезінде ауылдасы Талым күйшіден, ауыл мұғалімі Қ. Ашғалиевтен, әкесі Қуаннан, ағасы Құдайбергеннен тәлім алып, музыка өнеріне ден қояды. Темірде орыс халық аспаптар әуесқойлары оркестріне жетекшілік ететін (П. Черняктан сольфеджио, скрипка, музыка теориясы бойынша) сабақ алады.

Жұбановтың қазақ халқының ән-күй шығармаларының табиғаты мен ерекшелігі, ұлы күйшілер Құрманғазы, Дәулеткерей, Сейтек, Тәттімбет, Қазанғап туралы монографиялық ғылыми-зерттеу еңбектері- қазақ музыкасының ғылыми тарихын жасауға қосылған қомақты үлес болды.

А. К. Жұбанов — қазақ халқының қазіргі заманғы кәсіби музыкасының негізін қалаған аға буын композиторлардың бірі. Ол халық күйлерін оркестрге лайықтап, нотаға түсірді және қазақ музыкасын күрделі аспаптық симфониялық шығармалармен байытты. Олар «Тәжік биі», «Қазақ билері», «Төлеген Тоқтаров», «Ария», «Вокалдық сюитасы», «Абай сюитасы», тағы басқалар. А.Жұбановтың қазақ музыка тарихына сіңірген еңбегі ұшан - теңіз. Тарихқа көз жүгіртсек, 1966 жылы Ахмет Жұбановтың 60 жылдық тойы Шалқарда басталып, Ембіде жалғасқан екен. 1975 жылы 70 жылдық мерейтойы қарсаңында жазушы-академик Ғабит Мүсіреповтың алғы сөзімен қазақтың халық композиторларының өмірі мен шығармашылығы туралы «Ғасырлар пернесі» атты очерктер жинағы, қазақтың әнші-композиторлары, әнші-орындаушылары туралы «Замана бұлбұлдары» тақырыбында әңгіме-очерктер жинағы жарық көрген.

1996 жылы Ахмет Жұбановтың Орқаш ауылында өткен 90 жылдық мерейтойы да жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. Ахмет Жұбанов – қазақ өнертану ғылымының жолбасшысы. Қазақ өнерінің Мәскеуде өткен тұңғыш онкүндігінде өзі құрған ұлттық оркестрдің атағын аспандатқан, операның шаңырағын көтеріп, қазақ музыкалық театрын құрған Латиф Хамиди екеуі бірігіп жазған «Абай» операсы мен 60 жыл бойы сахна төрінен түспей келе жатқан «Төлеген Тоқтаров» операсының, «Абай» симфониялық поэмасының, сан алуан камералық, вокалдық шығармалардың, «Қарлығаш», «Ақ көгершін» тәрізді ұмытылмас әндердің, тағы басқа көптеген өнер маржандарының авторы Ахмет Жұбановтың ғасырлық мерейтойы әлемдік мәртебе мен құрметке лайық етіп тойланған болатын. Жазушы Ғабит Мүсіреповтың Ахмет бабамыз туралы жазған «Халықтың қадірменді ұлы» атты мақаласынан үзінді: «Осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын Қазақстанның енді ғана өркендей бастаған жаңа тұрпатты мәдениетінің көкжиегінде жұртшылыққа аты беймағлұм бір жас жігіт бой көрсетті. Шын дарын екен – жас қайрат даңғазасыз-шусыз, едіреймей, елірмей, сыпайы да салмақты келді. Оның үстіне жас жігіт өзінің туған ағасы, ғылымның бірінші дәрежелі жарық жұлдызы, аса ірі филолог-ғалым Құдайберген Жұбановтың көлеңкесінде болды. Бірақ, ағасының көлеңкесінде тұрып та ол көзге айқын шалынды. Көлеңкемен қосылып кетер сұрғылт емес екен. Сол жас жігіттің аты – Ахмет Жұбанов еді»- деп жазады. Осы мақаласында жазушы Ғабит Мүсірепов Ахмет бабамызды қажырлы да қайратты, ойлы да білімді жас жалғыз өзі қазақ халқының рухани мәдениетінің көтерілмеген тыңын игеруге, қазақ халқының үні қосылмай келген музыкалық аспаптарының басын қосып, тыңнан жан бітіруге, музыкалық мәдениетін мәңгі өркендету жолдарын іздестіруге бірден кірісіп кеткенін тілге тиек етеді. Ахмет Жұбанов сияқты үлкен композиторды ғана емес, музыканы, музыка

тарихын зерттеуші білікті ғылымды тәрбиелеуге себепші болған алғашқы ұстазы Әшіғалиевке алғыс білдіре отырып, қазақ мәдени өміріне жаңа жол салып берген қайраткерді білім нәрімен сусындатқан Ленинград консерваториясына айрықша ықылас білдіреді. Жазушы қазақтың ұлт аспаптар оркестрінің құрылуын болмашы жерде күлден көтерілген Феникске теңейді. Композитордың ұлттық оркестрді құрудағы еңбегін елеулі әрі тарихи еңбек деп санайтынын жазады. Домбыра мен қобыз сынды көне музыкалық аспаптарды өзара үндестіре білген шеберлігін тілге тиек ете отырып, ұлт оркестрінің кіндік атасы – Ахмет Жұбанов екенін айтады. Жазушы бұған қоса халық композиторлары мен әншілері ғасырлар бойы жасаған, кең сахараның шартарабында бытырап, шашырап, шашылып жатқан мұраны бір жерге жинақтап, үлкен қазынаға айналдыру керек болғанын жазады. Осы істі техникумның қабырғасында бастап, ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтының қабырғасында, қазақ музыка өнерінің қадірменді ақсақалы дәрежесінде аяқтағанын айтады. Ғабит Мүсірепов сазгердің шығармашылық жолындағы сапары қиындықсыз болмағанын тілге тиек етеді. Талай қиыншылықтар, талай оқаптар кездескеніне қарамастан, Ахмет Жұбанов қажымас қайраты мен тынымсыз еңбегінің арқасында алған бетінен талмай, өнер жорлынан ауытқымай мақсатына жеткенін жазады. Ахмет Жұбанов 60 жасқа толғанда Әбіш Кекілбаев атамыз «Лениншіл жас» газетіне (1966 жылы 29 мамыр) «Шын сүйері халықтың» деп аталатын мақаласын арнапты. Жазушының қаламынан туған мазмұнды мақаладан үзінді бергенді жөн санадық. «Осынау жердің бетінде бәрімізге бөлекше қадірлі, бөлекше сүйікті бір адам бар. Ол күнде ертемен сары ала таңнан тұрып, ақ бас Алатаудың көгілдір бұйратының баурайындағы шағын бағында тамылжыта сайраған сандуғашты тыңдайды, сосын күнде думан, күнде жиын болып жатқан қалаға келеді. Қаланың көл-көсір ырду-дырдуының ішінде құлағын үнге төсеп, үнсіз келе жатады. Көз алдында – өткені, бүгіні, ертеңі», - дейді Әбіш атамыз. Әбіш Кекілбаев өмірге қазақтың тұңғыш оркестрі келгенін, онымен бірге қазақтың тұңғыш кәсіби дирижері келгенін осы мақалада жазады. Ахмет бабамыз сазгерлердің шығармаларына интерпретация жасап, оркестрге түсіру арқылы қазақ халқының рухани дүниесіне мұра боларлық музыкалық шежіресін жасап кеткені туралы тебірене қалам тербейді. Осы орайда автор Ахмет бабамыз қазақтың тұңғыш оркестрін құрған талантты дирижер ғана емес, көреген зерттеуші екенін жазады. Ахмет Жұбановтың қаламынан туған қазақтың тұңғыш музыкалық әліппесі әлденеше кітаптың салмағын көтерерлік салмақалы зерттеу еңбектеріне айналғанын тілге тиек етеді. Ахмет Жұбанов туған халқының өнер қазынасын төкпей-шашпай жинақтап, зерттеу барысында өзінің сазгерлік талантын шыңдап, әрі таныта білді. Замандасы Латиф Хамидимен бірге жазған «Абай» операсы қазақ мәдениетінің тарихына алтын әріптермен жазылатын туынды болып қалатынын жазады.



Музыкада Абайдай кемеңгердің сом тұлғасын көркем етіп жасй білу ұлы ойшылдың өзі көтерілгені азаматтық, суреткерлік биік деңгейін талап етеді. Қазақ операсының інжу маржанына айналған «Абай» операсының сәтті шығуы – қос композитордың талантының құдіреті әрі Ахмет Жұбановтың өткір де көреген ойының әсері деген пікір білдіреді. Сазгердің қаламынан туған қаншама әндер мен романстар, сюиталар қазақтың музыкалық қазынасының асқар биігі деп жазады. "Ол – тумысынан ерекше туындыгер, ерекше композитор. Оның барлық музыкасы өміршең. Оның композиторлық таланты опералық шығармаларды шығаруда кеңінен ашылды деуге болады", - дейді Ахмет Жұбановтың шөбересі, дирижер Алан

Бөрібаев. Музыка өнеріндегі сара жолды дарынды композитор, сарабал ұстаз, сұңғыла ғалым Ахмет Жұбанов ауыр науқастан 1968 жылы 62 жасында дүние салды. 1938 жылдан бастап Ахмет Жұбанов композиторлық жұмыспен айналыса бастайды. Жазушы Ғабит Мүсіреповтің "Қозы-Көрпеш – Баян сұлу" драмасына, Мұхтар Әуезовтің "Абай" спектакліне, "Амангелді" кинофильміне музыка жазды. Камералық шығармалардың ішінде "Қазақтың

жеті биі", "Тәжіктің он биі" сияқты фортепианоға арналған, "Ария", "Көктем", "Жезкиік", "Романс" сияқты қобызға арналған шығармаларының қазақ өнерінде алатын орны ерекше. Ахмет Жұбанов 1936 жылы "Халық композиторлары. Құрманғазы", 1942 жылы "Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы" атты кітаптарын жазды.

Ахмет Жұбановтың композиторлық шығармаларының көрнектілері Латиф Хамидимен бірлесіп жазған "Абай" (1944 жылы) және "Төлеген Тоқтаров" (1947 жылы) опералары, қызы Ғазиза Жұбанова аяқтаған "Құрманғазы" (1970 жылы) операсы. Қазақстан тарихындағы алғашқы дыбысты фильм "Амангелді" фильміне Михаил Гнесин мен Ахмет Жұбанов музыкасын жазды. 1968 жылы "Замана бұлбұлы" атты кітабы үшін Ахмет Жұбанов Қазақ ССР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды. Жұбановтар әулеті дарын қонған отбасы. Қорыта келе, сөзімізге Ахмет өнер саласындағы бірінші академик болғаны, бауыры Құдайбергеннің қазақ тіл білімі саласын зерттеген профессор екені дәлел бола алады. Ахметтің қызы Ғазиза Жұбанова қазақ әйелдерінің ішінен шыққан бірінші кәсіби композитор, жиені Алан Бөрібаев дарынды дирижер. Құдайберген Жұбанов – қазақ тілінің теориялық негізін қалаушы, қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры, педагог, түркітанушы. Ал оның ұлы Асқар Жұбанов өмірін математикалық лингвистикаға арнаған ғалым.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Жұбанова, Ажар. Ахмет Жұбанов – қазақ халқының атақты ұлы = Ахмет Жұбанов - великий сын казахского народа: монография / А. Ажар. Жұбанова. - Алматы: Көркем, 2006. – 36.
2. Жұбанов, Ахмет Қуанұлы. Өскен өнер: (мақалалар мен зерттеулер) / А. Қ. Жұбанов. - Алматы: Ғылым, 1985. - 244 б.

МУЗЫКАНЫҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Казакбаева А.Д.

Қазақстан республикасы, Алматы қ.

Дүние есігін ашқаннан бастап адам құлағы неше түрлі әуенді естиді. Бірі жағымды, бірі жағымсыз, бірі қорқынышты, ал енді бірі жан сергітерлік болады. «Әлдиен» бастау алатын әуезді музыкалар адам санасына да, физиологиялық тұлғасына да әсер етеді екен. Бұл ежелгі дәуірден дәлелденіп келе жатыр. Мысалы, Көне Мысырда ұйқысыздықты хордың ән шырқауымен емдеген екен. Ал Ежелгі Қытайда музыка буын және қан тамырлары ауруына ем болған. Антикалық дәуірдің философтары музыкалық терапия туралы трактаттар жазған. Олай болса, музыканың адам ағзасына қалай әсер ететінін байқап көрейік. Ғалымдар адам физикалық күш жұмсағанда, бұлшықет шамадан тыс қызмет атқарған кезде музыка тыңдап жүрсе, ол оның жұмыс жасау қабілетін екі есе арттырады екен. Жаттығу залында жүргенде, жүгіргенде спортшылар құлаққаппен ән тыңдап жүреді. Бұл сол зерттеудің нәтижесінен алынған. Жігерлендіріп, рух сыйлайтын әуендер тез қозғалуға мүмкіндік береді. Әр нотаның бұлшықетке берері көп.

Музыка емдеудің тиімді құралы. Мысалы, Альцгеймер ауруы немесе деменциямен ауыратын адамдар үшін таптырмас құрал. Жақында фин ғалымдары музыканың көмегімен науқастардың жады мен көңіл-күйінің жақсаратынын дәлелдеді. Музыкалық терапияның тарихы бірнеше мың жыл бұрын басталды. Антикалық дәуірде Пифагор, Аристотель және Платон музыканың шипалық әсері бар екенін дәлелдеді. Ең ұлы дәрігер Авиценна жүйке және психикалық ауруларды емдеуде музыкалық терапияны қолданған. Қазіргі заманғы еуропалық медицина музыкалық терапияны ХІХ ғасырдың басынан қолдана бастады. Француз психиатры Жан Этьен Доминик Эскироль психиатриялық мекемелерде музыкалық

терапияны қолданысқа енгізді. Медицинада музыканы қолдану негізінен эмпирикалық сипатқа ие. Мысалы, Голландия мен Францияда хирургияда музыка арқылы емделу әдетке айналған. Ал музыка адамның ерекшеліктеріне, оның ауруларына және физиологиялық құрылымына байланысты жеке таңдалады. Дұрыс таңдалған классикалық музыка адамның жүрек-тамыр жүйесіне оң әсерін беріп, адамның әл-ауқатын жақсартады және жалғыздықты жеңуге көмектеседі. Жоғары жиілікті дыбыстардың адам психикасына әсерін алғаш зерттеген француз отоларингологы А.Томатис болды. Зерттеу нәтижесінде адам музыканы жай ғана естімейтіні белгілі болды. Адам қабылдаған тербелістер электрлік импульстарға айналады. Сол арқылы миға жіберіліп, құлақтың нервтеріне әсер етеді. Швед музыкалық терапия мектебінің өкілі А.Понтвик психикалық резонанс концепциясын дамытты. Бұл адам санасының терең қабаттары дыбыстық гармоникалық формалармен резонанс тудыратынын көрсетіп берді. Музыканың адам өміріндегі рөлі. Музыканың жан-жануарларға, өсімдіктерге, адамдарға жағымды әсері туралы ежелгі өркениеттердің ілімдері. Музыкалық терапия саласындағы заманауи зерттеулер. Қоңырау соғуының және музыкалық аспаптар үнінің емдік құбылысы. Музыка тыңдау ашушандықты, көңіл-күйді азайтуға және өмірдің әлсіздігін сезінуді және сіз бір бөлігі болып табылатын табиғаттың ұлы тіршілігіне қатысыңызды арттыру үшін (Қоңырау соғуы). Зерттеушілер белгілі бір ырғақ пен үндестік адам ағзасының иммунитетін көтеретінін айтады. Мәселен, қоңырау үні, тибет ыдыстарының даусы, т.б. Олар ағзадағы микробтарды, жағымсыз заттарды өлтіре алады. Кей музыка ота үстелінде жатқан науқастың ауруын сездірмейтін күшке ие бола алады. Адамның жүйке жасушасын ұйықтата алатын әуендер қан айналым жүйесін де бірқалыпта ұстап тұрады.

Өмірдің мәселесі. Тұлғаның рухани саласы және психологиялық денсаулық. Денсаулық гармониясы туралы түсінік. Гармониялық емдеу жүйесі психотерапия, арт-терапия, соматерапия. Музыка тыңдау ашушандықты, көңілсіздікті азайту және өмірдің әлсіздігі мен сіз бір бөлігі болып табылатын табиғаттың ұлы тіршілігіне қатысыңыз туралы сезімді арттыру үшін Л.В.Бетховен Соната №14. Арт терапия сурет арқылы жеткізу болып табылады. Ол жасырынған қабілетті шығаруға қоғаммен байланыс орнатуға жеткізу мүмкіндік береді өзін өзі бағалауды үйретеді. Эмоцияны реттейді. Арт-терапияға би, ән айту, ойын ойнау, сурет салу кіреді. Ал қазір қуыршақ терапияға музыка терапия жаңа түрлері енгізілген. Осы арқылы арқала науқас балалық шағындағы оқиғаларымен бөліседі. Содан кейін мазалап жүрген мәселерін дәрігерге айта бастайды. Әлемнің көптеген елдерінде музыка терапиясы арнайы білімді қажет ететін көмекші, денсаулық сақтау мамандығы болып табылады. Музыкалық терапевтер басқа мамандармен ақпарат алмасады. Емдеуші дәрігер, психолог, мұғалім, логопед, тәрбиеші, тіпті, музыка терапиясы емдеудің негізгі түріне айналады.

Денсаулықтың рухани-генетикалық теориясы. Денсаулықтың жеке және әлеуметтік факторлары.

«Денсаулық» ұғымы. Қалыпты толыққанды өмірге тек жақсы денсаулықпен қол жеткізуге болады. Денсаулықтың күйі көптеген биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты болады. Егер адам организміндегі барлық физиологиялық процестер (тамақтану, тыныс алу, зат алмасу және т.б. қалыпты жүрсе, онда адамның денсаулығы жақсы болады. Денсаулығы дұрыс адамның организмінде барлық компоненттер үйлесімді әсер етеді. Бұлар - денсаулықтың физикалық (организм — тірі ағза ретінде), психикалық (адам - әлеуметтік тұлға ретінде), адамгершілік (адам - қоғамның өкілі ретінде) компоненттері. Денсаулыққа әсер ететін факторлардың ішінде ең жетекші орынды физикалық рухани және әлеуметтік факторлар алады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеулеріне қарағанда адам денсаулығының 50-55%-ы өмір сүру салтына, яғни адамның өз денсаулығына қалай қарайтындығына байланысты, Бұл - салауатты өмір салтының шарты. Ашу мен ашулануды азайту үшін музыка тыңдау. Г.Ф. Гендель. Скрипка мен оркестрге арналған соната. Г.Ф. Гендель «Пассакалья».

Ағзаның емдік мүмкіндіктері Көптеген адамдар ағзаға ненің пайдалы, ненің зиян екенін түсіне бермейді, осыдан аурудың алдын алуды білмейді. Денсаулықты сақтауды

дәрігерлерге жүктеп жүргендер аз емес. "Омыртқа жотасы - дененің тірегі. Ол бір-бірімен буын арқылы жалғасқан 33-34 омыртқадан тұрады. Омыртқа жотасын беске бөледі: 7 мойын, 12 көкірек немесе кеуде, 5 бел. 5 сегізкөз, 4-5 құйымшақ омыртқалары. Мұның ішінде құйымшақ және сегізкөз омыртқалары бір-бірімен бірігіп кеткен, қалғандары жеке-жеке болады

Стрельникова әдісінің тиімділігінің мысалдары. Әдістеменің даму тарихы. Денсаулық сақтау министрлігі парадоксальды тыныс алу жаттығулары туралы. Парадокстың мәні. Стрельникова әдісі өзін-өзі емдеу әдісі ретінде. Тыныс алу жаттығулары мен дене тәрбиесінің айырмашылығы. Музыкалық шығармалар адам ағзаларының әртүрлі жүйелеріне тікелей әсер етеді, тыныс алудың тереңдігіне, жүйке жолдарының жылдамдығына, жүректің жиырылуына, бұлшықеттердің босаңсуына немесе кернеуіне әсер етеді. Терапияның әсерінен эмоционалдық жағдайдың өзгеруі байқалады. Мысалы: Мазасыз адам тыныштала бастайды. Белгілі бір дәрі-дәрмектің көмегімен және музыка тыңдағанда жүрек соғу жиілігі төмендейтіні байқалады. Болып жатқан оқиғаның сәтті нәтижесі туралы алаңдаушылық пен белгісіздік сезімін азайту үшін музыка тыңдау. Ф.Шопен №4 прелюдия И.Штраус. Вальс. Тест «Дұрыс тыныс алуды білесіз бе» Емдік гимнастика – қазіргі заманда кең тараған ұғым. Ол емдеу әдістерінің тиімді түрлерінің бірі. Біздің елде ол негізінен советтік дәуірде ғана дамыса да өзінің түп-тарамын осыдан бірнеше ғасыр бұрын, сонау ықылым заманнан бастайды. Емдік гимнастиканың шығу және даму тарихына арналған ғылыми еңбектер көптеп саналады, әсіресе емдік жаттығулардың денсаулыққа әсерін анықтауға П.Ф. Лесгафт, И.М. Саркизов-Серазини, В.М. Мошков, Д.Ф. Шпаковский, т.б. сияқты ғылымдар үлкен үлес қосты. Әр ғасырдың өзіне тән емдеу әдісі және соған сәйкес дене тәрбиесі болған. Мысалы, бойындағы дерттен арылу үшін, адам табиғаттың сыйы – суды, жарық сәулені, әр түрлі қимылқозғалысты пайдаланған. Мәселен, Қытай, Үнді елдерінде жаттығуларды біздің дәуірімізге дейінгі 3000-1800 жылдары кең пайдаланған. Олар ішкі ағзалар ауырғанда, буындар зақымданған кезде тыныс мүшелері арқылы дұрыс дем алуды мұқият қадағалаған. Сол сияқты массаж, ырықсыз қозғалыстар, қарсыласу қимылдарын пайдаланған. Емдік гимнастика ежелгі Греция елінде де үлкен қарқынмен дамыған. Оған мол үлес қосқан атақты ғалым – медициналық атасы – Гиппократ (біздің дәуірімізге дейінгі 400-370 жыл) еді. Ежелгі Рим медицинасында емдік гимнастиканың пайда болуына ықпал жасаған, үлкен еңбек сіңірген, атақты ғылымдар Целий, Цельс, әсіресе, белгілі рим дәрігері Гален болды (біздің дәуірімізге 200-130 жылдар шамасы). Целий өз туындыларында көптеген созылмалы ауруларға қарсы, міндетті түрде, дене тәрбиесін қолдану керектігін атап көрсеткен. Әсіресе сал, нерв жүйесі ауруларын жазуда емдік гимнастика мен массаждың айрықша пайдалылығын дәлелдеген. IX – X ғасырларда ғұлама ғылым, әлемге аты әйгілі ұлы дәрігер Авиценна (Әбу-Әли Ибн Сина) осы салада үлкен еңбек жазып шыққан. Ол өз қағидасында күн сәулесін, ауаны және дене тәрбиесін әр адамға жасына байланысты ұтымды пайдалануды ұсынды. Орта ғасырда дін ықпалы басым болғандықтан, медицина керенаулап, оған қоса емдік гимнастика да тоқырап қалды. Ғылым мен өнердің жаңарып қайта өрлеген дәуірінде дәрігерлік музыкамен гимнастика туралы туындылар қайтадан шыға бастады. Атақты ғалым Тисонның бірнеше еңбектері, Гофманның «Ортопедия туралы трактаты», Меркуриалистің «Гимнастика өнері» атты ғылыми анықтама кітабы жарық көрді. XVI – XVII ғасырларда Россияда медицина саласында аурудың алдын алу шаралары қолға алынып, өскелең келешек ұрпақ үшін ең қажет нәрсе қимыл-қозғалыс, оның ішінде дене шынықтыру жаттығулары деп тапты (М.В. Ломоносов, А.П. Протасов). XVIII – XIX ғасырларда емдік қасиеті бар музыкалық жаттығулар туралы пікірлер көбейе бастайды. Европада Лингтің швед гимнастика жүйесі кең тарады. Көптеген емдік гимнастикалар шведтік гимнастика жүйесінің бір тарауы болғанымен педагогикалық әскери және эстетикалық гимнастика болып есептеледі. Линг гимнастикасының негізгі мақсаты – буындарды зақымдайтын ауруларға қарсы емдік жаттығулар қолдану еді. Осы кезде орыс терапия мектебінің негізін қалаушы М.Я. Мудров және көрнекті хирург Н.И. пироговтың емдік гимнастикасын ішкі ағзалар ауырғанда, жарақаттанып жараланғанда қолдану өте қажет деген тұжырымы кең тарады. №

Емдік гимнастиканың кең таралуына үлкен ықпал жасаған ғалым П.Ф. Лесгафт. Ол анатомиялық-физиологиялық құбылысты негіздей отырып, дене тәрбиесін аурудың алдын алу ісінде өте жоғары қойды.

Музыка терапиясы, вокалдық терапия, музыка терапиясы, халықтық өнер терапиясы, ырғақ терапиясы, лооритмика. Бұл – халықтық ем-дом жасау ісінде адамзат игілігіне жарап келе жатқан қолданыста бар дүние. Тіпті, тарих қойнауына көз жүгіртсек, ежелгі грек философы Пифагор музыканың адам ағзасына, көңіл күйіне қалай әсер ететіні туралы ғылыми анықтама берген. Сондай-ақ ертедегі қытай, үнді дәрігерлері мен емшілері, философтары мен музыканттары музыканы сырқатты емдеуге пайдаланғаны белгілі. Сол сияқты, қазақтың көнеден келе жатқан ауыз әдебиеті жырлары мен аңыз-әфсаналарында да сиқырлы қобыз, күмбірлеген домбыра мен сызылған сыбызғы үнінен шығатын музыкалық туындылардың адам организміне оң әсер етіп, жалпы психологиялық емдік сипатта шипалық қасиеттері болғандығы белгілі. Ендеше, «музыкатерапевт» деген терминдік атау әр кезеңдерде әрқалай үлгіде айтылып келгенімен, жалпы адамзат баласының тұрмыс-тіршілігінде ажырамас құндылықтарға айналған деуге толық негіз бар. Десек те біз бүгін тәуелсіздік жылдарындағы музыкатерапевтік қызмет турасында ой өрбітпекпіз. Ендеше, ендігі сөзіміз осы саладағы озық технологияларды қолданысқа енгізе отырып, жаһандық деңгейдегі жаңашылдыққа бет бұрған еліміздің музыкамен емдеу ісінің жай-күйі жайында өрбімек. Ашығын айтсақ, музыкамен емдеу ісінің мамандары Қазақстанда «музыкатерапевт» деген ресми атауға 1995 жылдан кейін иелене бастады десек, қателесе қоймаспыз. Өйткені тұңғыш рет Алматы қаласында республикалық «Балбұлақ» балаларды оңалту орталығы ашылып, ол жерде церебралды сал сырқатына ұшыраған балаларды емдейтін орталыққа «музыкатерапевт» мамандығы керек-ақ болатын. Осылайша, бұл салада көш ілгері кеткен әлемнің озық тәжірибелерін осы орталықта кеңінен қолданысқа енгізу көзделді Табиғи шулардың дыбыстары және олардың адам ағзасына тигізетін пайдалы әсері. Жалпы тыныштық, тыныштық және өмірмен келісу үшін музыка тыңдау.

Музыканы қабылдаудағы эмоциялар мен сезімдер. Біздің сезімдер өмірімізге қалай әсер етеді. Жеке адамның эмоционалдық күйлері. Музыканы сезіну мәдениеті, есту сезімталдығы туралы түсініктер. Жаңашыл бағыттағы жас маманның түсіндіруінен түйгеніміз, музыкатерапевтік қызметтің ар жағында біз білмейтін нәзік иірімге толы оның түрлері де аз емес көрінеді. Рефлексивтік терапия (баланың есту, тыңдау, сезіну қабілетін дамыту), аспаптық терапия (қол, саусақтың қимылындағы моториканы дамыту), данс-терапия (тепе-теңдік қимыл-қозғалысты дамытуға бағытталған), дыбыстық терапия (тілінің мүкісі бар балалар үшін), вокалды терапия (балалардың аспаппен үндесе ән айтуда дыбыс шығару мен тыныс алу тәртібін үйретуге арналған) сынды мүгедек жанның мүмкіндігін ашуға және оны барынша дамытуға негізделгенін біреу білсе, біреу білмес. Негізінен ән айту дыбыстау мүшелеріне ғана емес, есту мүшелерінің жұмысына да тәуелді. Сондықтан да ән айту кезінде есту мүшелерінің дұрыс қалпын сақтау, ән шырқаудың дағдысын игеру мен дыбыстау жүйесін оңалтуға тиімді көмек береді. Ал ол үшін алдымен дұрыс тыныс алып үйрену қажет. Егер бала тиімді тыныс алып үйренсе, онда ән айтумен қатар дұрыс сөйлеу мүмкіндігі де қалыптасады.

Бүгінде бұл салада «музыкатерапевт-реабилитолог» термині кеңінен қолданысқа ене бастады. Ал латынның «реабилитация» сөзі «rehabilitas» - адамның зақымдалған қабілетін қалпына келтіру дегенді білдіреді. Осы сөздің медициналық-педагогикалық тұрғыдағы қазіргі мәні - мүмкіндіктері шектелген балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеп, олардың психо-физиологиялық мүмкіндіктеріне сәйкес қоғамдық өмірге, еңбекке араластыру арқылы кемтарлық салдарын жеңілдету. Мұндай балалардың музыканы есту деңгейі мен есте сақтауы және музыка ырғағын сезіну қабілеті төмен болатындығын ескеріп, олармен музыкалық тәрбие жұмысының дұрыс ұйымдастырылуы қамтамасыз етілуі қажет. Сондай-ақ дәріс жүйелі және мақсатты түрде өткізіліп, әрбір баланың мүмкіншіліктері мен даму ерекшеліктері терең зерттеліп, зерделенуі керек. Мәселен, вокалдық терапияда балалар алғаш ән айтып үйренеді немесе жақсы көретін әндердің қайырмасын айтады. Міне, осы

орайда логопедтермен жұмыс жүргізілсе, құба-құп. Өйткені, бала тек ән айтуды үйреніп қана қоймайды, осыған ұмтылу арқылы өкпенің, қан айналымының жұмысын жақсартып, дене-бітімінің түзелуіне оң септігін тигізеді. Жалпы тыныштық пен тыныштық үшін музыка тыңдау Дж.С.Бах «Скрипка мен оркестрге арналған концерт»

Біздің міндетіміз - білім алушылардың бойында ізгілік, мейірім, адамгершілік сапаларының қалыптасуына құлшыныс тудыру, қазақ халқының салт-дәстүрін білугеклассикалықмузыканың қазақтың дәстүрлі әндері мен музыкасының адмға пайдасын маңыздылығы жайлы олардың дүниетанымдарын кеңейту. Осы орайда, білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды өзара пікір алмасуға, ой тұжырымдауға, көпшілік алдында сөйлеуге, жұмыстарын қорғауға, командада өзара әрекеттестікте жұмыс жасау дағдыларын жетілдіруге жан-жақты ат салысу - парызымыз.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М., Қазақ халқының салтдәстүрлері. Алматы, 1994. Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time Materials of the IX International Scientific-Practical Conference. Lyon (France), February 7-9, 2024 www.regionacadem.org 173 inf.academ@gmail.com
2. Кенже Ахметұлы С., Қазақ музыкасының танымы, Алматы кітап, 2007 жыл. 3. <https://oqu-zaman.kz/>
3. Харлап М.Г. Народно-русская музыкальная система и проблема происхождения музыки. // Ранние формы искусства. Москва, 1972 г.
4. Байгаскина А.Е. Ритмика казахской традиционной песни. Алматы, 2003 г1.
5. Выготский Л.С. В92. Психология искусства. Ростов н/Д: изд-во «Феникс». 1998. – 480 с. <https://www.marxists.org/russkij/vygotsky/art/psychologia-iskusstva.pdf>
6. Элизабет Элен Блэкберн, Элисса Эпель "Эффект Теломер" Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-lymdar/55601/>
7. Пол Каланити "Когда дыхание растворяется в воздухе" Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-lymdar/55601/>

МУЗЫКА ӘЛЕМІНДЕГІ ФИЗИКА

Серікханова Г.С.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Мектепте қалыптасқан білімнің жоғары сапасы елдің жалпы мәдени деңгейінің кепілі болып табылады. Білім беру үрдісінің сапасының негізгі сипаттамасы оның нәтижелілігі болып табылады, ол оқушылардың хабардар болуымен, олардың функционалдық сауаттылығымен және құзыреттілігімен анықталады. Оқушылардың білім сапасы тек игерілген білім көлемімен ғана емес, оларды өз бетінші толықтыра білу қабілетінің дамуымен де анықталады.


Физикалық білім қазіргі қоғам өміріндегі маңыздылығы, барлық жаратылыстану пәндерінің дамуына және ғылыми-техникалық прогресс қарқынына шешуші әсер етуіне байланысты оқушының жеке әлеуетіне сәйкес келетін білім деңгейін қамтамасыз ету үшін үлкен әлеуетке ие. [1]

Оқушының жеке әлеуетін дамыту үшін әр деңгейде танымдық базаны кеңейту қажет, бұл оқушылардың жеке білім беру бағытын таңдауға кең мүмкіндіктер туғызады. Физиканы оқуды барлық оқушылар өмірлік маңызды және қызықты деп қабылдауы керек. Физика оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, олардың дүниетанымы мен сенімдерін қалыптастырады.

Гуманитарлық білім берудің жалпы тұжырымдамасындағы физика курсы, бір жағынан, «таза гуманитарлық мазмұнның» біржақтылығын түзету үшін, екінші жағынан, гуманитарлық білімге шынымен жалпы мәдениетті және заманауи болуға мүмкіндік беру үшін оны жаратылыстану және техникалық мазмұнмен толықтыруға арналған. [2]

Көптеген адамдар физика мен музыка арасында ортақ байланыс нүктелері көп екенін білмейді. Қалай болғанда да адам дыбыстар әлемінде өмір сүреді. Біз адамдардың дауыстарын, жануарлар шығаратын дыбыстарды, құстардың әнін, жаңбыр, теңіз шуын, жапырақтардың сыбдырын естиміз, гитара, скрипка, фортепиано шығаратын керемет дыбыстарға таңданамыз. Қандай да дыбысты естігеннен кейін, біз әдетте оның қайдан келгенін анықтай аламыз. Осы дыбыс көзін қарастыра отырып, біз әрқашан оның ішінен тербелетін нәрсені табамыз. Музыкалық аспаптар жасайтын шеберлер өз туындыларына жылдар бойы жинаған тәжірибесін салатыны сөзсіз.

Музыка мен дыбыс адам өміріндегі екі маңызды фактор. Олар адамға үлкен пайда әкеледі. Олар ақпараттың үлкен көлемін береді және осылайша адам өмірін жақсартады және байытады. Біз музыка әлемінде өмір сүріп қана қоймаймыз, музыка әрқайсымыздың ішкі жан дүниемізде. Ал физиканы музыканың атасы деп санай аламыз.



Көптеген атақты физика ғалымдары музыкаға құмар болды және әртүрлі музыкалық аспаптарда шебер ойнады. Людвиг Больцман Австриялық физик, молекула-кинетикалық теорияның негізін қалаушы үйінде музыкалық отырыстар ұйымдастырып, өзі фортепиано аспабында ойнайтын. Макс Планк неміс физигі, кванттық теорияның негізін қалаушы, досы Эйнштейнмен камералық шығармаларды жиі ойнады. Альберт Эйнштейн неміс ғалымы, салыстырмалылықтың негізін қалаушы, скрипкада керемет ойнады. Тамаша скрипкашы және суретші теориялық физик Яков Ильич Френкель болды. [3]

Музыканы тыңдаған кезде келесі сұрақтар ойға келеді: аспаптар дыбыстарды қалай ойнайды және әртүрлі аспаптарда ойнаған кезде бір әуен неге басқаша естіледі. Бұл сұрақтарды физика шешуге көмектеседі.

Ежелгі уақытта адамдар тек табиғи дыбыстармен қоршалған – құстардың әні, жаңбырдың, ағын судың, теңіз дыбысы, жапырақтардың сыбдыры, жануарлардың дыбыстары. Қазіргі таңда адамдарды көліктердің қозғалтқыштарының, ұшақ турбиналарының, сағаттың соғуы, музыкалық аспаптардың ішектерінің тербелісі, қоңырау соғу – бұл дыбыстардың барлығы адамдардың іс-әрекетімен жасалған жасанды дыбыстар қоршайды.

Дыбысты естігеннен кейін адам әдетте оның қайдан, қалай келгенін анықтай алады. Дыбыс ақпаратты беру және қабылдау құралы. Дыбыстық ақпарат пен дыбыстық жады адамның өмір бойы бірге жүреді, сондықтан білім алу және дыбыс физикасын зерттеу өзінің өзектілігін сақтап қалды. Мысалы, дыбыстың қасиеттерін білмей, акустикалық жүйелерде жоғары сапалы дыбыс көздерін жасау мүмкін емес. Адамдар дыбыстың қасиеттері туралы білімдерін пайдалана отырып, дыбыс оқшаулаудың әртүрлі түрлерін жасайды. Дыбыс туралы білім ғылымның түрлі салаларындағы зерттеулерде кеңінен қолданылды. Ал музыканың адамға, оның көңіл-күйіне әсер етуі өте зор. Ертеде адамдар дыбыстардың жағымды

үйлесімін тауып, солардың негізінде музыкалық әуендер жасауды үйренді және ежелгі дәуірден олар музыкалық аспаптар жасай бастады.

Сонымен адамға тигізетін әсері бойынша барлық дыбыстар музыкалық дыбыстар және шулар болып екі топқа бөлінеді. Пифагор біздің эрамызға дейінгі VI ғасырда әртүрлі ұзындықтағы созылған ішектерді зерттей отырып, екі ішектің бір мезгілде дыбысты құлаққа жағымды да, музыка тілінде консонанс, ал жағымсыз – диссонанс болуы мүмкін екенін анықтады. Г. Галилей тербелмелі үдерістерді зерттеу жалпы ғылымның болашақ дамуын қамтитынын мәлімдегенге дейін Еуропада музыка теориясы мен акустикасының дамуында түбегейлі ештеңе болған жоқ.


Г. Галилей музыканы өнер ретінде физика мен математикамен байланыстыруға тырысқан алғашқы ғалымы болды. Ал Гельмгольц физиологиялық және музыкалық акустиканың дамуына елеулі үлес қосты. Ол акустикалық резонанс теориясын дамытты және дыбыс толқындарының әсерін зерттей отырып, құлақтың моделін жасады. «Музыка теориясының физиологиялық негізгі ретінде есту түйсіктері туралы ілім» атты еңбегінде табиғи дыбыс қатарын зерттеп, естудің резонанстық теориясын жасады. Ол алғаш рет комбинациялық тондар теориясын алға тартты, оларды есту аппаратының механикалық жүйесінің сызықты еместігімен түсіндіреді, атап айтқанда құлақ қалқаны. Дыбысты зерттеу үшін Гельмгольц резонатор деп аталатын құрылғыны ойлап тапты. Диссонанс құбылысын консонанстардағы овертондар арасындағы соққылардың болуымен түсіндірді. Герман Гельмгольцтың шығармашылығы XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың бірінші жартысындағы неміс музыкалық теориясына елеулі әсер етті.[4]

Музыкалық дыбыс үшін ішектер мен дауыс сымдарының тербелістерінің белгілі бір уақыт аралығында болуы өте маңызды. Ал пойыздар мен вагондардың тербелісі біркелкі емес аралықта пайда болуы шу тудырады. Егер дыбыс музыкалық аспап арқылы жасалса, онда дыбыстың көзі тербелетін ішек немесе ауаның діріл бағанасы болып табылады. Бірақ дыбыс бізге қалай жетеді? Әлбетте, құлақ пен дыбыс көзін бөлетін ауа арқылы. Бірақ таралатын тербеліс толқын болып табылады, сондықтан дыбыс толқын түрінде таралады. Егер дыбыс толқыны ауада таралса, онда ол бойлық толқын болады. Ауаның дыбыстың «өткізгіші» екендігі 1660 жылы Р. Бойл жүргізген тәжірибе арқылы дәлелденді. Егер ауа сорғысының қоңырауының астынан ауаны сорып алсақ, онда орналасқан электр қоңырауының дыбысын естімейміз.

Физика тұрғысынан дыбыс атмосферадағы тербеліс пен өзгерістер нәтижесінде пайда болатын сұйықтарда, газдарда және қатты денелерде таралатын механикалық серпімді толқындар. Тіпті сөйлескен кезде біз әңгімелесушімізді естиміз, өйткені ол қоршаған ауаға әсер етеді. Сондай-ақ адам музыкалық аспапта ойнаған кезде, пианиноның клавиштарын басса немесе ішекті тартса, ол қоршаған ауада дыбыс толқындарын тудыратын белгілі бір жиіліктегі тербелістерді жасайды. Дыбыс тербелістерінің жиілігіне, дыбыс деңгейіне, ырғағы мен үйлесіміне байланысты дыбыс адам ағзасына оң және теріс әсер етуі мүмкін. Дұрыс таңдалған дыбыс тербелістері адамды белсендіре алады. Дыбыс көмегімен жүрек соғу жиілігін, тамыр соғуын, тыныс алуды, ас қорытуды үйлестіруге болады. Дыбыс толқынының тербелісі жиілігі Герцпен көрсетіледі. Неміс ғалымы, Карлсруэ университетінің профессоры, бірнеше академиялардың мүшесі Генрих Герц ашқан жаңалықтарымен адамдар күн сайын кездеседі. Ол динамика құбылысы мен электромагниттік толқындарды терең зерттеп, болашақта теледидар мен радио сияқты таныс нысандарды жасауға мүмкіндік берді.[5]

Музыкалық дыбыс – музыка мәдениетінің көпғасырлық даму барысында айқындалып, белгілі бір жүйелі қалыпқа түсіріліп, музыкалық ойды, образды бейнелеуде қолданылатын көркемдік құбылыс. Олардың дыбыс биіктігі, естілу күші, тембрі, ұзақтығы айқын. [6] Барлық музыка музыкалық дыбыстардан құралған. Музыкалық дыбыстың физикалық ерекшелігі ондағы дыбыс қысымы уақыттың кезеңдік функциясы болып табылады. Музыкалық дыбыстар жүйеге біріктірілген. Музыканы құрастырудың негізі дыбыс қатары болып табылады. Музыкалық динамикалық реңктер дыбыс шкаласына бағынады.

Музыкалық дыбыстарды жазу үшін ноталар қолданылады. Музыкалық акустика музыкалық дыбыстарды зерттейді.



Физика да, музыкалық акустика да дыбысты толқындық құбылыс ретінде мойындайды. Бұған жиілік немесе тон, амплитуда немесе дыбыс деңгейі, толқын ұзындығы сияқты сипаттамалар кіреді. Екі салада да дыбыстың ауа, су немесе қатты заттар сияқты әртүрлі орта арқылы қалай таралатыны зерттеу маңызды. Бұл заттардың дыбыс толқындарының жылдамдығы мен әрекетіне қалай әсер ететінін түсінуді қамтиды және физика да, музыка да резонанстық құбылыстарды қарастырады, онда объектілер немесе жүйелер өз жиіліктерінде дірілдейді. Бұл тұжырымдама музыкалық аспаптардың мінез-құлқын, инженерлік жобаларды түсіну үшін өте маңызды. Физика және музыкалық акустика дыбыстың бірдей бірліктерін пайдаланады, мысалы, қарқындылық үшін децибелдер және жиілік үшін герц. Дыбыс толқындарының әртүрлі беттерден қалай секіретінін, әртүрлі орталардан өткенде иілуін және кедергілерді айналып өтетінін зерттеу физикада да, музыкалық акустикада да маңызды.

Бірақ физикалық акустика дыбыстың вакуумдағы әрекеті немесе затпен әрекеттесуі сияқты негізгі ғылыми принциптерге назар аударады. Ол шуды бақылау, ультрадыбыстық технология және су асты акустикасы сияқты салалардағы зерттеулерді қарастырады. Ал музыкалық акустика бұл принциптерді музыканы жазуға, орындауға қолданады. Бұл музыкалық аспаптардың, концерт залдарының акустикасы және дыбысты қабылдаудың музыкалық шығармаларға қалай әсер ететінін түсінуді қамтиды. Физикалық акустика ең алдымен объективті ғылыми түсінуге қатысты болса, музыкалық акустика дыбыстың көркемдік және эмоционалдық жақтарын да қарастырады. Бұл әртүрлі акустикалық қасиеттердің музыканың эстетикасы мен әсеріне қалай әсер ететінін қамтиды.

Екі сала да дыбыс құбылыстарын сипаттау үшін математикалық модельдерді пайдаланады, бірақ физикалық акустика толқындардың мінез-құлқын және таралуын талдау үшін күрделірек математикалық құралдарды қамтиды. Негізінде, дыбыстың негізгі принциптері өзгеріссіз қалғанымен, музыкалық акустикамен физикалық акустиканы салыстырғанда физикалық акустиканың қолданылуы мен бағыттары әртүрлі зерттеу және зерттеу салаларына әкеледі. Дегенмен, физика да музыка да дыбысты түсінуге және оның біздің өмірімізге әсерін ғылыми жаңалық немесе музыкалық экспрессия арқылы түсінуге ықпал етеді. Акустикалық толқындардың осы сипаттамаларын зерттеу және түсіну бізді қоршаған ортадағы дыбыс құбылыстарын жақсы түсінуге, басқаруға мүмкіндік береді. Бұл акустикалық жүйелерді жобалау және құру кезінде әсіресе маңызды, мұнда белгілі бір дыбыс сапасына және оның берілуіне қол жеткізу қажет.

Акустикадағы ең маңызды жаңалықтардың бірі жаңа технологиялар мен әзірлемелер бізге жақсырақ дыбыс шығаруға, музыка тәжірибесін жақсартуға мүмкіндік береді. Музыкалық механиканың дамуымен синтезаторлар мен басқа заманауи аспаптарда әртүрлі физикалық арнайы әсерлер барған сайын көбірек қолданылатынына сенімдіміз, ал физика одан әрі жетілген сайын музыка ғылымы одан әрі дамиды.

Сонымен, музыкалық акустикадағы физиканы зерттеу ғылыми ұстанымдар мен көркемдік өрнектердің қызықты қиылысын ашады. Физика акустикасы дыбыс толқындарын, жиіліктерін және олардың мінез-құлқын түсінудің негізін қаласа, музыкалық акустика музыканы орындауға, одан ләззат алуға қолданады.

Негізінде, музыкалық акустикадағы физика ғылым мен өнер арасындағы үйлесімділікті терең бағалайды. Ол бізді скрипка ішектерінің күрделі тербелісінен бастап үлкен концерттік залдың таң қалдыратын акустикасына дейін дыбыстың сұлулығымен танысуға шақырады. Дыбыс сырларын аша отырып, біз қоршаған әлемді тереңірек түсініп, музыка тілі арқылы өмірімізді байытамыз.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Махамбетов.У.М. Физика пәні бойынша жанартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ерекшелігі / У.М.Махамбетов.- Текст: // Молодой ученый.- 2020.№9,1-с 22-23.
2. Паридинова.Б.Ж. Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің заманауи қоғамдағы орны/ Б.Ж.Паридинова.- Текст: // Молодой ученый.2016 №19,2 с 32-34.
3. Дереккөз: <http://www.sunhome.ru/journal/125189>.
4. Воробьев.В.С. К 200-летию со дня рождения Г.Гермгольца / В.С.Воробьев - Теоретическая и экспериментальная психология-2021.Т 14 № 3 с 82-94.
5. Дереккөз: <https://biographie.ru/uchenie/heinrich-hertz>
6. Қазақ энциклопедиясы VI-том.

ЖАС МУЗЫКАНТТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ РӨЛІ

Жакишева Г.А.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*«Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле»
Нақыл сөз*

Қазіргі кезеңдегі экономикалық-саяси өзгерістермен байланысты, еліміздің болашағына белсенді атсалысатын, өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, дәстүрімен, өнерімен терең танысқан зерделі ұрпақты тәрбиелеу қажеттігі өзекті мәселеге айналды.

Қазақстан Республикасындағы барлық жалпы білім беретін ұлттық мектептерге арналған ортақ тұжырымдамада: мектептің басты мақсаты – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып оқыту, тәрбиелеу және әрбірін жеке тұлға деп санап, оны жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау делінген.

Бүгінгі таңда ұрпаққа әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – педагог алдындағы үлкен міндет. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгілік қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру.

Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық құндылық, ұлттық рухымызды сақтап қалу алдымызда тұрған үлкен міндет.

Адамзат тарихында ерте заманнан-ақ құндылықтардың қалыптасуы ойшылдар мен ғұламалардың назарында болған. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді,

соған сай әрекет етеді. Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет: Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін: жас ұрпақ ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту; ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани - мәдени мұраларды қастерлеу.

Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген нақыл сөз бар. Ол – тәрбиелеу мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, сүйіспеншілік сынды қасиеттер жатады. Кез келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі-дәстүрі, төртіншісі –тарихы, бесінші - атамекені. Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық мідеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Сан аулан ұлттық қазыналардың ішінде халық шығармашылығының музыкалық үлгілері ауызекі дәстүрдегі стильдік және функционалдық тұтас жүйесін құрайды. Әндер, күйлер, жұмбақ, қысқа тақпақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, өтірік, өсиет өлеңдер, терме, желдірме, толғау және тағы басқалары сияқты жанрларда күнделікті өмірдің айнасы ретінде елдің менталитеті, оның өнегелік қасиеттері, рухани мұраттары көздің қарашығындай сақталып, көшпенді өркениеттің мәдениеті мен бірлігі, мәңгілік ой-арманы баяндалады. Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін жан-жақты зерттеп, ұлттық ағарту ісінің негізіне ғылыми еңбектерімен үлес қосқан дарынды ғалым Шоқан Уалиханов (1835-1865) – “Қазақ даласындағы тәлім-тәрбиенің басты құралы – жыр, айтыс, өлең, терме т.б. деп, олардың түрлеріне талдау жасап дүниетанымдық, тәрбиелік мәнін жоғары бағалады”. Дарынды ғалымның данышпандық ой-мақсаттары қазақ халқының ұлттық өнеріне бір арна болып қосылған асыл мұра болып табылады. Қазақ халқының ғасырлар бойы сұрыпталып, жинақталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық өнер мұрасы шексіз. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген дана халқымыз бала тәрбиесінің бесіктен басталатынын меңзесе керек. Өмірге жаңа келген нәрестеге бесік жырын айтып ұйықтатудың өзі бала тәрбиесіндегі алғашқы қадамдар болып есептелген.

С. Сейфуллин қалдырған «Келіншектің бесік жыры» нұсқасында көрсетілгендей:

«Жақсы болып ержетсе,
Балапаны бөпесі,
Бағы ашылып, анасы,
Көкке тиер төбесі...
Әлди-әлди, балашым!
Ұйықтатайын тербетіп.
Тілегім сен, құлыным,

Үміт ақта ержетіп!», – деп жырлаған ана сәбиінің болашақта жақсы адам болатынына сеніммен қараған. Осы әннің өзі мәдени құндылықтарға тәрбиелейді. Балаға мейірлене қарап, үйрететін әніңді, оның сөздерін түсінікті, баланың өрісі жететін деңгейде жеткізе білсең бала да оны мейіріммен, қызығушылықпен қабылдайды. Бала өзінің айналасындағы достарына да мейірім сыйлап тұрады.

Жасөспірімдегі музыка әлемін түсініп қабылдауға, талғампаздығын тәрбиелеуде, эмоциялық сезімталдығын қалыптастыруда, білімді, мәдениетті болып өсуіне әсер етуде музыка өнерінің алатын орны ерекше.

Музыка — жасөспірімге дүниені жан-жақты танып-білуге көмектеседі, баланың ойына азық беріп, кеңінен және әдеттен тыс ойлауға үйретеді, халықтың рухани мәдениетіне жақындастыра отырып, патриотизм сезімін тәрбиелеп, адамгершілік және азаматтық

белсенділігін оятады. Сөйтіп, осының нәтижесінде қоғам үшін қажетті жеке адамның үйлесімді дамуына жәрдемдеседі. Музыка тілі — өнердің басқа салаларымен салыстырғанда күрделі тіл. Музыка айтылатын ой мен оқиғаны сазды дыбыстар арқылы береді, осыған байланысты музыканы қабылдауды оқушылардың бойында қалыптастыру елеулі қиындықтар тудырып, жан-жақты ойластыруды қажет етеді. Музыка өнерінің ерекшелігі – адамның жан дүниесіндегі сөз бен тіл жеткізе алмайтын құбылыстарды, сезімді дыбыс арқылы беруге мүмкіндік тудыруында.

Қазақстанда ұлттық музыка өнерінің дәстүрін зерттеп жалғастырушы композиторлар А.Жұбанов, М.Төлебаев, А.Затаевич, Е.Рахмадиев, С.Мұхамеджанов, т.б.

Композиторлардың шығармаларындағы ұлттық музыка өнері адамның қиялына қанат бітіріп, ойлау қабілетін дамытады, туған елін, жерін сүюге, мәдениетін, әдебиетін, өнерін эстетикалық тұрғыда қабылдап сезіне білуге үйретеді, имандылық, ізеттілік, парасаттылық тәрізді қасиеттерге тәрбиелеп, рухани азығын молайтады.

Бүгінгі қоғам құрылысының аса маңызды мәселелерін шешуде мектептің оқу- тәрбие үдерісін адамзаттың бүкіл тарих бойы жинақтаған білімі, тәжірибесі мен өнерін меңгерту арқылы жетілдіру, халық педагогикасының тәрбиелік мазмұнымен таныстыру қажеттігі туындап отыр. Музыка құндылығын сақтау және оны ұрпаққа жеткізу, балаларды ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып оқыту, тәрбиелеу, оның жан-жақты дамуына мүмкіншілік жасау – Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық музыка мектеп-интернатының негізгі мақсаты болып отыр.

Қазақстан Республикасындағы барлық білім беретін ұлттық мектептерге арналған ортақ тұжырымдама жасалды. Ол тұжырымдамада мектепті жаңартудың көкейкесті бағдарламаларын (оны ұлттық және дүниежүзілік өркениеттің диалектикалық бірлігін сақтай отырып дамытуға, ізгілендіруге), сондай-ақ мектептің ұлттық мәдени жасампаздық қызметін қалпына келтіруге негізделген. Уақыт озған сайын тәрбие беру, білім беру реформалары қоғамның дамуына қарай үнемі жаңғырып отырады.

Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінде жүргізілетін өнер сабақтары қоғамда болып жатқан құбылысты, жаңа ойды бала санасына басқа сабақтардан бұрын жеткізуші болып табылады. Өнер-өмір шындығы. Өмір шындығы мектеп табалдырығын аттаған балаға білім беру, тәрбиелеуде жан-жақты қарастырылады. Сондықтан музыка сабағының әдіс-тәсілдері үнемі жылма-жыл өзгеріп, бала тәрбиесі ісіне жаңа нышандар жаңа бағдарламалар тудырады.

Жас музыкантты тәрбиелеу – бұл кәсіби оқыту мен музыкалық дағдыларды дамытуды ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның құндылық негізін қалыптастыруды қажет ететін күрделі және көпқырлы процесс. Бұл процесте ұлттық құндылықтар музыкалық іс-әрекеттің жасанды аспектілерін ғана емес, сонымен бірге жалпы өнердің сипатын, дүниетанымын және көзқарасын анықтауда және қалыптастыруда маңызды рөл атқарады

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

- индивиттік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;

- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың сана-сезімін қалыптастыру;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:

- сыныптағы тәрбие сағаттары;
- баспасөз және қабырға газеттері;
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- тәрбие шаралары (пікірталас, тәрбие сағаты, кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.);
- кітап оқу;
- мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- шығармашылық жобалар қорғау;
- қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;
- саяхат жасау;
- үйірмелерге қатысу.

Сонымен қатар, жас музыканттарды тәрбиелеуде ынтымақтастыққа, ансамбльдік ойынға, ұжымдық мәнерлілікке баса назар аудару керек. Топтық жаттығуларға, концерттерге, музыкалық іс-шараларға қатысу арқылы жас музыканттар ұжымдық жұмыстың құндылығын, өзара сыйластық пен ынтымақтастықты-үйлесімді қоғам құрудың маңызды қасиеттерін біледі.

Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фараби домбыра аспабында ойнаған. Ол музыканы адам жанын тәрбиелеуге арналған құрал екендігін айтып кеткен. Домбыра – қазақтың жаны, ұлттың байлығы. Рухани кемелденуіміздің бірден бір жолы – ұлттық құндылықтарды ұлықтау. Аспаптың сүйемелдеуінде жыр орындап, төкпелетіп терме орындауға, күмбірлете күй шертуге болады. Құрманғазының күмбірлеген күйін, Тәттімбет, Дина сияқты аттары аңызға айналған күй күдіреттерінің әсем де, сазды әуендерін бойына сіңіріп өскен жас жаман болмауы тиіс. Қазақтың ән өнері мен күй өнерімен сусындап өскен баланың бойында адалдық, тазалық, сенімділік, өзіне деген құрметі болады. Сондай-ақ өзіміздің киелі домбыра аспабын ойнау кезінде, біз бірнеше пәндердің тілін кездестіреміз. Мысалы, домбыраны тартып үйренудің өзі еңбек, яғни оны еңбек пәнімен тығыз байланыстыруға болады. Ал домбыра тартып әр дыбысын есептеп ойнау үшін бала математика пәнін жете меңгеру керек. Домбыраны тартып қағу, перне басу, бір мезгілде әуен дыбысын анық шығару, оған қосылатын поэзия сөзін дауыс ырғағымен дәл айту логика пәнімен сәйкес келеді. Ал физика пәнінің домбыра аспабымен қатынасын, екі шекті бұрап тарту арқылы дыбысты естіп отырып, құлақ күйін келтірумен байланыстыруға болады. Сонымен қатар, күйді тыңдау, оның әуенін есту арқылы оқушылардың көз алдарында елестетіп түсінуі, оның бейнелеу пәнімен байланысын көрсетеді. Өздеріңізге белгілі күй – аспапты музыка, ал оған қосарлана жүретін әңгіме мен поэзия әдебиет пәнімен тікелей байланысын көрсетсе, ал терме – аспапты вокалды музыка мен оған қоса жүретін сөзі әдебиет ішіндегі мақал – мәтел мен афоризм. Жырға келетін болсақ, жыр ұзақ белгілі бір оқиғаларды суреттеп айтып беретін болғандықтан, біз оны тарих пәнінің еншісі деп білеміз.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту - өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістітерімен үйлестіру. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші.

Мәдени мұраны сақтау: ұлттық құндылықтарға халықтың бай мәдени мұрасы, оның салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, музыкалық жанрлары мен аспаптары жатады. Осы мұраны

білу, құрметтеу жас музыканттың музыкалық талғамы мен стилінің қалыптасуына негіз болады.

Сәйкестендіру және өзін-өзі анықтау: ұлттық құндылықтар жас музыкантқа өзінің әлемдік мәдениеттегі орнын түсінуге және өзін белгілі бір мәдени дәстүрдің өкілі ретінде тануға көмектеседі. Бұл жеке тұлғаның тұтастығы мен өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Әлеуметтік жауапкершілік: ұлттық құндылықтарды білу және құрметтеу жас музыканттың өз халқы мен мәдениеті алдындағы әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Бұл мәдени іс-шараларға қатысу, музыкалық мұраны сақтау және насихаттау, болашақ ұрпақты тәрбиелеу түрінде болуы мүмкін.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жас музыкантты тәрбиелеудегі ұлттық құндылықтар үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Әдеп және жантану/ хрестоматия/ Атамұра Алматы, 1996.
2. Бастауыш мектеп журналы/ республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/ №7, 2007.
3. Елеукунов Ш., Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.
4. Сейтешев А.П., Садыков Т.С. Научные проблемы формирования личности и развития современного образования в РК. -Алматы: Ғылым, 1997. Б. 490.
5. Сынып жетекшінің анықтамалығы/ №1(01) 2009.

МУЗЫКА – БҮЛ ӘДЕМІ ДЫБЫСТАРДА БЕЙНЕЛЕНГЕН АҚЫЛ

Аксакалова М.С.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

"Музыка – ақыл өмірі мен сезім өмірі арасындағы делдал"
Л. Бетховен

Арт-терапия және музыкалық терапия – әртүрлі психологиялық бұзылыстары мен проблемалары бар клиенттерді емдеу және оңалту үшін өнер мен музыканы пайдалануға негізделген психологиялық тәжірибенің инновациялық әдістері. Арт-терапия – психологияда жиі қолданылатын әдістердің бірі. 1938 жылы суретші Адриан Хилл арт-терапия терминін алғаш қолданысқа енгізген. Соңғы онжылдықтарда терапияның бұл түрлері психология, психотерапия және осы саладағы мамандар мен зерттеушілердің назарын аударды. Бұл мақалада психологиялық тәжірибедегі арт-терапия мен музыкалық терапияның тиімділігі жайында сөз етеміз. Арт-терапия – адам бойындағы жасырынған қабілетті сурет арқылы шығаруға, қоғаммен еркін байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Адамның эмоциясын реттей отырып өзін-өзі бағалауды үйретеді.

Арт-терапияға ертегі жазу, би, ән айту, ойын ойнау, фото-терапия, сурет салу кіреді. Ал қазіргі уақытта қуыршақ-терапия, музыка-терапия сияқты жаңа түрлері енгізілген. Бүгінгі қарастырып отырған бұл терапиялар өнер мен музыканы психологиялық мәселелерді жеңілдету күйзелістің алдын алу, сезімдер мен эмоцияларды зерттеу, жеке өсу мен өзін-өзі тануға қол жеткізу құралы ретінде пайдаланатын тиімді психотерапия әдістері. Музыкалық

терапия – психологиялық мақсаттарға жету үшін музыканы қолданатын психотерапияның бір түрі. Яғни, адам жанын әуезді әсем әуендер арқылы емдеу. Музыкалық аспаптарда ән айтуды, музыка тыңдауды және импровизацияны эмоцияларды білдіру, өзімен және басқалармен қарым-қатынас орнату, релаксация және стрессті жеңілдету үшін пайдалануға болады. Алайда айта кететін жайт, музыкалық терапияның адам психикасына әсері жайлы айтылып жүрген көптеген көңіл аударарлық пікірлер де жоқ емес. Практикада бұл әдісті белгілі бір жүйемен қолдана білу аса маңызды. Ол үшін баланың жас ерекшелігі, сол сәттегі жағдайы, психикалық өзгерістері, оның себептері туралы мәліметпен таныс болу шарт, әйтпесе кез келген жағдайда музыка терапиясын қолдану өз нәтижесін бере бермеуі де мүмкін. Терапияның бұл екі түрі де клиенттер үшін көптеген артықшылықтарға ие және зерттеулер олардың әртүрлі психологиялық жағдайларды емдеуде тиімді болуы мүмкін екенін көрсетеді. Музыканың адам ағзасына әсер ету механизмін ғылыми тұрғыдан түсінудің алғашқы әрекеттері XVII ғасырға жатады, ал эксперименттік зерттеулер XVII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басы. XX ғ. ғалымдар физиологиялық негізді эмпирикалық фактілерге келтіруге тырысты. Арнайы физиологиялық зерттеулер музыканың адамның әртүрлі жүйелеріне әсерін анықтады. Бірқатар зерттеулер музыканы қабылдау жүрек соғуын тездететіні, тыныс алу қарқынын жоғарылататыны, музыкалық тітіркендіргіштердің импульске, биіктікке, дыбыс күші мен тембрге байланысты тыныс алуына күшейтетін әсері анықталғаны дәлелденді. Сондай-ақ, тыныс алу қозғалысы мен жүрек соғу жиілігі музыкалық шығарманың қарқынына, тоналдылығына байланысты өзгергені анықталды. Музыканың адамға физиологиялық әсері жүйке жүйесінің және онымен бірге адам бұлшықеттерінің ассимиляциялау қабілетіне ие екендігіне негізделген. Музыканың түрлі ырғағы адам денесін тітіркендіріп, дененің физиологиялық процестерін ынталандырады. Қозғалыс ырғағы мен ішкі ағзалардың ырғағы арасында белгілі бір байланыс бар. Ырғақ қозғалыстар – бұл біртұтас функционалды жүйе. [1] Музыка жалпы көңіл-күйді орната алады, оны қабылдау кезінде пайда болатын бейнелердің эмоционалды бояуы музыкалық қабылдаудың жеке ерекшеліктеріне, музыкалық дайындық дәрежесіне және тыңдаушының интеллектуалды ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі болады. Жеке элементтердің эмоционалды маңыздылығын зерттеу музыканың ырғақ, тоналдылық - олардың тітіркендіргіштік сипатына сәйкес келетін жағдайды тудыру қабілетін көрсетті. Кіші пернелер депрессиялық әсерді анықтайды, жылдам пульсирленген ырғақ қоздырғыш әсер етеді және жағымсыз эмоциялар тудырады, жұмсақ ырғақ тыныштандырады, диссонанстар – қоздырады, консонанстар – тыныштандырады. [2] Музыкалық тыңдау кезіндегі жағымды эмоциялар, Л. Выготскийдің пікірінше, "көркемдік ләззат" таза қабылдау емес, бірақ психиканың жоғары белсенділігін қажет етеді. Бұл жағдайда азапты және жағымсыз әсерлер белгілі бір разрядқа ұшырайды, жойылады, керісінше болады делінген [3].

XIX ғасырдың басында француз психиатры Жан Этьен Доминик Эскироль психиатриялық мекемелерге музыкалық терапияны енгізе бастады. Музыканы медицинада қолдану негізінен эмпирикалық сипатта болды. Еуропадағы музыкалық терапия мектептерінің әрқайсысының өзіндік тұжырымдамасы бар. Сонымен, Франция мен Голландияда музыкалық терапия психотерапия практикасында да, хирургияда да кеңінен қолданылады. Бұл жағдайда музыка оның денеге физиологиялық әсерін, адамның ерекшеліктерін, оның ауруларын ескере отырып таңдалады. Голландияда музыка жүрек-қан тамырлары ауруларын емдеуде де қолданылады. Белгілі бір классикалық музыка адамның жүрек-қан тамыр жүйесіне оң әсер етеді, жалғыздықты жеңуге көмектеседі, адамның әлауқатын жақсартады.

Музыка – ашық түстермен, сиқырлы әуендермен және жағымды тондармен ерекшеленетін ерекше әлем. Адамзат тарихына зер салсақ музыка арқылы ауруынан айығып, жан дүниесін тазартқандар аз болмаған. Музыканы бей-жай қалдыратын адам кемде-кем. Кейде өмірдің қарбаласынан шаршап, жанымыз тыныштық іздеген кезде құлағымызға құлаққап тығып алып, оңашада баяу әннің ырғағымен түпсіз ойларға тереңдегіміз келеді. Бесікке таянып айтқан анамыздың жырын тыңдап өскен болсақ, сол әуеннің жайдан-жай

айтылмайтынын түсінер едік. Баяу айтылған бесік жыры бөбектің жанын тыныштандырып, тәтті ұйқыға кетуіне әсер етеді. Қазақтың күмбірлеген қара домбырасынан төгілген Құрманғазы, Қазанғап, Динаның күйлері адамның жан-дүниесін емдеуге қолданылған. Музыка құдіретін ұлы Абай Құнанбаев «Құлақтан кіріп бойды алар, әнді сүйсең менше сүй» дегендей, музыканың сезім мүшелерімізге әсер етіп, бүкіл ағзамызға жағымды әсерін әсем ән мен тәтті күй арқылы әдемі суреттеп берген. Ұлы Абай музыка құдіретін сол кезде-ақ көрсете білген. Ал немістің музыка зерттеушісі Маттессон: «Адамның жан-дүниесі тәтті бір ұйыған, тыныштықта болу үшін жайлы, нәзік музыканы тыңдау керек», - деген.

Табиғат сазы түрлі жанрадағы музыкалар мысалы, ғалымдардың көптеген зерттеулері классикалық музыканың балалар мен ересектерге, сондай-ақ жануарларға, тіпті, өсімдіктерге пайдалы әсерін дәлелдеді. Адам тәнін музыкалық аспап ретінде қарастырсақ жүректің соғуы ең үлкен ырғақ болады. Сонымен қатар адам қорыққанда, уайымдағанда, уайымдап немесе қуанып шаттанғанда жүректің соғуы нағыз ырғақтық музыкаға айналады. Бір қызығы, әуезді музыка барлық тіршіліктің өсуі мен дамуын да ынталандырады.

Әрбір кішкентай балаға музыканы үйрету керек. Ол әр адамға күшті интеллектуалдық және эмоционалдық мүмкіншіліктердің дамуына әсер етеді. Бұл мидың нейрондық желісінің өте нәзік, талғампаз параметрі. Музыка тыңдау арқылы адам өзінің нейрондық желісін жаттықтырады. Яғни, осылайша миына жұмыс береді. Бала музыка ырғағын естиді, тыңдайды және осы ырғаққа билейді. Би баланың бұлшықеттерінің дамуына көмек береді. Музыканың барлық адамзат баласына тигізер пайдасы орасан зор. Бұл әркім үшін өте жақын әлем. Шығармашылықтың бұл түрі адамды ежелден бері сүйемелдейді және шынымен сиқырлы қасиеттерге ие. Бүгінде оның көптеген түрлері мен жанрлары бар, олардың әрқайсысының жеке жанкүйерлері, тыңдарманы бар. Әр адамның музыкаға жүрек қалауы әртүрлі.

Музыка күйзелісті жеңілдетеді бұл жай ғана алыпсатарлық емес. Музыка кеудедегі ашуды басатыны ғылыми дәлелденген. Күнделікті тіршіліктің толассыз сырғуы және тым көп жұмыс сізді күйзеліске алып келуі сөзсіз. Өмірдің күйбең тіршілігінен шаршадыңыз ба? Мұндай сәтте жаныңыз қалаған музыка тыңдаңыз. Бірақ құлаққаптағы мұндай трюк қажет емес екенін ұмытпаңыз. Уақыт өте келе құлақ қалқаны икемділігін жоғалтады, бұл танылатын шу деңгейіне қатты әсер етеді. Сондықтан қатты музыканы тек динамиктерден тыңдаңыз. Әр адам үшін өзінің жеке жанры жүрек қалайтын әуені болады. Сізді заманауи тректерден бұруға болады, ал жақсы ескі ретро жанға ерекше ләззат береді. Сондықтан кез келген алаңдаушылықты тастаңыз. Адам өмірінде музыка – ең жақсы дәрумен. Барлық дәрі-дәрмектер, өздеріңіз білетіндей қатаң түрде тағайындалады. Сіз классиканы шын жүректен сүюге міндетті емессіз. Жақсы музыканың дыбыстарымен кез келген апат нақты өлшемдерге дейін қысқарады. Қатыгез әлемге қоштасу жазбасын, тез арада жаман ойлардың етегіне кетпес бұрын сапалы тректің көмегімен қараңғы ойлардан аулақ болыңыз.

Музыка тұлғаның шығармашылық жағын дамытады. Жағымды музыка ми қызметінің шығармашылық аспектісіне жауап беретін жарты шарды белсенді түрде пісіре бастайды. Музыкаға қандай таланттар жақсы ашылады: сурет салу; поэзия мен проза жазу; ән жазу; мүсін; өз рецепті бойынша жаңа түпнұсқа тағамдарды дайындау; би қою. Біреудің күш-жігерінің нәтижесін естігенде, мен өзім өнерге араласқым келеді. Музалар сіздің қолдарыңыз бен аяқтарыңызды шығармашылық олимпті бағындыруға итермелейді. Мен сізге бұрын-соңды қылқалам алмаған болсаңыз да, тіпті, фантастикалық әңгіме жазу туралы ойламасаңыз да берілуге кеңес беремін. Бірақ бұл перспективалы мансаптың бастауы болуы мүмкін. Ас үйде шабыт көзі ретінде музыка туралы аздап сөз. Мен мұны жеке тәжірибемнен айтамын. Мен көптеген ер адамдар керемет аспазшылар екенін білемін. Жағымды музыканы ести жүріп дайындаған ас мәзірі шынымен жақсы болады. Тіпті, қамыр тезірек көтеріліп, керемет балғын болып шығады. Мүмкін бәрі көңіл-күйге байланысты шығар? Өйткені, олар ас үйде ашуланбау керек деп бекер айтпайды. Бос уақытыңызда не істеу керек: үйде немесе сыртта көңіл көтеруге арналған 150 идея барлығы сурет салуды бастауға тырысады, бірақ оның

үстіне қарындаш салынған қағаздың жанында отырасыз ба? Бұл үшін адам өміріндегі музыка қажет, сондықтан күнделікті өмірге арналған ойлар сіздің басыңыздан шығып, жарқын қиялға жол береді. Болашақ суреттің көңіл-күйіне айналу үшін тректерді таңдаңыз.

Соңғы онжылдықтардағы зерттеулер психологиялық тәжірибеде арт-терапия мен музыкалық терапияның тиімділігін растады. Бұл әдістер әртүрлі психологиялық бұзылулары мен проблемаларды емдеуге, сондай-ақ клиенттердің өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Осылайша музыкалық терапия музыканы түзету құралы ретінде қолданатын әдіс болып табылады. Музыкалық терапияның көптеген әдістері музыканы әсер етудің негізгі және жетекші факторы ретінде біртұтас және оқшауланған пайдалануды (музыкалық шығармаларды тыңдау, жеке және топтық музыканы тыңдау), сондай-ақ олардың әсерін күшейту және тиімділігін арттыру үшін басқа түзету әдістерін музыкалық сүйемелдеумен толықтыруды қарастырады. Қазіргі уақытта түзету жұмысында өнерді қолданудың бірнеше бағыттарын ажыратуға болады: психофизиологиялық (психосоматикалық бұзылыстарды түзетумен байланысты), психотерапиялық (психо-эмоционалдық саламен байланысты), әлеуметтік-педагогикалық (эстетикалық қажеттіліктердің дамуына, жалпы және көркемдік-эстетикалық көкжиектің кеңеюіне байланысты, сонымен бірге практикалық көркемдік іс-әрекет пен шығармашылықта баланың әлеуетті мүмкіндіктерін жандандыру). Проблемалары бар балалармен жұмыс жасауда осы бағыттарды жүзеге асыру белгілі бір психокоррекциялық, түзету және дамыту әдістері арқылы жүзеге асырылады. Дегенмен, әсер ету механизмдерін толық түсіну және терапияның осы формаларын оңтайлы пайдалану үшін қосымша зерттеулер мен клиникалық сынақтар қажет. [1]

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. "Қайтыс болған адамның талап етілмеген денесін, мүшелерін және тіндерін медициналық, ғылыми және оқу мақсаттарында пайдалану үшін беру, сондай-ақ талап етілмеген денені, қайтыс болған адамның ағзалары мен тіндерін көрсетілген мақсаттарда пайдалану ережелері" 2012 жылғы 21 шілдедегі N 750// Ресей Федерациясының заңнама жинағы 30.07.2012, N 31, - 4375 - құжат.
2. "Ресей Федерациясындағы азаматтардың денсаулығын сақтау негіздері туралы" 2011.11.21 N 323-ФЗ// Ресей Федерациясының 28.11.2011 жылғы заңдар жинағы, - № 48, 6724-құжат.
3. Островерхов Г. Е. жедел хирургия және топографиялық анатомия: оқулық / Г. Е. Островерхов, Ю. М. Бомаш, Д. Н.Лубоцкий. - Мәскеу, 2005. - 695 Б. © Мироненко Д. А., Подкопаева Е. С., Черноморцева Е. С., 2020.
4. Рубин Дж. (20107). Арт-терапиядан кейінгі балалардағы эмоционалды әл-ауқаттың зерттелуі.

МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ ДҮНИЕТАНУ ПӘНІМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Полатова Г. Б.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Музыка-биіктігі, динамикасы және ұзақтығы бойынша ұйымдастырылған дыбыстардың көркемдік материал ретінде қолданылатын өнер түрі. Музыканың ерекшелігі, ол адамның эмоционалды күйін тікелей және айқын көрсете алады, сонымен бірге шынайы өмірдегі сезімдердің байлығын көрсете алады.

Бастауыш сынып оқушылары өзінің табиғатына қарай жаңаны тез қабылдап оны ерекше сезінеді. Ал музыка бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді. Музыка бала өмірінің дамуына, миының қалыптасуына, логикалық ойлауына үлкен әсер етіп, қызығушылықтарын молайтып,

интеллектуалды белсенділіктерін арттырады. Музыка арқылы бастауыш сынып оқушыларының ұлттық дүниетанымын қалыптастыру педагогикалық шарттардың негізі болып қалыптасқан үрдіс.

Қазақ музыкасы адамның ішкі жан-дүниесін, яки көңіл-күйін, сондай-ақ қуаныш-жұбанышын, мұң-шері мен қайғы-қасіретін, арман-мақсаттарын дәл суреттейді. Сонымен қатар қазақ халқы адамның өмірге келгеннен, қайтадан жер қойнына кіргенге дейінгі өмірінің барлық сатыларын, өмір сүру салттарын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін музыка арқылы жеткізе, көрсете білгені туралы музыка зерттеушілері айтып кеткен. [1,256].

Танымал ғалым-музыкатанушы және сазгер Борис Владимирович Асафьевтің пікірі бойынша, музыка сазгер, орындаушы және тыңдаушының біртұтас бірлігі арқылы пайда болады. Музыка адамның ақыл-ой дамуына ықпал етеді. Музыка туралы тарихи және музыкалық-теориялық әңгімелерден басқа, біздің сөздік қорымыз эмоционалды-бейнелі сөздер және бейнелермен байытылады. Соған сәйкес, адамның басқа адамға жанашырлық сезімі, сезімталдығы, эмоционалды жауапкершілігі дамиды. Өзінің эмоциалық әсері арқылы музыка адамзат тарихында қоғамдық-идеялық, мәдени-тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарады. Музыка адам сезімін, ойын, оның ерік-күшін дыбыстық формада суреттейтін қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Адамның жан дүниесін, көңіл-күйін, сезімін бейнелеуде музыка оның сөйлеу тіліне, дәлірек айтқанда, өзін қоршаған ортаға эмоциалық қатынасын білдіретін сөйлеу интонациясына өте жақын келеді. Соған қарамастан, музыка адамның басқа дыбыстық іс-әрекетінен ерекше саналады. Музыкада дыбыстардың биіктік және уақыттық (ырғақтық) қатынастары өте қатаң тәртіпке келтірілген. Музыкалық шығарма мазмұнында адамның ақыл-ой, ерік-күшінің эмоциалық жақтары кеңінен көрініс табады. Мұның өзі адамның психологиялық хал-жайын ғана емес, оның мінез-құлқын да музыкада ашуға жағдай тудырады. Адам эмоциясын нақтылы, ерекше сыршыл сезіммен бейнелеуде музыканың мүмкіндігі мол. Сондай-ақ музыка идеялар әлемін, әр алуан құбылыстарды және болмыс шындығын суреттейді.

Музыканы оған салалас пәндерде атап айтсақ бейнелеу өнері, әдебиеттік оқу, дүниетану сабақтарында қолдануға болады. Эстетикалық циклдағы мазмұны бойынша екі пән-музыка және бейнелеу өнері өте тығыз байланысты. Сурет сабағында мұғалім сабақтың тақырыбына сәйкес, сәйкес мазмұндағы музыканы қоя отырып, шығармашылық және эмоционалды атмосфераны арттыра алады.

Дүниетану мен музыканың бағдарламалары көп жағдайда ұқсас келеді. Туған өлкенің табиғаты, туған ауыл немесе қала, отбасы мен достық тақырыбы, мемлекеттік мерекелер сияқты тақырыптар, тыңдау және соған сәйкес әндерді орындаумен бекітілуі мүмкін.

Ән салу, музыкалық аспаптарда ойнау, музыкалық-ырғақтық қимылдарды орындау сияқты, музыкалық іс-әрекет адамның ақыл-ой операцияларын қамтиды: салыстыру, талдау, біріктіру, есте сақтау. Музыкалық шығарманы жаттау адамның зейінінің жинақталуын, есте сақтауының шоғырлануын, эмоцияларды талап етеді. Осылайша, музыкамен шұғылдану балалардың жалпы дамуына ықпал етеді. Музыкалық шығарманы орындау, адамның қиялын, фантазиясын, өзіне деген сенімділігін, өз күшіне деген сенімін талап етеді. Осылайша, баланың жеке тұлғасының шығармашылық жағы дамиды.

Музыка-тәрбие. Адам бойына жауапкершілік, табандылық, шыдамдылық сияқты қасиеттер қалыптастырады. Ғалымдар музыканың тіршілікке қандай пайдасы барын анықтау үшін мынандай тәжірибе жасапты: Гүл өсірілген бақтың бірінде үнемі жанға жайлы әуен ойнап тұрған, ал екіншісіндегі гүлдер музыкасыз жай тәсілмен бапталған. Тәжірибе қорытындысында ән тыңдап өскен гүлдер әдемі, сапалы болып шыққан екен. Демек, музыканы бүкіл табиғат ұнатады екен. Қарап тұрсаңыз, бізді қоршаған ортаның әрбір құбылысы, әрбір суреті тұнып тұрған саз емес пе!

Мәселен, 4 сыныпқа арналған дүниетану пәнінің «Менің Отаным-Қазақстан», «Табиғат құбылыстары», «Мәдени мұра», «Қоршаған ортаны қорғау», «Мамандықтар әлемі» бөлімдерін оқытқанда музыка өнерімен байланыстыра отырып эстетикалық тәрбие мен патриоттық рухани білім береміз.

Әрбір сабақтың басында Әнұран айтқызып, оқушыларға өз Отанының азаматы екенін сезіндіре беру де - үлкен тәрбие. Бала Әнұранның әуенінен Отанға деген сүйіспеншілік, Атамекенге деген шексіз берілгендік аңғарылса, сөзінен жан – дүниемізді танытар ұлттық қасиетіміз бен бейбітшіліктің нышаны сезіледі. Әнұран – халық жүрегінің соғуы, армандардың қорытпасы болып табылады.

«Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген адам басқа жердің алтын тасын да мақтап жарытпайды» деп академик Қаныш Сәтпаев айтқандай, туған жердің көрінісін бейнелейтін әндер мен күйлерді қамтитын сабақта өз өлкеміздің табиғатын аса мақтанышпен айта отырып, оқушыларды табиғатпен сырласуға, оны қорғауға, аялауға үйретемін. Сабақты қызықты өткізу, ой шақыру мақсатында оқушыларға қоршаған ортамен байланысты музыка тыңдатамын. Музыка тыңдатудың бірінші міндеті – музыкалық іс-әрекеттер арқылы оқушының сезімін (эмоциясын) ояту. Ал эмоция оқушылардың сабақ үстіндегі іс-әрекетінде өзіндік бағыттаушы және реттеуші рөл атқарады. Екінші міндет – музыканы саналы түсінуге баулу. Саналы түсіну үшін белгілі бір деңгейде музыкалық білім болуы қажет. Дарынды өнер мектебінің оқушыларына саналы түсіну табиғаттарына жақын құбылыс деп айта аламын. Үшінші міндет – музыкадан алған әсеріне байланысты сурет салдыру.

«Қоршаған ортаны қорғау» бөліміндегі тақырыптарды оқытуда оқушылардың эстетикалық тәрбиесін жетілдіру мақсатында күйді пайдаланудың тиімді әдістерін қолданамын. Қазақ күйлерінің ерекшеліктері, көркемдік бейнелері арқылы, олардың эстетикалық талғамдары мен сезімдерін жетілдіру, жалпы өнер атаулымен үнемі қарым-қатынаста болу қажеттілігін, бейімділігін дамытуды қамтитын міндеттерді жүзеге асыруды көздейді.

Күйтабақтан Тәттімбеттің “Саржайлау” күйін тыңдату- ерекше тәрбие. Оның сазынан қазақ сахарасының әсем табиғаты, алыстан мұнартақан тауы, сылдырап аққан бұлақ үні, жолмен тербелген қайың сыбдыры, көлге қонған аққуы сұңқылдап тұрғандай сезіледі.

«Қоршаған ортаға қамқорлықпен қараудың мәні» тақырыбындағы сабақты меңгерту барысында балаларға «Аққу» күйін тыңдаттым. «Аққу» күйін тыңдап болғаннан кейін Аққу, Үкі, Ұлар, Қарлығаш және тағы басқа құстарды халқымыз киелі құстар деп қадір тұтқандығынан түсінік бердім. Олардың ұясын бұзуға, балапандарын жәбірлеуге, өздерін өлтіруге мүлдем рұқсат етпеген. Ежелгі наным-сенім бойынша Аққу құс атаулының ішіндегі ең киелісі, сұлулық пен әдеміліктің нышаны деп түсіндіріледі. Сондықтан да аңшыларға Аққуды атуға тыйым салынған. Ата-бабамыз өзінің жақсы көрген, сүйген адамдарын құстарға олардың сымбатына, сәніне теңеген. Құстардың атымен ұл қыздарына, немере шөберелеріне ат қойған. Құстарға деген сүйіспеншіліктен туған сырға толы сазды әндер мен күйлердің болуы осы себептен деп түсіну керек.

Қазақ жыршылары мен өнер иелері табиғат, тау-суды, аң-құсты қашан да әнге қосып, әсемдігін суреттеген. Дегенмен, бүгінгі әншілер де дәл қазір біз кездесіп отырған экологиялық мәселелерді қозғап, ән шығара білді.

“Бәрі біледі” әнінің мына жолдары Жер-Ана адамзатқа апаттар арқылы үн қатып жатқанын білдіріп тұр:

Қарашы, әне табиғат жылауда,
Күнде ағаштар кесіліп, құлауда.
Аспан толған тұмша шаң,
Күн көзін жұмғанда көрінбейді шамдар
Тыңда, әне табиғат жылауда,
Ол бізге ана, сондықтан да сұрауы бар,
Жер, су, от, жел,



Бір-біріне тең сондай мінсіз ең
Өзгеруді мүлдем қажет етпейді,
Керісінше, бізге өзгеру керек деп білемін
Ешқашан да кеш немесе ерте,
Жүрегі барларды өзіммен бірге ертемін,
Жалғыздың дауысы алысқа естілмейді
Дегенмен де мен оған келіспеймін
Енді ойлашы, біз бір болсақ, не болады?
Түсіндің бе, жетсе, әкел бесті бер!
Осы жолдар арқылы әншілер табиғат емес, адам өзгеруі керек екенін қозғайды.
Біз жоқ жердің бәрі әдемі.

Бұл саңыраулар “мылқау әлемде”... деген өлең жолдарының мағынасын түсініп, мектеп оқушыларының «Табиғатты аялайық!» атты дайындаған бейнероликтері балаларға ерекше әсер етті.

«Менің туристік маршрутым» тақырыбындағы оқушылармен бірге Отанымыздың тарихи жерлеріне саяхат жасадық. Сабақ музыка өнерімен байланысып, оқушылардың танымдық қызығушылықтары артты. Балалар «Түркістан» әнін ести отырып,

Егемен ертегі еліміз,
Балбұлақ, бау-бақша жеріміз.
Түркістан түрленген, нұрланған,
Келіңіз, келіңіз, келіңіз.

Қайырмасы:

Бұлбұлы бақтарда сайраған,
Қыр гүлі құлпырып жайнаған.
Ұл-қызы шаттығын тойлаған,
Киелі күмбезді Түркістан.

Бүгінде шуақты ертегі,
Көріндер қуатты өлкені.
Тарихта таусылмас дастандай,
Ежелден бізге сыр шертеді.

Қайырмасы:

Түркістан — ән көзі, жыр көзі,
Алыстан көрінген күмбезі.
Түркістан — шығыстың шырайы,
Көгіңнен кетпеген күн көзі.

Түркістан қаласы – бүкіл түркі халқы тәу етіп, қасиет тұтқан ұлы бабалардың алты алаштың алтын бесігі екенін ұғынды. Оқушылар осындай әдемі әннің әсерінен қасиетті қара шаңырақтың иесі екенін сезініп, жүздеріне күлкі үйіріліп, бақытқа бөленді. «Сол қасиеттерді ұғын да іске кіріс!.. Елдің елдігін, әдет-келесі ұрпаққа жеткізер ерісің деп тұрған жоқ па? Елдің ері болсаң, елдігіңді сақта!»-деп тәрбиеге шақыру менің ұстаздық ұстанымым.

Ұлы Абайдың «Әннің де естісі бар, есері бар» дейтін дана сөзі бар. Әуеннің иіріміне түскен толқын құлақтан кіріп бойыңызға тараған кезде түрлі әсерде боласыз. Дегенмен әр музыканың адамға әртүрлі әсер ететінін ескеру керек. Себебі музыканың бәрі бір жанрға негізделмейді. Олардың: хип-хоп, джаз, лирикалық, рок, рок-н-ролл сынды көптеген жанры бар. Әр жанрдың толқыны түрлі болады. Адам қандай жанрда музыка тыңдаса да ең бастысы әуенге деген махаббаты магнитше ұстап тұрады. Бұл – барлық адам баласына тән қасиет. Ал бұл қасиеттің адам баласына әсер ету күші қандай, неге өзімізге ұнайтын музыканы тыңдай бергіміз келеді, жауап іздеп көрсек. Адам музыка тыңдау арқылы ішкі жан дүниесін сыртқа шығарады. Мұнайған сәтте қуану үшін ең жақсы көретін музыкаңызды тыңдау жеткілікті болуы да мүмкін. Тіпті сөзбен жеткізе алмай тұрған сезіміңізді сіз тыңдап отырған әуен жеткізе алады. Жан дүниенің нәзік қылдары әуенмен бірге толқиды. Бұл – жанның тыныштығы. Ішкі әлемнің сырын ақтаруға әсіресе лирикалық жанрдағы сазды әуендер әсер

етеді. Музыка жаныңыздың тыныштығын сақтап қана қоймайды. Сіздің ішкі эмоцияңызбен күресуге көмектеседі. Желпініп тұрған, сабырсыз мінезіңізге әуен әсер еткен болса, сіз сабырлыққа үйренесіз. Ал ол үшін арнайы кесте жасаудың қажеті жоқ. Сізге әсер еткен әуенді тыңдаңыз. Музыка – дәрігер. Бұл тіркес кейінгі кезде пайда болған тіркес емес. Себебі ежелден бері адамдар музыканы емге пайдаланған. Сенбеуіңіз де мүмкін, бірақ музыка дегеннің бәрі барабан мен гитара немесе арнайы бір құрылғы емес. Табиғаттың да өз әуені барын ұмытпаңыз. Әрбір құстың сайрауы, судың сылдыры – бәрі адам миына әсер ету күші бар табиғи емдер.

Музыкалық терапия жүргізу барысында таным және ақыл-ой іс-әрекеттері жетіледі. Оқушылар шығарманы тыңдап отырып, көп нәрсені біледі. Дегенмен, олар оның жалпы сипатын, жарқын образдарын қабылдайды. Мұның өзінде, егер баланың алдында беріле тыңдау, айыра білу, салыстыру, мәнерлеу құралдарын бөліп қарау міндеттері қойылатын болса, эмоциялық үн қосу өз мәнін жоғалтпайды. Осындай ақыл-ой іс-әрекеттері олардың сезімдер өрісі мен әсерленуін байытады және кеңейтеді, ойлы мән береді яғни осының нәтижесінде интеллектуалды тәрбие алады.

Жас ұрпақтың ой-өрісін, рухани байлығын нығайтып, әсемдікке және де ән мен би қозғалыстарын көркем мәнерлі орындауы мен эстетикалық құндылыққа тәрбиелеу, жылдан жылға жандандыру - біздің абройлы міндетіміз деп ойлаймын.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. А. Жұбанов «Замана бұлбұлдары». – Алматы: «Білім», 1963 ж.[1,256].
2. «Музыка әлемінде» журналы 2010ж №3.
- 3.Есенұлы А. Күй тәңірдің күбірі. Алматы: Дайк- Пресс, 2001ж.
- 4.«Дүниетану»,4 сынып.Авторлары: Б.Қ. Тұрмашева, С.С. Салищ, В.Г. Пугач.
5. «Мектептегі тәрбие» журналы 2011ж №7 /9 бет.
6. Ерзакович Б.Г. Песенная культура казахстана. – Алматы: «Ана тілі», 1963.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Бекимова Д.Т.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Еліміздің президенті Қ.К. Тоқаев өз жолдауында: «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдер меңгерген озық әрі жаһанды көзқарасы бар Қазақстандық біздің қоғамымыздың идеясына айлануға тиіс!» - деп өте орынды айтқан еді. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мен зерттеу мәселесі, рухани өркендеуде дербес еліміздің жастарының оқу үрдісіндегі кәсіби мамандық пен салаластырудағы сабақтастықтың құндылықтарын арттыру қажеттілігі бүгінгі таңда аса маңызды мәселеге айналуы өте орынды бағыт деп санаймыз. Айтылған тұжырымдар мен қосар ойлар негіздемесі таусылмас қазына екенін бағалап іске асыруға көкірегі ояу, көзі қарақты азаматтарымыздың атқарар еңбектері болмақ. Осы ретте, біз - өнер адамдарыныңда алға қойып отырған жоспарлы зерттеу мен зерделеу мәселелерін іске асыру жолдарын әрдайым дамытып келеді. Тарихи тұлғалар еңбегі мен ұлағатты өмір салты халқымыздың діні мен ділінің тазалығы, парасатты әдебі мен бауырмалдық қарым-қатынасы өнер мен шығармашылықтағы, сахна мен экрандық өнердің өзегіне айналуы тиіс.

Қазіргі таңда ғасырлар бойы ұлтымыздың асыл мұралары рухани байлығымызға айналып жатқанда, өнер шаңырақтары мен шығармашылық мамандарының да қосар үлесі аса ауқымды болмақ. Ұлттық өнеріміздің өркендеуі мен кәсіби мамандарды баулу, олардың

сан түрлі өнерлерінің қыр-сырларын табиғи талантына сай меңгеруге ұстаздар мен тәрбиешілердің қосар үлесі орасан зор.

Білім мен тәрбие аса бағалы құндылық ретінде қаралып, оған қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижелері деп қарау орын алып отыр. Тұлғаның бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру ісі, адамзат баласының қол жеткен қоғамдық-тарихи бай тәжірибесіне негізделіп, әлеуметтік-этикалық қалыптар мен игіліктерді қатар игеруге болатынын педагог-ғалымдар дәлелдеп берді. Бұл өлшемдер халықтық дәстүрлерде адамгершілік үлгілері түрінде көрінеді. Кез келген халықтың тәлімдік үлгілері педагогикалық мәдениеттің ажырамас құрамы болып саналады. Сондықтан осы заманғы білімнің мәні халықтардың алдыңғы қатарлы озық, ізгілік дәстүрлерін, жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтарын қайта жандандыру арқылы, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілігін нығайту болып табылады. Қазақстанның білім беру жүйесінде лайықты және ізгі мінезді оқушы тәрбиелеу басым бағыты болып табылады, сондықтан мектептің тұтас білім беру үдерісінде тұлғаны рухани - адамгершілік тұрғысынан дамыту идеяларын кеңінен енгізу қажеттігі туындайды[1].

Ежелден мұғалімнің рөлі барлық әлем халықтарында ұлық болған, мұғалімнің міндеттері басқарушылар мен ата-аналардың міндеттерімен қатар құрметтелген. Қазіргі уақытта тәрбиешілер мен мұғалімдер өскелең ұрпаққа білім берумен ғана шектелмей, сонымен қатар өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты рухани тұрғыда тәрбиелеп келеді. Мұғалімдер мен тәрбиешілер кез келген қоғамда жоғары сұранысқа ие, себебі әлеуметтік ортаны қалыптастыру солардың қолдарында, олар өмірге жүзжылдықтан жүзжылдыққа болашақ ұрпақты даярлайды. Оқу білімдерін меңгертумен қатар, педагог тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына да жауапты екендігін ұмытпаған жөн.

Ұстаздың басты борышы жас ұрпақтың рухани әлемін тәрбиелеуде және адамның қоғамда өмір сүруінің моральдық нормалары мен ережелерін айқындауында болып табылады. Мұғалім бала кезден бастап баланың бойындағы адами құндылықтарды жарыққа шығарады, әлемге деген дұрыс қатынасқа дағдыландырады, мораль нормаларына және ар-ұжданға сәйкес өз мінез-құлқын түзетуге үйретеді, қоршаған ортаға қатысты ізгілік, құрмет, мейірімділік, қайырымдылық пен төзімділік қасиеттерімен өмір сүруге баулиды. Кез келген жағдайда өз шәкіртінің мұқтаждығына көмекке келе алатын шынайы мұғалім балалардың тағдырларында орасан зор рөлге ие болады және оның келбеті тіл алмайтын оқушының өзінің жүрек тереңінде мәңгілікке қалады. Лев Николаевич Толстой өз шығармаларының бірінде былай деп жазады: «Егер мұғалімнің іске деген сүйіспеншілігі болса, ол жақсы мұғалім болады. Егер мұғалім оқушыға әке-шешесі секілді сүйіспеншілікпен қарайтын болса, онда ол барлық кітапты оқыған, алайда іске де, оқушыларға да сүйіспеншілігі жоқ мұғалімнен әлдеқайда жақсы болады. Егер мұғалім іске және шәкіртке деген сүйіспеншіліктерін біріктіретін болса, онда ол – кемел мұғалім»[2].

Білім бастауы – мектепте. Жас ұрпақтың болашағына қажет білімнің ең маңызды іргетасын қалайтын, тәрбие беретін, білім беру жүйесінің негізгі буыны ол мектеп. Ұстаздың ойы мен сөзі және ісі біріне-бірі қайшы болса, оның басқа әрекеттерінен ешбір нәтиже



шықпайды. Шыдамды және қарапайым, бала жанын сүйетін қайырымды мұғалім оқушылардың бойында жақсы мінез-құлық тәрбиелеуде өмірлік маңызды рөл атқарады. Егер мұғалім өз ісіне жан-тәнімен беріліп, таза болса, мыңдаған бала жақсарады және ұлтымыз қайырымды мінез-құлыққа ие білімді мыңдаған ұл-қыздарға кенеледі. Мұғалімнің тұлғалық, рухани-адамгершілік тұрғысынан дамуы туралы көрнекті ұстаз Б.Алтынсарин былай деген: «Мұғалім – білім берудегі ең маңызды адам. Ең озық педагогикалық оқу құралдары, үкімет қаулылары, өте қатал инспекторлық бақылау маңызы жағынан мұғалім дәрежесімен теңесе алмайды. Сондықтан, мен үшін мұғалім әлемдегі барлық асыл заттардан қымбат»[3]. Қазіргі таңдағы білім берудегі мәселелерді мәңгілік рухани-адамгершілік құндылықтар білім берудің тірек нүктесі болғанда ғана, басқаша айтқанда осы құндылықтар берілетін барлық білімдермен ортақ тұтастық құрған жағдайда ғана шешуге болатыны анық.

Адам қабілеттерін дамытудың негізгі сәті - олардың орнын толтыру, сонымен қатар бұл тіпті сәтті дамуы үшін туа біткен физиологиялық бейімділіктерді қажет ететін қабілеттерге де қатысты. Шығармашылық қабілеттерді мектеп жасына дейінгі кезден бастап, балалар өздері үшін мүмкін болатын шығармашылық тапсырмаларды орындаған кезде дамыту керек. Орындау қабілеттерін дамыту балаға музыка туралы өз әсерлерін толық білдіруге мүмкіндік береді. Орындау және шығармашылық қабілеттері балаларда табиғи бейімділіктің болуына, негізгі музыкалық қабілеттердің дамуына байланысты әртүрлі жолдармен көрінуі мүмкін.

Егер баланың туа біткеннен бастап музыкалық дамуына қажетті жағдайлар жасалса, бұл оның музыкалық қабілетін қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді деп саналады. Бұл отбасында немесе әлеуметтік ортада баланың қабілетінің артуына жәрдем болады. Мектепке дайындық барысында ата-аналар балаларының қабілеттерін, таланттарын байқап, өздерінің қалауы бойынша, арнайы мектептерге беріп жатады. Баланың музыкалық қабілетіне қарай музыкалық мектепке берсе, оның мектепте оқуға деген құштарлығы да, шығармашылығы да арта түседі, сонымен қатар ол неғұрлым белсенді және неғұрлым жанжақты болса, баланың музыкалық даму процесі тиімді болады және музыкалық білім беру мақсатына сәтті қол жеткізіледі деген сөз. Сондықтан музыкаға қызығушылығы бар баланың табиғатына, оның жан-дүниесіне жақын мектептерге беру оның музыкалық қабілетін жетілдіреді деген ойдамыз.



Ата-аналар мен ұстаздардың білім беру және тәрбие үдерісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса ғана нәтижесі жемісті болады. Ұл мен қыздың тәрбиесі ұлағатты болу үшін, отбасындағы ата-ана берген тәрбие мектепте жалғасын тауып, кішкентай бүлдіршін сапалы азамат болып қалыптасу үшін мектеп, мұғалім және тәрбиеші маңызды рөл атқарады.

Елімізде балалардың жеке қабілеттерін ескере отырып, оларды ары қарай дамыта түсуге арналған алуан түрлі мектептер бар. Солардың бірі А. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық қазақ мамандандырылған мектеп-интернаты.

А. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық қазақ мамандандырылған мектеп-интернатына Республикамыздың түкпір - түкпірінен дарынды шәкірттер арман қуып келіп, өз таланттарын шыңдап, ары қарай тек елімізде ғана емес, сонымен қатар басқа да елдердің жоғарғы оқу орындарын бітіріп, бүкіл дүние жүзіне танылып жатқан түлектеріміздің саны аз емес. Осы киелі шаңырағында осынау уақыт аралығында қиялы жүйрік, ойы ұшқыр талай қазақ баласын музыка өнеріне баулып жүрген

тәрбиеші ұжымының еңбектері өте зор. Мектеп ұстаздары мен тәрбиешілері болашақ өнер иелерін оқытып, тәлім-тәрбие беріп келеді.

А. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық қазақ мамандандырылған мектеп-интернат мектебі музыка бағытына сай жұмыс атқаратын болғандықтан, балалардың денсаулығы мен уақытын және жас ерекшелігін ескере отырып интернат күн кестесімен жұмыс істейді. Шалғай облыс пен аудан, ауылдардан келген балаларды жүйелі түрде тәртіпке баулып, оқыту мен тәрбиелеуде тәрбиешілеріміз күні мен түні аянбай қызмет етуде. Мектептің танымал түлектері: Дана Нұржігіт, Толқын Забирова, Арман Жүдебаев, Нұркен Аширов, Асылбек Еңсепов еліміздің музыка саласының дамуына өз үлестерін қосып келеді.

Бүгінгі ұстаздар мен тәрбиешілер ұжымының сапалы да сындарлы, зерделі де зергерлі ізденістері ең алдымен ұлтымыздың болашақ ұрпағы, еліміз бен жеріміздің заңды иелері болуына сай жан-жақты оқып-дамыған және бабалар өсиетіне қанық іскерде талантты ұрпақ өсіру ұлт алдында абыройлы қызметтері екені айдан анық. Өскен ұядан басталатын мәдениеті мен өнеріне, әдебі мен парасаты, ой өрісі, тарихынан тағылым алған, тамыры терең тәрбиеде сусындаған ұрпақ – Ұлт қазынасы болып табылатынын барлығымыз әрқашан естен шығармасақ екен дегіміз келеді.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Мұқашева Ғ. Тәрбиенің бастауы - отбасынан // Бала тәрбиесі. – 2005. - №2. – 9-11б.
2. Толстой Л. Н. Собрание сочинений в 22 томах. - М.: «Художественная литература», 1978-1985ж.
3. Алтынсарин Ыбырай. Таңдамалы шығармалары – Алматы, Ғылым, 1994. – 289 б.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Умиркулова Г.Р.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Кез келген ұлттың өзіндік кескін-келбеті мен болмыс-бітімін айқындайтын ұғымды оның өзіне тән ұлттық мәдениеті дейтін болсақ, қазақ мәдениетіндегі ән өнерінің алар орны ерекше. Данышпан Абайдың “Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денен” деген сөздері қазақ өмірінің бүкіл тыныс-тіршілігі өлеңмен өрнектелетінін айқын көрсетеді. Шындығында сәби дүниеге келгенде “бесік жырымен” әлдилеп қарсы алып, адам дүниеден өткенде “жоқтау” айтып шығарып саламыз. Қадым ғасырлар қойнауынан басталатын осы тамаша дәстүр әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Бүгінгі күн жастарының тойы да “жар-жар”, “беташармен” өтетіні ата-баба салтына адалдықтың айқын көрінісі іспеттес. Орыстың тамаша ғалымы Г. Потаниннің “Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді” деген сөзі қазақ тұрмысының осындай даралығынан туған тұжырым болса керек.

Ұлтымыздың аса бай ән өнерін дамытуға Абай бастаған, Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Әсет, Естай, Нартай, Кенен сияқты халық композиторлары өлшеусіз үлес қосып, оны сапалық жаңа биікке көтерді. Олардың мол шығармашылық мұрасы қазақ операсы мен балетінде және классикалық музыкалық туындыларда кеңінен пайдаланылып, әлемнің ең әйгілі музыкатанушылары тарапынан жоғары бағаға ие болды. [1].

Осы тұрғыдан келгенде қазақтың ғұрыптық өлең-жырларынан бастап, әйгілі халық композиторлары шығармаларын тұтас қамтыған “Қазақтың дәстүрлі 1000 әні” бірегей жобасын ұлттық музыка мәдениеті тарихындағы айтулы оқиға деп бағалаймын. Жинаққа енген халық әндерін К.Байсейітова, Ж.Елебеков, Ғ.Құрманғалиев, Қ.Жандарбеков,

Е.Өмірзақов, М.Ержанов, Е.Серкебаев, Р.Бағланова, Б.Төлегенова сияқты саңлақ әншілерімізден бастап, Ж.Кәрменов, Қ.Байбосынов, Б.Тілеухан, Р.Стамғазиев және А.Қосанова сияқты кейінгі буын топжарғандарының нақышына келтіре орындауы жобаның құнын да, маңызын да арттыра түсетіні анық.

Халық әндері –сарқылмас қазына. Оны жай ғана ән салу, көңіл көтеру деп түсінуге болмайды. Себебі әннің толып жатқан өзге қасиеттері де бар. Ән –өнер. Ән –адамның көңіл-күйі, тебіренісі мен толғанысы, қуанышы мен жұбанышы. Ән–халықтың көркем ой-санасы, көркем тарихы. Ән – айнасы. Олай болса, бізге әсер еткен өмір құбылыстарының барлығы дерлік ән арқауына айналып отырған.

Әннің бір қасиеті –әуезділігі, әсерлілігі, көркемділігі. Бұл уақыт сынынан өтіп, біздің заманымызға жеткен халық әндерінің барлығына тән белгі. Жазба мәдениеті туа қоймаған дала жағдайында нағыз көркем, тыңдаушысына терең сезімге бөлейтін әуен ғана ел аузына ілігіп, ұзақ мерзім өмір сүре алған.

Халық әндеріне тән тағы бір белгі – елдің өмірі, тұрмыс-тіршілігімен сабақтастығы. Кез келген ән белгілі бір оқиғаға құрылады. Соған орай айтайын деген ой-мазмұны да болады.

Қазақ халқының ән өнері сан-салалы. Көне дәуірлерден жеткен бұл мәдениет саласын бірнеше арнаға бөлуге болады. Олар: бақсы сарыны, жыраулық дәстүр, ертегілік, тарихи және лирикалық әндер.

Ән-вокалдық жанр болса, халық әндеріне тән мынадай белгілерді көрсетуге болады:

Әннің мазмұны, яғни әдеби мәтіні;

Әннің әуені, яғни мазмұны;

Әннің жанрлық ерекшелігі;

Халық әндерін біз тақпақ сазды речитативтік тарихи және лирикалық деп білеміз. Бұл ерекшеліктер бірде әннің музыкалық-интонациялық жүйесіне қатысты болса, бірде жанрлық сипатын білдіреді.

Халық арасына кең таралған лирикалық әннің жүздеген үлгілерін атауға болады. «Қамажай», «Бипыл», «Маусымжан», «Сәулем-ай» секілді толып жатқан әннің барлығы да лирикалық жанрға жатады. Лирикалық әннің ерекшелігі онда сюжет болмайды, оның есесіне эмоцияға негізделген сезім лирикасы, поэзиялық параллелизмдер басым ұшырасады. Халық әндерінің стильдік ерекшеліктеріне бойлай түссек, олардың музыкалық әуені мен әдеби мәтіннің бірде сәйкес, бірде сәйкес келмейтінін аңғарамыз. Бұл ерекшелікті ғылым тілімен синхрондық және асинхрондық деп екіге жіктейміз. Асинхрондық жүйеге негізделген әннің музыкасы мен әдеби мәтіні әртүрлі кезеңдерден туғандықтан, олардың құрылымдық жағынан бір-біріне сәйкес келмейтіні байқалады.

Халық әнінің пішіні мен құрылымын талдағанда классикалық музыкаға тән терминдерді қолдануға болмайды. Музыкалық фольклортану ғылымында халық әндерінің дыбыс қатарына байланысты мынадай терминдер қалыптасқан:

Трихорд (до-ми-фа) – 3 дыбыстан тұратын құрылым.

Тетрахорд – 4 дыбыстан тұратын құрылым.

Пентахорд – 5 дыбыстан тұратын құрылым.

Гексахорд – 6 дыбыстан тұратын құрылым.

Гептахорд – 7 дыбыстан тұратын құрылым. [2]

Қазақтың халық әні формасы жағынан да әр алуан. Негізгі және көп тараған түрі әртүрлі екі АВ-АВ құрылыстан жасалған мелодиялық негізгі мазмұны қайталанатын форма болып есептеледі. Бұл формаға еңбек әндері үлгі бола алады.

Сонымен қатар екі бөлімді куплетті ән формаларының қарапайым және күрделі бірнеше түрлері де кездеседі. Толысып, дамыған халық әндері тек қана екі бөлімді формада емес, сондай-ақ әуен құрылыстары 3 және 4 мелодикалық элементтерден де құрылады.

Қазақтың халық әндерінің ырғағында мынадай түрлер кездеседі:

Музыкалы-метрикалық өлшемдердің барлық түрлері;

Бір әннің мелодиясында болатын жиі ауысулар мен ырғақтық фигураларды әлденеше рет қайталаулар;

Ырғақтық терме, желдірме секілді әндерде әлденеше рет қайталануы;

Өлеңді бұрынғы бөлумен байланысты триольдердің едәуір басым болуы;

Ал ырғақтың өзгеше еркін түрін халық әндерінің қайырмасында кездестіреміз.[3]

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарының өзінде-ақ өнердің басқа салаларына қарағанда халықтық жайсаң жанр-ән шығармашылығы жедел өркендеді.

Революциялық, кеңестік қазақ әндерінің тарихына көз жіберсек, ол кездегі шығармашылық серпіннің түрліше процесін байқауға болады.

Бұл кезде басты тақырыптың бірі – бостандық, әйелдер теңдігімен қатар, қалың бұқараның оқу-білімге деген ынта-ықыласы да жаңа әндерге негіз болады. Елді индустрияландыру туралы еңбек, жастар, Қызыл әскер, Отан қорғау жөнінде көптеген жаңа әндер туды. Мәселен, Кенен Әзірбаев, Иса Байзақов, Қосымжан Бабақов, Манарбек Ержановтың «Колхозшы», «Бал құйылды даладан», «Машина», «Завод», «Паравоз» әндері формалық, мазмұндық жағымен ерекше назар аударады. Сонымен қатар, Рамазан Елебаев, Смағұл Көшекбаев сынды композиторлардың да әндері жарық көрді. Талантты композитор Нұрғиса Тілендиевтің «Жан сәулем», «Әке туралы ән», «Кұстар әні», т.б.

Ән шығармашылығында, әсіресе, лирикалық жанрда ерекше көзге түсіп, халық құрметіне бөленген композиторлардың бірі Шәмші Қалдаяқовтың «Қарагөз», «Қайықта», «Арыс жағасында», «Ақ сұңқарым», «Ақмандайлым» және Ескендір Хасанғалиевтің «Әдемі-ау», «Асыл арман», «Атамекен» т.б. әндері. [4]

Міне, осы жылдары қазақтың революционер ақыны және көрнекті мемлекет қайраткері С.Сейфуллин революциялық «Марсельеза» әніне оригиналдық текстті жазды.

Көп ұзамай қазақтың советтік әндеріне типтік жаңа екпін, жекеленген әуендік жаңа интонация ырғақтары және революциялық жұмысшы әндерінің марштық, сергек ырғақ ерекшеліктері ене бастайды. Сильдік жаңару, екшелену процестерімен қатар советтік қазақ елінің жаңарған өмірін жырлайтын әндердің тақырыбы да байи түсті.

Халық әндері – сарқылмас қазына. Олар ескірмек емес. Арада жылдар, ғасырлар өткен сайын оның тарихи-көркемдік сипаты барынша айқындала түспек. Халық әндерінің осы сипаты әр жылдары қайта сөз болып, жаңаша зерттеліп келеді. Мұның өзі халқымыздың ән мәдениетіне деген өскелең талабын аңғартса керек.

Халық әндерінің тағы бір сипаты бар. Ол – ән әуенінің өлең жолынан қысқалығы. Оның үлгісі – «Шилі өзен».

Айналайын атыңнан, алтыным-ай

Ақ жүзінді көргенде, балқыдым-ай

- деген жолдармен ән әуені толық аяқталады. Осындағы алғашқы екі сөз әннің бірінші жолын құрап тұр. Ал, *алтыным-ай* сөзінен бастап ән одан әрі жалғасып, екінші жолдың соңғы сөзіне барып тыныстайды. Содан соң барып қайырмасына ұласады.

Ән туралы әңгімемізді оның құрылысынан бастаған себебіміз, соңғы кездері бұл ән де аракідік жеке шығарушыларға телініп жүр. Бірақ ондай пікірлердің ешбір ғылыми негізі жоқ. «Шилі өзен» анық халық туындысы.

Дәл осы белгілерді біз «Қамажай», «Бір бала» әндерінен де таба аламыз. Мысалы:

Талдан таяқ жас бала таянбайды

Бала бүркіт түлкіден, аянбайды,

- деген жолдарының әуені мен өлеңі бір-біріне сай емес. Басқаша айтсақ, әуені өлеңінен қысқа. Мұны кездейсоқ құбылыс деуге бола ма? Ән әуені мен өлеңінің бір ізден шыға бермеуі халық әндеріне ғана тән құбылыс. Оны жоғарыда сөз еттік. Демек, «Бір бала» да халық мұрасы.

Халық шығармашылығына тән белгілерді «Аққұм» әнінен де табамыз. Солай да болсамұны жеке бір автордың төл туындысы деп жүргендер де бар. Антологияда ол А.Байтұрсыновтың әні деп көрсетілген.

Ақан өз кезеңінің көрнекті тұлғасы. Ол кісінің журналистік, қоғамдық, әдебиет қызметкері біз үшін үлгі, өнеге. Бірақ, «Аққұм» әнін шығарды деген мәліметті біз әлі көре алғанымыз жоқ. Марқұм Жәнібек Кәрменовтың қандай деректерге сүйеніп тағы да біле алмадық. Антология алғы сөзінде ол туралы ешнәрсе айтылмаған. Әннің өзіне жүгініп көрейік:

Көзімнің жанарындай сәулем едің
Көңілімнің қуанышты дәурені едің
Ойымнан жатсам-тұрсам еш кетпейсің,
Басымды не сиқырмен әуреледің?!

- деген жерде ән әуені мен өлеңі арасында байланыс байқалмайды. Бұл халық әндеріне тән белгі болатын. Осыған дорикалық мақам, үшінші басқыштық өзгермелділігін қосар болсақ, әннің көркемдік ерекшеліктері айқындала түседі. Осының бәрін жеке қолтаңбасы айқындалмаған автор еншісіне телу терең толғанысты қажет етеді. [5]

Халық әндері мен бүгінгі әндерді салыстырып қарап отырсақ, мәтін негізінде біраз айырмашылық пен кемшілікті байқауға болады. Мысалы: ХХІ ғасыр туындысы, жастардың құлақ түре тындайтын әндерінің бірі Ерболат Құдайбергеновтың орындауындағы «Сұлу қыз» әніне кезек берейік.

Сендей сұлу бар екенін кім білген
Балдай тәтті ыстық қызыл тіліңмен
Толықсыған анарың, жанып тұрған жанарың
Қыпша белің ммм... құшақтайын ммм
Алқызыл гүлдей лүпілдеген ернің
Қатты соққан жүрегіңнің талықсыйды менің
«Ерболат деші» десең болды маған
Түпсіз терең көзіңе батып кеттім сенің

Қазақ әндері ықылым заманнан бері өзіндік орнын жоғалтпай, белді әрі дәстүрлі әншілеріміздің репертуарларында орындалып келеді. Қазақ шоу бизнесі күн санап дамыған сайын, қазақ әндерінің де беделі күн санап құлдырап бара жатқан тәрізді. Бұған себеп не?

Осындай әндердің айқын дәлелі ретінде әйгілі халық сыйлайтын Құдайбергеновтардың ұлы, «Мен қазақпын» деп сахна төрінде ән салып жүрген жас әнші Ерболат Құдайбергеновтың репертуарындағы әнге кезек берейік. Ерболат жастайынан сахнаға шығып ән салып, ата-анасының ізін жалғастырушы өнер адамы ретінде қазақ жұртына бірден таныс. Жаңа бағытта, яғни арэнби саласында ән салғанды ұнататын Ерболат қазақ қызын әнге қосамын деп тым әсірелеп жіберген тәрізді. Жоғарыда келтірілген әннің қысқаша мәтінінен талдау жүргізетін болсақ, біріншіден әннің мазмұны ғашықтық сезімге толы. «Ұлы сөзде ұят жоқ» демекші тұнып тұрған эротика екенін айта өтіп, мына бір тіркестерге еріксіз көзің түседі. «Толықсыған анарың, жанып тұрған жанарың» деген тіркестерде қыз баласының дене мүшесін әнге қосып айтқаны бұл Ерболаттың қай сасқаны?! Жалпы қазақ тілінде «жанарың» сөзі әртүрлі мағынада қолданады. Жеке тұрғандағы «жанарың» сөзінің прагматикасы:

адамның көзінің жанары, қарасы;
бет жүзі;
кісі есімі;
етістік рөлін атқарушы ретінде іс-қимылды білдіреді;

Ал тіркескен сөзімен байланыстырып, оның мағынасын ашатын болсақ, «*жанып тұрған жанарың*» адамның бет-әлпетіндегі ерекше эмоцияны көрсетеді. Ал «*анарың*» сөзінің прагматикасы қандай? Біріншіден, жеміс атауын білдірсе; екіншіден, дене мүше атауы; Астарлап айтылған бұл сөздің түбінде біраз ой жатыр деп айта аламыз. Сондағы Ерболаттың ән салудағы прагматикасы қандай болғаны? «*Ерболат келші*» деген сылқым бойжеткеннің сөзіне әнші де қарсы емес. Тіпті «*десең болды*» деп құптап қояды. Сонымен қатар «*аз болады маған деген бір түнің*», «*махаббаттың тілімен, буланайық түнімен*»

тәріздес тіркестерге де құлақ қағып, көз шалып қаласың. Осындай анайы тіркестерге толы мәтіннен, оны сәнге қосып естіп жүрген болашақ ұрпақ қайда барады?

Ерболат әндерін құрылымдық тұрғыдан алып қарастыратын болсақ, ұйқас ырғағы жағынан қазіргі кездегі ерікті ұйқас түріне сай келеді. Мәтін көбінесе, гипербола мен теңеуге толы. Мысалы, «*Балдай тәтті ыстық қызыл тіліңмен*», «*Түпсіз терең көзіңе*» т.б. Әннің ең ұтымды бөлшегі ол – айтылуы. Ерболаттың ән салудағы ең басты кемшілігі қазақ тілінің фонетикалық жүйесіндегі үндестік заңды сақтамауы. Үндестік заңы дегеніміз –тіліміздегі сөздердің бірыңғай жуан не жіңішке, сондай-ақ бірыңғай езулік не еріндік буынды болып, араларында қатар келген дыбыстардың біріне-бірі акустика-артикуляциялық жақтан бейімделіп, үйлесіп тұруы. [6] Ән мәтінде қалай жазылса, солай оқу немесе сөздің жеке тұрғандағы тұлғасы қандай болса, соны өзгертпей айту қателігі. Сөзді дұрыс айтудың екі түрлі типі бар. Оның бірі толық стильде айтса, екіншісі сөйлесу стилінде. Ән айту өнері осы сөйлесу мәнеріне жатады. Сөйлеу үстінде дыбыстарды бір-бірімен қиюластырып, үйлестіріп айтуда сөздердің ритмикалық топтарға бөлінуі үлкен роль атқарады. Мысалы, анықтауышпен анықталатын сөздер бір ырғақпен ғана жымдасып айтылады. «Ыстық қызыл», «алқызыл гүлдей», «сұлу қыз» деген тіркестердің дұрыс айтылуы «ыстық ғызыл», «алғызыл гүлдей», «сұлу ғыз». Әр буында екпін түсіруде әнші «күнің», «түнің», «қыпшы бұраң бел», «құшағыма кел», «сыр білдірмей түш», «махаббат деген күш» деген тіркестерде ең соңғы әріптерге түсірілген екпін түрі де орфоэпиялық заңға қайшы келеді. Орфоэпия (грекше orthos –дұрыс және еро –сөйлеу) –сөздер мен бунақтардың (сөз тіркестерінің) бірізді, дұрыс айтылуын қамтамасыз ететін ережелер жиынтығы. [7] Сонымен қатар, қазақ тіліндегі қ, к, п сияқты қатаң дыбыстардың қажет жерінде ұяңдатпай айту өте жиі кездеседі. Мысалы, «талықсыйды», «батып кеттім», «құшағыма кел», «бір күйге», «деп айтып кеткен Мұқағали», «не керегін», «балқиды», «шалқиды».

Сол сияқты тағы бір мысал келтіретін болсақ, мысалы халық әндерінің ішіндегі бәрімізге танымал «Назқоңыр» әні.

Назқоңыр әнін еркектер көп айтады. Оның ішінде тенор дауысты әншілер қызға айтатын тамаша лирикалы ән.

Әннің диапазоны зор, екі актаваның маңайында, әр әншінің даусы жете бермейді. Шалқыта, төгілте айтатын әдемі тенор дауысты керек етеді. Сарыарқаның кең даласын жаңғырта, Назқоңырды қара терге түсіріп сүйгенін аңсап асыға келе жатқан сұлу жігіттің шырқап салған әні болса керек. Егер сөзіне көңіл бөлсеңіз сүйген қызына қандай әдемі теңестіру тапқан.

Ай қабақ, алтын кіршік қызыл ерін

«Кел»-десең неге аяйын аттың терін,

- неткен тамаша қандай орынды табылған сөз, шын сүйген жарыңа не айтсаңда немен, кімді теңестірсеңде сиып жатқан жоқпа...

Әннің бірінші шумағындағы жоғарғы нотаны кейбір әншілер пиано алады, ал екінші рет қайталанғанда фортеға көтеріледі болмаса керісінше бірінші шумақты форте, екіншіде пианоға түседі. Міне, бұл дұрыс. Өз даусын меңгерте білген әнші солай айтуы жарасымды. Әннің қайырмасына зор көңіл бөлген жөн.

Халя-ляку ләйлім

Лиля-ляку ләйлім

Халя-ляку ләйлім

Лиля-ляку ләйлім лиляляку- дегенде ля-ге фермато ұстаған жөн. Оны форте алып, пианоға, болмаса пианодан фортеға жұмсақ, әдемі көшсе тіпті орынды болмақ. Әрине оған үлкен шеберлік керек екені айтпаса да түсінікті. Бұл әннің қасиеті неаполитан әндері сияқты еркін айтып, дауысында көлемін, әншінің де шеберлігін байқататын сұлу әуенінде терең силы мағынасында.

Ал бүгінгі күннің «*лилякуі*» ол «*ой, ой*» деген тіркестермен өз жалғасын тапқан сияқты... Қазақ эстрадасының жас әншісі Қайрат Нұртастың орындауында шырқалып жүрген «Ой, ой» әні де мәні мен сәні келіспей қалған әндердің қатарына толықтай жатқыза аламыз.

Расында да, махаббат пен сезімге толы әндері әрбір қыздың жүрегінің төрінен орын алса керек. Бірақ, бізді қынжылтатыны ол ән мәтіндерінің мәнсіздігі. Ендеше кезек әнде...

Арасында тұманның, мен адасқан құланмын
Жақындама жыласа, мен жаралы бір арман
Сағыныштан сан күліп, баса алмаса жаңбырын
Жұбатам деп ойлама ол да менің тағдырым
Ой, ой
Ойламайтын күнім жоқ
Ойлай берсем түгің жоқ
Жылатқан жылытқан

Бұл 16 жолдық өлеңнің барлық сөзі және тіркестері сырт қарағанда құлаққа жағымды, айтуға ыңғайлы әрі түсінікті болып келеді. Бірақ шындығында ән мәтініне назар салатын болсақ, бірнеше тілдік талдауды қажет ететіні анық байқалып тұр.

Біріншіден, ұйқас түріне кезек берейік. Қазақ өлеңінде 8 түрлі ұйқас бар. Ұйқас деп тармақтың соңғы сөздеріндегі үндестікті айтамыз. Ән шұбыртпалы ұйқас негізінде құрылған.

Екіншіден, логикалық қателіктерге тоқталайық. Логика дегеніміз –дұрыс ойлау заңдары мен формалары туралы философиялық ғылым. Ойлауды оның функциялары мен құрылымы, оны құрайтын элементтері, яғни түрлі формалары, сондай-ақ, олардың арасындағы байланыстар мен қатынастар тұрғысынан қарастырылады. [8] Автордың бұл әнде жіберген қателерінің басым көпшілігі логикаға негізделген. Мысалы, «Жақындама жыласа, мен жаралы бір арман», «Сенен ауыр көрмедім», «Мұның шағып түнгі айға», «ойлар талап жесін деп» деген тіркестердің бәрі тұнып тұрған логикалық қателік. Айдың түнде ғана шығатыны ол бәрімізге мәлім, олай болса тіркесте неге «түнгі ай» деп көрсеткен? Сондай-ақ, «сенен ауыр көрмедім» тіркесі. Ауыр сөзін бәлкім басқа сөзбен ауыстырған дұрыс болар, себебі, бұл жерде берілетін тіркес зат есім ролін сомдау керек болса, автор сын есім ролін атқаратын сөзге баса назар аударған сияқты.

Үшіншіден, фразеологиялық тіркес.

Фразеологизмдердің өзіне тән негізгі қасиеттері:

1. Дайын тілдік единица ретінде жұмсалады;
2. Жалпыға бірдей танылған қолдану заңы болады;
3. Мағына бірлігі сақталады;
4. Екі сөзден кем болмайды.

Мысалы, фразеологизм деп мәтін ішінен жобалап «бөрі жүрек» тіркесін алайық. Бірақ, жоғарыда көрсетілген фразеологизм қасиетінің бір ғана заңдылығына бағынып тұр. «Бөрі» сөзінің жүрек сөзімен ешқандай байланысқа түспейтінінің айқан дәлелі.

Төртіншіден, ол әрине айтылуы, яғни орфоэпиясы. Сөйлеу актісінде сөздердің екі-үштен топтасып, бір ырғақпен, бір екпінмен айтылатындығы. Мысалы, і дыбысының айтылуы ү: күнім, түгің, түнгі, жүзігін т.б. Дұрыс айтылу нормасы, күнүм, түгүң, түнгү, жүзүгүн. Сол сияқты, «ұмытқан» сөзінің орфоэпиясы. Орындау барысында ұмытқан деп айтылса, шын мәнідегі нормасы ұмытқан, қ дыбысының ғ-ға айналуы.

Ән – құдіретті жанр, жан дүниені ерекше әсерге бөлеп, адамды сәулелі өмірге жетелейтін сиқырлы өнер. Ән тағдыры, жалпы ән проблемасы тек композиторлар мен әншілердің, музыка зерттеушілері мен өнер қайраткерлерінің ғана жанашырлығын қажет етпейді. Ән тағдыры –халықтық проблема. Олай болғанда, ән әлеміндегі түрлі толғақты мәселелерге халықтың көпшіліктің батыл үн қосып, рухани жаңашылық білдіруі де қажет.

Әрине, Абай айтқандай: «Әннің де естісі бар, есері бар». Мирасқоры біз болған ән дүниесі халықтың өткен тарихының куәгері саналарлық «есті ән». Мұнда көне заман шындығын шертетін көп деректер мен бірге халық басынан өткерген тарих көшінің де тізбегі секілді мол мағлұматқа кенелетін жайлар бар. Ән –сан ғасырлық тарихы бар, талай-талай ұрпақтан өткен жол-жөнекей жөнделіп, өңделіп, жанарып бізге жеткен жанр. Ғасырлар елегінен өткен әндер айшықтана, әрленіп музыкалық өнердің інжуіне, асыл қазынасына айнала берген.

Қазіргі жағдайда, ащы шындыққа жүгінсек және дәстүр жалғастығы биігінен қарасақ, ән салу, ән шығару өнерімізді сәл жүдетіп алдық. Бүгінгі таңда экологиялық табиғат аясының тазалығы қандай қажет болса, ән тағдыры, ән болашағы да халқымызды сондай мазаландырса керек. Кезінде екі ауыз білмейтін қазақ болмаған дейміз. «Бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай» деген пікірге ие болған, әншілігі аңызға айналған сауыққой халықпыз. Олай болса, ән салу, ән шығару – ұлттық дәстүріміздің жалғасы. Ән өнері – рухани мәдениетіміздің ең көп тараған, көп жайылған мол да жайсаң жанры, өміршен дәстүрі.

Ән күнде туады, бірақ солардың ішінде тек жақсы ән ғана халық арасында ұзақ өмір сүреді. Ән халықтың жадында неғұрлым ұзақ сақталса, оның соғұрлым құнды, бағалы екенінде күмән жоқ. Мұндай әндер ұлттық өнерімізге өзіндік байлығымен рухани үлес болып қосылады. Міне, осы тұрғыда біз қазіргі қазақ әндерінің қалыптасу, даму жолдарын байқататын шолу жасадық, дені халық аузында сақталған әндер туралы әңгімеледік. Шын мәніндегі жақсы, көркем сазды сұлу ән тыңдаушысымен қоса өзінің орындаушысын да шабыттандырып. Аса бір асқақ сезімге бөлейді. Халық даналығы «әні бардың – сәні бар» дейді. Ән – халықтық өнер, халық сәні.

Қорыта келгенде, халық әндері мен бүгінгі қазақ әндерінің айырмасын, айырмашылықтарын, мәтіндердегі түрлі өзгешеліктерді атап көрсету арқылы қазақ әндеріндегі ұйқас, сөз тіркестері, бейнелеу сөз образдары сонымен қатар, интонациялық кателіктер мен дыбыстық қайталауларға шолу жасап, талқыланды. Кез келген айтылым адресаттарға ақпарат берумен қатар, оның қабылдауына ықпал ететін тілдік бірліктерді таңдайды және оның реакциясын тудырады. Адресантан алынған ақпараттан кейінгі адресаттың белгілі пікірге келіп, қайтадан қандай әрекет жасайтынын прагматика зерттейді. Прагматика адамның белгілі жағдайда қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын қоса қарастырады. Прагмастилистика ғылымының пайда болуына когнитивті лингвистика, психолінгвистика ықпал етті. Мәтіннің табиғатын, болмысын толық саралау үшін тілдің мәтіндегі «мінезін», «іс-әрекетін» де қарастыру керек, мәтінде автордың өз қалауымен алынған тілдік бірліктерімен қоса коммуникативтік ниеті, пиғылы мен қатар белгілі мақсатқа құрылған ойлау стилі де қатысады.

“Ел іші – өнер кеніші” дейді дана халқымыз. Әрине, қазақтың дәстүрлі әндері мың әнмен шектелмесі анық. Қазақ әдебиеті мен халық музыкасы арасындағы үндестік қашанда жалғасын таба берері сөзсіз. Оның соңындағы мирасқор ұрпақтары мен зерттеушілері барда тарих сахнасынан орын алары белгілі. Ұлттық құндылықтардың алтын бастауларынан негіз алатын саф өнердің мәңгі жасарына сеніміміз зор.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Ахметова М. Қазақ әндері (музыкалық зерттеу), Алматы: 1994. – 84 б.
2. Әлемдік өнертану. Үш томдық/3-Т.: Музыкалық зерттеуші –Т.Қоңыратбай. –Алматы: Өлке, 2009. – 480 б Ахметова М. Советтік қазақ музыкасы (тарихи очерк). –Алматы: Ғылым, 1975. – 112 б.
3. Ахметова М. Ән өнері және уақыт. –Алматы: Өнер, 1993. – 112 б.
4. Ахметов З. «Өлең сөздің тоериясы» Мектеп, Алматы: Мектеп, 1973.
5. Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің прагмастилистикасы: Оқу құралы. 2-бас. –Алматы: Қазақ университеті, 2008-258 б.
6. Ән қазына: Кейінгі жылдардың жиі айтылатын таңдаулы әндері. Алматы: Қасиет. -2005. – 112 б.
7. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқулық. –Өңд., толық., 2-бас. –Алматы: Қазақ университеті, 2003.- 199 б.
8. Балақаев М, Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті Алматы: 2004 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІНДЕ СПОРТ ПЕН МУЗЫКАНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Аязбаева О.Б.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Білім берудегі инновациялық үрдістер – бүгінгі күннің, уақыттың басты талабы. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне бағдар алуының басты өзегі – өскелең ұрпақтың жаңа білімге деген құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, олардың танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру және жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру. Оның басты идеясы – оқу нәтижелерін күзінетке бағыттап құру.

Соңғы жылдары Республикамызда білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін белсендіру, инновациялық технологияларды оқыту үрдісіне пайдалану, оқыту әдіс-тәсілдерін жетілдіру мәселелері М. Жампейісова, А. Жолдасбекова, Қ. Нағымжанова, Б. Тұрғынбаева, Қ. Сарбасова, Р. Омарова, және т.б. зерттеулерде орын алған. Педагогикалық технологиялардың түрлері өте көп, десек те, оқыту үрдісінде Ж.Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясы [1], Қ. Әбдіғалиевтің шоғырландырып қарқынды оқыту технологиясы [2], М. Жампейісованың блокты-модульдік технологиясы [3] және т.б. қолданыс табуда.

Оқытудың инновациялық технологияларын білім беру мазмұны сабақтастығының сақталуына, білім алушылардың психологиялық ерекшеліктеріне байланысты таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңыздылығын атап айтқан жөн. А. Шалабаева инновациялық оқытудың ерекшеліктер қатарына мынаны жатқызады: жеке тұлғаға бағдарланған технологияларды оңтайлы қолдану арқылы инновациялық білім берудің дамуы; оқу орнында жалпы және кәсіби күзінеттілікті дамытуда бәсекелестік қалыптастыру; жаңа мақсаттарға сәйкес ұйымдастыру құрылымын және басқару мен өзін-өзі басқару әдістерін жасақтау [4, 12].

Қазіргі заман жаңашылдық, жаңа көзқарастар, жаңалықтар заманы десек, оған сәйкес инновациялық технологиялар оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен, қарқынды да белсенді қолданылуда. Мұны спорт мектептеріндегі білім алушыларға қазақ тілінен сабақ бере отырып, музыка туралы жалпы білім беруде пайдалануға болады. Мәселен, қазақта спорттың түрлерімен айналыса жүріп, музыка өнерін шарықтатқан ұлы тұлғалар болған. Балуан Шолақ, Ақан Сері, Иманжүсіп, т.б. Балуан Шолақтың өмірін мысалға ала отырып, оқушыларға мынадай білім беруге болады.

Қазақ өнері синкретті болған. Бір адам бойына бірнеше өнер түрін сіңірген. Мәселен, палуан болғанымен, сазгер, орындаушы да болған. Сол секілді Ақан сері де бәйгеге ат баптап қосып, өзі өлең жазып, өзі орындаған. Екеуі де өздері жазып, өздері орындаған. Балуан шолақ синкретті тұлға болған.

Оқылым тәсілі мәтінді игерудің алғашқы жолы. Сонымен қатар тіл жаттықтырып, есте сақтау қабілетін жақсартады.

1-тапсырмада мәтінді оқып, мазмұндау ұсынылады.

«Нұрмағанбет Баймырзаұлы, яғни Балуан Шолақ (1864-1916) – қазақтың халық композиторы, ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген өнерпаз, күш өнерін көрсеткен спортшысы, жауырыны жерге тимеген балуаны. Оның есімін де халық осы соңғы өнеріне сүйсінгендіктен еркелетіп, жас күнінде саусағын үсітіп алуына байланысты «Балуан Шолақ» деп атаған, әйтпесе өзінің азан шақырылып қойылған шын аты – Нұрмағанбет. Шыққан тегі – Ұлы жүздің Дулат тайпасының Сәмбет руынан. Бірақ аталары ерте кезде Арқаға қоныс аударғандықтан, оның бар өмірі Көкшетау өңірінде, атығай, қарауыл руларының арасында өткен.

Әкесі Баймырза ағаш шебері болған. Әкесіне қарағанда, шешесі Қалампыр қарулы кісі болған дейді. «Алып – анадан» деген ғой, Балуан Шолақ та осы анасына тартып, теңдессіз алып күштің иесі болған. 14 жасынан бастап күреске түсіп, ат құлағында ойнаған спортшы болған, шауып келе жатқан ат үстінде әртүрлі күрделі жаттығуларды шебер орындаған.

Мысалы: жүйткіп келе жатқан ат үстінде түрегеліп, басымен тұруы, аттың бауырынан өтуі, бір аяғын үзеңгіге қыстырып, шалқалап жатып шабуы бойындағы жойқын күшті, ептілікті шебер игере отырып, қазақтың далалық цирк өнерінің іргетасын қалағандығын айғақтайды. Көкшетау қаласындағы үлкен жиындарда 51 пұт (830 кг-дай) кірдің тасын көтеріп, дүйім жұртты таңғалдырған. 1899 ж. орыс палуаны Иван Кореньмен күресіп, оның қабырғасын сындырғанда Балуан Шолақ 35-те еді.

Мұның үстіне Балуан Шолақ ән-күйге жасынан құмар болады. Бертін келе, жігіт шағында Балуан Шолақ осы екі өнерді қатар дамытады. Әке-шешесі қайтыс болған соң, Ғаникей деген қызға үйленген Балуан Шолақ ел аралап, салдық құрады және жалғыз-жарым жүрмей, маңына әнші-күйші, палуан, өнерлі жастарды жинайды. Топ құрып, «ансамбль» болып сауық құру Балуан Шолақтың дәстүріне айналған.

Өзі ұстаз тұтқан Біржан сал, Ақан сері әндерінің тамаша орындаушысы әрі насихатшысы болады. Олардың әнші-композиторлық дәстүрін берік ұстанып, кейін өзі де ән шығарады. Бұл тұрғыдан алғанда, Балуан Шолақ – қазақтың әншілік өнерін өрістетуге үлкен үлес қосқан композитор. Көкшетау, Қарқаралы, Қараөткел, Сарысу бойындағы елдерді түгел аралаған. Балуан Шолақ Баянауыл, Семейде болады, Арқаның әндерін Жетісуға жеткізеді. Осы сапарында Кенен Әзірбаев Балуан Шолақтың көптеген әндерін үйреніп, халыққа таратады.

Балуан Шолақтың «Ашылы-айырық», «Балуан Шолақ», «Желдірме», «Дікілдек», «Көкшетау», «Қосалқа», «Қос барабан», «Қос перне», «Құлан кісінес», «Кенже қоңыр» сияқты әндері бар. Оның халық арасына кеңінен тараған әндері – «Ғалия» мен «Сентябрь». «Ғалия» – нәзік сезім дүниесін, мөлдір махаббатты шеберлікпен сыршыл әуенде жырлаған ғашықтық лирика. Балуан Шолақтың әндерін шебер орындаушылар Ж. Елебеков, М. Көшкімбаев, М. Тырбаев, Ж. Кәрменов, Қ. Байбосынов, т.б. болды.

Белгілі музыка зерттеушісі А.В. Затаевич ел арасынан Балуан Шолақтың бірнеше әндерін жазып алып, оны «Қазақ халқының 1000 әні» және «Қазақтың 500 әні мен күйі» жинақтарына енгізеді.

Сан өнерімен халқын риза етіп, Сарыарқасын сазды әуенімен тербеткен, заманының айтулы сал-серісінің бірі болған Балуан Шолақ Баймырзаұлы 1916 жылы өзінің өскен өңірі Өзектісайда қайтыс болады [5].

Мәтінді тыңдалым арқылы да берсе болады.

2-тапсырмада берілген сөздердің мағынасын ашып көрсету тапсырылады.

Тіркестер	Мағынасы
жауырыны жерге тимеген	
азан шақырылып қойылған аты	
қарулы кісі	

Әсем де көркем музыкалық әлемнің тылсым құбылыстарын терең түсінуде бірден-бір тиімді көмек көрсететін білім берудегі инновациялық технологиялар. Білім беруде қолданылатын инновациялық технологиялар арқылы теория мен практиканы ұштастырып білім беруге болады.

Тәжірибеде қолданып келе жатқан мультимедиялық бағдарламалар жайында айтатын болсақ, жиі қолданылып жүрген бағдарламалар қатарына ActivStudio, Microsoft Power Point және т.б. бағдарламаларын жатқызуға болады. Оның келесідей мүмкіншіліктері бар.

ActivStudio бағдарламасының көмегімен презентация жылдам құрып, практикалық сабақтарды жүргізе аламыз, оны дәстүрлі және интерактивті тақта ретінде қолданып, жазу жазып, сызу сыза аламыз, файл беттерін флипчарт түрінде сақтап, оны кез келген топтарда ашып көрсете аламыз, сабақ жоспарының флипчартына суреттерді қойып, фильмдер мен дыбыстарды қосып, музыканы тыңдата аламыз, оқу жоспарларын орындау барысында

сабақтың құрылысының орындалуы тез, әрі жылдам және уақыт үнемделетінін байқаймыз және т.т.

3-тапсырмада мәтінді негізге ала отырып сұрақтарға жауап беру тапсырылады.

Нұрмағанбет Баймырзаұлын неге «Балуан Шолақ» деп атаған?

Балуан Шолақ қай жерде туып өсті?

Балуан Шолақтың атқа құмарлығын неден байқауға болады?

Балуан Шолақ Көкшетау қаласындағы жиында қанша килограмм ғіртасты көтерді?

1899 ж. Балуан Шолақ кіммен күреседі?

Балуан Шолақтың қандай әндерін білесіздер?

Балуан Шолақ кімдердің әндерін орындаған?

Балуан Шолақтың әндерін шебер орындаушыларға кімдерді жатқызуға болады?

Балуан Шолақ қай жылы және қай жерде дүние салады?

4-тапсырмада мәтіннен етістіктерді теріп, оларға морфологиялық талдау жасау қажет болады.

Талдауға мынадай етістіктер ұсынылады.

Меңгерген, көрсеткен, сүйсіну, еркелетіп, болған, қарағанда, түсіп, орындаған, жүйткіп, қыстырып, шалқалап, таңғалдырған, дамытады.

5-тапсырма. Мәтіннен ән атауларын тауып, жасалу жолы бойынша кестеге орналастырыңыздар.

Қос сөздер арқылы жасалу	Тіркесті сөздер арқылы жасалу	Дара сөздер арқылы жасалу

6-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен біріккен сөздерді теріп жазып, қалай біріккенін көрсетіңіздер.

Үлгі: Көкшетау = Көкше + тау

7-тапсырма. Мәтіннен жалқы есімдерді теріп, кестені толтырыңыздар.

Географиялық атаулар	Антропонимдер
8-тапсырма. Мәтіннен зат есімдерді теріп, кестені толтырыңыздар.	
Дара зат есімдер	Күрделі зат есімдер

Мультимедианы оқу үрдісінде пайдалану музыка мамандарының оқу материалдарымен өз бетінше жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызады, яғни музыкалық туындыларды қалай меңгеру, ақпараттандыру құралдарының интерактивті мүмкіндіктерін қалай қолдану және жұмыс істеуді қалай іске асыру керектігін өзі шешеді.

Microsoft Power Point бағдарламасы арнайы презентацияларды өткізуге және оны сабақ барысында слайд түрінде қолдануға негізделген мүмкіндіктері өте көп бағдарлама, мәселен, презентацияларды құрып, өткізуге, лекциялық материалдарға арнайы эффектілер қосуға, негізгі кезеңдерді көрсетуге, көрсеткіштерді қосуға, қосымша ақпараттарды (бейне, дыбыстар, суреттер, тыңдауға арналған музыка) енгізуге және т.б. болады.

Сонымен, мультимедияның оқу үрдісіндегі орны ерекше деп айтуға болады. Бұл ұғымды кең мағынада қарастырсақ, білім алушыға аса тиімді ықпал ету мақсатымен әртүрлі бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдаланатын ақпараттық технологиялар құрамын білдіреді. Белгілі бір ортада әркімнің ақпаратты қабылдауы әртүрлі жүзеге асатыны баршамызға мәлім: бірі – тікелей оқығанда, енді бірі тікелей тыңдағанда, ал үшіншісі бейнені қарағанда қаласа, кейбіреулер тыңдау және көру арқылы қабылдайды. Білім алушы ауызша баяндау кезінде бір минутта ақпараттың бір мың шартты бірлігін, ал көру мүшелерін «іске қосқанда» осындай жүз мың бірлікті қабылдауға және қайта өңдеуге қабілетті екендігі

тәжірибе жүзінде анықталынған. Мультимедия құралдары мен технологиялары көмегімен аудиокөріністің ақпаратты өңдеудің қазіргі заманғы тәсілдерін қолдану арқылы білім алушылардың үйрену құлшынысын арттыру мен оқыту қарқындылығын күшейту мүмкіндігін қамтамасыз етуге болады

Оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмалары

9-тапсырма. «Алып анадан туады» тақырыбында эссе жазыңыздар.

10-тапсырма. «Нұрмағанбет», «орындаушы» сөздерінен лексикалық мағынасы бар сөздер құрастырыңыздар.

Үлгі: Нұрмағанбет: нұр, ет,

Орындаушы: орын, дау,

Сабак барысында мәтіндік, дыбыстық, кескіндемелік, бейнематериалдарды қазіргі технология дамуына сәйкес жаңаша қолдануға болады. Ол білім алушының танымдық іс-әрекетін белсендіруге, шығармашылығын дамытуға, музыкалық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға, жалпы жеке тұлғаның рухани әлемінің қалыптасуына ыңғайлы да ұтымды деп танылады. Оқытудың инновациялық технологияларын болашақ спортшының күзінетілігіне ықпал ететін білім алушылардың инновациялық және шығармашылық тәжірибелер жинақтауына көмектеседі. Оқытудың белсенді әдістері, шындығында интерактивті, себебі белсенді әдістер ықпал ету әдістерінен оқытушы мен білім алушылардың қарым-қатынастарына ұласады. Ал ол болса, тұлғаның өзін-өзі дамытуының жолы болып табылады.

Ұлы ойшыл әл-Фараби көрсеткендей, музыка – жақсы мінез-құлықты, адамның қоғамдық мұраттарын қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Эстетикалық сезімдерді туғызу арқылы адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне, бойындағы нашар қасиеттерден арылуына ықпал етеді», расында, музыка – адамзаттың рухани азығы, жан серігі және тілімен айтып жеткізе алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі, адам жанын жарқындататын өнер [6]. Сондықтан да ол балаларға қатты әсер етеді. Бірақ, жан дүниеге ой тастаған әуенді бір ғана сөзбен жеткізу мүмкін емес, музыканы жан-дүниесімен түсінетін адам ғана әуен ырғағымен қабылдайды.

Олай болса, музыка шынайы өнер, адамға әсер етіп, құдіретті эмоциялық орасан зор күші арқылы тұлғаның музыкалық-эстетикалық талғамын оятады.

Музыка күші оның жан-жақты әсер ететіндігінде: ерік-жігерге, ақыл-ойға, ойлауға «логикалық сезімге» байланысты. Жалпы, ұлы ғұламалар Әл-Фараби, Ибн-Сина т.б. жеке тұлғаның рухани дамуына өнер мен мәдениеттің әсері турасында мағлұматтар, оның ішінде музыка өнерінің теориялық және тәжірибелік негіздерін дамыту жайында тұжырымдар, маңызды зор ғылыми еңбектер қалдырған. Ұлы педагог В.А. Сухомлинскийдің «Гимнастика денені түзесе, музыка адам жанын түзейді» деген пікірі бекер айтылмаса керек [7], музыка – адамның рухани азығы, жан серігі және тілмен жеткізіп айта алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Ол өзінің көркемділігі және маңыздылығымен бала жанын баурап, ақыл-ой сана сезімдерін кеңейтіп, жақсы мінез-қылықтарын біртіндеп қалыптастыруға әсерін тигізеді.

Музыка таза эмоцияға әсер ете отырып, адамның қиялы мен көңіл күйіне байланысты қабылданады. Баланы музыка тыңдауға тарта отырып, оны саналы түрде қабылдауға баулу, музыкалық тәрбие беру жұмысындағы күрделі міндеттердің бірі, ол білім алушының тұлға ретінде музыкалық мәдениетін қалыптастырудың алғышарты болып есептеледі. Сол туындыларды терең сезіне білген тыңдаушы болашақ спортшылар музыкалық-эстетикалық талғамы жоғары, адамгершілігі мол, мейірімді, жан-жақты, мәдениетті тұлға болып өсері хақ.

Сондай-ақ қазіргі таңда музыка өнерінде жүрген композитор мен әншілеріміз де әр түрлі спорт түрлеріне, спортшыларымыз музыка саласындағы шоу бағдарламаларға қатысып, жеңіс тұғырынан көрініп жүргенін де білеміз.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения. // Автореферат докт. диссерт., Алматы, 1994г., 36 с.

2. Әбдіғалиев Қ. Осы заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2004.
3. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» Алматы 2002.
4. <https://ulagat.com/2020/08/12/музыка-жүрек-тілі>
5. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010.
6. Әл-Фараби. «Музыканың үлкен кітабы туралы». –Алматы, 2009 – 123 б.
7. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. Алматы, Мектеп, 1974.

МУЗЫКА МЕКТЕБІНДЕГІ ТӘРБИЕНІҢ РӨЛІ

Курсакбаева А.Б.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Баяндамада музыка мектебінде білім алып жатқан балалардың дамуына ықпал ететін тәрбиенің қалыптасуы туралы жазылған. Музыкалық тәрбиенің негізгі мәні, мақсаты сапалық жағынан жеке адамның жан дүниесінің үйлесімді қалыптасуын және рухани байлығын дамыту болып табылады. Арнайы музыкалық қабілеті ерекше оқушылардың жаңа ортаға бейімделуі, ата-аналарының үлкен қолдауы, тәрбиешілерінің ықпалы ерекше маңызға ие.

Тәрбие ісі адамзаттың бүкіл даму тарихымен қатар жүріп келеді. Тәрбие-бір ұрпақтың өмір сүру тәжірибесін екінші ұрпаққа жалғастырушы үрдіс. Осы үрдіс арқылы дамытады және адамның дамуына басшылық жасалады. Қазақ халқы бала тәрбиесіне өте үлкен жауапкершілікпен қараған. Тіпті жазу-сызу мәдениеті қалыптаспаған дәуірдің өзінде де ұшы-қиырсыз жазира байтақ дала тұрғындары өздерінің тарихында жас буынға тәлім-тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік ерекшеліктерімен бала тәрбиесіне өте үлкен ықпал жасайды.

Тәрбиенің аса маңызды құрамы - өнер. Соның ішінде өте кең, сан ұғымды қамтитын-музыка өнерін айтамыз. Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, тілмен айтқызып жеткізе алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Музыка өзінің көркемдігі және нәзіктігімен адам жанын баурап, олардың ақыл-ой, сана-сезімінің кеңейіп, жақсы мінез-құлықтарының қалыптасуына әсерін тигізеді.

Музыкалық тәрбие дегеніміз-музыкалық өнердің ықпалы арқылы баланың жеке басын қалыптастыру–музыкалық ынтасын, қажеттерін, қабылетін, музыкаға эстетикалық көзқарасын қалыптастыру деген сөз. «Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең" деп Ұлы Абай жырлағандай ән өнері өмірге сән беретін, қоғамдық сипаты бар құбылыс. Шілдехана, Бесік той, Тұсаукесер, Сүндет той, Тілашар, әр жыл сайын туған күнін атап өту, Құда түсу тойы, Есік-төр көрсету тойы, Ұзату тойы, Үйлену тойы, Төсек тойы, Наурыз мейрамы, Отбасылық өмірдің әр жылындағы тойлар, т.б. тойлардың бәрінде тиісті өлең, жырлар, дастандар айтылып, күйлер тартылып, ғибратты әңгімелер айтылады. Осындай өмір кезеңдерін бейнелейтін әндер –тәрбиенің қайнар көзі. “Музыка тыңдатпайынша, тәрбие беру, балалық шақтың өзінде адамның сүйіп тыңдайтын ән-күйлерінсіз тәрбие беру деген менің басыма қонбайтын нәрсе”, — деп В. В. Сухомлинский тәрбие саласында музыканың алатын орнын ерекше бағалап өз пікірін осылай айтады.

Музыка – эстетикалық тәрбие. Адам бойына жауапкершілік, табандылық, шыдамдылық сияқты қасиеттер қалыптастырады. Сонымен қатар жеке уақытты дұрыс басқару мүмкіндігін реттейді. Әлемді тереңірек түсініп, сұлулықты байқататын ерекше сезім күші. Музыка бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Музыканы тыңдап, ести білген баланың ішкі жан дүниесі бай, рухани сауатты тұлға бола алады. Музыкалық білім мен тәрбие берудің негізі — ұлттық дәстүрде. Қазақ халқының мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін зерттеу мәселесі де жас ұрпақ тәрбиесінде ерекше маңызға ие болды.

Ақыл-ой дамуында өз құрдастарынан айтарлықтай озатын немесе басқа арнайы қабілеттер (музыкалық, көркем, спорттық) арасында бөлінетін бала дарынды болып саналады. Көптеген ата-аналар өз баласынан ерте дарындылықты байқап, оның қабілетін тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттері туралы өз ұсынымдарына сәйкес дамытуға өз күш-жігерін жұмсайды. Сонымен қатар, баланың ерекшелігіне баса назар аударады, ол әлі де бала болып қалатынын ұмытпайды. Бұл тұлғалық көріністер мен зияткерлік қабілеттіліктердің барлық алуан түрлілігіне теріс әсер етеді. Дарынды құрдастарының "жаман ықпалынан" құтылуға ұмтыла отырып, кейбіреулері баланың жолдастарымен қарым-қатынасын шектейді. Бірақ балалар ойынысыз бала толыққанды тұлғалық дамуының маңызды көзін жоғалтады, тұлғааралық қарым-қатынасты жеткілікті дәрежеде меңгермейді.

«Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы мұң» деп Ұлы Абай айтқандай, балалардың тәрбиесіне ерте жастан мән беру керек.

Бала тәрбиесінде алғашқы ұстазы ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, әдептілік сияқты қасиеттер отбасында балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің ісімен сіңеді.

Сондықтан музыка мектебінде тәрбиеленіп жатқан оқушылардың ата-аналарымен де тығыз байланыста болу да тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Музыкаға, өнерге деген ерекше дарыны мен таланты бар оқушылардың шығармашылықтарын шындай түсу үшін олардың тәрбиесіне, эмоцияларына ерекше назар аудару қажет. Дарынды және талантты оқушылар кең өрісті қабілетке ие: олардың кейбірі, мәселен, ғылым мен техника саласындағы ерекше қабілетін көрсете алуы мүмкін, ал кейбіреулері өнерде немесе поэзияда, қоғамдық көшбасшылықта көрінер. Сонымен қатар олар бір салада дарынды болса, басқа салаларда қиындыққа тап болуы мүмкін; олар дамудың бір кезеңінде өте қабілетті болса, келесі кезеңдерде қабілеттерін танытпауы мүмкін. Бұл дарындылық пен қабілеттіліктерді мұғалімдер, ата-аналар, топтың басқа мүшелері немесе балалардың өздері айқындай алады.

Оқушының музыка мектебіне бейімделуі – бұл балалар мен олардың ата-аналары ерекше қиындықтарға тап болатын қызықты және маңызды оқиға. Музыкалық білім балалардың өмірін байыта түсетіні сөзсіз, бірақ ол сонымен бірге темірдей тәртіп пен еңбекқорлықты талап етеді. Көптеген оқушылар 6-8 жастағы психологиялық дағдарыс жағдайында жаңа білім беру талаптарына бейімделу барысында үлкен қиындықтарды бастан кешіреді: денсаулығы нашарлайды (көру қабілеті бұзылады, тірек-қимыл аппараты бұзылады және т.б.), танымдық жұмыстарына қызығушылығы төмендейді және оқу үлгерімі нашарлайды.

Бастауыш сынып оқушыларының бейімделуі көбінесе оның жаңа ортаға, жаңа педагогтар мен балалар ұжымына тап болуымен, музыка мектебінің ерекше шығармашылық өміріне енуімен байланысты болатын эмоционалдық жағдаймен және күйзеліспен күрделене түседі. Бірақ іс жүзінде баланың мектепке бейімделу кезеңі әлдеқайда ұзақ уақытқа созылады, көбінесе БММ алғашқы музыкалық білім алудың бүкіл кезеңін алады.

Музыка мектебіне бейімделген баланың негізгі критерийлері:

- музыка мектебіне деген оң көзқарас;
- мұғаліммен тіл табыса білу;
- музыкалық материалды оңай меңгеру;
- өз бетінше жұмыс істеуге ұмтылу.

Қызығушылығын арттыра отырып, олардың бойында эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу – бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Оқушының әсемдік пен әрсіздікті, жақсы мен жаманды, мейірімділік пен зұлымдықты, қуаныш пен қайғыны түсініп ажырата білуіне байланысты оның эстетикалық мәдениеті мен мінез - құлық дағдылары айқындалады. «Жаратылыстың һәм өнердің сұлу заттары адам жанында сұлулық сезімдерін оятады. Сондықтан баланың сұлулық сезімдері әр түрлі нәрседен оянымпаз болады. Біреудің музыкадан, сұлу суреттен, біреудің поэмадан. Тәрбиешінің міндеті балада өнердің қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, түр туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету», -

деп А. Жұбанов айтқандай , бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық мәдениетінің дамуы сынып жетекшілерінің және пән мұғалімдерінің шеберлігі мен тәрбие құралдары қазақ фольклор жанрларын тиімді қолдана алуына, әдіс - тәсілдеріне байланысты.[2,12б.].

Жасөспірімнің бойында талғампаздық эмоциялық сезімпаздық қалыптастыруында, оның мәдениетті болып өсуінде музыка әлемін түсінуде мектептегі музыка тәрбиесінің алатын орны ерекше. Әртүрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тану, музыкадағы түрлі кезеңдермен көңілді ажыратуда оқушының музыкалық шығармашылығын дамытады. Жас өспірім – тыңдаушы, орындаушы музыкаға деген өзінің ой - пікірін көрсететін, түсінетін оқушы. Сондықтан музыкалық шығармашылық қабілеттің басты саласының бірі ол музыка арқылы тәрбие.

Музыкалық шығармаларды таратушылардың арасында сал-серілер аз болмаған. Олар 15-20 адамнан топталып, ауылдарды аралап, өз өнерлерін жұртшылыққа танытып отырды. «Шынында салдар мен серілер ол заманғы өнердің өкілдері. Бұл күндегі әртістерше сахнаға киетін киімін чемоданға салып алып келіп, әдейі оларға арналған бөлмеде қайта киінетін жағдай сал мен серіде болған жоқ. Олар ат үстінде де, ауыл сыртында да, базарда да, жәрмеңкелерде де өнерлерін көрсетті. Сондықтан басқа кісіге алабажақ, әсіресе қызыл көрінетін олардың киімдері сол сахнаға киетін киімдер. Ал олар өмірде де сслай киініп жүреді. Өйткені өмір мен өнердің екеуі бірі мен бірі қосылып, ұласып кеткен» -деп жазды А.Жұбанов. [1]

Музыка мектептерінде оқушылардың бойында ұлттық нышандарға - Туға, Елтаңбаға, Әнұранға, ұлттық мерекелерге патриоттық сезімді, оларға құрметпен қарауды мақсатты түрде қалыптастырып отыратын іс-шаралар ерекше өткізіледі. Мемлекеттік нышандардың көмегімен оқушылар бойына еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезім дәйекті де табанды тәрбиеленеді.

Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі , ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Қазақ халқы құлақтан кіріп бойды алар әсем ән мен тәтті күйді ұнатқан. Домбыра сөйлейді, қобыз жеткізеді, сыбызғы білдіреді деген сөз тіркестері қазақ мәдениетінде кездейсоқ кездеспейді. Музыка тәрбиесі жастарға өнер құндылықтарын үйрете отырып, олардың бойына адамгершілік эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытады. Өскелен ұрпаққа музыкалық тәрбие беруде, бала бойына рухани байлықты дамытудың аса маңызды саласы –музыкалық өнер. Соның ішіндегі бастауыш мектеп оқушыларының бастапқы музыкалық мәдениетін қалыптастыру, оны басқару музыкалық – педагогикалық ғылымның өзекті мәселесі. Жалпы музыкалық білім беру, музыка өнері арқылы мектеп оқушыларына музыкалық тәрбие берудің педагогикалық шарттарын ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеп, ғылыми әдістемелік жағынан қамтамасыз ету қажет.

Жалпы мектеп оқушыларының музыкалық мәдениетін тәрбиелеу үрдісі тиімді болуы мүмкін, егерде:

- мектеп оқушыларын музыкалық мәдениетке тәбиелеудің ғылыми –педагогикалық және әдістемелік негіздері анықталса.

- мектеп оқушыларын музыка өнері негізінде музыкалық мәдениеттікке тәрбиелеу тиімділігінің өшемдері көрсеткіштері мен деңгейлері анықталса.

- оқу тәрбие үрдісінде мектеп оқушыларын музыка өнері арқылы музыкалық мәдениеттілігін қалыптастырудың музыкалық-педагогикалық шарттары белгіленсе;

- оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастырудың мазмұны құрылып, тәжірибелік-педагогикалық тексерістен өткізіп, ғылыми -әдістемелік ұсыныстар берілсе, сонда ғана мектеп оқушылараның музыкалық мәдениеттілікке қалыптастырудың нәтижелілігі арта түседі.

Музыка мектептегі баланың бойындағы мінез-құлқы дағдылары мен әдеттерін қалыптастыруының бірден-бір негізі бола алады. Соның ішінде күйді тындатуда, түсіндіруде, оларды қызықтыра отырып тәрбиелеу үлкен маңыздылыққа ие. Халқымызда күй тындаудың қалыптасқан дәстүрі болған, яғни тыңдаушы күйдің саз сарынын, әуендік табиғатын, құрылыс-бітімін саралай білген. Қазақ күйлері өзінің төл тыңдаушыларын ең алдымен

дыбыстың тілімен баурайды. Күй түсінетін тыңдаушы сол күй өзегіндегі ойға орай алуан түрлі сезім мен әсерге бөленеді. Музыка аспаптарына үйрету сабағы музыка сауаты мен ән үйрену сабағы методикасы сабақтары мен тығыз байланысты жүргізіледі. Білімгер музыка аспаптарын ойнауды меңгере жүріп, бірте-бірте музыканың нәзік мәнерлігі мен тілін терең ұғып, түсінетін болады. Өтілетін репертуар қазақ композиторларының шығармалары қазақтың халық әндері мен күйлері және ішінара батыс класиктері композиторларының шығармаларынан құралады.[3,208.] Ал өскелең ұрпаққа аспаптық музыканың тәрбиелік сипатын саралау орасан зор рөл атқаратыны белгілі. Қазақстанда аспаптық музыканың дамуы халықтың көп ғасырлық тарихымен оның тұрмыс-салтымен, мәдениетімен тығыз ұштасқан. Мәселен бір ғана қазақ халқының ұлттық аспаптары халық бұқарасының рухани шығармасының бағалы нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар интернационалдық аспаптық музыканың тәрбиедегі қазіргі кезде әрбір халықтың мәдени және рухани мұрасына дұрыс көзқарасты қалыптастыру, оларды пайдалану жолдарын іздестіру ерекше мәнге ие болып отыр. Аспапты музыка өзіндік ерекшеліктерін бейнелей келе, белгілі композитор, академик А.К.Жұбанов: «Халық аспаптарының ішектерінде ғасырлар бойы даналық тұнып», — деген еді.

Үлкен ұжым – ұлттық оркестрдің құрамы. Оркестрдегі балалар бірін-бірі сыйлауды, ұжымда ынтымақтастықты құруды үйренеді. Ән айту-музыкадағы іс әрекеттің бір түрі. Орындаушы өз сезімін ән арқылы бере алады. Бала музыканың ішкі сырын ұғына отырып, кейбір нашар әдеттерден (қысылу, уялу, сылбырлық т.б.) арылуға мүмкіндік туғызады.

Керемет музыкалық қабілеттері бар сабырлы, эмоционалды ұстамды балалар кейде музыка мен музыкалық іс-шараларға бей-жай қарауы мүмкін. Оларға деген қызығушылық кейінірек, әдетте жасөспірім кезінде немесе тіпті оның соңында пайда болады. Музыка мектебінен тәлім алған балалар болашақта өз өмірін музыкант мамандығымен байланыстырмаса да, туған жерін сүйеге, салт-дәстүрін қастерлеуге, әсемдікті бағалауға, музыканы сүйеге тәрбиелеленіп, рухани азығы мол өз елінің патриоты болып қалыптасатыны сөзсіз. Мектеп оқушысының эстетикалық даму дәрежесінің әр деңгейде болуы, көбінесе отбасындағы тәрбиенің дамуы деңгейіне, білім және тәрбие шараларының сапасына, әр түрлі қоғамдық орта көзқарасын, эстетикалық мәдениетін, эстетикалық сезімін қалыптастыру үшін олардың шығармашылық қызығуы мен қажеттілігін тұрақты түрде қалыптастыруды негізге айналдырған жөн. Ол үшін мектеп, отбасы және ортаның ықпалы нәтижесінде қалыптастырған эстетикалық тәрбиенің мазмұны айтарлықтай рөл атқаратынын естен шығармауға тиіспіз. Өйткені, барлық кезең мен жасөспірім шақта эстетикалық білімдер мен шығармашылық дағдылар тұлғаның жеке дара дамуының бірден-бір құралы болады да, оның мектепті бітірген кезінде жоғарыда айтылғандардың негізінде эстетикалық мәдениеттің дамуы қалыптасады. Осыдан барып эстетикалық мәдениет үлесінде эстетикалық даму дағдылары жетіледі.

Эстетикалық тәрбиені қалыптастырудағы басты мақсат-оқушыларды өнер құндылықтарын жасақтауға қатыстыру, тіл, сөз өнерін дұрыс меңгерту, әдепті сөйлеуге баулу, олардың бойында белгілі бір адамгершілік- эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті тудыру. Мұндай жұмыстардың игілікті түрде жүзеге асу үшін көптеген жұмыстар жүргізілуі шарт.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, бүгінгі ұрпақ адам бойында кездесетін үлгілі, жақсы қасиеттер мен жағымсыз әдет-дағдылар жөніндегі бұрынғы өткен ұлы ғұламаларымыздың өсиеті мен өнегесін оқып біліп, оны көкейіне тоқып, одан өзіне керекті тәлім-тәрбиелерді бойына сіңіре білсе, нұр үстіне нұр болмақ. Олай болса, оқушы, жастарды өткеннің мұрасына сын көзбен қарап, оны елеп-екшелей отырып, жан-жақты пайдалана білуге тәрбиелеудің маңызы зор. Жас ұрпақтың ой-өрісін, рухани байлығын нығайтып, әсемдікке және де ән мен би қозғалыстарын көркем мәнерлі орындауы мен эстетикалық құндылыққа тәрбиелеу, жылдан жылға жандандыру - біздің абройлы міндетіміз деп ойлаймын.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Жұбанов А. «Замана бұлбұлдары». – Алматы: «Білім», 1963 ж.
2. «Музыка әлемінде» журналы 2010ж №3 /12 бет/.
3. Есенұлы А. Күй тәңірдің күбірі. Алматы: Дайк-Пресс, 2001 – 208б
4. Ахметова М.М. Өн өнері уақыт — Алматы: Жазушы, 1990-306 б.
5. Бекенов У. Күй көтерді көңілдің көкжиегін. – Алматы, 1975.
- 6.«Қазанғап мұрасы және халық шығармашылығын оқыту мәселелері.2008 ж.
- 7.«Мектептегі тәрбие» журналы 2011ж №7 /9 бет.
8. Ерзакович Б.Г. Песенная культура казахстана. – Алматы: «Ана тілі»,1963 ж.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ӨНЕР ИЕЛЕРІНІҢ ИМИДЖІ

Куанышбаева М.С.

Қазақстан республикасы, Алматы қ.

Америкалық жазушы Рей Брэдбери 1953 жылы жазған «Фаренгейт бойынша 451 градус» шығармасында америкалықтардың басым көпшілігі теледидардың не екенін білмеген кездің өзінде жазушы жаңа дәуір туатынын, ғаламды техниканың кереметі билеп, рухани байлықтың екінші орынға ығысатынын дәл болжаған еді.

Жазушы атап көрсеткендей теледидардан көретін түрлі бейнебаяндар мен әлеуметтік желілердегі қысқа бейнероликтер адамның ақпаратты қабылдауына айтарлықтай әсерін тигізді. Үнемі асығыстық пен уақыттың тапшылығына байланысты біз қысқа, тез, динамикалық ақпараттарды жиі тұтына бастадық.

Әдетте фильм таңдағанда да динамикалық сюжеті бар фильмдер немесе сериалдарды көріп, кітаптағы артық баяндаулар мен бос сөзден мейлінше тезірек құтылғымыз келеді. Әлеуметтік желілер мен ғаламтор пайда болғалы бері ақпарат көздерінің ағын судай екпіндеп дамып жатқаны белгілі. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін осы үздіксіз қозғалысқа, қысқа әрі нақты ақпараттарға бейімделді. Нәтижесінде, клиптік ойлау, клиптік сана қалыптасты. Ғалымдардың зерттеуінше, адам санасындағы оперативті жады осыдан 30 жыл бұрын 15-20 минут болса, қазіргі таңда 7 минутқа дейін қысқарып кеткен. Яғни кездейсоқ адам көрген немесе естіген ақпаратты небәрі 7 минут есінде сақтауы мүмкін. Ал қазіргі «Жаңа заман» ұрпақ өкілдерінде бұл небәрі 5 минутты құрайды. Ақпарат тасқынының салдарынан пайда болған клиптік ойлау жүйесі дүниежүзіндегі өзекті мәселелердің біріне айналды[1].

Әлеуметтік медиа платформалары біздің бір-бірімен байланысқан әлеміміздің жүрек соғысына айналды. Өртүрлі орта мен жас топтарын қамтитын миллиардтаған адамдар бұл платформаларды өмірінің ажырамас бөлігі ретінде қабылдады. Мұнда орташа адам және олардың күнделікті әлеуметтік желілерді пайдалануы туралы 2023 жылғы жаңартылған статистика:

Әлеуметтік желіні пайдаланушылар саны: Дүние жүзінде 4.8 миллиард әлеуметтік желі қолданушысы бар, бұл дүние жүзіндегі халықтың 59.9% және барлық интернет пайдаланушыларының 92.7% құрайды.

Әлеуметтік желіде өткізілетін орташа тәуліктік уақыт: Орташа адам күніне 2 сағат 24 минут жұмсайды.

Ең көп қолданылатын әлеуметтік желілер: Ең көп қолданылатын әлеуметтік медиа платформалары – «Facebook», «YouTube», «WhatsApp» және «Instagram».

Әлеуметтік желіні ең көп пайдаланатын жас тобы: Әлеуметтік желіні ең көп пайдаланатын жас тобы – 18-29 жас.

Әлеуметтік желіні ең көп пайдаланатын жыныс: Ерлер мен әйелдер әлеуметтік желіні бірдей пайдаланады.

Әлеуметтік желіні қолдану дамушы елдерде жоғары.

Әлеуметтік желіні ауылдық жерлерге қарағанда қалалықтар көбірек пайдаланады.

Қарт адамдар арасында әлеуметтік желіні қолдану артып келеді.

Әлеуметтік медианың біздің өмірімізге әсері терең және жан-жақты. Сіз күнделікті қолданушы болсаңыз да, жетік маркетинг болсаңыз да, әлеуметтік желілердің маңыздылығын түсіну бүгінгі цифрлық байланысқан әлемде шарлау үшін өте маңызды.

Қазақстандағы ең танымал әлеуметтік желілер қатарына «В Контакте», «Инстаграм», «Фейсбук», «WhatsApp», «Твиттер», «Тik-tok» жатады.

Әлеуметтік желілер бізге басқа адамдармен байланыс орнатуға және олардың өмірінде не болып жатқаны туралы білуге мүмкіндік береді. Десек те оның кері әсері де бар. Смартфон не компьютер алдында сағаттап отырып, мың түрлі ақпарат арасында бос уақытты жоғалтып алу қазіргі үлкен проблемаға айналды.

Сондықтан арасында үзіліс жасап, виртуалды өмірден шынайы өмір бар екенін ұмытпау керек. Ақпарат тарату мүмкіншілігі бойынша Интернет торабы алдыңғы қатарға шығып отыр. Газет, теледидар, радионың түгелге жуығы Интернет торабында сайт немесе өз парақшаларын ашып, электронды ақпарат құралдарының саны күннен-күнге өсуде. Ал интернеттегі әлеуметтік желілердің қолданушыларының орта жасы 7-ден 48-ге дейін болып отыр. Қазір кез-келген ұялы телефонда әлеуметтік желілерге қосылу үшін қосымша бағдарламалар орнатылатын болды. Кез келген компанияның өз тауарларын жарнамалау мақсатында әлеуметтік желіде парақшалары бар[2].

Әлеуметтік желілердің пайдалы жақтары:

1. Іздеу жылдамдығы. Әлеуметтік желілерде сіз қажетті бейнені, музыканы, адамды оңай таба аласыз. Сонымен қатар, пікірлес адамдарды да сол жақтан табуға болады. Одан бөлек, әлеуметтік желі арқылы өзіңіз іздеген адамның аты-жөнін, оқу орны немесе қызметін, байланыс телефонын анықтауға мүмкіндік бар. Егер ол пайдаланушы мәліметтерді өз парақшасына жүктеген болса. Бұл өте маңызды артықшылық.

2. Байланыс пен ақпарат алмасудың қолжетімділігі. Қазір әр адамда ұялы телефон бар. Сол арқылы хат-хабар алмасу деген проблема түбегейлі жойылғандай. Ол аз десеніз, ақпаратты әлеуметтік желіге жүктеу, электрондық поштада алу да қиындық тудырмайды. Әлемнің түкпір түкпірінде болып жатқан оқиғаларды да осы әлеуметтік желіден таба аласыз.

3. Пікірлестер шеңберін құру. Адамның қандай қызығушылығы болса да, ол әлеуметтік желіден өзінің пікірлестерін табатынына күмән жоқ. Ол үшін қызықты қауымдастықтар мен топтарға қосылып, өз мүдденіз үшін әрекет етесіз. Тіпті, өзіңізге қажетті нәрсені сатып алып, сатуға да болады[3].

Әлеуметтік желі - коммуникация құралы. Алайда бізге неге етене жақын болып шықты? Несімен баурап алды? Сөйтсек оның астарында да терең психологиялық реңк бар болып шықты.

Мысалы, осы мәселені зерттеуші ресейлік ғалым Александр Прохоровтың зерттеуіне қарасақ, түрлі әлеуметтік желіні қолдануды америкалық психолог Маслоудың сұраныс пирамидасы арқылы қарастыруға болады. Олардың қатарында, адамның пікір айтуы, өзін танытуы, өзгелерге сыйлата білуі, өзіне сенімді болуы, достардың болуы, туыстық қатынас, сыйластық, қауіпсіздік тағысын тағы деп жалғастыра беруге болады. Яғни, әлеуметтік желі тек қатынас құралы ғана емес, адамның өзіндік келбетін қалыптастыру, өзін өзгелерге таныту және жұртпен білетінін бөлісу алаңы. Сонысымен де құнды. Ендеше оны жақсы тұстарын қажетіне жарату әркімнің өз еркіндегі дүние екендігін көреміз.

Сонымен қатар, Веб қосымшалары болып табылатын «Фейсбук», «Твиттер», «Инстаграм», «Пинтерест», «Tumblr», «Blogster», «Гугл», «Мой мир», «Вконтакте», «Ютуб», «Линкедейн», «Подкастинг», «Тik-tok» және т.б. жаңа коммуникациялық тұғырнамалардың пайда болуы адресанттар мен адресаттар арасындағы уақыт пен географиялық арақатынастарды біржолата жойып, бұрын елестете алмаған қарым-қатынастың жаңа бір мәдени бағытын қолданысқа әкелді. Шексіз ақпараттық кеңістік құралына айналды. Электронды коммуникативті тұғырнамалардың батыстан бастау алуы

Орта Азия мемлекеттері халықтарының осы уақытқа дейін қалыптасқан мәдениетін, рухани құндылықтарына өзгерістер енгізді. Батыстық мәдениеттің әсерінен біздің қоғамда әлеуметтік-мәдени модернизация өріс алды.

Мәдениетімізде «ғажап өмір», «бұқаралық мәдениет» түсініктері қалыптасты. Жаңа коммуникациялық платформалардың бүгінгі күні үлкен танымалдыққа ие болып отырғаны «Tik-tok» қосымшасы. Веб қосымшалары қазіргі таңда қоғамда қалыптасып үлгерген онлайн мәдениеттің ажырамас бірлігі болып табылады.

Қазіргі таңда әлемді цифрландыру жағдайында, атап айтқанда, өнер сүйер қауым арасында ғаламторды белсенді қолданушылар саны артып келеді. Сондықтан мәдениет саласының мамандары заманға сай, өз имиджін осы сәттен қалыптастыру керек. Осы ретте өнер адамдарына республика аймағына ғана емес сонымен қатар бүкіл дүние жүзіне тез арада танымал болуына әлеуметтік желілердің үлкен мүмкіндік беретінін түсінуіміз керек.

Ал, енді қазіргі қоғамда сен өзінді дамыта отырып, әрдайым алда болуын тек өзіне байланысты. Бүгінгі күнде түрлі цифрлы технологиялар бар. Соның бірі ұялы телефон. Сол ұялы телефонды тиімді пайдаланған өнер иесінің ақшасы да, атақ-абыройы да еселенбек.

Қазіргі таңда елімізде өзіндік ерекше дауыстарымен, орындау мәнерлерімен көптің ықыласына бөленіп үлгерген әншілер, музыкалық аспап орындаушылары мен сөз өнерінің көптеген майталман өнерпаздары әлеуметтік желілерде өздерінің парақшасын ашып, имиджін құруға және дамытуға ерекше назар аударып келеді.

Осыған байланысты, әлеуметтік желілерде өнер иелері өз бейнесін қалыптастыруы кезінде, өзінің жеке имиджін одан әрі дамытуы туралы ойлануына аса мән беруі қажет. Этика принциптерін ұстана отырып, жетістіктері мен аудиториямен үнемі қарым-қатынас құрап, кері байланыс орнатуы қажет.

Өнерпаздың әрбір сөзі, мінезі мен жүріс-тұрысындағы мәдениеттілігі және сыпайылығы өнер сүйер қауымның жүрегін жаулап алуына көмектеседі.

Осы принциптерді ұстанып жүрген бірнеше өнер иелерінің әлеуметтік желідегі парақшаларын мысал ретінде атап айтсақ болады.

Бүгінгі күнде әлеуметтік желілер түрлері өте көп. Салыстыру әдістерерін пайдалана отырып, сол желілердің ішіндегі елімізде кеңінен пайданылатын платформалар «Youtube» каналдары, Instagram парақшалары мен соңғы уақытта аса сұранысқа ие болып жатқан «Tik-tok» парақшаларына зерттеу жұмысын жүргізе отырып, әлеуметтік желілердің жалпы алғандағы статистикасын анықтау жұмысы жүргізілді. Байқағанымыз бойынша оқырмандар «Youtube» каналын Instagram парақшасына қарағанда көбірек пайдаланатыны анықталды. Алайда, қазіргі таңда тек өнер адамдарына ғана байланысты қарайтын болсақ, олардың көрермендері мен оқырмандары Youtube парақшаларымен қоса «Tik-tok» парақшаларына да жаппай тіркеліп жатқанын байқауға болады. Сол себепті белгілі әншілер мен музыка саласының өнерпаздары және де арнайы музыкалық білімдері жоқ болса да өнерлері бар адамдар «Youtube» каналдары мен «Tik-tok» парақшасын жүргізу арқылы өз имиджін және танымалдылығын арттыруына мүмкіндіктері жоғары екенін түсініп отыр.

Сонымен қатар зерттеу барысында соңғы уақытта «Tik-tok» әлемдегі ең көп жүктелетін қосымшаға айналғаны байқалды.

Сондықтан еліміздің мәдениет саласында қызмет атқарып жүрген әнші қауымы, музыкалық аспаптарда өнер көрсететін өнерпаздар мен т.б. өнер иелері өздерінің шығармашылық жаңалықтарымен, өмірлерінде болып жатқан түрлі жетістіктерімен бөлісу арқылы тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемге де танымал болып жатқанын көріп отырмыз. Осыған орай, зерттеу мақсатында қазіргі таңда бүкіл дүние жүзіне танымал болған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, жерлесіміз — Димаш Құдайбергenniң «Youtube» каналын, «Instagram» парақшасын және «Tik-tok» парақшасын салыстырып шықтық. Салыстыру нәтижесі бойынша, аса дарын иесі Димаш Құдайбергenniң «Instagram» парақшасына қарағанда «Youtube» каналының қолданушыларының саны анағұрлым көбірек екеніне көзіміз жетті. Оның себебі, Димашты жақсы көретін, өнерін құрметтейтін жанкүйерлерінің саны күннен күнге өсуде. Олардың

барлығы Димаштың Youtube каналына тіркеліп, оның өнеріне тәнті болуда. Сонымен қатар музыка саласын зерттейтін ғалымдар оның каналына тіркеліп қана қоймай оны бұл дүниенің феномені деп ерекше жоғары бағалап отыр.

Димаш Құдайбергеннің «Instagram» парақшасындағы жер шарының түпкір-түпкірінде өмір сүріп жатқан көрермендері, өздерінің жақсы тілектерін жазбаша түрде жазып отырады. Ол «Instagram» парақшасын 2019 жылдан бастап жүргізіп келеді. Осы уақыт ішінде оның «Instagram» парақшасын қолданушылар саны 20 мыңнан асқан. Ал, оның 2017 жылы тіркелген «Youtube» каналында 2,37 млн көрермендері бар екен. Сонымен қатар 2020 жылдан бастап жүргізе бастаған әлемдегі ең көп жүктелетін «Tik-tok» қосымшасындағы парақшасына 217 мың көрермендер тіркелген екен.

Өзіміз көріп отырғанымыздай Димаш Құдайбергеннің «Instagram» мен «Tik-tok» парақшаларына қарағанда «Youtube» каналының көрермендер саны бірнеше мың есе көп.

Оның себебі неде? Себебін анықтау барысында Димаштың «Youtube» каналындағы көрермендері, оның шығармашылығын толықтай тамашалай алатыны және оның қай елде гастрольде жүргені, қандай концерт қойғаны, ол концертінің толық 2-3 сағат аралығындағы нұсқасын үйлерінде отырып ақ тамашалай алатыны анықталды.

Сол себепті әнші, музыкант т.б. өнер иелері өздерінің имиджін осындай әлеуметтік желілер арқылы жарнамалау арқылы аз уақытта жетістікке, танымалдылыққа қол жеткізе алатындығына көз жетіп отыр.

Қазіргі таңда қоғамның әлеуметтік желіні жиі пайдаланатын бөлігі – жастар. Қалай десек те байланыс қосымшалары өмірімізге дендеп еніп, күнделікті іс-әрекетіміздің ажырамас бөлігіне айналған. Қазіргі жастар тіршілігін ғаламторсыз елестету мүмкін емес. Тіпті осы арқылы табыс тауып, теңін жолықтырып, білім алып жататындар да көп. Әлеуметтік желілер – қоғамдағы үздіксіз өзгерістердің жемісі. Сондықтан, бүгінде “әлеуметтік желі керек пе, керек емес пе?” деп жатудың өзі артық.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. <https://zhasalash.kz/news/kliptik-sana-qogam-shaldyqqan-dert-pe-alde-zhana-urpaqtyn-artyqshylygy-ma-24866/>
2. <https://kk.martech.zone/how-social-networks-influence-our-lives/>
3. <https://ernur.kz/gadzhetter/aleumetik-zhelinin-paidasy-men-ziyan>
4. <https://www.instagram.com/kudaibergenov.dimash/?hl=ru>
5. <https://www.youtube.com/watch?v=J3JbOd3Aa18>
6. <https://www.tiktok.com/@northcaucasuslovedimash/video/7207145256226262314>

ХИМИЯ В МУЗЫКЕ И НАОБОРОТ

Абдулина Д.О.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Химия и музыка - две сферы, которые кажутся на первый взгляд несвязанными, но на самом деле имеют много общего.

Обе области науки и искусства требуют творчества, точности и понимания основных принципов. В данном докладе мы рассмотрим взаимосвязь между химией и музыкой, и как эти две дисциплины взаимодействуют друг с другом. Мы узнаем, какие химические процессы происходят в мозге человека при прослушивании музыки, как химические элементы используются в музыкальных инструментах, и как химия влияет на звучание музыки. Давайте вместе погрузимся в удивительный мир соединения химии и музыки!

Гипотеза: «Наука и искусство: насколько они совместимы?»

Цели и задачи: Основополагающий вопрос:

- Можно ли найти точки соприкосновения химии и музыки?



Проблемные вопросы:

-Есть ли общее в теории музыки и химической теории?

-Может ли в одной личности соединиться талант химика и музыканта?

Методы и приёмы:

- Теоретический: сбор информации по различным источникам.
 - Аналитический: сравнительный анализ теории музыки и теории строения органических соединений.
 - Изучить литературные источники по данному вопросу.
 - Сделать сравнительный анализ теории химического строения органических соединений и теории музыки.
 - Изучить жизнедеятельность ученого химика и композитора А.П. Бородина
- Хотя химия и музыка кажутся совершенно разными областями знаний, они на самом деле имеют несколько общих аспектов.
- Гармония:
 - Частота и периодичность:
 - Ритм:
 - Структура:
 - Эмоции:




Символика в музыке: Химическая символика

Гомологический ряд – группа органических соединений, обладающих сходными химическими свойствами; физические свойства таких соединений закономерно изменяются с возрастанием в них атомов углерода.


гомологический ряд алканов		
формула	Температура плавления, °С	Температура кипения, °С
C_1H_4	-183	-162
C_2H_6	-184	-89
C_3H_8	-188	-42
C_4H_{10}	-138	-1
C_5H_{12}	-130	36
C_6H_{14}	-95	69
C_7H_{16}	-91	98
C_8H_{18}	-57	126



Первое положение теории химического строения органических соединений А. Бутлерова: атомы в молекулах соединяются в определенном порядке согласно их валентности. Углерод во всех органических соединениях четырехвалентен.




Теория музыки. В музыке нота обозначает звук, ее изображают овалом. Длительность звука называется продолжительность колебания. Для обозначения длительности звуков существует ряд основных знаков: овал ноты, вертикальная палочка



(штиль) и хвосты (ребра длительности). Овал ноты может быть пустым или заполненным. Ноты называются следующим образом: целая, половинная, четвертая, восьмая и т.д.


Второе положение теории химического строения органических соединений: Свойства веществ зависят не только от их качественно и количественного состава, но и от строения их молекул.

Для органических веществ характерно **явление изомерии**



Изомерия в музыке возникает при обращении интервалов и аккордов. Обращение — это перенос нижнего звука на октаву вверх. Аккорды состоят из трех и более звуков, чаще все-таки — из четырех или трех. Аккорд, состоящий из четырех звуков называется септаккордом и имеет три обращения: квинт сектаккорд, терцквартаккорд и секундаккорд. Еще пример: трезвучие и его обращение состоят из нот, имеющих одинаковые названия, но аккорды получаются разные. То же и у септаккорда.

Третье положение теории химического строения: Атомы в молекулах оказывают взаимное влияние друг на друга, причем это влияние может осуществляться как непосредственно, так и через другие атомы.



Теория музыки:

Характер и даже свойства музыкального произведения зависят не только от состава и количества нот, но и от **взаимного их расположения**. Иногда ноты зависят друг от друга. Например, есть такой аккорд — доминантсептаккорд — он неустойчив и всегда требует разрешения, т.е. когда в пьесе встречается доминантсептаккорд, можно с полной уверенностью говорить о том, что следующим за ним будет его разрешение — тонический аккорд. Именно таким образом осуществляется влияние нот друг на друга.

Четвертое положение теории химического строения: По свойствам данного вещества можно определить строение его молекулы и наоборот, по строению вещества можно предсказать его свойства:

Музыка. Гармония и химические связи: Гармония в музыке и химическая связь являются примерами соединения различных элементов для создания чего-то нового и удивительного. Например, в музыке гармония может быть достигнута путем сочетания различных музыкальных нот и аккордов, чтобы создать приятное звучание. В химии, химическая связь происходит, когда атомы соединяются друг с другом, чтобы образовать молекулы, которые имеют новые свойства.

$\text{CH}_3-\overset{\text{O}}{\parallel}{\text{C}}-\text{OH}$	Формула
Свойства	
$63 + m3 = 2t + 1,5 \cdot t$ $2t + 1/2 \cdot t + 3t + 1/2 \cdot t$	Мажорное трезвучие: 3 5 ♯ Мажорный лад

Например: образование воды (H_2O) из молекул водорода (H_2) и кислорода (O_2): $2\text{H}_2 + \text{O}_2 = 2\text{H}_2\text{O}$. В этом процессе происходит образование новых химических связей между атомами водорода и кислорода. Оба эти примеры демонстрируют, как различные элементы могут объединиться в гармоничном сочетании для создания чего-то нового и удивительного. В музыке гармония основана на сочетании звуков и их взаимоотношениях. Тоже самое и в химии, когда молекулы образуются благодаря химическим связям между атомами. Можно провести параллели между гармоническими аккордами в музыке и структурой химических соединений.

Частота и периодичность: в музыке частота звуков определяет их высоту или ноту. Например, нота «ля» на пианино имеет частоту около 440Гц, тогда как нота «до» второго октава имеет частоту около 261Гц. Чем выше частота звука, тем выше его высота. Периодичность звука определяет его ритмический характер, например, регулярные удары барабана на определенных интервалах времени.

В химии периодичность проявляется в периодической таблице химических элементов, где элементы расположены в порядке возрастания их атомного номера. Это позволяет увидеть закономерности в химических свойствах элементов и предсказывать их химическое поведение на основе их положения в таблице. Частота может быть использована для описания колебательных движений атомов в молекулах. Таким образом, как в музыке и, так и в химии, частота и периодичность играют ключевую роль в определении характеристик звуков и свойств элементов. В химии периодичность элементов в таблице Менделеева также связана с их химическими свойствами. **Хор таблицы Менделеева:** американский ученый преобразовал химические элементы в звуки: Вы можете быть самым одиноким человеком на свете, но музыка все равно всегда будет рядом. **Американский ученый Уокер Смит** (ученый-химик, исследователь из Индианского университета) поставил необычный

эксперимент: он заставил химические элементы, включая даже кислород, зазвучать. Когда вещества находятся под напряжением, они излучают свет, состоящий из волн различных цветов. Например, литий горит малиновым, а селен -голубым. **Уокер Смит** нашел массу сходств между электромагнитными и звуковыми колебаниями: как минимум фиолетовый оказался в два раза выше красного по частоте. Этот нюанс помог ученому преобразовать световую энергию в звуки так, чтобы человеческий слух смог распознать получившиеся ноты. **Специалист** придумал специальный компьютерный код, который превращал свет от каждого элемента в определенные звуки. По словам ученого, некоторые получившиеся ноты напоминали ему жутковатый фоновый шум из хорроров.

Но больше всего Смита удивил цинк, который был похож на «ангельский хор, исполняющий мажорный аккорд вибрато». Сейчас в планах Смита- придумать интерактивную музыкальную периодическую таблицу. Видимо, совсем скоро в учебниках по химии можно будет увидеть не только правила окислительно-восстановительных реакций, но и ноктюрны Шопена.

Ритм и кинетика химических реакций: Ритм в музыке определяется скоростью изменения звуковых событий. В химии кинетика реакций описывает скорость изменения концентрации реагентов и продуктов во время химической реакции. Можно привести примеры ритмичных музыкальных композиций и связать их с химическими процессами, происходящими с разной скоростью.

Структура: как в музыке, так и в химии, структура имеет важную роль. В музыке это относится к организации мелодии и гармонии, а в химии - к организации атомов и молекул в соединениях.

Эмоции: как музыка, так и химия могут вызывать эмоциональные реакции. Музыка может вызывать радость, грусть, волнение и т.д., а химические вещества могут вызывать физиологические и эмоциональные изменения.

Демонстрация химических опытов (15-20 минут)

Химические опыты, которые можно связать с музыкой. Реакция, сопровождающаяся звуковым эффектом и изменением цвета.

Химическая ода: (реакция между уксусной кислотой и натрием): Уравнение реакции: $\text{CH}_3\text{COOH} + \text{Na} = \text{CH}_3\text{COONa} + \text{H}_2$.

При смешивании уксусной кислоты с натрием происходит выделение водорода, который можно услышать, как плавное шипение, похожее на звук музыки.

Химический танец (реакция между пероксидом водорода и калием): Уравнение реакции: $2\text{H}_2\text{O}_2 + 2\text{K} = 2\text{KOH} + \text{O}_2 + \text{H}_2$.

При смешивании пероксида водорода с калием происходит выделение кислорода и водорода, создавая звуковой эффект, напоминающий танец молекул.

Химический ритм: (реакция между алюминием и кислородом): Уравнение реакции: $4\text{Al} + 3\text{O}_2 = 2\text{Al}_2\text{O}_3$.

При сжигании алюминия в кислороде происходит яркое свечение и выделение энергии, что можно ассоциировать с ритмичным звуком музыки.

Химический оркестр: можно использовать различные химические реакции, такие как реакция между уксусом и гидрокарбонатом натрия (сода), чтобы создать звуковые эффекты. (Реакция соды и уксуса в бутылке для создания звука, похожего на шипение). Различные химические реакции могут производить звуки разной высоты и громкости, что позволит создать своеобразный «химический оркестр».

Синтез звуков: можно провести опыт с газообразными реакциями, чтобы создать звуковые эффекты, или использовать химические соединения, которые меняют свою структуру под воздействием температуры или других факторов, чтобы создать звуковые изменения.

Световая музыка: можно провести опыты с химическими соединениями, которые светятся или излучают свет под воздействием различных факторов. Это может быть связано с музыкой, создавая визуальные эффекты, соответствующие звукам.

Практическое задание (15-20 минут).

Реакции, визуализируемые через изменение цвета: Некоторые химические реакции сопровождаются изменением цвета. Например, реакция между перманганатом калия и глицерином вызывает яркое фиолетовое пламя. Эти изменения цвета можно использовать для сопоставления с различными тональностями и настроениями в музыке.

Использование химических реакций для создания звуковых эффектов:

Некоторые химические реакции сопровождаются звуковыми эффектами. Например, при реакции между уксусной кислотой и гидроксидом натрия выделяется углекислый газ с шипением. Этот звук можно использовать в музыкальном контексте как уникальный звуковой эффект.



В результате этой реакции уксусная кислота реагирует с гидрокарбонатом натрия, образуя ацетат натрия, углекислый газ, воду, а также карбонат натрия.



«Музыка тыңдау» оқу курсына басталған «Музыка әдебиеті» оқу пәні оқу үдерісін жалғастырады. Аталған пән сонымен қатар «Сольфеджио», «Музыкалық орындаушылық» пәндерімен тығыз байланыста. Алған теориялық білімдері мен есту қабілетін дамыту оқушыларға музыкалық тілді саналы түрде қабылдауы үйретіледі. Сондай-ақ олар бейтаныс музыкалық шығармаларды талдау дағдыларын дамытады және музыка өнеріндегі негізгі бағыттар мен стильдер туралы білім алады. Бұл олардың алған білімдерін орындаушылық қызметте қолдануға мүмкіндік береді. [3]

«Музыкалық әдебиет» сабақтарында оқушылардың музыкалық ойлауы, музыкалық шығармаларды қабылдау және талдау дағдылары қалыптасады, музыкалық форманың заңдылықтары, музыкалық тілдің ерекшеліктері, музыкалық құралдары туралы білімді меңгереді. Пәннің мазмұнына музыка тарихының зерттеуі, сондай-ақ дүниежүзілік тарихы, бейнелеу өнері мен әдебиет тарихы кіреді. «Музыкалық әдебиет» сабақтары оқушылардың

музыкалық өнер саласындағы ой-өрісін қалыптастыруға және кеңейтуге, музыкалық талғамын арттыруға, музыкаға деген сүйіспеншілігін оятуға ықпал етеді. Музыкалық әдебиетте композиторлардың шығармалары зерттеліп қана қоймай, олардың өмірбаянымен музыка өнеріне қосқан үлесімен танысу орын алады.

Музыкалық шығармашылық- мәдениеттің ең кең тараған саласы және адамдар үшін қажет өнер. Белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігін және мәдени өмірінің жан-жақтылығын бейнелеу қабілеті сөздік мәтіннің болуымен түсіндіріледі, оның көмегімен тыңдаушы оны барынша жарқын және түрлі-түсті түрде береді.[3]

Ағылшын тілінде қазақ музыкалық әдебиетімен танысу оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді, оларды әртүрлі мәдениеттерді түсінуге және бағалауға үйретеді. Музыкалық әдебиет пен ағылшын тілін кәсіптік білім беруде кіріктіру мәселесі өте өзекті болып отыр. Ол оқушылардың мәдени түсінігін, тілдік дағдыларын және пәнаралық білімдерін байытып, Қазақстанның бірегей мұрасын сақтай отырып, жаһандану әлемінде табысқа жетуге жетелейді.

Сан алуан және жарқын мәдени мұрасы бар Қазақстанның ғасырлар бойы жаңғырған бай музыкалық мұрасы бар. Осы мұраға елеулі үлес қосқан ұлы тұлғалардың қатарында қазақ халқының жанға жайлы әуендері мен толғандыратын ырғақтары өз шығармаларында жалғасын тауып келе жатқан композитор Ахмет Жұбанов бар. А.Жұбанов шығармалары арқылы қазақтың музыкалық дәстүрлерінің болмысын сақтап қана қоймай, оны жаңа заманға жеткізіп, болашақ ұрпақтың мәдени тамырымен сабақтастығын қамтамасыз етті.

Ахмет Жұбановтың шығармалары көшпелі өмірдің мәнін, даланың сұлулығын және тұрғындарының терең тәжірибелерін көрсететін қазақ мәдениетінің өткір шежіресі болып табылады. Оның мәңгілік «Абай» операсы мен «Қорқыт» симфониясы сияқты шығармалары қазақ елінің тарихы мен фольклорының тереңіне үңіліп, ұлттың болмысын танытады.

А.Жұбановтың шығармалары көшпелі өмірдің мәнін, даланың сұлулығын және тұрғындарының терең тәжірибелерін көрсететін қазақ мәдениетінің өткір шежіресі болып табылады. Жұбанов қазақтың әуендерін батыстық музыкалық формаларымен үйлестіре отырып, қазақ музыкасының байлығын танытып қана қоймай, оның болмысын сақтай отырып, дамып, бейімделу қабілетін танытты. Оның мәңгілік «Абай» операсы мен «Қорқыт» симфониясы сияқты шығармалары қазақ тарихы мен фольклорының тереңіне үңіліп, ұлттың болмысын танытады.

Опера ақын Абай Құнанбаевтың өмірінің драмалық оқиғасы негізінде жазылған. Абай Құнанбаев – қазақтың ұлы ақын-ағартушысы, өз елінің арман-мүддесінің шынайы өкілі. Қазақ әдеби тілінің жетілуіне, кемелденуіне Абай поэзиясының ықпалы зор болды. Абай халық тілінің барлық байлығын, сөздік қорын, грамматикасын шығармашылықпен пайдаланды. Тілді жат, барлық үстіртін нәрселерден түбегейлі тазартып, орыс көркем сөз өнері шеберлерінің үздік классикалық әдіс-тәсілдерін ұғындыра отырып, Абай қазақ көркем әдебиетінің үйлесімді, стильдік талғампаз тілің жасады. Абай поэзиясының тілі өзінің қарапайымдылығымен, айқындылығымен, үнділігі мен таң қалдырады. Бұл оның тартымды күші, бірақ сонымен бірге Абай поэзиясы әдемі сөздер мен төл сөз тіркестерінің жиынтығы ғана емес, ол терең әлеуметтік мазмұнға толы. Абай Құнанбаев халқына ғана емес, бүкіл әлемге мол мұра, мәңгі поэзиясын қалдырды. Абай білмегенді білген адамнан үйренуге болады және үйрену керек деп айтқан. Адам белгілі бір уақыт өткен сайын байқамай өсіп отыратыны сияқты, адамның білімі де солай өсіп, жетіліп отырады. Қоғамның қарқын өсіп келе жатқан біліміне ілесу үшін оқып, біліміңізді толықтырып отыру керек.[4]

Музыкалық шығарманың әуені мен халық ән мұрасымен тығыз байланысы шығарманың табысты болуын қамтамасыз етті. Абайдың «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып» әндері қойылымда сәтті көрсетілді. Абай бейнесінің музыкалық шыны «Қай талқы», ариясы болды, онда ақын халық болашағының үмітін жырлайды. Айдардың партиясына «Айттым саған Қаламқас», «Ұзын қайың» әндері кірді. [5]

Ахмет Жұбанов шығармаларының ең бір назар аударарлық тұсы- қазақтың дәстүрлі музыкалық түрлерін батыстық классикалық техникамен үйлестіре білуінде. Бұл біріктіру қазақ музыкасының кеңейтіп қана қоймай, оны әлемдік аудиторияға танытты.

А.Жұбанов аты аңызға айналған домбырашы, ойшыл Қорқыт атаның шабытымен жазылған «Қорқыт» сияқты шығармаларында домбыраның елең еткізетін әуендерін симфониялық оркестрдің ұлылығымен үйлестірді. Шығыс пен Батыстың, көне мен қазіргі заманның синтезі Қазақстан шекарасынан тыс жерлерде де тыңдармандардың жүректерінде орын тапты. [5]

Ахмет Жұбанов шығармаларының танымалдылығы арқылы қазақ мәдениеті мен болмысына деген мақтаныш сезімін оятты. Жұбановтың шығармалары тек музыкалық қасиетімен ғана емес, сонымен бірге олардың баяндайтын оқиғалары, тудыратын эмоциялары және Қазақстанның өткенімен байланысы үшін де бағаланады.

Біздің музыка мектептің оқушылары үшін Ахмет Жұбанов шығармашылығын зерттеу жай ғана академиялық ізденіс емес, қазақ мәдениетінің жүрегіне саяхат, даланың ырғағын, көне жыр әуендерін, ғасырлар бойына аман-есен өтіп, салтанат құрған халықтың рухын түсінудің жолы.

Оқушыларға қазақтың музыкалық дәстүрін, тарихын, мәдени құндылықтарын үйретуде Ахмет Жұбановтың шығармаларын пайдаланудың маңызы зор. Оның шығармаларын оқу арқылы оқушылар қазақ музыкасының қыр-сырын, оның күрделі ырғақтары терең түсіне алады.

Сондай-ақ Жұбанов шығармаларының музыкалық білім беру саласына кіріктіруі болашақ музыканттар мен композиторлар қазақтың музыкалық мұрасының алауын алып жүруін қамтамасыз етеді. Олар әрі қарай да Жұбанов салған іргетасқа сүйене отырып, қазақ халқының дамып келе жатқан мәдениетін көрсететін жаңа туындылар жазады.

Ахмет Жұбановтың вокалдық шығармалары да ерекше. «Қарлығаш», «Ақ көгершін», «Ұмытпа», «Ақ Шолпан» халықтың сүйікті әндері өздерінің қарапайымдылығымен, шынайылығымен, ұлттық ерекше әуезділігімен баурап алады.[2]

Музыка оқушылардың эмоцияларына әсер етудің ең тиімді әдістерінің бірі, өйткені олар ән айтуды оқу үдерісі ретінде емес, ойын немесе релаксация ретінде қабылдайды. Мұндай әрекеттер сабақтың ахуалын толығымен өзгертіп қана қоймайды, сонымен қатар жаңа сөздер мен сөз тіркестерін бейсаналық есте сақтауға ықпал етеді.

Ағылшын тілінің әрбір сабағында ән айту керек, сонымен қатар оны аударып, әннің не туралы екенін талқылау керек. Сонымен қатар, музыканың сүйемелдеуімен лексиканы байқамай қайталау ұзақ мерзімді жадының қалыптасуына тамаша әсер етеді. Мұғалім мен оқушының сыныпта құрған жағымды ахуалының арқасында оқу үрдісі тілдік тұрғыдан тәрбиелі де нәтижелі болады.

Әндердің түпкі мәні – әндерді өз өмірлік тәжірибелерің негізінде өз ойларын айту үшін оқу құралы ретінде пайдалану. Дегенмен олар тыңдау немесе ән айту мен тілді қарым-қатынас жасау ретінде қолдану арасындағы алшақтықты жою үшін шығармашылықпен қолданылса, одан да құнды болуы мүмкін. Сондай-ақ ән арқылы оқушылардың музыканы тыңдау дағдысын дамиды, өнерге деген қызығушылықтарын оятады, сонымен қатар ағылшын тілінің айтылуын жетілдіреді, ұжымды біріктіруге, оқушыларға эстетикалық тәрбие беруге, ағылшын тіліне деген сүйіспеншілікті оятуға, олардың көңіл-күйін көтеруге де көмектеседі.

Әндер монологтық және диалогтық сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға ынталандырады, оқушылардың сөйлеу-ойлау белсенділігін дамытуға негіз болады және дайын және дайын емес сөйлеудің дамуына ықпал етеді. Мысалы, әннің сюжеті бойынша әңгіме құрастыру. Сабақ ортасында немесе соңында оқушылар шаршаған кезде және шиеленісті жеңілдететін және олардың сабақтағы белсенділігін қалпына келтіретін релаксация түрі ретінде қолданылады. Әнмен жұмыс оқушылардың ақыл-ой әрекетін белсендіреді, оқытылатын тіл елдерінің мәдениетіне қызығушылықтарын дамытады,

көркемдік талғамын қалыптастырады, ой-өрісін кеңейтеді, тіл туралы білімдерін тереңдетеді, сөздерді есте сақтауын қамтиды.

Ахмет Жұбановтың шығармалары қазақтың музыкалық мұрасының айнымас құдіреттілігінің айғағы. Жұбанов өз шығармаларымен қазақ мәдениетінің болмысын сақтап, салт-дәстүрді байланыстырды, мәдени мақтанш сезімін оятты, болашақ ұрпақты тәрбиеледі, Қазақстанның әлемдік аренадағы мәдени дипломатиясына үлес қосты.

Ағылшын тілі сабағында қазақ музыкасын оқу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың күшті әдісі бола алады. Бұл пәнаралық әдіс тілдік дағдыларды жетілдіріп қана қоймайды, сонымен қатар мәдени түсінік береді және шығармашылықты дамытады.

Өнерде жоғары дәрежеде болуға ұмтылатын оқушылар үшін бұл интеграция практикалық білім мен шабыт береді. Тілдік оқу бағдарламасына музыка теориясы тақырыптарын кіріктіру оқуды қызықты әрі тартымды ете отырып, оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға ынталандырады. Оқушылар музыка, жазу және сөйлеу дағдылары арқылы шығармашылық қабілеттерін аша алады, білім алу тәжірибесін байытады.

Музыкалық білім әр адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Музыка оқушылардың стандартты емес ойлауын, дүниені шығармашылықпен қабылдау және бейнелеу қабілетін дамытады, шабыттандырады, адамгершілік таңдау жасауға көмектеседі. Бұл өнер түрінің керемет әсер ету күші бар: музыка адамның сезімін оятып, үлгі-өнеге жасайды. Музыкалық әдебиет тақырыптарымен ағылшын тілі сабағында жұмыс істеудің әдіс-тәсілдері оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландыруға және өз пәніне деген қызығушылықты оятуға көмектеседі. Мұғалім оқушыларды ойлауға және ойлау үдерісінен ләззат алуға үйретеді, олардың өнерге деген сүйіспеншілігін оятады, классиктердің шығармаларын тыңдауға және музыкамен кездесуге деген құштарлығын тудырады. сыныпта, сонымен қатар күнделікті өмірде. Қазіргі оқу үрдісінде жұмыстың дәстүрлі және инновациялық әдістері де қолданылады.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Яфорова, М.П. Применение технологии критического мышления на уроках английского языка как способ повышения мотивации/ М.П.Яфорова. Молодой ученый. 2017. №42, с 222-229.
2. Дереккөз: Областная газета Рудный Алтай <https://rudnyi-alyai7kz/besczennoe-nasledie-ahmeta-zhubanova>
3. Алиев, Ю.Б. Настольная книга школьного учителя-музыканта.- Москва: Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС.-2002.
4. Сауранбаев, Н. Роль Абая в развитии казахского литературного языка. Алма-ата, 1982. С 280-293
5. Казахская национальная энциклопедия.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2004.

ӘДЕБИЕТ ПЕН МУЗЫКА – ЕГІЗ ӨНЕР

Жырғаланова Н.Қ.

Республика Казахстан, г.Алматы

Мектеп жасындағы баланың жақсы мен жаманды, қуаныш пен қайғыны, мейірімділік пен зұлымдықты ажырата білуіне қарай оның әсемдікті сезінуі мен мінез-құлқы қалыптасады. «Жаратылыстың, һәм өнердің сұлу заттары адам жанында сұлулық сезімдерін оятады. Сондықтан баланың сұлулық сезімдері әртүрлі нәрседен оянымпаз болады. Біреудің музыкадан, сұлу суреттен, біреудің поэмадан. Тәрбиешінің міндеті балада өнердің қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, түр туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету», -

деп Ахмет Жұбанов айтқандай,[1,15б.] баланың эстетикалық мәдениетінің дамуы сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің ықпалына, шеберлігіне және тәрбие құралдарын тиімді қолдана білуіне байланысты. Сонымен қатар, оқушылар музыканы тындауға немесе әдебиетті оқуға ынталы болады. Сондықтан ұстаздар оқушыларға әдеби, музыкалық шығармаларды дұрыс түсінуге, ізденуге үйретіп, белсенділігін арттыруға бағыт бере білуі қажет.

Әдебиет пен музыка ғасырлар бойы бір-бірімен тығыз байланыста болып,екі өнердің арасындағы ажырамас байланысты қалыптастырды. Олардың екеуі де адамның көңіл-күй сезімін, айтайын деген ойын және оқиғаларын әр түлі жолмен жеткізеді.

Әдебиет бейнелер мен сезімдерді ояту үшін сөздерді пайдаланса, музыка көңіл-күйдің сезімін жасау үшін дыбыстар мен ырғақтарды пайдаланады.Олар бір-бірін толықтырып, өте күшті әсер береді. Әдебиеттегі қарқын баяндау жылдамдығымен, ал музыкада орындау жылдамдығымен анықталады. Әдебиеттегі үйлесімділікке сөздер мен бейнелердің тіркесімі арқылы қол жеткізіледі, ал музыкада ноталар мен аккордтардың тіркесімі арқылы қол жеткізіледі.

Әдебиет пен музыка бір-бірімен өте тығыз байланысты. Жазушылар өз шығармаларын жасау үшін музыкадан шабыт алса, ал композиторлар әдеби шығармаларға негізделген музыка шығарады. Әдебиет пен музыка көбінесе бірлескен қойылымдар жасау үшін біріктіріледі. Ол әртүрлі формада ұйымдастырылуы мүмкін, мысалы, музыкалық сүйемелдеумен поэзиялық оқулар, музыкалық қойылымдар мен театрландырылған қойылымдар немесе әдеби фестивальдер.

Әдебиетті қоғамның айнасы дейтін болсақ, музыка сол қоғамның ажырамас бөлігі деп айтуға болады. Музыка мен әдебиетті байланыстырушы – ол қоршаған орта. Кейіпкерлер жүйесі де, тақырып та, сюжет те шынайы өмірден бастау алады десек, музыканы әдебиеттен бөліп-жаруға болмайды.

Әдебиет пен музыканың өзіне тән бағыттары бола тұрса да, екеуін байланыстыратын ортақ қасиеттерді көреміз. Адам бойындағы қуану, қайғыру, шаттану, сағыну сияқты көңіл-күйді біз әдебиет пен музыкадан кездестіре аламыз.

Өнерді сүймейтін адам жоқ шығар. Оған: «Әр адамның сұлулық сезімдері әртүрлі нәрседен оянымпаз болады. Біреуі музыкадан, біреуі сұлу суреттен, енді біреудің поэзиядан әсер алуы мүмкін. Искусствоның әйтеуір бір түрінен ләззат алмайтын, біреуіне құмарланбайтын адам болмайды», - деген Мағжан Жұмабаевтың сөзі дәлел.

Әр халықтың ұлттық музыкасы бар. Қазақ халқының да ғасырлар бойы қалыптасқан тарихы, әдебиеті мен музыкасы бар. Соның ішінде ауыз әдебиеті үлгілерінен халықтың тұрмыс-салтын танып білеміз. Қазақ халқының көшпелі өмірі оның көркем шығармасы дамуына әртүрлі ықпал етті. Ауызша поэзияның, халық музыкасының, басқа да өнер түрлерінің дамып, қалыптасуында ауыз әдебиетінде ең көп тарағаны өлең еді. Өлеңнің адам өміріндегі маңызы туралы Абай атамыздың сөзімен жеткізуге болады:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кіреді денең.
Өмірдегі қызықтың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең»

Өлеңнің адам өмірімен бірге өтетіндігі туралы бұдан артық баға жоқ. Қазақ халқы баланы дүниеге келгенінен бастап әнмен, өлеңмен тәрбиелейтін болған.Ең алғашқы анасының әлдиі, бесік жыры айтылғаннан нәресте тәтті ұйқыға бөленеді. Оның әрбір сөзінде баланың болашағына деген ақ тілектер айтылып, баланың құлағына сіңіріледі. Бұдан басқа да ырымдар әнсіз, жырсыз, өлеңсіз өтпеген. Осындай сыртқы ортаның әсері баланың бойында әсемдік пен әдемілікке деген сезімді қалыптастырады.

Қазіргі қоғамда білім алушылардың адамзаттық көзқарасын дәйекті көзқарасының қалыптасуын тек білімге ғана негіздемей, ақыл-ой қызметінің қажет екенін де түсіну керек. Бұл жерде өнердің алатын орны ерекше. Біздің өнермен сусындаған ата-бабаларымыздың

музыка мен өнер әлеміндегі ірі тұлғалардың бай тәжірибесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуіміз қажет.

Қазіргі таңда білім беру саласында әртүрлі өзгерістер орын алуда. Бірақ негізгі мақсат жан-жақты дамыған білімді тұлғаны даярлау екені белгілі. Тәрбиелеудің бір құралы музыкалық өнер. Музыка өнері мен әдебиет өнері тек эстетикалық құрал ғана емес, біз осы арқылы ұлттық болмысымызды танытамыз. Әрбір сабақтың тәрбиелік мәніне назар аударуды ұмытпағанымыз жөн. Бұл мұғалімнен әдіс-тәсілдерді меңгерген заманауи маман болуды талап етеді.

Баланың шығармашылық қабілеті оқыту үдерісінде дамиды. Ол үшін уақытты тиімді шығармашылық бағытта ұйымдастыра білсе, оның өміріне әдемілік пен әсемдік шуағы төгіледі. Қазақ халқы құлақтан кіріп бойды алар әсем ән мен тәтті күйді жақсы көрген. Домбыра сөйлейді, қобыз жеткізеді, сыбызғы білдіреді деген сөз тіркестері бекерден бекер қолданылмаған. Сабақта білім алушылардың шығармашылық қабілетін шыңдауда мұғалім де шеберлігін дамытып, жаңаша әдіс-тәсілдерді игеріп, білімін жетілдіріп отырады.

Мұғалім оқушылардың әдебиет пәнінен алған білімдеріне көңіл аудара отырып, олардың әдебиет сабақтарында өткен халықтық және әдеби ертегілер, әңгімелер, прозалық, поэзиялық көркем шығармалардың тілдік ерекшеліктерінен, ырғағынан, ұйқасынан нені байқағандықтарын, алған әсерлері жөнінде сұрайды. Ал музыка сабақтарында әдебиет пәні бағдарламасы бойынша шығармаларды пайдалану және пәнаралық байланыс орнатады. Музыка сабақтары дыбыстар арқылы тыңдау, түсіндіру дағдыларын дамытса, әдебиет сабақтары оқу, жазу және сөйлеу дағдыларын дамытады. Музыка мен әдебиеттің байланысы күшті эмоцияларды тудыруы мүмкін. Сондай-ақ музыка сабақтарында оқушыларды әртүрлі музыкалық дәстүрлермен таныстырады, ал әдебиет сабақтары оларды әртүрлі әдеби жанрлар мен кезеңдермен таныстырады. Оқу бағдарламаларында жеке пәндердің оқу материалы басқа пәндердің тақырыптарымен байланысты болып келеді. Бұл сабақ барысында пәнаралық байланысты жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік береді. Бала өміріндегі әр сабақ қоршаған дүниені танудың бір көрінісі болып табылады. Осындай пәнаралық байланыстарды орнату барысында оқушылар әртүрлі өнер түрлерінің ерекшелігін байқап, ажырата біледі. Музыка балаға ырғақ пен әуен және көңіл-күйді беретін ұғымдарды түсінуге, ал әдебиет контекст пен интерпретация беру арқылы музыкалық шығармаларды тереңірек түсінуге көмектеседі. Музыка мен әдебиетті қатар үйренуде оқушыға әлемді біртұтас түсінуге мүмкіндік беріледі.

Музыка мен әдебиеттің байланысының ән жанрындағы бірлігі мен тұтастығы, бірін-бірі толықтырғанда ғана әннің мазмұны мен мағынасы тереңдеп, маңызы артатынын түсінген соң, мұғалім оқушылар назарын күрделі жанрларға аударып, музыка мен әдебиеттің, драмалық қойылымдар мен кино өнеріндегі байланыстарға тоқталады. Мысалы, опера жанрында музыка мен сөз бірдей қызмет атқаратынын дәлелдемелер арқылы оқушының өзі түсінуіне бағыт беріледі. «Ән тілін түсінген адамға ғана опера қызықты, сөзді емес, әнді ұғуға үйрену, машықтану қажет».[2,49 -б.] Музыкалық әуенді ұға алмаған адам, сөзі жазылған әндерді, романс, арияларды жақсы түсінеді. Сұрақ-жауап арқылы басқа да жанр түрлерінен мысалдар келтіруге болады. Операда музыка мен әдебиет тығыз байланыста болып, ажырамас бірлікте көрінеді. Ал драмалық спектакльдер мен киноларда музыка әдебиеттің көмекші құралы болып табылады. Осыдан музыка мен әдебиет көркемдік-образдық құралдар арқылы бір-бірін толықтыра түсетінін, адамдардың көңіл-күй сезімдерін көрсетуге өзара бірлікте қызмет ететіні арқылы музыка мен әдебиеттің ажырағысыз бірлігі мен байланысын көруге болады.

Жалпы музыка жайында ұлы адамдар оның үнінде адамның әрекеті мен сезіміне әсер беретін құдіретті күш жатқанын айтып кеткен. Қазақ халқы да музыканың құдіреттілігін «Тіл жеткізбегенді – үн жеткізеді», «Жақсы ән – жан азығы» деп жоғары бағалай білген. Шынымен де музыка адамның тілмен жеткізе алмаған ішкі сезімін бере алады. Ұлы ақын Абай да: «Құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» деп жырлаған. Музыканың осындай керемет қасиеті адамды әлемдегі барлық сұлулықты қабылдауына, оны құрметтей білуіне арналған сияқты.

Қазақтың бұрынғы көшпелі дәуірінде ауыл адамдары жиналып, ел мақтанышына айналған ақындар мен жыршыларды, әншілерді қонақ жасап, өнерін тамашалайтын болған. Сонымен қатар өнер адамдарын халық арасында еркелетіп Біржанды «сал», Ақанды «сері» деп атауының өзі де өнерді жоғары бағалағандығынан деуге болады. Ал ақын-жыраулар болса ел арасындағы қабілетті жастарды қастарына ертіп, үлкен өнер жолына баулып отырған. Халқымыздың ежелден келе жатқан өлең-жырлары, шешендік сөздері, ән-күйлерінің ел арасында кеңінен таралуы өнерге деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Халқымыз әнді, күйді тыңдап, бірден домбырамен айтып жүре беретін болған. Бұл жөнінде қазақ жеріне келген саяхатшылардың өзі «Әрбір екінші қазақ өлең шығарады, жыр жырлайды, өлең айтады», -деп танданған екен. Халық ауыз әдебиетінен бастау алған қазақ әдебиетінің бүгінгі күнгі дәстүрмен ұштасып жеткен бесік жыры, шілдехана, жар-жар, жоқтау өлеңдер, домбыра, қобызбен сүйемелдеп ән айту дәстүрі біздің ұлттық кодымызды айшықтаушы өнердің бір түрі. Осы құндылықтарымыздың ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілуінің өзі қазақ әдебиеті мен мәдениетінің мықты екенін көрсетеді.

Әр автор шығармасындағы кейіпкерлердің жүйесін, олардың тағдырын оқырманға ерекше қайталанбастай етіп жеткізуге тырысады. Өнер туындысының бәріне ортақ мазмұн-адамның ой, арманы, құштарлығы. Адам тағдыры – жазушы үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың тәсілі. Әдеби шығарма адамның бүкіл ой-қиялын, сыр мінезін түгел баурап алады. Ол қуанады, сүйінеді, таңданады, жылайды, күледі. Автордың ойын жеткізуде қара сөздің мәнін ашып, кейіпкердің бейнесін ашу мақсатында музыканы шығармаларына арқау етеді.

Ғабит Мүсіреповтың «Жапон балладасы» қарапайым халықтың жай-күйін, шерлі зарын көркемдеп жеткізген туынды. Соның ішінде арқаның әңгімесінде «Жапонның музыкасы да, әлемге таныс сурет өнері де өзінің жаратылыс табиғатынан көшіріп алғандай. Сондықтан болу керек, жапон баласы бір бұтаны сындырмайды, жапон көгалдарын адам аяғы таптамайды. Алдыңғы жағымнан жапонның мұңды бір музыкасы естілді. Абыройсыз соғысты басынан кешірген жапон бұл кезде ылғи мұңды музыка ойнайтын. Күн ыстық, музыка үні әлдекімнің ауласынан келеді». Осы шығармада автор аз сөзге көп ақпарат сыйғыза отырып, адам сезіміне әсер етуді мақсат етеді. Шығармадағы музыканың көркемдік қызметі тарихи оқиғаға қатысты қосымша әсер ретінде жұмсалып тұр. Музыка – халық қайғысымен қосылып, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтап қайғылы әуенін ойнауда. [3, 256-б.]

Осындай мысалдар арқылы шығарманың сюжеті мен композициясын ашуда музыканың көркемдік қызмет атқаратынын көруге болады. Әдебиет пен музыка бірін-бірі толықтырып, көркем образды терең түсінуге, автордың көңіл-күйін сезінуге көмектеседі. Музыканың адам жанын өзіне баурап алатын қасиеті бар. Музыка тілсіз тілді де сөйлете алады. Бұл туралы неміс композиторы Кривостов Глюк : «суретте бояудың орны қаншалықты маңызды болса, музыканың поэтикалық туындыдағы қызметі соншалықты маңызды», -деген пікір айтады. Ал оны өз туындысында ұтымды пайдалану автордың шеберлігін көрсетеді.

Сондай-ақ қай кезеңде өмір сүрген буынның болса да, сүйіп оқитын шығармалары – өлеңдер. Белгілі академик З. Қабдолов: өлең – еркін сөйленетін жай сөздер тіркесі емес, ырғағы мен ұйқасы белгілі қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынған нақысты сөздер тізбегі» деп тұжырым жасайды және бір тұста «...поэзия дейтініміз – өлеңді шығармалар» [4, 248-б.] деген ой айтады. Ендеше жүректегі сезімді оятқан өлең тегін өнер болмаса керек. Шындығында өлең сөз қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүр, батырлық өнеге сияқты көркем танымының көрінісі.

Олай болса, әдебиет пен музыка – адамзаттың әмбебап тілі. Екі өнер түрі құстың қос қанатындай биікке самғар қиял мен шындықты, қуаныш пен қайғыны, мұң мен дертті, сезім мен сұлулықты, әдеп пен мәдениетті және қоғамның әр алуан құбылыстарынан көрініс тапқан өнер өрнегі. Сөзді халық тудырса, оның жақсы үлгілерін кейінгі ұрпаққа тілінен балы тамған шешендер, ойы терең, ақылы дария билер, атақты әншілер мен ақын жыраулар жеткізген.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. – Алматы, 1969 ж.
2. Жұмалиев Қ. «Ахмет Жұбанов. Жазушы баспасы, Алматы, 1966., 49-б.
3. Мүсірепов. Ғ. Өмір жорығы: Әңгімелер. Алматы: Жазушы, 2003 ж-256б.
4. Қабдолов З.Қ. Сөз өнері: Оқулық – монография. –Алматы: санат баспасы, 1982 ж.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ И КВЕСТ - ТЕХНОЛОГИЙ В МУЗЫКАЛЬНО - ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Ткаченко Е.Г.

Елеусизова И.Ю.

Республика Казахстан, г. Караганда

В условиях современного учебного процесса, когда ученики хорошо владеют интерактивным пространством, возникает необходимость привлечения новых форм урока. Эти формы можно использовать на внеклассных мероприятиях. Они были разработаны на базе нашей школы-интернат в двух направлениях:

1. квест – технологии
2. игра «Музыкальный марафон»

Цель квест-игры - стимулирование интереса учеников к творческой и исследовательской деятельности; развитие форм внешкольной деятельности.

Задачи, которые ставили создатели квест-игры:

1. Одна из основных задач – максимальное вовлечение учеников в процесс обучения, активизация их знаний, умений, навыков. Использование меж предметных связей между дисциплинами-гармония, музыкальная литература, история искусств способствуют реализации этой задачи.

2. Образовательные задачи: выявить качество и уровень овладения знаниями и обобщить материал как систему знаний.

3. Воспитательные задачи: воспитывать общую культуру, эстетическое восприятие музыки учеников

- 4 Развивающие задачи: развивать коммуникативные навыки при работе в группах, логическое мышление, аналитические способности

Для реализации данных задач мы использовали творчески-поисковый метод, в результате которого учащиеся получают знания, навыки, умения. А также метод квест, как технологию интерактивного обучения.

Предполагаемые результаты мы видели в систематизации знаний по предметам музыкальная литература, гармония, в демонстрации навыков гармонического анализа, активизации коммуникативных навыков при работе в группах.

Были проведены два квеста: один онлайн-квест (во время пандемии) «В поисках загадочного аккорда». Опыт был успешен и продолжен в режиме очного обучения. Второй квест - «Путешествие по стилям».

Квесты прошли увлекательно, ребята проявили активность и продемонстрировали знания в области гармонии, музыкальной литературы, общую эрудицию.

В квесте принимали участие ученики 12х классов исполнительских отделений Специализированной музыкальной школы-интернат

Онлайн-квест «В поисках загадочного аккорда» был посвящен поиску аккорда - Шопеновская доминанта. Но первоначально, необходимо было определить самого композитора, чей аккорд ищут учащиеся. Для этого был дан ряд слайдов со скрытыми подсказками, которые должны были помочь назвать композитора. Кроме того, по пути,

определили стилевое направление творчества композитора, эпоху, в которой он жил, его современников.

Были предложены в звуковых файлах и нотных примерах произведения Шопена.



Задачи учеников: назвать произведение и определить аккорд.

Второй квест назывался «Путешествие по стилям».

По условию квеста учащиеся должны были поэтапно пройти задания, чтобы определить именные аккорды различных стилей и композиторов. Та команда, которая быстрее и точнее выполнила задание, побеждает.

Ученикам были предложены стили - советская эпоха (Прокофьевская доминанта), романтизм (Шубертов аккорд), эпоха барокко (Неаполитанский секстаккорд), символизм (Скрябиновский

аккорд с расщеплением тонов).

Чтобы отгадать стили, подсказкой служили фотографии городов, стран, портреты современников, знаменитые архитектурные сооружения, нотные примеры произведений, звуковые отрывки, поэтические произведения эпохи. Например:

Этот город - называли музыкальной столицей Европы. Здесь в разные времена творили музыканты различных музыкальных эпох. Мы попали в одну из них. Во-первых, какой это город? (Вена).


Теперь попробуем разобраться, кто проводит нас по этому городу и что за музыкальная эпоха, в которую мы попали?

Верхняя картинка указывает на одну из главных исторических причин возникновения этого стиля.

Что это за историческое событие? (Великая Французская революция) Вторая – картина художника, представителя этого направления. Фамилия? Название? (Делакруа. Свобода на баррикадах). А третья картина - намекает на одну из тем этого направления. Странник над морем тумана. Фридрих. Какая тема на ваш взгляд? (Тема странствия)

Ну а теперь кто же нас провожает?

Это поэт, чье творчество нашло



отражение в произведениях нашего музыканта. (Гете).

А этот композитор - современник нашего композитора, его кумир. Но они представители разных поколений и музыкальных направлений (Бетховен).

Наш провожатый прожил короткую жизнь, всего 31 год. И в его жизни был только один публичный официальный концерт. И тот прошёл тихо, без освещения в прессе, так как в это же время в Вене выступал вот этот музыкант, который собрал



в 807 раз больше денег за свои выступления. (Паганини).

Другой формой внеклассного мероприятия была игра «Музыкальный марафон». В ходе игры ребята разделились на две команды. Учащиеся соревновались друг с другом в умении быстро находить ответы на заданный вопрос, определять гармонические аккорды, отгадывать на слух элементы музыки (лады, интервалы).

Игра состояла из четырех туров. Первый тур был составлен из вопросов по всему курсу мировой музыкальной литературы н-р, **Кто?**

Кто сочинил более 600 песен - Шуберт; Кто сочинил симфонию с хоровым финалом - Бетховен; кто является создателем жанра инструментальной баллады - Шопен.

Где? Где И.С. Бах служил кантором - в Лейпциге; Где состоялась премьера оперы Моцарта «Свадьба Фигаро» - в Праге; где хранится сердце Шопена - в Варшаве.

Когда? Когда совершилась Великая французская революция - 1789 г.; Когда молодой Бетховен встретился с Моцартом? - 1788г; Когда Шопен покинул Польшу навсегда? - 1830г).

Во втором туре участники демонстрировали свои знания по предметам гармония и сольфеджио (н-р, сыграть или спеть от заданного звука падалянскую гамму. Назвать объединенные лады. Построить D7 с альтерацией. Из предложенных в нотном тексте аккордов, найти нонаккорд).

Третий тур - викторина, где звучали популярные произведения мировой музыки.

Четвертый тур - визуальное определение по портрету композиторов, деятелей культуры.

Такой нетрадиционный формат вызывает неподдельный интерес учеников к предметам музыкально-теоретического цикла. Ребята с удовольствием выполняют задания игры, проявляя свои профессиональные качества.

Итак, использование творческих форм работы в музыкальном образовании является одним из перспективных направлений современной педагогики. Творческие формы позволяют включить в процесс обучения ученика, мотивировать его к творческой деятельности. Использование интегрированного метода (литература, искусство, гармония) способствует расширению кругозора, эстетического восприятия музыки, воспитание общей культуры ученика.

Творческие методы в музыкальном образовании хорошо сочетаются с общими методами обучения, обеспечивая воспитание активной творческой личности, наделенной исследовательскими, коммуникативными качествами.

Литература и источники:

1. Болиева Г. «Роль инноваций в современной системе образования Казахстана» / Молодой ученый №17. – 2022.
2. Дмитриева Ю., Васина О. «Квест, как современная технология в образовании и воспитании». - М., 2007.
3. Зацепина Е. «Использование элементов игры в процессе обучения». – 2020.
4. Чмир Р., Федулова Ю., Николашин В. «Использование квест-технологий в образовательной деятельности в высших и средних образовательных учреждений/ Сб. «Наука об образовании». – 2016.

МУЗЫКАЛЫҚ-КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Рузденова А.Б.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

XX және XXI ғасырлар тоғысында ақпараттық технологиялардың және электронды музыкалық аспаптардың (қарапайым синтезатордан бастап, қуатты музыкалық компьютерлерге дейін) жылдам дамуына байланысты музыкалық педагогикада және музыкалық шығармашылықта жаңа бағыт пайда болды. Музыкалық аспаптарда ойнау өнеріндегі ғасырлар бойы жиналған тәжірибе электрондық музыкалық ақпараттық технологиялар аспаптарда көрініс тапқан [1].

Компьютер пайда болғаннан бері музыкалық білім беру жаңа негізде өркендеуге мүмкіндік алды. Бүгінгі күнде әуенді шығара алатын, оны гармониялайтын, аспаптайтын немесе музыкалық шығарманы өңдейтін көптеген компьютерлік бағдарламалар бар [2,3].

Компьютерлік бағдарламалар оқу тапсырмаларын орындау барысында қолданатын, шығармашылық ізденістер мен музыкалық мүмкіндіктерді қолдана білу құралы болып отыр [4].

Музыкалық-компьютерлік технологиялар музыкалық өнімді: техникалық ойнатуда, нота жазуда, дыбыс жазу құралдарында, дыбыс шығару құралдарының сапалы мүмкіндіктерінде, театралды-концертті қызметте, дыбыстық безендіруде және музыка таратуда жаңа деңгейге шығарады.

Бүгінгі таңда музыкалық компьютерлік технологиялар музыкалық оқытудың мынадай негізгі бағыттарына сәйкес жасалады: музыкантты көркемдік ойлауға баулу; тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру; музыкалық қабілетін дамыту; шығармашылығы; негізгі терминдер ұғымын оқыту; теориялық білім беретін бағдарламалар - бұлар оқушылардың музыкалық шығармалардың құрылу ережелері мен заңдылықтарын, негізгі теориялық ұғымдарды меңгеруге бағытталған [5,6].

Компьютерлік оқыту бағдарламаларының төмендегідей түрлері бар:

1. *Электрондық оқулық* көптеген музыкалық терминдерді, музыкалық сауаттылықтың элементтерін және музыка теорияларын түсіндіретін, ноталар мен аккордтарды анықтайтын тест тапсырмалары, т.б. қамтитын ойын және бөлімдерінен тұрады. Дегенмен де, бағдарлама оқушымен педагогикалық диалог орнату керек, яғни баға беруі және кері байланыстың болуы шарт.

2. *Электронды музыкалық энциклопедия*. Көптеген музыкалық пәндер үшін компьютер библиографиялық және энциклопедиялық мәліметтердің құнды көзі болып табылады. Иллюстративті материалды анағұрлым көрнекі етіп көрсететін компьютерлік презентацияланған жобалық тапсырмалар кеңінен таралған.

3. *Кітапхананың ақпараттық-ізвестіру жүйесі*. Түрлі музыкалық шығармалар - бұл кітап, энциклопедия, MIDI-файл түріндегі музыкалық шығармалар жиынтығынан, композиторлар мен музыканттардың қысқаша өмірбаяндары, берілген тапсырмаға сәйкес қысқаша сұрақ-жауаптан тұратын шағын көркемделген анықтамалар болуы мүмкін.

4. *Білімді бақылау компьютерлік бағдарламалар*. Мамандықтарына сәйкес дағды және білім беретін бағдарламалар - қандайда бір музыкалық аспапты (фортепиано немесе синтезаторды, гитараны) меңгеруді қамтамасыз етеді, әрине, тек белгілі бір деңгейге дейін ғана; шығармашылық қабілеттілігін арттырады.

Музыкалық қабілеттерін дамытатын лекциялар, жаттығулар және ойындардан тұрады. Музыкалық-компьютерлік технологиялар инновациялық мәдени шығармашылық білім беру ортасы мыналарда қамтиды:

- аппараттық (дыбыстық карталар және интерфейстер, жеке компьютер, ноутбук немесе мобильді құрылғылар, микрофондар, минибақылаушылар, дыбыстық үлгілер, электрондық музыкалық аспаптар және т.б.);

- бағдарламалық (дыбыстық редакторлар, дыбыстық және музыкалық материалдармен барлық негізгі функциялар жұмысын біріктіретін толық функциялды бағдарлама-секвенсорлар, ноталық редакторлар, автоөңдеушілер, дыбыстық әсер плагиндері, виртуалды синтезаторлар, виртуалды кітапхана үлгілері және т.б.);

- әдістемелік (музыкалық сауаттылықты дамыту бойынша бағдарламалар мен әдістемелік нұсқаулықтар, музыканы ойнату қабілеті мен дағдылары, соның ішінде инклюзивті оқыту; дыбыстық режиссурада МКТ көмегімен жазбалар, ақпарат, игеруді оқыту әдістері).

Қазіргі заманғы мәдениетті технологиялық жабдықтау білім беру технологиялары бойынша іске асырылады: логикалық-құрылымдық, ойын, компьютерлік, диалогтік, тренингтік, дамыту және т.б. Постиндустриалды қоғамдағы білім беру, әлеуметтік-мәдени динамикасының іргелі факторы болып табылады. Музыкалық компьютерлік технология және оны білім беру жүйесінде қолдану, пән аясындағы білім беруді, оқытушы біліктілігі мен шеберлігін алмастырмайды, бірақ пәнді меңгеруге кең мүмкіндіктер ашып, оқушылардың (оқушы, студент, біліктілікті жоғарылату курсының тыңдарманы т.б.) танымдық және шығармашылық қызметіне белсендіріп ынталандырады [7,8].

Музыкалық оқыту тәжірибесінде зерттелген технологиялар жеке дара қолданылмайды, олар өзара толықтырушы және өзара түзету механизмдері ретінде қолданылады. Заманауи мәдениетте оқыту технологиялары мақсат пен міндеттерді қоюды, теориялық және тәжірибелік материалдарды таңдауды, оқыту әдістерін, сабақты өткізудің түрлерін таңдауды, оқытудың техникалық құралдарын таңдауды және т.б. ұсынады.

Музыкалық-компьютерлік технологияларды тәжірибеде кешенді пайдалануды меңгеру шығармашылық, түрлі музыкалық жанрлардағы классикалық мұраларды, сондай-ақ, классикалық шығармалардың танымал өңделген үлгілерін белсенді түрде оқуға және түсінуге бағытталған. Компьютерлік технологияларды қолданғаны үшін ғана өңдеу процесін жоққа шығаруға, оның дарын, талпыныс, төзімділік және музыкалық материалмен жұмыс жасаудағы дәлдігі сияқты жеке шығармашылық қабілеттерін жете бағаламауға болмайды.

Орындаушы-музыканттардың кәсіби біліктілігін, білімін қалыптастыруға септігін тигізетін келесі құралдарды анықтайық:

1. "Компьютерлік технологиялардағы нотография", "Әуезге қатысты музыканы таңдау", "Компьютерлік музыка бағдарламалары", "Заманауи аранжировкалау негіздері", "Электронды музыка және электрондық аспаптар", - пәндерін оқыту барысында компьютермен жұмыс жасау техникамен жұмыс жасау білімін қалыптастырады;

2. "Аспаптау", "Электронды пернелі аспаптар", "Әуезге қатысты музыканы таңдау", "Заманауи аранжировкалау негіздері", - пәндерін оқыту барысында синтезатормен жұмыс жасау шығармалардың музыкалық стилистикасының жанрлары мен түрлерін анықтай алуға, синтезаторда ойнау дағдысын қалыптастыруға, музыкалық бағдарламалармен жұмыс жасауға көмектеседі; тесттер, сауалнамалар, тәжірибелік музыкалық тапсырмалар - барлық оқытылатын пәндерге қатысты нәтижені саралауға мүмкіндік береді.

Музыкадағы компьютерлік технологияларды дамыту бүгінгі таңда актуальды және қажетті болып отыр. Ақпараттық компьютерлік технологияларды білікті және жүйелі түрде қолдану оқушыларға, оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге уақытты тиімді пайдалануға, шығармашылық потенциалын толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Музыкалы-компьютерлік технологияларды қолдану қазіргі заманғы мәдениет пен білім берудің инновациялық құбылысы болып табылады. Білім беру жүйесінде компьютерлік технологияларды пайдалану оқытушының рөлін ауыстыра алмайды, бірақ шығармашылық және білім беру процесінің тиімділігін арттыруға септігін тигізеді анық. Музыкалы-компьютерлік технологияларды пайдаланатын музыканттың еңбегі анағұрлым жемісті бола түсті, оған себеп: түрлі музыкалық әрекеттер автоматтандырыла бастады, ал ноталық мәтін сандық сипат алуға.

Музыкалық білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқыту құралдарын, түрлерін және әдістерін таңдауға мүмкіндік береді, берілген тапсырмалардың

дұрыс шешімін таңдауға, оқу процесін жетілдірудің ұтымды жолдарын таңдауға, оқытудың дәстүрлі түрінде кездесетін қиындықтарды жеңуге ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, музыкалық оқыту тәжірибесінде зерттелген технологиялар жеке дара қолданылмайды, олар өзара толықтырушы және өзара түзету механизмдері ретінде қолданылады. Заманауи мәдениетте оқыту технологиялары мақсат пен міндеттерді қоюды, теориялық және тәжірибелік материалдарды таңдауды, оқыту әдістерін, сабақты өткізудің түрлерін таңдауды, оқытудың техникалық құралдарын таңдауды және т.б. ұсынады

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Бекенова Д.У., Мухатаева Ж.А. Информационные технологии в музыкальном образовании // Актуальные задачи педагогики : материалы III междунар. науч. конф (г. Чита, февраль 2013г). – Чита: Издательство Молодой ученый, 2013.
3. Горбунова И.Б. Музыкально-компьютерные технологии в системе современного музыкального воспитания и образования // Педагогика и психология, культура и искусство: материалы VII Межд. науч.-практ. конф. «Педагогика и психология, культура и искусство: проблемы общего и специального гуманитарного образования». 2013. С. 7–12.
4. Горбунова И.Б. Музыкально-компьютерные технологии в подготовке педагога-музыканта // Проблемы музыкальной науки. 2014. № 3(16). С. 5–11
5. Стражникова Т.И. Современные технологии обучения в музыкальном образовании, Научный журнал КубГАУ, №84(10),2010<http://ej.kubagro.ru/2012/10/pdf/56.pdf> УДК 37:001.12/.18
6. Беличенко В.В., Горбунова И.Б. Музыкально-компьютерные технологии в системе современного музыкального образования. Научно-технический вестник информационных технологий, механики и оптики. Выпуск № 2 (78) / 2012.
7. Романенко Л.Ю. Мультимедийная история как оригинальная форма повествования в современной культуре: музыкально-компьютерные и визуальные сетевые технологии / Л.Ю. Романенко // Научное мнение. –2014. – № 11. – С. 117-124. (0,66 п.л.).

БАЛАЛАР ХОРЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Адилова А.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Хор өнері – бірегей мәдениет. Бұл әртүрлі қоғамды өз әсерімен қамтуға қабілетті пәрменді және тиімді құрал. Көркемдік өнердің көптеген түрлері бар, олардың ішінде хор өнерінің орны ерекше.

Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттың бір дауыста (унисон) бірігіп, ән салуына қарамастан Қазақстан хормен ән айту, дирижерлау білім жүйесі жолға қойылды. Оның қалыптасуына орыстың вокалдық-хор мәдениеті үлкен ықпал етті [1, 12-б.].

XX ғасырдағы Қазақстандағы кәсіби музыканың дамуы, ең алдымен, тарихи-саяси оқиғаларға байланысты болды. Дәл осы уақытта республикадағы музыкалық мәдениет пен білім берудің іргетасы қаланды, композиторлардың шығармашылығы мен музыканттардың кәсіби орындаушылық қызметі үшін жағдай жасалды. Бұл кезеңде Қазақстанда музыкалық білім беру ұйымдарында, мәдениет үйлерінде, мектептерде хорлар ұйымдастырыла басталды. Әуесқой хорларда ән айту жалпыға қол жетімді болды және қазақ халқының қалың жігін классикаға айналдырды. Қазақстандық хор өнерінің дамуы Б.Байқадамов атындағы Қазақ мемлекеттік хор капелласының хоры сияқты ірі кәсіби ұжымдардың қызметімен байланысты.

Сонымен қатар Қазақстанда бастауыш және орта деңгейдегі музыка мамандарын даярлайтын 1944 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы

ашылып, хор кафедрасының оқытушылары музыкалық мектеп және колледж оқушылары үшін оқу жоспарлары мен бағдарламалары, оқыту әдістерін жасап Қазақстанның хор мәдениетінің дамуына үлес қосты. Соның нәтижесінде республикада жаңа музыкалық мектептер мен училищелер ашылып, мұнда хор дирижерлау бөлімдері құрылып, хорлар ұйымдастырылды. Бұлар уақыт өте келе дамып, жетіліп, жеке шығармашылық ұжым ретінде өздерін танытты. Бүгінгі таңда республикадағы хор өнеріне деген қызығушылығтар артуда бұған дәлел – балалар хор ұжымдарының құрылып, түрлі халқаралық, республикалық конкурстар мен фестивальдарда нәтижелі орындар алып, жұмыс жасап келеді атап айтқанда, Қазақ Ұлттық Өнер университетінің «Елигай» хоры (жетекшісі Г.Құттыбадамова), А.Тарақұлы атындағы өнер мектебінің хоры (жетекшісі Е.Ведерникова), «Елим-ай» жетекшісі №1 музыкалық мектептің «Көктем» хоры, А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыка мектебінде, «Ақ тілек» ер балалар хоры (жетекшісі Адилова А.У).

Қазіргі кезде осындай балалар хорымен жұмыс жасау кезінде, білімді, өнерлі жастарды тәрбиелеуде елімізде музыкалық мектептердің рөлі ерекше екенін атап өткен жөн. Осыған орай музыкалық білім беру саласында, оның ішінде балалар хорымен жұмыс жасауда инновациялық технологияларды қолдану мақаламыздың негізі болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында: «Білім беру формасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті [2].

Білім берудегі инновация деген ұғымға тоқталсақ, педагогикалық технологияларды жетілдіру процесі, оқыту әдістері, тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Қазіргі уақытта инновациялық педагогикалық қызмет біздің мектептердің білім беру қызметінің маңызды компоненттерінің бірі. осы инновациялық қызмет білім беру қызметтері нарығында қандай да бір мекеменің бәсекеге қабілеттілігін құру үшін негіз болып қана қоймай, сонымен қатар Педагогтің кәсіби өсу бағытын, оның шығармашылық ізденісін айқындайды, білім алушылардың тұлғалық өсуіне нақты ықпал етеді. Оқытудың инновациялық тәсілі білім беру мазмұнына, оқыту әдістеріне және оқыту сапасын бақылау түрлеріне қолданылады.

Технология сөзіне келетін болсақ, «технология – бұл белгіленген мақсат және кепілдік берілген нәтижеге жетудің экономикалық нәтижелі әрекеттер тізбегі. «Технология» сөзі латынша «Technos» – өнер, сала және «Logos» – пән деген мағынаны білдіреді. Ал, педагогикалық технология – оқушыны оқыту, оны сыни тұрғыдай ойлауға дағдыландыру, тәрбиелеу, жеке тұлғаны дамыту әрекеттерінің шешіміне қаратылған және белгілі бір тізбек негізінде іске асырылатын педагогикалық-психологиялық әдіс-тәсілдер жинағы. Педагогикалық технология – адамға алдынан белгіленген мақсат бойынша білімтәриелік жағынан әсер еткізу әрекеті. Бірақ, педагогикалық технология мен оқыту тәсілдері (методика)ның айырмашылығын білу керек. Оқыту әдістері (методика) – белгілі бір оқу пәнін оқыту және де тәрбиелік істер заңдылықтарын қолдануға бағытталған. Қазіргі таңда білім саласындағы педагогикалық технологияның даму тікелей хабар технологияларына байланысты» [3, 133-б.].

Қазіргі инновациялық технологиялар – білім сапасын арттырудың кепілі. Сондықтан қазіргі білім саласында оқытудың жаңа технологиясының кеңінен қолдануда. «Оқытудың технологиясы – бұл, бір жағынан, оқу-ақпаратын дайындау, өңдеу, әдіс-тәсілдерінің жиынтығы, екінші жағынан, ұстаздың шәкіртіне оқыту үрдісінде қажетті технологиялық және ақпараттандыру құралдарын пайдалана отырып ықпал ету тәсілдері.

Осыған орай жаңа экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларда Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында тұрған білім беру сапаларын арттыруға, стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған түбегейлік қайта өзгертулер педагогикалық үрдіске жаңа талаптар жүктейді. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі: «Білім беру жүйесін

ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын еңгізу, халқаралық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл міндеттерді шешу үшін, нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа жүйесіне көшу үшін әр мұғалім, жеке тұлға күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа ақпараттық технологияларға, әлуметтік, тұлғалық және жеке құзіреттіліктерге ие болуы тиіс. Бұл талаптар әдістемелік жұмыстың жүйелі түрде ұйымдастырылу негізінде жүзеге асырылады. [4, 20]

Жалпы оқу-тәрбие үрдісінде айтарлықтай нәтиже беріп жүрген инновациялық педагогикалық технологияларды айта кететін болсам төмендегідей:

дамыта отырып оқыту әдістемесі

- тірек және тірек конспектілер арқылы оқыту
- деңгейлеп оқыту технологиясы
- тесттік жүйемен оқыту
- иммитациялық әдіс
- мультимедия мүмкіндіктерін қолданып оқыту
- ойын технологияларын қолдану
- дискуссия сабақтары
- интеграциялықсабақ
- топпен жұмыс
- панорама сабағы
- проект әдісі (жоба)
- рольдік ойындар
- Лекция – семинар сабақтары
- Проблемалық оқыту дісі
- «Миғашабуыл» әдісі
- Бинарлы сабақ
- Экскурсия сабағы
- Ынтымақтастық технологиясы
- Жеке адамға бағдарлы
- Дөңгелек үстел
- Дебат сабақтары
- Саяхат сабақтары

Хормен ән айту дағдысы күрделі процесс екені белгілі, бұл білім алушылардан үлкен эмоционалды қызығушылықты, жинақталуды керек етеді, мінез бен білім беру әдістеменің кезектесуі сабақ барысында шаршау сезімін жеңуге ықпал етеді. Оқу үрдісінде хор қатысушыларының тұрақты қызығушылығын қолдау үшін ескі яғни дәстүрлі және жаңа және инновациялық байланысы нақты болуы тиіс.

Хор тәрбиесінің жаңартылған әдістемелері, өз әріптестерінің жинақталған алдыңғы тәжірибесі - кез келген материалды талдап, хормейстер өз тәжірибесінде пайдалана алады, жеке хор ұжымында вокалдық-хор дағдыларын дамыту процесіне енгізілуі мүмкін. Инновациялық тәрбие технологияларының көмегімен тәрбиелеу процесінде қандай нәтижеге қол жеткізуіміз керек екенін түсіну өте маңызды.

Хор орындауының үздік үлгілеріне сүйене отырып, біз оқытудың дәстүрлі және инновациялық тәсілін біріктіреміз, осылайша балаларға академиялық ән салудың үздік дәстүрлерін үйретіп, инновациялық білім беру технологияларын пайдалана отырып, оқыту сапасын арттыру мәселесін шеше аламыз. [5, 16]

Хормейстер репертуарды таңдау кезінде балалардың музыкалық-әншілік даму заңдылықтарын білуі және таңдап алынған репертуардың ықпалымен осы даму динамикасын болжай білуі керек; әр сабақ үшін музыкалық материалдың барлық жаңа «кешендерін» модельдей білуі керек, сонымен қатар оқу-тәрбие жоспарында заманауи музыкалық өмірдегі жаңа белестерге икемді әрекет етуі керек.

Мысалы, бүгінде көптеген балалар хор ұжымдарының жетекшілері кішкентай орындаушылармен жұмыс жасау барысында бірнеше кемшілікті айтады, жаңа жинақтарға кіретін заманауи авторлардың әндері, әдетте, орындау үшін интонациялық ыңғайсыз немесе мәтінді оқушылар нашар қабылдайды, сол үшін авторлар хор ұжымымен жұмыс істеу тәжірибесі жоқ болғандықтан, орындаушылармен немесе хормейстерлермен бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік туғызу керек, осылай шығармашылық, еркін импровизацияға, «қызықты» дербес театр-хор қойылымдарына айналдыра отырып, әзіл-сықақ, әзіл-ойын элементтерін қосу арқылы орындаушылардың сықақ, қиял, әртістік сезімдерін дамытары сөзсіз. «Ән айту ойындары-музыкалық концепцияларды үйретудің тамаша тәсілі, қозғалысты қосу және балаларға жалғыз және басқалармен ән айту мүмкіндігін беру. Олар ақпаратты жинау үшін өте қолайлы, мұзжарғыш немесе дайындық ортасында қарқынды жылдам өзгерту» [6].

Мен 8 жыл бойы А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыка мектебінде, «Ақ тілек» ер балалар хорымен жұмыс жасап келемін. Арнайы музыкалық мектептерде Д.Кабалевскийдің концепциясы бойынша дайындалған бағдарламаларға сүйене отырып оқытылса, кейін Д.Огороднов, В.В.Емельянов сияқты хормейстерлердің ұсынған жаңа әдістерін меңгеріліп қолданысқа енгізілді. [7, 9]

Однако основным источником информации для написания книги «Струны столетий» служили рассказы, перенятые напрямую из уст народа. По словам А. Жубанова: «...из этих далеко неполных, часто полуполюгендарных рассказов встают перед нами могучие образы народных музыкантов, пробившихся для великолепного цветения сквозь мрак и гнет общественного строя своего времени, образы, свидетельствующие о том, что народ и его искусство бессмертны». [15, 3].

Книга «Соловьи столетий» увидела свет в 1963 году. С казахского языка на русский она переведена писателем Г. Бельгером. Как и «Струны столетий» данный труд открывается введением, которое повествует о значении песенной культуры в жизни казахского народа. В пример приведены отрывки из различных статей о казахских народных музыкантах и их песнях, в которых говорится о многогранности и необыкновенной глубине этого жанра, а также отмечается исключительная любовь казахов к песне и музыкальный талант этого народа. По аналогии с книгой «Струны столетий», далее А. Жубанов повествует сначала о

старинных казахских народных песнях «Елім ай», «Амирхан», «Жылкышы», их сюжете и смысле, а затем переходит к описанию песенной традиции XIX и начала XX веков.

Повествуя о музыкальной жизни казахов в начале XX века, А. Жубанов пишет об открытии музыкальных кружков, театров, профессиональных музыкальных училищ. Также, он упоминает выступление и успех легендарного певца Амре Кашаубаева в Париже и во Франкфурте-на-Майне, указывая на расцвет духовной культуры казахов и глубокий профессионализм казахского музыкального искусства. Также, автор упоминает значение использования народной песни в музыкальных драмах и операх XX века, где песенный жанр вышел на новый уровень, преобразился и заиграл новыми красками. Таким образом, А. Жубанов дает небольшую характеристику началу развития казахской академической музыки, а в особенности песенному жанру и его развитию в это время.

Также, в данном введении, А. Жубанов дал оценку суждениям А. Затаевича об Абае и Жаяу Мусе, считая их не совсем верными и также отмечает значение и роль этих акынов в истории казахской музыки.

Так, А. Жубанов ввел в экскурс и подготовил читателя к основной части своего труда. В ней он отображает жизненный и творческий путь таких акынов как Биржан-сал, Ахан-сері, Мухит, Абай, Балуан-Шолак, Жаяу Муса, Мади, Ибрай, Култума, Сары, Майра, Естай, Асет, Нартай, Кенен, Амре, Кали, Косымжан, Темирбулат, Жусупбек, Куан, Манарбек, Гарифулла, Али. Нельзя не отметить объем данного труда А. Жубанова и количество очерков в данной книге. Автор охватил огромный пласт казахской песенной культуры, описав творчество и жизнь всех этих акынов. Однако, за основной частью книги «Соловьи столетий», следует еще и объемное приложение, где целью было рассказать о певцах и акынах, о жизненном пути которых известно значительно меньше, но по словам А. Жубанова: «которые достойны того, чтобы им посвящали не только куцые очерки, но и глубокие исследования и книги». [56, 3]. Название заключительной главы книги – «Несколько слов об источниках». Автор отмечает, что основным источником для написания данного труда служили устные предания и рассказы, воспоминания современников. «Десятки и сотни людей по крупницам собирали скудные сведения о любимых народом певцах и композиторах и щедро предоставили свой бесценный материал автору этой книги». [34, 1]. Среди этих людей Е.Бейболов, А.Затаевич, Х. Тлеубаев, акын Доскей, С. Муқанов, Ш. Каратаев, Х. Тастанов, А. Кетегенова, Б. Ерзакович, К. Есмагамбетов и многие другие.

Основываясь на данных сведениях о книгах «Струны столетий» и «Соловьи столетий», мы можем судить о монументальности этих трудов не только в контексте исследовательской деятельности самого А. Жубанова, но и в целом всего казахского музыковедения. Ахмет Жубанов в данных книгах затрагивает самые глубокие пласты казахского инструментального и песенного творчества. Однако, данные книги изначально не были определены как научно-исследовательские, так как их язык и стиль в оригинальной, казахской версии перевода не подразумевает музыковедческой направленности. Позже, в последствии перевода данных трудов на русский язык они приобрели иное значение. В казахском музыковедении, на момент выхода этих книг, практически не было сведений о народных композиторах. Поэтому труды «Струны столетий» и «Соловьи столетий» стали основой для дальнейшего глубокого изучения жизни и творчества, нотации и записей о кюйши и акынах.

В книге «Струны столетий» А.Жубанов описывает и рассказывает о кюях как с композиционной точки зрения, так и с раскрытием содержания. Он отмечает, как одно содержание проявляется по-разному в музыке кюйши аристократического происхождения и кюйши из простого народа. Эти различия можно заметить на примере сравнения музыки Курмангзы и Даулеткерей. Однако несмотря на это, А. Жубанов отмечает, что общим и объединяющим фактором для всех кюйши служило то, что кюй был самым основным и главным способом самовыражения. По словам музыковеда Б.Асафьева: «Музыкой в Казахстане не просто любят, как красивым национальным достоянием, уже музейным, в ней ощущают живой отклик на действительность, и эта музыка на наших глазах

перерождается, обогащая свой смысл. Это свидетельствует о безусловном росте народного музыкального сознания: музыка становится выразительницей мыслей и чувств народа». [67, 2]. Создавая книги «Струны столетий» и «Соловьи столетий», у А.Жубанова была цель показать, что именно благодаря музыке казахский народ в то время мог выражать свои чувства, мысли и переживания, и через нее происходил обмен внутреннего мира и внешнего. Во многом на это повлиял кочевой образ жизни казахского народа, так как сочинение песен и кюев было систематической деятельностью, которая была в какой-то мере обусловлена именно этим образом жизни. Устно-поэтическая традиция, привела к самовыражению через музыку, через кюи и песни. Но даже несмотря на отсутствие нотной грамотности в те времена, огромное количество музыкального материала дошло до наших дней, а вместе с ним и сведения о великих казахских народных музыкантах.

И именно Ахмет Жубанов был первым исследователем и композитором, который так глубоко изучил и оценил народное творческое наследие казахов. На протяжении всей жизни, Жубанов занимался активной научно-исследовательской деятельностью и творчеством. Книги «Струны столетий» и «Соловьи столетий», написанные уже ближе к концу его жизненного пути, являются как бы итогом и завершением всей его этнографической и исследовательской деятельности. Это два колоссальных труда, заключающие в себе весь объем того ценного материала, которым обладал А.Жубанов и собирал на протяжении всей жизни.

Музыковед Б. Ерзакович писал: «Ахмет Жубанов прозорливо озаглавил эти труды «Струны столетий» и «Соловьи столетий». Они действительно предназначены не только для нас, его современников, но и будут уникально значимы для многих последующих поколений. В них, как наяву, звучат голоса и струны народных певцов и музыкантов, они повествуют о деятельности самородков, огромном вкладе в золотой фонд национальной культуры казахского народа». [78, 1].

Безусловно, материал книг «Струны столетий» и «Соловьи столетий» актуален на все времена. Данные труды, в первую очередь, повлияли на развитие казахского музыковедения, но также они оказали непосредственное влияние на творчество самого А. Жубанова. Например, создание оперы «Курмангазы», которая в последствии была закончена Г.Жубановой, было во многом обусловлено многолетним изучением жизни и творчества кюйши Курмангазы. Книга «Струны столетий» явилась важной частью этого изучения, в которой А. Жубанов с особой глубиной исследовал и проанализировал кюи Курмангазы, что способствовало «более полному раскрытию заложенного в кюях напевно-мелодического и речитативно-декламационного начала, а также содержащихся в них симфонических качеств». Данные труды послужили основой для многих казахских композиторов в изучении этого материала в качестве создания инструментальных и вокальных произведений.

Также книги «Струны столетий» и «Соловьи столетий», а именно изучение А.Жубановым народных композиторов для написания этих трудов, отразилось на обогащении репертуара оркестра казахских народных инструментов имени Курмангазы, где А.Жубанов был создателем, главным дирижером и художественным руководителем. Его деятельность как музыковеда и этнографа была неразрывно связана с его организаторской и общественной работой. Это немаловажный фактор, указывающий на синтезированность и многогранность его деятельности.

А. Жубанов был первым исследователем-музыковедом, создавшим и придавшим научную значимость этому направлению казахской народной музыки. В дальнейшем процесс развития музыковедения и научно-исследовательской деятельности в области музыковедения стал активно развиваться благодаря началу, которое было положено А.Жубановым. Так появились работы известных музыковедов П.Аравина «Степные созвездия», «Великий кюйши Даулеткерей», М.Магауина «Кобыз и копьё», З.Джанузаковой «Казахская народная инструментальная музыка», З.Коспакова «Әнші тағдыры» («Певец народной жизни»), А. Темирбековой «Казахские народные песни», Т. Мергалиева «Домбыра сазы». Важной

частью казахского музыковедения являются работы, изданные на казахском языке – О. Байдилдаева, У. Бекенова, К. Жузбасова и этнографа, историка А. Сейдымбека.

Следовательно, плоды творчества и научно-исследовательской деятельности А.Жубанова являются первым музыковедческим трудом и авторитетным примером для широкого круга музыкантов и играют колоссальную роль в развитии казахской музыкальной культуры.

Литература и источники:

1. Асафьева Б. О казахской народной музыке// Сб. ст. «Музыкальная культура Казахстана», сост. Аравин П., Ерзакович Б. - Алма-Ата: Казгослитиздат, 1955. - 395 с.
2. Байдилдаев О. «Бессмертное наследие». - Алма-Ата: Жазушы, 1967. - 356 с.
3. Жубанов А. «Соловьи столетий». - Алма-Ата: Жазушы, 1967. - 409 с.
4. Жубанов А. «Струны столетий». - Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. - 395 с.

КОМПОЗИТОР А.ЖУБАНОВТЫҢ ХХІ ҒАСЫР ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫНДАҒЫ ВИОЛОНЧЕЛЬГЕ ӨНДЕЛГЕН ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жүсіп Нұржан

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясының 1-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Ғылыми жетекшісі: **Махмуд Д.Е.**

Қазіргі қазақстандық кәсіби музыканың негізін қалаушылардың бірі – Ахмет Қуанұлы Жұбанов. Оның қазақ мәдениеті үшін маңызы зор. Ол ұлттық музыка тарихында қазақ композиторы, Қазақ КСР Ұлттық Ғылым Академиясының музыка өнері бойынша тұңғыш академигі, өнер докторы, профессор, халық әртісі, күйші, органист, Құрманғазы атындағы Қазақ халық аспаптар оркестрінің тұңғыш дирижері ретінде қалды. Оның алғашқы рөлдерінің бірі, ұлттық музыкадағы орнын ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, өнер докторы, профессор Б.Г.Ерзакович ұсынды. Б.Г.Ерзаковичтің жұмысында музыканттың шығармашылық портреттері берілді, музыканттың шығармашылық қызметінің қырлары ұсынылды, оның музыкалық өнердің әртүрлі бағыттарындағы қызметінің рөлі мен маңызы анықталды: композитор, дирижер, бірегей музыкалық топтардың ұйымдастырушысы, іргелі музыкатану кітаптарының авторы ретінде.

А.Қ.Жұбанов – республикадағы «Музыкалық әліппесі», ғылыми зерттеулердің – «Қазақ халық композиторлары», «Ғасырлар пернесі» және «Замана бұлбұлдары» сияқты алғашқы оқу құралдарының авторы, Шоқан Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі ҚР сыйлығының; Халық музыкасы классикасы туралы «Құрманғазы» атты алғашқы іргелі еңбектің авторы екені белгілі. Ол Құрманғазы мен Дәулеткерейдің дәстүрлі «төкпе» домбыра мектебінің өкілдеріне екі күй жинағын бірінші болып шығарды. «А.Қ.Жұбанов Қазақ КСР Ғылым академиясы Президиумы жанындағы өнер секторының бірінші басшысы болды және оларды өмірінің соңына дейін басқарды» [1, 48].

Музыка тарихында А.Қ. Жұбанов бірінші кезекте әлемдік деңгейдегі «Абай» қазақстандық операсының, «Абай» сюитасының, М.Гнесинмен бірлесіп «Амангелді» көркем фильмінің, «Ақ Шолпан», «Қарлығаш», «Ақ көгершін» әндерінің, скрипка мен фортепианоға арналған «Ария», «Романс» және тағы да басқа шығармаларының авторы ретінде қалды.

А.Қ. Жұбанованың қойылымы қазіргі уақытта әртүрлі аспаптарға берілетін болады. Виолончельге арналған пьесалар «Ария», «Көктем», «Романс» және басқалары кіреді. Композитордың бұл шығармалары халық әні мен аспаптық әуеннің ұлттық құрылымын айқын көрсетеді.

Виолончель – бұл адам дауысының мәнерлілігіне жақындайтын әдемі және терең дыбыстарды шығаруға қабілетті аспап. Оның әуендері әртүрлі эмоцияларды тудыруы мүмкін, қайғыдан қуанышқа дейін, тыңдаушылардың жүрегін баурап алады. Виртуозды орындаушылар керемет эффектiлерге қол жеткізе алады, бұл виолончельді музыка әлеміндегі ең қызықты аспаптардың біріне айналдырады. Классикалық музыкада ғана емес, джазда, рокта және поп-музыкада виолончель өзінің таңғажайып шеберлігі мен әмбебаптығын ашады.

Соңғы жетпіс бес жылға назар аударып отырып, виолончель репертуары тек композицияларға ғана емес, аспаптың өзіне де әсер ететін түбегейлі өзгерістер мен өзгерістерге куә болды. Композицияның стильдері мен заңдары белгілі бір уақыт аралығында біртұтас музыкалық тілді қалыптастыра отырып, біртіндеп біріктірілген өткен дәуірлерден айырмашылығы, қазіргі дәуір көптеген жеке стильдермен сипатталады. Бұл орындаушыны ғана емес, тыңдаушыны да жаңа музыкалық тілдерді бірінен соң бірін тез сіңіруге мәжбүр етеді.

Виолончель өнері соңғы онжылдықтарда ерекше қиындықтарға тап болды. Орындаушы әр композиторға тән жеке нотацияны шешіп қана қоймай, сонымен қатар жаңа музыкалық шығарманы жүзеге асыру үшін қажетті техникалық әдістердің нақты жиынтығын игеруі керек. Бұл одан тек техникалық шеберлікті ғана емес, сонымен қатар музыкалық нотада толығымен берілмейтін ерекше музыкалық әлемді сенімді түрде елестету қабілетін талап етеді.

Сол қол техникасы күрделі хроматиканың, целотонның, микротонның және басқа қатарлардың, глиссандоның әртүрлі түрлерінің және қос ноталардың кеңейтілген техникасының (әдетте консонанс тудырмайтын) арқасында диатоникалық шеңберлердегі дәстүрлі тұрақты «позиция сезімінің» тұтқынынан босатылды. Вибрато техникасын оның экстремалды көріністерінде, соның ішінде кең ою-өрнекті вибрато-глиссандода қолдану туралы нұсқаулар дәстүрлі виолончельдік «діріл үнінің» дыбысын алмастырды: немесе тыныш үшін өте кішкентай вибрато және қатты фрагменттер үшін өте қарқынды үлкен немесе контраст немесе ерекше әсер ету үшін оның жоқтығын көрсету (*senza vibrato*). Сонымен қатар, пицца техникасының әдістерін кеңейтуді атап өтуге болмайды: әр түрлі ойын нүктелерінде, қажет болған жағдайда әр түрлі акустикалық эффектiлерді — қоңырауларды қолдана отырып; сондай-ақ, белгілі бір колористикалық әдістерге айналған скордатура мен флаголеттер.

Оң қол техникасы ХХ ғасыр композиторларының тесситуралық кеңеюге қойылатын ерекше талаптарының арқасында дамыды: бір садақтың астындағы ішектердің керемет тіркесімдері; тембрдің кеңеюіне: бұрын қолданылмаған садақтың ойын нүктелерінің лезде өзгеруі, сонымен қатар садақтың қысымы мен жүргізу жылдамдығының сипаттамалық емес тіркесімдері; динамиканың кеңеюіне - аспаптың экстремалды деңгейлерін қамтитын өткір немесе градуирленген динамикалық өзгеріс; сонымен қатар, арнайы жеке композиторлық талаптарды атап өткен жөн, соның арқасында оң қол техникасы дәстүрлі емес штрих-техникамен және олардың комбинациясымен байытылған.

1944 жылы А.Жұбанов құрған виолончель аспабына аударылған «Ария» пьесасы аспаптарда және тыңдаушыларда орындаушылар арасында үлкен танымалдылыққа ие болды. Өнер докторы, профессор В.П.Дернова «аспаптық музыка» бөлімінде «Қазақстандық кеңестік музыка тарихы бойынша очерктер» кітабында «Композитордың әуезді сыйының неғұрлым толық көрінісі «Арияда» кең, әуезді және өте эмоционалды түрде ашылды» деп жазады [2, 192]. Шынында да, қазақ халық әнінің лирикалық табиғатын терең түсіну «Арияда» айқын көрінеді. «Пьесаның әдемі әуені үнемі өңделеді, қайнатылады, әр уақытта кеңірек әуезді тыныс алуда жаңа тәсілдермен шырылдайды» [3, 79].

«Ария» пьесасының әуені арқылы өтеді дірілдеген, лирикалық әуезді, икемді, бұл оның алғашқы из айқын көрсетеді. Пьесада даму барысында біртіндеп драматизацияланатын ет тәрізді минор тондары басым. Сүйемелдеу партиясы, фортепиано әуендердің мәнерлілігін баса көрсетеді, мұнда әуен желісінің дамуының барлық нюанстары ашылады. Ең танымал

музыкатанушы Ж.Рсалдин бұл шығарма туралы «Әуендердің негізгі тақырыбы шығарманың басынан аяғына дейін пікірде емес, керісінше, ол барған сайын өсіп, қаныққан» деп жазады [4,42].

Профессор, ғылым кандидаты, Қазақ музыкасы туралы көптеген мақалалардың авторы П. В.Аравин бұл шығарма туралы былай деп жазды: «Мұнда қазақ лирикалық әнінің сөздері тегіс, бітіспес қайнатумен және кең әуезді тынысымен анық естіледі» [5, 62].

«Ария» g-moll-да жазылған (табиғи, гармоникалық және фригиялық режимдерде. Форма ойыны бір бөліктен тұрады. Мұнда тақырыптың экспоненциалды өзгеруінен кейін екі қайнатылған қайталау жүреді – біреуі субдоминанттар деңгейінде, екіншісі негізгі кілтте.

Басында аспаптық кіріспе ойналады, ол - әндік-лирикалық сипаттағы және пьесаның басты тақырыбының интонациясына негізделген. Пьесаның әуені бастапқыда арпеджиоленген аккордтармен орташа дауыстардағы нүктесі бар жарты ұзақтық ырғағында ұсталған тоникалық орган пунктінің педалі аясында орындалады (№ 1 мысал).



Кіріспе сүйемелдеуінің соңы сегізінші ұзақтықтың триольдік ырғағында тоника дыбыстарында жайылған аккордтар түрінде көрінеді.



Пьесаның басы кіріспе әуеніне негізделген. Әуеннің фоны ретінде аспаптық кіріспенің қорытындысында алғаш пайда болған сүйемелдеудің триолды ырғағы қызмет етеді (№ 2 мысал).

Пьесаның басы қайталанбас құрылым кезеңі түрінде берілген, онда бірінші сөйлем кіріспені дәл қайталайды, ал екінші әуен тоника примасының созылған дыбысынан басталып, толқын тәрізді қозғалады, бірақ үнемі жоғары көтеріліп, жаңа шыңдарды жеңіп, тониканың жоғарғы примасына, экспрессивті дыбыста екінші октаваның «g» дыбысына жетеді (№ 3 мысал).

Одан әрі виолончельдің әуені сынған қимылдармен төмен түсіріледі. Онда төменгі және жоғарғы қосымша дыбыстарға екпін беретін tsVI сатысының дыбыстары басым. Доминант дыбысында тоқтау кезеңі аяқталады.

Алдыңғы дамудан кейін шағын энергиялық-жылжымалы сипаттағы төрт жақты байлам жүреді (№ 4 мысал).

Байланыс - дамушы сипатта, оның негізінде гамма тәрізді көтерілу қозғалысы, кіші терциядан (м.3) бір аралыққа жоғары аударылған дәйекті. Бұл фрагмент дамуды

субдоминанттың кілтiне әкеледi және мұнда барлығы субдоминантты топтың аккордтарымен үйлеседi, түзетудiң күнгiрт сипаты басым болады.



Пьесаның шарықтау шегі «mezzo forte» (mf) динамикасында көрсетілген және мұнда екінші октавада өзгертін пьесаның негізгі әуені басым. Пьесаның дамуы субдоминант деңгейінде естіледі (№ 5 мысал).



Бірінші ұсыныс экспозициядағыдай дәл орындалады. Екінші сөйлем өзгермелі және дамушы сипатқа ие. Форманың осы бөлімінің динамикалық даму сызығы «mezzo forte» (mf) - ден «forte» (f) - ге дейінгі дыбысты күшейтеді, бұл негізгі тақырыпқа негізделген пьесаның жалпы шарықтау шегін көрсетеді. Фортепианоның сүйемелдеуі үш қабатты түрде ұсынылған: сүйемелдеушінің оң қолындағы октавалық соққылармен қолдау көрсетілетін бай гармоникалық аккордтар үш ритмде басс түрінде естіледі (№ 6 мысал).

Байланыс тақырыбына сәйкес келетін бастапқы «пианоға» (p) күрт динамикалық



күлдірау бар. Ол секвенция буынына байланысты ауқымды түрде кеңейтілді. Бұл тақырыптардың реприздік дамуына әкеледі. Пьесаның негізгі тақырыбының үшінші, соңғы экспозициясы негізгі кілтте пайда болады. Даму динамикасы қайтарылады. Фортепианоның сүйемелдеуі жоғарыдағы октавада орындалатын виолончель аспабының дыбысын күшейтеді (№7 мысал).



Мұндағы әуендердің екінші шарықтау шегі сияқты, тақырыптардың бірінші сөйлемі өзгеріссіз, ал екіншісі өзгермелі өзгеріспен қайталаынады. Пьесаның қорытындысы виолончель партиясында барлық қажетті қозғалыс пен презентацияны көрсетеді, бұл барлық екі жарым сағат үшін тоник лада.

Ахмет Қуанұлы Жұбанов шынымен де қазақ кәсіби музыкасы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесін сақтап қалды. Оның жан-жақты шығармашылығы мен музыкалық өнер саласындағы белсенді қызметі оған Қазақстанның ұлттық музыка тарихындағы көрнекті тұлға мәртебесін береді.

Ахмет Қуанұлы Жұбанов қазақ классикалық музыкасының саласына жатса да, қазіргі виолончелистерді және оның үлестерін салыстыру қорытынды жасау үшін қызықты аспект болуы мүмкін.

Виолончель, басқа музыкалық аспаптар сияқты, интерпретация мен ойын стилінде эволюцияға ұшырайды. Қазіргі заманғы виолончелистер эксперименттік және кросс-жанрлық музыканың элементтерін қосу арқылы әр түрлі нюанстар мен реңктер бере алады. Олар шығармаларды түсіндіруге әсер ете алады, оларды заманауи етеді және музыкадағы заманауи тенденцияларды көрсетеді.

Виолончелисттер бүгінде өз өнеріне қалай қарайтынында көбірек еркіндікке ие және классикадан джаз бен рокқа дейін әртүрлі стильдерді біріктіре алады. Олардың бірегей интерпретациялары классикалық мұрадан ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі музыкалық шығармаларға жаңа көзқарас әкелетін заманауи ағымдардан шабыттаныуы мүмкін.

Осылайша, Ахмет Қуанұлы Жұбанов сияқты, қазіргі виолончелистер классикалық шығармаларға жаңа мағына мен түсінік бере отырып, музыкалық мұраны қалыптастыруды және кеңейтуді жалғастыруда.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Коган Е.Б. «А. Қ. Жұбановтың фортепиано шығармашылығындағы қазақстандық аспаптық музыканың дәстүрлері мен дамуы» / ҚазКСР ҒА жаңалықтары, 1980, № 4. - Б. 48-60.
2. Қазақстандық кеңестік музыка тарихы бойынша очерктер. Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962. – 308 б.
3. Джумакова У., Кетегенова Н., Қазақ музыкалық әдебиеті. А.: Ғылым, 1995. - 256 б.
4. Рсалдин Ж.Ж. қызметшісі идеализм. Қазақстан Композиторы. Алматы: Жалын, 1978, Т. I.
5. Аравин П.В. Ахмет Жұбанов. Алматы: Жазушы, 1966. - Б. 62-70.
6. Бойкова В.П. «Зигфрид Пальма шығармашылығындағы кеңейтілген орындау әдістері: жаңа виолончель өнеріне жол». Мәскеу – 2014.

БІРЕГЕЙ ТҰЛҒА. А.В.ЗАТАЕВИЧ ЖАЗУЫНДАҒЫ «САУЫТБЕКТИҢ ҰЛУЫ» ӘНІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ

Көштаев Бекарыс

Қазақ Ұлттық өнер университетінің 3-курс студенті
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
Ғылыми жетекшісі: **Байбек А.Қ.**

Әр тарихи кезеңнің өзінің рухани байлығы мол және жеке дара ой-санасы биік тұлғалары болады, олар өздерінің көркем істерімен сара жол салып кетеді. Халық жазушысы Әбіш Кекілбаев айтып кеткендей: «Көзқарақты қазақтың қай-қайсысы да ғылым десе – Қаныш Сәтбаевты, әдебиет десе – Мұхтар Әуезовты, батырлық десе – Бауыржан Момышұлын, ал саз өнері дегенде... Ахмет Жұбанов тұра қалатын» [1, 4 б.]. Академик Ахмет Жұбановтың тұлғалық салып кеткен сара жолы ұлан-ғайыр. Композитор, дирижер

және зерттеуші-ғалым, академик А.Жұбановтың басқа еңбектерін айтпағанда, халық композиторларының өмірбаяны мен шығармашылықтарын кеңінен талдап, жазып кетуі де орасан зор жұмыс. А.Жұбановтың музыка өнеріне келуіне әсер еткен, өзі де терең толғаныспен еске алатын әйдік адам, қазақ музыкасына қызығушылық танытып, дархан даламызды жаяу-жалпы аралай жүріп, қазақтың музыкалық өнерін нотаға хаттаған – **этнограф, фольклорист-зерттеуші, композитор Александр Викторович Затаевич** еді. А.Жұбанов өзінің естеліктерінде А.Затаевич жайлы былай деп жылы естелік жазып кеткен: *«Александр Викторович без всяких предварительных знакомств сжал меня в своих объятьях, сразу почему-то угадав, что я Жубанов. Он с отцовской теплотой расспрашивал меня об учебе, об успехах, сказал, что он от души рад, что я оставил историко-социологический факультет ЛИЛИ, который я совмещал с консерваторией в течение 1930/31 учебного года»* [2, 194 б.].

А.Затаевич қазақ халқының көптеген ән-күйлерін жинақтап *«Қазақ халқының 1000 әні»* (1925 ж.), *«Қазақтың 500 ән-күйі»* (1931 ж.) еңбектерін жариялады. Қазақ музыкасы үшін өмірінің соңғы жылдарын арнап, ұлттық өнерімізге қалтықсыз қызмет еткен **А.Затаевичтің туғанына, биылғы жылы 155 жыл толып отыр.**

1920 жылы А.Затаевич жаңадан құрылып жатқан ҚазССР-ның астанасы – Орынбор қаласына қоныс аударады. Музыкатанушы ең алғаш қазақ әндерімен дәл осы Орынбор қаласында танысты. А.Затаевич өзін қазақ музыкасы қатты қызықтырғанын жасырмай өз сөзінде былай деп жазып кеткен: *«Можно только удивляться, как при наличии у казахов такого исключительного влечения к музыке, как при такой, хотелось бы сказать, - пропитанности ею их быта, до самых прозаических его сторон включительно, - их громадная устная музыкально-певческая литература до сих пор так мало переведена и зафиксирована в нотной письменности...»* [3, 13 б.]. Осындай ғажайып, бай мұраның осы күнге дейін нотаға түсіп, жинақ ретінде шықпағаны А.Затаевичті қатты толғандырса керек. Содан, ол қазақ сахарасындағы бұған дейін өзіне бейтаныс болса да, көңіліне жақын сезілген әуендерді хаттауға бел буады. *«Случилось так, что некоторые казахские песни, впервые тогда мною услышанные, поразили меня своею красотой и свежестью, что и утвердило меня в сказанном намерении, и я приступил к работе»* [3, 14 б.]. Осылай А.Затаевич, қазақ даласындағы ән сапарын Орынбор тұрғындарын жазудан бастайды. Ол еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін білетін әндерін жазып алды. Зерттеуші-этнограф өзінің алдындағы информаторларына үлкен құрметпен қарап, олардың әр айтқан шығармаларының маңыздылығын терең түсінді. А.Затаевичтің информаторлары – қарапайым қала тұрғындарымен қатар, сол кездегі қазақ зиялылары еді. Кез келген жерде қазақ әнін айтқан адамдардан, ешқандай күй-жайға қарамай, тікелей тыңдап отырып жазып алған А.Затаевич, бұл жұмыстардың оңайға соқпағанын айтады [3, 14-15 б.]. Жаңадан құрылған қазақ үкіметінде қызмет еткен ақын-жазушы, сол кездегі ҚазССР-нің халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Сәкен Сейфуллин, әдебиетші-публицист, Алаш-Орда үкіметінің мүшесі Ахмет Байтұрсыновтар бас болып, А.Затаевичтің қазақ әндерін жазып алуын құп көріп, қолдау ретінде Республика бюджетінен арнайы қаржы бөлгізген. С.Сейфуллин алғашқылардың бірі болып өзі білетін әндерін орындап береді [4]. Сөйтіп, А.Затаевич қазақ зиялыларының қолдауымен табанды еңбек ете жүріп, алғашқы жинағын 1925 жылы Орынбор қаласында басып шығарды. А.Затаевичтің бұл еңбегіне жазушысы М.Горький, академик Б.Асафьев, фольклортанушы А.Кастальский, алаш арысы Ә.Бөкейхан сынды тұлғалар оң пікірлерін айтып, жоғары бағасын берді [4]. Қазақ музыкасына қызығушылығы арта түскен А.Затаевич 1931 жылы *«Қазақтың 500 ән-күйі»* атты еңбегін басып шығарады.

А.Затаевич қазақ музыкасына ғана емес, талантты әншілеріне де қолдау көрсетіп, қамқоршы бола білді. 1925 жылы француз жазушысы әрі музыкант Ромен Ролланмен танысып, оның беделін пайдалана отырып қоғам қайраткері, жазушы А.Лунчарский арқылы Париж көрмесіне жіберу үшін Семейден қазақтың әйгілі әншісі Әміре Қашаубаевты арнайы алдырады. Көптеген ән-күйлердің осы күнге жетуіне себепші болған А.Затаевич 1936 жылы Мәскеу қаласында дүние салған. Өмірі қазақ музыкасымен астасып кеткені сондай,

зиратының басына қойылған белгіде домбыра тартып отырған қазақ баласы бейнеленген. Ел аузындағы әңгімелерде, бұл А.Затаевичтің өз аманаты екен дейді. Зират басындағы белгіні кімнің, қашан қойғаны белгісіз.

Табан ақы, маңдай терімен жинақтаған А.Затаевич мұралары, осы күнде біз үшін өлшеусіз мол қазына. А.Затаевичтің жинақтары әлі күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан емес. «Қазақ халқының 1000 әні» еңбегінде автор, өз қолдаушылары мен қазақ халқына, «бұл еңбекті қиын-қыстау кезеңдерде, аштық пен індет кезеңіне де қарамай, бірге жинап шығардық, ал енді өз еңбектеріңізді өздеріңізге қайтарамын» дей отырып, кейінгі ұрпаққа өз аманатын жеткізеді: *«В этой работе нельзя было сделать ни одного шага без внутреннего созвучия с интимнейшими струнами коллективной души народной, что навсегда породило меня, случайного к Вам пришельца, с талантливым и благородным казахским народом. Но я – старик, а за Вами – все будущее! Храните же, изучайте и приумножайте Ваши национальные духовные богатства, развивайте и украшайте их достижениями высшей общечеловеческой культуры, к которой стремитесь, и да возрастет, из народных недр, обновленная и расцветшая казахская национальная музыка!»* [3, 22 б.]. Кейінгі буын, автордың артқан сенімін ақтай алып жүрміз бе, оны нақты айту қиын. Дегенмен Затаевич еңбектерімен күні бүгінге дейін түрлі жұмыстар жүргізіліп келеді. 2007 жылы «Қазақтың 500 ән-күйі» жинағын З.Жанұзақова, Қ.Жүзбасов, З.Қоспақов, Т.Сарыбаев сынды музыкатанушылар нота жазуларын редакциялап және ескертулермен толықтырып, ғылыми қалпына келтіріп жариялады [5]. Музакалық жоғары оқу орындарында «Этносольфеджио» курсы аясында А.Затаевич жинақтарымен жұмыс жасалуда [6, 70 б.]. Тағы бір қуантарлық жәйт, қазіргі кезде А.Затаевич еңбектерімен тек музыкатанушылар ғана емес, дәстүрлі өнер өкілдері де жұмыс жасап жүр. Осының нақты айғағы ретінде күйші-зертеуші Төлепберген Тоғжан мен дәстүрлі әнші-зертеуші Еркін Шүкіманның жұмыстарын айтуымызға болады [7;8].

А.Затаевич қазақ даласын түгелдей дерлік аралап, ел аузындағы ән мен күйлерін жазып алды (Адаевский у., Акмолинская г., Актюбинская г., Букеевская г., Кустанайская г., Оренбургская г., Семипалатинская г., Тургайский у., Уральская г., Туркестан). Десе де, музыкатанушы-этнограф Жетісу өңірін толықтай қамтып жаза алмады. Өттеген-ай деп, өкініш білдіретін тұсымыз да осы. Әрине, мұның да өз себебі болды. Сол уақытта Жетісу өлкесі ҚазССР құрамына енген еді. Бұл жайды А.Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні» еңбегінде жазады [3, 14;493 б.].

А.Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні» еңбегінде, кездейсоқтүрде мемлекет қайраткері Ораз Жандосов пен оның жары Фатима Жандосовадан **Жетісудың тоғыз әнін** жазып алғанын айтады [3, 493 б.]. Осы тоғыз әннің үшеуін (№ 867 «Сарыбас әні», № 868 «Тезек әні», № 872 «Бармақ әні») қайта қалпына келтіріп, «А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» еңбегіндегі Жетісу ән үлгілерін жаңғырту жұмыстары» атты мақаламызда жариялаған болатынбыз. А.Затаевич жинаққа Фатима және Ораз Жандосовтар жеткізген әндерден бөлек Жетісу өңірінің ән үлгілері еңбеді деп жазады. Дегенмен, әр өңірден жазылған бірді-екілі Жетісу әндері кездесіп жатады. Бұл жайлы автордың өзі білмеген болар. «Қазақ халқының 1000 әні» жинағындағы Сәкен Сейфуллиннен жазылған Сауытбек салдың әні сөзімізге дәлел бола алады.

Сауытбек Ұсаұлы – ақын әрі әнші, «*Ашаның алты салы*» атанған сал-серілердің бірі болған. Ол 1870 жылы қазіргі Жамбыл облысы Шу ауданына қарасты Қосқұдық елді мекенінде дүниеге келген. Осы күні Сауытбектің біршама жыр-толғаулары мен айтыстары және көпшілікке танымал «**Ақбөпе**» әні бізге жетіп отыр. Ел ішінде «Ақбөпені» суырыпсалма ақын Иса Байзақовтың шығармасы деп жүргендер де бар. Иса ақынның «Ақбөпе» деген поэмасы және осы атас әні бар екені рас. Бұл шығармалар – Сауытбек салдың «Ақбөпе» әнінің әсерінен жарыққа шыққан туындылар. Исаның «Ақбөпесі» туралы музыка зерттеушісі, композитор Б.Ерзакович «Антология казахских народных любовных песен» атты еңбегінде былай деп жазады: *«Его песня «Ақбөпе» является вдохновенным музыкально-поэтическим откликом на историю несчастной пастуха Сауытбека и бедной*

қрасавицы Акбоне, отданной в жены другому за богатый калым...» [9, 249 б.]. Б.Ерзакович Исадан «Ақбөпе» әнін 1934 жылы жазып алғанын айта отырып, бұл ән «Ақбөпе» поэмасының үзіндісі дейді [9, 250 б.].

Бүгінде Сауытбек салдың «Ақбөпе» әнінің екі нұсқасы орындалып жүр. Бірі жыршы-термеші – Аяз Бетбаевтың орындауында болса, енді бірі – әнші,актер Құрманбек Жандарбековтың орындауында бізге жетті. Аяз Бетбаев өз орындауындағы «Ақбөпе» әні жайлы «Ар-Ай» газетіне берген сұхбатында былай дейді: *«Бұл әнді ел ішін аралап жүргенде халықтан естідім. Өте жақсы әсер етті. Сауытбектің өзі де тағдырлы ақын. Және бұл әнде сол замандағы теңсіздік те бар, махаббат, гашықтық сезімі де бар. Сондықтан «Ақбөпе» тарихи ән»* [10, 147 б.]. Ал, Құрманбек Жандарбековтың орындауындағы нұсқа туралы екі түрлі дерек кездеседі. Біріншісі, филология ғылымының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбековтың «Асыл арналар» кітабында: *«Бұл әнді мәнісіне келтіріп айтатын кісінің бірі марқұм, халқымыздың ардақты өнерпазы Құрманбек Жандарбеков еді. Құрекең бұл әнді Отан соғысы жылдары үгіт бригадасымен ел аралағанда Шудағы Сауытбектің өз аулынан үйренген»* [11, 182 б.]. Енді, бір дерек Құрманбек Жандарбековтың «Жөргендерім мен көңілдегілерім» атты естелік кітабында: *«Шу бойындағы болыстарды аралап жүргенімде тамаша бір адаммен кездестім. Сол жерде Сауытбек, Сейітбек деген екі ағайынды кісі тұрады екен. Сауытбектің жасы 60-65 шамасында. Сейітбек 50-ге келіп қалған. Сауытбек ауылындағы байдың жылқысын бағады екен, өзі сері, ақындықтан да құр алақан емес. Осы сері жігіттің басынан кешкен бір оқиға мынадай. Оны өзінен естідім.»* [12, 29 б.] – деп, Құрманбек Жандарбеков әңгімесін әрі жалғап, Сауытбектің бастан кешкен оқиғасын баяндай түседі. Одан әрі әнді қалай үйренгенін тәтпіштеп жазады. Бұл тұста Құрманбек Жандарбековтың өз сөзін толық беруді жөн көрдік: *«Мен бұл әнді есіткен соң, біраз ойға келіп, ішімнен ыңылдап айтып үйреніп алмақ болдым. Байқаймын, әлі көп жерлері шала, игеріп ала алмағанымды байқадым да: «Ататай, мен сөзін жазып алайын», - деп қалам-қағазымды алдым. «Жарайды шырағым, айтайын», - деп Сәукең жайлап ыңылдап, әнімен айтып отырды. Мұнысы маған теріс болған жоқ, сөздерін жазумен қабат, қай жерінде, қай сөздерінде ән ырғағы өзгеріп отыратынын белгілеп жазып шықтым. Екі ауыз өлеңді қайталап айтқызып болғанша, әннің де барлық ырғағын келтіріп үйреніп алған тәріздімін. «Ата, мен айтып көрейін, қате жерін түзеп жіберіңіз», - деп, жаңағы әнді қағазыма қарап орындап едім, Саукең ішіп отырған қымызын қоя салып, жымылып күліп, басымнан сипап: «Балам-ау, менің түзейтін ешнәрсем жоқ. Менен гөрі өзің түзетіп жіберіңіз», - деп батасын берді...»* [12, 31 б.]. Қ.Жандарбеков әнді Сауытбектің өзінен үйренгенін айтып отыр. Демек, бұл түпнұсқа деуімізге болады.

А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағына енген әнмен (№ 192 «Сауытбектің ұлуы»), Құрманбек Жандарбековтың орындауындағы «Ақбөпе» әні, құрылымы жағынан өте ұқсас. Тіпті екеуі бір ән болуы да ғажап емес. Орындаушылардың шеберлігіне, әнді өңдеп айтуына қарай өзгеріске ұшырап, екі түрлі нұсқаға айналған болуы мүмкін. Қ.Жандарбековтың кітабындағы [12], Сауытбектің «... Менен гөрі өзің дұрыстап жіберіңіз» деуіне қарағанда, Қ.Жандарбеков әнді өзінше иірімдер қосып орындаған болса керек. Ал, А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» кітабына Сәкен Сейфуллиннің орындауында нотаға түсірілген бұл ән де, Сауытбек салдың Ақбөпе аруға арнаған әні. Бұл жайды А.Затаевичтің әннің түсініктемесінде берген сөздері дәйектей түседі [3, 382 б.]. Сәкен Сейфуллиннің Сауытбек салдың бұл әнін қайдан үйренгені жайлы Мырзатай Жолдасбеков ағамыз өзінің «Асыл арналар» кітабында былай деп жазады: *«Сауытбек 1931 жылы Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің председателі Сәкен Сейфуллинге өлеңмен хат жазады. Хатты жиені Смайыл Қалипанов апарып табыс етеді»* [11, 184 б.]. Өмірде бірін-бірі кездестірмеген Сәкен Сейфуллин Сауытбек салдың шығармашылығымен Смайыл Қалипанов арқылы танысқан екен. Демек, Сәкен Сейфуллин әнді Сауытбектің жиені С.Қалипановтан үйренген. Бұл пікірді У.Асатов, С.Исмамова сынды әдебиетші, зерттеушілер құптап, өз еңбектерінде де жариялады [13;14].

«Қазақ халқының 1000 әні» жинағының «Ақмола губерниясы» бөлімінде «№ 192 «Сауытбектің ұлуы» (ауд. Завывания Саутбека)» деп берілген ән атауы, неге екені белгісіз түрлі деректерде «Сауытбектің зары» немесе «Ақбөпе» деп жазылып жүр. Жинақта нақты «Сауытбектің ұлуы» деп жазылған. «Адамның ұлығыны несі?» деген ой келуі мүмкін, дегенмен мұның да өз мәнісі бар. Ақынның ит болып ұлуының мәнісін халық ақыны Белгібай Бектұрғанұлы Сауытбектің өз аузынан жазып алған жыр-баянында айтады: Сүйгенінен айырылып, көштің артынан қуып келе жатқан Сауытбек, жолай Сақ есімді қарияның үйіне түседі. Сонда бұл жүрісінің жайын сұраған Сақ қарт былай дейді: «Сен, Сауытбек зашығыңа жете алмай, басың айналып, жұртта қалып, ақырында келіншектің көшіне еріп келе жатыр екенсің ғой, - деп күліп қойды» [13, 246 б.]. Сақ қарттың «көшке еріп келесің» дегені, сен де ит секілді екенсің ғой дегені еді. Бұл сөздің астарын Сауытбек түсінеді. Қария Сауытбекке өнерінді сынайын бір ән салшы деп қолқалайды. Сондағы Сауытбектің сөзін Б.Бектұрғанұлы былай деп жазады: «Ол сөзді есіте салып, мынау өлеңді айтып, ойымнан ән шығарып, сол әннің аяғында Сақ қарттың айтқанын орындап, ит болып ұлығаным еді, шырағым, Белгібай.» [13, 246 б.]. Міне Сауытбектің итше ұлуының бір мәнісі осында.

Белгібай Бектұрғанұлы жеткізген өлең сөздерін қолданып, А.Затаевичтің жинағына енген Сауытбек салдың әнін жаңғыртып отырмыз. Ән атауын А.Затаевичте жазылғандай «Сауытбектің ұлуы» деп қалдыруды жөн санадық. Бұл – қай тұрғыдан болсын әділ шешім болмақ.

«Қазақ халқының 1000 әні» жинағындағы түпнұсқа үлгі:

192. Сауытбектің ұлуы¹¹⁵
(Завывания Саутбека)

Сообщил тот же

Спокойно и мягко. $\text{♩} = 84$

Решительнее. Темп I.

4 раза. Темп II. Медленно, подражая вою.

«Сауытбектің ұлуы». Жаңғырған үлгі:

Бір жо - лық - сам оу, Ақ - бө - О - оу, шы - ра - ғы - м(а) - ау,
 О - сы дау - сым оу, же - те - құ - ла - ғы - ң(а) - ау.

О - оу, Ақ - бө - пе шы - ра - ғы - м(а) - ай, ау, Ма - ғанайт - қан Ақ - бө - пе сы - рың - кә - ні,
 же - те - ме құ - ла - ғы - ң(а) - ай, ау.

Се - ні із - деп Са - уыт - бек ұ - рын ға - ны. Тұм - сы - ғын - да Ұ - ланның із - деп ке - ліп,

Са - уыт - бек - тің ит бо - лып ұ - лы - ға - ны. О - оу, Ақ - бө - пе о - оу, ұ - лы - ға - ны.

1. Бір жолықсам Ақбөпе шырағыма,
 Осы даусым жете ме құлағыңа.
 Шыныменен кеттің бе ақ балапан,
 Қара құстың түйреліп тырнағына.

Қайырмасы:

Маған айтқан Ақбөпе сырың кәні,
 Сені іздеп Сауытбек ұрынғаны.
 Тұмсығында Ұланның іздеп келіп,
 Сауытбектің ит болып ұлығаны.

2. Өміріміз жылаумен өтер ме екен,
 Бармағымыз тістеулі кетер ме екен.
 Адамзаттың түспеді рақымы,
 Арызымыз құдайға жетер ме екен.

Қорыта келгенде, **Сауытбек Ұсаұлы** – санқырлы өнерпаз, айтыскер ақын, әнші әрі композитор. Ол – кедейшіліктің де, қуғын-сүргіннің де зардабын көрген адам. Сауытбектің өмірі мен шығармашылығы әлі де болса терең зерттеліп кеңінен насихатталуы керек. Сауытбек салдың шығармашылығына әдебиетшілер тарапынан көптеген зерттеулер жүргізілді, және ол өз нәтижесін берді де. Ендігі кезекте музыкалық тұрғыда толық қанды зерттеуді қажет етеді. Заманында сал-сері болып дәурен сүрген Сауытбектен бір ғана ән қалды дегенге сене алмаймыз. Алдымыздағы 2025 жылы Сауытбек Ұсаұлының туғанына 155 жыл толады. Осы айтулы күнге орай архивтер мен мұрағаттардан ақынның шығармашылығына қатысты мұраларды толық жинастырып, ән-әуендерін іздестіру қажет деп білеміз. А.Затаевичтің бұған дейін жарияланбаған қолжазбалары бар екенін де естіп жүрміз. Осы қолжазбалар ішінен Сауытбек шығармашылығына, жалпы Жетісу өңіріне қатысты ән-әуендер кездесеріне сеніміміз кәміл.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет Жұбанов – Қазақ халқының ұлы перзенті, академик, өнертану докторы, композитор, белгілі қоғам қайраткері, Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 100 толуына арналған жинақ. «Шамшырақ-Ақтөбе» ЖШС. Ақтөбе, – 2006 ж.
2. А.В.Затаевич. Исследования, воспоминания, письма и документы. Казахское государственное издательство художественной литературы. Алма-Ата, 1958 г.
3. Затаевич А.В. 1000 песен и кюев казахского народа. Алматы: Драйк-Пресс, 2004. – 496 с.
4. Мирас Асан. Қазақ сазының қызғыш құсы. Егемен Қазақстан, 29 Наурыз, 2019 ж.
5. Затаевич А. «500 казахских песен и кюев» (издание академическое, дополненное). – Алматы, 2007. – 1136 с.
6. Байбек А.Қ. Заманауи музыкалық білім беру жүйесінде ән дәстүрін трансляциялау (Этносольфеджио курсы): оқу құралы. – Алматы: «Асыл кітап» баспасы, 2020. – 264 б.
7. Шүкіманов Е.Т. А.В.Затаевичтің этнографиялық жинақтарындағы әндерді жаңғырту мәселелері // Ғасырлар кеңістігіндегі көне сарындар: А.В.Затаевичтің 150 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2019. – Б. 53-54.
8. Тоқжанов Т. А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» еңбегіндегі күйлерді қалпына келтіру тәжірибесі (ғылыми еңбек). – Алматы, 2020.
9. Ерзакович Б. Антология казахских народных любовных песен. Алматы: «Ғылым», 1994.
10. Бетбаев Аяз. Өнері-өмірі. Хикаят, өлеңдер, термелер, арнаулар мен лебіздер. Тараз, 2017 ж. – 194 бет.
11. Жолдасбеков Мырзатай. Асыл арналар: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 328 бет.
12. Жандарбеков Құрманбек. Көргендерім мен көңілдегілерім / Әдеби жазбасын жасаған және құрастырған Ф.Оразаев. – Алматы: Өнер, 1989. – 112 бет.
13. Исмадова Сәрсекүл. Сауытбек сал: шығармалар, зерттеулер. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2013 ж. – 341 бет.
14. Асатов У. Шу өңірінің саңлақтары. Шу ауд. баспаханасы. 1991. – 94 бет.

КӨРҰҒЛЫ МУЗЫКАЛЫҚ ЭПОСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КҮЙМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Бибіт Темірхан

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының

1-курс магистранты

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Ғылыми жетекшісі: **Жәменкеев Е.Е.**

Түркі халықтардың оның ішінде Қазақтың батырлық жыр, дастандардың ішінде «Көрұғлы» эпосының алатын орны ерекше. «Көрұғлы» эпосын алғаш зерттеп, жинақтап, баспаға ұсынған ҚазССР ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының белгілі ғалымы М.Ғұмарова (Көрұғлы. Алматы: Жазушы, 1973).

Көрұғлы – қаһармандық халық эпосы. Орта Азия, Таяу Шығыс, Кавказ халықтарына ортақ фольклорлық ескерткіш. Жырдың түрлі нұсқалары түрікмен, қарақалпақ, өзбек, құмық, Әзірбайжан халықтарында кездеседі. Жыр сюжеті Қазақстан, Орта Азия, Кавказ халықтарынан бөлек Балқандағы гагауз, Сібірдегі Тобыл татарларына да жақсы мәлім.

Қазақ тілінде 7 нұсқасы басылым көрген. Олар: "Көроғлы", "Қисса Көроғлы", "Хикаят Көроғлы", "Көроғлы мен Безерген", "Көроғлы" (Бозайхан), "Қисса Гауазхан", "Түрікмен Қасымхан". ҚР ҒА Орталық кітапханасы мен М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба қорында Көрұғлы туралы 15 дастан, үш ертегі нұсқасы бар. Жекелеген қазақ нұсқалары Кеңес дәуірінде екі рет жинақ болып баспа бетін көрді. Жырдағы негізгі тартыс түрікмен елі мен Райхан араб, қызылбас, афшар арасында өрбиді. Жыр оқиғасы бірде тарихи-этикалық, бірде аңыз, бірде мифтік мәліметтерге жүгініп, Көрұғлының халықтық тұлғасын сомдауға бағытталған. Жырдан түркі тайпаларының этностық санасы айқын аңғарылады. Қазақ жырау-жыршылары мен түрікмен бахшылары бұл жырды аңырама үлгісінде орындаған. Жырдың нұсқасын XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың бірінші жартысындағы «Көрұғлы» эпосын жырлап, таратушылар Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Мұрын Сеңгірбайұлы және Рахмет Мәзхожаев, Ерғали Есенжелов, Қалижан Өтешұлы т.б жыршы, жыраулардың қорынан алынған [2] Алғашында тек қана ауызекі айтылып, жазуға түсірілген жырдың мақам саздары, өкінішке қарай ұнтаспаға жазудың сәті түспегеннен ғылыми айналымда қазақ жыр, дастандардың мәтіндік нұсқалары, дәстүрлі орындаушылық үлгілері ел құлағынан ұмытыла бастады. XX ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап ғалымдар жыршы, жырау, күйшілерді магнитофон таспасына жазып, жинақтауды бастап, белгілі ғалым, фольклор танушы Мардан Байділдаевтың фонотекалық қорында Сыр өңіріне аты мәлім Жиенбай жырау Дүзбенбетұлының баласы Рүстембек Жиенбайұлы және немерелері Көнешей Рүстембеков, Бидас Рүстембековтердің «Көрұғлы» эпосын жырлаған ұнтаспасы сақталған.

Байырғыдан жыраулық өнерді, ғибратты әңгімесін, дәстүрлі орындаушылық үлгісі, мақам, саз, әуен ерекшеліктері «Көрұғлы» эпосын біздің дәуірімізге жеткізіп қана қойған жоқ, Жиенбай жыраудың орындаушылық мектебінің қалыптасуына негіз боп қаланды.

Қазіргі таңда «Көрұғлы» эпосының 14 мақамы, 14 ән, терме, және толғаулары, Көшеней Рүстембеков және Бидас Рүстембековтың орындауларында нота жазбасына домбыра сүйемелдеуімен түсірілген (нотаға түсірген Т.Тоқжан).

Рухани байлықтың таусылмас кеніне, кәусар бұлағына айналған жыраулық дәстүр тарихшылар мен археологтардың, филологтар мен этнографтардың, фольклористер мен мухыкантистардың назарынан тыс қалмай келе жатқанына таңлауға болмас. Сан сапалы қазақ өнерінің көп қырлы, синкреттік өнері жыраулық дәстүрдің көмейімен жырлау үлгісі алтай, тува, якут, өзбек, әзірбайжан, түрікмен, т.б. көптеген ұлттардың яғни, түркі тектес халықтардың барлығына ортақ. Ал бұл дәстүрдің қазаққа тиесілі үлесі бүгінгі таңда Сыр бойында сақталған [2] Эпос музыкасына ерекше көңіл бөлген, ғылыми түрде жүйелеген профессор Б.Г.Ерзакович «песененно-речитативный, музыкально-иллюстративный(фрагментный), музыкально-завершенный», - деп үш түрге бөліп қалыптасуын көрсеткен [2] Көненің көзіне айналған «Көрұғлы» дастаны Орта Азия мен Кавказ елдеріне кеңінен таралған. Сыр бойында жырланған нұсқаларын жырау Алмас Алматывтың жеке қорында сақталған. Нотаға түсіру барысында кейбір тактілерін «реставрациялауға» ұшырап өзгеріске енді. Көшеней жырау және іні Бидас және баласы Арнұрдың орындаушылық нұсқасымен бірнеше иірімдері жаңғырды.

Атақты жырау Жиенбай Дүзбенбетұлының баласы Рүстембек Жиенбайұлы 1905 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданында Т.Ізтілеуов атындағы ауылда туып, 1996 жылы сол жерде жерленді. XX ғасырдағы Сыр өңіріндегі жыраулық өнердің көркемдеп, дәстүрін жоғалтпай, дамуына жол салған көрнекті өкілі. Жыраулық өнерді әкесінен жастайынан үйреніп, бала кезінен «Бала жырау» атанып, елдің елеулі халықтың қалаулы ұлы болды. Жыраудың қорында «Қыз жібек», «Қобыланды», «Шәкір-Шәкірат», «Сал-Сал», секілді батырлық жыр-дастандармен халыққа танымал болған. Өз балдарында жыраулық өнерге жақындатып балалары Көшеней және Бидас Рүстембековтер халыққа танымал жырау атанып, нәтижесінде Жиенбай жыраудың кәсіби орындаушылық мектебі қалыптасты.

Көшеней Рүстембеков 1946 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданында Т.Ізтілеуов атындағы ауылда туып, сол ауданның Ақжар ауылында жерленді. Жырау, педагог,

өнер зерттеуші. ҚазССР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына ғылыми жұмыс атқарған. Оның орындауындағы көптеген жыр-терме, толғаулар, дастандар нотаға, ұнтаспаға, грампластинкаларға жазылып алынған. Репертуар қорында «Қобыланды Батыр», «Көрұғлы», «Алпамыс», «Рауабану», «Тақсұлеймен» т.б көлемді эпикалық қисса-дастандар.

Бидас Рүстембеков Қызылорда облысы Қармақшы ауданында Т.Ізтілеуов атындағы ауылда дүниеге келді. Рүстембек жыраудың екінші баласы. Жастайынан әке тәрбиесімен өсіп ағасы Көшенеймен бірге өсіп, жыраулық дәстүрді бойына сіңдіріп 1969 жылдардан бастап танымал жырау болды. Көптеген шетел қалаларында өнер көрсетіп, жүлделі орындарға ие болған. Бидастың орындауындағы шығармалар грампластинкаларға жазылып қазіргі кезімізге жетті.

2. Келесі мәселеде «Көрұғлы» музыкалық эпосының Сыр бойындағы жыр нұсқаларын, осы аталмыш өңірдің халық күйлерімен байланысын, ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Осы орайда Көрұғлы жырының 1 мақамы Бидас Рүстембековтың орындауындағы нұсқаны мысал келтіретін болсақ.

Көрұғлы
музыкалық эпос
1-мақам

Орындаушы:
Бидас Рүстембеков

Moderato

Жыршы

Домбыра

Бас - тай - ын біс - с(і)міл - лә деп

Мысал 1

Бастапқы бас буынның сарындары, сыр бойында сақталған Шыналы Шопанов күйшінің жеткізген «Терісқақпай» күйіндегі алғашқы буындары ұқсас боп келеді бұл күйлерде аты айтып отырғандай теріс қағылып, немесе негізгі дыбысы екінші үлесте тартылып, әуеннің бас міндетін атқарса, сыр бойындағы халық күйі Терісқақпайда басқа күйден ерекше тартылады, бұл күйде екінші үлесі төмен қағыста тартылып, теріс қағылатын сезім беріп, күйдің ерекшелігін ашады. Күйдің сарыны да сыр бойы Арал мектебінің мақамы, Дәрікүл Өмірқұлұлының жыраудың мақамдарымен сабақтас, бас буыны және орта буындары толығымен сәйкес.

Тез, шалқыта

орындаған Шыналы Шопанов

Мысал 2

Жиенбай жыраудың қалдырған жыр мақам саз іздерімен ұқсастық табуға болады. Дәл осылай «Көрұғлы» жырының екінші мақамында (орындаушы Бидас Рүстембеков) 3 шумақты дамыта келген кезіндегі әуен саздары.

күр-кі - ре - сін. Ас-пан-ға а-тып ок дә - р(і)ей,
 Бе - деу - лер - ді па-рыл - да-тып. Ек - пін - де-тіп,
 күм-бір - ле-тіп, Тез жү - рің-дер а - за - ма-тым.

Мысал 2

Жоғарыда аталған «Терісқақпай» күйінің орта буыны жырмен ұқсастық тауып даму үстіне түседі.

Мысал 4

Келесі Көшеней Рүстембековтың орындауындағы Көрұғлы жырының 3 мақамының сарындары.

Ға - ріп - лік - тен бұ - лар шек - ті ах у - ай,
 Е-к(і)ор - та - да күн - дер өт - ті бір - та - лай.

Мысал 5

Халық күйі «Кемпірдің зары» Зайыр Рахатовтың жеткізуінде, бұл күй аңғарып тыңдап көрсек басты бөлігі, толығымен жыр тектес болып келеді, нақтырақ айтатын болсақ Жиенбай жыраудың «Өрен жүйрік» шығармасында толығымен қағыс ерекшелігі де әуені де ұқсас боп келетінін байқаймыз. Алайда осы «Көрұғлы» жырының 3 мақамының саздарын кездестіре аламыз.



16



Қорынтыдылай келе «Көрұғлы» музыкалық эпосының Сыр бойындағы жыр нұсқасы, аталмыш өңірдегі күйшілердің (Ш.Шопанов, З.Рахатов) репертуарындағы халық күйлерімен саз әуендері сабақтас екені анықталды, оларға кіретін, жырға тән күреп қағу, күйлердің жырмен ұқсас болатыны, жырдың мақамдарына сәйкес үлкен сағасыз боп келетіндігі.

Сонымен қатар аталмыш жырларда:

1. «Көрұғлы» 1 мақам орындаушы Бидас Рүстембеков – Халық күйі «Терісқақпай» орындаушы Шыналы Шопанов. бастапқы буындары және қағыс ерекшеліктері, күреп қағу әдісі, сағасыз боп келетіндігі

2. «Көрұғлы» 2 мақам орындаушы Бидас Рүстембеков – Халық күйі «Терісқақпай» орындаушы Шыналы Шопанов. Шығармасымен орта буынымен іспеттес, күреп қағу әдісі, сағасыз боп келетіндігі

3. «Көрде туған Көрұғлы» 3 мақам орындаушы Көшеней Рүстембеков - Халық күйі «Кемпірдің зары» орындаушы Зайыр Рахатов, 3 мақамның сарындарын кездестіреміз және Жиенбай жыраудың «Өрен жүйрік» шығармасында толығымен қағыс ерекшелігі мақамдарымен сабақтас, күреп қағу әдісі, сағасыз боп келетіндігі.

Яғни «Көрұғлы» музыкалық эпосының Сыр бойындағы жыр нұсқасы (1 мақам, 2 мақам, 3 мақам), Сыр бойындағы күйлермен ұқсас боп келетіндігіне қарасақ, дәлірек айтқанда Жиенбай жыраудың мақам саздары жоғарыда атап өткен күйлерде кездесіндігі анықталып отырып, Сыр бойындағы халық күйлер, аңыз күйлер, көне күйлер, осы «Көрұғлы» жырының бір бөлшегінен шыққанын болжамдай аламыз. Жиенбай жырау және оның балалары Көшеней, Бидас Рүстембековтер көне жырды қаз қалпынша сақтап, мақам саздарға негізделе, әуен сазын бұзбай біздің заманымызға жеткізгені, халқымыздың інжу маржаны. Көне жәдігер санатына жататын «Көрұғлы» дастаны Орта Азия мен кавказ елдеріне кеңінен таралған және Түркі халықтар үшін жоғарыда айтып өткендей баға жетпес қазына.Түркі халықтардың оның ішінде Қазақтың домбыра өнеріндегі батырлық жыр,дастандардың ішінде «Көрұғлы» эпосының алатын орны ерекше

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Алматов А.Н. «Жыр керуені». - Қызылорда, 2003 ж.
2. Алматов А.Н. «Жырау К.Рүстембеков өмірі мен шығармашылығы». – Алматы, 2003.
3. Ғұмарова М. «Көрұғлы». - Алматы: Жазушы, 1973 ж.

4. Жүсіпов Б. «Жиделі байсын күйлері». – 2000.
5. Жүсіпов Б. «Сыр сүлейін сұрасаң» жыр-күй жинақ. – Алматы, 2003.
6. Қазақ халқының әдебиеті: Көптомдық. Батырлар жыры. Көроғлы. Құрастырушы М. Ғұмарова, Ж.Әбішев. – Алматы, 1989.
7. Тоқжанов Т. «Көрұғлы». – 2008 ж.
8. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алма-Ата, 1987.

ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘН ӨНЕРІНДЕГІ ӨЗАРА САБАҚТАСУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Ерғалина Балауса

Темірбек Жүргенов атындағы

Қазақ ұлттық өнер академиясының II курс магистранты

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Ғылыми жетекші: **Мусагулова Г.Ж.**

Түркі тілдес халықтардың музыкасы әртүрлі жанрлар мен рухани мәдениетке бай. Жалпы музыка тарихында негізгі дүниетаным, дәстүрлі әуендер, халықтық әрі фольклор, шамандықпен де тығыз байланысты қызмет атқарады. Ұлттық өнердің алдыңғы басқышы, бастауы ретінде таралып дамып отырды. Түркі тілдес елдер: қазақ, қырғыз, өзбек, түрік, түрікмен, татар, башқұрт, әзірбайджан, алтай түріктері, якут, ұйғыр деп Орта Азия түркілерін жатқызып айта аламыз. Жалпы музыкалық жүйесімен оның орындалуында ұқсастықтар мен ерекшеліктерін қарастыруға болады. Халық шығармашылығында орындалатын ән түрлері мен әр халықтың өзіндік ерекшеліктерімен көптеген ұқсастықтары бар. Кәсіби музыканың бастауын көне түркі жәдігерлігінен алатын жанрлар – жыр, терме мен желдірме, толғау, ән, күй. Жыр – речитативті мәнерде орындалатын эпос. Жыраулардың репертуары ескі жырлар мен міндетті түрде күнделікті өмірде болып жатқан оқиғалардың діни-адамшылық, қоғамдық-саяси мазмұнын ашатын бүгінгі болмысты жырлайтын шығармаларда да болған. Толғау – философиялық лирика. Терме мен желдірме – ақындардың речитативтік жанры. Қазақстанның кейбір өңірлерінде ақындар мен жырау әндерінің сазы әуенді келеді. Ән – салдардың, серілердің лирикалық шығармалары, XIX ғасырда олар өзінің шырқау биігіне шықты. Құрылымдық жағынан жақсы дамыған осы жанрлардың бәрі күрделі вокалдық және орындаушылық шеберлікке негізделген және кең диапазонды күшті әрі шыдамды дауысты қажет етеді. XX ғасырдың басында қазақтар, Орталық Азиядағы өзге де туысқан халықтары – қырғыздар, түркімендер, моңғолдар және т.б. сияқты, көшпелі өмір сүрді. Қазақстан аумағының жартысынан астамы таза көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, халқының жарым-жартысы – жартылай, ал ширегі жыл бойы көшіп-қонумен жүрді. Тұрғылықты өмір салтына көбінесе кедейленген қазақтар көшетін.

Көшпелі қазақ қоғамының бір ерекшелігі – онда қалалар, өмір сүрудің қалалық формасы айқын бедерленген мәдени рөл атқарған жоқ. Қазақстанның тұрғындар құрамы мен саны жөнінен мардымсыз қалалары ғасырдың басында отаршыл және жергілікті әкімдердің, алуан ұлтты діни қауым мен көпестердің, ұсақ саудагерлер мен қолөнершілердің шоғырланған жері болатын. Қалаларды мекендеген қазақтардың үлесі тым болымсыз еді. Шығыстың басқа да халықтары сияқты, қазақтардың кәсіби музыкасы нотасыз болатын, қазіргі тілмен айтқанда, оны «ауызша дәстүрдегі кәсіби музыка» дейді. Фольклор секілді, ол да көшпелі тұрмыс негізінде пайда болып, өне бойы сонымен тығыз байланыста қызмет атқарды. Бұл жағдай қазақтардың музыка мәдениетін типологиялық жағынан кәсіби музыкасы ежелден қала тұрмысының ажырағысыз белгісі болған отырықшы егіншілерден ерекшелендіреді. Лирикалық әндерді шығарушы әрі орындаушы салдар мен серілер уақытын негізінен жастардың ортасында өткізетін. Олардың шығармашылығы көбіне-көп сол жастағы ортаның сезімімен – өмірдің және шығармашылықтың қуанышымен, табиғаттың

әсемдігімен, махаббаттың күйініш-сүйінішімен, туған жерге деген сағынышпен, аңшылық пен саятшылықтың қызығымен байланысты. Жастардың жиын-тойларын ұйымдастырушылар да солар болушы еді. Өздерінің жүріс-тұрысымен де, киім киісімен де олар жастардың «емін-еркін» ойнап-күлуге деген арман-аңсарын бейнелейтін.

Түркі тілдес халықтардың музыкалық мәдениетінің бай мұрасы ол әншілік өнері. Әншілік өнер ерте заманнан бастап халықтық әндері ретінде дамып байланысып келді. Түркі тілдес халықтардың музыкалық мұрасын насихаттауда көптеген еңбектер жазған зерттеушілер осы күнге дейін халықтың ән –күйін зерттеп келеді. Ән – өнері қара сөз, халық әндерінен бастау алып, кәсіби шығармашылыққа арқау болып қазіргі таңда эстрадалық әнге бағытталды. Эстрадалық өнер тыңдаушыларының қалың көпшілігіне әсер ету өмірмен, өткір әлеуметтік бағыттылығымен байланысты, мынадай категориялар бойынша ерекшеленетін тыңдаушылардың әртүрлі топтарының эстетикалық қажеттіліктеріне жауап беру мүмкіндігімен негізделген: жас, әлеуметтік, ұлттық. Қазіргі заманғы адам оның болмысының барлық деңгейлерін қамтитын, шын мәнінде ерекше әлеуметтік-мәдени шындықты қалыптастыратын бұқаралық музыканың континуумына батырылған. Түркі тілдес халықтарының музыкалық мәдениеті, дәстүрлі музыкалық өнері, фольклоры, салт-дәстүрі қазіргі уақытқа дейін зерттеліп айтылып келеді. Ән салу бөлімінің бағыты бойынша түркі тілдес халықтардың халық әндерінен бастау алып дамыған дәстүрлі және эстрадалық әндердің негізгі даму кезеңдері мен олардың мемлекет арасындағы байланысы, тақырып аясында негізгі өзекті. Жалпы түркі тілдес халықтарының бірнеше жеке музыкалық топтардың туыстық байланыстары бар. Бұл музыканың генетикалық жіктелуі тарихтың куәліктерімен бекітіледі, түркі тайпалар мен халықтардың, атап айтқанда, олардың көші-қон процестері, сондай-ақ олардың Еуразия бойынша географиялық және аймақтық орналасуы. Музыкалық жіктеуде жалпы көп ғалымдардың зерттелген еңбектер айтылып келеді. Түркі тілдес халықтардың музыкалық мұрасына Шығыс тобы – Қырғыз музыкасы, Солтүстік тобына – Қазақ музыкасы, Батыс тобына – Әзірбайжан және Түрік музыкасын жатқызады. Бұл зерттеу атақты зерттеуші, доцент, музыкалық тану мәселелірімен айналысатын, Қырғыз-Түркия елінің университеті «Манас» ғалымы Феза Тансугтың «Мир тюрких звуков» атты еңбегінде жіктеп көрсетеді [1, 222 б]. Бұл еңбекте Феза Тансуг былай дейді «Түркі тілдес халықтардың музыкалық мәдениеті аймақтық ерекшелікке бөлу арқылы жіктеп көрсете аламыз. Ол оңтүстік, шығыс, батыс, солтүстік, орталық. Түркі тілдес халықтарының музыкалық мәдениетіндегі зерттелуі, жалпы қазіргі таңда түркі тілдес халықтардың музыкалық мәдениетінің классификациясы көпшілік зерттеуде айтылып келді. Дегенмен топтық жіктеудегі, оның құрылымы мен ерекшелігі көрсетілген кестедегідей бөлініп зерттелген деректері аз. Бұл географиялық аймаққа лайықталынып зерттеліп көрсетілді» [1, 223 б]. Бұл зерттеудегі еңбекке сүйене отырып, негізгі аймақтық бөліктерінің бөлінуі арқылы әр бір түркі тілдес елдің өзіндік көршілес елдермен музыкалық мәдениетінің байланысын көрсетеміз. Түркі тілдес халық әндерінің жалпы жанрлары өте көп. Оларды жүйеге келтірген – А.В.Затаевич [2], Эйхгорн А. [3], Готовичкий М.В. [4]. Потанин Г. [5]. Б.Г.Ерзакович [6], Кароматли Ф. [7] және т.б. аты аңызға айналған тұлғалар болды. Бұл өнертану саласы бойынша еңбек еткен ұлы музыканттар болса, педагогика саласы бойынша да түркі тілдес халықтардың әндерін зерттеп қарастырған ғалымдар халық әндерін мынадай топтарға бөледі: тұрмыс салт әндері, үйлену әндері, еңбек, шаруашылық, кәсіп әндері, қиял ғажайып әндері, эпикалық шығармалар, тарихи әндер, лирикалық әндер т.б болып топқа жіктейді.

Мысал ретінде қарастырып көрсетер болсақ: үйлену әндерінің алуан түрлері жасалып, халықтың тұрмыс тірішлігіне, әдет-ғұрпы мен салт-санасы, ой сезімі мен арман-ниетін білдіретін танымдық мәні елеулі. Әдет-ғұрыпқа байланысты бұл әндердің өзі қазақтарда «Жар-жар», «Сыңсыма», «Қоштасу», «Жұбату», «Беташар», «Той бастар» түрінде айтылады, ал каракалпақтардың фольклорларында Н.Даукараев пен Н.Жапаковтың зерттеулері бойынша түрге бөлу арқылы зерттейді. Яғни «Хаужар», «Сынсу», «Беташар», «Той баслар», «Хайжар», «Яр-яр», қырғыздарда «Күйеөлөе», «Төркюн» деп атайды. Қырғыздың сыңсу салтын - «Қыз тою» десе оның ішінде «Той баштар», «Токмок салу», «Қыз-жигит», «Жар-жар-ай», «Той

кошоки», «Жар-жар», «Жолдошуна кошкин кошогу», «Кыз узатоо», «Жар көрүү», «Бет ачар», «Тиллек» деп әр бір үйлену әндерінің салтына мән бере отырып зерттеу арқылы көрсетеді. Өзбек елінде «Наво Чархи», «Куёв келди», «Уфарт соқ», «Чули султон», «Садр», «Беги султон», «Ёр-ёр», «Хақ обло», «Түй муборак», «Туй тарифи», «Киз узатув», «Келин Туширов» деп атаумен аталады. Бұл зерттеуші Касимова Зульфия Малікқызының «Интеграционные процессы в музыкальной культуре тюркязычных народов» атты [8, 73-75б] еңбегінде үйлену салтына арналаған түркі тілдес халықтардың атауларына жіктеп көрсетеді. Ұйғырларда А.Алахуновтың зерттеуі бойынша «яр-яр», «яр-сәнәм», «чин қичқириш», «бейит», «ләпәр», «чүн-чүн салават», «қизнің ата-анисини тәбрикләш». Халықпен бірге жасасып, өркендеп келе жатқан бай салт-дәстүрінің ішіндегі өміршені — келін түсіру той-томалағы. Бұл жоралғы халқымыздың қадір қасиетін, өнеге өрісін, тұрмыс тіршілігін сонымен қоса адамгершілік-этикалық қағидаларын танытады.

Түркі тілдес халықтарының ән өнерінде халықтық әншілік өнерден де дәстүрлі ән және эстрадалық ән қарқынды дамыды. Жалпы екі ән бағыттары қазіргі күнге заманауи технологиялардың дамуымен өзара сабақтасу аясында қарастырылып түрлі ғалымдардың еңбектерінде зерттеу арқылы қарастырылып келеді. Түркі тілдес елдердің ән мәдениетінде, музыкалық ырғақ өзгешелеу болып келеді. Дәлірек айтқанда, ырғағы биге жақын әндер көп кездеседі. Мысалы «Лапар», «Ялла», «Кошук», «Ашула» деп аталатын би ырғағына лайықталған әндер бар. Жеке орындау жанр бұл әуенділігімен саздылығы бойынша ширақ, би қимылдарымен көрініс берілетін ерекше өнер ретінде қарастырылады. Дойра, най, сато, рубаб, сурнай, гиджак сияқты аспаптардың сүйемелденуімен орындалады. Жалпы өзбек ән фольклорында жеке әнші немесе топтың арасында орындалатын ән жанрлары бойынша көрініс беріледі. Себебі, өзбек ұлтының негізгі басымдылығыда ол ән мен аспаптық музыканың байланысуна ерекше көңіл берілген. Өзбек ән фольклорын зерттеуші Т.Е.Соломонова өзінің еңбегінде былай тұжырымдайды [9, 93б] ән жанрлары бойынша. – белгіленген мерзімде орындалуы шарт;

– жанрлық сипаты айқын әндер, деп екі топқа бөле қарастырса, екінші топтағы ән жанрларына өзбектің арбау әндері, сонымен бірге, лапар, терма, кошук және ялла әндерін жатқызады.

Яғни бұл «ялла» әнін бірнеше топтан құралған адамдардың орындаушылық нұсқасында қажет етеді. Жеке және топтық орындаушы-әншелр болсын аспаптық музыкамен байланысты орындау негізге ие. Әннің құрылымына байланысты билеу арқылы, қайырмасында хор араласуы арқылы және унисонды орындаушылыққа байланысты орындап көрсете білген. Мұнда «ялла» ұғымы осы жанрдың қасиеттерімен тығыз байланысты пайда болғанын атап өткен жөн. Кәсіби ялла ән жанрдың тақырыптық шеңбері (ялла) өте кең.

Мысал 1

Ялла жанрындағы әндердің сөздері негізінен махаббат тақырыбына арналған және жеңіл әзілде бейнеленген халық өлеңдеріне негізделген силлабикалық өлшем (негізінен 7-8 буынды). Көптеген ғасырлар бойы ялла дәстүрлі түрде олар отбасылық (үйлену) рәсімдерінде және мерекелерде орындалды, бұл іс-шаралардың мазмұны мен тартымдылығын қамтамасыз етті. Мұны атап өту керек ялла ән үлгілерінің мәні мен мазмұны ең жарқын және терең олардың интонациясында көрсетілген.

Бұл ялла Наманган әйелдерінің репертуарында бар-яллаци, екі әйел (дуэт) орындайды, олар орындау кезінде ерекше театрландырылған қойылым көрінісін ойнайды. Әйелдердің бірі өнер көрсетеді. Жалпы, мұндай берілген тетрализацияланған интерпретация

үлгі куплет-хор формасының келесі құрылымын тудырады:

A + B + A1 + B + A2 + B + A3

«Ялла» ән жанрындағы негізгі ерекшелігі ол түркі тілдес халықтарының арасындағы тұрмыстық, әндете орындалатын жанр байланыстыратын ажырату аясында қарастырып көрсетер болсақ. Бұл интонациялық ерекшелігі, халық әндерінің байланысы арқылы орындалуы. Шығармаларда архаикалық интонациялық құрылуы арқылы әуенді-екпінді инварианттылыққа тән орындалуын аңғара аламыз. Бұл «Ялла» ән жанрында интерпретация арқылы жаңа фольклорлы бейнелік ерекшеліктерін аңғаруға болады. Жалпы түркі тілдес халықтардың өзара байланысы ол өнер арқылы сабақтасып жатыр, осы тұста ән жанрларында интерпретациясы бір-бірімен байланысты болып келеді. Жалпы орындаушылық өнердің бір уақытта дамуы ол өзара байланыс болып келеді. Композитор-орындаушылардың шығармашылығының ерекшелігі ол дәстүрлі өнерді жаңа бағытта насихаттау арқылы дамыту болып табылды Жалпы интерпретацияның негізгі бағыттары:

– Халық әуендерін мен дәстүрлі әр бір халықтың шығармашылығына жаңа леп беру арқылы ән өнерді дамыту;

– Авторлық шығармашылықтың еркін болуы, яғни модуляция, гармониялық ерекшеліктердің дамуы, жаңа нұсқасы;

– Музыкалық шығарманың шумақ және қайырма нұсқалы дамуы;

– Музыкалық форманың 8т+12т дейінгі байланысы дамуы;

– Музыкалық формалы құрылымның жай, аралас, күрделі құрылымы;

– Орындаушылық ерекшеліктердің дамуы; эмоционалды, орындаушылық ерекшелікке байланысты.

– Әр бір ұлттық өзіндік аранжировкалы ерекшелігі: ұлттық музыкалық иірімдері мен халықтық бағыттық ерекшеліктері, гармониялық үйлесімі.

Жалпы мақаламызды тұжырымдай келе, түркі тілдес халықтарының ішінде қазақ және өзбек елдерінің мысалында жалпы ән жанрлық ерекшеліктері бойынша қарастырып көрсетілді. Түркі тілдес халықтарының өзбек ұлтының ән жанрлық бағыттары бойынша зерттеу арқылы, би түрінде орындалатын ән түрлерін қарастырылып зерттеу арқылы жүргізілді.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Тансуг Ф. «Мир тюрких звуков» 2012, 300 б.
2. Затаевич А.В. Песни разных народов, -Алма-Ата: Жазушы, 1971. -312 с.
3. Эйхгорн А. Музыкально-этнографические материалы//Музыкальная фольклористика в Узбекистане (первые записи). –Ташкент: Издательство Академии наук Узбекской ССР, 1963. - 195 б.
4. Готовичкий М.В. О характере киргизских песен// Записки Туркестанского императорского общества любителей естествознания и этнографии. –Ташкент, 1879, т1
5. Потанин Г. Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. –Алма-Ата. Наука, 1972.-384 б.
6. Ерзакович Б.Г. Песенная культура казахского народа. –Алма-Ата: Наука, 1966. – 402 с.
7. Кароматли Ф. Музыкальное наследие тюркских народов в наши дни//Музыка тюркского мира: Материалы Первого международного симпозиума.Алматы, 3-8 мая.1994. – Алматы:Дайк Пресс, 2009. -320 с.
8. Касимова З.М. Интеграционные процессы в музыкальной культуре тюркязычных народов (на материале свадебных песен). Монография. –Алматы, «Әдебиет Әлемі» 2017. – 238 с.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОМУЗЫКАТАНУ АЯСЫНДАҒЫ А.З.ТЕМІРБЕКОВАНЫҢ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

Жексембаева Дина

Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы
«Музыкатану және композиция» кафедрасының 4-курс студенті
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Ғылыми жетекшісі: **Оспанова Т.Ө.**

Қазіргі кезеңде қазақ халқының рухани құндылықтарын ұқыпты қарау және сақтау мақсатында, отандық музыкатанушылар мен этномузыкологтардың еңбектерін жан-жақты зерттеу маңызды. Талдамалық ғылым эволюциясының динамикасын анықтау мақсатында көркемдік үдерістің даму ерекшеліктерін зерделеу, ұлттық музыка өнерінің өзекті мәселелерін жаңа қырымен қарастыру үшін жаңа ғылыми - теориялық еңбектер қажет екені белгілі. Бұл процесте музыкалық мәдениеттің құбылыстарын ғылыми тұрғыдан түсінетін және музыкалық өнердің әртүрлі аспектілерін жүйелейтін музыкатанушылардың рөлі маңызды.

Музыкатану ғылымының қарқынды дамуы әсіресе 70 жылдардың басы мен одан кейінгі онжылдықтарда маңызды болды. Бұл кезеңде музыка өнерінің өзекті мәселелерін жан-жақты зерттеу үрдісі, қазіргі көркемдік процесті де қамтитын орасан зор материалды жалпыға бірдей қамтуға ұмтылыс байқалады. Олардың тарихи, мәдени және этномузыкалық бағыттылығын зерттеу перспективасының кеңеюі аналитикалық ғылымның даму динамикасына ықпал етеді: қазақ халқының көркемдік дәстүрлері тек макродеңгейде ғана емес, сонымен қатар микродеңгейде бекітілу және дәстүрлі фольклорды зерттеу, оның түрлерін, жанрлық, аймақтық және стильдік ерекшеліктерін жіктеу, қазіргі жағдайда ауызша кәсіби музыканы қабылдау, әсер ету және қызмет ету формаларын зерттеу керек.

Музыкатанушы Алма Зарапқызы Темірбекованың ғылыми және шығармашылық қызметі әлі де толық зерттелмей, оның жемісті көпжақты жұмысына – зерттеуші - ғалым, педагог, дарынды теоретик, музыка тарихшысы, тамаша этномузыколог ретінде лайықты баға толығымен берілмеген.

Оның көзі тірісіндегі іргелі еңбектер – «Інжу-маржан шоғыры», «Қазақ халық әндері», «Қазақ кеңестік халық әнінің ладтық-ырғақтық негізі» кітаптары, «Жетісудың ән шығармашылығын музыкалық-теориялық зерттеу туралы», «Халық эпосының музыкалық бояулары» мақалалары жарық көрді. Оның еңбегі бүгінгі күнге дейін қазақстандық музыка тарихында үлкен құндылығын сақтап қалды дейміз.

Қазіргі заманымызда халық музыкасының дәстүрін сақтау, зерттеу, оны көпшілікке жеткізу өзекті мәселе болып тұр. Соған байланысты А.Темірбекованың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның Қазақстанның музыкатану және этномузыкатану ғылымына қосқан үлесін анықтау маңызды.

А.З.Темірбекованың (1929-2009) музыкатанушы, педагог, қоғам қайраткері ретіндегі қызметі Қазақстанның көпұлтты мәдениетінің ХХ ғасырдың екінші жартысындағы дамуымен тығыз байланысты.

А.Зараповна сәуірдің бірінші айында Алматы қаласы 1929 жылы туылған. Атасы Темірбек — атақты Ақан Серінің сүйікті шәкіртерінің бірі болған ақын кісі. Ал әкесі Зарап Мусинович Темірбеков— қоғам қайраткері, журналист әрі ақын Алманың бала шағынан музыкаға әуестілігін ашып, оның өмірінде аса маңызды рөл атқарды. Тағы да әкесі - Зарап А.Жұбановтың жақын достарының бірі болатын. А.Жұбановтың айтуы бойынша: «Жас жөнінен түйдей құрдас болсақта өзім ұстазымдай көруші едім» деген. Анасы Сахиб-Камал - халық ағарту ісінің белсенді өкілі болған [1,31].

А.З. Темірбекова Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының тарихи-теориялық факультетін 1954 жылы бітірген. ҚР халық әртісі, атақты композитор, музыкатанушы, профессор Ахмет Қуанұлы Жұбановтың ұсынысы бойынша ол өзінің

болашақ қызметін музыкалық фольклормен байланыстырады. Бір қарағанда, бұл А.Темірбекованың өмірбаянындағы маңызды сәт болды. Өйткені, сол жылдары Қазақстанда зерттеу ойының дамуындағы маңызды буын болып табылатын ғылыми - зерттеу кабинетін басқарған көрнекті ғалым А.Жұбановтың болашақ кәсіби қызметтегі бағытты таңдаудағы рөлі баға жетпес болып шықты. Сол кезде Қазақ фольклористикасы ұлттық кадрлар қатарынан жоғары музыкалық тарихи-теориялық білімі бар мамандарға аса мұқтаж болды. Халық музыкалық шығармашылығының байлығын жинауға және зерттеуге жастарды тарту, республика облыстары бойынша экспедициялық сапарларды практикалау қажет болды.

ҚР халық әртісі, атақты композитор, музыкатанушы, профессор, өнертану ғылымдарының докторы, Қаз КСР ҒА академигі А.К.Жұбановтың шығармашылық және қоғамдық қызметі Қазақстанның музыкалық мәдениетінің қалыптасу тарихындағы тұтас дәуірді құрады. Музыкатанушы ғалым ретінде ол өткеннің ғасырлық тәжірибесін жалпылап, болашақтың негізін қалап, дамыта алды. Аса көрнекті зерттеушісі болып, үш жүзге жуық ғылыми-зерттеу және музыкалық публицистика түріндегі жұмыстар мен мақалаларды жазып, айтулы еңбектер қалдырып кетті [2,8].

А. Жұбанов тек қазақ музыкасын зерттеумен шектеліп қалған жоқ. Оның ғылыми ізденістерінің аясы кең және алуан түрлі, яғни ұлы классик композиторлар, орыс және қазақ музыкасының қайраткерлері, тағы да көптеген туысқан халықтардың (Атыраулы елдің өнері; Азербайжан музыкасы (Баку сапары); Башқұрт музыкасы (Уфа сапары); Ұйғыр халқының көркемөнері жөнінде музыкасын зерттеп, олардың қазақ музыкасына ұқсастық белгілерін айқындады. Б.Г.Ерзакович айтуы бойынша: «Ғалымның (А.Жұбанов) қай еңбегін алып қарасаңыз да ең алдымен көзге түсетін нәрсе – теориялық талдауды шығарманың тарихымен және соны туғызған әлеуметтік негізбен ұштастыра келіп, соның бәрін халық өмірімен тығыз байланыстыра отырып, тек өзіне ғана тән уытты тілмен жігін білдірмей қиюластырып, тұтасқан көркемдік дүниесіндей етіп бере білетіндігі дер едік» [3,42].

Өмір бойы, әсіресе кәсіби қалыптасу жылдарында А.З. Темірбекова көптеген танымал музыкатанушылармен кездесіп, ғылыми зерттеу әдістерімен танысу бақытына ие болды. Мысалы, ғылым жолына әбден бет бұрған жігерлі де қайратты Алма Темірбекова 1962-1965 жылдары Мәскеудің Бүкілодақтық өнертану ғылыми-зерттеу институтында қызмет атқару кезінде Ю.В.Келдыш, Б.М.Ярустовский, Е.В. Гиппиус, М.Е. Тараканов, Н.В.Туманина тәрізді ірі ғалымдарынан үлгі-өнеге үйреніп, дәріс алды. Бірақ ол үшін музыкатанушы ретінде қалыптасуы мен дамуында белгілі ғалымдар - А.Қ. Жұбанов пен В.М.Беляев үлкен рөл атқарды.

А. Темірбекованың алғашқы ғылыми жұмысы Жетісудың ерекше халық-ән шығармашылығын зерттеу болды. Экспедицияларда А. Темірбекованың жиналған материалдар – одақтас республикалардың көптеген ғылым академияларының музыкатанушыларының үлкен тобын тәрбиелеген көрнекті кеңестік музыкатанушы ғалым, шығыстанушы профессор Виктор Михайлович Беляевтің (1888-1968 жж.) жетекшілігімен сәтті қорғалған кандидаттық диссертацияға негіз болды. Диссертация «Жетісу қазақтарының ән творчествосы» деген тақырыпта 1966 жылы Мәскеуде, Бүкілодақтық өнер ғылыми-зерттеу институтында қорғалды. Беляевтің жетекшілігімен басқа да Гүлжауһар Шомбалова, Мәриям Ахметова, Борис Григорьевич Ерзаковичтер кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғады. Бұл жұмыстар қазақтың халық музыкасын зерттеуге қомақты үлес қосты.

Осылайша, біз Алма Темірбекованың өз уақытында лайықты білім алғанын, оның болашақ кәсіби қызметінде дұрыс бағытты таңдауда және одан әрі ғылыми талдауда, баға жетпес музыкалық-фольклорлық материал мен музыкалық мәдениеттегі заманауи құбылыстарды жүйелеуде, А.Жұбанов пен В.Беляев сияқты көрнекті зерттеуші ғалымдар ойнағанын көреміз. А.Темірбекова өзінің ғылыми-зерттеу қызметінде олардың қалыптасқан ғылыми дәстүрлерін жалғастырды деп айтуға болады.

Темірбекованың өмірінде Қазақ КСР-нің Халық әртісі, профессор композитор, қоғам қайраткері Ғазиза Жұбановамен (1927-1993) шығармашылық және достық байланыстары ерекше орын алады.

1958 жылы А.Темірбекова Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерватория студенттерінің және жаңадан құрылған фольклорлық кабинеттің ғылыми қызметкерлері алғаш рет Талдықорған облысына барды [4,3].

Яғни *аймақтық зерттеу экспедициясын* алғаш бастаған А. Темірбекова болып отыр.

Экспедицияның мақсаты халық арасында тараған музыкалық шығармалардың үлгілерін жинау болды. Талдықорған облысының барлық дерлік аудандары қамтылды.

А.З. Темірбекова Қазақстанның көптеген өңірлерінде – Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Семей, Омбы облыстарында болды. Ол халық музыкасының көптеген үлгілерін жазуға және транскрипциялауға қатысты.

Аймақтар бойынша жиналған әндердің мұндай талдауы ән материалын жинау кезінде жанрлардың аймақтық локализациясы туралы шамамен түсінік бере алады.

Фольклорлық экспедицияның нәтижесінде, әр түрлі жанрдағы 70-ке жуық әндер А. Темірбекованың «*Қазақ халық әндері*» кітабында көрсетілген [5,11].

Темірбекованың ұстазы Беляевтің әдіснамасының негізінде *тарихи-типологиялық зерттеу әдістемесі* маңызды рөл атқарады. Алма Темірбекова осы дәстүрдің жалғастырушысы ретінде осы зерттеу әдістемесін өз ғылыми кітаптарында қолданған.

Өз еңбегінің алғашқы тарауында А. Темірбекова Жетісу әндерінің жанрлық ерекшеліктеріне, оның поэтикалығына, тақырып ауқымының кеңдігі мен сан-салалығына, музыкалық түрдің байлығына тоқталады. Речитативті форма – терме халықтық речитацияның бұл түрі қазіргі күнде де сақталып отыр. Қазақстанның өзге облыстарындай Жетісуда да табиғат сүреттері негізгі орын алатын кең құлашты әндер мен лирикалық мазмұнға бай жұмсақ әндер де көп. Автор революцияға дейінгі әндермен қатар бүгінгі заманда дүниеге келген әндерді де талдаған [6,172].

Жетісу әндерінің ритмикалық құрылымын А. Темірбекова оның төрт жолдың сегіз буындық *хорели* құрылымы басым болып келетін өлеңдерін негізімен байланысты қарастырып, дұрыс жасаған.

А.З. Темірбекова сондай-ақ ритмикалық құрылымы триолдар енгізу, соңғы буындарды созу, созылынқы ырғақты күшейту және т.б. тәсілдерге де тоқталады.

Бұл арада қазақ өлеңі құрылымының формасын ескере отырып, олардың ән әуеніне орай кейбір тұста өзгертіндігін де дәлелдейді.

Жетісу әндерін талдауды музыкалық форма мәселесімен түйіндейді. Бұл арада ол бір бөлімдік форманы да кездестіріп, мұны зерттеуге жинаққа тіркелген қосымшадағы нақты әндік мысалмен тиянақтайды.

Қорытындыда Жетісу әндерінің ладтық мелодикалық және ырғақтық жағынан байлығы мен ерекшелігін, пентатонды-диатоникалық ладтардың кездесетінін, өлеңдік форманың әндік творчествоға әсерін, әннің музыкалық формасын кеңейту мелодиядағы шарықтау шегін күшейту үшін қайырма сөздерінің жиі қолданылуы. А.В.Затаевич пентатониканын таза күйде жолықпауын айтқан.

Жетісуда шырқап салатын кең диапазонды әндермен қатар «құрылымы әлдеқайда қарапайым әндер» де кездесетіні жайлы жазылған. Құрылымы қарапайым әндер жалғыз Жетісуда ғана емес, Қазақстанның барлық облысында кездеседі [7,4].

А.З. Темірбекованың диссертациясы қазақ халқының әндік творчествосын зерттеудегі үлкен орынды толтырады. Бұл жұмыс қазақ музыкасындағы форма, мелодия лад, ырғақ мәселесін теориялық жағынан тиянақтауға тұңғыш талпыныс болып табылады. А.З. Темірбекова осы еңбекте өзін ғылыми жұмысқа толық дайындығы барлығын көрсетті, өйткені оның теориялық пікірлері, қазақ музыкасына жаңа белес болып табылады.

Енді А.Темірбекованың басшылығымен Талдықорған облысы экспедициясында жиналған және қазір Құрманғазы атындағы консерваторияның фольклор кабинетінде сақталған әндерінің ішінде кейбіреулеріне анализін ұсынамыз. Оның жұмыстарында мелос, метроритм, ладтық-интонациялық құрылым, жергілікті және стиль мен ұлттық музыкалық тілдің ерекшелігі терең зерттелінген [8,9].

Қазіргі уақытымызда Темірбекованың әдістемесінен басқа, ән зерттеудің жаңа методикалары құрастырылды (Байгаскина, Қожабеков, Амирова т.б) олардың ішінде Б.Қаракұловтың (өнертану докторы), заманауи методикасын негізіне алып А.Темірбекова «Қазақ халық әндері» жинағынан «Туған айдай» әнін талдадық.

1958 ж. Бөрлі-Төбе ауданының Көпбірлік колхозында, Ақсу ауданы Абакумовка ауылында жазылған. Орындаған: Айғалиева С. Қарапайым ритмикада жазылған ән, шағын диапазонды. Қара өлең формасында жазылған.

Туған Айдай

Fis=G
Умеренно $\text{♩} = 116$

Халық әні
Орындаған: Айғалиева С.

Біз жұмысқа шығамыз белді байлап, ахау.
Қызу түрде екпінді еңбек етіп, ахау.

Арадағы жалқауды куыпайлап, сәулем ай!
Кешке жақын қайтамыз күліп-ойлап, сәулем ай!

10 Қайырмасы:

Атысеміз Арқаның, өткен жазда байқалдым.
Туған айдай толықсып, тұр сәулемсі қалқаның.

Сонымен қатар өткен ғасырдың 2 жартысында нотаға түсірілген халық әндері натуралды құрылымында, кейбір кезде бас кілтінде жазылған. Қазіргі уақытта біз халық әндерін ре – соль стройында яғни құрылымында түсіреміз.

«Туған Айдай»

Өлең өлшемі	$4+3+4(2)$ $4+3+4(3) : $ Қ/сы: $4+3+4+3 :$	Музыкалық құрылымы	A=a+b+c B=a1+b+c1(d): Қ/сы: C=a2+b+a3(d):
Дыбыс қатары (диапазоны)	$g1 a1 h1 c2 d2....$ $g1 a1 h1 c2 d2 : $ Қ/сы: $g1 a1 h1 c2 d2 :$	Ырғақтық құрылымы	
		Қ/сы:	

Жетісу аймағындағы әндердің жалпы ерекшеліктері бар:

- олардың құрылымында диатоникалық, пентатондық, пентатонды- диатоникалық ладтар кездеседі;

- Біржан мектебінің(яғни арқа мектебінің) әсері айқын байқалады;

- көбісінде 11-13 буындық қара өлеңнің құрылымы басым болып келеді; формасы жағынан речитативті;

- тағы да триолдар енгізіліп, соңғы буындар созылып, созылықы ырғақ күшейеді.

Кеңестік кезеңдегі әндері де ерекше орын алады. Оларды зерттеуге А. Темірбекованың тағы бір жұмысы – «Қазақ Кеңестік халық әнінің ладтық-ырғақтық негізі» (Қазақ совет халық әнінің пернелік ырғақтық негізі) арналады [9,3].

А.З. Темірбекова арнайы мамандықтарға арнап «Музыкалық этнографиялық тәжірибе» атты лекциялық курсының авторлық бағдардамасын құрастырды. Оның жетекшілігімен фольклорлық кабинетте болашақ жетекші қазақстандық композиторлар Б. Дәлденбай, Қ. Шілдебаев оқыды.

А.З. Темірбекованың сөзсіз еңбегі - ол қазақстандық және кеңестік фольклористердің бастамаларын тамаша жалғастырып қана қоймай, халық музыкасының үлгілерін жинаған және жариялаған алғашқылардың бірі болды. Оның еңбектерінде қазақ ән мәдениетінің музыкалық-стильдік талдауы, оның семантикасы мен жергілікті ұлттық ерекшеліктерінің кейбір аспектілерін зерттеу тұрғысынан жүзеге асырылып, қазіргі музыкалық мәдениет пен фольклористикаға үлкен үлес болды.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Құраст. Омарова А.Қ., Қазыбекова Ж.А. – Алматы: ТОО Издательство LEM, 2013;
2. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. Алматы, 2002;
3. Ерзакович Б.Г., Коспакон З.К. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы. Алматы, 1986;
4. Темирбекова А. Алмазная россыпь – Алма -Ата: Өнер, 1980;
5. Темирбекова А. Казахские народные песни (в музыкально -теоретическом освещении). - Алма-Ата: Жазушы, 1975;
6. Темирбекова А. Обрядово-бытовые песни // История казахской музыки в 2-х томах Традиционная музыка казахского народа. Песенная и инструментальная. Алматы, 2000.
7. Темирбекова А.З. Песенное творчество казахов Семиречья. Дисс. канд. искусств. наук. М., 1966;
8. Темирбекова А. О музыкально - теоретическом изучении песенного творчества Семиречья (Известия АН КазССР, серия филологич. наук, 1977, № 4);
9. Темирбекова А.З. Ладо-ритмическая основа казахской советской народной песни - Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1975.

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Туктибаева Айнуp

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

2-курс магистранты

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Ғылыми жетекшісі: **Келгембаева Б.Б.**

Қазір жас ұрпақты жан-жақты дамыған парасатты адам етіп қалыптастыру, оның бойында ұлттық сананы орнықтыру, өзін қоршаған дүниедегі, табиғат, адам өміріндегі, әдебиет пен өнердегі тұрмыстағы, салт-дәстүрдегі сұлулықты, жақсы мен жаманды ажырата білуге тәрбиелеу маңызды. Осыған орай, қазақ фольклорын оқыту барысында ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын, әдеби, мәдени бай қазынасын баланың зердесіне орнықтырып, парасатты, эстетикалық талғамы жоғары азамат етіп тәрбиелеп өсіру қазақ әдебиеті мұғалімдерінің міндеті.

Эстетикалық талғам эстетикалық тәрбие арқылы қалыптасады. Ал эстетикалық тәрбие дегеніміз – қоршаған дүниенің, өнердің сұлулығын баланың көру және сұлулыққа талпыну қабілетін дамыту мақсатымен оның жеке басына ықпал етуге бағытталған, жүйелі үрдіс. Балаларды өнер құралдарымен тәрбиелеу – көркемдік тәрбие пәнін құрайды. Эстетикалық

сезім дегеніміз – өмірдегі, көркем өнердегі әсемдікті қабылдаудан туатын эстетикалық нәр алу, толқу, рахаттану. Ол адам табиғатына ғана тән жоғарғы сезім [1].

Мектеп бағдарламасында қазақ фольклорын оқытуға мол орын берілген. Қазақ балалар фольклоры шығу тегі мен орындаушыларына қарай – үлкендер тарапынан балаларға арналып айтылатын және балалардың өздері орындайтын шығармалар болып екі топқа бөлінеді. Алғашқысының қатарына бесік жыры, маусымдық жырлар, мәпелеу жырлары, жұмбақ, жаңылтпаш шығармалар жатса, соңғысы қаламақ, санамақ, сұрамақ, тақпақ балалар өлеңдерін қамтиды. Сонымен қатар, Қазақ балалар фольклорын ірі-ірі төрт арнаға жіктеп қарастыруға болады. Олар:

1) әлпештеу поэзиясы. Әлпештеу поэзиясына жататын жырларды шығарушылар да, орындаушылар да – ересектер. Ол жырлар сәбидің шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап оны бағып-қағуға арналған түрлі салт-дәстүрлерді сүйемелдейді, ата-ананың, қалың жұртшылықтың сәбиге деген сүйіспеншілігін, арман-тілегін, халықтық идеалды жыр тілімен өрнектейді. Бөбектің денінің сау, ауру-сырқаудан аман, ширақ болып өсуімен қатар, ең бастысы, оның рухани жетілуіне қызмет етеді;

2) жеткіншектер жыры. Бұл топқа балалардың өздері шығарып, өздері айтатын және ересектер фольклорынан ауысып, балалардың орындауына көшкен жырлар жатады. Ол әлпештеу жырларынан кімдер орындайтындығымен ғана ерекшеленбейді, поэтик. құрылымымен де, атқаратын қызметімен де, тақырыптық, мазмұндық жүйесімен де ажыратылады. Бұл топқа балалар мен ересектердің орындауында қатар өмір сүріп келе жатқан наурыз жыры, жарапазан, маусымдық жырлар, арнау-тілек өлеңдер, тақпақ, сұрамақ, қызықтама, өтірік өлең, мазақтама сияқты өлең-жырларды топтастыруға болады;

3) ойындық фольклор. Мұның қатарына балалар ойыны кезіндегі ойынға шақыруға ойынды бастауға, оны жүргізуге қызмет ететін өлеңдер (қаламақ, санамақ, мен өлең ойындарды (тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақ, балалар айтысы) қосуға болады. Жалпы, балалар фольклорына тән шығармалардың барлығында ойындық белгілер болатыны сөзсіз, бірақ ойындарға арналған балалар фольклорына жататын туындыларда, бұл сипат ерекше басым көрінеді, оларда ойынға тән драматизм мен қимыл-әрекет, динамизм күшті. Ойынға шақыру өлеңдері, қаламақ, санамақ, ойын ішіндегі өлеңдер тікелей балалар ойындарымен бірге өмір сүрсе, халық арасында кең тараған жұмбақ, жаңылтпаштар, тәжікелесулер сөз арқылы ойналады;

4) балалар тіршілігінде қара сөзбен айтылатын балалардың прозалық фольклоры. Балалар күнделікті өмірде ересектер аузында айтылатын магиялық фольклордан бастап, аңыз-әңгімелерге дейін үйреніп, жаттап, соларға еліктеп айтып жүреді. Солардың ішінде әсіресе, ертегілердің алдыңғы орында тұратыны белгілі. Бірақ сәби, жеткіншек жасындағы балалар ертегілердің барлығын игере бермейді. Ол балалардың жас ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отырады. Сондықтан балалардың прозалық фольклорының қатарына оқиғасы жеңіл, шағын да тартымды, тілі жатық тізбекті ертегілерді, себептік мифтерді, үрейлі әңгімелерді, кейбір батырлық аңыздарды жатқызуға болады.[2]

Өйткені фольклорлық шығармалар баланың қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдап, дүниені тануына ықпал етеді және оның таза парак сынды санасы мен жас жүрегін баурап алатын қасиетті күшке ие. Академик-жазушы М.Әуезов: «Біз ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы Отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, эстетикалық мәдениет пен рухани байлықты сол халықтың өткендегі өмірін, аңсау-арманын, әдет-ғұрпын, халық тәрбиесінің жемісін көреміз», - деп фольклордың тәрбиелік мәнін ашып береді. [3].

Сонымен қатар 7-сыныпта қазақ әдебиетінен оқытылатын «Қыз Жібек» лиро-эпостық жыры-ұлттық әдемілік ұғымының эталоны. Жырда қазақтың салт-дәстүрлері; естурту, жоқтау, зарлай арнау, айтыс, сыңсу т.б кездеседі.

"Қыз Жібек" эпосын махаббат гимні деудің әбден жөні бар. Оның нағыз көркем туындыға айналу процесі жүріп жатқан кезде, яғни XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ қоғамында жеке бастың, сезімнің бостандығы, махаббат еркіндігі туралы мәселе мұндай

деңгейде ашық айтыла бермеген, ескі рулық заманның неке мен отбасына қатысты ежеқабыл, қалыңмал, көп әйел алу, әменгерлік сияқты салттары үстем болған. Солай бола тұрса да, "Қыз Жібек" жырының шығуы сол дәуірдің өзінде-ақ халықтың идеал туралы эстетикалық пайым-түсінігінде белгілі бір дәрежеде өзгеріс болғанын айғақтайды. Төлегеннің де, Жібектің де өзіне лайық жар іздеуі, сүйіспеншілікпен үйленуді көздеуі - сол кезеңдегі жастардың ойында, көкірегінде жүрген арманын, мұңын, тілегін аңғартады. Жырдың ел арасында кең тарағанының бір себебі осында болса керек.

Төлеген - қазақ эпосы, тіпті, бүкіл қазақ фольклоры үшін жаңа кейіпкер. Төлеген үшін өмірдің мәні де, сәні де - махаббат, махаббат үшін күресіп, өмір сүру, сүйгеніне үйлену. Сондықтан да болу керек, оның мінезі де, істері де әдеткі эпостағыдай емес. Ол аң да ауламайды, мал да бақпайды, жастайынан ерлік мінез де танытпайды, батырлық өнерді де үйренбейді. "Періште сипатты ұл" боп тууының өзі - оның ерекше сұлу болатынын білдіреді. Демек, ол батыр болмайды: Төлеген кәдімгі батырларша "сағат сайын" өспейді, бозбала кезінде ешбір ерлік іс-әрекет жасамайды. Есесіне он екі жасында өзіне пара-пар сұлу қыз іздей бастайды. Он алты жасқа толғанда ат тұяғы жететін жерді түгел шарлап шығады. Қыз Жібек туралы ести сала ол еш ойланбастан жолға шығады. Оның қызды таңдауы да өзгеше. Қызын көрсеткен әрбір адамға бір жорғадан береді. Тіпті, Төлегеннің өзі Жібекке құда түседі. Бұл да - оның ерекшелігі. Оның құда түсу әдісі де айрықша. Алдымен жұртқа жорға таратып, Шекті еліне "мырзалықпен" танылады да, Қаршыға арқылы Жібекті көруге мүмкіндік алады. Бұл жерде Төлеген тағы бір мінез көрсетеді. Ол Қаршығаның сөзіне сеніп қана Жібекке іңкәр болмайды, мақтаулы қызды өз көзімен көргісі келеді. Яғни, Төлеген қызға сырттай ғашық болғысы келмейді, қызды өзі сынап, өзі тілдесіп қана бағаламақ.

«Қыз Жібек» Е.Г.Брусиловскийдің композиторлық мұрасында тарихи міндетті атқаратын маңызды шығарма есебінде ерекшеленеді: ол тек қазақтың тұңғыш операсы ғана емес, сондай-ақ қазіргі кәсіби шығармашылықта шоқтығы биік, ең үздік туынды болып табылады. Операны қабылдау дәстүрінде партитурасының, спектакілінің, таңқаларлық сахна көрінісінің пайда болуы мен туындау шартының таңғажайып тағдыры мен ортақ мәдениеттер контекстінде маңыздылығы байқалады.

Операдағы сөз компоненттерінің ерекше назарға алынуына бірнеше фактор септігін тигізді: біріншіден, ұлттық тақырып пен ойлау қабілеті ұштасқан ақын-драматург Ғабит Мүсіреповтің қаламынан шыққандығы себеп болды. Сөзсіз: өмірдің байырғы дәстүрлі құрылымдары мен оны қабылдауды либреттоның композициясы мен драматургиясында суреттеген жазушының сезімталдығы, талғамы арқылы алғашқы тараптан материалды құрастыруы шығарманың көркемдік ерекшелігі мен тартымдылығын белгіледі. Екіншіден, «Қыз Жібек» операсы айрықша жанрлық табиғатымен, үшіншіден, оның анықталу дәстүрімен. Музыкатанушылардың жұмысында (әдеттегі «Айман – Шолпан», «Шұға» атты алғашқы музыкалық драмалық қойылымдармен салыстырғанда) «Қыз Жібекте» жетекші міндетті музыка атқаратыны баса айтылған.

«Қыз Жібек» операсында XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы композиторлық шығармашылықтың (мысалы, Жаяу Мұса, Зілқара, Тәттімбет, Мұхит, Мәди, Ыбрай) айқын жекешеленген үлгілері, кейіпкерлердің мінезіне және уақиғаға сәйкес сұрыпталған халықтың ән мен күйін пайдаланып, дәстүрлі өнердің білімпаздары мен оны бағалай білетін өкілдері Құрманбек Жандарбеков, Күләш пен Қанабек Байсейітовтер, Манарбек Ержанов атсалысып, Е.Г.Брусиловскийдің шығармашылық ықылысы мен сезімталдылықпен жүзеге асыруымен қатар, «қазақтың көшпенді тұрмысындағы рухани бастаулары мен әдет-ғұрыпы фольклордың эпикалық үлгісін» айқын бейнелей, «лирикалық-романтикалық поэманың» [5] бірінші бөлімінің негізінде шығарылған либреттоның мазмұны мен құрылысын ерекшеленгеннің арқасында туындының эстетикалық феномені белгіленді.

Еуропаның эстетикалық қабылдау канонынан бас тартып, «Қыз Жібек» операсының сюжетіне ұлттық фольклорлы эпикалық сюжеттік байлам тарапынан алғанда алдымызда «батырдың қыз айттыруы» ұсынылған.

Дәстүрде қызды айттыру мотивтері қазақ эпос шығармаларында жиі кездеседі. Мысалы, Қамбар, қалмақ ханы Қараманмен қанды күреске түсу арқылы өзіне қалыңдықты алады және Алпамыс өзінің қалмақ бәсекелестерін жеңгеннен кейін ғана Гүлбаршын деген зайыбы болады. Бұл сюжет Қыз Жібек туралы эпоспен сабақтасады. Төлегеннің інісі Сансызбай Көрен ханмен бәсекелестікте жеңіп, батыр ретінде ерлікпен құдаласады.

Фольклорлық мәтіндерді көпшілік қауымға, кейінгі өскелең жас ұрпаққа насихаттау жұмыстары заман талабына сай өзгеруі тиіс. Орыс немесе шет ел фольклорына арнап шығарылған еңбектерде, көбіне персонаждар суреттермен беріледі. Ал бізде мұндай жинақтар саусақпен санарлықтай, тіпті жоқтың қасы. Ғылым мен техниканың жаңалықтарын оңтайлы пайдаланып, ертегі, аңыз, хикаяларымыздағы персонаждарды түрлі түсті суреттермен бейнелеп, бүлдіршіндер мен мектеп оқушыларына арналған жинақтарды шығару – уақыт күттірмейтін іс.

Бүгінгі таңда балалардың басым бөлігін әлеуметтік желілер тәрбиелеп жатыр. Жан - жағымызға зер салсақ, фольклорлық дәстүрді жаңғырту мәселесі әлем елдерінде кең етек жайғанын айқын аңғарамыз. Ойыншықтар мен компьютерлік ойындар, анимациялық фильмдер мен кино арқылы заманауи кеңістікті «жаулап» алған өзге жұрттың фольклорлық қаһармандары сол елдердің дәстүрін насихаттап, жастарымызды баурап жүр.

«Баяғы өткен заманда,
Дін мұсылман аманда,
Жейделі Байсын елінде,

Қоңырат деген жерінде... - деп басталатын батырлар жырын тыңдап, қиялында қылышын қынабынан сурып, «астыңғы ерні қыбырлап, үстіңгі ерні жыбырлап, қиналғанда адамша сөйлейтін» арғымағын мініп, жауға шабатын бала қазір қалмады десек, артық айтқандық болмас. Оның орнына қолынан жаңа үлгідегі қалта телефондары мен түрлі модельдегі гаджеттерді тастамай, ғаламтор кеңістігінен шым-шытырық мультфильмдер мен бейнежазбаларды қарайтын жеткіншектеріміз бен бүлдіршіндеріміз өсіп келеді.[6]. Сондықтан да кез келген қазақ баласының батырлық туралы ұғымы Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын батырлармен, сұлулық туралы ұғымы Құртқа, Гүлбаршын, Ақжүніс бейнелерімен қабыса қоймайды.

Қазақ фольклоры – ұлттық мәдениеттің бір бөлігі. Көркемдік құндылығы жоғары Батырлар жырлары мен Ғашықтық дастандардың кейіпкерлерін визуалдау, оларды қатыстыра отырып сюжетті анимациялық фильмдер мен ойындарды құрастыру арқылы қазақстандық патриотизмді насихаттау, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бір тетігі.

«Фольклордың қай туындысын алсақ та ғибрат айтарлық, жөн-жоба мен үлгі-өнеге көрсетерлік қасиеті мол. Мұның бәрі де халық пікірі, келешек ұрпақты тәрбиелеудің эстетикалық құралы деп тануды қажет етеді. Өйткені, көркемдіктен ләззат алу, әсемдік пен сұлулықты ардақтау, озық мәдениетке бастап, жамандықтан жирендіріп отыру- халықтың талап-талғамының жемісі, сыншылдық көзқарасының нышандары», - деп ғалым Т.Кәкішов фольклор жанрларының жастар тәрбиесіндегі маңызын ашып көрсетеді.

Қазақ фольклоры – жас ұрпаққа дәстүрлі дүниетанымды түсінуге мүмкіндік беретін халық даналығының қайнар көзі. Ол-өмір сүрудің мәні мен мазмұнын, ұлттың тарихи тағдырын, болмысын, дүниетанымын айқындайтын өшпес мұра. Халық ауыз әдебиеті жанрларын тәрбие құралы ретінде пайдаланып балаларды ақылдылыққа, парасаттылыққа, адамгершілікке баулап жауыздық пен күресіп жеңе білуді уағыздаған, әділдікті үйрету маңызды.

Ананың әлдиімен, әженің ертегісімен, отбасында айтылған мақал-мәтелдер бала бойына құндылықтар дарытады. Әрбір адамның туған анасынан басқа төрт анасы, туған тілі, туған жері, туған дәстүрі, туған тарихы болуы керек деп М.Шаханов ағамыз айтқандай, өз тілін, дінін, рухани мәдениетін білген адам, біртіндеп әлемдік мәдениетті үйренеді. Қазақ фольклорындағы бас қаһармандармен өскелең ұрпақты таныстыру жастардың көне мұраны білуге деген талпынысын арттырып қана қоймай түбі бір түркі әлеміне де еркін бойлауына да жол ашады. Қазақ фольклорының құнды мұраларын насихаттау халқымыздың қоршаған

әлемдегі заттар мен табиғи, әлеуметтік құбылыстар туралы наным-түсінігін бүгінгі ұрпақ жатсынбай қабылдауына септігін тигізеді деген сенімдеміз.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Нұрмұхаметова Р. Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ фольклоры арқылы эстетикалық тәрбие беру. Пед.ғыл.кан.дисс., Алматы, 2003 ж., 28,94 б.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6
3. Ұзақбаева С.А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. – Алматы, 1990 ж.
4. Гончарова Л.Е. Формирование национальной оперы в Казахстане (оперы Е.Г.Брусилковского). Автореф. дисс. к. иск. – Л., 1969. – 24 с.
5. Ауэзов М. Мысли разных лет. – Алма-Ата: Каз. ГИХЛ, 1961. – С.437.
6. <https://abai.kz/post/179519>
7. Алмаханова Х. Жас өспірімдерге эстетикалық тәрбие. Әдітемелік нұсқау. – Алматы, 1990.
8. Ұзақбаева С.А. Эстетикалық тәрбие негіздері. 13 Дәріс. – Алматы, 1991.
9. Кәкішов Т. Қазақ әдебиетінің сынының тарихы. Алматы, 1994 ж., 448 б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ВОКАЛДЫ ЭСТРАДАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ДАМУ ПРОЦЕССТЕРІ (Л.Қ. ТӨЛЕШЕВАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ)

Шахаева Сымбат

Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық
Өнер академиясының 2-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Ғылыми жетекшісі: **Мусагулова Г.Ж.**

Эстрадалық музыкалық өнер ғасырлар бойы «танымал мәдениет» ретінде қарастырылған. Қазақ дәстүрлі қоғамында фольклорлық және ауызша-кәсіби музыканың барлық түрлері: күйші, сал-сері, жыраулардың өнері халық арасында кеңінен таралды және соның арқасында даралық, жанрлық-стиль бағыты, музыкалық үлгінің шығу тегі сақталып қалды. Белгілі бір тарихи уақытқа дейін қазақ қоғамында бұқаралық және академиялық музыка арасында ешқандай шекара болған жоқ, өйткені ауызша жеткізілетін кез келген музыка классика мен жоғары кәсібиліктің үлгісі болып саналды.

Қазақ вокалдық эстрадасы қазіргі әлеуметтік-мәдени өмірдегі жаһандану және әмбебаптандыру процестерімен ғана емес, сонымен қатар соңғы уақытта Қазақстан халқының және ең алдымен этникалық қазақтардың этномәдени өзін-өзі анықтау үрдісінің күшеюімен өзара байланысты ерекше құбылыс ретінде қарастырылады. «Мәдени мұраны сақтау бүгінде көптеген халықтарды алаңдатады. Ал қазір, мәдениеттердің қоғамдық-тарихи аренада интеграциялану кезеңінде этникалық өзгешелігімен ерекшеленетін қазақ халқының музыкалық ойлауын одан әрі дамытудың «локомотиві» ретінде Қазақстанның эстрадалық музыкасының пайда болуы, дамуы туралы мәселе кездейсоқ туындамаған» [3, 295-бет].

Вокалды-эстрадалық музыка қазіргі заманғы бұқаралық мәдениеттің бөлігі болып табылады және сонымен бірге музыкалық фольклордан заманауи эстрадалық орындаушылыққа көшкен жергілікті ұлттық дәстүрлерді бойына «сіңіреді». Осылайша, фольклорлық дереккөз айтарлықтай «модернизацияланады», ал эстраданың өзі өз кезегінде «фольклорланады», табиғаты бойынша халық шығармашылығына жақындайды. Бұл ретте дәстүрліліктің, тамырдың шешуші көрсеткіші қазақ вокалдық-эстрадалық орындауының ерекше сапасының болуы болып табылады.

Бұл эстраданың ұлттық вокалдық өнері өзінің мәні бойынша жаңа коммуникациялар жүйесінің таралуына байланысты 60-80 жылдардағы урбанизация жағдайында ірі этникалық

топтардың қажеттіліктеріне тікелей жауап ретінде туындайтын қазіргі қазақ фольклорының бір бағытына іс жүзінде теңестірілетінін білдіреді.

Біздің ойымызша, бұқаралық музыкалық мәдениетпен салыстырғанда «вокалдық эстрада» ұғымы отандық музыка индустриясында берік орнықты және нығайды, оның өскіндері XX ғасырдың бірінші жартысында, социалистік «дәуірдің» басталуымен, қазақ халқының өмірін түбегейлі өзгертіп, нәтижесінде төңкеріс тудырған мәдениеттер саласына енді.

Жаңа саяси ортада қалыптасқан мәдени-өркениетті жағдай көптеген ғасырлар бойы әлемдік кеңістіктегі бүкіл адамзатқа тән адамгершілік қасиеттерді, жоғары адамгершілік және эстетикалық құндылықтарды насихаттайтын өмірге белгілі бір рухани – мәдени көзқарасы бар қазақтың дәстүрлі, кәсіби өнерінің (ән, аспаптық музыка-күй) одан әрі дамуына әрдайым ықпал ете бермеді.

Дәл сол жылдары (30 жылдардың басында) Қазақстанның кәсіби музыка өнерінде халықтың кең тобына белгісіз академиялық музыканың вокалдық және аспаптық жанрлары қарқынды дами бастады. Алғашқы ұлттық симфониялар, опералар пайда болды, хор капелласы, қазақ халық аспаптар оркестрі сияқты шығармашылық ұжымдар құрыла бастады, М.Ахметовтың алғашқы вальстары, романстары мен әндері дүниеге келе бастады, [1]. «Қазақ музыкасындағы әуеннің интонациялық және ырғақтары еуропалық музыкаға бейімделіп түбегейлі өзгерді» [5].

Ән жанрындағы барлық түбегейлі қайта құру процесінде екі көп деңгейлі бағыт пайда болды, соның ішінде:

- еуропалық музыканың жазбаша дәстүрімен қазақ ауызша дәстүрлі музыкасының синтезі (музыкалық тіл саласы);

- кеңестік бұқаралық (ол арқылы және Батыс) музыканың қазақ ән дәстүрімен (жанрлық сала) синтезі [4].

1991 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің келуімен әлеуметтік-мәдени атмосфера одан да бай және стилистикалық жағынан гетерогенді бола басталы, мұнда музыкалық мәдениеттің алуан түрлі құбылыстары тығыз байланыста болады, кейде қатал, бәсекелестік күресте кездеседі. Сонымен қатар, қазақ халық әні сияқты «культтік жанр» шығармашылық дағдарыстың «жолағына» еніп, соның салдарынан ол іс жүзінде артта қалады.

Қазақ вокалдық эстрадасы өзінің отандық музыкалық мәдениетте пайда болуының басынан бастап, елдің көркемдік өміріне белсенді қатыса отырып, мәдени - тарихи даму процесінде үздіксіз жаңарып, дамып, өзгере отырып, әртүрлі стильдік бағыттарда өз позициясын біртіндеп бекітті деп сеніммен айтуға болады.

Олардың негізгілері келесі әртістердің шығармашылықтарымен байланысты: Ш.Қалдаяқов, Н.Тілендиев, А.Еспаев, А.Бейсеуов және т. б. сынды көркемөнерпаздар мен кәсіби композиторлар. Ұсынылған стильдегі әндердің шығармашылық өмірі қазіргі кезеңде жалғасып, еліміздің басты эстрадалық сахналарында жаңа мазмұнмен толтырылғаны айқын. Негізінен, мұндай қойылымдар Е.Хасанғалиев, Н.Нүсіпжанов, Л.Төлешева, В.Қармысова, Л.Кесоглу, Е. Әбілтаев және басқа да әртістердің есімдерімен байланысты. Сонымен қатар, жас орындаушыларға арналған фестивальдердің барлық түрлерін жүйелі түрде өткізу бұл жанрдың біртіндеп «ретро-стильге» айналатындығын айқын көрсетеді. Бұл кез келген эстрадалық-орындаушылық процестің жұмыс істеуінің объективті шарттарының бірін қарастырады.

Сол кездегі әртістердің міндеті қазақстандық композиторлардың шығармашылығын насихаттау ғана емес, сонымен қатар уақыт талаптарына сәйкес концерттік нөмірлерді кәсіби түсіндіру болды. Маэстроның Қазақ радиосы мен теледидарындағы әріптесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Люция Төлешева: «жас орындаушылардың алдына қойылған міндеттер оңай болған жоқ-барынша қысқа мерзімде (бір күн) жаңа туындыны үйреніп, жазып, концерттік нұсқада орындау қажет болды. Әншінің репертуары үлкен болды

(500-ден астам ән) патриоттықтан халықтық әндерге дейін. Мұндай репертуарды тек жоғары кәсіби орындаушы ғана көтере алады» [2] деген болатын.

Қазақстандағы вокалды-эстрадалық педагогикада көрнекті педагог және әртіс Л.Қ. Төлешеваның шығармашылығы өте маңызды орын алады. Оның елдегі өнердің осы саласын дамытуға қосқан үлесі баға жетпес. Л.Қ. Төлешева жетекші педагог, сондай-ақ Қазақстанда танылған вокалды-эстрадалық педагогиканың бірегей әдістемелерінің авторы болып табылады. Оның вокалды-эстрадалық педагогиканы зерттеу мен дамытудағы шығармашылық жолы педагогтар мен әртістердің кейінгі ұрпақтарына жол ашты. Л.Қ.Төлешеваның мұрасына негізделген Қазақстандағы вокалды-эстрадалық педагогиканы дамыту процестері вокалды өнердің техникалық дағдыларын, көркемдік мәнерлілігін, сондай-ақ музыкалық дәстүр мен мәдени контекстті терең түсінуді қамтитын оқытуға көп деңгейлі көзқараспен ерекшеленеді. Оның оқыту әдістері Қазақ музыкасының дәстүрлерінен шабыт алады, алайда олар қазіргі заманғы үрдістер мен әдістемелерді біріктіріп, вокал мен эстрадалық өнерді оқытуды әртүрлі жастағы және дайындық деңгейіндегі студенттер үшін қолжетімді әрі тиімді етеді.

Осылайша, Л.Қ. Төлешеваның шығармашылығы негізінде Қазақстандағы вокалды-эстрадалық педагогиканың даму процестерін зерттеу оның елдегі заманауи мәдени және білім беру практикасын қалыптастыруға қосқан үлесінің маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.

Оның керемет мұрасының басты орнын «орындаушылық өнердің теориясы мен әдістемесі» атты ықпалды оқулық алады. Бұл жан-жақты опус оның көркемдік шеберлікті дамытуға және орындаушылық өнер саласындағы таланттарды тәрбиелеуге деген адалдығының дәлелі болып табылады. Аспиранттарға, магистранттарға, докторанттарға және өнерге маманданған жоғары оқу орындарының оқытушыларына арналған бұл түпнұсқа жұмыс Л.Төлешеваның тәжірибесі мен педагогикалық көзқарасының мәнін көрсетеді [6].

Авторы Л.Қ.Төлешева болып табылатын «орындаушылық өнердің теориясы мен әдістемесі» оқулығы аясында өнер саласында маманданған жоғары оқу орындарының аспиранттарына, магистранттарына, докторанттарына және оқытушыларына арналған жан-жақты нұсқаулық ұсынылған. Мәтінде студенттердің білім беру саяхаты аясында олардың практикалық қолданылуын түсіндіретін әдіснамалық және педагогикалық міндеттер көрсетілген. Бұл академиялық үлес артикуляция дәлдігін, вокалды шеберлікті және ырғақты ептілікті дамытуға көмектесу үшін мұқият әзірленген бірқатар жаттығуларды қамтиды.

Осы ғылыми жұмыста қарастырылған негізгі элементтерге вокалды-педагогикалық жүйенің тұжырымдамасы, вокалды оқытуға қатысты педагогикалық әдістер, вокалды және тыныс алу жүйелерін оқытудың негізгі принциптері, жеке қамқорлыққа деген қажеттілік, репертуарды таңдаудың сыни сипаты және оның вокалистті тәрбиелеудегі рөлі, вокалды оқытудағы этикалық аспект жатады. Сонымен қатар, жұмыс Батыс джаз классикасынан алынған музыкалық мотивтерді қосуды қамтиды, бұл музыканттардың импровизациялық талантын дамытуға ықпал етеді.

Бұл академиялық жұмыста басты орын эстрада орындаушыларының қызметіндегі жүйеліліктің маңыздылығына баса назар аударады. Оқулықта бекітілген бұл негізгі принциптер әртүрлі көркемдік бағыттарды шығармашылық зерттеуге ықпал ету үшін маңызды құндылық болып табылады.

Студенттердің туа біткен таланттары мен ұмтылыстары білім беру процесінде шешуші рөл атқарса да, жоғары кәсібилігі мен бай тәжірибесі бар тәжірибелі оқытушының рөлі жаңадан келе жатқан эстрада әншілерін дайындауда жетекші орын алатынын мойындау өте маңызды. Бұл процеске жарық түсіру үшін отандық поп-музыканың эволюциясын жаңа траекториялар бойынша басқаруға қабілетті, жалыны мен әлеуеті бар бастаушы таланттарды дамыту үшін қажет осы саладағы корифейлердің жұмысын мұқият зерделеу және талдау қажет.

Әрі қарай, «вокалды педагогикалық жүйені анықтау» деп аталатын бөлімде автор вокалды педагогиканың мақсаттары мен міндеттерінің квинтэссенциясын қарастырады,

оларды жалпы принциптерге сәйкес мұқият ұйымдастырады. Бұл құрылым музыкалық-теориялық түсінік пен практикалық музыкалық шеберлік арасындағы маңызды өзара әрекеттесуді көрсетеді. Вокалдың техникаларын меңгеру кәсіби музыкантты тәрбиелеудің негізі ретінде қарастырылады, бұл музыка теориясы мен тарихын терең түсіну қажеттілігін көрсетеді. Резонатордың функционалдығын дамытумен, фальцет шеберлігімен және тыныс алумен сипатталатын вокал мен техникалық нақтылау арасындағы симбиотикалық байланыс тұтас оқытудың маңыздылығын көрсетеді. Көркемдік және орындаушылық білім-бұл парадигманың шыңы, әртістің өз қойылымының мәні мен эмоционалды фонын игеру және айқын жеткізу қабілетін көрсетеді.

Ән айтуды оқытуда қолданылатын әдістерге келетін болсақ, автор студенттермен мазмұнды диалогтардан басталатын педагогикалық тәсілді ұстанады. Бұл өзара әрекеттесу эрудиция, интеллект және көркемдік бейімділік сияқты негізгі қасиеттерді бағалау құралы ретінде қызмет етеді. Болашақ әншілердің физиологиялық аспектілері мен денсаулық жағдайын егжей-тегжейлі бағалау өте маңызды, өйткені бұл вокалдық аспаптың зиянды әсерін болдырмайды. Ән айту кезінде қолданылатын ырғақты, есту өткірлігін, вокалдық диапазонды және тыныс алу түрін әдістемелік бағалау педагогикалық тәсілдің ұқыптылығын тағы бір рет көрсетеді. Осы құзыреттілік шеңберіндегі қосымша өлшем вокалдық және артикуляциялық қасиеттерді бағалауды, сондай-ақ ықтимал сөйлеу бұзылыстарын ерте анықтауды қамтиды, екеуі де оқу процесінің тиімділігіне айтарлықтай ықпал етеді.

Вокалдық педагогиканың негізінде жатқан принциптер мен әдіснамалар саласына сілтеме жасай отырып, мәтінде мұғалімдердің көп қырлы жауапкершілігі түсіндіріледі. Нұсқаушылардың рөлі практикалық дағдыларды, соның ішінде тұтас дүниетанымды қалыптастыруды және студенттердің шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуді қалыптастыру шеңберінен шығады. Бір қызығы, бұл педагогикалық жүйе жеке темперамент пен бейімділікті анықтау үшін психология мен анатомияға сүйенеді, осылайша оқуды оқушылардың қасиеттерімен үйлесетін етіп бағыттайды. Әншілерді даярлаудың теориялық ландшафтындағы түбегейлі алшақтық автономды вокалдық техниканың негіздеріне жатады. Осылайша, теория оқытудың жан-жақты парадигмаларын зерттейді, ал әдістеме мәселелерді мамандандырылған пән немесе пәндік сала тұрғысынан қарастырады.

«Оқыту теориясының негізгі принциптері» туралы пікірталастардың арасында көптеген мамандандырылған әдістерге негіз болатын іргелі аспект пайда болады және вокалды оқыту да ерекшелік емес. Білім беру принциптері өзара байланысты және бір-біріне әсер етеді. Олардың ішіндегі ең бастысы-қарапайымнан күрделіге қол жеткізуді жеңілдететін материалды әдістемелік дәйектілік принципі. Вокалдық дағдыларды игеру кезінде құрылымдық траекторияны сақтаудың маңыздылығы орын алады. Егжей-тегжейлі әдістемелік ұсыныстар, қысқаша ұсынылғанымен, осы ғылыми жұмыстың тереңдігін көрсететін әрі қарай зерттеу мен ассимиляцияны ұсынады.

Осылайша, Л.Қ.Төлешеваның «орындаушылық өнердің теориясы мен әдістемесі» атты іргелі жұмысы оның көркемдік кемелдік пен білімге деген ұмтылысының айғағы болып табылады. Педагогикалық түсініктің шамшырағы бола отырып, оның үлесі оқулық беттерінен тыс резонанс тудырады, студенттер мен оқытушылардың шығармашылық траекторияларын қалыптастырады. Теория мен практиканы жақындастыруға мызғымас міндеттеменің арқасында Л.Қ. Төлешеваның мұрасы адамдарды орындаушылық өнердің серпінді саласында шабыттандырып, бағыттауды жалғастыруда.

Л.Қ. Төлешеваның вокалдық-эстрадалық педагогика саласындағы әдістемесі музыкалық техниканы, көркемдік мәнерлілік пен мәдени контекстті терең түсінумен ерекшеленеді. Оның тәсілі вокал өнерінің классикалық принциптерін заманауи әдістермен үйлестіруге негізделген, бұл студенттерге орындаудың даралығын сақтай отырып, өздерінің вокалдық әлеуетін толық дамытуға мүмкіндік береді. Оқу-әдістеменің негізгі ерекшеліктерінің бірі – дауысты қалыптастырудың ерекше тәсілі. Ол әр оқушының дауысының ауқымын және экспрессивтілігін дамытуға ерекше назар аударады, бұл олардың бірегей дыбысын ашуға көмектеседі. Сонымен қатар, ол сапалы вокалды орындауды

қалыптастыруға негіз болатын дұрыс тыныс алуға, артикуляцияға және интонацияға назар аударады. Л.Қ. Төлешева әдістемесінің тағы бір маңызды құрамдас бөлігі-сахналық шеберлікті дамыту. Ол студенттерге сахналық ұялшақтықты жеңуге, аудитория алдында сенімді өнер көрсетуге және эмоцияларды орындау арқылы тиімді жеткізуге көмектеседі. Оның оқытуға деген көзқарасы актерлік шеберлікпен жұмыс жасауды қамтиды, бұл оның техникасын көркем тұлғаны қалыптастыру үшін жан-жақты және тиімді етеді.

Л.Қ. Төлешева әдістемесінің негізгі принциптері-даралық, шығармашылық және музыкаға деген сүйіспеншілік. Ол әр студенттің ерекше музыкалық қабілеттерін дамытуға және оларға вокалдық өнер әлемінде өз дауыстарын табуға көмектесуге тырысады. Оның әдістемесі әр оқушының қажеттіліктерін терең түсінумен және олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқуға жақындауға дайын болуымен ерекшеленеді.

Л.Қ. Төлешеваның жетекшілігімен ашылған «Т-МАЖ» мектебі Қазақстанда вокалдық өнерді дамытуға бағытталған бірегей білім беру жобасы болып табылады. Л.Қ. Төлешеваның бай шығармашылық мұрасы мен кәсіби тәжірибесіне сүйене отырып, «Т-МАЖ» мектебі елдегі жетекші музыкалық білім беру орталықтарының бірі болып табылады. «Т-МАЖ» ерекшелігі-әр оқушыға терең және жеке көзқараспен жұмыс жасау. Оқу бағдарламасы әр студенттің жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін толық ашуға көмектесетін етіп жасалған. Бұл вокалдық дағдылар мен көркемдік шеберлікті дамытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Т-МАЖ» бағыты тек вокалды орындауды техникалық жетілдіруге ғана емес, сонымен қатар әр студенттің көркемдік даралығын қалыптастыруға бағытталған. Мектеп оқушыларды музыка арқылы өз сезімдері мен эмоцияларын білдіре алатын техникалық сауатты орындаушылар ретінде дамытуды мақсат етеді, бұл оларды вокалды-эстрадалық өнер саласында көркемдік тұрғыдан маңызды етеді. Сапалы білім мен оқытудың инновациялық тәсілдерінің арқасында Люция Төлешеваның «Т-МАЖ» мектебі Қазақстанда танылған Музыкалық білім беру орталығына ғана емес, сонымен қатар Вокалдық өнер саласындағы жаңа таланттар мен кәсіпқойларды қалыптастыру алаңына айналды.

Жеке оқытудан басқа, Люция Тулешеваның «Т-МАЖ» мектебі ұжымдық музыка мен сахналық шеберлікті дамытуға бағытталған әртүрлі топтық сабақтар мен шеберлік сабақтарын ұсынады. Бұл студенттерге тек оқытушылардан ғана емес, әріптестерінен де білім алуға, тәжірибе алмасуға және бір-бірін жаңа биіктерге шабыттандыруға мүмкіндік береді.

«Т-МАЖ» мектебінің басты ерекшеліктерінің бірі студенттерді музыкалық жобалар мен қойылымдарға белсенді тарту болып табылады. Студенттер концерттерге, фестивальдерге, байқауларға және басқа да музыкалық іс-шараларға қатыса алады, бұл олардың сахналық тәжірибесі мен аудитория алдындағы сенімділігіне ықпал етеді.

«Т-МАЖ» мектебінің жұмыс бағыты сонымен қатар сабақтардың аудио және бейне жазбалары, онлайн сабақтар және қашықтықтан оқыту сияқты оқытуда заманауи технологияларды пайдалануды қамтиды. Бұл оқушылардың географиясын кеңейтуге және тіпті шалғай аймақтарда да сапалы вокалдық өнер біліміне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жалпы, Л.Қ.Төлешеваның «Т-МАЖ» мектебі вокалдық-эстрадалық өнер саласында кәсіби өсуге және өзін-өзі көрсетуге ұмтылатындар үшін оазис болып табылады. Оның оқуға деген ерекше көзқарасы, жемісті шығармашылық ортасы және жоғары кәсіби стандарты бұл мектепті Қазақстанның музыка саласындағы үздік білім беру мекемелерінің біріне айналдырады.

Қорытындылай келе, Люция Қажығалиқызы Төлешеваның шығармашылығымен бейнеленген Қазақстандағы вокалдық-эстрадалық педагогиканың даму процестері осы елдегі Музыкалық білім беру эволюциясының бірегей жолын білдіреді. Оның өнердің осы саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі әртістер мен педагогтардың жас буынына, сондай-ақ Қазақстанда заманауи мәдени тәжірибені қалыптастыруға зор әсер етті. Л.Қ.Төлешеваның вокалдық өнердің дәстүрлі принциптерін заманауи тәсілдермен синтездеуге негізделген әдістемесі музыкалық техниканы, көркемдік экспрессивтілік пен мәдени контексті терең

түсінумен ерекшеленеді. Ол студенттердің бойында тек техникалық шеберлікті ғана емес, сонымен қатар олардың ерекше вокалдық әлеуетін ашуға көмектесетін орындаушылық даралығын дамытуға тырысады.

Л.Қ. Төлешева әдістемесінің негізгі ерекшеліктерінің бірі-әр оқушыға жеке көзқарас. Бұл студенттердің шығармашылық өсуіне қолайлы жағдай жасай отырып, олардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Ол сондай-ақ студенттерді ұжымдық жобалар мен іс-шараларға белсенді түрде тартып, олардың сахналық тәжірибесі мен аудитория алдындағы сенімділігін арттырады.

Л.Қ. Төлешеваның шығармашылығы негізінде Қазақстанда вокалдық-эстрадалық педагогиканы дамыту процестері елімізде Музыкалық білім беруді таратуға және насихаттауға бағытталған түрлі білім беру және мәдени бастамаларда да көрініс табады. Оның «Т-МАЖ» мектебі Музыкалық білім берудің танымал орталығына ғана емес, сонымен қатар Вокалдық өнер саласындағы жаңа таланттар мен кәсіпқойларды қалыптастыруға арналған алаңға айналды. Сонымен қатар, Л.Қ. Төлешеваның әдістемесі Қазақстандағы түрлі білім беру мекемелері мен жобаларына белсенді түрде енгізіліп, елдегі Музыкалық білім беру сапасын арттыруға және вокалдық-эстрадалық педагогика саласында жоғары білікті мамандарды даярлауға ықпал етеді.

Осылайша, Л.Қ. Төлешеваның шығармашылығы негізінде Қазақстандағы вокалдық-эстрадалық педагогиканың даму процестері оқытудың инновациялық әдістері мен тәсілдерін ғана емес, сонымен қатар елдің музыкалық дәстүрі мен мәдени мұрасын терең құрметтеуді де көрсетеді. Оның жұмысы музыканттар мен әртістердің жас буынын шабыттандырады және қуантады, олардың шығармашылығын ашуға және өнерде жаңа биіктерге жетуге көмектеседі.

Сондай-ақ тез өзгеретін әлем мен музыка индустриясы контекстінде Л.Қ. Төлешеваның әдістемесін одан әрі дамыту мен жетілдірудің маңыздылығын атап өткен жөн. Технологиялық инновациялар мен аудиторияның өзгеретін талғамдарын ескере отырып, музыканттардың болашақ ұрпақтары үшін өзекті және тиімді болып қалуы үшін оқыту әдістемесін үнемі бейімдеу маңызды.

Жалпы, Л.Қ. Төлешеваның шығармашылығы негізінде Қазақстанда вокалдық-эстрадалық педагогиканы дамыту процестері елдегі музыкалық мәдениет пен білім беруді нығайту мен кеңейтудің маңызды факторы болып табылады. Әр студентке жеке көзқарасқа, музыкалық техника мен көркемдік мәнерлілікті терең түсінуге, сондай-ақ мәдени дәстүрлерді құрметтеуге негізделген оның әдістемесі жас музыканттардың жүрегінде және оның ісін жалғастыруға және Қазақстан өнерін әлемде дәріптеу барысында өшпес із қалдырады.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Ахметова М. Музыкальные особенности казахской народной песни // Музыкальная культура Казахстана: сб. науч. статей. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1955. – С.28-45
2. Қоскелдиева Сұлтан Д., ҚР Еңбек сіңірген әртісі Л. Төлешевамен жеке әңгімесінен.
3. Мусагулова Г.Ж., Кайсиди И.Г. Национальный код в эстраде Казахстана // Материалы международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы современной музыкальной тюркологии» – Алматы: КНК им. Курмангазы, 2018. – С. 294-299.
4. Найдорф М. Об особенностях музыкальной культуры массового media- пространства. - М.: Искусство, 1978. – 188 с.
5. Омарова А. Эстрадная песня в культуре Казахстана: дипл.раб. – Алматы, 2003. – 21 с.
6. Тулешева Л.К.. Теория и методика исполнительского искусства. Алматы. – 2004.

СУЫРЫПСАЛМА ТАПСЫРМАЛАРЫН МУЗЫКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

Сағызбай Әдемі

Қыздар ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Ғылыми жетекшісі: **Уразалиева М.А.**

Музыка сабағы мектептегі қызықты әрі ерекше сабақтардың бірі де бірегейі. Басқа пәндерден ерекшелігі – өнер сабағы екендігінде. Сабақ барысында теориялық тұрғыдан ақпарат алып қана қоймай, оқушы қызығушылығын арттыратын тапсырмалар мен музыкалық аспаптардың қолдануымен айрықша. Ал бұндай практикалық әдістер бала бойындағы шығармашылық дағдысын дамытып, таным әрекетін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Сондай музыка сабағында қолданатын әдістердің ішіндегі ең озығы – суырыпсалма тапсырмалары.

Қазіргі қоғам талабы – заманға сай өсу жолындағы, жан-жақты қабілеттерімен ерекше, көсбасшылық сипатта жүргізе алатын, шығармашылық қабілеті басым, тығырықтан тосылмай жол табатын, ұйымдастырушы әрі интелектісі жоғары білімді де зерек тұлғаны қалыптастыру. Тұлғаны қалыптастыру, біріншіден, ата-ананың мойнындағы парыз болса, екіншіден, мектептегі ұстаз алдындағы борыш. Әрбір ұстаз алдында отырған оқушысының болашақта өмірден өз орны бар тұлға етіп шығару, жолнұсқау әрекетін өзінің еншісіне алады. Мектепте жүргізілетін әр пәннің алдына қойған мақсаты да сол. Ал, басқа пәндерден бөлек баланы шығармашыл тұлға ретінде дамытудың бірден-бір тәсілі – музыка сабағындағы әрекеттер.

Қазақстандағы орта білімді дамыту тұжырымдамасына сәйкес оқушыға этикалық, эстетикалық тәрбие беріп, дүниетанымдық көзқарасы кең, білімділік, адамгершілік мақсатта тәрбиелеуде музыка пәнінің маңызы зор. Музыка сабағындағы тәрбиелік жүйе балаларды өнер арқылы құндылықтар маңызын бойына сіңіріп, адамдық қасиетті, мәдениеттілік пен көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытады. Оқыту барысында рухани құндылықтардың маңызын тереңінен ашып, қазақ халқының ежелден бері келе жатқан салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, тарихын, музыкалық өнерін бала бойына сіңіріп, қайтадан жандандыру әрекетін іске асырады.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы білім берудің негізгі бағыттарының бірі оқыту мен тәрбие процесін ізгілендіру, мақсатты бағдарларды өзгерту, эстетикалық цикл бағдарламаларын жаңарту, мұғалімдерге педагогикалық шығармашылыққа еркіндік беру. Осындай бағыттар жүйесінде жеке тұлғаны дамыту мен оқыту арасындағы жаңа қатынастарды табуға деген қызығушылық пайда болады. Осындай жаңа қатынастарды бекіту шығармашылық құру процестеріне қатысу қажеттілігі артқан кезде тұлғаның осындай өміріне алып келеді. Ал бұндай шығармашылық құру процесі мектептегі музыка сабағынан орын алады.

Музыка сабағы өнер сабағы болғандықтан, халқымыздың ертеден бүгінге дейін ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан музыка өнерінің құндылығын дәріптейді. Музыка өнері ән мен күй арқылы ғана шектелмей, бишілік, тұрмыс-салт жырлары, жыраулық дәстүр, айтыс өнері сынды сан алуан мәдени құндылықтар қазақтың өнерге бай екенін дәлелдеп келе жатыр. Және сол арқылы бала бойына халықтық дәстүрлерді дарыта отырып, түрлі көзқараспен көрсететін тапсырмаларды асқан дарындықпен орындау арқылы шығармашылық қасиетін дамыта алады. Ал шығармашылықтың жоспарсыз, өз еркінде жалғастырып, тез әрі ұтымды жауап беру тұрғысынан суырыпсалмалық дағдының әрекеті орасан.

Суырыпсалма – бұл жасалатын үдеріс те, дайын болатын әрекет түрі де сәйкес келетін шығармашылық қызметтің ерекше түрі. Суырыпсалмада алғашқы шығармашылық бөлімі және шығармашылық процесстің барлық кезеңдері бар (Б.М.Рунин). Ол шығармашылықтың

түрі де, компоненті де бола алатындықтан, кез келген іс-әрекетке шығармашылық белгілерін береді (В.Н.Харькин) [1, 6 б]. Осылайша, суырыпсалма – бұл шығармашылыққа деген қызығушылықты қалыптастыруға ықпал ететін, алдын-ала дайындықсыз өнімді құрудың күрделі психологиялық үдерісі. Суырыпсалманың тарихи тамыры өте тереңде жатыр. Соның ішінде суырыпсалма әрекеті бастау алғаны бұл – айтыс өнері.

Айтыс өнері – қазақ халқының ежелден бері құндылығын жоғалтпаған ауыз әдебиетіндегі поэзиялық жанр, ерекше өнер түрі. Айтыс екі адамның бір-бірімен өзара кездесіп, топ алдында суырылып бетпе-бет шайқасқа түсетін ортасы. Қолындағы аспабымен жыр шертіп, бірін-бірі сүріндіріп, кемшіл тұстарын алға тартып, өз жадынан ұтымды әзіл мен сөз таба білу өнері. Тек қана жеңіске жетуді көздемей, бір-бірін мадақтап, ел-жұртын жырға қосып, одан қалса ел ішіндегі келелі мәселелерді ортаға салып, шешімін табуға тырысып отырған. Бәдік айтыс, қыз бен жігіт айтысы, өлі мен тірі айтысы, жануарлар мен иесінің айтысы, жеңге мен қайны айтысы, салт айтыс, жұмбақ айтыс, қайым айтыс сынды бірнеше түрлері бар айтыстық өнердің қанаты кеңге жайылғанын білеміз.

Одан бөлек, жанры бойынша түре айтыс және сүре айтыс болып та бөлінеді. Түре айтысқа бір-бір ауыз өлеңмен тоқтасып, жалғастырылатын айтыс түрі жатса, сүре айтысқа беделі биік, сөздің жілігін шағып, майын ішкен сөз жүйріктерінің айтысы енеді. Бұл айтыстың ең шыңырау шегіне жеткен, халқымызда ерекше орынға ие көркемдік жағынан күні бүгінге дейін үлгі болып келе жатқан «Ақсұлу мен Кеншімбай», «Әсет пен Ырысжан», «Кемпірбай мен Шөже», «Сүйінбай мен Қатаған», «Жамбыл мен Құлмамбет», «Молда Мұса мен Манат қыз», «Орынбай мен Тоғжан», «Біржан мен Сара» секілді саңлақтардың айтысы жатады. Осындай қазақ өнерінің озық үлгісін дәріптеген айтыстың ерекшелігі суырыпсалма болғандықтан, суырыпсалмалық дағдының бүгінгі күнде орта мектептердегі музыка сабағында қолданылуын қарастырайық [2].

Көптеген педагогикалық зерттеулердің мазмұны дамушы тұлғаның шығармашылық мазмұнын ашуға арналған. Бұл мәселенің дамуын алғаш рет Б.В.Асафьевтің еңбектерінен кездестіреміз. Және оның тұжырымдамасын жалғастырушы әрі шәкірті Д.Б.Кабалевский 70-ші жылдары жалпы білім беретін мектептерге арналған музыка бағдарламасына жаңа элемент, атап айтқанда, суырыпсалманы шығармашылық қызметтің бір түрі ретінде енгізді. Б.В.Асафьев пен Д.Б.Кабалевскийдің идеяларын Л.В.Горюнова мен Л.В.Школяр жалғастырды және одан әрі дамытты. В.Н.Харькин өзінің монографиясында суырыпсалманың педагогикалық мәселесін ашты [1, 13 б].

Балалар шығармашылығы проблемасы психология мен педагогикада әлі де өзекті болып табылады, өйткені оны шешу жолы баланың жалпы дамуы мен жетілу проблемасымен тікелей байланысты. Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Б.М.Теплов, К.В.Тарасованың зерттеулері қызығушылық тудырады, онда балалардың тәрбие мен оқытудағы көркемдік-шығармашылық қызметінің жетекші рөлі көрсетілген. Бұл авторлардың еңбектерінде шығармашылық бала үшін табиғи, оның қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес келетіндігі атап өтілген, дегенмен Б.М.Теплов балалардың әр түрлі көркемдік іс-әрекеттерінде біркелкі ұсынылмаған. Балалар шығармашылығындағы импровизация туралы Н.К.Крупская, Н.Я.Брюсова, А.В.Луначарский, П.П.Блонский жазды. Балалар шығармашылығы ерте жастан импровизациялық сипатта болады деген ойды Б.П.Юсов айтты [3, 27 б].

Осындай шетелдік ғалымдар зерттеулер негізінде суырыпсалма дағдысының педагогикалық қызметке, соның ішінде музыкалық-педагогикалық процесстің өзегі болғанын білеміз. Педагогикалық перспектива мен бастауыш сыныптағы музыка сабағында жүргізілетін музыкалық суырыпсалманың ерекшеліктерін көрсетті: баланың рухани әлеммен байланысы, оқушылардың өздігінен әрекет етуге талапшылдығы, бір-бірімен қарым-қатынастың орнауы, музыкаға деген шығармашылық қызығушылықтың көрініс табуы; интуицияның, музыкалық қиялдау мен елестетудің дамуы; музыкалық мүмкіндіктерді еркін меңгеру мен шығармашылық іс-әрекеттің барлық құралдарын пайдалануы.

Теориялық-педагогикалық және мұғалімнің әдіснамалық негізіндегі іс-әрекеті бастауыш сынып оқушыларының музыка сабағындағы шығармашылық суырыпсалмаға қызығушылығын көрсетті (сабақ берудегі шығармашылық бағыт, шығармашылық елестетудің өздігінен және белсенді түрде дамуы, жеке және ұжымдық сабақ формаларының өзара үйлесімділігі).

Музыка сабағындағы бастауыш сынып оқушыларының музыкалық суырыпсалманың жүзеге асуын қамтамасыз ететін педагогикалық фактордың теориялық бөлігі анықталды (жеке көзқарас; қызмет түрлерінің әртүрлілігі (би, әдеби, театрлық); баланың қызығушылығын ескеру; сабақтардың шығармашылық бағыты және т. б.).

Балалардың жас мүмкіндіктері – жас оқушылармен жұмыс жасаудағы музыкалық суырыпсалманың деңгейі мен формалары анықталады. Сабақта шығармашылық тапсырманы орындай отырып, балалар: 1) бір немесе екі музыкалық сөйлемнен тұратын ритм, әзіл, ән шығара алады; 2) басталған әуенді ән айту, қол белгілерімен көрсету немесе аспаптағы кез келген дыбыстан кейін таңдау арқылы ноталар жазу арқылы жалғастыра алады; 3) берілген әуеннің соңын аяқтайды; 4) жазылған әнді басқа регистрде жазу және ойнату, 5) орындалатын әннің қарқынын қалауы бойынша өзгерту [4]

Ал қазіргі кездегі жалпы білім беретін орта мектептердегі бастауыш сынып оқушыларының музыка сабағындағы музыкалық суырыпсалма жағдайын қарастырайық. Музыка сабағында жүргізілетін түрлі тапсырмалар баланың шығармашылық даму деңгейін жоғарылатуға жағдай жасайды. Ал, бастауыш сыныптағы балалар қабылдауы ересек балаларға қарағанда өте тез, бірақ түсіну деңгейі төменірек қалыпта кездеседі. Сондықтан, музыкалық шығармашылық дамуын жүзеге асырудың ең тиімді уақыты осы кіші жастан бастау алады.

Бүгінгі музыка сабағын бір жүйеге келтіру мақсатында елімізде түрлі бағдарламалар жасақталды. Соның ішіндегісі, орта мектептерде қолданылысқа ие «Жалпы білім беретін орта мектептердегі музыка бағдарламасы». Бірінші сынып пен алтыншы сынып арасындағы бекітілген оқу жоспары мен әдістемесіне сүйенсек, музыканы тыңдау, музыканы қабылдау, суырыпсалмаға үйрену, ән айту сынды музыка сабағында әрекеттер бағдарламада түгел қамтылған. Бұндай әрекеттер сынып жоғарылаған сайын жас ерекшеліктеріне байланысты күрделеніп, айтатын мәліметтердің де қарасы көбейеді.

2-сыныпқа арналған музыка оқыту әдістемесіне сәйкес, оқыту бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары бойынша, музыкалық көркемдеуіш құралдардың көмегімен музыканың сипатын анықтау; музыкалық көркемдеуіш құралдарды анықтау және салыстыру; музыкалық-шығармашылық жұмыс арқылы шығарманың сипатын жеткізу арқылы оқу процесі жүзеге асады. Оқу жүйесі арқылы оқушылар музыка сабағындағы әрекеттерді толық түсініп, өздігінен орындау қабілетіне ие болады.

Суырыпсалма дағдысы музыкалық-педагогикалық процессте ерекше мәнге ие әрекет болғандықтан, оны 2-сынып жоспарына тақырып етіп енгізіп қойған. 6-бөлімдегі «Салт-дәстүр және фольклор» тақырыбының негізгі мақсаты – суырыпсалма шығару деп берілген. Оқушылар бұл сабақта суырыпсалманың түп тамыры – айтыс өнері туралы жіті танысып, өздері суырыпсалма шығаруды үйренеді және «Әжем айтқан ертегі» әнін музыкалық-шулы аспаптарда сүйемелдей отырып орындайды. Баланың теориялық тұрғыдан білім алуымен қатар, өзіндік жұмыс жасау қабілеті артады. Оған қоса, таным әрекеті (ойлау, қабылдау, елестету, қиялдау, сезіну) жоғарылап, балада өз қиялынан туған дүниені еркін түрде жеткізу қалыптасады.

Оқушыға суырыпсалма, айтыс термині түсіндіріліп, халық өнеріндегі қолдану жолы туралы ақпарат беріледі. Суырыпсалманы сабақта қолданатын бірден-бір әдіс екенін тілге тиек етіп, оның кенеттен ән шығару, тақпақ шығару, тіпті ырғақты да суырыпсалма арқылы ойлап табуға болатынын көрсетеді. Тақырыпты пысықтау мақсатында кері байланыс қызметі де жүреді. Содан кейін, «Әжем айтқан ертегі» әнінің әуенін өзгертіп, суырып салма шығаруды ұсынады немесе музыкалық-шулы аспаптар арқылы өз қиялынан сүйемелдеуге де болады [5].

Сонымен тақырыбымызға сәйкес осындай суырыпсалманың қандай қызметі және ерекшелігі барын, қалай жасалу жолын бастауыш сыныптан бастап игере бастайтынын көреміз. Суырыпсалма дағдысының қажеттілігі балалардың сабақ барысындағы оқу әрекетіне ғана емес, сонымен қатар, психологиялық тұрғысынан да тікелей байланысты екенін көре аламыз. Себебі, музыканы тыңдаудан бастап жүргізілетін таным әрекеттері суырыпсалма барысында одан әрі дамып, мүмкіндік көрсетеді. Байқап қарасаңыз, әр сыныптың музыка пәнін оқу жоспарында сабақ барысында суырыпсалма әрекеті қолданылады. Бұл дегеніміз қазіргі мектептердегі оқушылардың шығармашылық деңгейі бастауыш сыныптан бастап қалыптасып, ары қарай жалғастыру жолын көрсетеді. Шығармашылық дамуы жоғарылаған бала, ойлау өрісінің әлдеқайда дамығанын, қиялдау, елестету қабілетінің кеңейгенін, өзін ортада еркін ұстап, бір-бірімен қарым-қатынасының жиілегеніне куә болуға болатынын аңғарамыз. Бұның барлығы суырыпсалма дағдысының әрбір жастағы мектеп баласы үшін маңызды рөл атқарып, өмірден өз орнын табуға көмектесетінін көреміз.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Николаева М.Л. Импровизация как вид творческой деятельности в теории и практике музыкального образования. – Москва, 2001 г. – 173 с.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. –288 б.
3. Рунин Б.М. О психологии импровизации: Психология процесса художественного творчества//РПЭ. :В 2т.-Л.: 1980. -т. 1. -608с.
4. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 – сыныптарына арналған «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. Астана. 04.05.2018 -30 б.
5. Құлманова Ш.Б. Сүлейменова Б.Р., 2 сыныпқа арналған музыка оқыту әдістемесі. Жалпы орта мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған, - 28 б.

ХАЛЫҚ КҮЙЛЕРІ МЕН ӘНДЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қыдырақын Аружан

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының

4-курс студенті

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Ғылыми жетекшісі: **Саманова Д.Б.**

Қазіргі кезеңге сәйкес, яғни нарықтық экономиканың, әлеуметтік-саяси қатынастардың өзгеруіне байланысты барлық қоғамдық өмірде, оның ішінде мектеп қабырғасында мұғалімдердің оқушыларға деген қызметі де өзгеруде. Жекеше айтқанда болашақ өсіп келе жатқан ұрпаққа адамгершілікке тәрбиелеу, рухиналықты жаңғырту мәселелері басты орында деп айтсақ қате болмас. Өйткені, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтік-саяси және мәдени өмірдегі орнын адамгершілікке тәрбиелеу, ақыл-ой өрісті дамыту арқылы оқушылардың барлық қабілеттерін анықтау басты мақсат пен мүдде болып табылады. Барлық қабілеттерді қалыптастыру үшін жаңа бағытты құруымыз қажет. Осыдан оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы көркем мәдениет пен музыка арқылы жүзеге асады деп айтуға болады. Жас ұрпақты қандай да бір сала болмасын, барлық салаларда тәрбиелеу әрбір адамның мақсаты.

Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің бір әдісі- музыкалық өнерге баулу. Музыка өзінің үйлесімділігімен, дыбысымен, адамның бойындағы жан дүниесін тербейтін құрал. Ал адамгершілік жалпы ұғымда гуманизмді, яғни адамды сүю, сыпайылық таныту, үлкенге сыйластық, кішіге кішіпейілділікті білдіреді.

Барлығына белгілі, адамгершілікке тәрбиелеу бастауыш сынып оқушыларда музыка сабағында және сыныптан тыс мәдени-тәрбиелік жұмыстар барысында іске асады. Музыка сабағы - жалпы білім беретін мектеп қабырғасындағы музыкалық білім беру мен жан-жақты тәрбие беру жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі болып табылады. Бұл сабақта білімдік, танымдық материалдар берумен қатар, оны жан-жақты тәрбиелеу зор шеберлікті талап етеді. Сабаққа дайындық үрдісінде оның негізгі мақсат-міндеттерін, мазмұны мен құрылымын, оқыту әдістерін, тәрбиелік, дамытушылық мүмкіндіктерін анықтау, оның үстіне оқушыларға ұсынылатын шығармаларды да дұрыс таңдаған жөн.

Музыка пәнінің маңызы – қоғамның қазіргі заманғы сұранысына жауап бере отырып, бастауыш сынып оқушыларын ұлттық музыкаға баулиды. Музыка арқылы рухани бай, шығармашылығы мол, халық өнерін өмірдің бейнесі ретінде түсіне білетін, халқымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін құрметтейтін, және басқа халықтардың өнерін құрмет тұтатын жеке тұлға тәрбиелеу қажет. Мысалға айтатын болсақ, 3-ші бастауыш сынып оқушыларына арналған «Музыка» оқулығының мазмұнында (авторы Құлманова, 2017) жанды табиғат, жақсыдан үйрен, жаманнан жирен, уақыт, өнер, сәулет өнері, су тіршілік көзі, демалыс және мерекелер, атақты тұлғалар сияқты тақырыптар бар. Осыдан музыка табиғатпен, тәрбиемен, тарихпен, өнер түрлерімен, ұлы ойшылдардың шығармашылығымен тығыз байланысты деуге болады. Ал музыка сабағында қолданылатын негізгі іс-әрекеттің бірі – тыңдау, есту болғандықтан бастауыш сынып оқушыларының музыка тыңдау, есту мәдениетін бала кездегі тәрбиенің негізінде қалыптастырған жөн. Ол үшін бастауыш сынып оқушыларын қиял әлемімен таныстыру, оны ұштастыру, шығармашылыққа деген талғамды ояту керек.

Педагог Ә.Мұханбетжанова «Педагогиканы оқыту әдістемесі» атты оқулығында адамгершілік тәрбиеге анықтама бере отырып: «Адамгершілік тәрбиесі – оқушылардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыруға және оларға өздерінің бір-біріне, отбасына, адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дамытуы жөніндегі педагогтардың мақсатты түрдегі іс-әрекеті», - деп айтып, адамгершілік тәрбиені жүзеге асырудың төмендегідей жолдарын көрсетті [8, 268]:

- оқу үрдісінің мүмкіндіктерін пайдалану, әсіресе гуманитарлық пәндердің;
- мәдениет, денсаулық сақтау ұйымдарының т.б. мекемелердің тәрбиелік мүмкіншілігін пайдаланып адамгершілік білім беру;
- ұжымдық өмірді, бірлескен іс-әрекет пен қарым-қатынаста адамгершілік тәжірибесін және қоғамдық мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;

Барлық кезеңдерде бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы – мектеп қабырғасы. Бастауыш оқушыларының түйсік-қабылдау сезімталдығы мектеп қабырғасында сипатын табады. Бұл жаста, мектеп қабырғасында оқушылар үшін жүйелі түрде жаңаша мүмкіндіктер пайда болады. Соның ішінде оқушыларды адагершілікке тәрбиелеудегі ерекше мән-мағынасы бар - халық күйлері мен әндері алғашқы орындарда тұр десек қате болмас.

Қазақ халқының фольклорлық көрінісі - ауыз әдебиеті, көне жазбалар, ескерткіштер, аңыз-әңгімелер. Осылар арқылы ұлттық таным-қабылдау түйсігіміз, тәлім-тәрбиеміз, тарихымыз, әдет-ғұрпымыз қалыптасты. Осының ішінде күйдің орны ерекше.

Жалпылама сипаттағанда, күй - музыкалық жанр, қазақ халқының аспаптық пьесасы. Домбыра, қобыз, сыбызғыда шығарылып, тартылады. Күй – тек қана қазақ емес, қырғыз, өзбек халықтарының аспаптық музыкасына тән болып табылады. Күй XIV - XV ғасырларда жеке музыкалық жанр ретінде қалыптасты. Күйлер мән-мағынасы аңыз-ертегілерге, нақтылы тарихи оқиғаларға құрылып, көбіне бағдарламалы түрінде дамыды. Мазмұнында халықтың басынан өткен қайғы-қасірет пен әділетсіздікке қарсы күресі, азат өмірге ұмтылудың асыл

арманы мен қуаныш сезімі терең толғаныспен өрнектелген. Күйдің орындалуы әрқилы, оның мелодиялық-формалық құрылысы мен орныдалатын әдістері сан алуан. Мысал келтірсек, Құрманғазының күйлері жігерге, екпінге негізделсе, Дәулеткерейдің күйлері терең толғаумен, романтикалық лирикамен сипатын табады.

Халық әндері болса - ауызша дәстүрмен сақталған, ұрпақтан-ұрпаққа берілген және қоғамға таныс кез келген ұлт пен этникалық топ адамдарына арналған ерекше әуен. Жалпы қазақ халқының дәстүрлі әндері – халықтың шығармашылығын қалыптастыратын әдістерінің бірден-бір бөлігі. Халық әндері, барлық қоғамдық-тарихи формацияларға белгілі болғандықтан, оны тек халықтың шығармашылығы ғана емес, кең мағынада ән өнерінің өзегі деп тануға болады. Халық әндерінің теориялық негізін алғаш рет зерттеген Иоганн Готфрид Гердер болатын. Оның айтуынша, халық әндері тікелей табиғи құбылыстармен байланысты.

Дәстүрлі халық әндері негізінде ауылдық жерлерде қалыптасып, өзінің салыстырмалы бірегейлігін сақтауда, өйткені батыс композиторлық әндеріне қарағанда халық әндері белгілі бір шектеулі жүйеге бағынбайды. Алайда, кәсібилік сипатқа тек жазуға негізделген әндер ғана емес, ауызша ән өнері халықтың шығармашылығынан шыққан әндер де ие.

Әйгілі Кеңес одағының этнографы, композиторы, қазақ даласын зерттеген А.В. Затаевич «Қазақ халқының мың әні», «Қазақтың бес жүз әні мен күйлері» атты еңбектерінде келешек композиторлардың шығармашылығына көмек береді. Алайда бұл шығармашылық Д.Мацуцин, Б.Ерзакович, Е.Брусилковский, А.Жұбанов, Л.Хамиди, М.Төлебаев секілді композиторлардың еңбектерінде нотаға түсу арқылы жалғасын тапты. Мысалға, Қазақ Республикасы Ғылым академиясының өнертану ғылымының докторы Б.Ерзакович екі жүзден астам ән жазып қана қоймай, оларды арттыру мақсатында қазақ аймақтарын шаралады. Яғни Семей, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола және Қарағанды аймақтарын аралап, екі мың бес жүзден астам ән мен күйді нотаға түсірді. Б.Ерзакович Естай ауылында болғанда өз көңілін былай айтқан болатын: «Табиғатында өте байсалды, өз әндерімен өзге авторлардың әндерін салмақты саздылықпен шырқайтын Естай әйгілі «Қорланды» орындағанда қатты толқып кетеді. Тіпті радиоға жазу кезінде де әннің шарықтай шырқалатын тұстарында көзіне жас түсті. Тегі, жас шағында қалың мал төлей алмай сүйіктісімен айырылған жан трагедиясы оны өмір бойы толқытып өтсе керек».

Осы тұрғыда қазақ халқының әндері өзінің даму бағытын тауып әндер түрге бөлініп, өзіндік ерекшеліктері мен болмысы бар туындыларға айналды. Мысал келтіретін болсақ, қазақ халқының тұрмыс-салт әндері адам баласының жер бесіктен тал бесікке дейінгі өмірдің жалпылама сипаты мен үдерісі суреттелуде. Нәрестенің өмірге келуі, әр шаңырақты қуанышқа толтырып, шілдеhana жасалып, ат қойылады. Кіндігі түскен баланы 5-6 күннен соң бесікке салып, түрлі ырым-жоралғылар жасалған. Ал бесікке салынған баланың өсіп жетілуінде бесік жырларының тәрбиелік маңызы зор.

Қазақ халқының үйлену әндері отбасылық жағдайына, тағдырына, отау тіккен жастардың әріқарай жетілуіне, мақсат пен мүддесіне, қуанышы мен қайғысына арналған – жар-жар, сыңсу, қоштасу, жұбату, беташар, той бастар деп бөлінеді.

Әдеп-ғұрып әндерінде үлкен мағына мен бағыт-бағдар беретін дидактикалық тағлымы жатыр. Жалпы қоғамда диалектикалық категориялардың мәні, яғни жамандық пен жақсылықтың, әсемдік пен парсыздықтың, моральдық, этикалық ұғымдары жырланған. Сондықтан да, бұл әндерде астарлап сөйлеу, мәнерлеу, бейнелеу, аллегория, сарказм, жиі кездеседі.

Қазақ халқы арасында тараған тағы бір әндердің түрі – әзіл мен қалжыңға негізделген. Ақын-жыраулардың арасында ең таралғаны адамның тінез-құлығына, тәрбиесіне арналған. Әзіл-қалжың әндер әрқашан адамның өміріндегі кездесетін кемшіліктермен күресудің құралы ретінде шырқалады.

Адамның табиғаты үш кезеңнен тұрады: даму, есею, еркіндік. Бұл үшеуі арқылы мұғалім баланың табиғи байлығын, тұлғалық қасиетін, болашақ тұлғалық сапасын ашып, тұлғаның өзіндік ұстанымын, өмірлік көзқарасын, іскерлік дағдыларын анықтап, оны өмірде қолдана білуге, адамгершілік қасиеттерін сақтауға, қазіргі таңдағы жаһандану кезеңде

оқушыларға өзін жоғалтып алмау мақсатында, оның ішінде адамгершілікке тәрбиелеуді және осы құбылыстағы баланың назарын үнемі өз өміріндегі елеулі өзгерістерге бұрып, сапалы түсінуіне баулуға көмек береді. Баланың жас ерекшеліктеріне қарап, олардың көңіл-күйлерін көтеріңкі ұстау үшін әуен, саз-күй, әндер сабақ үрдісінде орынды қолдана білу қажет. Сондықтан талдай келе, жақсы әдет пен әдепке кішкентайынан дағдыландырылған оқушы тәртіпті де тәрбиелі, адамгершілігі мол болып өседі.

Жаһандану кезеңінде әр ұрпақтың өзіне тән мақсат-міндеті бар. Ол мақсат-міндетті тек қана осы ұрпақ салыстыра отырып келістіріп алады. Өйткені, кез келген ұрпақ болашақтың кепілі. Бұл кепілді әрбір оқушы терең бойлап, рухани өмірінен кешіріп терең түсінуі қажет. Бұл өмірді өзінің ішінен қабылдау, түсіну жоғарыда айтып кеткендей қазақ халқының күйлері мен әндері ақиқатты көркем бейнелеп адамгершілік сипатымен, таза ақылымен, умтылысымен суреттей отырып терең оймен сизтезге толы деп білуіміз қажет. Алғашқысындағы музыкалық аспаптарда ойналған әндер мен күйлер адам мен оны қоршаған орта арасындағы қарым-қатынасты білдірген. Басқа ұлттар секілді қазақ халқының да өзіндік болмысы мен өмірді түсіну қасиеттері аз емес. Соның ішінде ерте заманда туындаған, қалыптасқан, дамыған, жетілген, бүгінгі күніміздің қажеттілігіне айналған – күй.

Күйді оқушыларға танытып, оны қажеттілігімізге пайдалану арқылы оқушылардың руханилық өмір-дүниесін дамыту, байыту, ой-өрісін кеңінен көрсету, адамгершілікке итермелеу және оны бағалай білу басты міндет. Сонымен қатар, оқушыларды күйлердің сипатына, түрлеріне, мезгіліне қарай айырмашылығын білуге, мазмұнында көтерілген әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсінуге тәрбиелеу арқылы естіген күйлерін таза көңілмен қабылдап бағалай білу қабілеттерін қалыптастырып күйшінің өзіне тән орындаушылық ерекшеліктеріне тоқталып оқушылардың көркемдік талғамын жетілдіру қажет [1, 107].

Күйшілердің ішкі рухани және сырт дүниесінің өзара үйлесімділігін көрсетіп, олардың сахнада жүріс - тұрысы, тартымды киім киісі, көпшілік алдында өзін-өзі ұстай білу мәдениетін үлгі-өнеге ету арқылы бастауыш сынып оқушылардың адамгершілікке итермелейтін тәрбие берудегі рөлі орасан зор. Біліктілігі жоғары күйші музыкалық аспаптан шығаратын күйінің әуендік тілі, символикалық мәні, тартылу әдісі, дыбыстың астарындағы тілді тыңдаушысына түсіндіре алады. Бұны қазақ «күй аңызы» деген, яғни қанша күй болса, сонша аңыз әңгімесі бар. Әрбір күйдің өзінің ойналған (қобыз, домбыра, сыбызғы т.б.) себебі болады. Аңыз әңгімелер болса ойнатылатын күйдің музыкалық мән-мағынасын, әуендік ерекшелігін дұрыс түсінуге себепші болуымен қатар, қазақ халқымыздың әлеуметтік өмірінен мол мағлұмат береді.

Жалпы күй – қазақ халқының белгілі бір сезімінің сәті. Бұл сезім әрқилы болады. Адамның көңіл күйі. Махмуд Қашғаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» атты кітабында «көк» сөзі «күй» мағынасында қолданылады. Күйдің музыкалық болмысы өзінің біртұтас әуендік жаратылысымен, бас-аяғының бүтіндігімен бір. Күй жанрдың ең көнесі. Оның сан ғасырлық тарихы бар. Қалыптасқан дәстүрлері мен мектептері бар. Күй тілі ана тілімен бірдей. Күй мазмұны халықтың өмір айнасы. Сондықтан, күйдің түр-түсінен, тілінен, ұлттық сипатынан айырылып қалмайық деп, сонау ХХ – ғасырдың 30 жылдары Құдайберген Жұбановтан бастап Мұхтар Әуезов, Илияс Жансүгіров, Ахмет Жұбанов тағы басқа қазақтың біртуар азаматтары баса жазып кеткен.

Күй – тәрбиелік мәні бар оқытумен дәлме дәл. Оқытуда адамды тұлға ретінде қалыптастыру болса, күйде де тұлғаны қалыптастыру мен қоймай тәрбиенің әр түрлі қырларын ұрпаққа жүктеп, оқушыларды адамгершілікке деген ұмтылысты жаңғырту, арлы, намысшыл болуды үйретеді. Күй адамзаттың тек ақыл-ойына ғана емес, сонымен қатар, тұрмыс-тіршілігіне, іс-әрекетіне үлкен ықпалын тигізіп, адамзат өмірінде кездесетін барлық салаларды қамтитын мәселелерді қозғайды. Осыдан, күйдің балаға деген берер тәрбиесі, оның тұлға ретінде қалыптасуында адамгершілік ұмтылысы бірден-бір ықпалы бар десек те қате болмас.

Қадыр Мырзалиевтің «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» атты сөзі қазақ халқының руханилығын, жанын, сонау келе жатқан мың жылдық тарихын білдіріп, екі

ішек пен бір тиекке сыйдырған аспап болып, дыбысы үйлесімділікке шақырады. Қазақ халқының тек қана күй емес, барлық салт-санасы, әдет-ғұрпы, мақал-мәтелдері, ертегі, жырлары, термелері айналып келгенде - тәрбиелік мәнге зор. Күй қазақ халқының ділінің айнасы – Абай, Махамбет, Құрманғазы т.б секілді ғұламаларды оқыта отырып қазіргі таңдағы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу әбден мүмкін. Алғашқысында бастауыш сыныптардағы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, итермелеу үшін домбыра үнімен таныстырып, бойына сіңіру қажет. Домбыра үнін тани отырып оқушылардың бойында адамгершілікке тікелей қатысты: арды, намысты, иманды, құрметті, кішіпейілділікті тағы басқа мінез-құлықтарды уағыздайды. Яғни, оқушы қоғамның рухани дүниесін байыту, ақыл-ойын кеңейту, адамгершілік көзқарасын, талғамын дұрыс қалыптастыруда күйдің маңызы орасан зор. Бастауыш сынып оқушыларының қолдарына домбыра ұстатып, алдымен қазақ халқының әндерін түйсіндіріп, содан соң халық күйлерін танытса, оқушының ішкі жан-дүниесі дұрыс қалыптаса бастағаны бәрімізге мәлім. Күйлердегі меңзеп отырылған аңыз-әңгімелерді қарапайым тілмен айта отырып орындатып көрсетсе, оқушының күйге деген ұмтылысы да артады. Өйткені, күй аңыз-әңгімелері тарихтың тамыры.

Сондықтан да, біріншіден, бастауыш сыныптардағы оқушыларға күйлердің аңыз-әңгімелерін айқындата отырып, күйді түсіну, ырғағын бойына сіңіру, соңында тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру, адамгершілікке тәрбиелеу біздің міндетіміз. Екіншіден, күйді үйренген оқушыға аңыз-әңгімелерді айтқыза отырып өзіне орындату керек. Бұл арқылы оқушы тілдің де дәрежесін танып, оның дамуына да ықпалын тигізетін болады. Қазіргі кездегі интернет желісіндегі әрбір сахналарды көріп өскен кейбір балалар мен халық күйлерін орындап, танып өскен балалардың айырмашылығы жер мен көктей. Сондықтан да мектеп қабырғасындағы оқушыға берілетін тәрбиеге көп көңіл бөлінуі қажет.

Қорыта келгенде «Заманына қарап, бөрігінді ки» демекші, адамгершілікке тәрбиелеу ұғымын тек белгілі бір салаларға ғана емес, барлық салаларда қолдануымыз және оны негізге ала отырып алға ұмтылуымыз қажет. Адамгершілікке тәрбиелеу адамның мінез-құлығын, мәдениетін, парасаттылығын қалыптастырады. Бұған дәлел ортағасыр философы, қазақ халқының ұлы ғұламасы әл-Фараби: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз игі, игілікті және қайырымды адам боламыз: біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады» деп баса айтқан [7, 224].

Бастауыш сыныптағы оқушы мектеп қабырғасында алған білімін, тәрбесін адамгершілік таразысынан өткізіп саралайды да бағалайды. Жоғарыда айтып кеткендей, күй мен ән сонау тарихтан, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен хабар береді.

Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының жан-дүниесіне күй мен әнді еңгізу арқылы парасаттылық, талғампаздық, адамгершілік, патриоттық секілді сезімдерді тәрбиелейміз.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Тмат Мерғалиев, Сәрсенбай Бүркіт және Орынбай Дүйсеннің «Қазақ күйлерінің тарихы»;
2. Энциклопедический музыкальный словарь, 1959.
3. Алексеев Э.Е. Фольклор в контексте современной культуры: рассуждения о судьбах народной песни. — М.: Советский композитор, 1988.
4. Қазақ совет энциклопедиясы: 2 томдық. – Алматы, 1965.
5. Сахарбаева К. Ұстаздардың ұстазы. – Алматы, 2003.
6. Утебаева А. «Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу – басты мақсат». – Бастауыш мектеп, №9.2005.
7. Әбу Насыр Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. 7 томдық жинақ. 2-том. - Алматы: RS Халықаралық Абай клубы, 2019.

ҚҰРМАНҒАЗЫ – ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ КЛАССИГИ

Ташимова Әлия

Құрманғазы атындағы саз колледжінің 4-курс студенті

Қазақстан Республикасы, БҚО, Орал қ.

Ғылыми жетекшісі: Жаймұханова Т.Т.

«Музыкант немесе музыка сыншысы орманды, даланы, теңізді, тіпті, жұлдыздарды да есіте алмаса, ол жаман-ақ нәрсе. Мен көп жүретінмін, кейде жапа-жалғыз өзім келе жатам, құлақ түре тыңдаймын, басқа дүниені тіпті сезбеймін, ыңылдап әндетпеймін. Мен мынаны естеймін: көбіне сахараны. Музыканың ұлы адамдарының ұлы болуы – біздің жексұрын өміріміздің ішінде жүріп, небір көркем шығармалар беруі – олардың музыкадан басқаны да естей алуынан ба деп ойлаймын»²⁹

М. Горький

Халқымыздың тарихи, өмірлік тәрбие берер музыкалық мұраларын еске алғанда, даңқты бабамыз Құрманғазы туралы айтпай өте алмаймыз. Өйткені Құрманғазы атамсыз Қазақстанның мәдениетін, Қазақстанның музыка өнерін, оның бүкіл болашағын елестету мүмкін емес. Өйткені тағзым етіп отырған бабамыз шыр етіп жерге түскен әрбір қазаққа туғанынан мәлім. Әрбір қазақстандыққа белгілі. Оның туындылары біздің мақтанышымыз, қуанышымыз... Қиын-қыстау заманда тәуелсіздігіміздің туын көтеріп жатқан кезде, болашаққа сеніммен бүкіл ұрпақ жұмыс істеп жатқан кезде, бізді, барша қауымды ұлы бабамыз Құрманғазының аруағы желеп-жебеп жүрсін деймін...

Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін қазақ халқының ардақты перзенттерін мемлекеттік дәрежеде ұлықтап ардақтау - бірден қолға алынған міндет болды. Осындай қамқорлық көзқарастың арқасында Жамбыл Жабаев, Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Махамбет Өтемісов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин мерейтойлары ЮНЕСКО шеңберінде аталып өтті.

Осы шаралардың ішіндегі ерекшесі - Құрманғазы бабамыздың тойы, бұл той елімізде тұратын барлық ұлт-ұлысқа ортақ өнердің тойы болды. Өйткені Құрманғазы мұрасы бүкіл адамзат ұрпағына тән өмірдегі түйіткілдер мен фәнилік хәм бақилық шындықтың куәгеріндей ұлы еді.

Құрманғазының 175-жылдығы Ресей жерінде (Астрахань жерінде және Мәскеудегі П.И.Чайковский атындағы концерт залында), Түркияның біраз қалаларында, сонымен қатар көптеген достастық елдерінде үлкен салтанатпен өтті. Осы оқиғаға байланысты 1998 жылдың 27 қарашасында Алматы қаласында өткен салтанатты жиында Елбасы - Қазақстанның бірінші президенті Н.Ә.Назарбаев былай деді: «Құрманғазы арқылы қазақ даласын бүкіл планета таныды, ал біздің халықты әлем мойындады».

Қазақстанның батысында 18 ғасырдың аяқ кезіндегі Сырым көтерілісі, одан бергі Исатай-Махамбет көтерілісі, ол оқиғалармен байланысты болған халықтың ауыр саяси, шаруашылық жағдайлары халықты қобалжытты.

«Нарында, жалпақ шағыл Жиделіде,

Жиделі әлі күнге дейді елі де.

Кектеніп сол заманда құм қазағы,

Сарнады осы арадан күй желі де», –

Дейді ақын Х.Ерғалиев өзінің «Құрманғазы» атты поэмасында. Күй желінің сол бір өреде сарнаулы шын да, тарихи заңды да көрініс еді. Сырымға арналған «Сырым сазы»,

²⁹ Б.Асафьевтің «Музыкальная форма как процесс» кітабынан алынған цитата. 84 бет.

Исатайға арнаған «Нар кескен», жалында ақын, бунтарь Махамбет тартқан «Қайран Нарын», «Жұмыр Қылыш» күйлері Құрманғазының «Кішкентайының» «ата күйлері» болды. Боз үйде сапырулы сары қымыз ішіп жатып күй шығаратын жағдайда болмаған Құрманғазы – өскен ортасы малшы мен жалшы, тап тартысынан сабақ алғаны – өмір, идеялық лабораториясы – Исатай-Махамбет көтерілісі, ұлы орыс халқының музыкасымен танысудағы мектебі – айдау мен түрме болды. Ал, «Көбік шашқан» сияқты күйді шығаруда алған тақырыбы тарихтық оқиға – халқия деген махаббат, заманындағы қоғамдық өмірдің көкейкесті мәселелерін қозғауға себеп, сылтау ғана болды. Құрманғазының осындай музыкалық «қимылының» өзі ол заманның билеушілеріне қарсы келетін революциялық қимыл болып көрінеді. [5, б.11-12].

XIX ғасыр - Ресей саясатында қазақ жерін колонияға айналдырудың әрі қарай жалғасқан кезеңі еді. Қазақ қоғамына ендеп кірген капиталистік өндіріс қатынасы рулық-билік жүйесіне құрылған дала заңымен шарпысқан заманды алып келді. Қалың бұқара орыс өктемшілігімен бірге байлар мен шенді-шекпенділердің қанаушылық қамытын басына киді. Осы тарихи факторлар халық санасын оята бастады. Соның салдарынан Арынғазы, Сырым, Есет, Бекет, Жанқожа, Досан, Жәуке, Исатай, Махамбет, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай сияқты халық батырлары көтерілістер ұйымдастырды.

XIX ғасырдың есте қаларлық ерекшелігі өнер мен мәдениетке де қатысты болды. Осы ғасыр тарихи тайталастарға қарамастан ұлттық өнеріміздің шарықтап шыңға шыққан шағы болды. Халық арасынан шыққан біртума дарындылар осы кезеңде өмір сүрді. Жоғарыда аттары аталған бірсыпыра өнерпаздар шоғырымен бірге ел арасынан ауызша дәстүрді еміп өскен төкпе ақындар, сал-серілер мен әнші-өлеңшілер де халыққа таныла бастады. Олардың ішінен рухани байлығымыздың қазынасын толтырған толағай таланттар - Мұхит, Ақан сері, Біржан сал, Абай, Мәди, Үкілі Ыбырай, Естай, Жаяу Мұса, Әсет, Балуан Шолақтардың есімдері ілтипатпен аталады.

Осынау қазақ дарындарының ішіндегі өнердегі «жолы үлкендік» жоралғы сөз жоқ, күй атасы - Құрманғазы Сағырбайұлына (1823-1889) тиесілі. Болашақ домбырашының жастық шағы Исатай мен Махамбеттің ұлт-азаттық көтерілісіне дөп келіп, оның санасында бостандықты сүйгіш сезім түйін салды. Халық батырларының отаршылыққа қарсы күресі жас Құрманғазының халық мұң-зарын ертерек ұғынуына үлкен әсер етіп, намысын оятты. Ол үшін Исатай мен Махамбет еркіндік пен ерліктің символы (үлгісі) болды. [1, б.324].

Дарын иесінің шабытын қозғаған халық арасына ауызба-ауыз тараған Махамбеттің өршіл поэзиясы еді. Туған халқы үшін жанын шүберекке түйген ақын өз арманын былай жырлады:

Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам - деп едім.
Жағалай жатқан сол жерге
Мал толтырсам - деп едім.
Еділ үшін егестік,
Жайық үшін жандастық.
Қиғаш үшін қырылдық,
Тептер үшін тебістік.
Теңдікті, малды бермедік,
Теңсіздік малға көнбедік!

Исатай мен Махамбеттің ерлігіне арнаған Құрманғазының «Жігер», «Кішкентай», «Көбік шашқан» сияқты күйлері халықтық ұранға айналды.

Шағын симфония сияқты бұл шығармаларында сазгер төзімді, тәкаппар халықтың бейнесін жасады. Күйлердің өн бойы сезімшіл экспрессия мен психологиялық шиеленістерден тұрады. Құрманғазының бұл туындыларына эпиграф ретінде «Сағынам аузыма алсам Исатайды» деген атақты Шернияз ақынның сөзіне жауап ретінде айтқаны:

Исатай мен Махамбет
Өкіне ме екен, «өлдім» деп!

- деген өз өлең жолдарын алуға әбден болатындай. [4, б.102].

Құрманғазы төкпе күй стиліндегі домбыра өнерінің ірі арнасының негізін салды және осы мектептің кәсіби шыңына шыға алды. Домбыра музыкасының тақырыптық аясы кеңейіп, жаңа соқпаққа түсті. Ол - 60 шақты күйдің авторы. Ұлы музыканттың жаңашыл қолтанбасы оның әр күйінен, жалпы шығармашылық кейпі мен дыбысы еркін билеп-төстегені анық білініп тұрады. Сазгер шығармалары от шашқан жанартау сияқты. Әсем мелодиялық өрім Құрманғазының ерекше дарынының алдында оңай шешіліп отырды. Дала халқының өршіл тұлғасы жасалды. «Сарыарқа», «Балбырауын» сияқты күйлерінің ырғақтық екпінге құрылған күй композициясы мен формасы шын мәніндегі аспаптық өнердегі көркемдіктің шедеврлер үлгісі. Күй тақырыбы мен оның кейіптік (образдық) күрделілігі, өзі өмір сүрген замандағы адамдар бейнесі («Төремұрат»), туған жер табиғаты («Қызыл қайың», («Алатау»), философиялық толғаныс («Көбік шашқан»), қоғамдық-әлеуметтік мәселелер («Кішкентай») сияқты тақырыптар сазгердің шығармашылығының негізі болды. [3, б.79].

Құрманғазы туралы есте қалғандар.

³⁰ Никита Савичевтың айтқаны: ...Мырза Б. Мені бүкіл Бөкей Ордасына даңқы жайылған, домбыра тартатын тұңғыш артист Құрманғазы Сағырбаевпен таныстырып, көңілімді біраз көтеріп те тастады. Ол орта бойлы, кішіпейілді, жарқын жүзді, ақылды, пішіні татар сияқты, айрықша киімдерімен ерекшеленген орта жасқа келген кісі екен. Ол өзін көп өтіндірмей-ақ, қабырғада ілулі тұрған домбырасын қолына алды. Бұл – ұзын, қылта мойынды, екі ішекті, әшекейлеп безендірген ожау тәрізді балалайка екен. Сөз арасында айта кетейік, үй иесі өзі де музыкант, скрипка мен гитарада жақсы тартатын, балалайка мен домбыраны өте жақсы шертетін кісі екен. Құрманғазы домбыраны жедел күйіне келтіріп, басын дәл бұра түсті де, бірден құйқылжытып тарта жөнелді. Мен алғашқы кезде таңданып едім, кейін оның домбыра тартысына қайран қалдым. Екі ішекті мұндай аспаптан музыкаға ұқсас бірдене шығады ғой деп күтпеген едім, бірақ адам қабілетінің күші сол емес пе – домбырадан сонша таза музыка естілді. Әуеннің сипаты қырғыздық болғанымен, тартылуы жағынан оны үлгілі музыкалық шығармаларымен қатар қоюға болады, өйткені Сағырбаевтың тартуының өзі де сол бір қайнар көзден – дарындылық пен шабыттан құйылып, төгіліп жатқан әуен. Мен оның домбыра тартысын бозторғайдың немесе бұлбұлдың еркін сайрауы деп атар едім, бірақ артист қыялының ұшқырлығын біраз тежейтін аспаптың қарапайымдылығына қарамастан, бұл теңеу де тым жеткіліксіз. Ол домбыраны құлшына, жан-тәнімен тартады, сол кезде оның оң қолы әртүрлі, ойнақы қыймылдар жасайды, кескіні құбылып нұрланады, бірақ қолының сілтеуі кәсіліп сәнді келсе де, онша мәнерлі емес; бет әлпетіне келсек, ол тыжырайған немесе күшті әсерету үшін күн бұрын ойланып жасалған даяр бейне де емес, бірақ тартқан кезінде оның жан сезімі еріксіз, ақиқат табиғи бейнеленеді, азиялық артистке мұнысы жарасып та тұр.

Ол өзі шығарған бірнеше күйлерін тартып берді, ал осының өзі-ақ оның дарынды композитор екенін бірден аңғартады; сонымен бірге өзінің дауыстан домбыраға арнап өңдеген, қырғыздың ұрпақтан ұрпаққа көшіп келген ескі би музыкасын тартып берді. Мен трепак секілді әуен естимін ғой деп ойлап едім, бірақ бұл тамаша адажио болып шықты.

Осы жайында мен айтқаныма үй иесі (ол тілмаш та екен): қырғыздың билері... денені дірілдетіп бұрандап созылудан құралады, билеушілер сол арқылы сүйіспеншілік қасіретін, қатты сағынушылықты, қауіп-қатерді, кек алуды және басқа да күшті сезімдерді білдіруге тырысатындығын түсіндірді. Қырғыз биінің мотивтерінде мұның бәрі де бар, музыкант бір мотивті, биші басқа сезімге көшкенге дейін, қайталай береді. Сағырбаев, мотивтердің осындай өзгерістерін істей отырып, сонымен қатар бір пернеден екінші пернеге ауысуды музыкалық тамаша сыпайлықпен жасайды. Музыкалық идеяларының жүйелілігі тым сымбатты, оның пиано, форте және *ad libitum* әрқашанда шын, онда кейде анданте, аллегро

³⁰ Құрманғазы Сағырбаев туралы оралдық журналист – тұрмыс жазушысы және ақын Н.Ф.Савичевтің (1821-1885) еске түсіруі қазақтың данышпан халық музыканты, әрі композиторы туралы замнадасының әзірше табылған жалғыз ғана айғақ документі, сондықтан оның тарихи бағалығы ерекше болып есептеледі. Бұл еске түсірулер «Уральские войсковые ведомости» газетінің 1868 жылы №44 жарияланған.

және жап-жақсы финал да бар, ал Европа музыкасының формалары мен шарттары оған белгісіз ғой деп ойлаймын. [2, б.60].

Қорыта айтқанда – Сағырбаев сирек кездесетін жан, егер европалық білім алса, ол музыка дүниесінің шолпан жұлдызы болар еді...³¹

Күйші шын мәнінде, Батыс Қазақстандық аспапты музыка өнерінің негізін қалаушысы болып саналады. Оның творчествосында төкпе күйлердің стилистикалық ерекшеліктері қалыптасты. Атап айтқанда, күй құрылымына екінші сағаның енгізілуі, ал ырғақ жағына келсек, айқын екпінділік, дыбыс қайталауларының жиі қолданылуы, үлкен дыбыс көлемі, қос дауыстық, тағы басқа ерекшеліктері молынан қолданылған.

Қазақ елі өз жерінің қазына-байлығымен ғана емес, әлемді аузына қаратқан атақты талант иелерімен де белгілі. Елді өзінің өзгеше өнерімен оятқан жасампаз күйші Құрманғазы Сағырбайұлы болды. Қазақ музыкасының күй атасы атанған Құрманғазы композиторлық, орындаушылық өнерімен тарихта қалған.

Құрманғазы өзінің атақты замандасы Дәулеткереймен бірнеше рет жүздескен, күй анасы Динаның ұстазы, оның шығармашылығы біздің заманымыздың дәулескер күйшілері, шәкірттері - Мәмен, Дина және олардың ізбасарлары арқылы жеткен. XX ғасырда Құрманғазы күйлерін Дина, Қали Жантілеуов, Рүстембек Омаров тартып насихаттаған. Құрманғазы шығармашылығын зерттеуде академик А.Жұбанов, музыкатанушы П.Аравиннің еңбектері ерекше. Күйшінің өмірі мен шығармашылығы туралы деректер Н.Ф.Савичевтің, А.Затаевичтің еңбектері арқылы жетті. Кейінгі буын музыкатанушыларда Құрманғазы шығармашылығын теориялық бағыты тұрғысынан зерттеді.

Құрманғазының сырт келбеті жайын баяндайтын біздің заманымызға жеткен сипаттама естеліктердің бірі, 12-13 жасында Құрманғазымен жүздескен 94 жастағы Батырғали Көлбаев күйшінің жүзі тұсты, шығарған күйінің шыншыл, өр, батыл болғанын қазақтың «Әр күйші өз мінезін тартады» деген мәтелге сай келетіндігін айтады. Ал 90 жастағы Ахмет Сейсенов Құрманғазы бабамызды 12 жасында көрді. Күйші Құрманғазы сол кезде 55-60 жас шамасында еді. Ол орта бойлы адамнан сол биіктеу, қыр мұрынды, шұқша сақалды, шапыраш көзді, қараторы кісі екен. Шашын ұзын етіп өсірген, деп еске алды.

Күй атасы Құрманғазы байұлының ішінде қызылқұрт руынан шыққан. Құрбан айт кезінде туғандықтан оған Құрманғазы аты берілді (елдегі аты «Жалды қара»). Құрманғазының анасы Алқа жағынан ағалары ақын, әнші, күйші, балуандар көп шыққан. Домбыраны Ұзақ күйшіден үйреніп, одан бата алды. Алғаш үйренген күйлері Соқыр Ещан, Шеркеш, Жаппас, Байжұма, Байбақты Баламайсан күйлері болды. Күйшінің осы заманға жеткен 60 күйі хатталып, екі әнінің болғаны туралы («Аш бөрі» және «Қазижан») А.Жұбановтың деректері жеткізеді.

Құрманғазы төкпе күй стиліндегі домбыра өнерінің ірі арнасының негізін салды және осы мектептің кәсіби шыңына шыға алды. Домбыра музыкасының тақырыптық аясы кеңейіп, жаңа соқпаққа түсті. Ол - 60 шақты күйдің авторы. Ұлы музыканттың жаңашыл қолтаңбасы оның әр күйінен, жалпы шығармашылық кейпі мен дыбысы еркін билеп-төстегені анық білініп тұрады. [5, б.39] Сазгер шығармалары от шашқан жанартау сияқты. Әсем әуендік өрім Құрманғазының ерекше дарынының алдында оңай шешіліп отырды. «Сары-арқа», «Балбырауын» сияқты күйлерінің ырғақтық екпінге құрылған күй композициясы мен формасы шын мәніндегі аспаптық өнердегі көркемдіктің шедеврлер үлгісі. Күй тақырыбы мен оның кейіптік (образдық) күрделілігі, өзі өмір сүрген замандағы адамдар бейнесі («Төремұрат»), туған жер табиғаты («Қызыл қайың»), («Алатау»), философиялық толғаныс («Көбік шашқан»), қоғамдық-әлеуметтік мәселелер («Кішкентай») сияқты тақырыптар сазгердің шығармашылығының негізі болды. [3, б.79].

Құрманғазы күйлері құрылымның көлемділігімен, ырғақтың, өлшемдік жүйесінің жігерлігімен ерекшеленеді. Бұл тек күйдің қарқындылығына, әуеннің кең тыныстылығына байланысты емес. Құрманғазы стиліндегі аса маңызды рольді орындаушылардың қағыс

³¹ Музыкальная культура Казахстана. Алма-Ата. 1955.б. 63-64

техникасы атқарады. Құрманғазы күйлерін орындауда оң қол кең серпіп тартылады. Мұндай қағысты «тентек» немесе «шаптырма» деп атайды. Құрманғазы күйлерінде динамиканың көтерілуі немесе бәсеңсіп қалуы ерекше ойнау әдістерін қолдануды қажет етеді. Мысалы, дыбысты күшейту үшін дәстүрлі орындаушылар шынтақты шамалы көтеріп тартады. Ал дыбыстың үнін бәсеңдету үшін шынтақты ішекке тигізіп, шынтағымен домбыра шанағын қысады. [1, б.120].

Құрманғазының асқақ рухы бір ғана музыка саласына сиятын құбылыс емес. Мұндай тегеурінді дарынның болмысы біртұтас ұлттың рухани болмысына айғақ бола алады. Ұлт тағдырындағы тарихи ұлы өзгерістердің барша қуаныш-қайғысы қашанда біртуар перзенттерінің тағдыр-талайымен шендесіп жатады. Бұл, орайда, Құрманғазы өзінің қайталанбас өнерімен ғана емес, өмірімен де туған халқының бүкіл қасиетіне, сол бір алмағайып аласапыран кезеңнің хал күйіне ең жарқын айғақ бола білді. Ол өзінің қанатты күйлерімен поэзиядағы Махамбет сияқты ғылымдағы Шоқан сияқты, майдан даласындағы Кенесары сияқты, өршіл рухына қылау түсірмей, замана тауқыметін қайыспай арқалап ғұмыр кешті.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Әнес Ғ., Ізімұлы М. Құрманғазы жинақ. - Алматы, 2012.
2. Жұбанов А. Замана Бұлбұлдары. - Алматы, 1975.
3. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. – Алматы, 1975.
4. Жұбанов А. Құрманғазы. - Алматы, 2006.
5. Жұмалиева Т., Ахметбекова Д., Ысқақов Б., Карамендина Ә., Қоспақов З. Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы. – Алматы, 2005.
6. Қазақстанның музыка мәдениеті. Қазақ мемлекет баспасы. -1957.

ДАРЫНДЫ САЗГЕР, КЕҢ ЖҮРЕКТІ АЗАМАТ ЖОЛДЫБАЙ ДАСТЕНОВ

Мұқашева Дәнел

«Музыкалық колледж – дарынды балаларға
арналған музыкалық мектеп-интернат» 2-курс студенті
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі: **Волкова И.Н.**

Өнерге ерте келген жас дарын.

Дарынды сазгер, жерлесіміз Жолдыбай Дастенов 1943 жылы 8 қаңтарда Семей облысы Бесқарағай ауданы Өндіріс ауылында қарапайым жұмысшы отбасында аспанды қара бұлт торлаған сұрапыл соғыс кезінде дүниеге келген. Әкесі Дәстен Есімханов Ұлы Отан соғысының қан майданында соғысқан және еңбек ардагері, кезінде колхоз басқарып, Бесқарағай өңіріндегі тың көтеру жұмысына белсене қатысқан қайырымды, турашыл, еңбекқор адам. Ал анасы Әбенде жасынан домбыраны серік еткен адам болатын. Ерекшелігі орта білімді болса да ауылдағы барлық музыкалық аспапта еркін ойнайтын. Адамға берілетін текті тәрбие әкенің ақыл парасатымен ана сүтімен дариды. Анасы мен әжесі Жолдыбайды еркелетіп Жолан деп атаған.

Оның өнерге деген құлшынысы ерте бастан бойына сіңді. Төрт жасынан бастап қазақтың қасиетті қара домбырасын жанына серік етті. Жоланның екі әпкесі де өнерден құр алақан емес еді. 1949 жылы Жолан бірінші сыныпқа барады. Әкесі агроном, ферма басқарушы қызметтерін атқарып жүргенде науқанды жұмыс, маусымдық қарбаласқа қарамай баласына музыкалық тәрбие беруге уақыт тапты. Қолына домбыра ұстатып, мандолина,

балалайка, гармонь аспаптарын үйретті. Кейінен «Баян аспабын өз бетімен үйрену мектебі», «Играй мой баян», «Баянға арналған педагогикалық репертуарлар» сияқты оқу құралдар әперіп, ешкімнің көмегінсіз нота сауатын ашуға жағдай жасады.

Осындай ортада тәрбиеленген Жолан өжет, қайсар, алғыр болып өсті. Мектеп қабырғасына оның қатысуынсыз мерекелік шаралар өтпейтін. Ол жан-жақты болды. Мектептегі әртүрлі мәдени іс-шараларға белсенді қатысатын өте талантты үлгілі оқушы болған. Спорт жарыстарынан алған жетістіктерінде өз алдына, бала күнінен кітапқа да өте әуес болды. Орта мектептің бастауыш сыныптарында оқып жүрген кезінің өзінде-ақ көркем өнерпаздар үйірмесіне қатысып, сахнаға көп шықты.



Ол 8-9-сыныптарға барғанда баян аспабында пьесалар, әндер жаза бастады және тоғызыншы сыныпта облыстық баяншылар конкурсына қатысып жүлделі орын алды. Жасөспірім жігіттің өзіндік ерекшелігі, табиғи қабілеттілігі дараланып тұрды. Ол шағын аспаптағы пьесаларды орыс, казак, кыргыз халық әндерін өзінің өңдеуімен орындады. Сарапшылар алқасының председателі М.Төлебаев атындағы музыка училищесінің бұрынғы директоры П.Момынов Бесқарағайлық өнерпаздың талаптылығына ризашылығын

білдірді. Сонымен қатар композиторлық қабілеті бар екендігін, «Мектепті бітірген сон өзімізге кел, тәрбиелейміз» деген сөзі жас Жоланның киялына қанат бітіріп, творчествоға деген құштарлығын арттыра түсті. Сонау сәбилік дәуір, балалық шақтан басталған талап, көрген үлгі, таныған тағлым жолында кездескен тосқауыл атаулыны жарып өтіп, жалын жігерін жарқырата көрсетті.

Талаптыға нұр жауар.

Мектепті ойдағыдай бітіріп, атестатын алған соң, 1961 жылы Ж.Дастенов мамандық таңдап бөгелген жоқ. Қаладағы М.Төлебаев атындағы музыкалық училищеге құжат тапсырып, музыка теориясы бөліміне бірден қабылданды. Ол белгілі өнер қайраткерлерінен тағлымды дәріс алды. Жергілікті композиторлар Жолан Достенов пен Теміржан Базарбаевтың шығармашылық тағдырлары осылай тоғысты. Жолдыбай өзімен нота дәптеріне маржандай тізіліп, айшықты жазылған әуендерді ала келді. Композитор Теміржан Базарбаев Жоланның сауатын өз бетімен ашып, шығармашылық қадамын мектепте бастаған талапкер қадамына сүйсіне отырып, оған музыкалық шығармалар жазудың әдіс-тәсілдерін үйретуге келісімін беріп, қамқорлығына алды. Теміржан Базарбаев бос уақытынын көбін соған арнап үлкен шығармалар жазуды үйретіп, шығармашылық бағытын баулыды. Сондай қамқорлықтың нәтижесінде Жолан Достенов училище қабырғасынан шықпай жатып фортепианоға арналған прелюдия, «Листопад» пьесасын, ансамбльдік шығармалар мен әндер жазды. Сөйтіп, ол баян, фортепиано аспаптарымен қоса композицияны қоса меңгерді. Жолан училищені тамамдағанда шағын прелюдиялар мен аспаптыш пьесалардың, романстардың, хорға арналған шығармалардың «Бурабай» симфониялық поэмасының тағы да басқа туындылардың авторы еді. Бұл шығармалар Жоланның сәтті қадамының бастамасы еді.



Танымал шығармалар авторы.

Шығыс дарыны музыкалық оқу орынын Семейлік училищені 1965 жылы үздік дипломмен бітіріп, Құрманғазы атындағы консерваторияның композиция бөліміне аттанғанда Жолан шығармашылықты іздену үстіндегі әуесқой композиторлардың бірі болатын. Училищеде Теміржан Базарбаев, Алла Федоровна Тырышкина бастаған игі істі консерваторияда Құддыс Қожамирова жалғастырды. Өнер



ордасындағы білім шығармашылық талпыныстармен, тың ізденістермен ұштасты. Консерваторияның композиция бөлімінде ол бес жыл оқыды. Құддыс Қожамиров өз шәкірттеріне композиторға қойылатын негізгі талапты музыка теориясын терең меңгеру, жанырлардың сырын ұғып, заңдылықтарын игеру, болашақ композитор көп оқып, тынымсыз іздену және жоғары мәдениетті болу керектігін үнемі ескертіп отыратын. Ұстаздың сол талабы шәкіртіне ұран сияқты көрінеді. Сол жоғарғы талаптын нәтижесінде консерваторияның өткен бес жыл ішінде музыкадағы негізгі жанрлардың бәрін шағын пьесадан бастап көлемді симфонияға дейін толық меңгеріп шықты. Ол өзінің студенттік шағында Қазақ телерадиосында жұмыс істеді. Алматыда өткен алғашқы жылдардың өзінде Дәстеновтың фортепианолық сонаталары, триоларымен квартеттері концерт кештерінде жиі орындалатын. Оның дипломдық жұмысы виолончель мен оркестрге арналған концерт өнер қайраткерлері тарапынан жоғары бағаланып, композитордың шығармашылық бағдарын анықтап берді.

1968 жылы Жолан «Мамай қорғанына» барды. Жолан Дәстенов консерваториясын оқып жүргенде жазған «Мамай қорғаны» симфониялық поэмасы әскери патриоттық тұрғыда кесек туынды болды. Өнер жанкүйерлері республикалық эфир, көгілдір экран арқылы «мамай қорғаны» симфониялық поэмасын жиі естиді. Шығарманың бірде көкірекке мұн ұялатқан, енді бірде көңілдің көкжиегін кеңейткен әуені тыңдаушыны кым-қуыт оқиғаларға толы құйындатқан жылдар қойнына сүнгітеді. Ел басына күн туғанда қолына қару алып, қанды майданға аттанған, Отанды қорғау жолында жандарын құрбан еткен ағалардың асыл бейнелерін көз алдына көлденең тартады. Симфониялық поэма халық басындағы

ауыртпалықты, олардың жеңіске, жарқын болашаққа деген мұқалмас жігерін көрсетуге арналған. Сондықтан да аталған туындының әуені бірде көкіректі күрсініске толтырып, жанарға жас үйірсе, тағы бірде қаскөй дұшпанға деген кек отын тұтандырады. Қазақ радиосының алтын қорына қосылып, жыл сайын Совет армиясымен Әскери теңіз Флоты. Ұлы Жеңіс күндері тұрақты беріліп тұратын бұл шығарма Волгоградқа барған сапарынан Вучечичтің ғажайып монументін тебірене көру әсерінен туған еді. Сұрапыл соғыста зұлым жаудың жауыздық әрекетінің құрбаны болған боздақтарға жазықсыз жәбірленген аналарға бесіктен белі шықпай жатып жастай үзілген балаларға арналған монумент жан жарасын



Жанарына жас толтырып, көкірегіне күрсініс ұялатты. Сол тебіреністен туған «Мамай қорғаны» симфониялық поэмасы Отан үшін жандарын пидә еткен асыл азаматтарға ескерткіш ретінде дүниеге келіп, шығарма республика жұртшылығына Қазақ ССР мемлекеттік симфониялық оркестрінің орындауы арқылы танылды. Сол тебіреніс сәтіндегі толғаныс композиторды үлкен плотнолық шығарма жазуға жетеледі. Совет Одағын мекендеген бауырлас халықтармен ұлттардың жеңімпаздық, жасампаздық қасиеттеріне сүйсіндіреді. Кейінен бұл поэма Чехословакияның Братислава қаласында, Москва және Алматыда одақтас республикалардың астаналарында өткен классикалық музыка фестивальдарында, радио және телевизия арқылы орындалып, белгілі өнер шеберлері мен қалың жанкүйер тарапынан лайықты бағаланды. Оқу орын қабырғасында онан кейін өмірге келген «Алатау өрнектері» атты үш бөлімнен тұратын сюитасы. Оның артынан камералық

оркестрге лайықталған концерт туды. Туған республика астанасының көрікті келбетін, табиғатын қайталанбас сұлулығын музыка тілімен бейнелеуге арналған шығарма. Ондағы лирикалық кейіпкер-ұшар басы ұшпа бұлттан сәде таққан асқар тау, мүлгіген орман, сылдырлақан булақ, жайқалған құрақ. Осылардың барлығы өзара үндессе, астаса келіп, таңғажайып сұлулықтың тамаша сырын ашады. Республика өнер шеберлерінің тандауы осы екі шығарма үшін және жастар арасында музыка өнерін насихаттауға қосқан бағалы үлесі үшін кейіннен яғни 1976 жылы Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығына ие болды. Бұл құрметті атақ композиторға үлкен жауапкершілік жүктеп, жаңа асуларға жетеледі.

Республикамыздың музыка мәдениеті қарыштап қарқынмен шарықтап өсіп кемелдене түсті. Десек те алдыңғы қатарлы елдермен терезесін теңестіре де, балаларға арналған операның жоқтығы олқы көрініп тұратын. Осы олқылықты орнын Жолан Дәстенов толтырды Опера театрының сахнасына шығарылған «Қаңбақ шал» операсы өскелең ұрпаққа арналған бағалы сыйлық болды 2015 жылдың 1 қазанында осы опера Астана қаласының Мемлекеттік Академия филармониясының ұйымдастыруымен Конгресс холлда сомдалды.

Жоланның археологиялық қазба жұмыстарына қатысқаны бар. Ежелгі қыш күйдіру заводын, жер асты жолдарын, төңіректің төрт бұрышына қарайтын төрт қақпаны сәулет және зергерлік өнер туындыларын көзбен көру оның «Отырардың соңғы күні» симфониялық поэмасын жазуына себеп болды. Шығарма орындалғанда аспаптар құрамында тұңғыш рет хылқымыздың көне аспабы саз сырнай пайдаланылды. Бұл жаңалық өнер зерттеушілері мен музыка сыншылары тарапынан жоғары бағаланып, кейіннен жер жерде фольклорлық ансамбльдердің құрылуына себепші болды. Семей топырағына оралып қызмет еткен шағында шығармалары «Абайдың кабірінің басында» атты фортопианолық триосы, «Үш әңгіме», «Ежелгі қаланың көрінісі», «Кешкі жапырақтар», «Кешкі ертегі», сюиталары «Планетаға бейбітшілік керек» симфониялық поэмасы, Қырғыз драматургі М.Байжиевтің либреттосына жазылған «Тоқта мерген», мюзиклі, Семейлік Совет Одағының батыры

И.Ландышевке арналған «Комсомол билеті» поэмасы тыңдаушылар тарапынан жоғары бағаланып жүр.

«Өнер мен білім ұштасқан».

Жолан Дәстенов 1970 жылы Құрманғазы атындағы консерваторияны бітірген соң осы оқу орнындағы ұстаздық қызметін дамытып, талапкер шәкіртеріне өнер үйрете жүріп, творчество жолына бүтіндей бет бұрыс жасады. Аспаптық квартеттер, скрипка мен оркестрге арналған пьесалар жазды. Оның қаламынан туындаған «Қаңбақ шал» операсы сияқты қыруар шығарма жазып, талантты композитор ретінде танылып келе жатқан Жолан Дәстенов 1971 жылы СССР Композиторлар одағының мүшесі болды. Ол соңғы он жылдай консерваторияның композиция бөлімінде ақын М.Шаханов екеуі Қазақстан ЛКСМ орталық Комитеті жанындағы шығармашылық жастар советін басқарды. КПСС орталық комитетінің шығармашылық жастармен жұмыс туралы қаулысын жүзеге асыруға байланысты Қазақстан композиторлар одағында құрылған шығармашылық жастармен жұмыс істейтін арнаулы комиссияға жетекшілік жасады. Бүгінгі күні Жолан Дәстеновтың шәкірті, Қазақстан Республикасы композиторлар одағының төрайымы Балнұр Қыдырбек өз қолтанбасын беріп, мағлұматтармен бөлісті.



Жолан Дәстеновтың тағы біраз еңбек еткені Семей жері. 1982 жылдар аралығында Композиторлар одағының ертіс өңірі бөлімшесі құрып, оның төрағалығына Дәстенов сайланады. Қазақстан композиторлар одағында Ертіс өңірі бөлімшесінде қызмет атқарып келе жатқан Жолан Дәстенов бұл салада да ауқымды жұмыс істеп жергілікті композиторларды ерлік және еңбек түрлетін жырлайтын көркем идеялық жағынан көп шығармалар жазуға баулыды. Композиторлар өнерлерін насихаттауға байланысты Т.Базарбаевтың, М.Рахымбаевтың, Х.Тегерменжидовтың бірнеше авторлық

кештеріне оқу орындарында өткізді. Кейіннен қайта Алматыға оралып композиторлар одағы басқармасының хатшысы болып қызмет етеді. Сол уақыт ішінде республикамыздың көптеген қалаларын аралап, казактың музыка өнерін насихаттауда қанша елді аралап және музыканттар, жастарға эстетикалық тәрбие беру, қазіргі өнеріміздің өрісі туралы мыңнан аса дәріс оқыды. Қазақ орыс тілдерінде телевидение мен радиодан 400-ден аса материалдарды оқыды. Композитор телевизиялық хабарларға жиі қатысады. Семейдегі М.Төлебаев атындағы музыкалық училищенің құрылғанына ширек ғасыр толу мерекесі облыс бойынша атап өтті. Бір кезде өзі білім алған, шығармашылық жолға қадам басқан ошу орнының салтанатына Алматыдан арнайы келген Жолан Дәстенов Қазақстан Композиторлар одағы басқармасымен Құрманғазы атындағы консерватория коллективтерінің сәлемін, семейліктерге деген игі ниет, шығармашылық тілектерін жеткізді. Училище мұғалімдерімен кездесулер өткізіп, оларға шығармашылық және методикалық ақыл кеңестер берді. Осы сапардағы авторлық кешінде композитор шығармаларынан концерттер берілді. Жолан өзінің кіндік қаны тамған топыраққа құр қол келген жоқ, «Отырардың соңғы күні» симфониялық поэмасын толық аяқтап ала келді. Онык бұдан бұрын жазған «Абай қабірінің басында» атты триосы қазірдің өзінде музыка жанкүйерлеріне таныс. Өнімді еңбек етіп, композитордың қаламынан туып, республиканың музыкалық мұрасына үлес болып қосылған шығармалары қазірдің өзінде де аз емес.

Осындай қызметтерден басқа сазгердің шығармашылығы өз алдына бір сала еді. Оркестр мен виолончельге арналған концертті, оркестр үшін жазылған екі концертті, бірнеше симфониялық поэмалары, әндері, хорлары, романстары т.б. бар. Драмалық спектакльдерге де сөз жазған. «Тоқта мерген» атты мюзикльдің авторы Дәстенов болатын. Сазгердің ең алғаш балаларға арнап жазған операсы «Қанбақ шал» 1979 жылы жарық көрген. Шығармашылық

өнерде Жолан ежелгі фольклорға да ден қойды. Шығыстың саз мәдениетіне ортақ қасиеттерді бедерлендіре отырып, қазақ, ұйғыр, тәжік, өзбек халық музыкасын әуендерін үндістіре білген. Оның шығармалылық жоспарыда үлкен болатын. Соның бірі - Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолында қаза тапқан Тоқаш Бокин туралы опера жазып, есімі ел есінде сақталған азаматтың музыкалық бейнесін жасау. Екінші мақсаты өскелең ұрпаққа патриоттық және эстетикалық тәрбие беруге ұстаз ретінде үлес қосу. Композитордың мақсаты да, жоспары да көп. Бірі орындалса, екіншісі бой көрсетеді. Жанына тыным таптырмай, алға қарай асықтыра береді.

Сазгердің ең соңғы ірі шығармасы Абайдың аттас поэмасы бойынша жазылған «Ескендір» симфониялық поэмасы.

«Орны толмас... Естеліктер».

Қазақстанның музыка өнері ауыр қазаға душар болды. 1991 жылы 10 қазанда 49 жасқа қараған шағында дарынды композитор, республика музыка мәдениет белсенді ұйымдастырушы, Қазақстан композиторлар одағы басқармасының хатшысы, республика Ленин комсомолы сыйлығының иегері Жолдыбай Дәстенов қайтыс болды. Үлкенмен де, кішімен де сыйласа білетін, қадірлей білетін, адамдарды ерекше бір нұрымен, мейрімді жүзімен, баурап тұратын ақкөңіл сері мінезді жан еді ол. Аяулы жар, ардақты әке екі ұл бір қыз тәрбиелеген дарынды сазгер Жолан Дәстенов бұл күнде арамызда жоқ. Асылдың артында ұлдары Әлиасқар мен Рустем, қызы Әсем қалды. Қазаға ұшырап өмірдең мезгілсіз кеткен жазмыштан озмыш жоқ дегендей Жолдыбай Дәстенов композиторлық лекторлық шеберлігі, жан - жақты білімділігі туралы талай естеліктер қалды. «Оның адами кесек тұлғасы, қасиеті, азаматтығы бұлардың бәрі мені қатты сүйсіндіретін де қызықтыратын. Жолан Дәстеновты әрі дос әрі аға тұтып, көп жылдар бірге жүрген кезімде оның адамшылық қасиеттеріне талай көзім жеткендіктен де осылай деймін» деп еске алады Хасен Қожа-Ахмет.



Жолдыбай Дастеновтың есімі бүгінгі күнде музыка сүйер қауым ортасында танымал болуына үлкен еңбек жасағаны анық. Осы салада көп туындыларын қалдырып, әсіресе өскелең ұрпақ үшін «Қаңбақ шал» операсы бағалы сыйлық болғаны анық. Осы оқиғаның өзі жерлесімнің қалдырған мұрасының мәңгілік екенінің дәлелі болып табылады. Үнемі ұлтымыздың бірлігіне, жастарды қолдаумен өткен азаматтардың бірі екенін білеміз. Бүгінгі күні Семей қаласының бұрынғы Пугачев атындағы көшесіне Жолан Дастеновтың аты берілсе, Бесқарағай ауданы орталығының бір көшесіде жерлестерінің атында. Туған ауылы Өндіріс ауылында мектеп қабырғасында сазгерге ашылған мұражайда бар. Семей қаласындағы № 4 музыкалық мектепте Жолан Дастеновтың атында.

Жолан Дастеновтың жас ұрпағы қолымыздан келгенше Жолдыбай атамыздың мұрасын, өмірбаяның, еңбек жолын насихаттап жүрміз.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Справочник «Композиторы и музыковеды Казахстана» - 1980 ж.
2. Балнұр Қыдырбектің және Ю.П.Аравиннің сұхбатынан (бейне).
3. «Сборник пьес для фортепиано», - «Жалын» баспасы, 1978 ж.
4. «Бесқарағай тынысы» аудандық газеті. - №84, (1706).

ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ МУЗЫКАЛЬНОЙ ВЫРАЗИТЕЛЬНОСТИ ВАЛЬСА "КАЗАХСКИЙ ВАЛЬС" ЛАТИФА ХАМИДИ

Бөкеш Алия

Республиканская казахская специализированная
музыкальная школа-интернат для одаренных детей
им. А. Жубанова

Республика Казахстан, г. Алматы

Научный руководитель: **Козыбаева А.А.**

Творчество выдающегося деятеля нашей страны, композитора, Латифа Хамиди, соратника А. Жубанова, К. Байсеитовой, Е. Брусиловского, Б. Тулегеновой, С. Муканова, М. Ауэзова, соавтора легендарной оперы "Абай", создателя казахского эталона вальсовой музыки - до сих пор является актуальным и неисчерпаемым в музыкознании. Написание статьи стало еще одним поводом соприкоснуться с творчеством выдающейся личности Казахстана, узнать факты и обстоятельства, когда создавалась "жемчужина" национальной профессиональной музыки - "Казахский вальс". Для начала обратим внимание на "вальс", как явление в музыкальной культуре, на историю возникновения жанра.



Вот уже несколько веков подряд танец "вальс", от немецкого глагола "walzer", означающий – вращаться, танцевать стал музыкальной формулой для обозначения трехдольно-плавного движения. Своими корнями вальс обязан ряду европейских танцев, среди которых чешский «матеник» (с разновидностями "фурантэ"), французский

«лавольте» и немецкий лендлер[6].

Принято считать, что вальс как жанр окончательно состоялся в конце XVIII века в Германии, а точнее в Австрии, но существует теория о более раннем появлении вальса как жанра еще в XIII во Франции. На трехдольность ритма ранней формы вальса повлияли

движения исполнителей, где на акцент первой доли танцоры приседают, на вторую и, позднее присоединившуюся, третью, танцоры делают так называемый круг – реверанс, кроме этого он утвердился как парный танец, с типом движений и поворотов «лицом к лицу». Этот тип движений и ритм стали стартовой площадкой для создания светских танцев, паркетных.



Народный танец



Светский танец

Время расцвета вальса - начало XIX века, трепетная образно-чувственная выразительность, ритм, мелодическое богатство вальса захватывает умы и сердца создателей этого модного жанра, еще больше он стал востребованным у аудитории танцующих (как бытовой жанр) и аудитории слушателей (салонный жанр). Это тот период в искусстве, когда благодаря вальсу появляется возможность выразить чувство, новые виды и жанры танцев, по сути, являлись выражением эмоционально-чувственного отношения между людьми, музыкальная образность вальса становится шкалой эмоций в творческом выражении, а иногда и эквивалентом выражения слов: «Я Вас люблю».

Многие композиторы не обошли стороной в своем творчестве «испытание вальсом», но ярким популяризатором этой формы вальса стал Й. Штраус- младший, получивший народное звание «Короля вальса». Он обогатил ритмику, гармонию и инструментовку вальса, стиль его уникален и оказывает большое влияние на развитие вальса как музыкального жанра и в наше современное время. Его произведения «Жизнь художника» и «Песни любви», «На прекрасном голубом Дунае» – это танцы-символы жизни европейцев определенного времени, а последнее из перечисленных – неофициальный гимн Австрии (Пример 1).

НА ПРЕКРАСНОМ
ГОЛУБОМ ДУНАЕ

ON THE WONDERFUL
BLUE DANUBE

17

И ШТРАУС
J. STRAUSS
(1825–1899)

Пример 1 – Й. Штраус «На прекрасном Дунае»

Самая ранняя форма вальса находит отклик в творчестве и первого представителя романтизма – Франца Шуберта. Из простого трехдольного танца романтики Шопен, Лист, Шуман, Брамс делают пьесу, с техническими нюансами и глубоким смыслом, вальс не просто танцуется или слушается, он читается как музыкальный стих, поэма, в некоторых из них мы слышим лишь робкий намек и признание, в других шедеврах, таких как «Фантастическая симфония» Берлиоза, вальс – основа целой части, вместо менуэта. У Верди вальсовость становится визитной карточкой его опер, трехдольная ритмоформула – основа вокальных номеров, музыкальная портретика, градация эмоций персонажей построена на трансформации тем вальсов.

Необычна история включения в музыкальную культуру жанра вальса России, хотя благоприятных предпосылок для его внедрения очень много. При правлении Петра I открылись все ресурсы для расцвета светских жанров во всех видах искусств, это период интенсивных преобразований в сфере музыкальной культуры, однако вальс в России прижился не сразу, светский этикет XVIII века не позволял так «близко» располагаться в танце партнерам, откровенно выражать чувственность. Выразителем свободы чувств, романтизма он врывается в русскую культуру XIX века, отражается в разных видах искусств, но особенный след от оставил в литературе, помните, как у А.С. Пушкина из стихов романа «Евгений Онегин»:

*"Однообразный и безумный,
Как вихорь жизни молодой,
Кружится вальса вихорь шумный,
Чета мелькает за четой." [7]*

-или у М. Лермонтова в «Маскараде», Л. Толстого в «Войне и мире». В музыкальном мире он также не остался в стороне: после написания в 1824 году А. Грибоедовым популярного ми-минорного Вальса №2, как жанра инструментального, образы нежной грусти и тайного порыва души стали приоритетными в стиле ведущих композиторов. М. Глинка и его «Вальс-фантазия» - начало «симфонизации» танца и это образ вальса в большом дворцовом зале, а в творчестве П. Чайковского – это гимн романтизму, мощная палитра вальсовых образов, начиная с цикла «Детский альбом» и в крупных произведениях – симфониях, операх еще больше закрепили за этим жанром приоритет образцового танца. Балетное творчество композитора равноценно энциклопедии для данного жанра, многообразии которого выстраивает цепь знаковости: «Вальс цветов» из балета «Щелкунчик», вальсы из балетов «Спящая красавица», «Лебединое озеро».

В XX веке вальс продолжает развиваться и удивлять, он принимает новые формы, обогащается тематика выражения чувственности образов, интерпретируется и вживается в различных национальных культурах, становится стилевой основой в творчестве композиторов, как жанр становится источником для нового и инновационного звучания. Это еще раз подчеркивает значимость его в истории музыки нового времени. Были разные способы включения вальса в произведения. Д. Шостакович и С. Прокофьев - два известных советских композитора, которые внесли значительный вклад в развитие жанра вальса. Кино, как вид искусства, стало поводом для создания Вальса №2 («Русский вальс») у Шостаковича, впервые прозвучав в кинокартине «Первый эшелон» (режиссер М. Калатозов), а в его квартетах – это драматизация вальса, это спектакль. Севостьянова Л.В., в статье «Метаморфозы жанра вальса в квартетах Д.Д. Шостаковича» [8] обращает внимание на различие жанровых амплуа вальса, выделяет две разновидности модификаций вальса - жанровая трансформация и жанровый синтез, отсюда - нарастающая к позднему периоду творчества композитора трагизация вальсовости его квартетов. В творчестве Прокофьева вальс – это составляющая различных музыкальных форм: мы слышим его в опере «Война и мир», как ключевой момент сюжета, в описании атмосферы была, а в сюите для фортепиано из вальсов Ф. Шуберта - как музыкальная портретика. Характерна общая тенденция - опора на русские традиционные мелодические основы, а в образах – поэтичная воздушность. Тип русских вальсов отличается национальной самобытностью, народной распевной мелодикой. Такой же тип описания мы часто увидим в музыковедческих работах [8], посвященных казахстанским композиторам, в частности Латифу Хамиди, где в основе - традиционный мелодический тип, включение в европейские формообразующие системы, романтическая образность.

«Татары, рассеянные как бусины одного ожерелья, внесли свой вклад в развитие культур разных народов и стран» – слова, сказанные доктором исторических наук Л. Р. Габдрафиковой [1], абсолютно отражают смысл, когда знакомишься с творчеством композитора Латифа Абдулхаевича Хамиди (1906-1983 г.г.), народным артистом Казахской ССР, лауреатом Государственной премии Казахской ССР, одним из авторов музыки к гимну Казахской ССР, создателем цикла «Татарская сюита», опер «Абай», «Тулеген Тохтаров», «Джамбул», брендов советской песенной культуры «Казахского вальса» и «Булбул».



Родившись в семье небогатых татар в селе Бували, Свяжского уезда Казанской губернии, в период первой мировой войны, детство будущего композитора обещало быть несладким. Переезды привезли семью Хамиди в маленький городок Каттакурган в Узбекистане. По совету родственника, увлеченного искусством, прогрессивного и образованного, Латифа отдают на обучение в местную музыкальную школу, где учится играть на редких для этой культуры, но ставших активно продвигаемых в социальной среде, инструментах - европейских скрипке и фортепиано. 1920 году семья переезжает в Ташкент, поступает в Таджикский институт просвещения. В 20-ые годы впервые проявляет серьезные творческие способности, открывая с друзьями- казахами любительский ансамбль – «Синяя блуза» и становится его же руководителем.

В 1922 году 16 летний Хамиди создаёт свою первую композицию – «Первый вальс» с использованием типов мелодий, характерных для народной татарской музыки. Этот вальс стал неофициальным гимном татарской молодежи 20-30-х годов и принес первый творческий успех и по совету композитора С. Габяши, он переезжает в Казань, чтобы получить профессиональное образование музыканта в стенах музыкального техникума исторической родины. Время, проведенное в столице Татарстана, сыграло огромную роль на дальнейшее

творчества композитора. Молодой музыкант приступил к освоению исполнительского мастерства на виолончели, стал свидетелем, когда ставились первые татарские оперы, драматические спектакли, исполнялись первые симфонические произведения, знакомится с легендарным поэтом Мусой Джалилем, становится известен в кругах творческой интеллигенции. В 1927 году Хамиди поступает в Первый Московский музыкальный техникум, это значимый этап: начинается профессиональная деятельность как композитора, совместно с М. Джалилем создают несколько детских песен, создает ряд миниатюр – обработок на основе татарского фольклора.

В 1933 году уже уезжает в Казахстан, в город Алматы, на место заведующего музыкальной частью Казахского драматического театра. В творческой биографии композитора казахстанский период выделяется особенно, обозначается понятием «расцвет творчества»: молодой композитор путешествует по стране собирая этно-фольклор, в виде народных песен, в том числе и материалы творческого наследия Абая Кунанбаева, пробует сочинять в разных жанрах, возрастает интерес к его творчеству среди местного населения.

30 –е годы XX века в судьбе Казахстана – трагичная страница истории, происходят значительные изменения в социальной, экономической и политической сферах, действует система идеологического диктаторства на изменения в культуре коренного населения. Стратегическая задача индустриализации и коллективизации кочевого населения стала переломным в судьбе музыкального искусства, с одной стороны это беспощадное уничтожение и упразднение многих жанров народного устного творчества, с другой стороны это указ и продвижение, полномасштабное внедрение европейского музыкального языка, образной тематики, включение культуры в массы. При всей драматичности ситуации, с 1930-х годов в Казахстане началось формирование профессионального музыкального искусства. На этот же период приходится расцвет творчества приглашенных из России музыкальных деятелей, среди которых Е. Брусиловский, Б. Ерзакович, представитель национальной профессиональной композиторской школы А. Жубанов становится организатором оркестра казахских народных инструментов, открывается филармония, музыкальная театральная студия закладывает фундамент для Казахского театра оперы и балета. За короткий срок в 10 лет идет не просто адаптация и освоение европейской музыкальной системы, создается мощная профессиональная национальная база академической музыки. Наравне с известными деятелями того времени, Латиф Абдулхаевич закладывает фундамент академической музыки. В творческом арсенале композитора уже есть музыкальное сопровождение к постановкам по пьесам М. Ауэзова «Ночные сакраты», написание опер, в числе которых совместно написанная с А. Жубановым, несколько симфонических произведений. Знаковым в судьбе композитора стало знакомство с автором сборника «50 песен казахстанских татар» А. Затаевичем.

«Не является секретом то, что все национальные композиторские школы в качестве основы для творчества взяли европейский музыкальный язык 19-го начала 20-го века, обращения к более поздним периодам – единичны. Национальный же компонент обуславливался той этнической культурой, которую представлял композитор и представлял собой, как правило, живой музыкальный язык, понятный абсолютному большинству населения» - слова профессора, музыковеда Елемановой С.А.[3], так точно и тонко определяют суть творчества Л. Хамиди, интеграцию этнокультур в его стиле, тем более, что есть тому подтверждения не только историческое, но и на конкретном примере – «Казахском вальсе».

Дружное семейство струнных смычковых инструментов – кыл-қобыз, нар-қобыз, жез-қобыз (прима-қобыз, альт-қобыз, бас-қобыз, контрабас-қобыз). Эти инструменты словно продолжение друг друга. Все они разные по тембру, размеру, форме и количеству струн, но всё же есть и общие черты. *Қобыз* – смычковый музыкальный инструмент. Он выдалбливался из одного цельного куска дерева – можжевельника (арша), клена, сосны, березы. Инструмент состоял как бы из трех частей: головной (бас), средней (основание - кеуде) и нижней (аяқ). Основание делается в виде открытой чаши, вытянутой книзу. Эта нижняя часть инструмента затягивается кожей (дека). На ней устанавливается подставка (тиек).

У древнего қобыза 2 струны и они до сих пор изготавливаются из конского хвоста. Смычок имеет дугообразную форму и напоминает лук: к двум концам изогнутой ветки привязывается пучок конского волоса и скрепляется крепкой нитью из верблюжьей шерсти. Исполнитель обхватывает смычок сбоку своей ладонью. Шаманский инструмент выглядел весьма необычно: головка венчалась перьями филина, была обвешена различными металлическими пластинками в виде роговых завитков, фигур птиц, которые звенели в такт музыке; на дне чаши помещалось зеркало. Все это были не просто украшения, а шаманские знаки – символы. Завораживающие звуки древнего қобыза использовались как раньше, так и сейчас, для изгнания болезней [8, с. 72].

У современного қобыза 4 струны и они изготавливаются из меди. Смычок прямой. Современный қобыз стал полноценным концертным музыкальным инструментом, на нем играют как сольно, так и в составе оркестра. (Приложение 1, рис.2).

Қобыз и древний, и современный обладают необыкновенно богатым и красочным тембром.

Семейство струнных щипковых инструментов возглавляет, разумеется, домбыра. Шертер, адырна, жетіген - все те инструменты, звук из которых извлекается защипываем струн.

Жетіген - древний семиструнный щипковый инструмент, напоминающий по форме гусли или лежачую арфу. Наиболее древний тип жетігена представлял собой продолговатый ящик, выдолбленный из куска древесины. На таком жетігене не было ни верхней деки, ни колков. Струны натягивались рукой с наружной стороны инструмента. Позднее верхняя часть жетігена была накрыта деревянной декой. Под каждую струну подставляли с двух сторон асыки. Передвигая их, можно было подстраивать струну. Если асыки сближали, строй повышался, раздвигали – понижался. Настройка струн производится колками и передвижением подставок [8, с.35].

В настоящее время в фольклорных ансамблях используется **реконструированный жетіген**, в котором для расширения диапазона увеличили число струн до 15. Настройка

струн производится колками и передвижением подставок. Жетіген отличается мягким, певучим звучанием.

Шертер - древний струнный щипковый инструмент. На шертере играли так же, как и на домбре. Но шертер был намного меньше домбры, он имел короткий гриф без ладов, отличался более сильным звучанием, чем домбра. Внешне шертер напоминал кобыз, потому что его также долбили из цельного куска дерева, придавали ему изогнутую форму, а корпус обтягивали кожей, натягивая две струны из конского волоса. Инструмент имел лишь один колок, поэтому обе струны продевали сквозь головку, а затем одну из них закрепляли к колку, а другую – прямо к головке. Настройка струн была связана с длинным устройством инструмента. Струну, закрепленную на головке шертера, натягивали рукой, вторую же, прикрепленную к колку, подстраивали и соответственно высоте звука первой струны. Шертер употребляли преимущественно для сопровождения песен, сказаний, легенд. Он был распространен среди пастухов.

Домбру можно было встретить в каждой юрте; она относилась к числу самых необходимых и обязательных предметов в жизни казахов. История возникновения этого инструмента уходит в глубь веков. Различаются два вида домбры – западная и восточная. Разные формы домбр были обусловлены особенностями двух исполнительских традиций. Для исполнения быстрых, виртуозных токпе-кюев нужно было, чтобы левая рука могла свободно перемещаться и скользить по грифу. Поэтому гриф западных домбр был тонким и удлиненным. Эти технические приемы были неприменимы при исполнении на восточных домбрах с широким укороченным грифом. Размеры инструментов и формы корпусов влияли на силу звучания: чем больше размеры, тем громче домбры. На характер звучания влияла и техника правой руки: в токпе-кюях звук извлекался на обеих струнах сильными кистевыми взмахами, а в шертпе использовались мягкие щипковые переборы струн отдельными пальцами. Таким образом, между устройством домбр и кюями, которые на них исполняются, существовала тесная связь. Домбра могла быть не только двухструнной, но и трехструнной. В прошлом трехструнные домбры встречались в различных регионах Казахстана, в настоящее же время они сохранились только в Семипалатинской области.

Адырна - древнейший многострунный щипковый казахский музыкальный инструмент. Своим видом напоминает боевой лук. Способ игры на инструменте напоминает игру на арфе. Корпус у этого щипкового инструмента пустотелый, поверх корпуса натягивается специально выделенная кожа. Сначала, из дерева вырубается или собирается дека, наконечник. На нем делаются ушки и закрепляются струны. Во время игры, инструмент кладется на колени. Звук из него извлекается посредством перебора струн. На адырну натягиваются струны, сделанные из верблюжьей шерсти или сухожилий. Длина инструмента 48-50 см., толщина 8-10 см. Сейчас на ней играют различные национальные мелодии и небольшие кюи.

В давние времена кочевники использовали ее как тетиву лука. Поэтому изначально адырна имела форму лука, но со временем ее вид изменился. У мастеров, создававших этот инструмент была традиция стилизовать ее под звериный стиль, например, делать в виде рогов марала, архара или оленя. Интересен и способ изготовления. Сперва делалась его деревянная основа в виде животного, после как правило она обтягивалась шкурой этого же животного. Затем к рогам крепились специальные колышки на которых держались струны. Играют на адырне как на арфе, пальцами перебирая струны.

Группа духовых инструментов представлена ведущим инструментом сыбызгы, остальные имели, в основном, функцию бытовую: саз сырнай, керней, уран.

Среди духовых инструментов *сыбызгы* был наиболее любимым инструментом – она тесно вошла в музыкальную жизнь народа. Сыбызгы помогала чабанам в одиночестве на отдаленных пастбищах, она радовала людей в вечерние часы отдыха, когда музыканты рассказывали и играли прекрасные древние легенды и предания. Сыбызгисты были желанными гостями на всех тоях и празднествах. Широкое распространение сыбызгы было связано с простотой его изготовления. Сыбызгы делали из поллой трубки тростника, на которой прорезали три отверстия. Сделать сыбызгы можно было легко и быстро, но

научиться играть на ней считалось серьезным делом. Сыбызговые кюи обычно двухголосные: один голос извлекается из инструмента, второй представляет горловой звук самого музыканта-исполнителя. Нужно было освоить технику одновременного исполнения двух голосов. Кроме тростниковых сыбызгы существовали и деревянные

Уран - духовой музыкальный инструмент, употреблявшийся воинами. Две различные по длине трубки имеют по три игровых отверстия. Изготовлен по рисунку музыканта, исследователя А. Эйхгорна, который встречал этот инструмент у казахов в 1880-е годы. Духовые инструменты у тюркских народов бытовали в глубокой древности. Исследователи указывают на восточное происхождение духовых инструментов, которые были обнаружены среди народов Средней Азии. Древние духовые инструменты не имели игровых отверстий и применялись лишь для подачи сигналов. С появлением отверстий на трубке духовые инструменты значительно обогащаются техническими возможностями.

Саз сырнай – это духовой музыкальный инструмент, сделанный из глины. По форме напоминает вытянутое яйцо. Имеет по бокам шесть отверстий. С одного бока пять и с другого одно, все отверстия разной величины и предназначены для пальцев. И ещё одно отверстие с торца куда дует музыкант. С эстетической целью на макушке инструмента нанесен рисунок солнцеголового божества. Саз сырнай - старинный духовой казахский музыкальный инструмент. В 1971 г. при раскопках сожженного в XIII в. древнего города Отрара был найден "предмет величиной с гусиное яйцо с двумя отверстиями по бокам". Это был саз сырнай. Сегодня его тембр - мягкий и теплый, способный передать радость и печаль, пение птиц и завывание степного ветра, стал одним из символов исконно национального искусства. Заслуга возрождения саз сырнай, как и других древних казахских инструментов, принадлежит Болату Сарыбаеву - исследователю и собирателю казахских музыкальных инструментов, профессору, преподавателю Государственной Казахской консерватории им. Курмангазы.

Керней также относится к духовым инструментам. Его размеры впечатляют: от одного до двух метров. Звук кернея очень громкий, слышен на расстоянии нескольких километров. Благодаря этому инструмент часто применялся для подачи сигналов во время военных походов, чтобы собрать войско или сообщить о победе.

Ударные инструменты – тоже единая дружная семья. Их еще называют самозвучащие. К ним относятся дангыра, дабыл, дуылпаз, асатаяк.

Дабыл - ударный инструмент, ободок с ручкой с двух сторон обтянут кожей. Обычно дабылом пользовались воины (в наступлении). Это был инструмент с очень сильным громким звуком, служивший для подачи сигналов. В древние времена ударные инструменты (дабыл, дауылпаз и шындауыл) имели широкое применение в жизни казахов. Громкие звуки ударных инструментов созывали жителей аула на охоту, на совершение религиозных обрядов, извещали о предстоящих перекочевках.

Дангыра - представляла собой бубен: ободок, обтянутый с одной стороны кожей, внутри которого были навешаны металлические цепочки, колечки и пластинки, издающие при ударе по коже и при движении дополнительный шумовой эффект. Дангыра была атрибутом шаманских обрядов.

Асатаяк - ударный инструмент. Он напоминал жезл – трость с плоской головкой, украшенной орнаментом и металлическими кольцами, подвесками, имел открытый и резкий звук. Чтобы усилить звучание инструмента, бахсы использовали қонырау – колокольчики, которые прикрепляли к головке асатаяка. При встряхивании инструмента қонырау дополняли звучание металлическим звоном. И асатаяк, и дангыра (бубен) были атрибутами шаманских обрядов, из-за чего они не получили распространения в музыкальном быту народа. Уже в прошлом столетии оба инструмента стали постепенно забываться, их заменил қобыз, взявший на себя роль данных ударных инструментов.

Дауылпаз - ударный казахский инструмент, по сути это разновидность барабана. В древние времена его в основном использовали батыры во время походов. Это было очень удобный способ передавать сигналы на расстоянии. Делали дауылпаз из цельного куска

дерева, на который натягивались специально высушенная кожа барана. В наши дни он используется в фольклорных ансамблях. Еще один казахский инструмент схожий с «дауылпаз» - «дабыл», принцип его изготовления аналогичный, однако у дабыла приделывается рукоять.

В моей работе представлены далеко не все музыкальные инструменты казахского народа, но наиболее популярные и распространенные. И, не смотря на свою древность, сейчас, в наши дни, эти инструменты входят в состав народных казахских ансамблей, оркестров, фольклорных проектов, которые возрождают культуру Казахстана.

На протяжении веков у музыкантов всегда было стремление к разнозвучию. Они создали десятки всевозможных инструментов, которые способны вылепить из звука тысячи разнообразных музыкальных фигур. В руках хорошего музыканта звук способен до неузнаваемости менять «походку», или как говорят музыканты, «штрихи».

Звуки могут прыгать, шагать, выплывать один из другого. Они могут быть, острыми, мягкими, звонкими, глухими - тысячи звуковых красок.

Вот и получается, что оркестр – это самый большой и самый совершенный инструментальный ансамбль, звуковое сообщество, где инструменты подобраны по семейному признаку [5, с.256].

Традиционная казахская музыкальная культура цивилизации кочевых народов. Опыт мирового музыкознания показывает, что у народов, связанных со скотоводством, как правило, наблюдается большое разнообразие музыкальных инструментов и высокое развитие инструментальной музыки, которая включается во все важнейшие сферы жизни. Казахская музыкальная культура демонстрирует это ярко и наглядно.

Особая роль инструментов и инструментальной музыки в жизни казахов отражена в многочисленных древних мифах и легендах. Они были созданы древними племенами и народами, принявшими участие в становлении казахской национальности, которая, в свою очередь, умножила богатейшие культурные традиции предков. Музыкальные мифы и легенды, являющиеся неотъемлемой частью традиционной религиозной системы, ставят музыкальный инструмент на высшую ступень мироздания.

По представлениям казахов, инструменты - носители мирового порядка, игра на них поддерживает равновесие космических сил. насыщая все вокруг потоками звуковой энергии, инструменты обеспечивают развитие всего живого, лечат живых существ и даруют добро людям.

В процессе исторического развития на базе магической и обрядовой игры на инструментах сложилась ее самостоятельная ветвь - профессиональная инструментальная музыка для слушания. В творчестве гениальных композиторов - кюйши 19 - 20 вв. Курмангазы, Даулеткерей, Дины, Казангапа, Ыкыласа, Таттимбета, Мамена, Сугура и др. она достигла высочайшего совершенства.

Люди гордились великими музыкантами своего рода и радовались, если их ребенок тянулся к домбре. Настоящим счастьем было принять в доме музыканта, и величайшей гордостью было, если он, тронутый сердечным отношением, посвящал хозяевам свой новый кюй.

Познакомившись с разнообразным материалом о казахских музыкальных инструментах, о том, какое значение музыкальные инструменты имеют в жизни людей, я рассказала о своих открытиях ученикам из младших классов на уроке музыкальной литературы. Я познакомила учащихся с основными группами музыкальных инструментов (ударные, духовые, струнные щипковые, струнные смычковые), а также их звучанием.

Ребятам очень понравилось изучение музыкальных инструментов, на которых мы не умеем играть. Ведь в нашей школе мы можем выбрать только два инструмента - один – специальный, а второй – обязательный (это фортепиано). Кроме того, многие музыкальные инструменты, с которыми познакомились дети, не используются в нашей школе для обучения. И, конечно, их интерес к ним возрос сильнее.

После знакомства с инструментами различных групп в казахской музыке (беседы, видео, аудиопрослушивания, чтение), мне захотелось узнать мнение учащихся из младших классов о значимости казахских музыкальных инструментов в их жизни. Мною было проведено анкетирование, где основной целью являлось выявить их предпочтения в области музыки и национальных музыкальных инструментов, которые не представлены в нашей музыкальной школе-интернат для обучения игры на них.

Итак, учащимся была представлена следующая анкета:

1. Какую музыку вы любите слушать: современную, классическую, народную?

2. Звучание каких национальных казахских музыкальных инструментов вам нравится больше всего (для прослушивания было предложено звучание представителей каждой из групп инструментов)?

3. Если бы в музыкальной школе-интернат можно было выбрать ещё один инструмент для освоения игры на нём, то какой бы вы выбрали (были предложены представители каждой из групп инструментов)?

Было опрошено 14 учащихся 4 «А» класса и 18 учащихся из параллельного 4 «Б» класса.

На вопрос, какую музыку вы любите слушать: современную, классическую, народную?

- современную музыку – ответили 60 %;
- классическую музыку - 10 %;
- народную музыку – 30 %.

Результаты наглядно представлены на диаграмме 1 «Показатель предпочтения музыки».



Диаграмма 1

Следующий вопрос, звучание каких из представленных казахских национальных музыкальных инструментов вам нравится, был заявлен из расчета на те инструменты, с которыми ребята уже познакомились. И, конечно же, учитывалось то, что большинство учащихся уже владеют игрой на определенных национальных инструментах. Поэтому представленные для анкетирования инструменты не являются входящими в базовый курс изучения в школе. Результаты наглядно представлены на диаграмме 2 «Показатель предпочтения казахских музыкальных инструментов».




Диаграмма 2

И, последний вопрос анкеты. Если бы в музыкальной школе-интернат можно было выбрать ещё один инструмент для освоения игры на нём, то какой бы вы выбрали (были предложены те же представители, что и для предыдущего вопроса)? Исходя, из результатов анкет выяснилось, что:



Диаграмма 3

В своей работе я рассказала о том, какую роль играют казахские музыкальные инструменты в казахской культуре и в жизни начинающего музыканта на примере анкетирования ребят 4-х классов.

Завершая исследование по теме, я узнала много нового о музыкальных вкусах моих одноклассников. И, на основе проведенных бесед и вопросов, могу сделать выводы.

Во-первых, большая часть опрошенных предпочитает современную музыку и очень мало любят классическую.

Во-вторых, познакомившись с национальными казахскими инструментами всех групп (смычковой, щипковой, духовой и ударной), большинство опрошенных предпочли звучание и форму духовых и щипковых инструментов. Меньшинство заинтересовались ударными.

В-третьих, большинство опрошенных предпочли бы учиться играть на сыбызғы или адырне. На ударные инструменты никто и внимания не обратил.

Возможно, учащиеся, ознакомившиеся с этой исследовательской работой, ещё больше заинтересуются удивительным миром музыкальных инструментов. Я знаю, что играть на музыкальных инструментах очень нелегко. Для этого требуется усердие, внимание, терпение, но самое главное все же – это любовь к музыке.

Литература и источники:

1. Володихин Д. М. Музыка наших дней - М.: «Аванта+», 2002 г.
2. Газарян С. В мире музыкальных инструментов. М.: Просвещение, 1985 г.
3. Диканбаева М. учебник «Казахская музыкальная литература», Алматы, 2005 г.
4. Музыка для преподавателей, воспитателей, классных руководителей 1- 7 классов / сост. В.В. Фадин. – Волгоград: Учитель, 2005 г.
5. Первая энциклопедия музыки. Автор Эмма Дейнс – М., издательство «Махаон», 1993 г.
6. Сарыбаев Б. «Казахские музыкальные инструменты», Алматы, 1978 г.
7. Я познаю мир: Дет. энцикл.: Музыка/Авт. А.С. Кленов. Под общ. Ред. О.Г. Хинн. – М.: ООО «Фирма «Издательство АСТ», 1999.
8. Я познаю мир. Музыка: энцикл. /С.В. Истомин; худож. В. Н. Родин. – М.: АСТ: Астрель: Хранитель, 2007 г.
9. <https://ru.wikipedia.org/wiki>
10. <https://silkadv.com/en/content/sybyzgy>

«SARMAD» ЭТНО-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІНІҢ РЕПЕРТУАРЫНДАҒЫ Б.АҚТАЕВТЫҢ «КЕНЕСАРЫ» ШЫҒАРМАСЫНА МУЗЫКАЛЫҚ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ТАЛДАУ

Гарафина Аружан

«Д. Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы»
Атырау музыка колледжі Музыка теориясы 4-курс студенті
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.
Ғылыми жетекшісі: **Шукенова В.О.**

Қазіргі таңда Бауыржан Ақтаевтың «Алаш Аманаты» күйі ғаламтор желісінде, кәсіби және әуесқой өнерпаздардың арасындағы «Вирусты-Челлендж» іспеттес тарауда. Аталмыш үрдіс - тарихты заманауи музыка тілінде жеткізу, сананы, рухты бірлікке шақыру..... «АЛАШ АМАНАТЫ»... қос сөздің де салмағы саналы ұрпақтың жүрегіне зілмауыр келеді. Иә, «Алаш» ұғымы әр қазақ баласына ыстық. Бір ғана әсерлі сөзде тарих, естелік, құрмет жатыр. Алаш ардақтыларының саясаттағы, әдебиеттегі, қоғамдағы негізгі мақсаттары: «Қазақ» деген егеменді елді өркендету, ұлтымызды ұйыту, ана тіліміздің құндылығын және қазақтың шекарасын сақтап қалу болды. Алаш партиясынан (1917) 70-80 жыл бұрын Кенесары Қасымұлының күресі 1837-1847 жылдар аралығында тарихымызда орын алған еді. Халық үшін күресіп, құрбан болған бабамыз, қазақ даласының соңғы ханы – Кенесарының ұстанымы – идеологиясы, тағдырлас Алаштықтардың арқалаған аманаты туралы не білеміз?

Баспасөз, әдебиет, тарих... өткенді еске салып, оқиғаға шолу жасайды. Ал музыка ше? Тарихты, оқиғаны сөзсіз, бейнелеусіз, суретсіз, рухани түпсанамызға эмоция арқылы жеткізетін бұл, әлбетте, музыка. Музыкада тарих беттері қалай бейнеленеді? Біздің замандас композиторлар музыкадағы тарих бейнесін қаншалықты аша алып жүр?

Биыл, ХХ ғасырдың реформаторлары, ұлт көсемі – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның туылғанына 157 жыл тоса, ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын белсенді тойлаудамыз. Ал Кенесары бабамыздың 220 жылдығы еленді ме? Біз жалпы өзіміздің соңғы ханымыз - Кенесары бабамыз туралы не білеміз? Аталмыш тұлғаның бейнесі біздің саламызда - музыкада қалай ашылып жүр? Осы орайда, өзімнің жерлесім, замандасым, сазгер Бауыржан Жаңбырбайұлы Ақтаевтың жетекшілігімен құрылған, «Sarmad» этно-фольклорлық ансамблінің репертуарындағы «Кенесары» шығармасына музыкалық-теориялық және орындаушылық талдауды ұсынамыз.

Егемендік алғалы, әр салада ұлттық болмысты іздеу үрдісі белең алды. Біздің өнерде этно-музыка ұғымы қалыптасты. Ұлттық мұраға негізделіп этно-рок, фольк-рок, этно-фольклорлық бағыттағы топтар да пайда бола бастады. Шолу жасайтын болсақ: «The magic of nomads», «Ұлытау», «Керулен», «Тұран», «Бабалар Сазы», «Сүйінбай сазы», «Қорқыт»,

«Хассақ», «Sarmad», «Астана сазы» сияқты көптеген түрлі этно бағытта ізденген ансамбльдерді атап айтсақ болады. Ұжымдар, Қазақстанның өңірлері мен алыс-жақын шетелден өз тыңдармандарын тауып, өнерлерімен тамсандырып жүр.

«Sarmad» этно-фольклорлық ансамблі 2017 жылдың басында құрылған. Бұл ансамбльде қазақтың көне аспапары адырна, шаңқобыз, сыбызғы, сазсырнай сынды байырғы аспаптардың болуына байланысты ұжымның өзіндік мәнері, мінезі, үні бар. Репертуарына келер болсақ барлығы қазақи нақышта, ұлттық рухты көтеретін, тәрбиелік мәні зор, жас ұрпақ санасына елге деген сүйіспеншілікке жол салар Бауыржан Ақтаевтың халық мұрасын өңдеулері мен авторлық тың туындыларды қамтиды және этно-джаз стиліндегі заманауи орындауымен ерекшеленеді.

Көптеген этно-фольклорлық ансамбльдер құрамында өзіндік қалыптасқан 5 адамдық шаблон жиі кездеседі, яғни ол музыкада гармониялық вертикальдің болмауына әкеліп, аккорд ұстауға көп мүмкіндік қарастырылмаған. Әдетте бір музыкалық тақырыпты секвентті дамытып, көбіне тек канон әдісімен ғана дамиды. «Sarmad» этно-фольклорлық ұжымына келер болсақ, ұжымда 12 адам. Яғни бұл ансамбль құрамының ерекшелігі 3 домбыра, қылқобыз, қобыз-прима, 2 жетіген, адырна, шертер - прима, бас домбыра, ұрмалы аспаптар, ерекше атап өтетін жүздеген аспаптардың дыбыс түрін қамтитын заманауи октопад аспабы мен және бас гитара толықтырып тұр. Ансамбль жетекшісі аккордтың құрылымына, қанықтығына, фактурасына, әр аспаптың мүмкіншілігіне кеңінен назар аударады. Айта кету қажет, қазіргі таңда Бауыржан Ақтай Атыраудағы «Sarmad-тан» бөлек елордамызда «Астана сазы», Ақтөбе қаласында «Шашу», Миялыда «Ақжелен» ансамбльдеріне жетекшілік етіп жүрсе Көкшетаудағы «Айнакөл» ансамблі сазгердің консультациясына жиі жүгінеді екен. Жеке сұхбатта автордың өзі эзілдеп айтқандай: «Алтай мен Атыраудың арасында» еңбек етуде. Аталған ұжымдарға замандасымыз: «Шашу», «Алаш аманаты», «Қазақ елі», «Көктем сазы», «Шаңқобызға арнау», «Заман», «Сергелден», «Кенесары» сияқты авторлық туындылар жазуда. Әрі концерттік кештері, бабаларымыздан қалған үрдісті жаңғыртып, қазіргі белең алып жатырған «концерт-лекция» форматында өтеді.

Ендеше «Кенесары» шығармасына тоқталсақ. Лекция-концерт болғандықтан Бауыржан Ақтаев бұл шығарманың Кенесары бабамызға деген құрметтен, сағыныштан туындағанын айтып отырады. Жалпы, Кенесараның басты тақырыбын 2018 жылы Иран Ғайыптың «Сүйінбай» драмалық эпос жанрының М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрындағы қойылымына арнап жазғанын автордан жеке сұхбаттан білдік. Жыр – эпос болғандықтан шығармада прологі және эпилогі бар үш бөлімді форма байқалады, алайда еркін құрылым басымырақ екенін аңғара аламыз. Заманауи тілмен айтқанда INTRO – прологты, «қазақ» ұғымымен ұштасқан «көкбөрінің» жан айқайын – қыл қобыз аспабының ұлуынан бастаса, өзге хордофондар тремоломен толғата сүйемелдейді. Алғашқы минуттарында ансамбль жетекшісі Махамбет Өтемісұлының жалынды өлеңі –

«Ереулі атқа ер салмай,

Егеулі найза қолға алмай...

У-А, У-А!!! Ердiң iсi бiтер ме???»

жолдарын пианоға «сыбырлап» - жаңғырық іспеттес орындайды. Аталмыш әдісті қолдануын сазгер сұхбатта: «Кенесары мен Махамбет заманында ақиқатты тек сыбырлап айтудан басқа ләжі болмады» - деген ойын білдірді. Қылқобыз партиясындағы авторлық зарлы тақырып, дабылдың азулы соққыларымен қатар бурдонды көмей қарғырасы ішекті аспаптардың сүйемелінде бой көтереді. Глиссандомен түскен зарлы әуен – жан дүние айғайы - Ана зары іспеттес. Бауыржан Жанбырбайұлының мультиаспап орындаушылық өнерімен қатар көмеймен қайнап-қырнап айтудың түрлі тәсілдерін меңгерген. «Кенесары» шығармасының осы тұсында *сығыт* мәнерін шебер қолданып туындыға архаикалық үн береді.

«Кенесары» шығармасының кіріспесін Махамбеттің өлең жолдарымен ұштастырудың өзі тектен емес. Өйткені тарихқа сүйенсек, Махамбет бабамыз Кенесары ханмен тағдырлас келген, тұлғалық бейнелері ұқсас. Қос алып та қара халық қамын жеп, үстем өкілдерге

наразылық көрсетіп, егемендік жолында бастарынан айрылған. Кахон және бас гитараның *bas ostinato*-сына негізделген жетігеннің тақырыбы толқуды күшейтеді.

Әсерлі музыкамен тыңдармандарды тарихи атмосфераға еңгізе келе қойылымға сай халық арасынан – залдан Кенесары бейнесіндегі алып тұлғалы батыр өнерпаздарға қарай байсалды жылжып: «Жылжыған ғасырлардың, көнекөз дәптерінде, хан Кене атым қалды жылныма беттерінде. Асқар асу белде, арпалыс кезеңінде, тарихтың тасында өрген, ерлердің өзегінде, Алаштың арманында, арудың көз жасында, азаттық таңдарында, әмәндә сөз басында, мен бармын. Айтыламын. Індерде биік-биік, бостандық бой тұмарым, ант еттім сүйіп тұрып...» - ханның монологі ретінде Иран Ғайыптың пьесасынан үзінді алынып, рух оянғандай әсер сыйлайды. Осы тұста Intro бөлімінің ырғағын үзбей Кенесары ханның негізгі тақырыбы барлық аспапта, шаңқобызда да пайда болады.

Соңғы ханның тұсындағы халық ақуалына прима және қыл қобыздардың сазды әуені жетелеп жатырса прима – яки балалайка сырттан келген қауіпті үш рет ызғарлы диссонанстармен, орысша айтқанда «ямбическая стопа долясымен» сұсты суреттеледі. Әбден қажыған халықының, талам-таражға түскен жерінің, әкесі Қасым Абылайұлы бастаған патшамен үздіксіз күресінде қаза тапқан қос бауыры – Саржан мен Есенгелді сұлтандардың қазасына кәу болған хан Кененің қол жинаудан басқа шарасы болмады. Дәл осы ызалы сезімді октопад аспабымен берілген «колокол» дыбысын үзген дабыл мен даңғыраның рухтандыру, оятуынан байқасақ, ханның шақыруын – яғни «ханский зов» кернейдің үрлеуі секілді қыл қобыз аспабы бейнеленеді. Бір қызығы ансамбль құрамында керней жоқ екенін білмеген тыңдаушы қыл қобыздың орындауын танымайды ау... Әрі қарай Кенесары ханның патша үкіметіне қарсы қол жинау мақсатында, бауыр санаған қырғыздарға қарай жол тартқанын Бауыржан Ақтаев қомызға арналған «Маш Ботой» күйінің кіріспесімен суреттейді. Қомызды бейнелеген домбыралар төрт қайтара «ля-ре» тірегін «Маш Ботой» күйінің ырғағында өрбітсе, бесіншісінде кіші секундаға «ля-ми бемоль» ға көтеріліп үрей ұялатып пианоға өтіп кеткенде өзге хордофондар «а-a2-gis» диссонанстарын орындап және глиссандомен түседі. «Маш Ботой» күйінің екенші элементі төрт қайтара орындап Кенесарының басты тақырыбына оралады өлешемі күрделі - 11/8.

Бас домбыра мен бас гитараның ерекше әуенде бірақ таныс ырғақпен дамып, хордофондардағы А – Н – С – Н дыбыстарына бас гитарамен жасырын полифониялық тәсіл қолданып репризаны дайындағандай. Қайта оралған Кенесары тақырыбынан кейін ансамбль ре минорға ыңғайланады.

Патша үкіметін бейнелейтін примада «а-a2-gis» өткір яки үшкір мотивтен құрылған секвенция негізін төменге хроматикалық дамытып: Қоқан, қырғыз және орыстар тарапынан дайындалып жатырған арам пиғылды жоспарды, жымысқы ойды үш жақтан туған қауіпті үш қайтара бейнелейді. Бұл Разработка бөлімі. Қырғыздарға бауыр деп барған Кенесары тақырыбы үздіксіз қайталанып тұрады. Тарихтан белгілі, қырғыздан шыққан сатқын, соңғы ханның қаны қолына өшпес қасырет болып жағылған жауыздың есімі Орманхан еді... бұл диссонанстарда сатқынның есімін айтып сөйлегендей... Аталмыш зұлымдық бейнесін прима қобыз да «перекличка» жасап, растап тұрғандай. Диссонансты, секундаларды, алуы сол тарихтағы зұлым сәтті музыка тілімен бейнелейді. Сазгер полифониялық даму тәсілін шебер қолданып домбыра мен қобыздағы тақырыптары екі ұлттың келісімін білдіргендей. Прима домбыра мен прима қобыз аспаптарының глиссандолары белгісіздік пен күдікті күшейте түседі. Жалған дүние мен мансапқа алданған Орманханның Кенесары басын алуға бекінген шешімі - «Маш Ботой» күйінің тақырыбының қайта оралуымен, жауыздың тайынбас пиғылын көрсетіп, күшейген диссонанстар – уланған сананы суреттеп, шауып келіп, күтпеген жерден қыл қобыздағы глиссандода... Кенесарының басын алғандай әсер қалдырады.

Семсерленген бас, қиылған тағдыр, үзілген үміт... Кенесарының өмірі мен шығарма да аяқталуы тиіс... алайда ... ақырғы ханның рухы Алаштықтардың бойына сінді... Алаштықтарды ұлықтаған Бауыржан Ақтаевтың шығармашылығына енді... болмысын жоғалтқысы келмейтін егемен ұрпаққа ұштасты... Кенесарының басы алынса да рухы сөнбейтінін суреттей эпилогта прима қобыздағы «а-a1» октаваның пицикатосында және

кахон аспабында... ханның жүрек соғысы бейнеленіп... басты тақырыпты ансамбль tutti-ына крещендо орындап әсерлі аяқтайды. Бұл келешек ұрпаққа артылған үміт... Кенесары аманаты, ата-баба аманаты, Алаш аманаты.

Болған тарих ешкімге жасырын емес, ал музыка тілінде бұл керемет сипатталды... Кенесары тұлғасы Егемендік алғаннан бері Елбасымыздан бастап бүгінгі жас буынға дейін бәрін толғандырып келеді. Ұлы тұлғаларымыздың өмір жолын өзін сыйлаған, тарихын құрметтеген әрбір исі қазаққа адаспа дерексіз мәлім болуы тиіс деп білемін.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. «Sarmad» этно-фольклорлық ансамблі Алматы қаласында қойылған концертінің видео жазбасы

2. <https://www.youtube.com/watch?v=hULtckrkBhM&t=6025s>

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АСПАПТАРЫ АРҚЫЛЫ ҚЫЗЫҚТЫРУ

Демеу Ақтолқын

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
«Музыкалық білім беру» мамандығының 4-курс студенті

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Ғылыми жетекшісі: **Саманова Д.Б.**

«Балалық шақ – болашақ өмірге даярлық емес, ол нағыз, жарқын, өзіндік қайталанбас өмір, адам өмірінің маңызды кезеңі және бүгінгі бүлдірішіннің қандай азамат болары – оның балалық шағының қалай өткендігіне, балабақшаға оны кім жетелеп апарғандығына, сана-сезімі мен жүрегіне қоршаған ортадан нендей ұғымдар енгеніне байланысты»

В. А. Сухомлинский.

Абай атамыз баланың тәрбиесіне үш жақ әсер етеді: ата-анасы, ұстазы және жүрген ортасы, қайсысының әсері зор болса, баланың мінезі солай қалыптасады деген. Санасы әлі жетіліп үлгермеген балаға отбасындағы тәрбиемен қатар балабақшадағы тәрбиенің маңызы зор. Әсіресе, балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Осы ретте, мұнтаздай таза баланың жанына музыка арқылы сұлулық инабаттылық, үлкенге құрмет кішіге ізет көрсетуді көздеп, отансүйгіш адамгершілігі мол, елім деп еміренген тұлға қалыптастыру үшін музыканы таптырмас құрал деп есептейміз.

Тәрбиенің әліппесі баланың белі бесіктен шықпай жатып ана сүтімен сіңіріледі және ұлттық өнегенің ең асыл, ең нәрлі қасиеттері сол сәби шақтарынан-ақ үлгі етіп тартыла бастайды. Тәрбиенің түрі, оны бала зердесіне құюдың әдістері, мақсатты міндетті жүзеге асырудың жолдары сан алуан. Соның ең бір ұтымды да әсерлі, ықпалды саласы музыкалық тәрбие.

Ұлттық дәстүрлі музыкалық мәдениет құндылықтары арқылы балаларға тәрбие беру қазіргі таңда маңызды мәселе деп ойлаймыз. Жас ұрпаққа музыкалық тәрбие беруде мәдениетіміздің бір түрі ұлт аспаптарын игеру баланың рухани дүниесін байытады, идеялық-эстетикалық талғамын дамытады және өмірді саналы да терең түсіне білуге баулиды. Музыкалық аспаптар балалардың зор қызығушылығын туғызады, творчестволық қабілетін жетілдіреді, музыкалық іс-әрекетке қызықтырады.

Музыкалық аспаптар дидактикалық көрнекі құрал ретінде де пайдалы, себебі, мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық-сенсорлық қабілетін дамытуына және музыкалық сауаттылықтың жекелеген элементтерімен танысуына мүмкіндік береді.

Белгілі композитор, академик А.Қ. Жұбанов: «Халық аспаптарының ішектерінде ғасырлар бойғы даналық тұнып тұр», деген. Міне, осы ғасырлар бойға даналықты түсініп, білу үшін осы аспаптармен жақындасу керек, яғни ойнау керек. Осы халқымыздың музыкалық аспаптар қатарына домбыра мен кобыздан басқа халық аспаптарының үлкен білгірі, жинаушысы, профессор Б.Ш. Сарыбаевтың ғаламат еңбегінің арқасында қайта өмірге келген қамыс сырнай, үскірік, тастауық, керней, жетіген, шертер, дабыл, даңғыра, кепшік, шыңдауыл, асатаяқ, саз сырнай, шаңқобыз және т.б. аспаптар жатады.

«Өнер қайтадан келуге бейімді болса, оның өмір сүруге мүмкіндігі арта түседі» [4,286], - деп австрия музыканты К.Орф жазбақшы, жоғалып кеткен аспаптарды қайтадан жаңғыртып, өмір сыйлаған қазақтың өнер қайраткері, танымал музыкант, орындаушы Б.Сарыбаев еңбегін бала тәрбиесінде, музыкалық тәрбиеде пайдалану аспаптардың өмір сүруге мүмкіндігін арттыра түседі.

Бастауыш сыныптағы музыкалық іс-әрекеттің негізгі формасы оқушыларға өздеріне тән музыкалық шығармалар тыңдатып, ән салғызып, музыка ырғағына би қимылдарын үйретіп қана қоймай, ұлттық аспаптарда ойнауды үйрету маңызды. Музыкалық тәрбиенің құралы – балалар аспаптарында ойнау мәселесі жайында шет ел музыканттары қызығушылық танытқан. Австрияның атақты музыканты К.Орф, орыстың Б.Асафьев, Б.Яворскийлер балалар аспаптарында ойнаудың маңызыдылығына көңіл бөлген. Бастауыш сынып оқушыларына музыкалық тәрбие беру жүйесіне үлес қосқан Н. Метлов, Л. Михайловтар балалардың музыкалық есту және қабылдауының дамуына балалар оркестрін ұйымдастыру қажеттігін айтқан. 30-40 жылдары Н. Метлов балалар бақшасында оркестр ұйымдастырған және жаңа балалар музыкалық аспаптарын жасаған. Басында балалар ұрмалы аспаптарда ғана ойнаған, кейін балалар ойнай алатын әуендік аспаптарда ойнайтын болды. Метловпен бірге Т.С.Бабаджан, Ю.А.Двоскина, М.А.Фумер және басқалар жұмыс жасаған, кейін осы әдістемелік жұмыстармен Н.А.Ветлугина айналысты.

Аталған ғалымдар өз зерттеулерінде бастауыш сынып оқушыларына музыкалық тәрбие беруде аспапта ойнауға көңіл бөлгендігін көреміз, дегенмен қазіргі таңда Республикамыздың мектептерінде қазақтың музыкалық аспаптарында ойнау мәселесіне көңіл бөлу қажет деп ойлаймыз.

Музыкалық аспаптарға жақындасып, сонымен қатар сол аспаптарда ойнау арқылы біз рухани мәдениетпен жақындасамыз. Ұлттық аспаптар материалдық құрал болса да олар – рухани мәдениетіміздің ескерткіші. Сондықтан, осы тақырыпқа көңіл бөлу өте маңызды деп ойлаймыз.

Балалардың қаршадайынан өз халқының бар байлығын бойларына сіңіріп, оны дамытуда, сөйтіп рухани дүниесінің кеңі түсуіне өнердің алатын орыны ерекше. Себебі, өнер – балалардың ой-өрісін, мінезін орнықтырудың басты құралдарының бірі, эстетикалық тәрбие негізі болып саналады, болашақта саналы, мәдениетті болып өсулеріне әсер етеді. Ал сол өнердің бір саласы музыкалық өнер баланың рухани баюына және қоршаған ортасына деген шығармашылық көзқарасына әсер етеді.

Балалар бақшасында музыкалық тәрбие беруде еңбектенген Н.А.Ветлугина: «Музыкамен шұғылдану баланың жеке басының жалпы дамуына жәрдемдеседі. Тәрбиенің барлық жақтарының өзара байланыстылығы музыкалық қызметтің алуан түрлері мен формалары процесінде қалыптасады. Балалардың эмоциялық елгезектігі мен музыкалық есту қабілетінің жетілуі олардың ізгі сезімдер мен іс-қылықтарға қолдарынан келетін формада жауап қайтаруға мүмкіндік береді, ой қызметін күшейтуге көмектеседі, мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыстарын ұдайы жетілдіре отырып, дене жағынан шыңдап шығарады.», - деп жазады. [1,5]

Музыка – адамның рухани дүниесіне зор әсерін тигізеді. Бұны адамдардың әртүрлі сәттерде бастан кешкен күйлерін бейнелеп беретін ғажайып мүмкіндігімен түсіндіруге

болады. Мысалы, адам қуанышты сәтте болса музыка да салтанатты болып келеді, ал керісінше жағдайда мұнды дыбыстар қайғыны айтып беруге көмектеседі. Музыка – адамның өмірлік серігі.

«Музыканың тағы бір ерекшелігі – ол адамдардың көңіл күйін ортақтастырады, олардың арасындағы қарым-қатынас құралы болады. Музыка адамға өмірінің алғашқы күндерінен бастап әсер етеді. Бұны біз құлаққа жағымды бесік жырын естіген нәрестенің тынышталып қалғанынан білеміз.» [1,7] Тіпті, құрсақта жатқан балаға анасының тыңдаған музыкасы дамып келе жатқан сәбидің сезіміне жақсы әсер беретіні дәлелденген.

Музыка баланың жеке қасиеттерінің дамуына үлкен әсерін тигізеді. Біріншіден, балардың музыкаға деген эмоциялық көзқарасы қалыптасып, есту қабілеті жетіле түседі, творчестволық елестету сезімі пайда болады.

Музыкалық тәрбие дегеніміз – музыкалық өнердің ықпалы арқылы баланың жеке басын қалыптастыру – музыкалық ынтасын, қажеттерін, қабілетін, музыкаға эстетикалық көзқарасын қалыптастыру деген сөз.[1,14]

Музыкалық эстетикалық тәрбие дегеніміз – сұлулықты, көркемдікті сездіртіп үйрету, сондай сұлулық пен көркемдікті тек көріп қана қоймай өз бойына қалыптастыра білудің әдет-дағдыларын меңгеру. Осы маңызды міндетті орындау үшін баланың жалпы музыкалық қабілетін дамыту керек. Осы тұрғыда Н.А.Ветлугина былай деп жазады: «Музыка бөбекті толғандырады, қабылдаушылық қабілетін оятады, өмір құбылыстарымен таныстырады, оларды бір-бірімен салыстырған ой (ассоциациялар) туғызады.»

Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып адамгершілік бейнесін қалыптастырады, жалпы бейімдеушіліктің дамуына қарай балалардың музыкаға деген әсерлі көзқарасы қалыптасып, есту қабілеті жетіле түседі, шығармашылық елестету сезімі пайда болады. Музыканың ықпалы кейде үгіттеуден де, нұсқаудан да анағұрлым күшті болады. Балаларды мазмұны әртүрлі шығармалармен таныстыра отырып, біз оларды қосыла әсерленуге баулимыз. Әртүрлі халықтардың әндері мен билері олардың әдет-ғұрыптарын білуге ынталандырады.

«Баланы эстетикалық және ақыл-ой тұрғысынан жетілдіре отырып, оның қабылдау және көз алдына елестету қабілетін жандандыратын, ой-қиялын оятатын кішкентай да болса творчество көріністерін барынша демеп, қолдау керек» [1,10]

Балаларда тәрбиелеудің негізгі міндеті – баланы жан-жақты әрі үйлесімді дамыту. Музыканың атқаратын міндеті де осы. Музыка балаға дүние әлемінің тынысын байқауға, аңғаруға баулиды, баланың сана сезіміне әсер етіп, оларды білгірлікке, тапқырлыққа, өнерге деген сүйіспеншілігін одан әрі тереңдетіп, адамгершілік бағытында тәрбие береді.

Музыканы қабылдау ақыл-ой үрдісімен де тығыз байланысты, яғни балалардың дыбыс үніне зейінді байқағыштықты, тапқырлықты талап етеді. Балалар дыбыс үніне құлақ салғанда, ұқсас және өзгеше дыбыстарды салыстырып, олардың бейнелік мәнімен танысады, көркем бейненің мағыналық ерекшеліктерін байқайды, шығарманың құрылымын түсіне білуді үйренеді.

Қазіргі таңда топтық музыкалық тәрбиелеуде ұлттық музыкаға яғни өзіміздің генетикалық бастауымызға «оралуымыз» маңызды орын алады. Ұлтымыздың музыкалық мәдениетімізге «оралып» мектепке дейінгі балалардың қызығушылығын ұлттық музыкаға ғана емес, сол арқылы музыкалық іс әрекетке арттыруға болады.

Баланы өнер әлеміне жақындастырып, оны рухани сусындауға қалай тәрбиелеу керек?

XX ғасырда жарық көрген осы тақырыптағы көптеген үлкен еңбектер жайлы өнертану ғылымының кандидаты, профессор А.Мұхамбетова жазды: «Бұл жүйелер жақсы жемісін беріп, әлемге танылды. Бұндай деңгейдегі еңбектер көп болмағанымен әрқайсысында өздеріне тән ұлттық мәдениеттің тәжірибесі жатыр. Мәселен, неміс композиторы К.Орф жүйесі, венгр композиторлары Барток және Кодай, танымал совет композиторы Д.Кабалевский. Және япондық 3-4 жастан скрипкада ойнауға топпен үйрету жүйесі де танымал. Ғалымдар мен композиторлар бұл жүйелер арқылы XX ғасырдың музыкалық мәдениетіне көптеген жаңалықтар енгізді.» [6,424]

Бұл жүйелер ұлттық, себебі баланың туылғанынан қанында бар шығармашылық жасырын жатқан қабілеттерін ашады. Бала бойындағы сол қасиеттерді ұлттық дәстүр арқылы дамыту оңай, содан кейін бала өмірдегі қажеті мен қоршаған ортадағы қызықтыратын жайларды бойына жеңіл сіңіреді. Республикамызда баланы тәрбиелеудің музыкалық және эстетикалық жүйесі құрылды. Оның негізін қалағандар – Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерватория мұғалімдері – домбырашы Абдулхамит Райымбергенов және өнертану ғылымының кандидаты Сайра Райымбергенова. Ұлттық дәстүрде негізделген К.Орф, Кодай, Барток жүйелері қатарындағы Абдулхамит және Сайра Райымбергеновтер жүйесі де әлемдік жүйе. К.Орф музыкалық тәрбие негізіне балалар аспаптарында ойнауды алса, Абдулхамит және Сайра Райымбергеновтер музыкалық тәрбие негізіне ұлттық аспап – домбырада ойнауды алды. Олар ұлттық әдіс арқылы оқытады яғни, домбыра аспабында нота арқылы емес, көру, есту анализаторлары арқылы слухпен үйретеді.

Райымбергеновтер жүйесінде ұлттық әдістеме арқылы бір ғана домбырашыға емес, толық бір сыныпқа үйретеді. Осы әдіске сүйене отырып, біз импровизация өнерін қайта жаңғырта аламыз. Бірақ, дәстүрлі мәдениетте жас орындаушыларды музыкалық аспапта оқыту жеке болды, ал бұл әдіс барлық сыныппен жұмыс жасауда қолайсыз. Сол себепті С.және А.Райымбергеновтер жүйесі топтық формадағы нотасыз аспапта ойнау әдісін ұсынады. Бұл әдіс өте жақсы нәтиже көрсетті.

Осы жүйелерге сүйене отырып балабақша бүлдіршіндерінің өнерге деген құштарлығын қызықтырудың бірден-бір жолы – сазды әуен мен сиқырлы күй тыңдату және орындату.

Күй – қазақ мәдениетінің бар байлығы, халқымыздың рухани мәдениетінің аса маңызды саласы, ұлттық музыка мәдениет негізі.

«Күй» деген сөздің арғы тегі «көк» пен байланысты болғандықтан күйдің де көкпен, аспанмен байланысты болғанын көреміз. Көк пен су бір кезде бір ұғым болған. Бірі – жоғары аспан, бірі төменгі аспан болып саналған. Көне дәуір ұғымында екеуі де ғарыш. Академик К.А.Жұбанов: «Музыканың алғашқы шығатын жері – адамның сыртқы табиғатымен байланысуы, астарлап, араласуы,». - деп музыканың аспан мағынасына жақындығын айтады.

Күйді балаларға тыңдатумен шектеліп қалмай бірге қосыла орындау

олардың музыка сырын түсіне білуіне жол ашады, еліктіреді. Күйді домбыра аспабында орындаумен қатар басқа да көне музыкалық аспаптарында ойнайды. Сол себепті халқымыздың ұлттық музыкалық аспаптарына тоқталуды жөн көрдік.

Осындай ұлттық музыкалық аспаптарды пайдаланып, балалар ансамблінен немесе шағын балалар оркестрінде пайдалануға балабақшалардың мүмкіндігі бар.

Музыкамен айналысу мектеп жасына дейінгі баланың мінез-құлқына, мәдениетіне әсерін тигізеді. Түрлі аспаптарды, іс-қимыл түрлерін (ән айту, музыка тыңдау, балалар аспаптарында ойнау) алма-кезек ауыстырып отырса, балалардың ықылас қоюын, тапқырлық көрсетуін тез қабылдап, тез қимыл жасауын, ұйымшыл болуын қалыптастырады. Жігерлі күш қимылды:әнді, аспаптарда ойнауды дер уақытында бастап, аяқтауды, озып кеткісі келетін ықтиярсыз тілекке берілмей, музыкаға бағынып, орындай білуді талап етеді. Осының бәрі ұстамдылықты жетілдіреді, ерік-жігерді тәрбиелейді. Сөйтіп, музыкалық аспаптарда ойнау баланың жеке басының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар туғызады, болашақ адамның жалпы мәдениетінің алғашқы түп негіздерін қалайды.

Музыка сабағында балалардың музыкалық аспаптарда ойнауына көп көңіл бөлудің тағы бір себебі, баланың музыкалық есте сақтауы, музыкалық зейіні дамиды, бала қысылмай, ұялмай өзін еркін ұстай бастайды және баланың музыкалық іс әрекетке деген қызығушылығы артады. Аспаптарда ойнау барысында орындаушының (баланың) жеке, өзіндік қасиеті айқын көрінеді: ерік-жігері, эмоциясы, музыкалық қабілеттері дамиды. Музыкалық аспаптарда ойнау арқылы балалар музыкалық дыбыстар әлемін ашады яғни, әр аспаптың өзіне тән әсем үндерін айыра бастайды. Балаларда музыкалы-ритмикалық

қимылдарының сапасы жақсарады, ритмді нақты көрсете біледі және ән салуы да жақсара түседі.

Осындай музыкалық аспаптарды балабақшаларда пайдаланудың мол мүмкіндігі бар. Бос уақытта музыкаға жеке әуестенушілік немесе ансамбльдегі коллективтік орындаулар осындай мүмкіндік болып табылады.

Ұлттық аспаптар қатарынан балалардың ойнауына ыңғайлылары: асатаяқ, қоңырау, тұяқ тас, дабыл, даңғыра және ағаш қасықтар мен мүйіздерді қосуға болады.

Бүгін де еліміздің балабақшаларында тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндердің арасынан болашақ әншілер, күйшілер, композиторлар бір сөзбен айтқанда талай-талай өнер иелері шығуы әбден ықтимал.

«Бұлақ көрсең – көзін аш» - демекші солардың бойындағы әлі бүршік жармаған небір адами қасиеттерін ерте бастан байқап, жақсы нышандарға қарай баулу ең алдымен ата-анаға және тәрбиеленіп жатқан ортасына көп байланысты деп ойлаймыз.

Осы орайда Республикамыздың мектептерінде музыкалық іс-әрекет түрі ұлттық музыкалық аспаптар арқылы музыкалық тәрбие беру маңызды орын алады. Музыкалық аспапта ойнау – балалардың қызықты да пайдалы іс-әрекеті. Музыкалық аспаптар бала өмірін әрлендіреді, оның көңілін көтереді және дербес шығармашылыққа деген талпынысын тудырады. Музыкалық аспапта ойнауды оқыту процессінде есту қабілеті ырғақ, тембр, динамиканы сезінуі жақсы қалыптасады. Баланың іс-әрекетінде дербестік, көңіл бөлушілік пен ұйымшылдық қабілеттері артады.

Бастауыш сынып оқушыларына өз деңгейлеріне сай музыканың бірнеше түрімен таныстыру (күйлер, ұлттық аспаптар, композиторлар) баланың музыкаға деген қызығушылығын арттырады, балада құлшыныс пайда болады, музыкаға деген махаббаты оянады және музыкалық мәдениеттің негізі қаланады.

